

А 2010

22429к





А. Горюхи



8.

214.





Н. В. ГОГОЛЬ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

*

**ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КОРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСНАСЫ**

Алматы — 1953

Н. В. ГОГОЛЬ

ШЫҒАРМАЛАР


ТӨРТІНШІ ТОМ


**ДРАМАЛЫҚ
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

✱

**ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСНАСЫ**

А л м а т ы — 1953





РЕВИЗОР

Бое перделі комедія

Бетің қыйсық болса, айнаға өкпелеме.
(халық мақалы.)

ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР

Антон Антонович Сквозник — Д. мухановский,
дуанбасы.

Анна Андреевна, оның әйелі.

Мария Антоновна, оның қызы.

Лука Лукич Хлопов, мектептердің бақылаушысы.

Оның әйелі.

Аммос Федорович Ляпкин-Тяпкин, судья.

Артемий Филиппович Земляника, игілік орында-
рының қамқоры.

Иван Кузьмич Шпекин, почтмейстер.

Петр Иванович Добчинский } қала помещиктері.

Петр Иванович Бобчинский }
Иван Александрович Хлестаков, Петербургтен
келген төре.

Осип, оның қызметшісі.

Христиан Иванович Гибнер, уездік дәрігер.

Федор Андреевич Люлюков } Отставкадағы чи-

Иван Лазаревич Растаковский } новниктер, қала-

Степан Иванович Коробкин } ның сый
адамдары.

Степан Ильич Уховертов, частный пристав.

Свистунов }
Пуговицын } Полицейлер.

Держиморда }
Абдулин купец.

Февронья Петровна Пошлепкина, ұста әйел.

Унтерофицер әйелі.

Мишка, дуанбасының қызметшісі.

Трактир қызметшісі.

Қонақ әйелдер мен еркектер, купецтер, ме-
шандар, арызшылар.

МІНЕЗДЕРІ МЕН КИІМДЕРІ

(Актерлер үшін ескерту)

Д у а н б а с ы, қызмет бабында жүріп қартаң тартқан, өзінше ақылы бар адам. Паракор болса да бойын салмақты ұстайды, әлінше тартымды; кейде сөйлеуік, сөзі қатты да, ақырын да, көп те, аз да емес. Бұның әр сөзі мәнді. Ауыр қызметті, төмен дәрежеден бастаған адамдар тәрізді, бет бейнесі қопалдау, дәрежілеу. Қорқыныштан қуанышқа, оңбағандықтан маңғаздыққа ауысулары әрбір топас жаңды адамдардай, өте шапшаң келеді. Дағдылы киімі, бастырма оюлы мундир, аяғында шпоры бар ботфорт. Буырыл шашы тықыр қырқылған.

А н н а А н д р е е в н а, оның әйелі, провинцияның қылмың кербезі. Әлі онша қартаймаған, жарым тәрбиені романдар мен альбомдардан алған, қалғаны малайлар мен үй-жайдың қамынан құралған. Сыбысқа жаны құмар, орайы келгенде дәреже құмар да. Кейде күйеуі бұған жауап таба алмайтындықтан, өзі үстемдік етіп те кетеді. Бірақ бұл үстемдік болымсыз жайларда, кейде бір сықақтан мінеуде ғана болады. Пиеса бойында ол, төрт рет эралуан киінеді.

Х л е с т а к о в, 23 те жасы бар, жіп-жіңішке, ап-арық: «басында патшасы да жоқ» дейтін жарыместеу жігіт. Кеңселерде қуыс кеуде деп аталып жүретін жандардың бірі. Сөзі мен әрекетінде ой болмайды. Бір ойға байыздап тұра алмайды. Сөзді үзіп-үзіп сөйлейді және бар сөзі аузынан оқыс шығады. Бұл рольді ойнаушы неғұрлым акпейіл, жұпыны көрінсе, солғұрлым олжа табады. Киімді мода бойынша киінеді.

О с и п, егде тартқан малайдың бәріндей адам. Мәнмен сөйлейді, көзін төмен сала жүреді, ділмар. Мырзасы турасындағы ақыл сөздерді өзімен өзі боп сөйлеуді, жақсы көреді. Даусы көбінше бір калыпты, мырзасымен сөйлескенде үні ызбарлы, келте және тұрпайылау шығады. Мырзасынан өзі ақылды, сондықтан одан гөрі бұрын аңдағыш, бірақ көп сөйлегенді сүймейді, үндемес қу... Киімі не сұр, не көкшіл, көнетоз сюртук.

Б о б ч и н с к и й, **Д о б ч и н с к и й**, екеуі де аласа, домалақ, барынша сыбысқұмар, біріне-бірі ғаламат ұқсайды. Екеуі-

нің де қарны сәл шығыңқы. Екеуі бірдей шапшаң сөйлейді, қолдары үнемі дамыл таппайды. Добчинский, Бобчинскийден сәл биіктеу және салмақтырақ, бірақ Бобчинский Добчинскийден гөрі еркіндеу және оңтайлырақ.

Ляпки н-Тяпки н, судья, бес-алты кітап оқығаны бар, сондықтан сәл озағ ойшыл. Жорамалға құмар, өзінің әр сөзіне мән бергіш. Оны ойнаушы, сырт ажарында салмақты кескін сақтасын. Сөзін, зор дауыспен бастаса да, ескі сағаттың әуелі шықырлап, содан кейін соққаны тәрізді, қырылдап, күрсілдеп, соза сөйлейді.

Земляника, игілік орындарының қамқоры, орасан жуан, ыңғайсыз, орашалақ болса да, сондайлық сұғанақ, сұрқыя. Өзгеше жағымпаз, қарбаласы көп адам.

Почтмейстер, акпейілдің аңқауы.

Өзге рольдерге айрықша түсінік қажет емес. Олардың көбі әрдайым көз алдыңнан кезігеді.

Актер мырзалар, ең соңғы сахнаға әсіресе қатты көңіл бөлсін. Ең соңғы сөз оқыстан келіп, бар жұртқа электр соққынындай тисін. Әп-сәтте бар топ халды өзгерте қойсын. Бар әйелдің таңданған үні, жалғыз ғана кеудеден шыққандай шапшаң болсын. Осы ескертулер еленбесе, бар тамаша зая кетуге мүмкін.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

ДУАНБАСЫ ҮГІНІҢ БІР БӨЛМЕСІ

I КӨРІНІС

Дуанбасы, игілік орындарының камкоры, мектептер бақылаушысы, судья дәрігер, частный пристав, екі кварталдыктар.

Дуанбасы. Мырзалар, мен сіздерді бір орасан жайсыз хабарды естіртуге шақырып едім. Бізге ревизор келе жатыр.

Аммос Федорович. Қандай ревизор?

Артемий Филиппович. Қандай ревизор?

Дуанбасы. Петербургтен келе жатқан жасырын ревизор, және астыртын жарлығы да бар көрінеді.

Аммос Федорович. Мәс-саған!

Артемий Филиппович. Жайбарақат жатыр едік, ал, керек болса.

Лука Лукич. Ой құдай-ай! Астыртын жарлығы тағы бар.

Дуанбасы. Құдай білдіргендей, бүгін түні бойы түрі жаман екі егеуқұйрық түсімнен кетсінші. Тіпті, өмірі мұндай тышқанды көрген емен: добалдай, қап-қара! Келді де, иіскеп-иіскеп кетіп қалды. Артемий Филиппович, әлгі өзіңіз білетін Андрей Иванович Чмыховтың жіберген хатын оқыйын сіздерге. Оның жазып отырғаны мынау: «Сүйікті достым, замандасым және сүйеушім» (деп, көзін хатқа жүгіртіп, міңгірлеп кетеді) «... және сені хабарландырайын деп». А! Міне:

«Саған білдірмек асығыс хабарым: жоғарыдан жарлығы бар бір төре келді, бүкіл губернияны, әсіресе біздің уезді қарамақшы (*бір саусағын мәнмен жоғары шошайтады*). Ол өзін жәй адаммын десе де, мен анық сенімді адамдардан естідім. Мен білем ғой, сен де жұрт қатарлы күнадан мұнтаздай жан емес ең, үйткені, ақылды адамсың ғой, құдайдың беріп тұрған несібінен кім қашады...» (*Тоқтаңқырап.*) Бұл жерде өзіміз ғой... «сақ болғаның жөн, өйткені, бір күні көзбаушыдай сап ете түссе, тіпті келіп алып, бір жерде тығылып жатпағанын кім біледі... Кеше мен...» Бұл жерде үй ішінің жәйін сөйлеп кетеді: «Біздікіне Анна Кирилловна апамыз күйеуімен келді; Иван Кириллович орасан жуандап кетіпті, әлі скрипка ойнайды...» тағы сондай-сондайлар. Міне осындай жағдай.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Бұл ерекше жағдай екен, я, тым ерекше, тегін емес қой.

Л у к а Л у к и ч. Неге бұл, Антон Антонович, неліктен бұл? Не үшін бізге ревизор келеді?

Д у а н б а с ы. Негесі бола ма! Тағдыр да! (*Күрсінеді*). Бұған дейін құдайдың жәрдемі боп, өзге қалаларға кетіп жүруші еді. Енді кезек бізге де келгені.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Антон Антонович, мұнда бір нәзік үлкен саяси мән бар-ау деп ойлаймын. Бұл былай болу керек: Россия... Я... соғыспақ болған ғой, міне, сондықтан оған көлденең қыянаттық жоқ па екен, білейік деп, министрлер астыртын төре жіберген ғой.

Д у а н б а с ы. Әй, тәйір-ай! Ақылды адам да солай дейді. Уездік қалада не қылған қыянаттық! Шекарадағы емес қой бұл? Осы арадан ұдайымен үш жыл шапсаң да, шет жұрттың бірде біріне жете алмайсың.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жоқ, мен сізге айтайын, сіз нетіп... не қылмаңызшы... Ұлықтың біртүрлі нәзік несі болады: алыс жақынына қарамай олар жіпке тізе береді.

Д у а н б а с ы. Тізсін, тізбесін, мен сіздерді хабарландырдым, мырзалар. Байқандар! Мен өз тұсымнан көр-жер бұйрық қылып отырмын, сендерге де маслихат етем. Әсіресе, Артемий Филиппович сізге! Келген төре сөз жоқ еңалдымен сіздің қарамағыңыздағы игілік

орындарын көргісі келеді, соның үшін сіз бәрін де ретке салып қойыңыз: аурулар үйінде жүргендегідей күйе-күйе боп жүрмесін, қалпақтары таза болсын.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Ол онша қыйын емес, таза қалпақ кигізуге де болады.

Д у а н б а с ы. Я, әрбір кроватьтың тұсына латынша немесе басқа бір тілде жазылып қойылсын... Христиан Иванович, бұл сізге жататын іс — кімнің қашан ауырғаны: айы, күні... бәрі де болсын. Аурулар тым ащы темекі тартады, кіріп келгенде еріксіз түшкіресін, бұ да жақсы емес. Темекінің неғұрлым азы жақсы; ауруды жөнді қарамайды екен, дәрігері дым білмейді екен деп кетіп жүрмесін.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. О! Ем-дом жөнінде Христиан Иванович екеуміздің өз шарамыз бар: табиғатқа жақын бола берген сайын жақсы болады, қымбат дәріні біз қолданбаймыз. Кісі деген өлейін десе, онсыз да өледі; жазылайын десе, онсыз да жазылады. Және Христиан Ивановичтің де олармен ұғысуы қыйын болар еді, орысша бір ауыз тіл білмейді ғой.

Христиан Иванович әлде «и»ге, әлде «е»ге ұқсаған бір дыбыс шығарады.

Д у а н б а с ы. Аммос Федорович, сіз де келім-кетімі бар орындарыңызға көз салғаныңыз жөн. Ана бір арызшылар отыратын ауыз үйге күзетшілеріңіз балапандарын шулатып қаз қамап қойыпты. Аяғыңның астында сумандап жүргені. Шаруаға айналу кімге болса да дұрыс нәрсе, күзетшіге де қаз асырауға болады. Бірақ, ондай жерде ұстау әнтек ыңғайсыз... бұрын да сізге айтпақшы едім, есімнен шыға береді.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Ә, олай болса оның бәрін бүгін-ақ үйге алдырайын. Қаласаңыз біздікіне түстікке келіңіз.

Д у а н б а с ы. Ал, мекемеңізде боқтан өзгенің самсып ілулі тұрғаны жақсы емес, дәл қағаз салған шкафтың үстінде аңшының қамшысы тұр. Сіздің аңшы екендігіңізді де білем, содан да қамшыны әзір ала тұрған мақұл, ревизор кеткен соң орнына қайтадан қоярсыз. Және де әне бір заседателіңіз... әрине, ол өзі көзді-қарақты адам, бірақ, өзінен арақ дүкенінен жа-

на шыққандай бір жаман иісі мүңкіп тұрады, бұ да жақсы емес. Мұны да айтайын деп ұмытып кетіппін. Оның өз айтуынша: сүйегіме біткен иісім дейді, онысы рас болса, одан құтылуға да ем бар ғой. Оған біраз не сарымсақ, немесе басқа бірдеңе жеу керек. Бұған Христиан Иванович те әртүрлі дәрі-дәрмек бере алады.

Христиан Иванович манағы дыбысын тағы шығарады.

Аммос Федорович. Жоқ, оның ол иісін кетіру мүмкін емес: бала күнінде шешесі мерткітіріп алса керек, содан бері сол арақ иісі шығыңқырап жүретін болыпты.

Дуанбасы. Әшейін ескерткенім ғой. Ішкі тәртіп жайынан әлгі Андрей Иванович хатында айтқан күналар туралы бәлен дей алмаймын. Оны айтудың дағы жөні жоқ, азды-көпті күнасыз адам кемде-кем ғой. Адамды құдайдың жаратуының өзі солай. Вольтерианцтер бұл жөнде бос сөйлейді.

Аммос Федорович. Антон Антонович күна деп сіз нені айтасыз? Күнаның да күнасы бар. Пара алатынымды мен жасырмаймын, бірақ, не алады десеңші? Тазының күшігін аламын. Бұның жөні басқа ғой.

Дуанбасы. Күшік болсын, басқа болсын, әйтеуір пара ғой.

Аммос Федорович. Жоқ, Антон Антонович, олай емес. Мәселен, біреу бес жүз сомдық ішік алса, қатынына деп шәлі алса...

Дуанбасы. Параға тазының күшігін алғаның не керек? Оның есебіне құдайдың барлығына сенбейсің: өмірі шіркеуге басынды сұқпайсың; мен ең құрығанда дініме берікпін, шіркеуге жексенбі сайын барамын. Ал, сендерші... Сендерді мен білемін: дүниенің жаралғанын сөз қыла бастасаңдар, кісінің төбе шашы тік тұрады.

Аммос Федорович. Бірақ, өз-өзімнен, өз ақылыммен жеттім ғой.

Дуанбасы. Кейде, ақыл көп болғаннан да, болмағаны тыныш. Шынға келгенде, уездік сот жайын мен әншейін айттым; шынында онда кім барады дейсің, ол құдайдың өзі пана болып тұрған бір тәуір орын

гой. Ал, Лука Лукич, оқу орындарын басқаратын сіз
гой, әсіресе, оқытушылар туралы сіз қам жеуіңіз
керек. Олардың тәрбие көрген оқымысты адамдар
екеніне де талас жоқ. Бірақ, кейбіреуінің оқымысты-
ларға тән жат мінездері де бар. Атын ұмытып тұрмын,
әнебір жалпақ беттіңіз кафедраға шыққанда бет-аузын
бір бүйтіп алмаса, көңілі көншімейді, *(бет-аузын
қыйсайтады)*. Сөйтеді де қолын галстугінің астымен
әкеліп, сақалын сыйпауға кіріседі. Әрине, шәкірттеріне
үйткені онша оқа емес қой, ол онда керек те шығар,
ол арасын мен білмеймін, бірақ, өзіңіз ойлаңызшы,
келген адамға сөйтіп отырса ол сұмдық қой: ревизор-
ға я басқа бір ұлыққа бет-аузын тыржыйтып, сақалын
сыйпай берсе, не боларын кім білсін.

Лука Лукич. Соны қайтсем болады? Өзім та-
лай айттым: әнеукүні төреміз келгенде, мен көрмеген
бір тыржыйтуды тағы шығарды. Ол оны жүрегiнiң
қайырымдылығынан істегенін қайдан білсін, жас буын-
ға азат пікірді неге егеді деп маған сөгіс берді.

Дуанбасы. Тарих оқытушысы туралы да айту-
ға міндеттімін. Оның оқымысты екені де, қайдағы-
жайдағы мағлұматты жыйнағаны да рас, бірақ,
сабақты түсіндірем деп, қызып кеткенде, ес-тұсын біл-
мей кетеді. Бір күні сабағын тындағаным бар: мысыр-
лық, вавилондықтар жайынан сөйлегені кішкене иман
таразы еді, ал, Александр Македонскийге қалай жет-
ті солай, құдай душар қылмасын. Мен өрт шығып
қалды ма екен деп едім. Құдай біледі! Кафедрадан
атып шығып, орындықты еденге құлаштап соққаны
кеп. Әрине, Александрдың ер болғаны да рас, бірақ,
орындықты қыйратып не керегі бар? Қазнаға зыян
гой.

Лука Лукич. Я, ол қызу адам, мен өзіне талай
ескерттім... «Қалай десеңіз де ғылым үшін жанымды
аямаймын» дейді.

Дуанбасы. Я. Тағдырдың ақыл жетпес заңы
солай: ақылды адам не маскүнем келеді, немесе бетін
сондай тыржыйтып бергенде әулиең естен танар.

Лука Лукич. Құдай ғылымнан аулақ қылсын,
эрқайсысы бір килігеді, ақылды болып көрінбек бо-
лады.

Д у а н б а с ы. Ол оқа емес-ау. Әлгі астыртын құдай ұрғанды айтсайшы! Бір күні қапылыста келіп қап:— Е, шырақтарым, мұнда екенсіңдер ғой! Мұндағы судья кім?—Ляпкин-Тяпкин.—Келтір бермен Ляпкин-Тяпкинді! — Ал-игілік орындардың қамқоры кім? — Земляника.— Апкел мұнда Земляниканы! десе, міне пәле сонда!

II КӨРІНІС

Бұрынғылардың үстіне почтмейстер келеді.

П о ч т м е й с т е р. Мырзалар-ау, келе жатқан қандай төре?

Д у а н б а с ы. Естіген жоқсыз ба?

П о ч т м е й с т е р. Конторға Петр Иванович Бобчинский келіп, содан жаңа ғана естідім.

Д у а н б а с ы. Ал, немене? Бұл туралы сіз қалай ойлайсыз?

П о ч т м е й с т е р. Қалай ойлайтыны бар? Түрікпен соғыс болады.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Екеуіміздікі бірдей шықты! Мен де солай ойлап едім.

Д у а н б а с ы. Е, екеуің де төбесінен дәл түстіңіз!

П о ч т м е й с т е р. Рас, Түрікпен соғысады, бәрін бүлдіріп отырған Француз.

Д у а н б а с ы. Не пәлемі, Түрікпен соғыс! Түрікті емес, тура бізді ондырмайды. Бұл — айдан ашық: менде хат жатыр.

П о ч т м е й с т е р. А, онда Түрікпен соғыс болмағаны.

Д у а н б а с ы. Немене, Иван Кузьмич, сіз қалайсыз?

П о ч т м е й с т е р. Менің не қалайымды сұрайсыз? Өзіңіз қалайсыз, Антон Антонович?

Д у а н б а с ы. Менің не қалайым болады? Қорқыныш жоқ, азырақ неткенім болмаса... Менің қысылатыным купецтер мен кара халық. Мені қатты болды деп айтады-мыс, біреуден бірдеме алсам, құдай біледі-ау, ол жек көргендіктен емес. Ал, мен ше (қолтығынан ұстап, былай шетке апарып,) әлде біреу шағым

кылды ма екен деп те ойлап тұрмын. Әйтпесе, ревизордың бізде не ақысы бар? Бері қараныз, Иван Кузьмич, бәріміздің пайдамыз үшін, конторыңызға келгенкеткен хатты, азырақ бүйтіп ашып оқуға болмас па екен, жәй хат па екен, жоқ болса, қайта жабыстырып қоясыз ғой, жапсырмай тапсырса да оқасы не?

П о ч т м е й с т е р. Білем, білем... Оны үйретпей-ақ қойыңыз: ондайды өзім де істеп жүрмін, сақтық үшін емес, таңсық үшін: дүниеде қандай жат хабар болып жатқанын білуге жаным құмар. Мен сізге айтайын, хатты оқу тамаша қызық нәрсе! Кейбірін оқығанда, жаның рақаттанады, сондай нешетүрлі қызық жайлар болады. Алатын тәлімін қандай... Тіпті Москваның газеттерінен де зор!

Д у а н б а с ы. Ал, немене: Петербургтен әлде бір төре келеді дегенді оқыған жоқсыз ба?

П о ч т м е й с т е р. Жоқ, Петербург төресі жайынан ештеме жоқ, Кострома, Саратов төрелері туралы көп әңгіме бар. Не керек, хаттарды оқымайсыз. Та-лай тамашалар бар. Жақында бір поручик досына бір балды суреттеп жазыпты, өте бір қызық, тіпті жақсы: жан досым, мен күнде аспанда жүргендеймін: қыз көп, музыка ойнайды... туымыз жоғары деп бастайды. Ол хатты әдейі сақтап қалдым. Керек болса оқып берейін.

Д у а н б а с ы. Ой, қазір оған уақыт жоқ. Сөйтіп Иван Кузьмич, сіз бір мейрім қылыңыз, зәуде шағым, не арыз жолықты ма: оны-мұнысына қарамай, ұстап қалыңыз.

П о ч т м е й с т е р. Шек қылмаңыз.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Байқаңыз, түбінен опык жеп жүрмеңіз.

П о ч т м е й с т е р. Апырым-ай!

Д у а н б а с ы. Жоқ-жоқ, оқа емес. Көпке кесірі тиетін бірдене істегелі тұрған жоқсыз, бұл өзі от басының жұмысы ғой.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Я, жаман істің шалыққаны! Антон Антонович, мен сізге шынымды айтайын, сізге бір күшік сыйлағалы келіп едім. Өзіңіз білетін төбеттің туған қарындасы. Чептович пен Варховинскийдің дауласқанын сіз естідіңіз ғой. Содан бері ма-

ған рақат болды: қоянды екеуінің жерінен де қырып жүрмін.

Д у а н б а с ы. Әкесі, қояның бар болсын. Менің бар ойымда әлгі бір құдай ұрған астыртын төре тұр. Есікті сарт еткізіп, жетіп келе ме деп қыпылдап барам...

III КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Д о б ч и н с к и й мен Б о б ч и н с к и й кіреді. Екеуі де ептіккен.

Д о б ч и н с к и й. Керемет оқыйға!

Б о б ч и н с к и й. Күтпеген хабар!

Б ә р і. Немене, немене?

Д о б ч и н с к и й. Ойда жоқ іс: екеуміз гостиницаға келсек...

Б о б ч и н с к и й (*сөзін бөліп*). Петр Иванович екеуміз гостиницаға келсек...

Д о б ч и н с к и й (*сөзін бөліп*). Е, сабыр етіңіз, Петр Иванович, мен айтайын.

Б о б ч и н с к и й. Е, жоқ, сабыр етіңіз, мен айтайын... кішкене, кішкене... Сіздің сөзіңіз де менен гөрі не ғой...

Д о б ч и н с к и й. Сіз енді шатастырып түгел айта алмайсыз.

Б о б ч и н с к и й. Түгел айтам, құдай біледі, түгел айтам. Жалғыз-ақ сіз бөгет қылмаңызшы! Мырзалар, марқабат етіңізші, Петр Ивановичке бөгет қылма деңізші.

Д у а н б а с ы. Япыр-ой, айтыңдаршы, құдай үшін, немесе жүрегім тулап барады. Отырыңдаршы, мырзалар! Міне, орындық алыңыздар! Петр Иванович, міне сізге орындық! (*Бәрі екі Петр Ивановичті қамалай отырады.*) Ал, немене?

Б о б ч и н с к и й. Кішкене, кішкене: мен бәрін дерет-ретімен. Сіздікінен қалай шығысымен солай, әлгі, манағы бір хат туралы, сіздің кішкене ажарыңыз бұзылды ғой, я содан кейін мен жүгіріп... тәңір жарлықасын, Петр Иванович, сіз сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы. Мен бәрін, бірін қалдырмай айтып берейін. Мен



Иван Александрович Хлестаков.
Д. Кардовскийдің акварельмен салған суреті 1922

содан кейін жүгіріп, Коробкиндікіне бардым. Коробкиндікіне барсам, үйінде жоқ екен, содан шығып Рас-таковскийдікіне бұрылмаймын ба, онда барсам, о да үйінде жоқ екен, содан шығып мына Иван Кузьмичтікіне кіріп, сіздің манағы жаңа хабарыңызды айтып, жаңа ғана шығып келе жатқанымда жолда Петр Ивановичке жолықтым...

Добчинский (сөзін бөліп). Самса сататын будканың қасында.

Бобчинский. Самса сататын будканың қасында. Петр Ивановичке жолыққан соң: Антон Антонович бір сенімді адамнан хат алыпты, сондағы жаңа хабарды естідің бе дедім. Бақсам Петр Иванович менен бұрын сіздің әлгі Авдотья дейтін асбасшы қызыңыз, не жұмысқа барғанын білмеймін, Филипп Антонович Почечуевтікіне барған екен, содан естіпті.

Добчинский (сөзін бөліп). Француз арағын құятын күбі шелекке барыпты.

Бобчинский (оның қолын серпіп жібереді). Француз арағын құятын күбі шелекке барыпты. Міне, сонымен Петр Иванович екеуміз Почечуевтікіне бардық... Енді сіз Петр Иванович, тәңір жарылғасын, кішкене, сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы!.. Сабыр етіңізші! Почечуевтікіне келе жатқанда, жолда Петр Иванович айтты: трактирге кірсек қайтеді, менің қарнымның өзі... таң атқалы дәнеңе жеген жоқ еді, қарным қоңылтақсып келе жатқаны... деді. Я, Петр Ивановичтің қарны... Трактирге бүгін жаңа балық келді, содан кішкене тамактанайық деді. Гостиницаға кіруіміз-ақ мұн екен, жалма-жан бір жас жігіт...

Добчинский (сөзін бөліп). Келбеті жап-жақсы, киімі жай адамша...

Бобчинский. Келбеті жап-жақсы, киімі жай адамша, бөлмеде олай бір, бұлай бір аяңдап жүр, түрінде біртүрлі байымдылық, дыйдары, қылығы, міне жері (*маңдай тұсын қолымен бұрғалап*) әр нәрсеге толған. Мен сезгендей-ақ, Петр Ивановичке: мынау сірә тегін емес-ау дедім. Я, сүйткенше болмады, Петр Иванович қолымен ымдап трактирдің бастығы әлгі Власты шақырып алды, жақында оның қатыны ұл тапқан: баласы ойнақшып тұр, о да әкесіне тартқан

трактирші болар. Сол Власты шақырып ап, Петр Иванович: мына жас жігіт кім деп ақырын сұрамасын ба? Влас: бұл... деді, енді кішкене Петр Иванович, жаңсақтатпай тұра тұрыңызшы, бұл жерін сіз айта алмайсыз, құдай біледі айта алмайсыз, сіздің сөзіңіз сызғырып шығады, мен білем ғой, сіздің бір тісіңіздің ақауы бар... Бұл жас жігіт, төре,— деді, Петербургтен келеді, аты-жөні,— деді, Иван Александрович Хлестаков,— деді, өзі Саратов губерниясына бара жатыр,— деді, мінезі біртүрлі жат адам: келгелі екі жұма боп барады; трактирден ешқайда бармайды, бәрін қарызға алады, бір тыйын төлегісі келмейді,— деді. Со сөзді маған қалай айтты солай, құдай есіме сала қойды: Е! — дедім Петр Ивановичке...

Д о б ч и н с к и й. Жоқ, Петр Иванович: — Е! — деген мен емес пе ем?

Б о б ч и н с к и й. Әуелі сіз айттыңыз, сонан сон мен айттым ғой, Петр Иванович екеуміз қосылып — Е! дедік, баратын жері Саратов губерниясы екен, мұнда бостан бос жатып құтырып кетіп пе? дедік. Я! Ал, әлгі төренің өзі осы.

Д у а н б а с ы. Кім, қай төре?

Б о б ч и н с к и й. Әлгі өзіңіз хабарын алған төрені, ревизорды айтам.

Д у а н б а с ы (қорқып). Не дейсіндер, жаратқан-ау! Ол емес.

Д о б ч и н с к и й. Сол! Әрі ақша төлемейді, әрі ешқайда бармайды, сол емей кім дейсіз? Жол қағазында Саратовқа барады депті.

Б о б ч и н с к и й. Сол, құдай біледі, сол. Біртүрлі тегі қадала қарайды. Біз Петр Иванович пен екеуміз балық жеп отыр едік — Петр Ивановичтің қарны қонылтақсыған соң... Ол келіп, біздің тарелкамызға қадала қарай қалып еді, менің тіпті зәрем ұшып кетті.

Д у а н б а с ы. Ой жасаған-ай, кешіре гөр біздей күнакар бендеңді! Онда қайда тұрады екен?

Д о б ч и н с к и й. Сатының астындағы бесінші номерде тұрады.

Б о б ч и н с к и й. Былтырғы әлгі жолаушы офицерлер төбелесетін номерде.

Д у а н б а с ы. Көптен бері мұнда ма екен?

Добчинский. А, екі жұмадай бопты. Василий Египтянинге қарсы келіпті.

Дуанбасы. Екі жұма! (Теріс қарап.) Әкем-ау, Көкем-ау! Жар бола гөр, әулиелер! Нақ осы екі жұманың ішінде унтер-офицердің әйеліне дүре соғылды! Арестанттарға азық берілмеді. Көше толған кабак боқтық! Масқара! Қорлық! (Басын құшақтай алады.)

Артемиий Филиппович. Енді қайттік, Антон Антонович, сапымызбен гостиницаға баруымыз керек пе?

Аммос Федорович. Жо-жоқ. Әуелі руханиларды, купецтерді жіберу керек; Иоанн Масон кітабында да солай деген.

Дуанбасы. Жо-жоқ; өзіме қоя беріңдер. Талай қыйын-қыстау жерлерден аман өтуші ем, тіпті алғыста алушы ем, бұ жолы да құдай жар болар. (Бобчинскийге қарап): сіздер өзін жас кісі дедіңіздер ме?

Бобчинский. Жас жігіт, жыйырманың үшеуінде, не төртеуінде, болса одан сәл артық болар.

Дуанбасы. Онысы бір тәуір екен: жастың сырын тезірек білесін ғой. Пәле кәрі шеңгелде, ал, жастың тетігі сыртында. Мырзалар, сіздер өз жұмыстарыңызды қамдай беріңіз, мен өзім жалғыз, немесе мына Петр Ивановичпен болса да жөнелейін, елеусіз қыдырып жүріп кірген кісі боп, жолаушылардың қамын жеген боп... барайын. Уай, Свистунов!

Свистунов. Не бұйырасыз?

Дуанбасы. Бар дереу частный приставқа, тұратұр, немесе маған керек екенсін. Онда біреуге айт, тез барып маған частный приставты алып келсін. Өзің мұнда кел.

Кварталшы саскалақтап, тұра жүгіреді.

Артемиий Филиппович. Жүрелік. Аммос Федорович, шын пәле боп жүрмесін!

Аммос Федорович. Сіз неден қорқасыз? Ауруларына таза қалпақ кигізе салсаң, болғаны да.

Артемиий Филиппович. Қайдағы қалпақ! Ауруларға сұлы көжесі берілсін деген еді, ал, сенек біткен капуста сасып жатыр, кіріп келсең мұрныңды жарады.

Аммос Федорович. Бұ жағына келгенде ментыйышпын, айтты-айтпады, уездік сотқа кім келеді дейсіз? Ал, әлдебір қағазға көзі түсіп кетсе, өзі де атып шығар. Міне мен сот болғалы он бес жыл болған болды, баяндама хатқа қалай көзім түсті ме ә! деп колды бір-ақ сермеймін. Оның шыны қайсы, өтірігі қайсы екенін Сүлеймен пайғамбар да айыра алмас.

Судья, игілік орындарының қамқоры, мектептердің бақылаушысы, почтмейстер келе жатқан кварталшымен соқтыға-кактыға есіктен шығады.

IV КӨРІНІС

Д у а н б а с ы, Б о б ч и н с к и й, Д о б ч и н с к и й,
к в а р т а л ш ы.

Д у а н б а с ы. Немене? Арба даяр ма?

К в а р т а л ш ы. Даяр.

Д у а н б а с ы. Бар көшеге... немесе жоқ, тоқта! Бар, апкел... өзгелерің қайда? Жалғыз сен ғанамысың? Прохоров та мұнда болсын деп ем ғой. Ол қайда?

К в а р т а л ш ы. Прохоров осында бір жай үйде, бірақ әжетке жарамас.

Д у а н б а с ы. Қалай не ғып?

К в а р т а л ш ы. Соны таңертең сілейтіп, мас кып-ап келді. Үстіне екі күбі су құйылып, содан айыққан жоқ.

Д у а н б а с ы (*басын құшақтап*). Ай, құдай-ай, құдай-ай! Ұмтыл көшеге тезірек, жо-жок, жүгір әуелі бөлмеге, естідің бе? Әпкел қылышым мен ана жаңа қалпағымды. Кәне, Петр Иванович, жүрейік.

Б о б ч и н с к и й. Мен де, мен де... Антон Антонович, маған да марқабат етіңіз.

Д у а н б а с ы. Жо-жок, Петр Иванович, болмайды, болмайды! Ол лайықсыз, және арбаға да сыймаймыз.

Б о б ч и н с к и й. Оқа емес, оқа емес, мен тек қана: қораз құсап арбаның артынан жүгіріп отырам ғой. Маған тек кішкене тесіктен сығалап, оның неткенін көріп тұрсам болғаны ғой...

Д у а н б а с ы (*қылышын алып, кварталшыға қарап*). Жүгір дереу, онбасыларды алып, әрқайсысы не алсын... Эх, қылышым да айғыз, айғыз! Антұрған ку-

пец Абдулин, дуанбасының қылышы тозғанын көре тұра, жаңа қылыш та жібермейді, ой, сайқал халық-ай! Зәлімдер әлі де етек астынан, арыз дайындап жатпағанын кім біледі? Әрқайсысы қолдарына бір-бір көше алсын... тфу, шайтан... Көше емес — бір-бір сыпыртқы алсын, барлық трактирге баратын көшені тап-тазағып сыпырсын. Ұқтың ба? Сен кезіңе қара: сенбе! Білем мен сені! Сен келіскенің, қоншыңа жасырып күміс қасықты тығып қайтесің, байқа, менің құлағым сак!.. Купец Чернявке не қылғаныңды білесің бе, ә? Ол саған мундирге екі кез шұға ал десе, сен тобымен алып кетіпсін, байқа! Бойыңа шақтамай аласың! Бар!

V КӨРІНІС

Бұлардың үстіне частный пристав кіреді.

Дуанбасы. Ә, Степан Ильич, құдай үшін айтыңызшы, қайда жоғалып кеттіңіз? Мұныңыз не?

Частный пристав. Мен осы қақпаның сыртында ғана едім.

Дуанбасы. Ал, бері қараңыз, Степан Ильич! Петербургтен бір төре келіпті. Сіз қандай жарлық бердіңіз?

Частный пристав. Сол өзіңіздің бұйрығыңызша. Кварталшы Пуговицынды онбасыларға қосып, трогуар тазалауға жібердім.

Дуанбасы. А, Держиморда қайда?

Частный пристав. Держиморда өрт сөндіретін трубаға мініп кетті.

Дуанбасы. А, Прохоров әлі мас па?

Частный пристав. Мас.

Дуанбасы. Қалайша сіз тыйым салмадыңыз?

Частный пристав. Құдай білсін. Кеше қаланың сыртында төбелес болып, тәртіп орнатуға сонда кетіп еді, сонда мас боп қайтты.

Дуанбасы. Тыңдаңыз, битініз: кварталшы Пуговицынның бойы зор ғой... ол көпірде тұрып, тәртіп сақтауды басқарсын. Етікшінің үйінің жанындағы ескі дуалды дереу құлатып, орнына саламнан қарақшы қойылсын, қала жаңа планмен түзетіліп жатқанға ұқсасын. Тегі, солай құлатылғандар көп болса, дуан-

басы іскер екен деп ойлайды. Ой әттеген-ай, ұмытып кетіппін-ау, сол қораның жанында қырық арбадай боқтық жатыр еді! Құдай-ай бұ неткен бұлапыт қала: бір жерге я бір ескерткіш орнатып, я бір жай дуал салсаң болғаны, қайдағыны қайдан әкеп төгіп тастайғынын білмейсін! *(Күрсінді.)* Ал, келген төре, зәуде, солдаттардан ырзасындар ма? деп сұрай қалды бар ғой: барлығына да ырзамыз Ваше благородие, десін. Ырза емеспіз дейтіндері болса, кейін ырза еместін әкесін танытармын... О, о, о, о! Құнамыз бастан асып жатыр. *(Қалпағым деп, қалпақтың қабын қолына алады.)* Тек, құдайтағала аман өткізсін, ондай күн болса, жолына бұрын жақпаған шырақ жағар ем: әрбір сұм купец басына үш пұт балауыз шамнан салық салар ем. Құдай-ай! Жүрейік, Петр Иванович! *(Қалпақ орнына қабын кимек болады.)*

Частный пристав. Антон Антонович, мұныңыз қалпақ емес қабы ғой.

Дуанбасы *(қабын лақтырып жіберіп)*. Қабы болмақ түгіл сайтаны болсын! Егер игілік мекемесінің жанындағы шіркеу неліктен салынып бітпеген деп сұрай қалса, оған ақша берілгеніне бес жыл ғой, ұмытпай айтып қой, жаңа салып жатқанда өргеніп кетті дерсін. Мен бұл туралы рапорт та түсіргем. Кім біледі, құрғырлардың біреуі сандырақтап, бастаған да жоқ деп соғар. Және Держиморда жұдырықты беталды жұмсай бермесін де, тәртіп жөні осы деп, жазығы барға да, жоққа да сілтеп, көзін шокпардайғып қоятыны болатын. Жүрейік, жүрейік, Петр Иванович *(кете түсіп, қайтып келеді)*, ал солдаттар көшеге жалаңаш шықпасын, ол иттер ішіне дым кимей көйлектің сыртынан мундир кие салатыны болатын.

Бәрі кетеді.

VI КӨРІНІС

Анна Андреевна мен Мария Антоновна жүгіріп кіреді.

Анна Андреевна. Қайда әлгілер, қайда? Әй, жасаған-ай! *(Есікті ашып)*. Әй! Әй, деймін! Антоша, Антон! *(Жыпылдатып сөйлеп)* бәрі сенен, бәрін қыл-

ған сен: түйреуішім, шашым... деп, күнұзын айналдырып. (*Әйнекке жүгіріп барып дауыстайды*). Антон, қайда кеттің, қайда? Немене? Келді ме ревизор? Мұртты ма екен, қандай екен?

Д у а н б а с ы н ы ң д а у ы с ы. Қоя тұр, қоя тұр шешесі.

А н н а А н д р е е в н а. Қоя тұр? Міне қызық, қоя тұр! Қоя тұрың керек емес... Маған бір-ақ ауыз сөз керек... полковник пе екен, ә? (*Тыржыйып*). Кетіп қалды! Тұра-тұр, асықпа! Есіңе түсірермін! Бәрі мынадан: маматай, маматай, тұра-тұр шашымды артынан түйрейін қазір, қазір деп болсыншы! Мәссаған қазір! Міне түгін де білмей қалдық! Бәрі сенің қылымсығаныңның қырсығы, почтмейстер келеді деп ести қап еді, айна алдына: ал қылтыңда, ал кеп сылан, біресе мына жағы, біресе ана жағымен қырындап, өзіне құмар деп мардымсыйды, ол саған пысқырмайды да, сырт айналсаң бетін тыржыйтады.

М а р и я А н т о н о в н а. Маматай, кайтеміз енді? Бәрібір: екі сағаттан соң бәрін де білеміз ғой.

А н н а А н д р е е в н а. Екі сағаттан соң қатқаныңның басы! Уай шіркіннің жұбабын-ай. Бір айдан соң білеміз деп неге айтпайсын. (*Әйнекке асылып тұрып*). Әй, Авдотья? А! Немене, сен естідің бе, Авдотья, келген кім екен? Естігем жоқ? Есер күң! Қолын сілтейді? Сілтей берсін, сұрап қалсаң етті. Соны біле алмағаның, есі-дертің күйеу ғой! Ә? Тез жүріп кетті! Арбасының артынан жүгірсең етті. Бар, бар жылдам. Есіттің бе, жүгір, ұш, сұрап қал, қайда барады екен, жақсылап сұра, келген кім екен, келбеті қандай екен, естідің бе? Тесіктен сығалап бәрін біліп кел: көзі қандай екен, кара ма, көк пе екен; біл де дереу қайт, Есіттің бе? Тезірек, тезірек, тезірек! (*Шымылдық түскенше солай айқайлай береді, шымылдық түскенде екеуі де әйнек алдына тұрып қалады*).

Ш ы м ы л д ы қ

Е К І Н Ш І І І Е Р Д Е

ГОСТИНИЦАНЫҢ КІШКЕНЕ БӨЛМЕСІ, ТӨСЕК-ОРЫН, СТОЛ
ЧЕМОДАН. БОС БӨТЕЛКЕ, ЕТІКТЕРІ, КИІМ ЩЕТКАСЫ СЕКІЛДІ
ОНДАЙ-МҮНДАЙЛАР.

І КӨРІНІС

О с и п (*мырзаның төсегінде жатыр*). Құрып қалсын қарным сондай ашып, ішім шұрылдайды, ішімде дәл бір полк әскер кернейлетіп жүрген тәрізді. Міне, үйге жетуден қалдық! Қайтерсін? Петербургтен шыққалы екі айдай боп қалды! Жолда ақшадан жұрдай боп, байқұның құйрығын қысты, бұрынғы күйгелектік қалған. Жолға мол жететін ақша бар еді; көрдің бе, әр қалада мақтанам деп... (*Мырзасын кекетеді.*) «Әй, Осип, барып ең жақсы бөлмені ал, тамақтың ең дәмдісін сұра: жаман асты іше алмаймын, маған жақсы тамақ керек» деп болсыншы. Шынымен адам тәрізді болса жөн екен-ау, чині титтей, болғаны бір елистратишка! Көрінген жолаушымен танысады да, бара карта ойнайды. Ал, міне ойын түбіне жетті! Е, құрсын, бұл өмір! Шынында артығы деревня ғой, мұндай көпшілік болмағанмен, қайғысыз боласын, шынға келгенде, бір қатынды ал да, шалқаңнан түс те жат, самсаны шайнап. Әрине, шынға келсең Петербург тұрмысының жақсы екеніне кім талассын. Тек қалтаң мықты болсын, онда нәзік саясатты тұрмыс: театрлар, алдында иттер билейді, не тілегенің табылады. Кімдекіммен тіл қатсаң: бәрі нәзік, сыпайы, кем болса дворяндардан ғана кем түсер. Шукин базарына барсаң, купецтер әдеппен: «құрметтім» деп тұрады; өзенге барсаң, қайықта үлкен төремен тізелесіп отырасың; кеңескің келсе, лавкаға бар: офицерлер әскер жайын әңгіме қылады. Әр жұлдызды алақанында тұрғандай айтып береді. Кей де офицердің кемпірі қаңғырықтап келіп қалады; кейде үй күтуші әйел қарап қалады. Пай-пай! (*Жымыңдап, басын селкілдетеді.*) Шіркіннің майдасы-ай, тұрпайы сөзді мүлде естімейсің, жұрттың бәрі саған сіз, біз деп сөйлейді. Жүруге жалықсаң — бержабайға мінісің де, өзің бір маңғаз боп шіреніп отырасың, ақша төлегің келмесе еркін:

үй басында қос қақпа, кіріп кет те, артқы қақпадан сып етіп шығып жүре бер, сені сайтан да таба алмайды. Жалғыз-ақ бір жаманы: кейде ыңкыя тоясың да, кейде тап қазіргідей, аштан өлердей боласын. Бәрі осының қырсығы. Оған не қыларсың? Әкесі ақша жібере ме, үнемдеп қысып ұстайды десе, қайдағы бержабайға міне ме, күнде театрға бара ма, әйтеуір бір жұмаға жеткізбей; быт-шыт қып, жоқ қылады. Сөйтеді де жап-жаңа фрагын базарға сатқызады. Кейде ең ақырғы көйлегіне дейін сатып, үстінде ескі сюртугі мен шинельден басқа дымы қалмайды... Құдай біледі! Шұғасы қандай, деген аглицкий! Бір фрагы жүз елу сом тұрарлық, соны жыйырма-ақ сомға тоғытады. Шалбарды сөйлеп те керегі жоқ — әншейін сутегін кетеді. Бұл неліктен. Қызметке қырсыздықтан, орын табудың орнына прешпектіні кезеді, карта ойнайды. Ә; бәлем осыныңды қарт мырза білсе, ол сенің чиновниктігіңе қарамас еді, көйлегінді түріп қойып, соғар еді дүрені, төрт күнге дейін жанбасыңнан жатып ішер едің. Қызмет қылатын болсаң қыл; міне, енді трактирші бұрынғы борыштарыңды төлемей, тамақ бермеймін деп отыр. Ал, төлемесек ше? *(Күрсініп.)* Ай, жалғанның жарымын обар едім. Есік қағады, сол ғой. *(Асығып, төсектен түсе қалады.)*

II КӨРІНІС

О с и п және Х л е с т а к о в.

Х л е с т а к о в. Мә, ал. *(Қалпағы мен таяғын береді.)* Е, кроватьқа тағы аунағансың ба?

О с и п. Несіне аунаймын? Кровать көрмеппін бе?

Х л е с т а к о в. Жаның шықсын, аунапсың; бәрінде коқсытыпсың ғой.

О с и п. Оның маған керегі не? Кроваттың не екенін мен білмеймін-ау? Аяғым бар, түрегеп те тұра алам. Кроватыңыз маған не керек?

Х л е с т а к о в *(олай-бұлай жүреді)*. Карашы, ана картузда темекі жоқ па екен?

О с и п. Темекі қайдан келсін! Қалғанын тартып бітіргеніңізге төрт күн болды.

Хлестаков (аяңдап жүріп, ернін олай бір, бұлай бір қысады, біраздан соң қатты, еркін дауыспен).

Әй, Осип, бері қара!

Осип. Не айтасыз?

Хлестаков (батылсыздау қатты дауыспен).
Сен бар анда.

Осип. Қайда?

Хлестаков (тіпті батылы бармаған, тіпті қатты емес, жалынғанға таңдық дауыспен). Астыңғы, буфетке... айт аналарға... маға... маған тамақ берсінде...

Осип. Жоқ, менің тіпті барғым да келмейді.

Хлестаков. Не деп тұрсың, ақымақ?!

Осип. Солай, барғанмын, бәрібір түк өнбейді. Қожайын енді тамақ бермеймін деген.

Хлестаков. Ол қалай бермейді? Міне, былшыл!

Осип. Ол түгіл дуан басыға да барамын дейді, мырзаң үш жұмадай болып барады ақша төлеген жоқ, мырзаң мен екеуің де залымсың дейді, ал, мырзаң бір сұмпайы екен дейді. Мұндай арам тамақтың, мұндай подлецтің талайын көргеміз дейді.

Хлестаков. А, сен айуан, оның сөзін маған дереу бұлжытпай жеткізуге құмарсың-ау.

Осип. Ол айтады: үйте берсек, талайлар-ақ келіп ішіп-жеп, қарызданып, орнығып алған соң, қусан да кетпейтін болар дейді. Мен дейді, қалжақты білмеймін дейді, тура арыз берем де абақтыға сүңгітіп жіберем, дейді.

Хлестаков. Жетер, жетер енді, ақымақ, жетер. Жөнел, жөнел айт оған. Сондай тұрпайы айуан!

Осип. Ендеше, сізге қожайынның өзін шақырайын да.

Хлестаков. Қожайынның не керегі бар? Сен бар, өзің айт.

Осип. Жоқ, енді, тіпті, мырза...

Хлестаков. Ал, баршы, сайтан! Қожайынды-ақ шақыр.

Осип кетеді.

III КӨРІНІС

Хлестаков жалғыз.

Япыр-ай, қарнымның ашуы-ай, ашқаны басылар ма екен деп, азырақ жүріп келіп едім, құрып қалғыр, оған да болмады. Я, Пензиде шашпағанда, ақша үйге дейін жететін еді. Әлгі жаяу әскер капитаны жаман тотыйтып кетті. Әй соғылғанның шебері-ай. Ширек сағат ойнадық па, жоқ па, дым қоймай сыпырып алды. Сонда да тағы бір сүрісіп қалуға көңілім қатты кетіп еді, орайы болмады. Не деген сұмпайы қала! Тамақ дүкендері несиеге түк бермейді. Мұнысы тура иттік. *(Ысқырып, әртүрлі әнді бір шатпақтайды)*. Ешкім келетін емес.

IV КӨРІНІС

Хлестаков, Осип, және трактир қызметшісі.

Қызметші. Қожайын сізге не керек екен, сұрап кел деді.

Хлестаков. Аман ба, туған! Ал, қалай саумысын?

Қызметші. Құдайға шүкір.

Хлестаков. Ал, гостиница қалай? Жақсы ма?

Қызметші. Я, құдайға шүкір, бәрі жақсы.

Хлестаков. Жүргіншілер көп пе?

Қызметші. Я, жеткілікті.

Хлестаков. Шырағым, тыңдашы, маған әлі күнге тамақ келтірмей жатыр, соны сен тілеуін берсін, асықтыршы тезірек берсін, көрдін бе, тамақтан соң оны мұны жұмысқа айналуым керек.

Қызметші. Қожайын енді тамақ бергізбеймін дейді. Ол бүгін дуанбасыға барып арыз қылмақпын дегендей қып отыр еді.

Хлестаков. Неменеге арыз қылады? Өзің ойлашы, шырағым, қалай енді? Маған тамақ жеу керек қой, бүйтіп жүріп мен ашығып қалам ғой. Менің қарным қатты ашып тұр, ойыны жоқ.

Қызметші. Солай деңіз. Ол: маған бұрынғы бо-

рыштарың төлемесе, мен оған енді тамақ бермеймін деді. Жауабы сол.

Хлестаков. Сен оған жайын айт, көндір.

Қызметші. Оған енді нені айтамыз?

Хлестаков. Сен оған кәдімгідей дұрыстап түсіндір, менің қарнымның ашқандығын айт. Ақша өз жөнімен тұрыпты ғой... Ол өзі сыяқты карапайым мұжықтай көреді ғой, бір күн тамақ ішпесе өзгелер де ештеңе етпейді деп ойлайды ғой. Міне қызық!

Қызметші. Айтсам, айтайын.

V КӨРІНІС

Хлестаков жалғыз.

Жеуге тіпті дым бермей қойса, қалай да бұл тым жаман болды. Қарным өмірі мұндай ашпас. Әлде киімнің бірін сатсам ба екен? Шалбарымды сатсам ба? Жоқ, одан да аштыққа шыдап, үйге Петербург киімімен барғаным артық болар. Әттең дүние, Иохим күймесінің майын бермегені, үйге күймемен кеп түсе қалып, әлдебір бай көрші помещиктің үйіне дүрілдетіп кеп, екі жағынан фонары жарқыраған есік алдында тұра қалсам, ливрей киген Осип күйменің артында тұрса. Жұрт қандай әбігер боп: бұ кім, немене? деп үрпиіп қалар еді. Сол кезде лакей кіріп кеп (*бойын сірестіріп, лакейдің түріне салып*): «Иван Александрович Хлестаков Петербургтен, қабыл етуге бұйрықсыз ба?» Ол на-дан немелер: «Қабыл етуге бұйырасыз ба?» дегенді білмейді ғой, олардың үйіне әлде бір помещик келе қалса, аюдай қорбандап, тура қонақ үйге тартады ғой. Бір әдемі қыздың қасына келіп: Бикеш, мен... (*Қолын уқалап, өкшесін соғыстырып, аяғын тарс еткізеді*). Түү, (*түкіреді*), қарнымның ашуын-ай, жалап барады.

VI КӨРІНІС

Хлестаков, Осип, әптек көйін қызметші кіреді.

Хлестаков. Ал?

Осип. Тамақ әкеледі.

Хлестаков (*алақанын шапалақтап, орындық үстіне қоқақтап*). Әкеледі! Әкеледі! Әкеледі!

Қызметші (*тарелкалары, мойнында салфеткасы бар*). Қожайынның ең соңғы берген тамағы.

Хлестаков. Ой қожайын, қожайын... Мен қожайынына пысқырмаймын да! Кәне не әкелдің?

Қызметші. Сорпа мен қуырлақ.

Хлестаков. Қалай, екеу-ақ па?

Қызметші. Екеу-ақ-с.

Хлестаков. Міне шатақ! Мен мұнынды жемеймін. Сен айт оған: айтты айтпады мұнысы несі!.. Аз ғой бұл.

Қызметші. Жоқ, аз емес, қожайын бұ да көп дейді.

Хлестаков. Тұздығы қайда мұнын?

Қызметші. Тұздық жоқ.

Хлестаков. Неге жоқ! Өз көзіммен көрдім ғой, ас үйдің қасынан өтіп бара жатқанда, онда тамақ мол еді ғой. Және қонақ үйде де бүгін таңертең екі тапалдау кісі балық, тағы оны-мұны жеп отырғаны қалай?

Қызметші. Бар екені бар болғанмен, жоқ болып тұр.

Хлестаков. Қалай жоқ?

Қызметші. Сол, жоқ болғаны.

Хлестаков. Көк серке ше, балық ше, котлет ше?

Қызметші. Олар тәуірлеу адам үшін ғой.

Хлестаков. Өй, ақымақ.

Қызметші. Сола-й-с.

Хлестаков. Ой, шошқаның баласы... Олар жегенде мен неге жемеймін? Мен неге сөйтпеймін, әлде мен олардай жолаушы емеспін бе?

Қызметші. Олардай еместігіңіз дағы.

Хлестаков. Енді қандаймын?

Қызметші. Кәдімгідей! Олар басқа белгілі: ақша төлейді.

Хлестаков. Ақымақ, мен сенімен сөйлескім де келмейді (*сорпаны тарелкаға құйып, ішуге кіріседі*). Мынау не сорпа? Сен тек су құйып әкеліпсін ғой: дәм

жок, тату жок, тек сасық исі шығады. Ішпеймін бұ сорпаны, маған басқасын әкел.

Қызметші. Ішпесең қайтып аламыз. Қожайын ішпесе ішпесін деген.

Хлестаков. (*қолымен сорпаны қалқалап*). Болды, болды... қой енді, ақымақ; басқалармен сөйтіп жаман үйренген неме екенсін: мен шырағым, олар емес! менімен байқа... (*ішеді.*) Ой, құдая тоба, бұ неткен сорпа! (*Іше береді.*) Дүниеде мұндай сорпаны тірі адам ішіп көрген жоқ шығар. Бетінде жылтырақ болсайшы, май орнына құстың жүні ме, немене жүзіп жүрген. (*Тауықты кеседі.*) Пай-пай-пай, мұндай да тауык болады екен! Бері бер қуырдақты!.. Мынада азырақ сорпа қалды, Осип, сен алып іш. (*Қуырдақты турайдды.*) Бұ не қылған қуырдақ? Мынау қуырдақ емес.

Қызметші. Енді немене?

Хлестаков. Чорт біледі, не екенін, әйтеуір тастай сірі ғой. (*Жейді.*) Ой, залым, қулар-ой; не берет дейсейші! Мұның бір жапырағын шайнағанша жағын қарысып қалар. (*Қолымен тісін шұққыйды.*) Ой сұмдар-ай! Аумаған ағаштың қабығы, тіпті алынатын емес, мына тамақтан кейін тісін де қап-қара боп кетер. Залымдар! (*Орамалмен аузын сүртеді*). Енді ештеңе жоқ па?

Қызметші. Жоқ.

Хлестаков. Ант ұрған! Қулар! Тым құрғанда тұздығы да жоқ, не дәмі де жоқ. Өңкей масыл! Тек жолаушыны қаңғақсатуды біледі.

Қызметші мен Осип ыдысты жыйнап алып кетеді.

VII КӨРІНІС

Хлестаков соңынан Осип.

Хлестаков. Дәл бір түк жемегендей болдым; тек араным ашылды. Уақ бірдене болса, базарға жіберіп тоқаш алдырту екен.

Осип (*кіреді*). Анда, неге келгенін қайдам, Дуанбасы келді. Сіздің жайы-күйіңізді сұрайды.

Хлестаков (*шошып кетеді*). Мәс-саған! Мынау антұрған трактирші барып арыз қыла қойған ғой!

Япырым-ай, айтты-айтпады, абактыға сүйреп жөнелсе, қайттім? Амал не? Адам сыяктанып нетсе, мен бәлендей... жо-жо-жок, көнбеймін, анда қалада қаптап жүрген офицер, халық, өзім де соның арасында көрініс беріп, бір купецтің қызына көзімді қысып қойып ем, жоқ... Көнбеймін... Ол немене сонша? Айтты-айтпады, қалай ол нете алады? Мен оған немене, купец пе, қол-өнерші ме? (Шытырайып, бойын сірестіріп). Мен оған түп-тура айтам: қалай сіз нетесіз? Қалай сіз?.. (Естіктің тұтқасы айналады, Хлестаков сұры қашып, ығыса бастайды.)

VIII КӨРІНІС

Хлестаков, Дуанбасы, Добчинский Дуанбасы кіріп кеп, тұра қалады. Екеуі біріне-бірі карап қорқып, көздерін едірейтіп, бірталай тұрады.

Дуанбасы (азырақ есін жыйнап, екі қолын жапына созып). Есендікте-саулықта.

Хлестаков (бас иіп). Амандықта-барлықта...

Дуанбасы. Ғапу етіңіз.

Хлестаков. Окасы жоқ.

Дуанбасы. Менің міндетім, осы қаланың бастығы болғандықтан келген-кеткен жолаушыларға, және де инабатты адамдарға ешбір таршылық келтірмеудің қамын қылу...

Хлестаков (алғашқыда азырақ тұттығып, аяқ кезінде қатты сөйлеп кетеді). Қайтейін енді?.. Менің жазығым жоқ... Мен, құдай ақына төлеймін... Маған елден ақша келеді. (Бобчинский есік артынан сығалап қояды). Қайта оның жазығы көп: беретін еті тастай сіңір, сорпасы не екенін шорт біледі, ішіне не салатынын, терезеден тысқа шашып жібердім. Ол мені ұзынды күнге аш қатырды... Шайы сондай бірдеңе: шай емес, балық сасыйды. Менің жазығым не... Міне қызық.

Дуанбасы (онжырғасы түсіп). Ғапу етіңіз, менің тіпті жазығым жоқ. Базардағы еттеріміз кашанда жақсы болады. Холмагор купецтері әкеледі, әрі арақ ішпейтін, әрі жақсы мінезді адамдар. Ондай етті олар-

дың қайдан алып жүретінін мен тіпті білмеймін. Үйтіп не болатын болса, онда... Менімен бірге басқа пәтерге шығуды ұсынуға рұқсат етіңіз.

Хлестаков. Жоқ, көнбеймін, не екенін білмеймін бе: басқа пәтеріңіз абақты ғой. Білмеймін, оған сіздің қандай пұрсатыңыз бар? Қалай нете аласыз? Міне, мен... Мен Петербургте қызмет етем. (*Шыйрап алады.*) Мен, мен, мен...

Дуанбасы (*қырын қарап*). Ой, құдай-ай, сақтай гөр!.. Қалай ашуланшақ еді! Бәрін біліп қойған екен, бәрін көйіткен екен, қарғыс атқан купецтер!


Хлестаков (*ерленіп*). Тіпті, сіз бар әскеріңмен келсең де бармаймын! Мен тіке министрге айдаймын! (*Жұдырығымен үстелді тарсылдатып қояды.*) Сіз немене?.. Е, немене...

Дуанбасы (*қаққан қазықтай қалшыйып, тұлабойы дірілдеп*). Марқабат қылыңыз кұртпаңыз! Қатын-бала, қызыл қарын жас бала... Біреуді сорлы қылмаңыз.

Хлестаков. Жоқ, мен көнбеймін! Міне тағы! Маған не керек? Сіздің қатын-баланыз бар деп, мен абақтыға барғаным ба, міне қызық! (*Бобчинский есіктен сығалайды да, қорқып, бұғып кетеді.*) Жоқ, алда разы болсын, көнбеймін.

Дуанбасы (*қалтырап*). Тоғышарлықтан, құдай біледі, тоғышарлықтан. Ауқаттың кем-тарлығы... Өзіңіз ойлаңызшы: қазнаның жалақысы қант-шайға да жетпейді. Егер, пара болды бар ғой: әшейін кұрттай бірдеңе — тек тамақтық, бір-екі көйлектік кана. Ал, енді унтер офицердің саудагер жесір қатыны деген сөз, оны мен дүреледі деген сөз, ол құдай біледі, шіп-шикі жала. Мұны шығарып жүрген менің дұшпандарым, бұ халықты қойыңыз, мені өзімді өлтіруге де бар.

Хлестаков. Оны қайт дейсіз? Оларда менің түк жұмысым жоқ. (*Ойға батып.*) Алай да, мен залымдар тақырыпты, әлде бір унтер-офицердің жесір қатыны тақырыпты неліктен сөз ғып тұрғаныңызды білмеймін... Унтер-офицердің жесір қатыны өз алдына, бірақ, сіз маған дүре соға алмассыз. Қолыңнан келмейді... Міне тағы! Қарашы өзің!.. Мен төлеймін, төлеймін ақшасын, бірақ қазір қолымда көк тыйыным



Дуанбасы мен кварталдықтар.
II. Боклевскийдің қарындашпен салған суреті.



да жоқ. Осында отырғаным да сол көк тыйынның жоқтығы.

Дуанбасы (теріс қарап.) Ойпыр-ай қу екен! Қалай бұлтартты! Не деп бұлтартып жіберді! Тілесен қалай ұқ! Білмеймін, қай жағынан жағынуды. Қой, не де болса байқайын! Қайдан шықса одан шықсын, болатын іс болар, бақ тәуекел, байқайын. *(Естіртін.)* Егер сіз ондай ақшаға, немесе басқа нәрсеге зару болсаңыз, мен сізге қазір қызмет көрсетуге әзірмін. Менің міндетім — жолаушыға жәрдем көрсету ғой.

Хлестаков. Беріңіз, беріңіз маған қарызға, мен трактиршімен қазір-ақ есеп айырайын. Маған тек екі жүздей, немесе одан азырақ болса да болғаны.

Дуанбасы (ақшаны беріп жатып). Артық-кемі жоқ екі жүз, санап әуреленбесеңіз де болады.

Хлестаков (ақшаны алып жатып). Алда рыйза болсын; мен сізге елге барысымен жіберемін, менікі дереу... Байқаймын, инабатты адам көрінесіз. Ендігі жұмыс өз алдына.

Дуанбасы (теріс қарап). А, құдай бергеніңе шүкір! Ақшаны алды. Жұмыстың беті түзелер. Мен оған екі жүздің орнына төрт жүзді тығып жібердім.

Хлестаков. Әй, Осип! *(Осип кіреді).* Шақыршы мұнда әлігі даяршыны! *(Дуанбасы мен Добчинскийге қарап.)* Сіздер неге түрегеп тұрсыздар? Рахым етіңіз, отырыңыздар. *(Добчинскийге.)* Марқабат етіңіз, отырыңыз.

Дуанбасы. Оқа емес, біз түрегеп-ақ тұрамыз.

Хлестаков. Рахым етіңіз, отырыңыздар! Сіздің салтыңыздың, ықыласыңыздың ашық екенін енді көріп тұрмын. Әйтпегенде, шынымды айтайын, мен сіздерді мені нетуге... *(Добчинскийге.)* Отырыңыз. *(Дуанбасы мен Добчинский отырады. Бобчинский есіктен сығалап тыңдап тұрады).*

Дуанбасы (теріс қарап). Батылдау болу қажет. Ол өзін астыртын жай адам екен десін деп тұр ғой. Жақсы, біз де көлгірсік, кім екенін білмеген болайық. *(Естіртін.)* Осындағы бір помещигіміз мына Петр Иванович пен екеуміз қызмет бабында жүріп, осындағы жолаушылар қалай екен, оларды жақсы күте ме екен, білейікші деп, әдейі соғып едік, өйткені, мен өзге

Дуанбасшылардай ештемені естімейтін кісі емеспін. Жаңа қызметімнен басқа, христіан мейірбандығы мен құдайдың жаратылған қызығын бәрін де жақсы күткенді тәуір көремін. Міне соныға қарай, сізге кез келтіріп, жақсы таныс бол қалдық.

Хлестаков. Мен де қатты қуаныштымын. Сіз болмағанда, құдай ақылда көп жатып қалатын едім. Не төлерімді білмей, әбден зағдарып отыр едім.

Дуанбасы (теріс қарал). Айтыса бер! Не төлерімді әбден білмегенін шығар! (Естіртіл). Сұрауға болар ма екен? Қай жаққа бет алып барасыз?

Хлестаков. Мен Саратов губерниясына, өз деревняма бара жатырмын.

Дуанбасы (теріс қарал кекеткен түсте). Саратов губерниясына! Ә? Жүзі жағбайды екен! Бұған саяқ болу керек (Естіртіл.) Саларыңыз оң екен. Жолдың өзін, бір жағынан, ат дайын болмай кейістік көрсетсе де, екінші жағынан көңіл көтеруге де теріс емес қой. Сіз, бәлкім, өз зейнетіңіз үшін бара жатқан боларсыз?

Хлестаков. Жоқ, мені атай шақырып еді, осы күнге дейін Петербургте қызмет қып, түк бола алмадың деп, қарт кейіп жатса керек. Қайдан білсін, қызметке түсе сала Владимир чинін алады деп ойлады қой. Кеңседе бір аз сарытуға соның өзін жіберсем деп кетем.

Дуанбасы (теріс қарал). Көрдін бе, бұлдыратып, қарт әкесін де аыстыруын! (Естіртіл.) Онда көп боласыз ба?

Хлестаков. Анық білмеймін. Менің әкем бір қыныр ағашша қакыйған түлей адам. Мен оған мейлін, не десен о де, Петербургсіз жерде тұра алмаймын деп тікесінен айттым. Айтты-айтпады өмірді мұжықтармен қор етейін бе? Ендігі тілек болса — жаным жарықты көксейді.

Дуанбасы (теріс қарал). Түйінді қалай түйеді! Өтірікті соғып отыр, соғып отыр, бір мүдірсейші! Түріне қарасаң, көзге бірқораш тыйнамдай неме, тырнағынмен басып қалсаң қылжыйып қалатын... Тоқта балам сырынды шешерсін, әңгімеңді шерткізермін! (Естіртіл.) Әділ айтыңыз, қараңғы жерде не істеуге бола-

дуанбасшылардай ештеңені естімейтін кісі емеспін. Жана қызметімнен басқа, христиан мейірбандығы мен құдайдың жаратқан құлының бәрін де жақсы күткенді тәуір көремін. Міне соныма қарай, сізге кез келтіріп, жақсы таныс боп қалдық.

Хлестаков. Мен де қатты қуаныштымын. Сіз болмағанда, құдай ақында көп жатып қалатын едім. Не төлерімді білмей, әбден дағдарып отыр едім.

Дуанбасы (*теріс қарап*). Айтыса бер! Не төлерінді әбден білмегенің шығар! (*Естіртін*). Сұрауға болар ма екен? Қай жаққа бет алып барасыз?

Хлестаков. Мен Саратов губерниясына, өз деревняма бара жатырмын.

Дуанбасы (*теріс қарап кекеткен түсте*). Саратов губерниясына! Ә? Жүзі жанбайды екен! Бұған сақ болу керек. (*Естіртін.*) Сапарыңыз оң екен. Жолдың өзі, бір жағынан, ат дайын болмай кейістік көрсетсе де, екінші жағынан көңіл көтеруге де теріс емес қой. Сіз, бәлкім, өз зейнетіңіз үшін бара жатқан боларсыз?

Хлестаков. Жоқ, мені атай шақырып еді, осы күнге дейін Петербургте қызмет қып, түк бола алмадың деп, қарт кейіп жатса керек. Қайдан білсін, қызметке түсе сала Владимир чинін алады деп ойлады ғой. Кеңседе бір аз сарылуға соның өзін жіберсем деп келем.

Дуанбасы (*теріс қарап*). Көрдің бе, бұлдыратып, қарт әкесін де қыстыруын! (*Естіртін.*) Онда көп боласыз ба?

Хлестаков. Анық білмеймін. Менің әкем бір қыңыр ағашша қақыйған дүлей адам. Мен оған мейлін, не десең о де, Петербургсіз жерде тұра алмаймын деп тікесінен айттым. Айтты-айтпады өмірді мұжықтармен қор етейін бе? Ендігі тілек болса — жаным жарықты көксейді.

Дуанбасы (*теріс қарап*). Түйінді қалай түйеді! Өтірікті соғып отыр, соғып отыр, бір мүдірсейші! Түріне қарасаң, көзге бірқораш тыйнамдай неме, тырнағыңмен басып қалсаң қылжыйып қалатын... Тоқта балам сырынды шешерсін, әңгіменді шерткізермін! (*Естіртін*). Әділ айтыңыз, қараңғы жерде не істеуге бола-

ды? Міне, мысалы: осы жерді алсақ, түн бойы ұйқы көрмейсін, отаныңа бола жаныңды саласың, ештеңенді аямайсың. Ал, қашан оның сайып келерін кім білсін. *(Бөлменің ішін көзмен шолып)*. Осы бөлме азырақ дымқылдау ма, қалай?

Хлестаков. Жаман бөлме, қандаласы бар сұмдық, өмірімде көрмеген: дәл итше талайды.

Дуанбасы. Не дейсіз! Жан боп жаралуға тұрмайтын тыйнамдай қандалаға осындай көзі ашық, аяулы қонақтың жем болуын қараңызшы! Осы бөлменің өзі қараңғылауда емес пе?

Хлестаков. Я, тіпті қараңғы. Қожайын шам бермеуді әдет қып алған көрінеді. Кейде бірдеңе істегің, оқығың немесе қыялыңнан бірдеңе жазғың келеме, жаза алмайсың. Қараңғы, тіпті қараңғы.

Дуанбасы. Сізден сұрай алар ма едім... Бірақ, жоқ, мен ұйтуге татымаймын.

Хлестаков. О не?

Дуанбасы. Жоқ, жоқ, татымаймын, татымаймын!

Хлестаков. О не, немене еді?

Дуанбасы. Мен бір тұрпайылық істер едім... Үйімде сізге лайық, өзі бір жарық, әрі жайлы бөлмем бар еді... Бірақ, оған енді батылым барыңқырамай отыр... Маған ол тым үлкен құрмет қой... Ашуланбасаңыз, құдай біледі, ақ көңілдігімнен ұсынып отырмын.

Хлестаков. Жоқ, олай деменіз, қайта оныңыз маған қаныбет, маған мұндай кабактан да үйде жатқан артық.

Дуанбасы. Мен қатты қуаныш егер ем! Әйелім қандай қуанар екен! Мен өзім мінезім солай: бала жасымнан мейман-доспын, әсіресе, өзіңіздей көзді-қарақты кісіге, мұны көлгірлікпен айтып тұр деп, ойыңызға алмаңыз, ондай мінезім жоқ, тек ақ бейілділігімнен айтам.

Хлестаков. Алда разы болсын. Мен де солаймын, екі жүзді адамды жек көремін. Маған сіздің ақ жарқындығыңыз қатты ұнап тұр, мен шынымды айтайын, маған тек инабат, құрмет-инабат көрсетсе болғаны, одан өзгені сұрамаймын.

ІХ КӨРІНІС

Бұлардың үстіне қызметші мен Осип кіреді. Бобчинский есіктен сығалап тұрады.

Қызметші. Мені шақырттыңыз ба?

Хлестаков. Я есеп қағазыңды әкел.

Қызметші. Бір қағазды мана беріп ем ғой.

Хлестаков. Сенің сандырақ есептерің менің есімде жоқ. Айтшы, қанша еді?

Қызметші. Сіз алғашқы келген күні түскі тамақ алдыңыз, ертеңіне тек көксеркештен азырақ аузыңызға салдыңыз, содан кейін ылғи несиеге алып отырдыңыз.

Хлестаков. Ақымақ, тағы бір-бірлеп есептеп келеді! Барлығы қанша керек?

Дуанбасы. Оған мазаңызды кетіріп не қыласыз, ол шыдай тұрады. *(Қызметшіге.)* Аулақ кейін жіберіледі.

Хлестаков. Айтты-айтпады, оныңыз да рас. *(Ақшасын тығып қояды.)*

Қызметші кетеді, есіктен Бобчинский сығалайды.

X КӨРІНІС

Дуанбасы, Хлестаков, Бобчинский

Дуанбасы. Енді сіз біздің қаламыздағы кейбір мекемелерді, игілік орны және басқа сыяқтыларды көруге нетпес пе екенсіз?

Хлестаков. Онда не бар?

Дуанбасы. Жәй әшейін, көріңіз, бізде жұмыстың ағымы... Тәртібі қандай екен...

Хлестаков. Үлкен қаныбет, мен әзірмін. *(Бобчинский есіктен басын қылтыйтады.)*

Дуанбасы. Және, зәуде көңліңіз соқса, одан шығып, уездік мектепке соғып, бізде ғылымның қалай оқылып жатқанын байқаңыз.

Хлестаков. Құп болады, құп.

Дуанбасы. Содан кейін барғыңыз келсе, острог-

қа, қаланың абақтысына бас сұғып, қылмыстылардың қалай тұратынына да көз салыңыз.

Хлестаков. Абақтының несіне барамыз? Одан да игілік орындарын көрген тәуір ғой.

Дуанбасы. Өз еркіңіз білсін. Қалай, өз арбаңызбен жүруге ниет етесіз бе, жоқ менімен бірге жеңіл арбаға мінісіз бе?

Хлестаков. Жоқ. Сіздің арбаңызбен-ақ барайын.

Дуанбасы. Ал, Петр Иванович, *(Добчинскийге)* сізге енді орын жоқ.

Добчинский. Оқасы жоқ, мен былай да...

Дуанбасы *(Добчинскийге ақырынырақ)*. Бері қараңыз, сіз дереу екі хат алып жөнеліңіз, ұшыңыз. Бірін игілік орнындағы Земляникаға, екіншісін біздің қатынға жеткізіңіз. *(Хлестаковқа)*. Сіздің алдыңызда қатыныма бір жол ғана хат жазуға болар ма екен, сіздей құрметті қонақты қарсы алуға күтінсін демекші ем.

Хлестаков. Оның керегі не?.. Бірақ та, мейлі-ніз, міне сыя, жалғыз-ақ қағазды білмеймін... Әлде мына есеп қағаздың сыртына жазарсыз...

Дуанбасы. Осыған-ақ, жазайын *(жазып жатып, өз-өзіне)*: Тамақпен жуан бөтелкеден кейін байқалар! Губерниямыздың арағы — мадера көзге қораш болмағанымен пілді болса да мұрттай ұшырушы еді. Бірақ қай жағы катерлі екенін біліп алсам. *(Жазып болып, есікте дайындалып тұрған Добчинскийге береді. Бірақ, дәл сол кезде есік құлап кетеді. Аржағынан сүйеніп сығалап тұрған Бобчинский есікпен қабат сахнаға қарай етбетінен түседі. Бәрі де шошып қалады. Бобчинский түрегеледі)*.

Хлестаков. Немене? Бір жерің мертiгiп қалған жоқ па?

Бобчинский. Оқа емес, тек мұрнымның үстін азырақ жыртып кетті. Мен Христиан Ивановичке жүгірейін, оның бір пластыры болушы еді, өзі-ақ жазып жібереді.

Дуанбасы *(Бобчинскийге зілденген нұсқа көрсетіп, Хлестаковқа)*. Іштеме етпейді. Кәне, рақым етіңіз! Чемоданыңызды алып кел деп, ат қосшыңызға

айтайын. (*Осипке.*) Шырағым, сен бәрін де біздікіне — дуанбасының үйіне алып кел. Біздікін кімнен сұрасаң да көрсетеді. Кәне, рақым етіңіз! (*Хлестаковты алға жіберіп, Бобчинскийге бұрылып.*) Ейсіз де бір басқа жер құрығандай-ақ! Чорт біледі, осы араға кеп созыла түскені несі.

Ш ы м ы л д ы к

Ү Ш І Н Ш І П Е Р Д Е

Б І Р І Н Ш І П Е Р Д Е Д Е Г І Б Ө Л М Е

І К Ө Р І Н І С

А н н а А н д р е е в н а м е н М а р и я А н т о н о в н а б а я ғ ы қ а л ы п т а р ы н д а ә й н е к а л д ы н д а т ұ р а д ы.

А н н а А н д р е е в н а. Ал, мінеки, күткелі табандаған бір сағат — бәрі сенің кесірің, қылымсығаныңның қырсығы: киініп алса да, жоқ! Тағы да бипазданып болмайды... Тыңдамай кетіп қалмағанымды қарашы. Ой, жазған басым-ай! Егескендей бірде-бірі жоқ, жер жұтып қойды ма екен!

М а р и я А н т о н о в н а. Апырым-ай, маменька қойшы, екі минуттан кейін бәрін де білеміз. Авдотьяның келетін кезі де болды. (*Бойлап қарайды да, шаңқ етеді.*) Аһ, маменька! Біреу келе жатыр, әне көшенің басында.

А н н а А н д р е е в н а. Қайда келеді? Дәйім сенің бір бос қыялың қалмайды. Жоқ, шынымен келеді екен, бойы тапалдау... Жігерімді құм қылды-ау бұл.. фрак киген... Кім болды екен?

М а р и я А н т о н о в н а. Бұл Добчинский ғой, маменька-ау.

А н н а А н д р е е в н а. Не қылған Добчинский? Дайым сенің сондай бірдемені соғып жіберетінің-ай! Тіпті де ол емес. (*Орамалын бұлғап шақырады.*) Әй, жүріңіз бері! Тезірек!

М а р и я А н т о н о в н а. Рас, мама, Добчинский!

А н н а А н д р е е в н а. Ал, енді ерегесіп болмайды, ол емес десе.

Мария Антоновна. Ал, енді кім? Енді кім, мама? Көрдің бе, Добчинский екен.

Анна Андреевна. Я, ол Добчинский сол, жаңа көрдім, соған несіне таласа қалдың? *(Әйнектен айқайлайды.)* Әй, сіз, тезірек, тезірек! Тіпті ақырын жүретұғыныңыз-ай; немене? Аналар қайда? Айта беріңіз сол жерден, бәрібір. Немене? Тым қатты кісі ме екен? Ә? Біздің бе? Бай ше? *(Әйнектен кейін шегініп күйіп-пісіп.)* Ой қуарғыр, үйге кірмей, айтушы ма еді ол!

II КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Добчинский кіреді.

Анна Андреевна. Е, құрып қалсын, қойыңызшы, ұялсаңызшы? Сізді дұрыс адам көріп, сеніп жүрсем, жалмажан бәрі жүгіре шығып еді, артынан сіз де жөнелдіңіз! Міне, әлі күнге бірде-бірінен дым біле алмай қалдық, ұятыңыз қайда дейім! Сіздің Иванныңызды да, Лизанызды да шоқындырған шешесі едім, сіздің қылып отырғаныңыз мынау!

Добчинский. Құдай ақына, ханым, сізге амандасқалы өлгенше жүгіріп, ентігімді баса алмай тұрмын. Сәлемет па Мария Антоновна.

Мария Антоновна. Есенсіз бе, Петр Иванович.

Анна Андреевна. Ал, немене? Айтыңыз, қалай болып жатыр?

Добчинский. Антон Антонович сізге хат жіберді.

Анна Андреевна. Ал, өзі кім екен? Генерал ма?

Добчинский. Жоқ, генерал емес, бірақ, генералдан кем емес. Сондай оқымысты, қылығы сондай жат-с.

Анна Андреевна. Ә! Әлгі келеді деп хатта жазған төренің өзі ғой.

Добчинский. Тап өзі. Ең алғаш тапқан Петр Иванович пен екеуміз ғой.

Анна Андреевна. Қәне, айтыңызшы: немене қалай?

Добчинский. Е, құдайға шүкір, бәрі де жайланды. Ә дегенде Антон Антоновичке әнтек тігірек кеп қал, я-с; ашуланып гостиницаны жамандап, сіздікіне бармаймын деп, сізге бола абақтыға отырмаймын деп, содан кейін Антон Антоновичтің жазығы жоғын білген соң, о кісімен кәдімгідей тіл қатып, дереу ойын өзгертті. Жаңа аллаға шүкір, бәрі жақсы болды. Олар қазір игілік орындарын көруге кетті... Әйтпегенде, сөздің шыны Антон Антонович астыртын шағым болып қалған екен деп, кішкене сасып қалып: мен де кішкене қорқып қалдым.

Анна Андреевна. Сіз неден қорқасыз? Қызмет адамы емессіз ғой?

Добчинский. Қалай да, үлкен ұлық сөйлегенде кісі қауіп илемей тұра ма.

Анна Андреевна. Ал, немене... бұның барлығы әншейін... Айтыңызшы, түрі қандай! Кәрі ме, жас па?

Добчинский. Жап-жас кісі: жыйырмананын үшеулерінде: ал, сөйлегенде; кәріден бетер. Бұйырыңыз дейді, мен дейді, онда да, мұнда да барамын... дейді. *(Қолын олай, бұлай сермеп қояды.)* Бәрі біртүрлі онды. Мен дейді, жазуды да, оқуды да жақсы көрем, бірақ, кішкене үй қараңғылау дейді.

Анна Андреевна. Өзінің өңі қандай екен: қара ма, ақ па?

Добчинский. Жоқ, ақ-құбалау, көзі тіпті өткір, жайнап тұр, кісінің ойын мүлде алай-дүлей етеді.

Анна Андреевна. Әлгі маған не жазды екен? *(Хатты оқыйды.)* «Жаным, саған асығып білдірмекпін, менің халым мейлінше нашар болып еді, бірақ құдайдың жәрдемімен, екі тұздаған қыяр өзалдына және бір кісілік икра, бір сом жыйырма бес тыйын...» *(Тоқтай қалады.)* Түк ұқсам бұйырмасын. Бұл араға тұздаған қыяр мен икраны несіне жазған?

Добчинский. Оны Антон Антонович әншейін шапшандықпен бір қағазға жаза салған, онда бір есеп жазылған шығар.

Анна Андреевна. Е, солай екен.. *(Тағы оқыйды.)* «Бірақ құдайдың жәрдемімен түбі қайыр болар білем. Құрметті қонаққа тезірек үй дайында, ана сар

қағазды бөлме бар ғой, тамақты көбейтпей-ақ, өйткені, Артемий Филипповичтің үйінде ас ішерміз. Арақты молырақ алдыр; Абдулин купецке айт, ең жақсысын берсін, оны қылмаса, қоймасының эптер-тәптерін шығарамын. Қолыңды сүйіп, хат жазушы сенің: Антон Сквозник-Дмухановскийің...» Ой, жасаған-ай! Мұны тезірек қамдау керек қой! Әй, анда кім бар? Мишка!

Добчинский (есікке жүгіріп). Мишка! Мишка!

Мишка кіреді.

Анна Андреевна. Бері қара: жүгір Абдулинге... тұра-тұр, мен хат берейін. *(Стол жанына отырып, хат жазып, бір жағынан сөйлеп жатады.)* Бұл хатты сен Сидор көшірге бер, Абдулиндікіне ұшып барып, арақ әкелсін. Өзің қайтып кел, дереу мынау үйді қонаққа дайында. Кровать, қол жуғыш, тағы оны-мұны қой.

Добчинский. Ал, Анна Андреевна, енді мен жүгіріп әлігілерге барайын, онда қалай қарап жатыр екен.

Анна Андреевна. Барыңыз, барыңыз мен сізді бөгемеймін.

ІІІ КӨРІНІС

Анна Андреевна мен Мария Антоновна.

Анна Андреевна. Ал, Машенька, бізге енді киіну күтіну керек. Ол астаналық нәсте ғой, құдай сақтасын, бірдемемізді күлкі қып кетер. Сен әлгі ұсақ бүрмелі, көк көйлегінді кигенің ұнамды болар.

Мария Антоновна. Фи, мама, көк көйлек пе! Маған тіпті ұнамайды. Ондай көкті Ляпкин-Тяпкиннің қатыны да киіп жүр, Землянкенің қызы да киіп жүр. Жок, одан да гүлді көйлегімді киемін.

Анна Андреевна. Гүлді!.. Ал, енді таласа кетеді. Кисең ки, ол саған жақсы жарасады, өйткені, мен ақсары көйлегімді кигім келеді; мен ақсарыны біртүрлі ұнатам.

Мария Антоновна. Ах, маменька, сізге ақсары жараспайды?

А н н а А н д р е е в н а. Маған ақсары жараспайды.

М а р и я А н т о н о в н а. Жараспайды, қалай айтсаң да жараспайды: ол қара көз кісіге жарасады.

А н н а А н д р е е в н а. Әбден жақсы! Ал менің көзім қара емес пе? Нағыз қара көздің өзі. Бос сөзді сөйлеп кетесің-ау! Қалай қара емес дейсің, мен карта ашқанда, дайым өзімді крестің маткесі деп ашам?

М а р и я А н т о н о в н а. Ах, маменька, сіз одан да түйе табанның маткесіне көбірек ұсайсыз.

А н н а А н д р е е в н а. Бос сөз, тіпті бос сөз! Мен өмірі түйе табанның маткесі боп көргенім жоқ! (*Қызымен екеуі асығып, сахнаның аржағына кетеді де, онда да сөзін қоймайды*). Қарап отырып жоқты айтады, түйе табанның маткесі деп, құдай-ау, десеңші!

Олар кеткеннен кейін есіктер ашылып, М и ш к а сыпырындыны бері лақтырады. Екінші есіктен төбесіне чемодан көтеріп,
О с и п кіреді.

IV КӨРІНІС

М и ш к а мен О с и п.

О с и п. Қайда қойылады?

М и ш к а. Мұнда, ағай мұнда?

О с и п. Токта, әуелі дем алайын. Ой, бүйтіп көрген күні құрсын! Аш кісіге жоқтан өзге де жүк болады екен.

М и ш к а. Ағай, немене, генерал тез келе ме?

О с и п. Қай генерал?

М и ш к а. Сіздің мырзаңызды айтам.

О с и п. Мырзаңыз? О қайдан генерал?

М и ш к а. Әлде, генерал емес пе?

О с и п. Генерал, бірақ басқа жағынан.

М и ш к а. Ол немене? Нағыз генералдан артық па, кем бе?

О с и п. Артық.

М и ш к а. О-о! Бізді әбігер қылып жатқанының өзі сол екен ғой.

О с и п. Бері қара, шырақ: сен өзің епті жігіт көрінесін, бізге жейтін бірдеңе дайындатшы.

М и ш к а. Сіздерге дайын әлі ештеңе жоқ. Жәй

тамақты жемессіз, ал, әлі мырзаңыз келіп, дастарқанға отырғанда сізге де сол тамақтан беріледі.

О с и п. Ал, кәне, жай тамақтан нелерің бар?

М и ш к а. Сорпа, каша, самса бар.

О с и п. Әкел сол сорпа, каша, самсаларыңды! Оқя емес: бәрін де жей береміз. Ал чемоданды апаралық! Немене, анда тағы есік бар ма?

М и ш к а. Бар.

Екеуі бүйірдегі бөлмеге чемоданды кіргізеді.

V КӨРІНІС

К в а р т а л ш ы л а р есіктің екі жаппасын да шалкасынан ашады, Хлестаков кіреді, оның артынан Дуанбасы, одаи кейін игілік мекемелерінің камқоршысы, мектеп бастығы, Добчинский және Бобчинский, ол мұрнына пластыр жапсырған. Дуанбасы кварталшыларға жерде жатқан, қағазды нұскайды, олар жалма-жан тұра жүгіріп, еңтігіп бірін-бірі итермелесіп жердегі қағазды жыйнайды.

Хлестаков. Жақсы мекемелер. Өткен-кеткен жолаушыларға қалада не барлығын көрсететіндеріңіз маған ұнайды. Басқа жерлерде маған түк те көрсеткен жоқ.

Дуанбасы. Басқа дуандардың бастықтары мен төрелері көбінесе өздерінің, яғни пайдасын қамтыйды. Ал, мұнда, діндарлықпен, ұқыптылықпен қызмет етсең үлкен ұлықтардың көзіне түссең дегеннен басқа ой болмайды.

Хлестаков. Сәскелік тамақ аса жақсы болды, мен мүлде күпті боп қалдым.. Қалай, сіздерде күнде осындай бола ма?

Дуанбасы. Әдейі сіздей сүйкімді қонаққа неткен ғой.

Хлестаков. Мен асты жақсы көрем, рақаты үшін тіршілік етет те. Әлгі бір балықтың аты не еді?

Артемиий Филиппович (ұмтылып келіп).
Лабардан еді.

Хлестаков. Тамақ-ақ екен. Соны қай үйде жедік? Аурухана емес пе?

Артемиий Филиппович. Дәл түстіңіз, игілік мекемесі-с.

Хлестаков. Есімде, есімде, анда кроватьтар тұрды ғой, аурулар жазылған ба? Онда қалғандары мәз көрінбейді.

Артемиий Филиппович. Он шақты-ақ кісі қалды, өзгесінің бәрі жазылып тұрып кетті; біздің ол реттеуіміз, тәртібіміз солай. Мен бастық болғалы, мүмкін сіз нанбассыз да, аурулар шыбыннан оңай жазылады. Ауруханаға қалай кірді, солай сап-сау боп кетеді, онда да дәрінің күшімен емес-ау, ақ жүректік пен тәртіптің күші.

Дуанбасы. Сізге мен айтайын, дуанбасының қызметі қандай ауыр десеңізші! Бір ғана тазалық сақтау, жамау-жасқаудың өзі қанша жұмыс... Қысқасы, асқан ақылды адамның есі шығатын, бірақ, әйтеуір құдайдың бергені, бәрі де жайлы. Менен өзге дуанбасы болса, көбінесе өз пайдасын көздер еді, бірақ, нанасыз ба, төсекке жатқанда да дамыл жоқ: «А құдай, қалай қылсам осы қызметім жоғарғы ұлықтың көзіне түсіп, риза болар екен» — деп ойлайсын. Онымызға қарай ұлықтардан сый болама, болмай ма, әрине ерік оларда ғой, әйтеуір өз көңлімде ақау жоқ. Қала ішінің бәрі тәртіпті, көшелер сыпырулы, арестанттар жақсы ұстаулы, маскүнемдер аз болған соң... одан артықтың керегі не? Құдай ағына ешбір сый құрметке де көңлің шаппайды. Ол енді әрине, қызықтыратын нәрсе ғой, бірақ, игіліктің жанында өзгенің бәрі көр-жер жалған.

Артемиий Филиппович *(теріс қарап)*. Әй, суайтым-ай, қалай-қалай соғады! Құдай тіл мен жақты берген бұған!

Хлестаков. Ол рас. Мен өзім де сөздің шыны, кей кейде ақылды болғанды ұнатам, кейде қара сөзбен, кейде өлеңмен ағытылып кетеді.

Бобчинский *(Добчинскийге)*. Тура, бәрі тура, Петр Иванович сөз әлпетін көрдіңіз бе... Ілімге төселген ғой.

Хлестаков. Айтыңыздаршы. Тәңір-жарлығысын, сіздерде бір көңіл көтергендей ермек, мәселен, карта ойнағанда, бір жыйында болмай ма?

Дуанбасы *(Теріс қарап)*. Сұмын қараңызшы, білеміз кімді көздеп отырғаныңды! *(Естіртін)*. Құдай

сақтасын! Ондай жыйынның мұнда исі де жоқ. Мен өмірі қолыма карта ұстаған жан емес; қалай ойнайтынын да білмеймін. Тіпті, көргім келмейді, кейде зәусайтан крестің короліне, немесе өзге біреуіне көзім түсіп кете ме, тіпті аза бойым қаза тұрады. Бір рет балаларды алдандырам деп, картадан будка жасап берем деп, соның артынан бұ сайтандар түнібойы түсіме кіріп пәле болғаны. Құрып қалсын есіл уақытты қор қып, оны кім ұстасын.

Лука Лукнич (теріс қарап). Сұмды қарашы, кеше ғана менен жүз сомды домалатып алып еді.

Дуанбасы. Картаға кетірген уақытты, мемлекет пайдасына кетіргенім жақсы емес пе.

Хлестаков. Әй, жоқ, сіз бекер нетесіз... Бәрі де кісінің әр нәрсеге көзқарасынан. Зәуде, мәселен, үш жақтан бірдей бүгіп сыпыратын жерде шегініп қалдың ба... Онда, әрине... жоқ, атамаңыз, кейде ойнаған қатты қызық.

VI КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Анна Андреевна мен Мария Антоновна кіреді.

Дуанбасы. Үйішімді сізге таныстырайын: әйелім, қызым.

Хлестаков (еңкейіп, шұлғып). Мен қандай бақыттымын, ханым, сізді көру, былайша айтқанда, бір ханыбет қой.

Анна Андреевна. Сіздей мәртебелі адамды көру бізге де.

Хлестаков (қайраңдап). Өйдемеңіз, ханым, қайта маған одан да көңілдірек.

Анна Андреевна. Қалай мүмкін болады! Сіз мұны әншейін қошемет үшін айтасыз ғой. Рақым етіңіз, отырыңыз.

Хлестаков. Сіздің қасыңызда түрегеп тұру да бақыт қой; алай да, сіз отыр десеңіз отырайын. Сіздің қасыңызға отырғанның өзіне де қандай бақыттымын.

Анна Андреевна. Мүмкін бе екен, мен өзімді сонша нетіп отыр деп, бигтей де ойламаймын... Қайта

астанадан шығып сапар шегу сізге көңілсіз көрінген шығар.

Хлестаков. Аса көңілсіз Comprenez vous¹ жақсылар арасында жүріп үйренген адамға тұтқыйылдан жол жүру оңай ма: былғаныш трактир, надандық, қараңғылықты көру. Сөздің шыны, менде неткен оқыйға болмайды бар ғой... (Анна Андреевнаға қарап). Әйтеуір түбі қайыр болуға айналды...

Анна Андреевна. Расында, сізге сондай көңілсіз болу керек.

Хлестаков. Өйткенімен тап осы минутта мен аса көңілдімін.

Анна Андреевна. Қалай мүмкін болады, сіз тым көтеріп айтасыз. Мен оған татымаймын.

Хлестаков. Қалай татымайсыз? Ханым, сіз татыйсыз.

Анна Андреевна. Мен кішкене қалада тұрамын.

Хлестаков. Кішкене қаланың да, сонда да, өз биігі, өз өлкесі болады... Әрине, Петербургпен теңестіруге болмайды! Уай шіркін Петербург! Не деген тұрмыс десеңіз ше! Сіз, әлде мені қағаз көшіруші дерсіз, жоқ, мекеме бастығы менің жан досым ғой. Бүйтіп ныққа қағып калып: бауырым, тамаққа кел деп қояды. Мен департаментке екі-ақ минутқа кіріп шығамын. Тек ананы алай, мынаны былай қыл деп, айтып кетемін! Анда жазатын төре, сондай бір егеу құйрық, қаламын ала-сала тр-тр деп жазып ала жөнеледі. Мені коллежски ассессор қоямыз деп еді, мен оның не керегі бар маған деп ойладым. Бір жағынан сторжы сатыдан домалап қолында щеткасы, артымнан жүгіріп рұқсат етіңіз, Иван Александрович, етігіңізді тазалап берейін, — деп. (Дуанбасыға.) Немене, мырзалар, түрегеліп тұрсындар? Рақым етіңіздер, отырыңыздар!

Бәрі Бір ауыз дан	}	Дуанбасы: Жөн солай, бізге әлі тұра тұрсақ та болады ғой.
		Земляника. Біз тұра берейік те.
		Лука Лукич. Бізге бола қам жеменіз.

¹ Comprenez vous — білсеңіз.

Хлестаков. Чинсіз-ақ отыруларыңызды сұраймын. (Дуанбасы, басқалар отырысады). Мен тәлімсігенді сүймеймін: қайта мен елеусіз ішіне кіріп кеткім кеп, арасынан жылп етіп кеткім кеп тұрады. Бірақ, жасыруға болмайды! Тек бір жаққа шықтым-ақ: «Әне, Иван Александрович келе жатыр» — деп шу ете түседі! Бірақ, қызығы бар: бір жолы мені басқолбасшы деп қалып, солдаттар гаупвахтыдан атып-атып, шыға келгені ғой. Соңынан менімен таныс офицер жолығып: «Ой, туған-ай, сені мүлде басқолбасшы екен деп қалыппыз» — дейді.

Анна Андреевна. Апыр-ай, ә!

Хлестаков. Жақсы артист әйелдермен де таныспын. Менің де әртүрлі әңгімелер жазатыным бар ғой... Әдебиетшілермен көп жолығамыз. Пушкин менің досым. Жолыққан сайын мен оған: Қалай, Пушкин, туысқан? — деп қоям. Ол: «Жай, әншейін, туысқан» дейді... Өте бір ерекше жан.

Анна Андреевна. Жазатыныңыз да бар екен ғой? Жазушыларға қызық болатын шығар-ау! Сіз журналға да бастыратын шығарсыз?

Хлестаков. Я, журналға да бастырам. Өйткені, менің жазғандарым көп: Фигароның, үйленуі¹, Роберт малғұн, Норма. Жазаласа аттары да есімде жоқ. Бәрін де тек жаза салғанмын. Жазғым да келмеуші еді, бір күні театрдың бастығы: інішегім, тәйрі жарылғасын, бірдеме жазсайшы деп жалынғаны. Ойладым да: ағай, жазсам жазайын дедім! Сол арада, бір түнде бәрін жазып шықтым білем. Түгел таң қалды. Менің ойымның ұшқырлығында қыйсап жоқ. Әлгі ылғый барон — Брамбеус, Фрегат Надежда, Москва телеграфы боп... жазып жүретін мен ғой.

Анна Андреевна. Айтыңызшы, әлгі Брамбеус сіз бе едіңіз?

Хлестаков. Енді қалай, бәрінің жазғанын мен түзеймін. Ол үшін маған Смирдин² қырық мың сом береді.

¹ «Фигароның үйленуі» — 18-ғасырдағы француз комедиясы:

² Смирдин — кітап басып шығарғыш.

Анна Андреевна. Ол рас екен. Юрий Милославский де сіздің шығармаңыз ғой.

Хлестаков. Я, ол менің шығармам.

Анна Андреевна. Мен қазір түсіндім.

Мария Антоновна. Ах, маматай, онда Загоскиннің шығарғаны деген жазу бар ғой.

Анна Андреевна. Ал енді: бұған да таласа кететінін біліп едім.

Хлестаков. А, ол рас, ол анық Зыгоскиндікі; одан басқа тағы бір Милославский бар, сонысы менікі.

Анна Андреевна. Е, оныңыз рас, менің оқығаным сіздікі болар. Қалай өңді жазылған!

Хлестаков. Сөздің шыны, сол жазуыммен күн көрем. Петербургтегі первый үй менікі. Иван Александровичтің үйін білмейтін жан жоқ. *(Бәріне бір қарап алып.)* Мырзалар, Петербургке бара қалсаңыздар, біздікіне келуіңізді сұраймын, сұраймын. Мен де қызық той қылам ғой.

Анна Андреевна. Ойпырым-ай, ондағы тойлар қандай рақат, қандай салтанатты болады екен десеңші.

Хлестаков. Атамаңыз дейім. Стол үстінде, мәселен, арбуз тұра ма — бір біреуі жеті жүз сом. Сорпа дегенің тегенесімен пароходпен тура Париждан келгендей қақпағын ашып жіберсең, буы бұрқ ете түседі, — ондай бу жаһанда жоқ. Мен күнде тойда болам. Онда біздің карта ойнайтын кісілеріміз: сыртқы іс министрі, француз, ағылшын, неміс... елшілері жәнеден. Қызығына түсіп, ойнай-ойнай сілең құрып жығыласың. Сонымен жоғарыдағы төртінші қатардағы бөлмеге жүгіріп шығып, асбасшы қатынға: «Мә, Мавра, шинель...» — деп мұрттай ұшасың. Ойбай өтірік айтып отыр екем — тарс есімнен шығып кетіпті, мен екінші қабатта тұрады екем. Менің бір басқышымның өзі... Менің ауыз үйіме кірсең қандай қызық: мен оябай жатып, графтар, князьдар онда топырласып, соншама ызылдасып, тек шш... шш... дегені естіледі... Кейде министр де келіп... *(Дуанбасы, бәрі онжорғасы түсіп, орындықтарынан түрегеледі.)* Жазаласа маған жазған хатының сыртына: Ваше Превосходительство



Осип.

П. Боклевскийдің қарындашпен салған суреті.

деп те жазады. Ол түгіл менің бір рет департаментті билегенім де бар. О да бір қызық: директор кетіп қалды, қайда кеткені белгісіз. Ал енді кім билейді десіп дағдармасын ба? Талай генералдар да билегісі келіп істеп көре ме, жақындап келгенде — маңына дари алмайды. Сырттан оп-оңай-ақ тәрізді, қарастырып келсең, құрып қалсын, болмайды, әбден түк шығара алмаған соң — маған келеді ғой. Дереу сол минутта-ақ көше-көше толып кеткен курьерлер, курьерлер, курьерлер... шамалап қараңызшы, бір ғана курьерлердің өзі отыз бес мың болыпты! Хал қандай болды десенізші? «Иван Александрович, жүріңіз, департаментті билеңіз» демей ме! Сөздің шыны керек, азырақ сасайын дедім, шапаншаң шықтым, болмайын деп бір тұрдым, бірақ, патшаның құлағына тиіп қалар деп ойладым... Сонан соң, мен енді: «Мырзалар, айтқандарыңыз болсын, қызметті қабыл алайын» — дедім, жарар енді, «алдым, бірақ, енді титтей, титтей не болса», дедім, «мен қалт еткізбеймін!» — дедім. Айтқанымдай-ақ, мекемеге кіріп келем бе — дәл бір жер сілкінгендей бәрі де жапырақтай қалтырап тұратын болды. *(Дуанбасы, бәрі қорқып, қалтырай бастайды. Хлестаков одан жаман қыза-қыза соғады.)* Уай! Мен қалжыңды сүймеймін. Мен шетінен тышқырттым. Менен мемлекет кеңесінің өзі де сескенеді. Айтты-айтпады, немене? Мен солаймын! Мен бетің бар, жүзің бар демеймін... бәріне де айтам: мен өзімді өзім білемін, өзім. Менің бармайтын жерім жоқ. Патшаның сарайына күнде барамын. Мені ертең-ақ қазір фельдмаршал қылады... *(Тайғанап барып, тақтайға жығылып қала жиздайды, бірақ төрелер құрметпен сүйемелеп ұстай алады.)*

Д у а н б а с ы *(таянып, өнебойы қалшылдап, бірдеңе айтам деп, тілі келмей)*. А.. уа-уа-уа... уа.

Х л е с т а к о в *(жұлып алғандай, тезінен)*: Немене?

Д у а н б а с ы. А... уа-уа-уа... уа.

Х л е с т а к о в *(сол дауыспен)*. Түк ұққам жоқ, бәрі жоқ сөз.

Д у а н б а с ы. Уа-уа-уа... лұқ... ұлық мәртебелі, дем алуға бұйырмайсыз ба... міне бөлме бәрі даяр.

Х л е с т а к о в. Дем алу деген не. Құп болады, мен

әзір, тамақтарыңыз жақсы... Мен ризамын, ризамын. Лабардан! (*Бүйірдегі бөлмеге кіреді, оның артынан Дуанбасы кіреді.*)

VII КӨРІНІС

Хлестаков пен Дуанбасынан өзгелер.

Бобчинский (*Добчинскийге*). Мынау міне, Петр Иванович, кісі. Кісі дегенің мұндай болады екен! Өмірі мұндай зор адамның қасында болған емен, қорыққаннан жаным шыға жаздады. Петр Иванович, сіз чині қалай деп ойлайсыз?

Добчинский. Генералға таяу болу керек деп ойлаймын.

Бобчинский. Сіз үйдесеңіз, мен генерал оның ұлтарағына да тұрмайма деп отырмын; генерал болды ма, онда генералиссимус болар. Мемлекет кеңесін қалай бүрістіргенін естідіңіз бе? Жүріңіз, тезірек Аммос Федорович пен Коробкинге айталық. Қош болыңыз, Анна Андреевна!

Добчинский. Қош, ханым! (*Екеуі де кетеді.*)

Артемиий Филиппович (*Лука Лукичке*). Тура қорқыныш. Неліктен екенін өзім де білмеймін. Мундирімізді де кимеппіз: оянып алған соң, Петербургке қағаз түсірсе, қайттік. (*Мұңайып, мектеп бақылаушысын ертіп шығады, кетіп бара жатып:*) Ханым, қош болыңыз!

VIII КӨРІНІС

Анна Андреевна мен Мария Антоновна

Анна Андреевна. Ах, қандай жұғымды!

Мария Антоновна. Ах! Жаным!

Анна Андреевна. Бірақ қалай нәзік сөйлесе де, астана нәстесі екені қазір білініп тұр! Мінезі бәрі, бәрі... Әй, қалай әйбәт! Осындай жас жігітті жаным жақсы көреді! Мен тіке есімнен айрылып қаппын. Бірақ, мен де оған қатты ұнадым: байқап отырдым—екі көзі менде болды.

Мария Антоновна. Ах, маматай, маған карап отырды ғой!

Анна Андреевна. Тәйт әрі! Жоқты айтпай, тіпті орынсыз сөйлейсің!

Мария Антоновна. Жоқ, рас, мама!

Анна Андреевна. Ал, енді міне, таласпаса жаны шығады, неге қойсын. Саған ол қайдан қарайды? Саған қарайтын не жөні бар?

Мария Антоновна. Бұйырмасын, маған ылғый карап отырды. Әдебиетшілер жөнінен айтқанда бір карап еді, сонан соң елшілермен карта ойнағанын айтқан кезде тағы бір қарады.

Анна Андреевна. Болса болар, бірер кабат. Онда да: «немқұрайды, бір қарай салайын» деген шығар!

IX КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Дуанбасы кіреді

Дуанбасы (*аяғын ұшынан басып*). Тсс... сс...

Анна Андреевна. Немесе?

Дуанбасы. Ішкізгенім де бар болсын. Әлгі сөзінің тіпті жарымысы шын болғанда да не болдық? (*Ойланды*). Қалай шын болмасын? Ішкен кісі іштегісін түгел шығарады. Көңілдегісі аузында болады ғой. Әрине, азырақ бөсіп те жіберді. Болғанымен, өтіріксіз айтылатын сөз бар ма. Министрлермен карта ойнайды, патша сарайына барып жүреді.. Міне, бәрінен бұрын ойға қалдыратын жері осы... чорт біледі, басым не боп кеткенін білмеймін; дәл бір мұнараға шыққан немесе дарға асуға апаға жатқан кісідей боласын.

Анна Андреевна. Ал, мен биттей де сескенгем жоқ. Мен оны оқыған, дүние көрген, жатық адам екен деп білдім; чині туралы маған не керек.

Дуанбасы. Ой, әйел болмай кет. Бір ауыз сөз естісе болғаны, сендерге бәрі, бәрі бұлдыр! Бас жоқ, көз жоқ, бірдеңені қойып қаласын, сойып салса қайте-сін! Байыңды қайда жіберерін құдай білсін. Анна Андреевна, сен оған тіл қатқанда, тіпті әлдебір Доб-

чинскиймен сөйлесіп отырғандай, тым еркінсініп кеттің.

А н н а А н д р е е в н а. Оған қынжылмай-ақ қойыңыз. Біз де бірденені білеміз... *(Қызына қарайды)*.

Д у а н б а с ы *(жалғыз өзі)*. Сендермен сөйлесіп те болмайды!.. Япыр-ай, бұл қалай! Қорқыныштан әлі есімді жыя алмай отырмын. *(Есікті ашып сөйлейді)*.

Мишка, шақыр Свистунов пен Держиморданы: олар жақында, қақпаның ар жағында жүрген шығар. *(Біраз үндемей тұрғаннан кейін)*. Бұл заманның өзі бір алуан боп кетті-ау: тым құрығанда көзге толық болса екен-ау, ап-арық, тыйнамдай бірдене, — кім екенін қалай танырсың! Тым құрса әскери киім де түр береді екен, ал мына жәй киіммен — тақ қанаты жұлынған шыбындай. Мына трактірде қандай құбылды. Сөзін құйрықты қып, түсін бояп, тіпті ұстатат деген не. Міне, енді жаңа икемге келді. Тіпті керегінен артық сөзді де сөйлеп жіберді. Жас екені көрініп-ақ тұр.

Х КӨРІНІС

Бұлардың үстіне О с и п кіреді, бәрі жүгірісіп, оның алдына шығып, ымдап шақырады.

А н н а А н д р е е в н а. Бері келші, жарқыным!..

Д у а н б а с ы. Чш!.. ш... немене? Немене? Ұйқтап жатыр ма?

О с и п. Жоқ әлі, азырақ керіліп жатыр.

А н н а А н д р е е в н а. Бері қара, сенің атың кім?

О с и п. Осип, ханым.

Д у а н б а с ы *(қатыны мен қызына)*. Жә, жә! *(Осипке.)* Е, тамыр, сені жақсылап тойғызды ма?

О с и п. Тойғызды, алда риза болсын, жақсы тойғызды.

А н н а А н д р е е в н а. Ал, айтшы жарқыным: мырзаңа княздар, графтар көп келетін шығар деп ойлаймын, солай ма?

О с и п *(теріс қарап)*. Не айтсам екен! Қазір жақсы тойғызса, әлі одан да әрі тойғызар. *(Естіртін)*. Я, графтар да келеді.

М а р и я А н т о н о в н а. Жаным Осип, сенің мырзаң қандай әдемі!

А н н а А н д р е е в н а. Ал, немене, алда риза болсын, айтшы, ол өзі қандай...

Д у а н б а с ы. Қойсандаршы енді! Бос сөздеріңмен маған оралғы боласыңдар. Кәне, немене, тамыр?..

А н н а А н д р е е в н а. Мырзаның чині қандай?

О с и п. Чин кәдімгідей, қандай болушы еді.

Д у а н б а с ы. Ой, айналып кетейін, құдай-ай, бос сөзді сұрап жұмыс туралы сөйлетпедіңдер ғой! Кәне, немене, тамыр, қалай мырзаң?.. Қатты кісі ме? Былай тықыртқанды жақсы көре ме, жоқ па?

О с и п. Я, тәртіпті тәуір көреді. Бәрі де түгел болса екен дейді.

Д у а н б а с ы. Сенің ажарың маған ұнайды, тамыр, сен өзің тәуір адамсың-ау деймін. Ал, немене...

А н н а А н д р е е в н а. Бері қара, Осип, қалай, мырзаң анда мундир киіп жүре ме?..

Д у а н б а с ы. Қой енді түге, шыңқылдамай. Бір керек нәрсені сұрайын деп отырса. Әңгіме кісінің өмірі туралы боп отырғанда... (Осипке.) Ал, немене, тамыр, рас сен өзің маған қатты ұнайсың. Жолда стакан шайды артық ішкен де теріс болмайды; өзі суық мезгіл ғой. Міне, сондықтан саған шайлыққа екі сом.

О с и п (ақшаны алып). А, тәйірі жалғасын, мырза! Құдай деніңізге саулық берсін; кедей кісіге көмек қылдыңыз.

Д у а н б а с ы. Жақсы, жақсы, өзім де қуанамын. Ал, немене тамыр...

А н н а А н д р е е в н а. Бері қара, Осип: мырзаң қандай көзді көбірек жаратады?..

М а р и я А н т о н о в н а. Жаным, Осип! Мырзаның мұрны қандай сүйкімді!

Д у а н б а с ы. Тұра тұршы, кезек берші!.. (Осипке.) Ал, менен, тамыр, айтшы: мырзаң көбінесе неменеге көз салады, жоқ не жолда немене көбірек жағады.

О с и п. Ол өзінің әрненің ыңғайына қарай көреді. Бәрінен бұрын өзін жақсы күткенді, тамақты жақсылап бергенді сүйеді.

Д у а н б а с ы. Жақсылап бергенді?

О с и п. Я, жақсы ғып. Мен, міне, крепостноймын ғой, маған да жақсы болғанды ұнатады. Құдай біле-

ді! Бір жерге соғамыз ба «Қалай, Осип, сені жақсы сыйлады ма?»— деп сұрап отырады. «Күтпеді» десем, «Ой, Осип, ол жаман кісі екен»— дейді. «Соңыра барған соң менің есіме салғайсын»— дейді. Мен ойлаймын *(қолын сілтеп:)* «Барсын!» деймін. «Мен қарапайым кісімін ғой» деймін.

Д у а н б а с ы. Жақсы, жақсы, керек сөзді сөйлейсін. Әлгіде мен шайлық беріп пе едім, ендеше, міне, семіз ет аласың.

О с и п. Таксыр, мені мұнша сыйлағаныңыз қалай? *(Ақшаны тығып жатып)*. Сіздің амандығыңыз үшін бір ішейін бе, әлде.

А н н а А н д р е е в н а. Маған да кел! Менен де аласың.

М а р и я А н т о н о в н а. Жаным, Осип, мырзанды бір сүйші!

Хлестаковтың азырақ жөтелгені естіледі.

Д у а н б а с ы. Тиш... ш!.. *(Аяғының ұшымен басып түргеледі, бәрі де сыбырлаңқырап сөйлейді.)* Құдай сақтасын! Дыбыс шығармаңдар, барыңдар анда! Болар енді!..

А н н а А н д р е е в н а. Жүр, Машенька! Мен саған қонақтың өзім байқаған бірдеңесін айтайын, екеуімізден басқаға естуге де болмайды.

Д у а н б а с ы. Ал, енді жыбырлайды байқұсың! Тек естісең! Құлағыңды қосқолдап баса қаласың. *(Осипке.)* Ал, тамыр...

ХІ КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Держиморда мен Свистунов кіреді.

Д у а н б а с ы. Тиш... ш!.. Ой, қыйсық аяқ айуандардың етігі тарсылдауын! Ақырын бассандар болмай ма? Арбадан 40 пұт жүк түсіріп жатқандай-ақ боп кеттіндер! Қайда құрыдың?

Д е р ж и м о р д а. Бұйрықпен жүрдік...

Д у а н б а с ы. Тиш... ш! *(Оның аузын баса қойып.)* Ой, антұрған қарқ етуін! *(Кекетіп.)* Бұйрықпен деп

күбінің түбінде жатып айқайлағандай. (*Осипке.*) Та-
мыр, сен анда барып, мырзаның керегін дайын қыл.
Осы үйдегі бардың бәрін ал. (*Осип кетеді.*) Ал, сендер
есік алдында болыңдар, табжылмандар! Үйге бөтен-
нен бір адам кіргізуші болмандар, әсіресе, купецтер
кірмесін! Егер бір де біреуін кіргізсендер онда... Ана-
дайдан арыз әкеле жатқан, мейлі арызсыз-ақ менің
үстіме шағым етушіге ұқсаған адам көрдіндер ме,
дереу ондайды түртіп, желкелеп айдап жіберіндер!
(*Аяғымен көрсетеді.*) Есіттіңдер ме? Тиш... ш... (*Әуелі
кварталшылар, оның артынан аяғының ұшымен өзі
шығады.*)

Ш ы м ы л д ы к

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

ДУАНБАСЫНЫҢ ӘЛГІ БӨЛМЕСІ

І КӨРІНІС

Аммос Федорович, Артемий Филиппович,
Почтмейстер, Лука Лукич, Бобчинский, Доб-
чинский бәрі де аяқтарының ұшынан басуға таяу ептеп кі-
реді. Бәрі де қыймалы киімдерін, мундирлерін киген, тегіс
сыбырмен жарты дауыспен сөйлеседі:

Аммос Федорович (*өзгелерін қатарлап, жа-
рым шеңберше тұрғызып жатып*). Құдай үшін, мырза-
лар, алқақотан, тәртіп көбірек болсын! Құдай білсін:
патша сарайына да бара береді, мемлекет кеңсесін
де тышқыртады! Тәртіп мол болсын, солдатша тұрың-
даршы, құдды солдатша. Сіз, Петр Иванович, мына
жақтан, ал, сіз, Петр Иванович, міне жерге тұрыңыз.

Екі Петр Иванович аяқтарының ұшымен күлдырандап, көрсеткен
жерге тұрады.

Артемий Филиппович. Әйтеуір, Аммос
Федорович, ерік өзіңізде, бізге бірдеңе істеу керек.

Аммос Федорович. Ал, мәселен?

Артемий Филиппович. Белгілі ғой енді.

Аммос Федорович. Қыстыру ма?

Артеми́й Филиппович. Я, титтей қыстыру болса да.

Аммос Федорович. Қатер-ау құрғырын, ақырып жібермесе: мемлекет адамы ғой. Әлдебір моланың пайдасына арналған садақа деп, дворяндар атынан бермесек?

Почтмейстер. Әйтпесе, былай қылсақ қайтеді: мына біреу почтамен келген ақша екен, кімге екені белгісіз десек.

Артеми́й Филиппович. Байқаңыз, почтанызбен әрірекке айдап жіберіп жүрмесін. Тыңдаңыздар, мұндай жұмыс оразды жұртта былай істелмейді. Бүйтіп бір эскадрон боп барып не керек? Бір-бірлеп, төрт көзден басқа көрместей, құлақ естіместей, тірі жанға сездірмейтін қып беру керек. Міне, оразды елде осылай істеледі. Ал енді, Аммос Федорович, әуелі сіз бастаңыз.

Аммос Федорович. Жоқ, сіз бастаңыз, сіздің мекемеңізден қадірлі мейман дәм татты ғой.

Артеми́й Филиппович. Онан да, Лука Лукич бастаған дұрыс, жастарды ағартушы ғой.

Лука Лукич. Ойбай, мен бере алмаймын, мырзалар. Мен шынымды айтайын, өзімнен чині бір елі жоғары адам сөйледі бар ма, зәре-құтым қалмайды. Тілім батпаққа батқандай бір батпан боп мызғымай қалады. Жоқ, мырзалар, мені қыйнамаңдар, тура қыйнамаңыздар!

Артеми́й Филиппович. Ендеше, Аммос Федорович, сізден лайықты кісі жоқ. Сіз не сөз айтсаңыз да, тақ Цицеронша¹ шығады.

Аммос Федорович. Қой... қой, қойыңыз, Цицерон деп, қайдағыны қайдан! Кейде, үйдегі қыруар боқташақты немесе тазыларды сөз қылам деп, екіленіп кететінім бар...

Бәрі (оны қамалап). Жоқ, сіз жалаң ит емес, мұнараны да қозғап жібересіз... Жоқ, Аммос Федорович, бізді қор қылмаңыз, бізге пана болыңыз!.. Жоқ, Аммос Федорович!

¹ Ежелгі Римде болған атышулы шешен.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жабыспаңыздар, мырзалар!

Хлестаковтың бөлмесінен жөтелген, тықырлаған дыбыс шығады. Бәрі де тұра есікке жүгіреді, әрбіреуі бұрын шығуға ұмтылып, топырласып, кимелесіп, итермелесіп, бірін-бірі жаншып кетеді. Ақырын бай-байлаған дауыс естіледі.

Б о б ч и н с к и й д і ң д а у ы с ы. Ой! Петр Иванович, Петр Иванович! Аяғымды ездін де кеттің!

З е м л я н и к а н ы ң д а у ы с ы. Жіберіндер, мырзалар, жанымды қыйнап, мүлдем жаншып кеттіңдер ғой!

Әй! Әй! — десіп, бірнеше бақырысып, түйдегімен сығылысып, есіктен шығады, бөлме бос қалады.

II КӨРІНІС

Х л е с т а к о в жалғыз, ұйқысын жөңді аша алмай шығады.

Х л е с т а к о в. Мен, тегі, недәуір қорылдап кеткемін-ау. Осынша көрпе, құс төсекті қайдан жыйнап әкелді екен; тіпті терлеп қаппын. Сәскелік тамақта осылар маған қақтырып жіберді білем: басым әлі күнге зырқ-зырқ етіп тұр. Мұнда, тегі, менің байқауымша, уақытты, көңілді өткізуге болатын. Мен, өзім күткенді сүйемін, сөздің шыны, маған өз күні үшін жағынғаннан да, шын жүрегімен жағынғаны көбірек ұнайды. Ана Дуанбасының қызы тым кет әрі емес, шешесі де сондай не кылсын... Жок, құдай біледі. Осындай өмірді жаным жақсы көреді.

III КӨРІНІС

Х л е с т а к о в пен судья.

С у д ь я (*кіріп тұра қалады, өзінен өзі*). Құдай, а, құдай! Аман шығара көр; тізем талып бара жатыр. (*Бойын сірестіріп, бір қолымен қылышын ұстап, естіртін*). Сізге құрметпен сәлем беруге келдім, мен мұндағы уездік соттың судьясы, коллежский ассессор Ляпкин-Тяпкин деген кісі болам.

Хлестаков. Отырыңыз. Е, сіз мұндағы судьясыз ба?

Судья. 816-жылдан бері ақсүйектердің қалауы бойынша үш жылға сайланып, осы күнге дейін сол қызметте тұрып келемін.

Хлестаков. Тегі, судья болу пайдалы шығар?

Судья. Ұдайымен үш рет үш жылдан қызмет еткенім үшін ұлықтың қалауымен 4-дәрежелі Владимир мақтауын алып едім. *(Теріс қарап.)* Ақшам уысымда, бірақ уысым отта.

Хлестаков. А, Владимир маған ұнайды. Ана 3-дәрежелі Анна онша не емес.

Судья *(жұмулы жұдырығын әнтек ілгері созып, теріс қарап)*. Ой, құдай-ай, қайда отырғанымды өзім де білмеймін. Дәл бір найзаның ұшында отырғандаймын.

Хлестаков. Қолыңыздағы не?

Судья. Жай, ештеңе емес. *(Жерге түсіріп жібереді.)*

Хлестаков. Қайдан ештеңе емес? Ақша ғой, жерге түсті, көріп тұрмын.

Судья *(тегіс қалтырап)*. Жоқ, ә, тіпті жоқ. *(Теріс қарап)*. О, құдай-ай мен енді сотты болдым! Мені ұстап әкететін арбасы да әзір болды.

Хлестаков *(ақшаны көтеріп)*. Я, мынау ақша.

Аммос Федорович *(теріс қарап)*. Бітті енді: құрыдым! Құрыдым!

Хлестаков. Сіз немене? Мұны маған қарызға бере тұрыңызшы!..

Аммос Федорович *(жалма-жан)*. Е, әбден... тіпті... тәйірі жалғасын. *(Теріс қарап.)* Ал, батыл бол, батыл! Е, құдай, аман алып шық!

Хлестаков. Білдіңіз бе, жолда шығындап қалдым; анау-мынау... үйткенмен, деревняға барысымен жіберем ғой.

Аммос Федорович. Құдай сақтасын! Қалай неғып! Онсыз да қандай құрмет... Әрине, шамам келгенше ұлыққа ықлас... қызмет етуге тырысамыз... *(Орындықтан көтеріліп, екі қолын жанына созып, тіп-тік боп)*. Енді мазаңызды алмайын. Ондай-мұндай жарлық болмас па?

Хлестаков. Қандай жарлық?

Аммос Федорович. Мен, мұндағы уездік сотқа; әлдебір жарлық ете ме дегенім ғой.

Хлестаков. Не керегі бар? Маған енді оның еш-бір қажеті жоқ қой; ештеңе жоқ. Алда разы болсын.

Аммос Федорович (*басын шұлғып, шығып бара жатып, теріс қарап*). Ну, енді шаһар біздікі!

Хлестаков (*ол кеткен соң*). Судья жақсы кісі!

IV КӨРІНІС

Хлестаков және Почтмейстер кіріп, сіресіп, бір қолымен қылышын ұстап.

Почтмейстер. Сізге құрметпен сәлем беруге келген: почтмейстер, Надворный советник Шпекин деген кісі боламыз.

Хлестаков. А, рақым етіңіз. Жақсымен ди-дарласуды өте сүйемін. Отырыңыз. Сіз ылғый мұнда тұрасыз ба?

Почтмейстер. Дәл солай-с.

Хлестаков. Бұ қала маған ұнайды. Әрине, халқы онша көп емес, — ну несі бар? Бұл астана емес қой. Рас емес пе, астана емес қой?

Почтмейстер. Әбден рас.

Хлестаков. Бұл мына бонтон¹ дегеніңіз астанада ғой, уақ шаһарлардың қаздары онда жоқ қой. Сіздің пікіріңіз қалай солай емес пе?

Почтмейстер. Дәл солай-с. (*Теріс қарап.*) Өзінің тәкаппарлығы жоқтау, бәрін сұрап жатыр.

Хлестаков. Сонда да, шыныңызды айтыңызшы, кішкене қалада жақсы тұруға болады ғой?

Почтмейстер. Дәл солай-с.

Хлестаков. Меніңше не керек? Өзіңді қадірлесе, жақсы көрсе болғаны да — шын емес пе?

Почтмейстер. Дұп-дұрыс.

Хлестаков. Мен шынымды айтайын, менімен пікірлес болғаныңызға қуаныштымын. Әрине, мені бір түрлі адам деп те айтарсыз, бірақ менің мінезім солай. (*Оның көзіне қарап, ойланады.*) Осы бастықтан

¹ Бонтон — сүйкімділік.

да қарызға сұрап көрейінші (*Естіртін*). Қандай жат оқыйға десеңізші: жолда көп шығындап қалғаным. Сіз маған 300 сом қарыз бере алмайсыз ба?

П о ч т м е й с т е р. Неге боламсын? Шат көңілмен орындаймын. Мінеки, жан-тәніммен қызмет етуге әзірмін.

Х л е с т а к о в. Әбден ризамын. Ал, мен сөздің шыны, жолда өзімнен аяғанды жек көремін, не керек? Солай емес пе?

П о ч т м е й с т е р. Дәл солай-с. (*Түрегеліп, сіресіп қылышын ұстап*). Енді мен мазаңызды алмаймын... Почта мекемесі жөнінен айтарлығыңыз болмас па?

Х л е с т а к о в. Жоқ, ештеңе жоқ.

П о ч т м е й с т е р шұлғып, шығып кетеді.

Х л е с т а к о в (*сигарын тартады*). Почтмейстер де менің байқауымша, жақсы адам. Не дегенмен, елгезек, мен ондай адамды жақсы көремін.

V КӨРІНІС

Х л е с т а к о в пен Л у к а Л у к и ч, оны есіктің арғындағылар игеріп ыршытып кіргізеді, артынан: «кұты қашқаны несі?» деген дауыстар естіледі.

Л у к а Л у к и ч (*дірілдеп, қалшыйып, қылышын ұстап*). Сізге құрметпен сәлем беруге келген: мектептер бақылаушы титулярный советник Хлопов деген кісі боламыз.

Х л е с т а к о в. А, рақым етіңіз. Отырыңыз, отырыңыз. Шылымға зауқыңыз соқпай ма? (*Шылым ұсынады.*)

Л у к а Л у к и ч (*алуға батылы бармай, күбірлеп*). Мәс-саған! Тіпті ойда жоқ жерден. Алайын ба, алмайын ба?

Х л е с т а к о в. Алыңыз, алыңыз; жақсы шылым. Әрине, Петербургтікіндей емес. Онда мен жүзі жыйырма бес сомдығын тартушы едім, тартып болған соң, тіпті, еріксіз өз қолыңды сүйесің. От міне, тұтатыңыз. (*Жанып тұрған майшамды ұсынады*).

Лука Лукич тұтатам деп, колы дірілдеп кетеді.

Хлестаков. Ой, о жағы емес.

Лука Лукич (*шошынғанынан шылымды түсіріп алып, түкірініп қолын сілтеп, күбірлейді*). Құрып қалсын бәрі де! Әй, қуарған қорқақтық-ақ түбіме жеттің-ау!

Хлестаков. Сіз менің байқауымша, пәлендей шылымшы көрінбейсіз-ау. Менің, сөздің шыны: осындай осалдығым бар. Ал, мына әйел жынысына дегенде шыдап тұра алмаймын. Сіз қалайсыз? Сізге қандай: қара көз ұнай ма, ақсары ұнай ма?

Лука Лукич не дерін білмей, аңырып қалады.

Хлестаков. Жоқ, енді, шыныңызды айтыңызшы, қарасы ма, сарысы ма?

Лука Лукич. Оншасын біле алмаймын.

Хлестаков. Жоқ-жок, менің бек білгім келеді. Бұлтармаңыз.

Лука-Лукич. Мүмкін болса... (*Теріс қарап.*) Ой, не айтқанымды өзім де білмеймін.

Хлестаков. А, а! Айтқыңыз келмейді. Тегі, әлдебір қара көз шынбайыңызға батырып жіберген-ау, шамасы. Мойныңызға алыңыз батырып па еді?
Лука Лукич үндемейді.

Хлестаков. Ә! Ә! Қызардыңыз ғой, қараңызшы! Неге айтпайсыз?

Лука Лукич. Қысылып қалдым. Түу... мәрте... ұлық... (*Теріс қарап.*) Тілі түскір, құртты-ау, құртты!

Хлестаков. Қысылайын дедіңіз бе? Менің көзімде сондай қорқытып жіберетін бірдене бар. Менің оны, әсіресе, білетінім: әйелдің бірде-бірі көзіме шыдамайды, солай емес пе?

Лука Лукич. Дәл солай-с.

Хлестаков. Міне, құдайдың құдрегі: жолда шығындап қалғаным. Қарызға 300 сом бере тұрмайсыз ба?

Лука Лукич (*қалтасын ұстап алып, күбірлен*). Міне шатақ, апыр-ай, жоқ болып қалмағай еді! Бар, бар. (*Ақшаны суырып, қолы дірілдеп, ұсынады.*)

Хлестаков. Алда риза болсын.

Лука Лукич (*қылышын ұстап түрегелін*). Енді мазаңызды алмайын.

Хлестаков. Қош болыңыз.

Лука Лукич. *(ентелей басып шығып бара жатып, өзінше)*. А, құдай! Мектепке әлде... енді келмес.

VI КӨРІНІС

Хлестаков пек Артемий Филиппович, екі қолын жанына созып, тік, қылышын ұстап.

Артемий Филиппович. Сізге құрметпен Сәлем беруге келген: игілік орындарының қамқоры, надворный советник Земляника деген кісі боламыз.

Хлестаков. Амансыз ба, отыруыңызды сұраймын.

Артемий Филиппович. Қол астымдағы игілік мекемесін өзіңізге көрсетіп, құрметпен аралатқан кісі едім.

Хлестаков. А! Есімде бар. Сіз, жақсы тамақпен сыйладыңыз.

Артемий Филиппович. Отанға қызмет етуге, міне, жапымыз...

Хлестаков. Сөздің шыны, бұл менің бір жамаң жерім: жақсы тамақты сүйемін. Тәңірі жарылқағыр, осы менің көзіме кеше сіз бұдан тегі аласалау көрініп едіңіз, рас емес пе?

Артемий Филиппович. Әбден мүмкін. *(Аз бөгелгеннен кейін)*. Мен аянбай, қызметті бар ықласыммен қылам деп айтуға бармын. *(Орындығымен қабат Хлестаковқа жақындап, дауысын босаңдатып сөйлейді)*, Ал, осындағы почтмейстер бар ғой, түк істемейді: жұмысының бәрі салақ, посылкаларды ұстап қалады... Нанбасаңыз әдейі барып қараңыз. Судья бар ғой, жаңа менің алдымда кіріп, кетіп қалды ғой, тегі қоян аулағаннан басқа түк бітірмейді, халық келетін ордалы жерге ит қамайды, ал, енді мінезі бар ғой — сіздің алдыңызда шын айтуымыз дұрыс қой, отанымыздың пайдасы үшін, — ол өзі маған әрі ағайын, әрі дос болғанмен, айтуға міндеттімін — мінезі мейлінше былғаныш адам. Осында Добчинский деген бір помещик бар, өзіңіз де көрген шығарсыз; сол Добчинский үйінен шыға қалды бар ғой: судья соның қатынымен

болады, оған мен ант ішуге бармын... Өзіңіз қасақана балаларын барып көріңізші: Добчинскийге тартқан бір баласы жоқ, бәрі де, тіпті, әне бір кішкене қызы да аумаған судьяның тап өзі.

Хлестаков. Қарай көріңіз! Мен онысын білсемші?

Артемий Филиппович. Ал, енді, осындағы мектеп бақылаушы бар ғой... жоғарғы ұлықтардың неғып соған сеніп, осындай қызметке қойып отырғанына таңым бар: ол, әлі, якобиндерден де¹ әрі жастарды бұзуы сонша, айтуға тіл бармайды. Сіз бұйырсаңыз, осының бәрін қағазға жазып берсем қайтеді?

Хлестаков. Құп болады, қағазға жазсаңыз да болады. Тіпті жақсы. Білесіз бе, ішім пысканда, мен сондай қызық нәрсені оқығанды жақсы көремін... Сіздің фамилияңыз қалай еді? Ұмытып барам.

Артемий Филиппович Земляника.

Хлестаков. Е, Земляника. Ал немене, сіздің балаларыңыз бар ма?

Артемий Филиппович. Е, о не дегеніңіз. Бес балам бар, екеуі ержеткен.

Хлестаков. Ержеткен деңіз! А, қалай, немен?

Артемий Филиппович. А, сіз аттары кім дейсіз бе?

Хлестаков. Е, я аттары кім?

Артемий Филиппович. Николай, Иван, Елизавета, Мария және Перепетуя.

Хлестаков. Онысы тәуір екен.

Артемий Филиппович. Міндетке арнаулы қасиетті уақытыңызды кетіріп, енді мазанызды алмасам да болар... *(Шұлғып, шығуға ыңғайланады.)*

Хлестаков *(есікке таман шығарып)*. Жоқ, оқасы жоқ. Айтқаныңыздың бәрі күлкі нәрсе. Екінші тағы келер болсаңыз, рақым етіңіз... Мен мұндайды тәуір көрем. *(Қайтып келе жатып, қайта барып есікті ашып артынан дауыстап.)* Ей, сіз, ұмыта берем, аты-жөніңіз қалай еді?

¹ Ұлы француз революциясы (1789 ж.) кезінде болған ең солшыл партия.

Артеми́й Филиппович. Артеми́й Филиппович.

Хлестаков. Артеми́й Филиппович, сіз нете алмайсыз ба? Құданың құдіреті, жолда шығындап қалғаным. Сізде қарызға бере тұрғандай төрт жүз сом жоқ па?

Артеми́й Филиппович. Бар.

Хлестаков. Дер кезінде жақсы болды ғой. Алда разы болсын.

VII КӨРІНІС

Хлестаков, Бобчинский, Добчинский.

Бобчинский. Сізге құрметпен сәлем беруге келген: осы қалада тұрушы Петр Иванович Бобчинский баласы боламын.

Добчинский. Помещик Петр Иванов Добчинский баласы боламын.

Хлестаков. Рас-ақ, мен сізді көріп ем ғой. Аңадағы жығылатын сіз ғой, мұрныңыз қалай?

Бобчинский. Құдайға шүкір! Оқа емес: тобарсыды, әбден тобарсыды.

Хлестаков. Тобарсығаны жақсы бопты. Мен де қуанамын... *(Тұтқыылдан, жұлып алғандай.)* Ақшаларыңыз жоқ па?

Бобчинский. Ақша? Не қылған ақша?

Хлестаков. Қарызға мың сомдай.

Бобчинский. Құдай ақына ондай сомам жоқ. Сізде жоқ па екен, Петр Иванович?

Добчинский. Бойымда жоқ кой. Менің, менің ақшам, білмек болсаңыз, қарып-қасерлер қоғамының сомасына тіркелген.

Хлестаков. Ендеше, мың болмаса, жүз болсын.

Бобчинский *(қалталарын қарманып)*. Петр Иванович, сізде жүз сом жоқ па? Менікінің барлығы қырық-ақ сом екен.

Добчинский *(бумажнигін қарап)*. Барлығы 25 сом екен.

Бобчинский. Жақсылап қараңыз, Петр Ивано-



Анна Андреевна мен Мария Антоновна,
II Бокленскийдің қарындашпен салған суреті

вич! Мен білем ғой, сіздің ана жақ қалтаңыздың он жағының тесігі, сол тесікке түсіп кетпесін.

Добчинский. Жоға, шыным, тесігінде де жоқ.

Хлестаков. Ну, бәрібір. Менікі әшейін ғой. Жақсы, алпыс бес сом-ақ болсын... бәрібір. (*Ақшаны алады*).

Добчинский. Мен сізден бір шетін жайдың мәнін сұрауды ниет қып тұр едім.

Хлестаков. О, немене?

Добчинский. Істің өзі бір шетін: менің үлкен ұлымды көрдіңіз бе, біздің некеміз қыйылмастан бұрын тудырып едім...

Хлестаков. А?

Добчинский. Яғни, бұ жағы құр сөз әшейін, а, тегінде тудыруым мейлінше некелі кісідей, тіпті баршасы кәдімгідей, мен кейін бәрін нетіп, некемен тынақтаттым ғой. Сонымен, енді көріп тұрсыз, ол біржолата, яғни, өзімнің бел балам боп, дәл өзімдей: Добчинский боп аталса екен деймін-с.

Хлестаков. Жақсы, ендеше аталсын!.. Ол мүмкін.

Добчинский. Мен сіздің мазаңызды алмас та едім, бірақ зеректігі обал. Баланың өзі сондай... дәмеміз зор; әртүрлі тақпақты жатқа айтады, және әлдеқалай қолына бәкі түссе, тақ фокусшылардай жып-жылдам арба да істей қояды. Оны мына Петр Иванович те біледі.

Бобчинский. Я, зейіні мол.

Хлестаков. Жақсы, жақсы: мен бұл туралы тырысайын... мен сенемін... бұның бәрі істеледі, солай, солай. (*Бобчинскийге*.) Сіздің маған ештеңе айтарыңыз бар ма?

Бобчинский. Бәлі, үлкен жұмысым бар.

Хлестаков. Немене, о не туралы?

Бобчинский. Менің сіздің марқабатыңыздан сұрайтыным, Петербургке барған соң, барлық үлкендермен, неше алуан: сенатор, адмиралдарға ваше превосходительство немесе ваше сиятельство пәлендей қалада Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз. Солайша бұлжытпай: Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз.

Хлестаков. Бек жақсы.

Бобчинский. Ал, зәуде, патшаға тура келсе, патшаның өзіне де солай, сол ваше императорское величество, пәлендей қалада Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз.

Хлестаков. Бек жақсы.

Добчинский. Мазаңызды алғанымызға ғапу етіңіз.

Бобчинский. Мазаңызды алғанымызға ғапу етіңіз.

Хлестаков. Уақа емес, уақа емес. Маған өте ұнайды. (*Шығарып жібереді.*)

VIII КӨРІНІС

Хлестаков жалғыз.

Мұнда чиновниктер көп. Тегі, осылар менің байқауымша, мені үкімет адамы дейді. Рас, мана біраз септіртіп едім, Ай ақымақ-ай! Әлі осының бәрін Петербургке Тряпичкинге жазайыншы. Ол мақаласымақ жазушы еді, бәлем өздерін әдемілеп соққыласын. Ей, Осип маған қағаз бен сыя келтірші! (*Осип есіктен қарап: «Қазір» дейді.*) Ал, Тряпичкиннің тісіне ғана ілініп бақсын — ол аямайды, туған әкесі болсын, тамтығын қалдырмайды, ақшаны да сүйеді. Өйткенмен, бұл чиновниктер өздері жақсы адамдар: мына маған қарыз ақша бергендері тіпті жақсы мінез. Әдейілеп санайыншы, қанша екен өзі. Мынасы судья, үш жүз. Мынауы почтмейстерден үш жүз сом, алты жүз, жеті, сегіз жүз. Майлы қағаз екен! Сегіз жүз, тоғыз жүз... О! Мыңнан асты. Кәне енді капитан, кәне енді кезікші бәлем маған! Енді көрісейікші!

IX КӨРІНІС

Хлестаков пен Осип сыя мен қағаз әкелген.

Хлестаков. Ну, қалай екен ақымақ, мені қалай күтіп, қалай қарсы алады? (*Жаза бастайды.*)

О с и п. Я, құдайға шүкір! Бірақ білесіз бе, Иван Александрович?

Х л е с т а к о в. Немене?

О с и п. Бұл жерден жөнеліңіз, құдай ақына жетті енді.

Х л е с т а к о в (*жазады*). Міне сандалбай! Неге?

О с и п. Сол енді. Құдай оңғарсын соларды қойыңыз! Екі күн гуляйттадыңыз ғой — болды енді. Ұзақ айналысып не қыласыз! Тастаңыз! Кім біледі: біреу-міреу келіп қалар. Құдай ақына, Иван Александрович! Аттарының өзі тым сайгүлік екен: ағызар едік!..

Х л е с т а к о в (*жазып жатып*). Жоқ. Менің әзір мұнда тұра тұрғым келеді. Ертең болсын.

О с и п. Қайтесіз ертеңін! Құдай ақына жүрейік, Иван Александрович. Сізге үлкен құрмет еткені рас қой, бірақ, білесіз бе, сонда да кеткен әбзел... Сізді, шынында басқа біреу деп шатасып отыр ғой... Бөгелдің деп, әкеңіз де ашуланады... Әдемілеп тұрып, сөйтіп айдар едік! Ал, аттың бұдан жақсысын жегер едік.

Х л е с т а к о в (*жазып жатып*). Ну, жақсы. Әуелі мына хатты апарып сал, сонда енді жол қағазын да ал, Бірақ, біліп қой, аттың жақсысы болсын! Жемшіктеріне айт, бір сомнан беремін; жалғыз-ақ мені қоңыраулы почтадай шаптырсын! Және әндетіп отыратын болсын!.. (*Жазып жатып.*) Тряпичкиннің бәлем ішек-сілесі қатсын.

О с и п. Мен, мырза, мұны осылардың кісісімен жіберіп, өзім уақыт өтпес үшін, буынып, түйіне берейін.

Х л е с т а к о в (*жазып жатып*). Жақсы. Жалғыз-ақ шам әкел.

О с и п (*шығып, сахна артында сөйлейді*). Ей шырақ, бері қара! Почтаға хат апарсын, почтмейстерге айт, ақшасыз алсын, және мырзаға ең жақсы тройкасын әзірлетсін де; прогонды¹ мырза төлемейді де: прогонде, қазнанікі деп айт. Сөйтіп, бәрі тез болсын де, әйтпесе, мырза ашулы де. Тоқта, әзір хат даяр емес.

Х л е с т а к о в (*жазып жатып*). Айтпақшы, ол қазір қайда екен: Почтмейстерде ме, Городовойда ма?

¹ П р о г о н — жеккен аттардың ақысы.

Ол да акшасын төлемей пәтерден пәтерге көше бергіш болушы еді. Шамалап, Почтамскийге айдайын. (Бүктеп сыртына жазады).

Осип шам әкеледі. Хлестаков пешеттейді. Сол кезде Держиморданың үні естіледі: «Қайда барады мына сакал? Кіргізуге бұйрық жоқ деп айтпадым ба?»

Хлестаков (Осипке хатты беріп). Бар, апар. Купецтер даусы. Жібер, әке! Сіз жібермей гұра алмайсыз. Біздің ісіміз бар.

Держиморданың даусы. Кет, кет! Қабылдамайды, ұйқтап жатыр.

Дырду молая бастайды.

Хлестаков. Осип, анда немене? Баршы, не шу.

Осип (терезеден қарап). Бір купецтер, кіреміз десе кварталный жібермейді. Қағаздары бар, әлпеті сізді көрмек-ау деймін.

Хлестаков (терезеге жақындап). Немене, сіздер, шырақтар?

Купецтер. Сіздің мархабатыңызға кеп едік. Патшам, арызды қабыл етіңіз.

Хлестаков. Жіберіңіз бұларды, жіберіңіз! Кіре берсін. Осип, сен барып: кіре бер деші.

Осип кетеді.

Хлестаков (әйнектен арыздарын алып, бірін ашып оқыйды). «Бек дегдар жаксымыз, казына ұлт таксырға Абдулин купецтен...» чорт біледі не екенін: атымен, мұндай чин де жоқ!

X КӨРІНІС

Хлестаков пен купецтер күбілеп арақ, басымен қант алып кіреді.

Хлестаков. Немене, шырақтар?

Купецтер. Құлдық ұрамыз, таксыр.

Хлестаков. Не керек сіздерге?

Купецтер. Бізді күртпа, патшам! Тегіннен забыршылық тартып тұрмыз.

Хлестаков. Кімнен?

Купецтердің біреуі. Бәрі осындағы дуанбасында. Мұндай дуанбасы, тақсыр, бұ жалғанда болған емес. Забыршылығын айтып бітіре алмайсыз. Әбден қырып бітті, енді буынып өлуіміз-ақ калды. Қылығына қарай қылмайды. Сақалыңнан ұстап алып: «Әй, татар!» дейді. Тым құр қылығымыз жақпаса екен, о да бір сәрі ғой, тәртібіне құлмыз: қатыны мен қызына көйлектікке — мынадай қарсылығымыз жоқ. Оған қанша берсек те аз, бұйырмасын. Әй, әй! Шын лавқаңа келе ме: көзіне көрінгенін күйедей сыпырады. Шұғаға көзі түсе ме: — Е, қарағым, мынау жақсы шұға екен, біздікіне апар — дейді. Амал жоқ, апарасын. бір тобында ен кемі елу кез болады. Құдай біледі!

Хлестаков. Солай ма? Ай, бұ не деген жауыз!

Купецтер. Құдай біледі! Мұндай дуанбасыны өмірі көрген емеспіз. Ол келе жатқанда тығына бастаймыз. Әлдебір сыпайы нәрсе алса да бір сәрі екен, жоқтан өзгені де қоймайды: бөшкеде жеті жылдан бері жатқан, алша бар ма, біздің малшы да аузына салмайды, соны ол уысымен асайды. Сондай сімтік, туған күнін өз аты Антонға мейрам қылама, бәрін даяр қыласын, ештеңені ірікпейсін. Жоқ, сонда да бере бер: Онуфрий де менің атым, о да туған күнім дейді. Амал бар ма? Онуфрийге де сый апарасын.

Хлестаков. Бұл нағыз тонаушы ғой!

Купецтер. Әй-әй! Ал, енді, қыңқ дедің бе. бір қол әскерді үйге әкеп орнатады. Бірдеңе қылайын десең, есігіңді бекіттіріп қояды: «Мен сені» дейді, «нетпеймін» дейді, «сабамаймын» «қыйнамаймын» дейді, — «бұны заң тыйған» дейді, «ал, оның есебіне сен шырақайым, тұздаған балықты татасың!» дейді.

Хлестаков. А, неткен жауыз! Тура Сібірге айдайтын екен ғой.

Купецтер. Қайда айдатсаңыз да рауа, тек бізден аулақ қылсаңыз болғаны. Ой, әкеміз-ай, біздің дәм тұзымыздан жиренбеніз. Қантымызды, арағымызды әкеп, аяғыңызды құшып отырмыз.

Хлестаков. Жоқ, ондайды әсте ойға келтірмеңіздер: мен ешбір пара алмаймын. Ал, енді, маған қа-

рызға үш жүз сомдай берем десеңіздер, оның әрине, жөні бір басқа: қарызға алуға болады.

Купецтер. Алыңыз, алыңыз (*ақшаларын суырып*)! Үш жүз деген не! Тіпті бес жүз алыңыз, тек жәрдем қылыңыз.

Хлестаков. Кәнеки: қарыз дегенге ләм дей алмаймын, аламын.

Купецтер (*күміс подносқа салып, ақша ұсынады*). Тіпті, тәйірі жарылғасын, подносымен алыңыз.

Хлестаков. Подносы да мүмкін.

Купецтер (*тәжім етіп*). Олай болса, қантты да біржола алып қойыңыз.

Хлестаков. Ойбай, жоқ: мен пара дегенді білмеймін...

Осип. Ваше благородие! Неге алмайсыз! Алыңыз! Жолда бәрі де керек болады. Әкел бас қантыңды да, кабыңды да! Бәрінде бере бер! Бәрі керекке жарайды. Ол немене? Жіппе? Жібінді де әкел! Жолда жіптің де керек жері болады: арбаң сынса, бірдеңе етсе, байлап алуға жарайды.

Купецтер. Таксыр, енді марқабат қылыңыз. Сізден бірдеңе болмаса не қыларды білмейміз: буынып өлгеннен басқамыз жоқ.

Хлестаков. Әбден, әбден. Құнттармын.

Купецтер кетеді. Әйелдер даусы шығады: «Жоқ, қарағым! Сен жібермей тұра алмайсың! Өйте берсең сенің үстіңнен де арыз қыламыз. Сен өйтіп қатты итерме!»

Хлестаков. О, кім, ол? (*Әйнекке барады*). Сен немене, шешей?

Екі әйелдің даусы. Сізден жәрдем сұраймыз, әкетай! Арызымызды тыңдасаңыз екен.

Хлестаков (*әйнектің ар жағынан қарап*). Жіберіңіз оны.

ХІ КӨРІНІС

Хлестаков, ұстаның әйелі унтерофицердің әйелі.

Ұста әйелі (*Хлестаковтың аяғына бас қойып*). Жәрдем қылыңыз!

Унтер-офицердің әйелі. Жәрдем қылыңыз...

Хлестаков. Сіздер не қылған әйелдерсіз?

Унтер-офицер әйелі. Унтер-офицер Ивановтың қатыны болам.

Ұста әйелі. Мен осында тұратын мешанка, ұстаның қатыны Февронья Петровна Пошлипкина болам, әкетайым...

Хлестаков. Тоқта, әуелі біреуіңіз айт. Саған не керек?

Ұста әйелі. Жәрдем қылыңыз: осында дуанбасының үстінен құлдық ұрамыз! Құдайдың жетпіс жеті пәлесі келгір, бала-шаға, үрім-бұтағы, нағашы, апақарындасы түк көрмегір.

Хлестаков. Немене? Не қылды?

Ұста әйелі. Байымның маңдай шашын қырдырып, солдатқа жіберді, бізге кезек те келместен түйнеменің қылғаны! Заңға да дұрыс емес: оның қатыны бар ғой?

Хлестаков. Ол қалай үйтетін болды?

Ұста әйелі. Сөйтті сол, жалмауыз, қақсатты: екі дүниеде бірдей оңбай кеткір! Апасы болса, апасына бәле жаусын, әкесі тірі болса, әкесі де қақалып өлсін, арам қатсын, жауыз. Алатын жөні тігіншінің баласы еді, ол бір маскүнем, көкала еді, бірақ, әкесі көп сый беріпті, содан саудагер қатын Пантелееваның баласына қыйсайып еді, ал, Пантелеева мұның қатынына астыртын үш топ кенеп жіберіп, сонымен маған жабысты: саған бай не керек, ол жарамайды — дейді. Жарайтын, жарамайтынын өзім білем ғой, онда оның не жұмысы бар, лағнаттың! Байың ұры дейді, қазір ұрламағанымен, бәрібір әлі-ақ ұрлық қылады, онсыз да келесі жылы солдатқа әкетеді дейді. Байсыз менің күнім не болмақ, залым-ау! Мен өзім нашар адаммын, құдай атқыр! Өмірі зау-затымен жарық дүние көрмегір, енең болса ененді де...

Хлестаков. Жақсы, жақсы. *(Кемпірді шығарып жібереді.)* А, сен?

Ұста әйелі *(шығып бара жатып)*. Шырағым ұмыта көрме! Рақым қыл!

Унтер-офицер әйелі. Шырағым, менің де ісім дуанбасы да келгенім...

Хлестаков. Ал, немене, қалай? Қысқа қып айт.

Унтер-офицер әйелі. Дүре соқты, әкем-ау!

Хлестаков. Не ғып?

Унтер-офицер әйелі. Қатадан дүре соқты, әкем-ау! Базарда біздің қатындар төбелесіп, полиция түскір кеш келіп қап, мені ұстап ала жөнелмесін бе. Өлгенше сілейткені: екі күндей отыра алмадым.

Хлестаков. Енді не қыл дейсің?

Унтер-офицер әйелі. Не қыл дейін енді. Жазатайым ұрғанына айып әперсеңіз екен деймін. Өз пайдасынан өзі безе ме кісі, осы күні бар ма, ақшаға зару боп тұрмын.

Хлестаков. Жақсы, жақсы. Барыңыз. Бұйры беремін.

Әйнектен арыз ұстаған колдар саусылдап сұғылады.

Тағы кім андағы? *(Әйнекке таянып.)* Қабыл алмаймын! Керегі жоқ, керегі жоқ. *(Әйнектен кетіп)* Мезі қылады әбден! Осип, кіргізбе!

Осип *(әйнекке барып айғайлап)*. Кетіндер, кетіндер! Ертең келіндер!

Есік ашылады да: үстінде шинель, көнтек ерін, жағы таңылаған, сақалды бір адам итеріліп кіргізіледі. Оның аржағынан тағы бірталай басқалары көрінеді.

Осип. Кет, кет! Қайда кемелеп барасын? *(деп әлгі адамды қарнынан итермелей, есіктен онымен бірге өзі де шығады, есікті жауып қояды.)*

XII КӨРІНІС

Хлестаков пен Мария Антоновна.

Мария Антоновна. Аһ!

Хлестаков. Бикеш, неден шошыдыңыз?

Мария Антоновна. Жоқ, шошығам жоқ.

Хлестаков *(қылмыңдап)*. Бикеш, маған қатты ұнайды, сіздің мені сондай кісі екен... деп қалғаныңыз. Сұрауға болар ма екен: қайда баруға ниет қып едіңіз?

Мария Антоновна. Бұйырмасынға, ешқайда бара жатқаным жоқ.

Хлестаков. Неліктен, мәселен, сіз ешқайда бара жатпадыңыз?

Мария Антоновна. Мен мамам мұнда жоқпа екен дем...

Хлестаков. Жоқ, менің білгім келеді, неге ешқайда бара жатпадыңыз?

Мария Антоновна. Мен сізге бөгет жасадым білем. Үлкен жұмысқа айналып жатыр едіңіз.

Хлестаков (қылмаңдап). А, сіздің көзіңіз үлкен жұмыстан да артық қой... Сіз маған бірде бөгет қылмайсыз, қайта келгеніңіз маған қаныбет.

Мария Антоновна. Сіз астанаша сөйлеп кеттіңіз-ау.

Хлестаков. Сіздей әсемді көргенде ғой. Сізге орындық ұсынуға болар ма екен? Жоқ, сізге орындық емес, тақ лайық.

Мария Антоновна. Бұйырмасын білмеймін... Мен әншейін келе жаттым. (Отырады.)

Хлестаков. Сіздің орамалыңыз қандай тамаша еді!

Мария Антоновна. Сіздер сықакшылсыздар, тек уақ қаланың әйелдерін тәлкек қылуды білесіздер.

Хлестаков. Орамалыңыз қандай тамаша еді, мен де орамал боп, сіздің мойныңызға оралар ма едім.

Мария Антоновна. Мен сіздің не айтып отырғаныңызды тіпті ұқпаймын: әлдеқандай орамал... Бүгін күн бір ерекше екен.

Хлестаков. Бикеш, сіздің ерніңіз барлық күннен де артық қой.

Мария Антоновна. Сіз ылғый сондайды айгасыз... Одан да, мен сізден альбомыма бір өлең жазып беруіңізді сұрар ем. Сізде ол көп қой.

Хлестаков. Сізге дегенде, бикеш, не аяйды дейсіз. Қандайын тілейсіз, бұйырыңыз.

Мария Антоновна. Бір мынадай: жақсы, жаңасы болсын.

Хлестаков. Өлең деген не! Менде ондайлар толып жатыр.

Мария Антоновна. Кәне, айтыңызшы, маған қандайын жазып бересіз?

Хлестаков. Несін айтайын, айтпай-ақ білемін ғой.

Мария Антоновна. Мен өленді біртүрлі жақсы көрем...

Хлестаков. Менде көп, әртүрлісі бар. Ал, Сізге мынаны айтсам ба екен: Уай, сен адам, аһ ұрып қайғы жейсін, тәңріңе бекер налып өпкелейсің!... тағы сондайлар. Қазір есімде жоқ, әйтпесе, оның бәрі түк емес қой. Мен сізге оның орнына махаббатымды ұсынайын. Көзқарасыңызға нетіп... *(орындығын жақындатады)*.

Мария Антоновна. Махаббат! Мен түсінбеймін, махаббатты... мен махаббаттың не екенін жан боп жаралғалы білген емеспін... *(Орындығымен шегінеді)*.

Хлестаков. Неге орындығыңызды сырғытасыз? Бірімізге біріміз жақын отырған жақсы ғой.

Мария Антоновна *(шегініп)*. Жақынның керегі не, алысы да бәрібір.

Хлестаков *(сырғып таянып)*. Алыстың керегі не, жақыны да бәрібір.

Мария Антоновна *(шегініп)*. Керегі не?

Хлестаков *(таянып)*. Сізге жақын сыяқты көрінетін шығар, сіз алыспын деп ойлаңызшы. Бікеш-ай, сізді құшағыма алып қыссам, қандай бақытты болар едім.

Мария Антоновна *(әйнекке қарап)*. Немене, бірдеңе ұшқандай бола ма? Сауысқан ба, өзге құс па?

Хлестаков *(әйнекке қараған кісі боп, мойнынан сүйеді)*. Сауысқан ғой.

Мария Антоновна *(бұртаңдап, үшып түрегіліп)*. Жоқ, мынауы тым ұятсыздық!..

Хлестаков *(ұстай алып)*. Кеш, бикеш оным: сүйгендіктен, шын сүйгендіктен.

Мария Антоновна. Сіз мені сондай надан адам көріп, нетесіз ғой... *(Кетуге бұлқынады)*.

¹ Ломоносов өлеңінің басқы жолы.

Хлестаков (ұстап жібермей). Сүйгендіктен, құдай акына, сүйгендіктен. Мен тек ойнап едім, ашуданбаңыз, Мария Антоновна! Мен аяғыңызға жығылуға бармын. (Тізерлен.) Кешіңіз! Көрдіңіз бе тіземнен тұрмын.

ХІІІ КӨРІНІС

Олардың үстіне Анна Андреевна кіреді.

Анна Андреевна (тізерлен отырған Хлестаковты көріп). Аһ, қандай пассаж!

Хлестаков (тұрып жатып). А, қап!

Анна Андреевна (қызына). Бұ қалай? Жарықтығым-ау, бұ неткен қылық!

Мария Антоновна. Мен, маменька...

Анна Андреевна. Жүр әрі, жөнел, жөнел! Көрінбе көзіме. (Мария Антоновна жылап шығып кетеді). Айып етпеңіз, бұйырмасын, таң қалдым...

Хлестаков (теріс қарап). Бұ да тым тәтті, өте жұғымды. (Тізерлен тіленіп.) Міне, ханым, махаббаттықтан күйіп барам, көресіз бе.

Анна Андреевна. Шынымен жүгінгеніңіз бе! Аһ, тұрыңыз, тұрыңыз, жер де пәлен таза емес.

Хлестаков. Жоқ, жүгінемін, сөз жоқ жүгінемін, тағдырдың жазғанын білгім келеді, бұйырғаны өмір ме, өлім бе.

Анна Андреевна. Бірақ, тұра тұрыңызшы, мен әлі сөзіңіздің мәнісін толық түсіне алмадым. Жаза баспасам сіз менің қызым туралы сөз салмаймыз ба.

Хлестаков. Жоқ, мен сізге ғашықпын. Мен өлер халдемін. Зәуде, сіз менің мәңгі махаббатымды қабыл етпесеңіз, бұ дүниеде тірі боп жүруім де екі талай, жалынды жүрегіммен сіздің қолыңызды сұраймын.

Анна Андреевна. Бірақ абайлаңызшы: мен бір реттен... Менің байым бар ғой.

Хлестаков. Ол, оқа емес. Махаббатқа шек жоқ. «Заң тергейді» деп Карамзин де айтқан. Біз бұлақтың саясына кетейік... Қолыңызды, сіздің қолыңызды сұраймын.

XIV КӨРІНІС

Бұлардың үстіне *Мария Антоновна* қапыда жүгіріп келеді.

Мария Антоновна. Мама, папатайым саған... (Тізерлеп тұрған *Хлестаковты* көріп, шаңқ етеді). Аһ, қандай пассаж!!

Анна Андреевна. Ал, немене? Не боп қалды? Бұ неткен жеңілдік! Жынды кісіше шошаңдап жетіп кеп, не бар екен таңырқайтын! Не ойладың? Аумаған үш жасар бала. Он сегізге келген қызға түк ұсасайшы. Білмеймін, қашан есін кірер екен, әдеп-әркең көрген қызға қашан ұсар екенсін, жақсы тәлім, жақсы қылық дегенді сен қашан білер екенсін.

Мария Антоновна (жыламсырап). Мен, бұйырмасынға, маматай білгем жоқ...

Анна Андреевна. Дәйім сенің басыңда жел ұйтқып тұрады, *Ляпкин-Тяпкиннің* қыздарынан өнеге аласын. Оларға еліктейтін не бар, керегі жоқ оларға карап. Өнеге алсаң, өзге де бар: алдында шешен тұр. Міне саған өнеге.

Хлестаков (қыздың қолынан ұстап). Анна Андреевна, біздің бақытымызға қарсы болмаңыз, мәңгі махаббатымызға батаңызды беріңіз!

Анна Андреевна (таңданып). Е, сөз оған нетіңіз бе?..

Хлестаков. Өлу, я тірі қалуымды өзіңіз шешіңіз?

Анна Андреевна. Ал, міне карашы, акымак, саған бола—сендей шірікке бола, сый конактын жер тізелеп отырғанын, ал, сен құтырған адамшы жетіп келдің. Егер мен жорта: көнбеймін, сен ондай құрметке татымайсын десем кайтесін.

Мария Антоновна. Бұдан былай бүйтпеймін, маматай. Бұдан былай да бүйтпеймін.

XV КӨРІНІС

Бұлардың үстіне *Дуанбасы* ентелеп кіреді.

Дуанбасы. Ваше превосходительство! Құртпаңыз мені! Құртпаңыз!

Хлестаков. Сізге не болды?

Дуанбасы. Анда купецтер арыз қыпты. Құдай біледі, олардың айтқанының қақ жарымы да шын емес. Халықты алдайтын, безбеннен жейтін өздері. Унтер-офицердің әйелі дүре салды деп, сізге шіп-шикі өтірік айтыпты, құдай біледі, өтірік, ол өзіне өзі дүре соғып жүр.

Хлестаков. Унтер-офицердің әйелі кұрсын, оны ойлап тұрғаным жоқ.

Дуанбасы. Нанбаңыз, нанбаңыз! Бәрі де өншен суайт... оларға мынадай бала да нанбайды. Олардың суайттығын бүкіл қала біледі. Залымдық десеніз мен айтайын: олардай залым дүниеде жоқ.

Анна Андреевна. Иван Александровичтің бізге қандай кұрмет көрсетіп отырғанын сен білдің бе? Ол біздің қызымызды айттырмақшы.

Дуанбасы. Қайда! Қайда!.. Кұтырдың ба, шешесі! Таксыр, ашулана көрмеңіз, оның сондай есалаңдығы бар, шешесі де сондай еді.

Хлестаков. Е, я. Мен рас айттырып отырмын. Мен ғашықпын.

Дуанбасы. Нана алмай тұрмын, Ваше превосходительство!

Анна Андреевна. Айтып тұрғамыз жоқ па?

Хлестаков. Қалжыңы жоқ... Ғашықтықтан мен жындануға бармын.

Дуанбасы. Нануға дәтім шыдамайды, ондай кұрметке татымаймын.

Хлестаков. Е, Мария Антоновнаны беруге көнбесеніз, чорт біледі, менің не қыларымды...

Дуанбасы. Сене алмай тұрмын: ойнап айтасыз ғой, Ваше превосходительство.

Анна Андреевна. Апырым-ай, неткен дүлей! Саған айтып тұрған жоқ па.

Дуанбасы. Сене алмаймын.

Хлестаков. Беріңіз, беріңіз, мен жан кешті кісімін, мен бәріне бел байладым: мен атылып өлсем, сізді сотқа тартады.

Дуанбасы. Ой, жасаған-ай! Құдай біледі, менде түк-түк жазық жоқ. Ашулана көрмеңіз! Қалағаныңыз болсын! Құдай ақына қазір менің басым... не боп

тұрғанын өзім де білмеймін. Өмірі мұндай ақылымнан айырылып мұндай ақымақ болған емеспін.

Анна Андреевна. Қәне, батаңды бер!

Хлестаков, Мария Антоновнаны жетелеп, алдына келіп тұрады.

Дуанбасы. Құдай жарлығысын сендерді, ал менің жазығым жоқ. *(Хлестаков Мария Антоновнамен сүйіседі. Дуанбасы оларға қарайды.)* Бұ не жаным! Шын ба! *(Көзін уқалайды.)* Сүйісіп жатыр ғой. Ой, әкем-ау, сүйісіп жатыр! Аумаған күйеу! *(Қуанғанынан секіріп түсіп, айғайды салады.)* Әй, Антон! Дуанбасы! Міне енді іс те оңғарылды!

XVI КӨРІНІС

Бұлардың үстіне *Осип* кіреді.

Осип. Ат, даяр.

Хлестаков. А, жақсы... мен қазір.

Дуанбасы. Қалайша? Жүресіз бе?

Хлестаков. Я, жүремін.

Дуанбасы. Ал, әлгі қашан... әлгіде, өзіңіз құдалық деген тәрізді бірдеңені сездіргеніңізді айтам.

Хлестаков. Бұл тек... бір-ақ минутке, бір-ақ күнге бір ағамдікіне барам. Сонікіне барып ертеңінде-ақ қайтам. Бай шал өзі.

Дуанбасы. Тоқтата алмаймыз енді, есен-амаң қайтуыңызға тілектеспіз.

Хлестаков. Әрине, мен дереу. Қош бол сүйгенім... жоқ енді, тілім де жетпейді, қош тұр, жаным! *(Марияның қолын сүйеді.)*

Дуанбасы. Сізге жолға іштеңе керек емес пе; сіз ақшаға зәрумін дедіңіз бе, жаңылмасам?

Хлестаков. А, жоқ, керегі жоқ? *(Азырақ ойланып.)* Әйткенмен, мүмкін.

Дуанбасы. Қанша керек болар екен?

Хлестаков. Анада сіз екі жүз, жоқ екі жүз емес екен, сіздің қатаңызбен пайдаланғым келмейді, төрт жүз беріп едіңіз, тағы да сондай болса сізге жүз болар еді.

Д у а н б а с ы. Қазір! (*Бумажнигінен ақша алып*).
Әдейі дегендей өңкей жаңа ақшаның дәл келуін қара-
рашы.

Хлестаков. Я, десеңізші (*алып ақтарып қарай-
ды*), бұл жақсы ырым. Жаңа ақша — жаңа ырыс деу-
ші ме еді?

Д у а н б а с ы. Дәл айттыңыз.

Хлестаков. Қош, Антон Антонович! Сіздің ко-
нақасыңызға қарыздармын! Шын жүрегіммен айтқан-
да: мені еш жерде мұндай күткен емес. Қош болыңыз.
Анна Андреевна! Қош тұр, менің Мария жаным!

Бәрі шығады.

Сахна сыртында:

Хлестаковтың дауысы. Қош бол, жаным-
ның періштесі, Мария Антоновна!

Д у а н б а с ы н ы ң дауысы. Бұ қалай? Дүрегей
арбамен жүргеніңіз бе?

Хлестаковтың дауысы. Мен осылай үйрен-
генмін. Солқылдақ арбадан басым ауырады.

Жәмшіктің дауысы. Тыр-ыр...

Д у а н б а с ы н ы ң дауысы. Тым кұрығанда ас-
тыңа бірдеңе, кілем-мілем де салу керек қой. Қалай,
қалай алдырайын ба?

Хлестаковтың дауысы. Тәйір, не керек?
Сонда да, кілем салса салынсыншы.

Д у а н б а с ы н ы ң дауысы. Әй, Авдотья! Қойма-
ға барып: ең жақсы кілемнен әлгі бір көкжиек, персі-
лік кілемді әкел, тезірек!

Жәмшіктің дауысы. Тар-тыр...

Д у а н б а с ы н ы ң дауысы. Ал енді, қашан күт
дейсіз?

Хлестаковтың дауысы. Ертең, не арғы
күні.

Осиптің дауысы. Е, мына кілем бе? Бері әкел,
былай сал! Енді мына жағына шөп тығында.

Жәмшіктің дауысы. Тыр-ыр...

Осиптің дауысы. Е, осы жағынан! Міне бір
жерге! Тағы да! Жақсы, жұмсақ болады! (*Кілемді қа-
ғып қояды.*) Енді отырыңыз, мәртебелім!

Хлестаковтың дауысы. Қош болыңыз, Антон Антонович!

Дуанбасының дауысы. Қош, Ваше превосходительство!

Эйелдердің дауысы. Қош, Иван Александрович.

Хлестаковтың дауысы. Қош болыңыз, апаян!

Жәмшіктің дауысы. Шу, жануарлар! Шу, жануарлар!

Қоңырау сылдыр қағады. Шымылдық түседі.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

БАЯҒЫ БӨЛМЕ

І КӨРІНІС

Дуанбасы, Анна Андреевна және Мария Антоновна.

Дуанбасы. Қалай, Анна Андреевна? Мұндай нәрсе ойыңа келіппе еді? Неткен зор жүлде десейші! Кәне шыныңды айтшы: сенің түсіңе де кірген жоқшығар — әлде бір карапайым дуанбасының катыны, ту-у, сайтаның... Қандай жермен құда болдың!

Анна Андреевна. Тіпті олай емес; мен әлдеқашан білгем. Бұл саған ғана жат нәрсе, үйткені, жөні түзу адамды өмірде көрген жоқсын.

Дуанбасы. Қой, шырағым, мен өзім де жөні түзу адаммын. Сонда да, катын екеуміздің қандай қыран боп кеткенімізді сездің бе! Сайғанды немен қайда шапшып кетті! Токтай қал, мен әлі өңшең арызқұмар, шағымқұмар немелерге әкесін қалай танытар екем. Уай, уай, кім бар анда? (*Кварталшы кіреді*). А, сенбісің, Иван Карпович; шақыршы мұнда купецтер біткенді. Сұмырайлардың сыбағасын берейін! Арыз қылатын немелер ғой! Көрдің бе, онбаған жүйттердің тұқымдарын. Тоқта. Тоқта шырақайлар! Орта құрсақ қылып қоюшы ем, енді мөлдегіннен асырайын. Менің үстімнен шағым қылатын немелерді, алдымен оларға



«Ревизор» комедиясындағы мылқау сахна.
Бұ суретті Н. В. Гогольдің өзі салыпты-мыс.

арыз жазатын законшы немелерді тірке. Біліп қойсын: дуанбасыға құдайдың қандай мейірімі түскенін, білдіңдер ме де, қызын күйеуге бергелі жатыр де, күйеуі қандай десейші, ондай кісі жаһанда да болған жоқ де, не қылам десе әмірі түгел, түгел жетеді де, түгел, -түгел, түгел! Бәріне жарияла, білсін түге. Сал айғайды дайым жұртқа соқ қонырауды! Мереке болған соң болған сыяқты болсын. *(Кварталшы кетеді)*. Міне тұрамыз ба, жоқ, Питерде ме.

Анна Андреевна. Әрине, Петербургте. Қайтып мұнда қаламыз!

Дуанбасы. Питер болса, Питер болсын, бірақ мұнда да жаман болмас еді. Ал, енді, дуанбасылықты ит жесін дейміз, Анна Андреевна, а?

Анна Андреевна. Әрине, дуанбасылық деген не ол!

Дуанбасы. Сен қалай ойлайсың. Анна Андреевна, енді үлкен чинді қағып алуға болады-ау, өйткені, ол министр атаулымен ашна-жай, патша сарайына да барғыш көрінеді, — бір секіртіп жіберсе, күндердің күні генерал да боп кетерсін. Анна Андреевна, сен қалай ойлайсың: генералды қусыруға болар ма?

Анна Андреевна. Е, болмай! Әрине болады.

Дуанбасы. Уай, шіркін-ай, генерал деген жақсы-ау! Иығыңа, былай, кавалерияны¹ тағып тастайсың. Анна Андреевна, қай кавалерия жақсы: қызылы ма, көгі ме?

Анна Андреевна. Әрине, көгі жақсы.

Дуанбасы. Ә? Қара дәмесін! Қызылы да осал болмас. Сен неге генерал болғың келеді десейші? Неге десең, бір жаққа бара қалдың ба, шабарман, адъютант дегендер алдыңнан шабуылдап: «Ат, ат!» — деп кеткені. Онда, станцияда бір адамға ат берілмейді: чиновник, капитан, дуанбасылардың қалш-қалш етіп, алдыңнан күтіп тұрғаны, сен оларға пішту деп те қарамайсың. Тамақты, әлдебір губернатордікінде ішсең, ол арада: дуанбасылар қақайып, тосып тұрсын солай! Еһ-еһ-еһ-еһ! *(Шек-сілесі қатқанша күледі.)* Міне сайтанның, қызықтыратыны со ғой!

¹ Кавалерия — ұлықтардың тағатын белгісі.

А н н а А н д р е е в н а. Қалай айтқанмен, сен ылғый сондай жабайлықты ұнатасың. Сенің есінде болсын, онда тұрмысты мүлдем өзгерту керек, сенің таныстарың, әлдебір, сенімен бірге қоян аулайтын, ит қуар, судья, немесе Земляника тәрізділер болмайды; қайта, кісімен өте нәзік жұғысатын: графтар, өңшен қасқа мен жайсаң болады... тек, менің сенен қорқатын жерім: кейде сенің жақсылардың алдында өмірі айтылмайтын бір сөзді қойып қалатының бар.

Д у а н б а с ы. Несі бар? Сөзден зыян жоқ.

А н н а А н д р е е в н а. Рас, дуанбасы күнінде оқасы жоқ. Ал, ондағы тұрмыс мүлдем басқа ғой.

Д у а н б а с ы. Онда, бір-екі тәтті балықтар бар дейді-ау: ряпушка, корюшка, жей бастасаң аузыңнан су ағады дейді.

А н н а А н д р е е в н а. Сенің есілдертіңнің бәрі балық! Мен үйімді астананың ең бас үйі қылғым келеді; бөлменің хош исі сондай аңқып тұрса, мүлдем көз жұмбай кіре алмайтын болса екен деймін. (*Көзін жұмып, искейді...*) Аһ, қандай жақсы!

II КӨРІНІС

Бұлардың үстіне к у п е ц т е р.

Д у а н б а с ы. А! Аман ба, сұңқарларым!

К у п е ц т е р (*бас иіп*). Амандық тілейміз, әке!

Д у а н б а с ы. Е, көгершіндер, қалай, жақсы ма? Саудаларың күсет пе? А, немене өңшен самауыршы, кездемеші арыз қылдыңдар ма? Сырдан сұғанақ, өңкей ала аяқ, ысқаяқтар! Арың керек пе? Е, көп алдыңдар ма! Жұлын-жұтқыншағың үзіліп, жаның тесілгір өңкей, абақтыға тығады деп ойладыңдар ма мені!..

А н н а А н д р е е в н а. Аһ, жасаған-ай, аузыңнан қалай-қалай жаман сөздер шығады, Антоша!

Д у а н б а с ы (*кейіп*). А, қойшы, сөз тыңдағандай боп тұрма кісі! Білдіңдер ме, әлгі сендердің арыз қылатын төрең енді менің қызымды алғалы жатқанын? А? Қалай енді? Не айтасыңдар? Енді мен сендерді... Кесіптерің халықты алдау... Қазынадан бөдірет алсаң, шірік кездеме салып, жүз мың сомын жеп қоясыңдар, артынан жыйырма кез садақа ғып, ол үшін

тағы сый сұрайсын? Білсе бәлем сендерге... Онымен қоймай, шіреніп қарнын шермитеді. Купец екен шіркін; жолай көрме; біз дворяндардан кем емеспіз, — дейді. Дворянин... Ө-т-түрің құрғыр! Дворянин ғылым үйренеді: мектепте оларға дүре соқса да, пайдалы нәрсені үйрен деп соғады. Ал, сен ше? Көзіңді сұмдықпен, алдаумен ашасың. Байдың сені ұрғаны да, алдай алмайсын деп ұрады. Мұрныңның боғы тыйылмай. «пысмылда»ның исін де білмей жатып, безбеннен жейсін: қарның жібіп, керіліп қалтаңды толтырасын, кеудеңе нан піседі! Көріп пе кісі, сірә, мұндайды! Күніне он алты самауыр шай ішкенге мардамсыйсың ба? Түкірдім сенің паңдығыңа!

Купецтер (бас иіп). Айып бізде, Антон Антонович!

Дуанбасы. Арызқойлар! Сен көпір салғанда, жүз сомға да тұрмайтын-ақ ағашыңа жыйырма мың сом алғанда, саған жәрдем қылған кім еді? Теке сақал ит-ау, мен емес пе сондағы? Ол есіңнен шықты ма. Мен оныңды көрсетіп, сені Сібір айландырып жіберетін едім, не айтасын? Ә?

Купецтердің біреуі. Құдайға жаздық, Антон Антонович. Сайтан азғырды. Тәуба қылдық, енді-гәрі істемейік. Ашуыңызды тастаңыз.

Дуанбасы. Ашуың таста! Міне енді құштың ба аяғымды. Неге десейші? Мен жеңдім, безбеннің басы әнтек саған ауғанда, сен мені батпаққа батырар едің де, тұрмастай қылып, үстімнен салдауыр үйер едің.

Купецтер (аяғын құшып). Сорлатпа енді, Антон Антонович!

Дуанбасы. Сорлатпа енді! Айтың ба сорлатпаны, бұрын қайда қалдырдыңдар? Мен сендерді... (*Қолын сермейді.*) Ал, бірақ, құдай кешірсін! Болды енді! Жетті, мен кек сақтамаймын, тек енді аяқтарыңды аңдап бас! Қызымды әйдебір жай дворяninge бергелі жатпағанымды білдіңдер ғой... Сол, кәдені білесіңдер ғой! Әлдебір балық-салық, немесе бір бас кант секілдімен құтыла қоям деп ойламаңдар, ал, барыңдар енді, жолдарың болсын!

Купецтер кетеді.

III КӨРІНІС

Бұрынғылар, Аммос Федорович, Артемий Филиппович, артынан Растаковский кіреді.

Аммос Федорович *(есіктен кірер-кірместен)*.
Жұрттың айтуы шын ба, Антон Антонович! Сізге ойда жоқ бақ орнады дейді ғой.

Артемий Филиппович. Ойда жоқ бағыңыз құтты болсын. Мен естігенде жаным қуанып кетті! *(Анна Андреевнаның қолын сүйеді.)* Анна Андреевна! *(Мария Антоновнаның қолын сүйеді.)* Мария Антонова.

Растаковский *(кірген жерден)*. Қайырлы болсын, Антон Антонович! Өзіңізге де, екі жасқа да құдай ұзақ өмір беріп, үбірлі-шүбірлі қылсын. Анна Андреевна! *(Барып қолын сүйеді.)* Мария Антоновна! *(Оған да барып, қолын сүйеді.)*

IV КӨРІНІС

Бұрынғылар, Коробкин әйелімен және Люлюков.

Коробкин. Қуаныш қайырлы болсын, Антон Антонович! Анна Андреевна! *(Қолын сүйеді.)* Мария Антоновна! *(Оның да қолын сүйеді.)*

Коробкиннің әйелі. Жаңа бақытыңызды бар жүрегіммен құттықтаймын, Анна Андреевна!

Люлюков. Құтты болсын, Анна Андреевна! *(Анна Андреевнаның қолын сүйіп, содан кейін көпке қарап, қуанған түрде таңдайын бір қағып қояды.)* Мария Антоновна! Құтты болсын. *(Қолын сүйеді де, көпке қарап, таңдайын тағы бір қағады.)*

V КӨРІНІС

Бәрі де бешпет, фрактар киген көп қонақтар кіріп, әуелі Анна Андреевнаның қолын сүйіп: «Анна Андреевна» одан кейін Мария Антоновнаның қолын сүйіп: «Мария Антоновна!» десіп жатады,

Бұзып-жарып Бобчинский мен Добчинский кіреді.

Бобчинский. Е, құтты болсын!

Добчинский. Е, құтты болсын, Антон Антонович!

Бобчинский. Сәтімен болсын!

Добчинский. Анна Андреевна!

Бобчинский. Анна Андреевна (*Екеуі қабат ұмтылып, маңдайларын соқтырып алады.*)

Добчинский. Мария Антоновна! (*Барып, қолын сүйеді.*) Құтты болсын. Сіз үлкен бақытты боласыз, алтын киім киесіз, сорпаның да төресін ішесіз, өмірді қызықты өткізесіз.

Бобчинский (*сөзін бөліп*). Мария Антоновна, құтты болсын! Құдай тек нешетүрлі байлық, алтын, мынадай-мынадай (*қолымен көрсетіп*) доп-домалақ ұл берсін, алақандарыңызға қондырып отырғанда, баланыз: уа! Уа! Уа!..— деп жылап жататын болсын.

VI КӨРІНІС

Бұлардың қолдарына жабысып жатқан тағы бірнеше қонақтар, Лука Лукич әйелімен.

Лука Лукич. Е, қайырлы болсын...

Оның әйелі (*байынан озып, жүгіріп барып*). Қайырлы болсын, Анна Андреевна! (*Сүйіседі.*) Мен қалай қуанды десемші, маған кеп: Анна Андреевна қызын бергелі жатыр, деді. Аһ, жасаған-ай! — деп ойладым ішімнен, қуанғаным сонша, күйеуіме айттым: Бері қара, Луканчик, дедім, міне Анна Андреевна қалай бақытты!— дедім. Ішімнен, аһ, құдайға шүкір дедім, оған айттым: қуанышым сыймай барады, Анна Андреевнаға өзім барып, қуанышына құтты болсын айтпасам, шыдай алатын емеспін дедім... Аһ, жасаған-ай!— дедім ішімнен: Анна Андреевна қызын жақсы күйеуге берсем — деп тілеуші еді, міне құдайдың жазуы — дәл көңілдегісі бола қалды дедім. Сондай қуандым, сондай қуандым, тіпті сөйлеуге мұршам кесінші. Қуанғаннан жылай беріппін, тіпті кеңкілдеп кетіппін. Лука Лукич: неге кеңкілдейсін, Настенька? — деді. Луканчик, дедім, өзім де білмеймін, көзім жасы көл-көсір боп аға береді дедім.

Дуанбасы. Отырыңыздар, мырзалар! Әй, Мишка, көбірек орындықтар әкелші!

Қонақтар отырады.

VII КӨРІНІС

Б у р ы н ғы л а р ж әне ч а с т н ый п р и с т а в п е н к в а р -
т а л ш ы л а р .

Ч а с т н ый п р и с т а в . Қайырлы болсын. Құтты
мүбәрәк боп, өмір жастары ұзақ болсын.

Д у а н б а с ы . Рақымет, рақымет! Отырыңыздар,
мырзалар!

Қ о н а қ т а р о т ы р ы с а д ы .

А м м о с Ф е д о р о в и ч . Кәне, тілеуіңіз болғыр,
айтыңызшы, Антон Антонович, бұл қалай басталды:
бастан-аяқ сөйлеңізші.

Д у а н б а с ы . Бастан-аяқ бір тамаша: Тура өз
аузынан өтініш айтты.

А н н а А н д р е е в н а . Үлкен сыпайылықпен өте
быязы ғып айтты. Бастан-аяқ тамаша сөйледі, айтқа-
ны: мен, Анна Андреевна, сіздің қасиетіңізді құрмет-
тегендіктен, дейді. Бір сондайлық әдемі, тәрбиелі, бек-
зада адам. Маған, тура сіздің ерекше сыйпатыңызды
құрметтегендіктен дейді, әйтпесе, өмір бір-ақ тыйын,
дейді.

М а р и я А н т о н о в н а . Аһ, мамажан! Оны маған
айтып еді ғой.

А н н а А н д р е е в н а . Қой әрі, түк білмейсің, ки-
лікпе, сен кірісетін сөз емес! Мен, Анна Андреевна
қайран қалам... Сондай сөзінен май тамызып... Соны-
мен мен: біз енді үлкен құрметке жарарма екеміз де-
генімде: тізесін бүгіп, отыра қап: Анна Андреевна! Ме-
ні бақытсыз етпеніз! Менің тілегімді беріңіз, әйтпесе,
менің өлгенім, деді...

М а р и я А н т о н о в н а . Мамажан-ау, мұны мен
туралы айтты ғой.

А н н а А н д р е е в н а . Я, әрине... Сен туралы да
сөз болды, мен, әрине оны бекер демеймін.

Д у а н б а с ы . Тіпті шошытып: атылып өлемін де-
ді-ау. Атыламын, атыламын!— деді.

Қ о н а қ т а р . Апыр-ай, ә!

А м м о с Ф е д о р о в и ч . Анаң қара!

Л у к а Л у к и ч . Тап келтірген дағдыр бұйрығы ғой.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч . Дағдыр емес, шыра-
ғым, дағдыр болмаса да, еңбектен туып отыр. (Шетке.)

Бак деген бұндай доңыздар аузына өзі кеп түседі!
Аммос Федорович. Мен, Антон Антонович, энеугі сіз саудаласып жүрген төбетімді енді сізге сатармын.

Дуанбасы. Жоқ, мен енді төбетке айнала алмаспын.

Аммос Федорович. Оны алмасаңыз, онда баска итке келісерміз?

Коробкиннің әйелі. Аһ, Анна Андреевна, сіздің бақытыңызға мен біртүрлі қуанамын! Түсінер болсаңыз біртүрлі.

Коробкин. Ал енді, қадірлі қонағымыздың өзі қайда деп білеміз? Мен, бір іспен жүріп кетті деп есіттім бе.

Дуанбасы. Я, ол бір үлкен жұмыспен, бір күнге жүріп кетті.

Анна Андреевна. Өзінің ағасынан рұқсат алам деп кетті.

Дуанбасы. Рұқсат алады; бірақ ертең-ақ...
(Түшкіреді, жұрттың бәрі жаракімалдалап гу етеді.)
Тәңірі жарлығысын! Бір-ақ, ертең-ақ қайтып келеді...
(Түшкіреді. Жұрт тегіс құттықтайды. Әсіресе қатты естілетін үндер):

Частыный Пристав. Сау болуыңызды тілеймін, ұлық марқабаттым!

Бобчинский. Мәңгі жасап, қаптаған қазына жайыңыз!

Добчинский. Қырық жерде қыркқа жетсін!

Артемиий Филиппович. Арамғат!

Коробкиннің әйелі. Ома қап!

Дуанбасы. Бек рақымет! Сіздерге де сол болсын.

Анна Андреевна. Біз енді Петербургте тұрмақшымыз. А, бұнда, шынын айтсақ, ауасы тым жабыңқы ғой... шынын айтсақ тіпті жайсыз... Міне менің ерім болса да, онда генерал чинін алады.

Дуанбасы. Я, мырзалар, шынын айтқанда, менің генералдыққа зауқым бек соғады.

Лука Лукич. Е, тәңір жеткізсе несі бар!

Растаковский. Бенденің бермесін тәңірісі береді.

Аммос Федорович. Зор кеменің өрісі де зор.

Артемиий Филиппович. Қызметіне қарай дәрежесі.

Аммос Федорович (*шетке*). Шынымен генерал боп алып құтырмасын де! Бәлім, сыйырға ер ерттегендей генералдық қандай жарадар екен бұған! Жоқ, шырақ, оның ауылы алыс болар! Бұнда сенен көрі сыпайылар болса да, генералдық әлі алыс жатыр ғой.

Артемиий Филиппович (*шетке*). Қара дәмесін, генералдыққа мойын созады. Не дерің бар ма, болса болып та қалар. Жын қағып кетпесе, бұнын пандығы жеткілікті. (*Дуанбасыға*). Антон Антонович ол күнде бізді де ұмытпаңыз.

Аммос Федорович. Бір кезі кеп: мысалы, бір істің душарлығы болса, көмегіңізден тастамаңыз!

Коробкин. Келесі жылы баламды астанаға мемлекет игілігі үшін апармақ ем, рақым етіп, соған пана болыңыз, бишараға әкелік қылыңыз.

Дуанбасы. Мен әзірмін, көмегім әзір.

Анна Андреевна. Антоша, сен үнемі уәде бергішсің. Еңәуелі сенің оны ойлайтын уақытың болмайды. Және өзінді уәдемен шырмап не қыласың, о несі екен?

Дуанбасы. Неге жаным-ау: кейде болар.

Анна Андреевна. Әрине, болады. Бірақ, сонда, әлдеқандай уақ-түйекке көмек етуші ме едің...

Коробкиннің әйелі. Бізді не деп сыбағанын есіттіңіздер ме?

Конақтар. Несі бар, бұл баяғыдан сондай: қолы жетсе, құдайын ұмытады...

VIII КӨРІНІС

Бұлардың үстіне Почтмейстер, қолында ашулы хаты бар, еңтігіп кіріп келеді.

Почтмейстер. Тамаша жұмыс мырзалар! Ревизор деп жүрген төреміз ревизор емес боп шықты.

Бәрі де. Қалай ревизор емес?

Почтмейстер. Тіпті ревизор емес. Мен мұның хаттан білдім...

Дуанбасы. Немене сіз? Сіз? немене? Қай хаттан...

Почтмейстер Соның дәл өзінің хатынан. Пochтаға маған хатты алып келмесін бе, адресіне қарап жіберсем: Почтаamt көшесінде депті. Зәрем зәр түбіне кетті. Ә, дедім ішімнен, почта жөнінен бір пәле тапқан екен де, ұлыққа білдірген екен дедім. Алдым да, ашып жібердім.

Дуанбасы. Сіз кайтіп, бұ неткеніңіз?..

Почтмейстер. Өзім де білмеймін, жойдаусыз бір күштің итергені. Шабарманды шаптырып алып, дереу үкілі почтамен жөнелтейін деп бір оқталып ем,— өмірі көрмеген бір әуестік жеңіп болмағаны. Тіпті мұршам, мұршам жоқ. Қызықтырып сүйреп барады. Бір құлағыма біреу кеп; Әй ашпа, ашсаң мүрдем кетесін!— деп тұрса, екінші құлағыма сайтандай: аш, аш, аш!— деп қақылдап қалғаны. Сүргішін басып қап ем — тамыр-тамырым от боп кетті, ашып жіберіп ем аяздай, құдай біледі, аяздай қысты, қолым қалшылдап, көзіме түк көрінбей кетті.

Дуанбасы. Сіз, солай зор ірі мәртебелі ұлықтың хатын қалай аштыңыз?

Почтмейстер. Пәлесі сол оның: зор мәртебелі де, ірі ұлық та емес!

Дуанбасы. Ал, енді кім сізше?

Почтмейстер. Әрі-сәрі, сайтан біледі, кім екенін.

Дуанбасы (*шамданып*). Қалай әрі-сәрі? Қалай сіз әрі-сәрі дейсіз, әрі сайтан біледі деп? Мен сізді абақтыға...

Почтмейстер. Кім? Сіз бе?

Дуанбасы. Я, мен.

Почтмейстер. Қолыңыз шолақтық кылар.

Дуанбасы. Ол менің қызымды алғалы жатқанын білесіз бе, мен өзім де үлкен бекзада боламын, мен сізді тура Сібірге айдаймын?

Почтмейстер. Ай, Антон Антонович-ай! Сібір не, Сібір алыс қой. Онан да мен сіздерге хатты оқып берейін. Мырзалар! Оқуға рұқсат етесіздер ме?

Б ә р і. Оқыңыз, оқыңыз!

П о ч т м е й с т е р (оқыйды). «Достым, Тряпичкин, саған істеп жатқан кереметімді білдіруге асығамын. Жолда жаяу әскер капитаны ақшамды сыпырып ұтып алып, трактирші абақтыға отырғызбақшы да болып еді, бір күні құдайдың дес берісі, менің Петербургтік киіміме қарай, бүкіл қала мені генерал-губернатор екен деп қалыпты. Сонымен, қазір дуанбасының үйінде жатырмын. Қызы мен қатынын мұралдап айналдырудамын, жалғыз-ақ қайсысынан бастарымды білмей тұрмын; әуелі шешесінен бастарым деп ойлаймын, өйткені: не айтсаң да даяр болатын түрі бар. Сенің есінде бар ма, екеуміздің мұқтаждық шегіп, жоқтан өзгені тамақ қылатынымызды, бір күні ағылшын королінің есебіне деп текке жеген самсамыз тақырыпты, әлгі бір жаман наншының менің жағамнан сүйрегені де есінде ғой. Енді жұмыстың түрі өзгеге айналды. Қанша тілесем де барлық жұрт маған ақшаны қарызға береді. Неше алуан өрескел жандар бар. Сен күлкіден жарылып өлер едің. Сенің оны-мұны жазатының бар еді, сен бұларды өзіңнің әдебиетіңе кіргіз. Істің басы: «Дуанбасы — көк шолақ аттай ақымақ...»

Д у а н б а с ы. Қой! мұндай сөз жоқ онда.

П о ч т м е й с т е р (хатты көрсетіп). Міне, өзіңіз оқып көріңіз!

Д у а н б а с ы (оқыйды). Көк шолақ аттай. Қой болмайтын іс, мұны өзіңіз қойдыңыз.

П о ч т м е й с т е р. Мен қалай жазам?

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Оқыңыз!

Л у к а Л у к и ч. Оқыңыз!

П о ч т м е й с т е р (тағы оқыйды). «Дуанбасы — көк шолақ аттай ақымақ...»

Д у а н б а с ы. О, құдай ұрсын! Тағы оқуын! Онсыз да жетпегендей-ақ.

П о ч т м е й с т е р (оқый бастап). Ыһым... ыһым... ыһым... «шолақ аттай. Почтмейстер де қайырымды кісі... (Оқымай тастап кетеді). Бұл арада ол мен туралы да әдепсіз сөйлепті.

Д у а н б а с ы. Жоқ, оқыңыз!

П о ч т м е й с т е р. Керегі не соның?..

Д у а н б а с ы. Жоқ, болмайды, құдай ұрсын, оқыған соң түгел оқу керек! Бәрін оқыңыз!

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Бере тұрыңыз, мен оқыймын! (*Көзәйнек киіп, оқыйды.*) «Почтмейстер аумаған департаменттің қора күзетшісі Михеев; бұ да бір соғылған болса керек, арақты ішуі жаман».

П о ч т м е й с т е р (*жұртқа қарап*). Әй, бір сойып салатын оңбаған бала екен: не айтарсын!

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч (*оқыйды*). «Игілік орындарының бас... ба... ба...» (*Тұтығып қалады:*)

К о р о б к и н. Е, неге тоқтадыңыз?

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Жауыз, көмескілеу айткенімен антұрған екені көрініп тұр.

К о р о б к и н. Маған беріңізші! Менің көзім кішкене қырағылау шығар деп ойлаймын. (*Хатты алмақшы.*)

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч (*хатты бермей*). Жоқ, бұ жерін тастап кетсе де болады, ар жағы анық екен.

К о р о б к и н. Бере тұрыңызшы, мен білем ғой.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Оқуын өзім де оқыймын, рас кейінгі жағының бәрі анық екен.

П о ч т м е й с т е р. Жоқ бәрін оқыңыз! Бас жағы түгел оқылды ғой.

Б ә р і. Беріңіз, Артемий Филиппович! Хатты беріңіз. (*Коробкинге.*) Сіз оқыңыз.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Казір (*хатты береді*). Міне, алыңыз... (*Хатты алақанымен жабады*). Міне, міне жерден оқыңыз. (*Бәрі анталайды.*)

П о ч т м е й с т е р. Оқыңыз! Оқыңыз! Жоқ, бәрін оқыңыз.

К о р о б к и н (*оқыйды*). «Игілік орындарының бастығы Земляника: нағыз тақья киген шошқа».

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч (*жұртқа*). Түк тапқыш емес! Тақья киген шошқа! Тақья киген шошқа болушы ма еді?

К о р о б к и н (*тағы оқыйды*). «Мектеп басқарушысы сарымсақ сасып кетіпті».

Л у к а Л у к и ч (*жұртқа*). Құдай біледі, өмірі, ауызға сарымсақ салған жан емен.

Аммос Федорович (теріс қарап). Е, кұдай, мұнына да шүкір, әйтеуір мен туралы жоқ екен.

Коробкин (оқыйды). «Судья...»

Аммос Федорович. Мәс-саған!.. (Дауыстап). Мырзалар, мұның өзі тым ұзын хат көрінеді, және жоқтан өзгені оқудың да қажеті жоқ-ау деймін.

Лука Лукнич. Жоқ!

Почтмейстер. Жоқ, оқый беріңіз!

Артемий Филиппович. Жоқ, енді, оқыңыз біржола!

Коробкин (тағы оқыйды). «Судья Ляпкин-Тяпкин, барып тұрған моветон!...» (Тоқталады.) Француз сөзі болу керек.

Аммос Федорович. Чорт біледі не екенін! Сұмырай деген сөз болса да бір сәрі, әлде одан да сорақы бірдеме болмаса.

Коробкин (тағы оқыйды). «Дегенмен, мейірман дос, ақ көңіл халық көрінеді. Қош бол досым, Тряпичкин. Мен де саған ұсап әдебиетпен айналыс қылғым келеді. Бос жүрістен кісінің іші пысатын, ақыры жанына азық іздейтін көрінесің: сонда, әлдебір зор нәрсені алданыш қылу керек сықылды. Маған жазсан: саратов губерниясы, Подкатиловка деревнясына жазарсын. (Хатты аударып, адресін оқыйды.) Туысы ардақты Иван Васильевич Тряпичкинге, Санкт-Петербург, Почтамт көшесі, тоқсан жетінші номерлі үйде қораға кіргенде оң қолда, үшінші қатарда».

Әйелдердің біреуі. Не деген реприманд² оқыс жұмыс!

Дуанбасы. Міне сойған деген осы да! Өлтірді, өлтірді, оңдырмай өлтірді! Көзім түк көрмейді. Айналам бет-ауыз емес, өңкей шошқаның тұмсығы; одан басқа түк жоқ... Қайтару, керек оны! (Қолын сермейді.)

Почтмейстер. Қайтару қайда! Мен қара бастырғандай, ең жақсы үш ат жеккізіп беріп ем, сайтанғой, жолына жарлықты да күн бұрын бергізіп ем.

¹ Үлгілі тәрбие көрмеген, көргенсіз мағнасында.

² Істің қолайсыз жағдайға бет алуы.

Коробкиннің әйелі. Ойбай-ай, ойпырмай-ай, масқара, масқара!

Аммос Федорович. Бірақ, мырзалар! Құдай ұрып, ол менен қарызға үш жүз сом әкетті-ау.

Артемиий Филиппович. Менен де үш жүз сом алды.

Почтмейстер (күрсінеді). Оһ, менен де үш жүз сом алды.

Бобчинский. Петр Ивановичпен екеумізден, алыс бес сом қағаз ақша алып еді-с. Я-с.

Аммос Федорович (аң-таң болып, қолын жайып). Бұл қалай, мырзалар? Япырмай, сонымен нағып кара басты бізді?

Дуанбасы (өзін-өзі жұдырықтап). Мен ше? Жоқ, қалай мен кәрі ақымақ! Мен қалай алдандым!.. Есуас, ақылдан айырылғаның ғой... Отыз жыл қызмет қылғанда бір купец, не бір подрядчик алдап көрген жоқ еді, залымның зұлымын алдаушы ем; бүкіл дүниені теріс айналдырар, талай ала аяқты, қақпанға күсіріп едім; үш губернаторды алдап ұрдым... губернатор не! (Қолын сілтейді.)

Анна Андреевна. Олай емес шығар, Антоша: ол біздің Мариямен сөз байласты ғой...

Дуанбасы (ызаланып). Байласты! Қатқанынын шекесі, мәс-саған байласты! Сөз байласты деп ыза қылғаны несі... (Долданып) Бері қараңдар мұнда, бүкіл дүние, бүкіл насыраны қауымы көріңдер, дуанбасының ит болғанын көріңдер! Ақымақ-ақымақ дендер кәрі итті! (Өзіне өзі жұдырығын кезенеді.) [Ой, жуан тұмсық ит! Қайдағы бір сімілтір, шірік немені зор кісі деп білдің-ау! Міне, енді, ол жолбойы шек-сілесі қатып, қоңыраулатып барады! Жердің жүзіне жаяды, күлкі болғаның бір сәрі ғой, қағаз шыймайлағыш қу қаламдар естісе, сені күлдіргі кітап қып шығарады ғой. Міне, сонысы ғой бататын сенің абройыңа да, атағыңа да пысқырмайды, ол иттер аяуды білеме, тегісінен қол шапалақтап, қаңқу ғып кетеді. Атанның басына күлесіңдер ме? Өзіңе-өзің күлесің!.. Еһ шіркіндер!.. (Долданып, тақтайды тебеді.) Ай бәлем, қу қаламдар-ай! Антұрған азат ойшы, шыймайшылар-ай! Өңкей жанның тұқымы! Бірінді біріңе қосақтап, насыбайдай уқа-

лап күл ғып ұшырар ма еді! Инге тығып жіберер ме еді!.. (Жұмырығын түйіп, өкшесімен жер тебінеді. Біраз тым-тырыстан кейін). Әлі күнге есімді жыя алғаным жоқ. Құдай аларда, алдыменен ақылды алады ғой. Сол бәдіктің ревизорға келетін қай жері бар еді? Түгі жоқ еді. Мына шынашақтай да ұқсас жері жоқ еді! Жалмажан ревизор! Ревизор! деп, бәрің де шулай қалдың. Ең бастап ревизорды шығарған қайсың, айтындаршы?

Артеми́й Филиппович (алақанын жайып). Нағып бұлай болғанын, өлтірсең де білмеймін, дәл бір тұман басып тұрғандай, сайтан иектегендей болды.

Аммос Федорович. Шығарған кім болушы еді,— міне, мына екі сабаз! (Бобчинский мен Добчинскийді көрсетеді).

Бобчинский. Бұйырмасын мен емес. Мен тіпті ойлағаным да жоқ...

Добчинский. Мен, түк тіпті түк...

Артеми́й Филиппович. Әрине, сендерсіңдер!

Лука Лукич. Трактирден жүгіріп келдіңдер де, құтырған кісіше: «Келді, келді. Ақша да төлемейді...» Тауыпсындар қырғыйды!

Дуанбасы. Дәл сендер — қаланың өсекшілері, антұрған суайттар!

Артеми́й Филиппович. Ревизорың да, сөзің де кұрсын, кұрып кеткірлер.

Дуанбасы. Қаланы бастан-аяқ жортып, жұртты ылғый дүрліктіріп, қуарған сусылдақтар, тасығандарың өсек қана, жынды көкектер.

Аммос Федорович. Антұрған күйелі көсеулер!

Лука Лукич. Қалпақсындар!

Артеми́й Филиппович. Тоғышар сұмдар!

Бәрі екеуіне ұмтылады.

Бобчинский. Құдай ақына, мен емес, Петр Иванович еді.

Добчинский. Е, жоқ, Петр Иванович, алдымен сіз ғой неткен...

Бобчинский. Жоқ боса, жоқ, алдымен сіз болатынсыз.

СОҢҒЫ КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғ ы л а р ж әне ж а н д а р м.

Ж а н д а р м. Арнаулы әмірмен Петербургтен келген төре сізді дереу келсін деп бұйрық етті. Өзі гостиницаға түсті.

Осы сөз барлығына жай түскендей әсер етеді; таңданған үн әйелдердің кеудесінен бір-ақ шығады, барлық топ күйлерін бір сәтте өзгертіп, тегіс тастай катып, сілейіп тұрып қалады.

МЫЛҚАУ САХНА

Дуанбасы тап ортада діңгектей қақайып, екі қолын екі жаққа созып, басын шалқайтып тұр. Оң жағында қызы мен әйелі бұған қарай ұмтылғандай күйде; олардың артында: Почтмейстер жалпы халыққа қарап тұрған сұрау белгісі сыяқты; одан әрі Лука Лукич бейкүна адамдай боп мәңгіріп қалған, ар жақ сахнаның дәл шетінде үш қонақ әйел біріне-бірі сүйеніп, дуанбасының үй ішіне табалай қараған жүзбен тұр. Дуанбасының сол жағында: басын бір жағына қыңырайтып, әлде бір тың тыңдағандай боп Земляника тұр; оған таяу екі қолын екі жаққа тарбайтып, жерге отыра жаздап, ернін ысқыратын кісіше немесе «мәс-саған» дейтін кісіше бұзып тұрған судья. Оған таяу көзін сығырайтып, жұртқа қарап дуанбасыны мысқылдап тұрған Коробкин; оған таяу ең шетте, қолдарымен біріне бірі ұмтылып, ауыздарын аңқайтып, көздері адырайып тұрған Добчинский, Бобчинский, Өзге қонақтар тек қаққан қазықша қақайып қалған. Осындай аңтарылған күйде бәрі де бір жарым минуттай тұрады.

Ш ы м ы л д ы к ж а б ы л а д ы



Бобчинский мен Добчинский.
П Боклевскийдің қарындашымен салған суреті.

ҮЙЛЕНУ

*Өмірде бұрынды-соңды болып
көрмеген екі перделі оқыйға*

(1833 жылы жазылды)

ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР

А г а ф ь я Т и х о н о в н а, купец кызы, қалыңдық.

А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а, апасы,

Ф е к л а И в а н о в н а, арада жүргөн жеңге.

П о д к о л е с и н, қызметкер надворный советник

К о ч к а р е в, оның досы.

Я и ч н и ц а, экзекутор — шаруашылық бөлімінің менгерушісі

А н у ч к и н, отставкадағы жаяу әскер офицері.

Ж е в а к и н, теңізші.

Д у н я ш к а, үйде жүрген кішкентай қыз.

С т а р и к о в, керуен сарайының қожасы.

С т е п а н, Подколесиннің қызметшісі.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БОЙДАК ЖІГІТ БӨЛМЕСІ

I КӨРІНІС

Подколесня жалғыз, трубкасын тартып диванда жатады

Қолын тиіп, оқашада бір ойлана қалсаң, түбінде, үйленбей болмайтынына ден қоясын. Айтты-айтпады немене, тәйірі? Соқа басың состыйып күнелткенмен келе-келе, түбі бір шайлығып шыға бересін. Мясоедген¹ жер соғып тағы да қапы қалдым. Былай карағанда, бәрінің де басы қайырылып тұрған тәрізді жеңген араға жүргеніне үш айдың жүзі болды. Шынында өзім ел бетіне қарағысыз болуға да айналдым-ау деймін, Эй, Степан!

II КӨРІНІС

Подколесин, Степан.

Подколесин. Жеңгей келген жоқ па?

Степан. Жо-жок, келген жоқ.

Подколесин. Тігіншіге бардың ба?

Степан. Бардым.

Подколесин. Немене, фракты тігіп жатыр ма екен?

¹ Мясоед — шіркеу заңы бойынша ет жеуге рұқсат етілетін күндер. Неке қыюға тек осы күндерде ғана рұқсат етіледі! Подколесин сол күндерден қапы қалып, өкініп отыр.

Степан. Тігіп жатыр.

Подколесин. Болып қап па?

Степан. Я, болып қалған екен. Ілгегін торлай бастапты.

Подколесин. Не дейсін?

Степан. Ілгегін торлай бастапты деймін.

Подколесин. Фрактың мырзаңа не керегі бар еді деп, сыр тартып, сұрастыра қойған жоқ па өзі?

Степан. Жоқ, сұрастыра қойған жоқ.

Подколесин. Бәлки, мырзанның үйленгісі келетін ойы бар шығар деген болар?

Степан. Жоқ, ештеңе деген жоқ.

Подколесин. Дегенмен, сен оның үйінен басқа фрактарды да көрген боларсың. Ол өзі басқаларға да фрак тігетін шығар?

Степан. Я, фрак дегеніңізді тізіп тастапты.

Подколесин. Бірақ, шұғалары менікінен гөрі төмендеу болар?

Степан. Я, сіздің фрагыңыздың шұғасы ажарлырақ болар деймін.

Подколесин. Не дейсін?

Степан. Сіздің фрагыңыздың шұғасы ажарлырақ болар деймін.

Подколесин. Жақсы. Ал енді, осы нәзік шұғадан мырзаңның фрак тіктіріп жатқан себебі не деп, сұрастыра қойған жоқ па өзі?

Степан. Жоқ.

Подколесин. Өзі үйленгісі келмей ме деп, ол жайында сөз қылған жоқ па?

Степан. Жоқ, ол жайында сөз қылған жоқ.

Подколесин. Дегенмен, сен оған менің шенім мен қызмет орнымды айтқан шығарсың?

Степан. Айттым.

Подколесин. Оған ол не деді?

Степан. Шамам келгенше аянбайын деді.

Подколесин. Жарайды. Жүре бер енді.

Степан кетеді.

III КӨРІНІС

Подколесин жалғыз.

Мен өзім, қалайда, қара фрак көрнектірек келеді-ау деген пікірдемін. Ашық өнділері көбінесе секретарьларға, титулярныйлар мен тағы да сондай қыйқымбақай, ана сүті, аузынан кетпегендерге жарасады. Шені жоғарылар қалай дейтін еді әлгі, мынаны байқау керек... ұмытып қалғаным-ай. Жақсы-ақ сөз еді, жадымда жоқ. Я, әкем, қалай аудара қарап, ақтара төнкергеніммен тек әйтеуір, мундирі эполеттен жұрдай демесең, надворный советник те полковнигіңмен бірдей ғой. Эй, Степан!

IV КӨРІНІС

Подколесин, Степан.

Подколесин. Вакса¹ сатып алдың ба?

Степан. Алдым.

Подколесин. Қайдан алдың? Әлгі, өзім айтқан, Вознесенск проспектісіндегі дүкеншеден алдың ба?

Степан. Я, тап соның өзінен.

Подколесин. Қалай, жақсы вакса ма екен?

Степан. Жақсы.

Подколесин. Өзімен етік майлап көрдің бе?

Степан. Көрдім.

Подколесин. Қалай, жылтырай ма екен?

Степан. Жылтырауын жақсы жылтырайды екен.

Подколесин. Ал енді өзі саған ваксаны беріп жагып, мырзаға мұндай ваксаның не керегі бар еді деп сұрастыра қойған жоқ па?

Степан. Жоқ.

Подколесин. Бәлки, мырзаның үйленейін деген ойы бар шығар деген болар?

Степан. Жоқ, ештеңе деген жоқ.

Подколесин. Жақсы, жүре бер жөніңе.

¹ Етік кремі.

V КӨРІНІС

Подколесин жалғыз.

Былай карағанда етік дегенің бір түкке тұрмайтын ақ нәрсе сықылды, ал енді өзі, алда-жалда онбай тігіліп, онын үстіне сары ваксамен майланды бар ғой, аяулы қауым арасынан айтарлықтай абырой ала қоймайсын. Бәрі де көңілдегіндей бола қоймайды... Аяғыңның сүйелі болса, тағы бір пәле. Тек, әйтеуір сүйелден аяғым сау болды бар ғой, тәңірімнің тарт дегенін тартар едім. Эй, Степан!

VI КӨРІНІС

Подколесин, Степан.

Степан. Не бұйырасыз?

Подколесин. Етікшіге сүйел бола көрмесін деп айттың ба?

Степан. Айттым.

Подколесин. Ол не деді?

Степан. Жақсы, деді.

Степан кетеді.

VII КӨРІНІС

Подколесин, кейіннен Степан.

Подколесин. Құрып кеткір, үйлену дегеніңнің өзі бір әуре ғой! Анау да, мынау да кат. Оныңды да, мұныңды да кемеліне келтіре қояйын десен, — жок, жұрт айтқандай, құдай ұрғыр, бұның өзі онша оңай нәрсе емес. Эй, Степан! (Степан кіреді.) Саған тағы да мынаны айтайын деп ем...

Степан. Кемпір келіп тұр.

Подколесин. Ә, келді ме; шақыр өзін бері. (Степан кетеді.) Я, бұның өзі... бұның өзі, оңай іс емес... қыйын нәрсе.

VIII КӨРІНІС

Подколесин мен Фекла.

Подколесин. Ә, саумысын, саумысын, Фекла Ивановна, кәне, не болды? Қалай, орындық алып, отыра қал да, заулатшы. Кәне, қалай еді әлгі? Меланья ма еді өзінің аты, қалай еді?

Фекла. Агафья Тихоновна.

Подколесин. Я, я, Агафья Тихоновна. Өзі бір қырықты қымқырыңқырап қойып отырған кәрі-құртан қыз емес пе?

Фекла. Атай көрмеңіз, яғни, үйленісімен күн сағын аузыңыздан тастамай әлпештеп, алғыс айтатын боласыз әлі.

Подколесин. Қой өтірік оның, Фекла Ивановна.

Фекла. Көкетайым, өтірік айтудан өтіп кетті ғой жасым; өтірікті төбет айтады.

Подколесин. Ал, жасауы-ше өзінің, жасауы қандай? Қайтадан айтып жіберші.

Фекла. Жасау дегенде: Москва жақта екі қабат, тас үйі бар, үй болғанда да, өзі бір маңырап тұрған мал. Дүкенінің майына, бір купецтің өзі жеті жүз төлейді. Сыра қоймасынада келімді-кетімді кісі көп. Ағаштан салған екі флигелі бар: біреуі ылғый ғана ағаш, енді біреуінің іргесі тастан қаланған; әрқайсысы төрт жүз сомнан табыс беріп тұр. Выборог жақта бақшасы да бар: бұрнағы жылы бір купец қапуста егем деп жалдап алған еді, купец болғанда да өзі бір ащы суды аузына ұрттап алмайтын, көңілі сақ купец екен, үш баласы бар: екеуін үйлендіріп те қойыпты. «Ал кенжем болса әлі жас, саудамның дүрілдей түсуі үшін, дүкенде отыра тұрсын. Өзім болсам қартайдым, саудамның дүрілдеп кетуі үшін, мейлі, балам дүкенде отыра тұрсын» дейді.

Подколесин. Өзінің көркі-ше көркі қалай?

Фекла. Аумаған шекер! Аппақ, кызылшырайлы, уылжып тұрған уыздай, айтуға тіл жетпейтін бір шірін-шарбат. Тап осы араңыздан келгенше кенелесіз (кеңірдегін көрсетіп); яғни досыңызға да, дұшпаныңыз-

ға да: «рахмет, Фекла Ивановнаға!» деп жүретін боласыз.

Подколесин. Дегенмен, өзі штаб-офицерка емес пе?

Фекла. Үшінші гильдия¹ купецтің қызы. Қыз болғанда генералыңды да ұятқа қалдырмайтын бір қыз. Купец дегенінді құлағына да ілгісі келмейді. «Күйеуім кім болса, ол болсын, мейлі, тіпті көріксіз-ақ бола берсін, тек әйтеуір, дворянин болса — болғаны» дейді. Я, сондай бір үріп ауызға салғандай енді! Жексенбі күндері жібек көйлегіне бөленіп бір шығар болса, Айс пайғамдардың атын аузыма алып-ақ айтайын, судырап қоя береді. Аумаған княгинаның өзі!

Подколесин. Ол жағын сенен надворный советник болғандықтан сұрап отырғаным ғой, ойыма түсініп отырмысын...

Фекла. Түсінбейтін түгі де жоқ қой оның. Надворный советнигің де есігімізді ашқан болатын, бірақ қабыл алмай, қайырып жібердік: ұнамады. Өзінің мінезі бір қызық адам екен: бір көрмеге келбетті болғанымен, айтқанының бәрі өтірік. Тәңірім сөйтіп қойған соң, лажың бар ма. Өзі де онша қуана қоймағанмен, өтірік айтпай отыра алмайды екен. Құдайдың күдіреті ғой ол да бір.

Подколесин. Жә, енді, ол жағыңда бұдан өзге бөтен қыз жоқ па?

Фекла. Ойбай-ау, енді қандайы керек? Қыз біткеннің ең тәуірінің өзі осы.

Подколесин. Ең тәуірі осы деймісіз?

Фекла. Дүниені шыр айналып шықсаңда, ондай қыз таппайсын.

Подколесин. Ойланайық, ойланып көрейік, шешетай. Бүрсігүні келе қойыңыз. Екеуіміз, тағы да өстіп: мен жантайып жатайын да, сен әңгіме айтарсың...

Фекла. Ойбай, әкетайым-ау: саған келіп сандалғаныма үш айдың жүзі болды ғой, сонда да берекелі ештеңе шығар емес. Шапаныңды жамылып алып қорқыңды түтеткеннен басқа бітірер түгін жоқ.

¹ Купецтің дәрежесі.

Подколесин. Сен өзің, үйлену мәселесін: (Ей, Степан, етігімді әкелші!» дегенмен бірдей ғой деп отырмысын. Аяғыңа сұға салып, жүре бермек екенсін ғой? Қабырғаға кеңесіп, қарастырып көру керек.

Фекла. Көрсен несі бар? Көргің келеді екен, бар да көр. Бұйымды көрмек үшін, деген. Оданда шапаныңды алдыра қой да, таңғы таза ауамен қазір ғана тартып кет.

Подколесин. Қазір? Күннің бұлттанып тұрғанын көріп отырмысын өзің? Шыға сала жауынның астында қалсам қайтемін.

Фекла. Өзіңнің сорың қайнайды! Шашыңа әлден ақтың кіргені анау, ұзамай әлі, ерлі-зайыпты адамдардың арасындағы шаруаға жараудан да қаласын. Сендей придворный советникті көрмеді ғой деп отырмысын! Егескенде біз әлі күйеудің көкесін тауып, сендейлерге пыскырып қарамай да қоямыз.

Подколесин. Беталды бұл қай шатылғанын? Шашыңа ақ кіріпті деп, нені көріп көкіп отырсын өзің? Қайдағы ақ шаш? *(Шашын сыйпайды.)*

Фекла. Тіршілік иесі пенденің шашы ағармағанда, қайтуші еді. Қарашы өзің! Жанына, тіпті, анау да, мынау да жағар емес. Керек болса, менің бір көнілге алып жүрген капитаным бар, сен әуелі оның қолына су құйып беруге де жарамайсын, сөйлегенде өзі кернейше гүжілдейді, алгалантьерствода қызмет істейді.

Подколесин. Өтірік оның, ойша төпеп отырғанын қайдағы ақ шаш екен, қарайыншы айнаға. Эй, Степан, айнаны әкелші! Жок, қояқ-қой, өзім барайын. Жасаған-ай, сақтай көр. Мынау бір шешектен де сұмдық пәле ғой. *(Екінші бөлмеге шығып кетеді.)*

IX КӨРІНІС

Фекла мен Кочкарев (жүгіре басып кіріп).

Кочкарев. Қалай Подколесин?.. *(Фекланы көре қойып.)* Е, бұнда неғып отырсын? Әй, антұрып кеткен-ай!.. Жә енді өзің, бері қарашы, мені осы неғылмайсын деп үйлендірдің?

Фекла. Е, оның несі сөкет? Парызыңды орындадың.

Кочкарев. Парызыңды орындадың! Қатын дегенді көрмеді ғой деп пе едің! Онсыз әлде күнелте алмайтын ба едім?

Фекла. Ойбай-ау, үйлендіре көр деп қылқылдап, қыр соңымнан қалмай қойған өзін емес пе едің.

Кочкарев. Әй алжыған егеуқұйрық-ай!.. Жәенді, бұнда неғып отырсың? Подколесиннің де ойы бар ма...

Фекла. Болса, қайтуші еді? Жасаған ием жарылғайын дегелі отыр.

Кочкарев. Шын ба? Әй, залым-ай, ол жайында маған аузын ашсашы. Қандай десенші? Құлдығың болайын: жең ұшынан жалғасып жүрмісіндер, ә?

Х КӨРІНІС

Бұрынғылар мен қолында айнасы бар Подколесин айнаға өзі шұқшыя қарап тұр.

Кочкарев (*сырт жағынан жасырынып келіп, оны шошытады*). Пуф!

Подколесин (*баж етіп, айнаны қолынан түсіріп алады*). Жынды! Бұның не, ей, бұның не... Түү, осындай да есуас болармысын! Шошығаннан, тіпті, шыбын жаным шығып кете жаздады ғой.

Кочкарев. Оқасы жоқ, ойнағаным ғой.

Подколесин. Осындай да ойын бола ма екен? Қорыққаннан әлі күнге, тіпті, есімді де жыя алмай тұрмын. Айнаны сындырып тастағаның анау. Біреу берген олжа болса, бірсәрі: ағылшын дүкенінен әдейілеп сатып алған бұйымым ғой.

Кочкарев. Жә, кояқ-кой, мен саған басқа айна тауып-ақ берейін.

Подколесин. Я, тауып берерсін. Ондай айналарды білемін. Өңінді он жасқа қартайтып, пішінді қылжырайтып жібереді.

Кочкарев. Бері қарашы, өзіне менің көптен көп өкпе артатын орным бар ғой. Дос болып жүріп, менен сырынды жасырасың. Үйленейін деп жүр емеспісін?

Подколесин. Бекер: ойыма алсам бұйырмасың.

Кочкарев. Ойбай-ау, айғағың алдыңда тұрған жок па (Фекланы көрсетеді.) Мына отыр ғой өзі, бұл құдың кім екені белгілі. Амал қанша, оқасы жок, оқасы жок. Бұныңның өрескел түгі де жок. Христиан ісі, тіпті, отан үшін де кажет нәрсе бұл. Ықтыяр болсан: қалған шаруаның бәрін өз мойныма-ақ алайын. (Феклаға.) Бастан-аяқ баяндашы, кәнеки. Дворянның, чиновниктің немесе купецтің қызы ма, аты кім?

Фекла. Агафья Тихоновна.

Кочкарев, Агафья Тихоновна Брандахлыстова емес пе?

Фекла. Е, жок — Купердягина.

Кочкарев. Шестилавочнойда тұрушы ма еді?

Фекла. Жо-жок, Пескаларға таяу, Мыльный орамында тұрады.

Кочкарев. Я, бәсе, сол әлгі Мыльный орамындағы дүкеншенің сырт жағында тұрған — ағаш үй ме?

Фекла. Дүкенше емес, сыра қоймасының сырт жағындағы үй.

Кочкарев. Сыра қоймасының сыртындағысы қайсы, — оныңды біле алмадым.

Фекла. Сол әлгі орамнан бұрыла қойсаң, қарсы алдыңнан бір будка кез келе кетеді, сол будкадан өтісімен сол жағына қарай бұрыла қойсаң, тап алдыңнан, яғный бұрын әлгі сенаттың обер-секретарымен астасатын тігінші әйел тұратын ағаш үй тап бола кетеді. Бірақ тігінші әйелдің үйіне кірмей-ақ қой, оның аржағындағы келесі тас үй—яғни, сол әлгі, қалыңдығымыз, Агафья Тихоновнаның тұратын үйі болады.

Кочкарев. Жақсы, жақсы; енді бәрін де өзім жайғастырамын, жүре бер; енді керегің жок.

Фекла. Оның қалай! Тойды өзің ғана жасамақпысын?

Кочкарев. Өзім, өзім; тек әйтеуір, кірісе көрме.

Фекла. Ойпырмай, қандай ғана қарабет едің! Еркектің кірісе қоятын ісі емес қой бұл. Құдай ақына, қой деймін, шырағым!

Кочкарев. Бар, бар. Ештеңенің жөнін білмесен, кіріспе, есің бар да елінді тауып, аулақ жүр!

Фекла. Құдайдан безген, жұрттың аузындағы наһын қақшығалы отырсын ғой! Былыққа келіп былық

етуін қарашы. Бүйтеріңді білгенде, бәлем, ләм демей-
тін едім ғой. (*Қынжылып шығып кетеді.*)

ХІ КӨРІНІС

Подколесин мен Кочкарев.

Кочкарев. Кәнеки, бауырым, бұл істі енді кейін-
детуге болмайды. Жүрейік.

Подколесин. Ойпырмау, мен әлі ештеңе дегем
жоқ қой. Тек әншейін сөйтсе қайтер еді дегенім бол-
маса.

Кочкарев. Түк етпейді, түк етпейді! Тек әйгеуір
ұяла көрмесең болғаны: қалай үйлендіре қойғанымды
өзің сезбей де қаласын әуелі. Қазір қалыңдықтың
үйіне барамыз, сөйтіп, әңгіменің аяқ астынан қалай
бұлт бергенін өз көзіңмен көресін әлі.

Подколесин. Өйдөйт дерсін. Қазір бара қой-
сам-ау!

Кочкарев. Шырағым-ау, неменеге қыбыжықтай
бересін осы?.. Ойланып көрсеңші өзің: бойдақ жүріп
не береке таптың? Қарашы өзің үйіңнің сыйқына. Нен
бар кәнеки. Бесбаттам былғаныш етігіңнің ұсқыны
анау, беті, қол жуатын ағаш легеніңнің тұрғаны мы-
нау, темекінің стол үстінде тау-төбе болып үйіліп
жатқаны тағы анау, өзің болсаң, қартайғанша қатын
алмай өтетін адамша, ұзақты күнге басыңды бір кө-
термейсін.

Подколесин. Оның рас. Үйімде берекенің жоқ
екенін өзім де білемін.

Кочкарев. Жә, енді, әйел алдың бар ғой, өзін-
ді де, өзге дүниенді де дың қойып, танымай кетесін:
үйінде диваның, қанденің, тор ішінде торғайың тұра-
ды, кесте-месте деген сықылды.. Сөйтіп, көңіл жүгір-
тіп, көрші өзің бір, диванда отырасын, сөйтіп отырған-
да бүлдіршіндей бір келіншек қасыңа келіп отыра ке-
теді де, қолымен өзінді, бүйтіп...

Подколесин. Батшағар, ойлап тұрсаң, шынын-
да да, қандай ғана әдемі қолдар болады десеңші! Ау-
маған уыз ғой, бауырым.

Кочкарев. Қайда саған! Олардың бойындағы
бары — жалғыз осы қолы ғана ғой деймісін!.. Олар-

дың бойында, бауырым... Айтып-айтпай не керек, олардың бойында, бауырым, не нәрсенің жоқ екенін бір құдайымның өзі біледі.

Подколесин. Шынымды айтайын, әдемі әйелдің қасымда отырғанын бар ғой, жанымдай жақсы көремін.

Кочкарев. Көрдің бе, әнеки, өзің де түсіне қойдың. Тек енді әмір беріп жібергеннен басқасы жоқ. Ешнәрсеге өзің алаң болмай-ақ қой. Той тамағы мен тағы да басқа жабдығының бәрін де өзім жайғаймын... Бауырым, шампан шарабын, қайткен күнде де, бір дюжинадан кем алуға болмайды. Мадерадан да жарты дюжинаны алған жөн. Қалыңдықтың толып жатқан жеңгелері мен өкіл шешелері бар шығар, олар сенің қалжағыңды көтере қоймайды. Алда-жалда рейнвейн шарабы дейтін болса, құрып кетсін онысы, рас емес пе? Ә? Ал енді, тамақтың жайына келсек — көңілге алып жүрген менің бір придворный официантым бар, бауырым: иттің өзі тамаққа тыңкыйта тойғызып берсе, тырп етіп орныңнан тұра алмай да қаласын.

Подколесин. Шырағым-ау, шынымен-ақ той болғалы жатқандай, қолды-аяққа тұрар емессін ғой өзің.

Кочкарев. Болмағанда-ше? Несіне кейіндетеміз? Ықтыяр емеспісін?

Подколесин. Мен бе? Жо-жоқ... Ықтыярмын деп әлі де бекіп айта қойғам жоқ.

Кочкарев. Мәс-саған! Ойбай-ау, ықтыярмын деп, жаңа ғана айттың ғой.

Подколесин. Тек әншейін теріс бола қоймас деп едім.

Кочкарев. Шырағым-ау, не деп тұрсын өзің! Шаруамыз шарқына келейін деп қалған кезде... Не деп тұрсың? Әлде ерлі-зайыпты өмір өзіңе ұнамаушы ма еді?

Подколесин. Жоқ... ұнайды.

Кочкарев. Ендеше, бұның не? Неменеге қыбыжықтап тұрсың?

Подколесин. Қыбыжықтайтын түгім де жоқ. Тек әншейін сөкеттеу сықылды...

Кочкарев. Несі сөкет?

Подколесин. Сөкет болмай қайтеді: бойдақ жүріп келіп, келіп, аяқ астынан әйел алғалы отырсам.

Кочкарев. Қой, қой әрі... ұят емес пе өзіне? Жоқ, байқаймын, сенімен, сірә шындап сөйлеспей болмайды екен: баласымен сырласқан әкедей, сенімен енді ашып сөйлесемін. Мысалы, міне, қазір осы маған карағанындай, өз ұсқынына өзің үңіле бір қарап көрші, карашы. Кәне, кімсің өзің қазір? Кадір-қасиеттен жұрдай боп жүрген тек әншейін бір дүлей емеспісің. Айтшы өзің, неге бола өмір сүріп жүрсін осы? Карашы өзің айнаға, не көріп тұрсын? Есуас сыйқыннан өзге дәнемең жоқ. Ал енді, ойлап көрші өзің, аузынан түсіп қалғандай бөбектің екеу-үшеуі ғана емес, бәлкі, алтауы бірдей айналанда асыр салады екен. Мейлің, қазір надворный советник, мейлің, тіпті экспедитор немесе әлдеқандай бір бастық бола бер, онынды бір құдайдың өзіне тапсырдық, бірақ әйтеуір жалғыз-ілік жансын, ал енді үйленісімен, өзің ойлап көр, экспедиторға ұсаған, өңкей бір балақайлар айналаңа топырлап кетеді екен, сөйтіп отырғанда ұрыншактардын біреуі колын таяп әкеп бакенбардаңнан жұлқылай қойса, сен оған тек итше абалап: ав, ав, ав дей береді екенсің! Айтшы өзің, дүниенің одан артық қызығы бар ма?

Подколесин. Дөй-дөйдің нағыз өзі ғой түге: такыяда тамтығынды қоймай, қағаздарыңды шашып құртады.

Кочкарев. Тентек болса, мейлі, өңкей бір өзіннен аумаған — сонысы қызық қой.

Подколесин. Құрып кеткір, сондай бір балпақта, күшіктің өзіне тартып туа қойғанына, шынында, тіпті күлкін келеді.

Кочкарев. Күлмей қайтесін, әрине, күлесін. Кәнеки, жүрейік.

Подколесин. Жүрсек, жүрейік.

Кочкарев. Эй, Степан! Бол, мырзанның киімін әкел!

Подколесин (айна алдында киініп жатып). Әйтседе, ақ жилет киіп барғаным жөн-ау деп ойлаймын

Кочкарев. Оқасы жоқ, бәрібір.

Подколесин (*жағасын салып жатып*). Антұрған кір жуатын әйелдің жағаны крахмалға оңдырмай салғанын қарашы — тіпті тік тұрар емес. Степан, сен, оған айт, егер ол есуас кірді үтікке өстіп басатын болды бар ғой, басқа әйел жалдап аламын. Шынында өзі кір үтіктегенді қойып, бозбалалармен болады-ау деймін.

Кочкарев. Бауырым-ау, болсаңшы енді! Шұқыландан босамай қойдың ғой.

Подколесин. Қазір, қазір. (*Фрагын киіп, отыра кетеді.*) Бері қарашы, Илья Фомич. Былай етсен қайтеді? Өзің барып келші.

Кочкарев. Шәу деген-ау; осы өзінді бірдеме қағып кеткеннен саумысын? Маған барың не айтып тұрған! Ойбай-ау, қайссымыз үйленгелі отырмыз осы: сен бе, әлде мен бе?

Подколесин. Құдай ақы, құлқым болмай тұр: ең абзалы ертең барсақ қайтеді.

Кочкарев. Өзінде ақылдың титтей жұқанасы бар ма осы? Дүлей емей, кімсін енді? Киініп қойып, аяқ астынан айнып отырсын! Тілеуінді бергір, өзін-ақ айта қойшы, осы қылығыңмен доңыз емей, оңбаған емей, кімсін енді?

Подколесин. Ау, қалай, қалай янаттайсын өзін? Қай қылығыма бола? Не жазып ем мен саған?

Кочкарев. Ақымаксың, нағыз ақымақтың өзісін. бұны саған жұрттын бәрі де айтады. Экспедитор болсаң да, есуассын, нағыз есуастың өзісін. Шыжық болып, шыжылдап жүргенім не осы менің? Сенің пайдан емес пе: аңырсаң аузыңдағыңнан айрылғалы отырсын. Антұрып кеткен қу бойдақ жамбастап жатады да қояды! Тілеуінді бергір, айта қойшы, кәнеки, кімге ұқсайсын осы өзін? — шірік неме, қалпақ, әттең аузыма келіп тұрғаны-ай бір сөздің... амал не, айтуға әдепсіздеу келеді. Қатынсын! Қатыннан да сорақысын!

Подколесин. Шынында, өзін де оңып тұрған жоқсын. (*Баяу ғана.*) Өзінді бірдеме қағып кеткеннен саумысын? Қақ қасында крепостной адамның тұрғанына қарамай, қайдағы бір сөдегей сөздермен янаттайсын келіп: басқа жер таппаппа едің.

Кочкарев. Тілеуіңді бергір, өзің-ақ айта қойшы, қайтып янаттамайын? Сені янаттамауға кімнің шарасы бар? Сені янаттамауға кімнің шамасы келеді? Кәдімгі, инабатты адамша, үйленуге бел байлап, ізгі ниетке бет алып қойып, аяқ астынан ақымақ болып, айнып отырсын, дүлей неме...

Подколесин. Жә, болды енді, барайын—сонша бажылдағаның не өзіңнің?

Кочкарев. Барайын дейді! Әрине, бармағанда, басқа не бітірмексін! (Степанға.) Қалпағы мен шинелін әкел.

Подколесин (есік алдынан). Шынында өзі бір өте оспадар адам. Тіпті жақын жүруге болмайды: жөн-жосығы жоқ янаттай салады. Ілтифат дегеннен титтей түйсігі жоқ.

Кочкарев. Әрине, енді янаттай қоймаспын.

Екеуі де шығып кетеді.

XII КӨРІНІС

Агафья Тихоновна үйінің бір бөлмесі. Агафья Тихоновна картаны алдына жайып тастап отыр, оның қолының сырт жағынан апасы Арина Пантелеймоновна қарайды.

Агафья Тихоновна. Апатай, тағы да жол түсті! Бір кыйықтың королінің аузының суы құрйды, көз жасы, махаббат хаты, сол жақтан бір шытырдың королі қатты қырындайды, бірақ арада бір арпалысып жүрген мыстан бар.

Арина Пантелеймоновна. Бұл шытырдың королін кімге жорыр едің?


Агафья Тихоновна. Біле алмадым.

Арина Пантелеймоновна. Кім екенін мен білемін.

Агафья Тихоновна. Кім?

Арина Пантелеймоновна. Ол әлгі, шұғамен сауда жүргізетін, жақсы саудагер, Алексей Дмитриевич Стариков.

Агафья Тихоновна. Жо-жосқ, ол емес, неге бәстессеңіз де, ол емес.



Илья Фомич Кочкарев.
П. Боклевскийдің қарындашпен салған суреті.



Арина Пантелеймоновна. Таласпай-ақ ғой, Агафья Тихоновна, оның шашы өзгеше бір қылан келген шаш. Одан өзге шытырдың королі жоқ.

Агафья Тихоновна. Жо-жоқ, бұл арадағы шытырдың королі — дворянин. Купецке шытырдың королі болу қайда, тәйірі.

Арина Пантелеймоновна. Әттең, Агафья Тихоновна-ай, әкең Тихон Пантелеймонович марқұм тірі болса, бұл сөзді айтпас едің ғой. Кейде қолымен столды бір қойып қалып: «Купец болуға арланған кісіге түкіргенім бар; қызымды өмірі полковникке бермеймін. Ондай қызды, мейлі өзгелер-ақ жарата берсін. Ұлымды да әскерге бермеймін. Соншалық, басқалардай, купец бір, патсаға қызмет істемей жүр ме екен?» дейтін еді ақырып. Сөйтіп, шеңгелін столға салатын еді келіп. Қолы дегенің, жалпақтығы күректей, бір сұмдық болатын. Егер адалына келсек, анаңның түбіне жеткен соның өзі ғой, әйтпесе, марқұм әлі де біраз өмір сүретін еді.

Агафья Тихоновна. Менің де сондай содыр күйеуім болсын деймісіз! Купецке басымды кессе бармаймын!

Арина Пантелеймоновна. Бірақ, Алексей Дмитриевич ондай адам емес қой.

Агафья Тихоновна. Керегі жоқ, керегі жоқ. Сапсыйған сақалы бар: ас ішсе болды, сақалынан сорғалап отырады. Жоқ-жоқ, керегі жоқ!

Арина Пантелеймоновна. Япырау, жақсы дворянинді қайдан таба қоймақсын? Көшеден теріп ала алмайсын ғой.

Агафья Тихоновна. Фекла Ивановна табады. Ең тәуірін табамын деп уәде берген болатын.

Арина Пантелеймоновна. Жарығым, ол бір суайт ғой.

ХІІІ КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Фекла.

Фекла. Япырай, Арина Пантелеймоновна-ай, бүйтіп, бейкүнә бекер айтқаныңыз обал ғой өзіңізге.

Агафья Тихоновна. Ах, Фекла Ивановна екен ғой! Кәнеки, не болды, айтшы, айтып жіберші. Бар ма?

Фекла. Бар, бар, еңалдымен тек еңтігімді басуға мұрша бере көр — әуре болғаным, әлей! Бұйрығың бойынша бармаған, кеңсе-кеңсені қоймай министерия біткенді түп-түгел араладым, жік-жаппар боп көрінген есіктің алдында да сарылдым. Күнім-ау, құдай ақына бар ғой, таяқ та жей жаздадым. Әлгі, Аферовтарды үйлендірген қақпастың: «сұмқадам, сұмырай, жұртты нанынан қағасын ылғый, өз кварталыңнан аяғыңды аттап басушы болма», деп бажылдап қоя бермесі бар ма. «Долданбай, қой әрі, бикешімнен аярым жоқ» деп мен де өзін беттен ала түстім. Па, шіркін, өзіңе қандай аяулы күйеулер таптым десеңші! Яғни, бұл сықылды ай мен күн, әмбемен бірдей, жандар әлі күнге жарық дүниеге жаралып көрген емес. Кейбіреулері бүгін-ақ келіп қалу керек. Соны есіңе салайыншы деп, әдейі жүгіріп келдім.

Агафья Тихоновна. Бүгінің не? Жаным, Фекла Ивановна-ау, қорқып кеттім ғой.

Фекла. Қорықпай-ақ қой, күнім! Тіршіліктің қамы ғой. Келіп, көргеннен басқа түгі де жоқ. Сен де көрерсін өздерін: ұнамаса, — жөн-жөніне жүре береді ғой.

Арина Пантелеймоновна. Әлбетте енді, гәуір дегендерінен азғырған боларсын!

Агафья Тихоновна. Қанша өздері? Көп пе?

Фекла. Алты адамдай болады.

Агафья Тихоновна (*баж етіп*). Ойпырай!

Фекла. Күнім-ау, мұнша үріккенің не? Бірі жақпаса, бірі жағады дегендей, өзіңнің таңдауыңа жақсы ғой.

Агафья Тихоновна. Немене өздері: дворян ба?

Фекла. Шетінен сайлап алғандай. Дворян болғанда да ондай дворяндар бұрынды-соңды болып көрген емес.

Агафья Тихоновна. Кәне, қандай, қандай?

Фекла. Ылғый бір аяулы, ұқыпты, жақсы жандар. Еңәуелі Балтазар Балтазарович Жевакинді ал-

сак, флотта қызмет істейтін, сондай бір аяулы жігіт, саған енді сайлап қойғандай. Айтуына қарағанда өзі, қалыңдықтың тығыршықтай толығы болмаса, тырнаша тыртыйып тұрғанын жаным жек көреді дейді. Ал енді, әлгі экзекухтор болып істейтін Иван Павловичті алсаң, маңына жан жуытпайтын бір нәннің өзі. Сондай бір тұлғалы, толық келген; «қалыңдық анадай да мынадай еді деп, жоқты шатып көки бермей, турасын айт, малдай және мүліктей қанша жасауы бар?» деп ақыра қоя бермесі бар ма өзіме. «Сондай да сондай. көкетайым!» деп едім, «Өтірік айтасын, иттің қызы!» деді. Онымен де қоймай, күнім-ау, өзіңе айтуға аузым бармайтын бірер сөздерді де қыстырыңқырап жіберді ғой. Е, дегенше-ақ ерінің емеурінінен таный қойдым да: э, мынауың бір нән мырза болу керек деген ойға келдім.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Тағы да кім?

Ф е к л а. Тағы да Никанор Иванович Анучкин деген біреу бар. Сызылып тұрған бір сыпайының өзі, күнім-ау, ерні дегенің — шиедей, аумаған шиенің өзі, сондай бір аяулы жігіт енді. «Көрік жағынан көз тартқандай, тәлім-тәрбие көрген, французша сөйлей білетін қалыңдық керек еді дейді. Я, неміс өнегесін көрген, біп-биязі ғана бір адам; ал енді өзі, аяғы қасықтай, қып-қылта ғана, талшыбықтай бұралған талдырмаш жігіт.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Жоқ, ондай талдырмаштарың маған онша ұнаңқырамайды... білмеймін... Оларға көңілім онша толыққырай қоймайды...

Ф е к л а. Алда-жалда толықтауын тандасаң, Иван Павловичты ал. Бұл жалғанда одан асар пенде жоқ. Батшағар, мырза десең мырза енді өзі: мына есіктен сыйып кіре алмайтын — сондай бір аяулы жігіт.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Жасы нешеде екен өзінің?

Ф е к л а. Жап-жас жігіт. Елуде де ме екен, балки, елуге де келе қоймаған болу керек.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Фамилиясы кім?

Ф е к л а. Фамилиясы Иван Павлович Яичница.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Мынауыңның өзі фамилия ма?

Фекла. Фамилия.

Агафья Тихоновна. Ойпырай, жасаған-ай, осындай да фамилия болады екен! Феклажан-ау, бері қарашы өзің, алда-жалда соған күйеуге шығып, аяк астынан Агафья Тихоновна Яичница деп аталатын болсам, жұртқа не бетімді айтпақпын? Нендей сұмдық екенін бір құдайдың өзі білсін!

Фекла. Күнім-ау, құлағың естісе, бір түкіріп, шоқынып қана қоятын, ондай-ондай, өрескел жалған аттар Россияда толып жатыр ғой. Алда-жалда жалған ат жаныңа жақпаса, Балтазар Балтазарович Жевакин ді-ақ ала ғой—анық аяулы күйеу.

Агафья Тихоновна. Шашы қандай екен өзінің?

Фекла. Шашы дегенің тамаша.

Агафья Тихоновна. Мұрны-ше?

Фекла. Э... мұрны да мүсінді. Бәрі де монтыйып ғана тұр. Өзі де сондай бір аяулы жігіт. Тек әйтеуір ашулана көрмегейсін: мукаммал дегенде үйішінде трубкасынан басқа түгі жоқ.

Агафья Тихоновна. Тағы да кім бар?

Фекла. Чиновник, Акинф Степанович Пантелеев деген біреу бар, титулярный советник, аздап тұттығып қалатыны болмаса, өзі бір сондай кішіпейіл адам.

Арина Пантелеймоновна. Чиновник те чиновник деп тілінді емізе бермей, арақ десе өзінің құлқыны құрып тұра ма екен, одан да сонысын айтсаңшы.

Фекла. Ішуін, сөз жоқ, ішеді ғой. Бірақ титулярный советник болған соң не жорық; оның орайына өзі жібекше үлбіреп тұрған сондай бір жуас.

Агафья Тихоновна. Атай көрмеңіз, маскүнем күйеудің маған керегі жоқ.

Фекла. Мейлің, күнім! Біреуі жақпаса, екінші біреуін ал. Дегенмен, арақты зәуде бір сілейе сілтегеннің не сөкеттігі бар дейсін, — адам апта бойы мас болып жүре бермейді ғой: айығып қалатын да күндері болады.

Агафья Тихоновна. Жә, енді, тағы да кім бар?

Фекла. Тағы да біреу бар, тек өзі әлжуаздау бірдеме... әй, қойшы соны, тәйірі. Жаңағылар одан көшілгері.

Агафья Тихоновна. Кім екен өзі?

Фекла. Кім екенін айтқым да келіңкіремей отыр. Өзі, сірә, надворный советник болу керек, петлица да тағады екен, омалып орнынан тұрмайтын бір пәле, үйінен үркітіп шығара алмайсын.

Агафья Тихоновна. Жә, енді, тағы да кім бар? Сен өзің алтау деп едің, бас-аяғы бесеу-ақ болды ғой.

Фекла. Осыны да азырқанып отырмысын? Бағана, бәлем, қорқып кетіп едің, қарашы енді, аяқ астынан араныңның ашыла қалғанын.

Арина Пантелеймоновна. Бұл дворяндарыңнан не береке шығады дейсін? Алтауын бірдей қосақтап қойсаң да, кәдесіне жалғыз купецтің өзі-ақ жарап жатыр.

Фекла. Қойыңызшы, Арина Пантелеймоновна. Дворянин құрметтілеу келеді ғой.

Арина Пантелеймоновна. Құрметте тұрған не бар дейсін, тәйірі? Басына сусар бөрікті киіп алып, Алексей Дмитриевич шанамен бір ағызын ала жөнелсе, бәлем...

Фекла. Сонда, аполетін тағып алып, дворянин оның алдынан шығады да: «Қайда барасын, купецсымағым? «Қайт кейін!» Немесе: «Купецсымағым, барқытыңның ен тәуірін көрсетіп жіберші!» дейді. Купец: «Рақым ете көріңіз, әкетайым!» деп бәйек болған кезде, ол тұрады да: «Надан неме, қалпағыңды ал басыңнан!» — дейді, дворянин солай сөйлеседі әнеки.

Арина Пантелеймоновна. Қырсықса купец шұғасын бермей де қояды; дворянинің сонда иығына ілер лыпа таппай, тыр жалаңаш жүрер, бәлем.

Фекла. Дворянин купеціңді шауып тастайды.

Арина Пантелеймоновна. Купец онда полицияға шағым етеді.

Фекла. Ендеше дворянин купецінің үстінен сенахторға шағым береді.

Арина Пантелеймоновна. Купец онда губернахторға барады...

Фекла. Ендеше дворянин...

Арина Пантелеймоновна. Өгірік, өгірік оның: дворянин... Сенахторыңнан губернахтор үлкен! Қарашы өзінің дворянинді дардыйтуын! Қыйсыны келген жерде дворяниннің де қыбыжықтап тұрады... *(Есіктен қоңырау дауысы естіледі.)* Біреу қоңырау соғып тұр-ау деймін.

Фекла. Ойбой, бұл келген солар!

Арина Пантелеймоновна. Оларын кім?

Фекла. Солар деймін... Күйеулердің біреуі болу керек.

Агафья Тихоновна *(баж етіп.)* Ойпырай!

Арина Пантелеймоновна. Әулие-әмбие-лер, біздей күнакарларыңа көз қырын сала көр. Үй ішінің опыр-топыр болып жатқаны мынау. *(Стол үстінде тұрған күллі затты құшақтап алып, үй ішінде айнала жүгіреді.)* Стол үстіндегі дастарқанның сыйқын кара, қап-қара кір. Дуняшка, Дуняшка! *(Дуняшка келеді.)* Таза дастарқан әкеле көр. *(Дастарқанды жұлып алып, үй ішінде безек қағады.)*

Агафья Тихоновна. Япырай, апатай-ай, қайттім енді? Көйлекшең қалдым ғой.

Арина Пантелеймоновна. Япырай, күнім ай, киіне көр жылдам! *(Үйішінде безек қағады; Дуняшка дастарқан әкеледі; есіктен қоңырау дауысы.)* Жүгір: «Қазір!» деп айт.

Дуняшка алыстан: «Қазір» деп айғай салады.

Агафья Тихоновна. Япырай, апатай-ай, көйлегім үтіктелмеп еді ғой.

Арина Пантелеймоновна. Дұспанға таба қыла көрме, мейірімі мол тәңірім! Басқасын ки.

Фекла *(жүгіре кіріп)*. Неге жүрмейсіз? Күнім. Агафья Тихоновна-ау, болсаңшы енді! *(Қоңырау дауысы естіледі.)* Ойпырай, күтіп қалды-ау әлі.

Арина Пантелеймоновна. Дуняшка, ішке енгізіп, күте тұр де өзіне.

Дуняшка сенекке жүгіріп барады да, есікті ашады. «Үйде ме?» — «Үйде, бөлмеге кіріңіз» деген дауыстар естіледі. Құлыптың саңлауынан жұрттың бәрі анталай қарайды.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а (*баж ете түсіп*). Ойпы-
рай, алпамсадайын-ай өзінің!

Ф е к л а. Келе жатыр, келе жатыр!

Жұрттың бәрі тырым-тырағай болады.

XIV КӨРІНІС

И в а н П а в л о в и ч, Я и ч н и ц а м е н к і ш к е н т а й к ы з.

Д у н я ш к а. Осы арада аялдай тұрыңыз. (*Кетеді*).

Я и ч н и ц а. Аялдасақ, аялдай тұруға да болады, тек әйтеуір омалып отырып қалмасақ болғаны. Департаменттен бас-аяғы бірер минутке ғана сұранып шыға қойып ем. Ойда жоқта генерал: «экзекутор қайда?» деп сұрай қалса, қайттім? «Қалыңдық көре кеткен». Қалыңдықтың көкесін көрсетіп жүрмесе игі еді өзі... Әйтсе де, не нәрсесінің барын тағы да бір оқып көрейінші. (*Оқыйды.*) «Екі қабат тас үй»... (*Жоғары қарайды да, бөлмеге көз жүгіртеді.*) Бар екен! (*Оқый береді.*) «Екі флигель: біреуінің іргесі тас, енді біреуі ағаштан салынған»... Ағаштан салынғаны нашарлау екен. «Жеке аттық арба, үлкенді-кішілі кілем жапқан екі аттық өрнекті шана»... Онысы, бәлки, қаусап тұрған бір бәле шығар. Дегенмен, кемпір, қапысы жоқ деп бет бақтырар емес; жақсы, қапысыз-ақ бола қойсын. «Екі дюжина күміс қасық»... Әрине, үйіші болған соң күміс қасық керек қой. «Екі түлкі ішік»... Гм. «Төрт үлкен және шағын-шағын екі мамық төсек» (*Маңғаздана, ернін бір жымырып қояды.*) «Алты пар жібек және алты пар шыт көйлек, түнгі екі желең шапан, екеу»... Мына тармақ тып-тыйпыл екен! «Ішкиім, дастарқан»... Мұнысы, мейлі өзінің қалауына қарай бола берсін. Дегенмен, осының бәрін де басқа ұрып, көзбен көрген жөн. Қазір, үйімізді де, күймемізді де ала көр деп алдына түсіп жорғалағанымен, үйленген күні құр жастық пен құс төсегін ғана құшақтап қаласын, әлі.

Қоңырау даусы естіледі. Дуняшка есік ашкалы бөлмеден асығыс жүгіріп өтеді. «Үйде ме?» — «Үйде» деген дауыстар естіледі

XV КӨРІНІС

И в а н П а в л о в и ч п е н А н у ч к и н.

Д у н я ш к а. Осы арада аялдай тұрыңыз. Қазір шығады. *(Кетеді). Анучкин Яичницаға иіліп сәлем береді.)*

Я и ч н и ц а. Құрмет тұтам.

А н у ч к и н. Әсем туған үй иесінің әкесімен сөйлесіп тұрған жоқ па екем?

Я и ч н и ц а. Жо-жоқ, атай көрмеңіз, әкесі емеспін. Әлі күнге тіпті балам да жоқ.

А н у ч к и н. Япырай, ғапу етіңіз! Ғапу етіңіз!

Я и ч н и ц а *(бұрылып)*. Осы жігіттің ұсқынының өзі маған ұнаққырамай тұр: дәуде болса, бұл да менін жүрген шаруаммен келген болу керек. *(Естіртіп.)* Үй иесінде бір шаруаңыз бар ма еді?

А н у ч к и н. Жоқ-а... ешқандай шаруам жоқ, жай-аншейін, серуеннен келе жатып, кіріп едім.

Я и ч н и ц а *(сыртқа)*. Серуеннен келе жатып деп өтірік айтып тұр! Үйленейін деп жүр оңбаған!

Қоңырау даусы естіледі. Дуняшка есікті ашқалы бөлмеден жүгіріп өтеді. Сенектен: «Үйде мө?» — «Үйде» деген дауыстар естіледі.

XVI КӨРІНІС

Бұрығылар мен кішкентай қыз бастап келген
Ж е в а к и н.

Ж е в а к и н *(қызға)*. Тілеуіңді берсін, жаным, үстімді қағып жіберші... Шаң дегенің көше бойынан басып қалды. Өркенің өскір, эне бір жүнді алып тасташы. *(Қайырыла қарайды.)* Әп-бәрекелді! Рахмет, жаным. Қарашы тағы да, эне бір жерде өрмекші жорғалап бара ма қалай! Жә енді артқы қатырмада ештеңе жоқ па екен? Рахмет, бауырым! Мына арада да бірдеме бар сықылды. *(Қолымен фразгының жеңін сыйпайды да, Анучкин мен Иван Павловичқа қарап қояды.)* Бұл шіркіннің өзі ағылшын шұғасы ғой! Қанша киіс берді десеңші! Өзін, 95 жылы, эскадрамыз элгі Сицилияға барғанда мичман күйімде сатып алып, мундир тіктірген едім; 801 жылы, Павел Петровичтің тұсында лейтенант болған кезімде, — шұғасы су жана

еді; 814 жылы экспедиция жасап, жер шарын шырай-налып шықтым, тек сонда ғана тігіс-тігісі аздап қырқылайын деді; 815 жылы қызметтен босап, өңін айналдыртып кідім: содан бері он жыл бойы сүйретсем де, әлі күнге жап-жаңа. Рахмет, жаным, м... асқан аруым! (*Қызға қолымен ишарат етеді де, айнаға келіп, шашын аздап тікірейтіп қояды.*)

А н у ч к и н. Ғапу етіңіз, Сицилия демекші,— жана өзіңіз айттыңыз ғой, Сицилия деп,— қалай өзі, жақсы жер ме екен Сицилияңыз?

Ж е в а к и н. Тамаша жер. Біз өзінде отыз төрт күн еру болдық; көркі дегеніңізді айтайын, бір ғажайып: сондай бір таулары, сондай бір гранат ағаштары бар, италиян әйелдерінен аяқ алып жүргісіз, өздері қызыл гүлдей сонша бір жайнап тұрады дерсін. қызыққаныңнан тіпті шөп еткізіп сүйіп алғың кеп кетеді.

А н у ч к и н. Білімді ме екен өздері?

Ж е в а к и н. Қапысы жоқ! Олардың білгенін тек біздің графинялар ғана білуге тиіс. Кейде көшені бойлап келе жатасын — әлбетте енді өзің орыс лейтенантысын... Мына араңда, әлбетте, (*екі иығын көрсетеді*), алтынмен оқалатқан эполетің бар, сол кезде бүлдіршіндей сондай бір қараторылар — өздерінің үй бас сайын салған кіші-гірім балкондары болады екен, шағырлары, дәл осы жатқан едендей, жып-жылмағай.— Кейде, қадала кеп қарасаң, сондай бір қызыл гүлдер отырады енді... Әлбетте, намысыңды жібермеу үшін... (*Ніліп, қолын сермейді.*) Ол да тек бүйте қояды. (*Қолын қыймылдатады.*) Әлбетте өзі әбден киініп жасанып алған: мына арада әлденендей бір жібегі, бүрмелері, әралуан әйел сырғалары бар... қысқасы енді, үріп ауызға салып жібергендей.

А н у ч к и н. Ғапу етсеңіз, тағы да бір сұрау берейін,— Сицилияның тұрғын халқы қай тілде ұғынысады екен?

Ж е в а к и н. Әлбетте, француз тілінде.

А н у ч к и н. Бикеш біткен түп-түгел сол француз тілінде ғана сөйлей ме екен?

Ж е в а к и н. Түп-түгел. Бәлки, менің айтқан сөзіме илана да қоймассыз: өзіңізге жана отыз төрт күн еру

болдық дедім ғой, сол отыз төрт күннің ішінде олардың жалғыз ауыз орысша сөйлескенін естігем жоқ.

А н у ч к и н. Жалғыз ауыз!

Ж е в а к и н. Жалғыз ауыз. Әлбетте, енді, дворяндары мен тағы да басқа мырзалары, яғни әралуан офицерлері жайында айтып отырғам жоқ; қасақана қайдағы бір қоқсықты арқалап жүрген, қарапайым мужигін ғана алып: «Баурым, нан берші» деп сұрай қойыңызшы, түсінбейді, құдай ақына, түсінбейді, жә енді, французша: «Dateci del pane» немесе «portate vino»¹ десеңіз-ақ болды, түсіне кетеді де, лып беріп алып келе қояды.

И в а н П а в л о в и ч. Дегенмен, байқаймын Сицилияңыздың өзі бір ғажап жер болу керек. Жаңа өзіңіз мужик дедіңіз ғой: сол мужигыңыздың өзі қалай, қандай екен? Аумаған орыс мужигы сықылды, екі иығына екі кісі мінгендей бола ма екен, және өздері жер жырта ма екен, жоқ әлде жыртпай ма екен?

Ж е в а к и н. Жерді жыртатын, жыртпайтынын сізге айта алмаймын, ол жағына зер сала қойғам жоқ, ал енді әлгі насыбай жағына келсек, шеттерінен тек танауға ғана тартып қоймай, ауызға да атып жібереді екен. Жол жүрсең де су тегін; айналаңның бәрі су, қаптап тұрған қайық... Әлбетте, енді, жасанды жағасы, желегі бар, сондай бір италиян әйелі отырады дерсін гүлдей жайнап... Қасымызда ағылшын офицерлері де болды; олар да өзіміз сықылды моряктар екен, алғашқыда біріміздің сөзімізге біріміз түсінбей, шынында да әбден әуре болған едік, бірақ кейіннен шүйіркелесіп таныса келе емін-еркін ұғынысып кеттік: кейде бүйтіп, бөтелкені немесе стаканды ымдай қойсаң болғаны — араққа аңсаңның ауып тұрғанын түсіне қоятын; ал енді жұмырығыңды бүйтіп, аузына апарып, ерніңнің емеурінімен ғана: паф-паф дей қойсаң — темекі тартқың кеп тұрғанын біле қоятын. Қысқасы, сізге айтайын, өте бір оңай тіл екен, матростарымыз үш-ақ күннің ішінде ұғынысып кетті.

И в а н П а в л о в и ч. Байқаймын, бөтен ел өмірінің өзі бір ересен қызық сықылды. Көпті көрген кісі-

¹ Нан беріңізші, шарап әкеліңізші (итальян тілінде).

мен істес болуға іңкәр адам едім. Рұқсат етіңіз, танысып қояйық: аты-жөніңіз кім?

Ж е в а к и н. Қызмет бабыннан босанған лейтенант, Жевакин. Өз тарапымнан сұрауға маған да рұқсат ете көріңіз: сәті түсіп, кіммен сырласып отыр екем?

И в а н П а в л о в и ч. Экзекутор болып қызмет атқаратын, Иван Павлович Яичница.

Ж е в а к и н (*ести алмай қалып*). Я, мен де аздап ас ауыз тиіп шығып едім. Алдағы алыс сапарды сезіп, оның үстіне күн де суытып кеткен соң: нанға қосып майшабақ жеп едім.

И в а н П а в л о в и ч. Жок, сіз жаңсақ түсіндіңіз-ау деймін: Яичница — бұл менің фамилиям болады.

Ж е в а к и н (*уіліп*). Япырай, кешіре көріңіз, құлағымның аздаған мүкісі бар еді. Сізді, сірә яичница¹ жегенін айтып отыр-ау деп қалып ем.

И в а н П а в л о в и ч. Амалым қанша? Яичницын болып-ақ атанайыншы деген сйға келіп, генералдан рұқсат сұрағалы тұрған жерімде, мынауың «иттің баласы» дегенге ұқсастау екен деп, өзіміздің жігіттердің айнытып жібергені.

Ж е в а к и н. Е, ондай-ондай бола береді ғой. Біздің үшінші эскадра түп-түгел, күллі офицер мен матростардың фамилиялары: Помойкин, Ярыжкин, Перепреев лейтенант деген сықылды, шетінен бір таңғажайып фамилия еді. Ал енді, тіпті бір жап-жақсы деген мичманның фамилиясы тұпа-тура Дырка болатын. Кей-кейде капитан өзіне «ей, Дырка, бері келші!» дейтін еді. Бағзы бірде әзілге айналдырып «оңбаған тесік!» дейтінбіз біз де өзіне.

Сенектен қоңырау даусы естіледі, Ф е к л а есік ашқалы бөлмеден жүгіріп өтеді.

Я и ч н и ц а. Е, саумысын, шешетай!

Ж е в а к и н. Саумысын; халің қалай жаным?

А н у ч к и н. Сәлематсыз ба, Фекла Ивановна шешей.

Ф е к л а (*асығып-үсіге жүгіреді*). Рахмет, шырақтарым, саумын. (*Есік ашады; сенектен: «Үйде ме?»*)

¹ Я и ч н и ц а — жұмыртқадан әзірленетін күймак.

«Үйде» деген дауыстар шығады. Содан соң бірнеше сөз еміс-еміс естіледі, ол сөздерге Фекла қынжылып: «Қарай көр өзін!» деп жауап қайырады).

XVII КӨРІНІС

Бұрынғылар, Кочкарев, Подколесин және
Фекла.

Кочкарев (Подколесинге). Есінде болсын, тек әйтеуір, бәлсінуден басқаны білме. (Жан-жағына қарайды да, біраз таңданған пішінмен иіледі; өзіне-өзі). Бұл не деген қаптаған халық, батыр-ау. Бұлары несі? Бәз-баяғы күйеулер емес пе екен? (Фекланы түртіп қалып, оған ақырын ғана былай дейді.) Құзғындарды қай тұстан, жыйнап алдың байқұсым, а?

Фекла (ақырын). Бұл отырған құзғын емес, бәрі де адал ниетті адамдар.

Кочкарев (оған). Қонағың көп үйдегі, жұлма шапан кигені.

Фекла. Көрпеңе қарап көсілгейсін, сенің де мактанатын түгің жоқ, түте-түте тымағың, түйірсіз көже тамағың.

Кочкарев. Бұл тесік қалталарды, бәлки, жем қылып жүрген шығарсын. (Естіртіп.) Жә, қыздың өзі қазір не істеп отыр? Мына есік, сірә соның жататын үйіне кіретін болу керек. (Есікке таяп келеді.)

Фекла. Ұятсыз! Киініп жатыр деймін әлі.

Кочкарев. Сол да қыямет боп па! Киінсе қайтуші еді? Тек әншейін қараймын да қоямын. (Құлыптың саңлауынан сығалайды.)

Жевакин. Рұқсат етіңізші, мен де көрейін.

Яичница. Бір ғана рет қарауға мұрсат етіңізші.

Кочкарев (қарап тұрған күйі). Мырзалар, түк көрінбейді. Ағарандаған нәрсенің әйел немесе жастық екенін айырып болар емес.

Дегенмен, жұрттың бәрі есікті қамалап, саңлаудан сығаламақ боп кимелеседі.

Кочкарев. Чш... біреу келе жатыр.

Бәрі де тырым-тырағай кашады.

XVIII КӨРІНІС

Бұрынғылар, Арина Пантелеймоновна
мен Агафья Тихоновна. Жұрт түгел
іліп тәжім етеді.

Арина Пантелеймоновна. Я, қандай шаруамен келіп қалып едіңіздер?

Яичница. Ағаш пен отын дайындау жұмысын сіз көтеріп алады дегенді газеттерден оқып, қазыналық мекемеде өзім экзекутор болып қызмет істейтіндіктен, қандай ағаш екен, қанша екен және өзін қай мезгілге дейін түсіріп бере алады екен, соны білейінші деп келіп едім.

Арина Пантелеймоновна. Ешқандай жұмыс көтеріп ала қоймағанымызбен келгеніңізге қуаныштымыз. Фамилияңыз кім?

Яичница. Коллеж ассессоры Иван Павлович Яичница.

Арина Пантелеймоновна. Төрге шығыңыз. *(Жевакинге бұрылады да, соған қарайды.)* Танысып коюға рұқсат етіңіз...

Жевакин. Мен де газеттерден әлде немене жайындағы бір құлактандыруды көрдім де: тәуекел барып қайтайыншы деген ойға келдім. Күннің өзі де маужырап-ақ тұр екен, жол бойы шалғыннан аяқ алып жүргісіз...

Арина Пантелеймоновна. Фамилияңыз кім?

Жевакин. Қызмет бабынан бссанған теңіз қызметінің лейтенанты, Балтазар Балтазаров 2-ші Жевакин. Ішімізде тағы да бір Жевакин деген болған, бірақ өзі қылтасынан жараланып, қызметтен менен бұрын босаған еді: бір ғажабы, оқ тізенің өзіне тимей, инемен тіккендей ғып, сіңірін қыйып кеткен болатын, сөйтіп, кейде қасына келе қалсаң өзі түү сыртыңнан тізесімен ылғый қағып жібергісі кеп тұрғандай болып көрінетін.

Арина Пантелеймоновна. Жоғары шығыңыз. *(Анучкинге бұрылып.)* Ғапу етіңіз, қандай шаруамен келіп едіңіз?

А н у ч к и н. Көрші болғандықтан. Тіпті, үйіміз тап-
таяу ғана тиіп тұрып...

А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а. Біздің қарсы-
мыздағы, купец әйелі Тулубованың үйінде тұра-
мысыз?

А н у ч к и н. Жоқ, әзірше Пескада тұрып жатыр-
мын, дегенмен, кейінірек, қаланың осы жағына, сіздер-
ге көрші болып келсем бе деген ойым бар.

А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а. Жоғары шы-
ғыңыз. (Кочкаревқа бұрылып.) Ғапу етіңіз, танысып
қояйық...

К о ч к а р е в. Япырай, таный алмай қалғаныңыз
ба? (Агафья Тихоновнаға бұрылып.) Сіз де танымай
тұрмысыз, ханым?

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Сізді өмірі көрген емес
сықылдымын.

К о ч к а р е в. Дегенмен, есіңізге түсіріп көріңізші.
Сірә бір жерден көрген боларсыз.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Құдай ақы, біле алмай
тұрмын. Әлде, Бирюшкиндердің үйінен көрдім бе
екем?

К о ч к а р е в. Әлбетте, сол Бирюшкиндердің үйінен
көрдіңіз.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Сұмдық-ай, сіз оның
қандай оқыйғаға душар болғанын естімедіңіз ғой.

К о ч к а р е в. Неге естімейін, күйеуге тиген.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Жоқ, өйтсе, жақсы ғой.
аяғын сындырып алған болатын.

А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а. Сындырғанда
да сұмдық енді. Екі аяқты арбамен түн ішінде үйіне
қайтып келе жатса, делбешісі мас екен, арбадан ауда-
рып алыпты.

К о ч к а р е в. Бәсе-бәсе, күйеуге тиді ме екен, әлде
аяғын сындырып алды ма екен, әйтеуір, бір шатақтың
болғаны есімде.

А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а. Фамилияңыз
кім?

К о ч к а р е в. Ойбай-ау, Илья Фомич Кочкарев
емеспін бе. жекжатпыз ғой сіздермен. Әлгі, бір не
жайында әйелім тіпті аузынан тастамайды... Ғапу еті-

ніз, ғапу етініз (*Подколесинді қолынан алып, ертіп келеді*): досым, надворный советник, Подколесин Иван Кузьмич; экспедитор боп қызмет істейді, бар жұмысты атқаратын жалғыз өзі, өз міндетіне әбден жетілген адам.

Арина Пантелеймоновна. Фамилиясы кім?

Кочкарев. Подколесин Иван Кузьмич, Подколесин. Директордың тек әншейін шенге бола қойылғаны болмаса, жұмыстың бәрін істейтін осының өзі, Иван Кузьмич Подколесин.

Арина Пантелеймоновна. Солай. Төрге шығыңыз.

ХІХ КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Стариков

Стариков (*сәл бүйіріне қарай еңкейіп, купецтерше, әрі қутыңдап, әрі шапшаң шіледі*). Сәлеметпісіз, Арина Пантелеймоновна шешей. Шешетай, керуен сарайындағы жігіттер сізді жүн сатады деп еді!

Агафья Тихоновна (*менсінбей сырт айналып кетеді де, ақырын айтқанмен, оған есіттірерліктей ғып*). Бұнда купецтің дүкені жоқ.

Стариков. Қарай көр! Әлде буынсыз жерден пышақ салып тұрмыз ба? Әлде шаруаны бізсіз де бітіріп қойдыңыздар ма?

Арина Пантелеймоновна. Отырыңыз, отырыңыз, Алексей Дмитриевич, сататын жүніміз жоқ болса да, келгеніңізге қуаныштымыз. Төрлетіңіз.

Барлығы отырады. Тым-тырыс.

Яичница. Бүгінгі күн райы бір ғажап: таңертен жаңбыр жауайын-ақ деп тұрған сықылды еді, қазір ашылып кеткен тәрізді.

Агафья Тихоновна. Я, күн райының өзі бір жолы бұзылып алды: кейде ап-ашық боп тұрса, кейкейде нөсерлетіп кетеді. Тіпті үлкен шатақ.

Жевакин. Біз әлгі, Сицилияда бар ғой, сәуле-

шім, эскадрамызбен жазға салым болдық; мөлшермен айтқанда оның өзі февраль айымен шамалас келеді; кей-кейде үйден шыға келсең, ап-ашық тұрған күн, артынша болмай жауындатып, аяқ астынан жаңбырға айналып кететін.

Я и ч н и ц а. Ондай күндері жападан-жалғыз отыру дегенің бір пәле ғой. Зерікпейтін, әйелі бар адам болса бір сәрі; егер жалғыз болсаң өзі тіпті...

Ж е в а к и н. О тамұқ, нағыз тамұқ..

А н у ч к и н. Я, оның өзің былай деуге де болады ғой...

К о ч к а р е в. Қайда! Азап қой нағыз! Өмірден түңіліп бітесін; ондай күйге құдайым душар қыла көрмесін.

Я и ч н и ц а. Бір нәрсені таңдай қалған күнде қайтер едіңіз, ханым? Талғауыңызбен танысып қоюға рұқсат етіңізші. Төтелей тартқанымға ғапу өтінем. Қандай қызметте жүрген күйеуге сүйкімдірек болар едім деп ойлайсыз?

Ж е в а к и н. Күйеуіңіздің теңіз дауылымен таныс адам болуын қалар ма едіңіз, ханым?

К о ч к а р е в. Жо-жок. Менімше, ең тәуір деген күйеу, күллі департаментті билеп отырған адам болу керек.

А н у ч к и н. Ондай оспақтың не керегі бар? Әрине енді жаяу әскерде қызмет істегенімен, жоғарғы қауым салтын бағалай білетін адамға сіздің бүйтіп менсінбейтін мінез көрсеткіңіз келетіні қалай?

Я и ч н и ц а. Ханым, өзіңіз шешіңізші!

А г а ф ь я Т и х о н о в н а үндемейді.

Ф е к л а. Айта ғой, шырағым. Бірдеме деші өздеріне.

Я и ч н и ц а. Қалай көресіз, сәулем?..

К о ч к а р е в. Агафья Тихоновна, сіздің ойыңыз қалай?

Ф е к л а (оған ақырын ғана). Айтшы, «алда разы болсын», «рахмет» деп, айта салшы. Бүйтіп отырғанын жараспайды ғой.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а (ақырын ғана). Ұялып



Фекла Ивановна, арада жүретін жеңге.
П. Боклевскийдің қарындашпен салған суреті.

барам, құдай ақы, ұялып барам, кетемін, құдай ақы кетемін; апатай, орныма отыра тұрыңызшы.

Фекла. Япырай, ондай ұятқа қалдыра көрмеші, кетпеші; қасмасқара боласын. Неге жорыйтындарын кім білген.

Агафья Тихоновна (бұрынғысынан). Жок, құдай ақы кетемін. Кетемін, кетемін! (Жүгіре жөнеледі).

Оның соңынан Фекла мен Арина Пантелеймоновна да кетеді.

XX КӨРІНІС

Кеткендерден баска жұрт.

Яичница. Мәс-саған, бәрі де кетті! Бұлары несі?

Кочкарев. Бір пәле боп қалды білем.

Жевакин. Әйелдердің әшекейі шығар баяғы... жасанды жаға... бірдемесін түзеп... түйремек болған ғой.

Фекла келеді. «Немене, не боп қалды?» деп жұрттың бәрі оған қарсы ұмтылады.

Кочкарев. Бірдеме боп қалды ма?

Фекла. Не бола қоюшы еді. Құдай біледі түк болған жоқ.

Кочкарев. Ендеше, неменеге шығып кетті?

Фекла. Өздерің ұялта берген соң, шықпай қайтсін; бетінен басып, отыра алмады. Кешке қарай бірер шыны шай ауыз тиіп кетсін деп, кешірім сұрады. (Кетеді).

Яичница (сыртқа). Құрып кетсін, бірер шыны шайы! Әйел айттыру десе айқұлағымның тік тұратыны осынысы ғой: біресе бүгін ыңғайы жоқ еді, ертең келе қойыңыз, немесе бүрсігүні бірер шыны шай ауыз тиіп кетіңіз, болмаса әлі де ақылдасып көрейік деп, сергелдеңге салады да қояды. Басқатыратын несі бар осының, оп-оңай-ақ нәрсе ғой. Құрып кетсін, өзім болсам, қызметтегі адаммын, уақтым жоқ.

Кочкарев (*Подколесинге*). Бәйбіше жаман кісі емес-ау деймін, ә?

Подколесин. Я, жаман емес.

Жевакин. Қызы да жақсы екен.

Кочкарев (*сыртқа*). Құдай ұрып кетсін! Мына ақмақ ғашық болып қалыпты. Қырсық болып жүрмесе неғылсын. (*Естіртін.*) Жаман, өте жаман.

Яичница. Мұрны қолағаштай екен.

Жевакин. Жо-жок, мұрнын байқай қойғам жоқ. Өзі енді... сондай бір қызыл гүл.

Анучкин. Мен де мына кісілердің айтқанына қосылам. Жоқ, олай емес, олай емес... Мен, тіпті, осы қыздың жоғарғы қауым салтымен таныстығы жоқ қой деп те ойлап отырмын. Оның үстіне өзі осы әлі французша біле ме екен?

Жевакин. Мұрсат етіңіз, сіз өзімен французша сөйлесіп көрдіңіз бе әуелі? Бәлки, білетін шығар.

Анучкин. Сіз өзіңіз мені французша сөйлей алады ғой деп отырмысыз? Жоқ, сәті түсіп, ондай тәрбие ала алғам жоқ. Әкем бір оңбаған, айуан адам еді. Француз тіліне үйретейін деп ойына да алып көрген емес. Ол кезде әлі, оңай үйренетін, бала күнім ғой, тек әйтеуір дүрені жақсылап салса болғаны, біліп кететін едім, сөзсіз біліп кететін едім.

Жевакин. Бірақ қазір өзіңіз білмеген соң, оның білгенінен не пайда...

Анучкин. Жо-жок, әйелдің жөні бір басқа. Сөзсіз білуі керек, әйтпесе, оның онысы да, бұнысы да... (*Қол қыймылымен көрсетеді.*) бәрі де көңілдегідей бола қоймайды.

Яичница (*сыртқа*). Оның камын, мейлі, басқалар-ақ жей берсін, қорадан өзім үйі мен флигелін көрейін: егер бәрі де көңілдегідей болып шықса, бүгін кештен қалдырмай шаруаны тындыра қояйын. Мына отырған күйеусымақтардан қорқарым жоқ. Өздері бір азып-тозған адамдар көрінеді. Бұндайларға қалыңдық қарай қоймайды.

Жевакин. Барып, темекі тартып келейін. Сіз екеуміздің жолымыз бір емес пе екен? Ғапу етіңіз, қай жерде тұрушы едіңіз?

А н у ч к и н. Петров орамындағы Пескаларда тұрамын.

Ж е в а к и н. Я, бұрыстау екен: мен 18-ші жолдағы аралда тұрамын, сөйтсе де сізді ұзатыңқырап салайын.

С г а р и к о в. Жоқ, бұнда бір асқақтық бар сықылды. Тоқтай тұр, бәлем, Агафья Тихоновна. Бізді де әлі есіңе аларсын. Құрмет тұтам, мырзалар. *(Иіліп, шығып кетеді.)*

XXI КӨРІНІС

П о д к о л е с и н м е н К о ч к а р е в.

П о д к о л е с и н. Кәнеки, біз де аяңдайық.

К о ч к а р е в. Қалай дейсін, қыз, шынында, әдемі емес пе?

П о д к о л е с и н. Е, қойшы! Шынымды айтайын, өзі маған ұнай қойған жоқ.

К о ч к а р е в. Мәс-саған! Бұның қалай? Жана ғана жақсы екен дегенің қайда.

П о д к о л е с и н. Әрі-сәрі, көңілдегідей емес: мұрны да үлкен, әрі өзі французша да білмейді екен.

К о ч к а р е в. Бұл қай өнерің тағы да? Французшаның саған не керегі бар?

П о д к о л е с и н. Қалыңдықтың қалайда французша білгені жөн.

К о ч к а р е в. Неге?

П о д к о л е с и н. Неге десең... неге екенін өзім де білмеймін, бірақ онсыз бойындағы бар мәзірі көңілдегідей бола қоймайды.

К о ч к а р е в. Бәрекелді, жаңағы ақымақтың айтқанына иланыпты. Нағыз ару, арудың өзі емес пе; ондай аруды ешжерден іздесең таппайсың.

П о д к о л е с и н. Әуелде өзі көңіліме ұнаңқырап та қалған сықылды еді, бірақ жұрт: мұрны үлкен екен деп, шу ете түскеннен кейін, көз жіберіп қарап едім, мұрнының үлкен екенін өзім де көре қойдым.

К о ч к а р е в. Әттең, ақтан қараны айыра білмейтін дүлей-ай. Олар сені айныту үшін әдейі жамандап отыр емес пе, мен де мақтай қойғам жоқ, бұның өзі

солай болады. Бауырым, қандай ару десеңші өзі! Тек өзің көзіңе ғана бір қарап көрші, батшағар, лепілдеп, сөйлеп тұрған ғажайып көз емес пе. Мұрны десең,— не деген мұрын екенін өзім де білмеймін! Аппақтығы аумаған алебастр сықылды! Тіпті кез келген алебастрыңның өзі де тең келе бермейді. Жөндеп бір қарап көрші өзің.

Подколесин *(жымыңдап)*. Жақсы екенін жаңа ғана сезейін дедім.

Кочкарев. Әлбетте жақсы. Бері қара, қазір жұрттың жоғында қызға жолығайық та, жарасып, істі тындыра қояйық.

Подколесин. Жоқ, мен өйте алмаймын.

Кочкарев. Қалайша?

Подколесин. Ол қай арсыздық? Сүйген кісісін көп ішінен, мейлі, қыздың өзі таңдасын.

Кочкарев. Ойбай-ау, оларға несіне карайсын: әлде бәсекеден қорқып тұрмысын? Тілесен, бәрін, тіпті, қолма-қол қуып шығайын.

Подколесин. Қайтып қуып шыға қоймаксын?

Кочкарев. Онда жұмысың болмай-ақ қойсын. Тек әйтеуір артынан айнымаймын деп сөз берсең болғаны.

Подколесин. Бермейтін несі бар? Болсын. Жасыратыным жоқ: үйленгім келіп тұр.

Кочкарев. Қолыңды әкел!

Подколесин *(беріп жатып)*. Ма!

Кочкарев. Маған керегіннің өзі осы.

Екеуі де шығып кетеді.

ЕКІНШІ КЕРДЕ

Агафья Тихоновнаның үйінің бір бөлмесі.

I КӨРІНІС

Агафья Тихоновна жалғыз, кейіннен Кочкарев кіреді.

Агафья Тихоновна. Таңдау дегеніңнің өзі, шынында да, бір қыйын нәрсе екен! Жалғыз-жарым адам болса бір сәрі, соқтандай төрт жігіт. Қалай таң-

дасан, олай таңда. Сыйда, арықшалау дегенің болмаса, Никанор Иванович, әрине, жамаң жігіт емес, Иван Кузьмич те жамаң емес. Алда-жалда адалына келсек, алпамсадай дегенің болмаса, Иван Павлович те аса бір көрнекті еркек. Қәне енді, қайтем? Балтазар Балтазарович та қасиетті еркек. Бел байлай қоюдың қандай қыйын екендігін тіпті айтып болмайды. Алда-жалда Никанор Ивановичтің ернін Иван Кузьмичтің таңауына жамай қойып, Балтазар Балтазарычтың бойындағы керенаулығынан ептеп-септеп алып, оған Иван Павловичтің көрнектілігін қосса, қолма-қол бел байлай қояр едім. Қазір қайда ұрынарсын! Тіпті басым да аурып кетті. Еңтәуірі жеребе тастап көрсем деймін. Бәрін де бір құдайға тапсырайын: қолыма ілінгені күйеуім болсын. Есімдерін түп-түгел қағазға жазайын да, шығаратып, бүктеі қояйын, содан соң мейлі, не болса о болсын. *(Кіші-гірімдеу столға келіп, қайшы мен қағаз алады да, сөйлей тұрып билет қыйып, шығарта береді)*. Бойжетіп, әсіресе жар сүйіп отырған қыз дегенің бір сорлы ғой. Оған бірде-бір еркек түсінбейді, тіпті түсінгілері де келмейді. Бәрі де, мінеки, дап-дайын болды! Өздерін тек ридикульдің ішіне салып, көзді жұма қою ғана қалды, содан соң мейлі не болса, ол болсын. *(Билеттерді ридикульге салып, қолымен араластырады.)* Қорқып барам... япырай, құдай оңдап, Никанор Иванович шыға келсе игі еді; жоқ, оған не жорық? Одан да Иван Кузьмич шықсын. Иван Кузьмичі несі? Өзгелерінің одан қай жері кем... Жо-жоқ, керегі жоқ... мейлі, қолыма ілінгені болсын. *(Ридикульдің ішін қолымен ақтарып, біреуінің орнына бәрін алып шығады.)* Ойпырай! Түп-түгел! Тұтас шықты! Жүрегімнің дүрсілдеуін-ай! Жоқ, біреуін! Біреуін ғана! Сөзсіз біреуін ғана алу керек! *(Билеттерді ридикульге салып, қайтадан араластырады. Осы кезде Кочкарев ептеп кіреді де, сырт жағын ала тұра қалады)*. Әттең шіркін, Балтазар іліне қойса игі еді... Оным не! Никанор Ивановичті айтайын деп барып... жоқ, керегі жоқ, керегі жоқ. Тағдырдың бұйырғаны болсын.

Кочкарев. Иван Кузьмичті-ақ ала қойыңыз, еңтәуірі сол.

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Япырай!) *Баж ете түседі де, артына қарауға қорқып, екі қолымен бетін баса қояды.*)

К о ч к а р е в. Неге қорықтыңыз? Мен ғой, қорықпай-ақ қойыңыз. Рас айтам, Иван Кузьмичті алыңыз.

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Ойпырай, ұят-ай, сіз естіп қойдыңыз ғой.

К о ч к а р е в. Оқасы жоқ, оқасы жоқ, өз адамың, туысыңмын ғой, менен ұялатын түгі де жоқ; бетіңізді ашыңызшы.

А га ф ь я Т и х о н о в н а (*бетін жартылай ашып*). Кұдай ақы ұялып барам.

К о ч к а р е в. Иван Кузьмичті ала қойыңызшы.

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Япырай! (*Баж ете түсіп, қолымен бетін тағы да баса қояды.*)

К о ч к а р е в. Шынында, өзі бір қызметке әбден төселіп алған, керемет адам... Тіпті ғажап адам.

А га ф ь я Т и х о н о в н а (*бетін ептеп ашып*). Басқасын қайтем? Никанор Иванович ше, ол да аяулы жігіт ғой.

К о ч к а р е в. Шырағым, Иван Кузьмичтің қасында оның түкке татымайды.

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Қалайша?

К о ч к а р е в. Қалайша екені белгілі ғой. Иван Кузьмич адам, кәдімгі нағыз адам... Ондай адамды іздеп таппайсың.

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Ал, Иван Павловичше?

К о ч к а р е в. Иван Павлович те түкке тұрмайды! Бәрі де татымсыз!

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Бәрі де татымсыз деймісіз?

К о ч к а р е в. Өзіңіз тек қабырғанызға кеңесіп, салыстырып көріңізші: ол дегеніңіз, анау-мынау әлдекім емес, Иван Кузьмич ғой; Иван Павлович, Никанор Иванович дегендеріңіздің не пәле екенін шайтан білсін!

А га ф ь я Т и х о н о в н а. Шынында өздері бар ғой, өте бір... Момын жандар екен.

К о ч к а р е в. Қайдағы момын! Шетінен сойқан. Нағыз содырдың өздері. Той болған күннің ертекіне таяқ жеуге құмар бола қоймассыз.

Агафья Тихоновна. Ой, тоба-ай! Одан асқан сор бола ма.

Кочкарев. Е, бәсе! Одан асқан сор болушы ма еді.

Агафья Тихоновна. Сөйтіп енді, Иван Кузьмичті алғаның дұрыс деймісіз?

Кочкарев. Иван Кузьмичті, әлбетте, Иван Кузьмичті алыңыз. (Сыртқа.) Іс ретіне келейін деді білем. Подколесин кондитерскиде отыр еді, барып ертіп келе қояйын.

Агафья Тихоновна. Сөйтіп, Иван Кузьмичті ал деймісіз?

Кочкарев. Сөзсіз Иван Кузьмичті алыңыз.

Агафья Тихоновна. Өзгесін қабыл алмай жіберейін бе?

Кочкарев. Әрине, қабыл алмаңыз.

Агафья Тихоновна. Ойпырай, өйтіп қалай айтар екем? Ұятырақ болып тұр.

Кочкарев. Несі ұят? Әлі де болса жаспын, күйеуге шыққым келмейді деңіз.

Агафья Тихоновна. Ойбай-ау, оныма иланбай: неліктен, қалайша деп сұрайды ғой олар.

Кочкарев. Егер шортасынан тындырғыңыз келсе: «аулақ, өңшең ақымақ!» дей қойыңыз.

Агафья Тихоновна. Өйтіп қалай айтам?

Кочкарев. Айтып көрсеңізші. Содан кейін түп-түгел безбесе, түү бетіне деңіз.

Агафья Тихоновна. Бұныңыздың өзі сөлекеттеу сықылды.

Кочкарев. Қараларын қайтып көрмейтін болған соң бәрібір емес пе?

Агафья Тихоновна. Дегенмен, дұрыс емес сықылды... кек көреді ғой.

Кочкарев. Кек көрсе қайтер дейсін! Егер түбінен бір пәле шығайын деп тұрса, онда бірсәрі, ең қыын қылғанда бетіне біреуі түкірер де жіберер, одан басқа неғыла қояр дейсін.

Агафья Тихоновна. Көрдіңіз бе, әнеки!

Кочкарев. Е, қайтуші еді? Қайсыбіреулердің бетіне жұрттың бір емес, бірнеше түкірген кезі де

болған. Екі бетінен қаны тамып тұрған бір ән-әдемі жігітті де білетінмін мен; сол жігіт жалақымды қоса түс деп, қоярда-қоймай жабысып, бастығын әбден мезі қылған еді, ақыр аяғы бастығы шамданып, жігіттің бетіне, құдай ақына, түкіріп кеп жіберді. «Қосқаным осы, жоғал әрі, найсап!» деді. Сөйтсе де жалақысын бәрібір қосты. Ендеше, түкірікте тұрған не бар дейсін? Егер орамалы қыйында қалса, бірсәрі, қалтасында оп-оңай жатқан жерінен ала салып, бетін сүрте қойды. *(Сенектен қоңырау дауысы естіледі.)* Есік қағып тұр, дәуде болса, жаңағылардың біреуі болу керек, өздерімен енді кездеспесем деп едім. Шығып кеткендей басқа есіктеріңіз жоқ па?

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Неге болмасын, жасырын сатымен шығыңыз. Дегенмен, құдай ақы, тұлабойым қалтырап барады.

К о ч к а р е в. Оқасы жоқ, тек бекінсеңіз болғаны. Қош болыңыз *(Сыртқа.)* Подколесинді ертіп келе қояйын.

II КӨРІНІС

А г а ф ь я Т и х о н о в н а мен Я и ч н и ц а.

Я и ч н и ц а. Ханым, сізбен бір оңашалау отырып сөйлесейінші деп әдейі ертеректеу келіп едім. Жә енді шен жағым өзіңізге аян шығар деп ойлаймын: коллеж ассессоры болып қызмет істеймін, бастықтарым алақанына салып аялайды, бағынышты адамдарым да айтқанымнан шықпайды... Тек бір ғана жетпей жүрген жерім бар: өмірлік серігім жоқ.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Я.

Я и ч н и ц а. Сол өмірлік серікті қазір тауып отырмын. Ол серігім сізсіз. Бола ма, әлде болмай ма, тұрасың айтыңызшы? *(Қыздың иығына қарап қойып, сыртқа.)* О, сыйдйған неміс әйелдері сықылды емес, мығым екен өзі.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Әлі де болса аса жаспын... күйеуге шыға қойғандай ойым жоқ.

Я и ч н и ц а. Рақым ете көріңіз, ендеше құдағый несіне бәйек болып жүр? Әйтсе де, бәлки, басқа бірде-

ме дегіңіз келген шығар, сырласайықшы... (*Қоңырау дауысы естіледі.*) Құдай ұрғырлар, сөйлестіреді деймісін.

III КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Жевакин.

Жевакин. Кешіре көріңіз, ханым, ертерек келдім-ау деймін. (*Бұрылып, Яичницаны көреді.*) Япырай, келіп қалған екен сіз ғой... Иван Павловичке сәлем.

Яичница (*сыртқа*). Құрып кет сәлеміңмен қоса! (*Естіртін.*) Кәне, қалай дейсіз, ханым?.. Жалғыз ауыз сөзіңізді ғана айтыңызшы: бола ма, жоқ, болмай ма?.. (*Қоңырау дауысы естіледі; Яичница кіжініп түкіріп жібереді.*) Тағы да шылдырлатып жатыр!

IV КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Анучкин.

Анучкин. Ханым, мен, сірә әдептен аттап, ертерек келіп қалдым-ау деймін... (*Өзге жұртты көре қойып, аһ ұрып иіледі.*) Құрмет тұтам.

Яичница (*сыртқа*). Құрметің өзіңе! Сыйдыйған сыйрағы сынып кеткірдің сайтандай сап ете қалуын қарашы! (*Естіртін.*) Қалай дейсіз, ханым, шешіңізші, мен өзім, уақыты тар қызметтегі адам едім: бола ма, жоқ, болмай ма?

Агафья Тихоновна (*ұялып*). Керегі жоқ... керегі жоқ... (*Сыртқа.*) Не деп отырғаным түсінсем бұйырмасын.

Яичница. Керегі жоғыңыз қалай? Ненің керегі жоқ деп отырсыз?

Агафья Тихоновна. Оқасы жоқ, оқасы жоқ... Айтайын дегенім ол емес еді... (*Жігерленіп.*) Аулақ жүріңдер!.. (*Қолын сермен, сыртқа.*) Ойпырай, жасаған-ай, не деп тұрмын?

Яичница. «Аулақ жүріңіз» не? «Аулақ жүріңіздің» мәнісі қалай? Ғапу етіңізші, онымен не айтқы-

ңыз келіп еді? (Қырындап, оған қатуланып таяй береді).

А г а ф ь я Т и х о н о в н а (оның бетіне қарай қойып, баж ете түседі). Ойпырай, қойып жіберейін деп тұр, қойып жіберейін деп тұр! (Қаша жөнеледі.)

Яичница аңырып тұрып калады. Айғай-шуды естіп жүгіріп келген А р и н а П а н т е л е й м о н о в н а да Яичницаның бетіне қарай қойып: «Ойпырай, қойып жіберейін деп тұр!» деп ол да баж етіп, каша жөнеледі.

Я и ч н и ц а. Бұл не пәле! Шынында, мынау бір сұмдық екен!

Есік алдынан қоңырау шылдырлап, сөйлеген адам дауыстары естіледі.

К о ч к а р е в т і н д а у ы с ы. Кір, кір деймін, неменеге кідіріп қалдың?

П о д к о л е с и н н і н д а у ы с ы. Алдымен өзін кіре бер. Сәл жөнделіп алайын, белдікшем ағытылып кетіпті.

К о ч к а р е в т і н д а у ы с ы. Ойбай-ау, тағы да кашасын ғой.

П о д к о л е с и н н і н д а у ы с ы. Жоқ, кашпаймын! Кұдай біледі, кашпаймын!

V КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғ ы л а р м е н К о ч к а р е в.

К о ч к а р е в. Әнеки, белдікшені жөндеу деген де бір дүкерт болды енді.

Я и ч н и ц а. (оған бұрылып). Тілеуіңізді берсін, айтыңызшы, осы қалыңдықтың өзі есалаңнан сау ма?

К о ч к а р е в. Немене? Бірдеме боп қалды ма?

Я и ч н и ц а. Я, тіпті қылығына, адам түсінсе бұйырмасын; жүгіре жөнеліп: «қойып жібергелі тұр, қойып жібергелі тұр!» деп айғай-аттан салмасы бар ма! Не пәле екенін сайтан білсін!

К о ч к а р е в. Я, ондайы бар болатын. Жарыместеу қыз өзі.

Я и ч н и ц а. Айтыңызшы, сіз өзіңіз оның ағайыны боламысыз?

К о ч к а р е в. Әрине, ағайыны болам.

Я и ч н и ц а. Танысып қоюға рұқсат етіңіз, қандайлық ағайын боласыз?

К о ч к а р е в. Оллаһи, білмеймін: менің шешемнің жеңгесінің оның әкесіне немесе оның әкесінің менің жеңгеме бір жақыншылығы бар ма екен қалай, — ол жағын әйелім білуші еді, солардың шаруасы ғой.

Я и ч н и ц а. Өзінің шатасқанына көп уақыт болып па еді?

К о ч к а р е в. Баяғы, бала күнінен бері.

Я и ч н и ц а. Әрине, ақылды болғаны-ақ оңды ғой, дегенмен, жарымес болғанының өзі де жақсы. Тек әйтеуір, тіреліп тұрған жасауы болсын десеңші.

К о ч а р е в. Түгі де жоқ оның.

Я и ч н и ц а. Түгі жоғы қалай, тас үйі ше?

К о ч к а р е в. Тас үй деген құр әншейін атағы ғана ғой, қалай салынғанын көрсеңіз, көңіліңіз суып шыға берер еді: қабырғалары жалғыз кірпіштен қаланып, арасына әралуан қоқсық, қон-қоқыр, жаңқа-жонқа төгілген.

Я и ч н и ц а. Е, қойыңызшы?

К о ч к а р е в. Әлбетте. Қазір үйді жұрттың қалай салатынын білмейтін бе едіңіз?—Тек әйтеуір несиеге ұстатуға жараса болғаны ғой.

Я и ч н и ц а. Дегенмен, үйдің басы ондай борыш-карыштан бос сықылды ғой.

К о ч к а р е в. Оны кім айтты? Әңгіменің өзі де, мінеки, сонысында болып отыр, үйдің басы әншейін ұстатылып ғана қойса бір сәрі ғой, екі жыл бойына керек десе тіпті өсімі де төленген жоқ. Оның үстіне үйге көзін тігіп жүрген, сенатта тағы бір ағасы да бар; ондай алаяқ бұл жаһанда, сірә жаралып көрмеген шығар: туған анасының үстінде қалған жалғыз көйлегін сыпырып алған болатын, құдайдан безген.

Я и ч н и ц а. Ендеше, арада жүрген жеңгенің маған... Ойпырай, оңбаған найсап-ай, адам баласының сілімтігі-ай... (Сыртқа.) Дегенмен, осының өзі өтірік айтып тұрған жоқ па екен. Қакпасты қатты қысып сұ-

рау керек! Егер осыдан шын болып шықты бар ғой.. Бәлем... қаққанда қаныңды, соққанда сөлінді сығып алармын, бәлем.

А н у ч к и н. Бірер сұраумен мазаңызды алуға маған да рұқсат етіңіз. Шынында, француз тілін білмей отырып, әйелдің французша білер, білмесін айыра қою аса қыйын нәрсе ғой. Үй иесінің өзі қалай, біле ме?..

К о ч а р е в. Түк те білмейді.

А н у ч к и н. Е, қойыңызшы?

К о ч к а р е в. Не қоятыны бар? Ол жағын бес сау-сағымдай білемін. Өзі менің әйеліммен бірге пансионда оқыған, өмір бойы бір еңсесін көтеріп, елп етпейтін, әйгілі еріншектің өзі болатын. Француз мұғалімі тіпті таяқпен төмпештейтін.

А н у ч к и н. Мына қараңызшы, көрген жерден-ақ осының өзі, французша білмейді-ау деген ой басыма сайтандай сап ете қалып еді.

Я и ч н и ц а. Құрып кетсін французшасы! Бірақ әлгі арада жүрген антұрған жеңгенің бүйтін... Сені ме бәлем, найсап, мыстан! Ойпырай, мақтаған да майын тамызып еді кеп! Аумаған суретшінің өзі дерсін! «Үйі мен флигельдерінің іргелері тас, күміс қасық, шаналары қандай» деген еді. — Отырып ал да, орғытып жүре бер, қысқасы, ондай-ондай беттер романиан да некен саяқ табылар деймін. — Тұра тұр, ұлтарақ, сені ме, бәлем! Тек қолыма бір түсіп көр...

VI КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғ ы л а р м е н Ф е к л а.

Жұрттың бәрі көре қойып, оған былай дейді:

Я и ч н и ц а. Ә! Өзі де келді! Кәнеки, бері таман келші, күнакар қақпас! Бері кел!

А н у ч к и н. Фекла Ивановна-ау, мені өстіп алдайын деген екенсіз ғой!

К о ч к а р е в. Кәне, Варвара, бардағы өшінді ал!

Ф е к л а. Түк түсінсем бұйырмасын: тіпті есім шығып кетті.

Я и ч н и ц а. Жалғыз кірпіштен салынған үйді

жалған айтыпсын, ұлтарак: төбесіне жапсырып тағы неменелер салғанын сайған білсін.

Фекла. Білмеймін, мен салды ғой деп тұрмысын. Бәлкі, жалғыз кірпіштен салу керек болғандықтан, солай сала салған шығар.

Яичница. Оның үстіне өзі несиеге ұстатылыпты! Сайтан талағыр, қу мыстан! *(Аяғымен жер тепсінеді.)*

Фекла. Қарашы өзін! Тіпті тілі де тиіп барады. Қамын ойлағаныңа қайсыбіреу рақаттанып, рахмет айтар болар еді.

Анучкин. Я, Фекла Ивановна, өзі французша біледі деп маған да бөскен болатынсыз.

Фекла. Біледі, бауырым, бәрін де біледі, немісше де, баршасынша да — қалаған өнеріңнің бәріне де жетік.

Анучкин. Жо-жоқ, өзі тек орысша ғана сөйлейтін болу керек.

Фекла. Е, оның несі сөкет? Орысша ұғымдырақ болғандықтан орысша сөйлейді де. Басурмандарша сөйлесе өзіңе шатақ ғой, түгіне түсінбес едің. Бұл арада орыс тілін сөз қылатын түк те жоқ, оның қандай тіл екені белгілі болғанда қандай: әулие біткен сол орыс тілінде сөйлеген болатын.

Яичница. Кәне, антұрған бері таман келші! Берірек қасыма келші!

Фекла *(есікке таман шегіншектей түсіп)*. Бармаймын, білемін сені. Сөзге келмей соғып жіберетін содырдың өзісін сен.

Яичница. Көрерсін, қарағым, бұнымен құтылып кете алмассын. Полицияға дырылдатып сүйреп алып барсам, адал адамдарды қалай алдауды білер едің, бәлем. Көрерсін әлі! Ал енді, қалыңдыққа оңбаған скен деп айта бар! Естіп тұрмысын, қате қылма! *(Кетеді.)*

Фекла. Қарай көр өзін! Қалай-қалай тулайды! Алпамсадай болып алып, өзімен жағаласуға жан шықпайды деп ойлайды ғой. Мен айтайын, өзің оңбағансын, ал ендеше!

Анучкин. Шынында, сүйіктім, сізді бүйтіп алдай қояды деп, тіпті, ойлаған жоқ едім. Қалыңдықтың бі-

лімінің бұндай екенін білгенде, тіпті... бұл үйге, тіпті, келмейтін де едім. Ал ендеше. (*Кетеді.*)

Фекла. Сірә, өздері, усойқы жеп немесе араққа сілейіңкіреп алғаннан сау емес шығар. Қайдан шыққан кекіріт десеңші ылғый! Аусар білім, сірә ақылдарыннан алжастырайын деген екен.

VII КӨРІНІС

Фекла, Кочкарев, Жевакин.

Кочкарев Феклаға караған күйі, оны колымен нұсқап, қарқылдап күле береді.

Фекла (*қынжылып*). Неменеге қарқылдап тұрсын?

Кочкарев күле береді.

Фекла. Қарашы өзінің ішек-сілесі қатуын!

Кочкарев. Жеңгелігіңе болайын! Жеңгелігіңе! Үйлендіруге қандай ұста, араға жүруге қандай епті десеңші! (*Қарқылдап күле береді.*)

Фекла. Мәз болуын-ай! Анаң марқұм сірә сені таба салысымен-ақ ақылынан алжасқан болу керек. (*Қынжылған күйі шығып кетеді.*)

VIII КӨРІНІС

Кочкарев, Жевакин.

Кочкарев (*күлкісін тыймай*). Ойпырай, сілем қатты-ау әбден, оллаһи тыйтықтадым. Діңкем құрып, күлкіден тіпті жарылып кеткелі тұрмын. (*Қарқылдап күле береді.*)

Оның бетіне карап тұрған Жевакин де күле бастайды.

Кочкарев (*шаршап орындыққа отыра кетеді*). Ойпырай, оллаһи, әбден тыйтықтадым. Енді бір аз күлдім бар ғой, сөз жоқ ішегім түйілгелі тұр.

Жевакин. Сіздің мінезіңіздің жайдарылығы жаңыма жағып барады. Біздің капитан Болдыревтің

эскадрасында бір Антон Иванович Петухов деген мичман болған еді; өзі осындай жайдары мінезді жігіт болатын. Кейде сыңар саусағынды ғана бүйтіп көрсете қойсаң болғаны — күліп кеп жіберетін, оллаһи, содан кешке дейін күлетін еді. Сөйтіп, кейде бетіне қарай отырып, өзінің де күлкің кеп кететін, ақыр аяғы айналып келгенде сөйтіп күлкіден ішек-сілең қататын.

Кочкарев (*алқынып*). О, тоба, күнәміз болса, кешіре көр! Есуастың талабын көрмеймісін? Үйлендіру қайда оған, үйлендіретін кісі сондай болушы ма еді! Ал енді өзім үйлендірем дедім бар ғой, үйлендіре қоямын.

Жевакин. Шын ба? Сөйтіп, қалжыны жоқ үйлендіре қоясыз ба?

Кочкарев. Сөз бе екен! Кім болса да қалаған кісісіне үйлендіремін.

Жевакин. Ендеше мені осы үйдің иесіне үйлендіріңізші.

Кочкарев. Сізді ме! Үйленіп қайтпексіз?

Жевакин. Қайтпегі қалай? Ғану етіңіз, мынауыңыз бір тұрпайылау сұрау екен! Қайтетіні белгілі ғой.

Кочкарев. Жасаудан жұрдай дегенді жаңа естідіңіз емес пе?

Жевакин. Жоққа сот та жоқ деген. Әрине, онысы оңды бола қоймағанымен, сондай бір сызылған сыпайы, сүйкімді қызбен жасаусыз да жарасып өмір сүруге болады ғой. Кіші-гірім бөлмең болып (*қолымен мөлшерлейді*), мына арада құнтыйып ауызүйің, шапшағын ғана шымылдық немесе перде сықылды бірдеме құрулы тұрса...

Кочкарев. Қыздың қай жеріне қызығып отырсыз?

Жевакин. Шынымды айтайын толықтығына қызығып отырмын. Толық әйел дегенде ішкен асын жерге қоятын адам едім өзім.

Кочкарев (*оған көзінің астымен қарап қойып, сыртқа былай дейді.*) Өзінің де онша онып тұрған сыйқы жоқ; түбіндегі темекісін қағып алған қалта сықылды. (*Естіртін.*) Жоқ, сізге оллаһи, үйленуге болмайды.

Ж е в а к и н. Онысы қалай?

К о ч к а р е в. Солай әншейін. Осы арада-ақ қалсын-ау, сірә, осындай ұсқын бола ма? Аяғыңыз әтештің сыйрағы сықылды...

Ж е в а к и н. Әтештің?

К о ч к а р е в. Әрине. Не сыйқыңыз бар!

Ж е в а к и н. Әйтсе де, яғни, әтештің сыйрағы сықылды дегеніңіздің мәнісі қалай?

К о ч к а р е в. Я, аумаған әтештің сыйрағы сықылды.

Ж е в а к и н... Бірақ, бұныңыздың өзі адамның арына тиенді-ау деп ойлаймын...

К о ч к а р е в. Сіздің есті адам екендігіңізді білгендіктен солай деп отырмын ғой, әйтпесе кім көрінгенге айтпаста едім. Рақым етіңіз, мен сізді басқа бір әйелге үйлендірейін.

Ж е в а к и н. Жо-жоқ, басқа әйелге үйлендіре көрмеңіз. Осының өзіне ғана үйленуге мархабат істеңіз.

К о ч к а р е в. Рақым етіңіз, үйлендірейін, тек мынадай шарт қоям: ешнәрсеге араласпаңыз, керек десе тіпті, қалыңдықтың көзіне де көрінбеңіз. Бәрін де өзім жайғастырам.

Ж е в а к и н. Дегенмен, бәрін бірдей жалғыз өзіңіз қалай жайғастырмақсыз? Тым болмаса көзге бір көрініп кетуім керек қой.

К о ч к а р е в. Атамаңыз, керегі жоқ. Үйіңізге барыңыз да, жата беріңіз, бүгін кештен қалдырмай бәрін де жайғастырам.

Ж е в а к и н *(алақанын уқалап)*. Бұныңыз жақсы болды ғой. Жә енді, әлгі аттестат, қызмет тізімі дегендері керек бола қоймас па екен? Бәлкі, қалыңдықтың көргісі кеп қалар. Соларымды қазір алып келе қояйын.

К о ч к а р е в. Түктің де керегі жоқ, тек үйіңізге жүре беріңіз. Бүгіннен қалдырмай хабарын берем. *(Оны шығарып салады.)* Я, шіркін-ай, үйлене қойғыштың оңайын! Бұнысы қалай, батыр-ау! Мына Подколесин неғып келмей жатыр? Дегенмен, мынасы бір сұмдық скен. Белдікшесін әлі күнге байлап бола алмай жатыр ма екен? Әлде өзіне барып келе қойсам қайтеді?

ІХ КӨРІНІС

Кочкарев, Агафья Тихоновна.

Агафья Тихоновна (*жан-жағына қарап*).
Немене, кетті ме әлгілер? Ешкім жоқ па?

Кочкарев. Кетті, кетті, ешкім жоқ.

Агафья Тихоновна. Ойпырай, қалай қалтырағанымды көрмедіңіз ғой! Өмірі бүйтіп қалтырай қойған жоқ едім. Бірақ әлгі Яичницаның өзі қандай сұсты еді десеңізші! Әйеліне қандай мейрімсіз болар екен. Маған өзі әлі де қазір қайтып келетіндей болып тұр.

Кочкарев. О, енді қайтып келу қайда. Егер екеуінің бірде-біреуі қайтып осы үйге қарасын көрсетсе, басымды берейін.

Агафья Тихоновна. Үшіншісін кайтесіз?

Кочкарев. Үшіншісі қайссы?

Жевакин (*есіктен басын сұғып*). Оймақтай ғана аузымен өзім туралы қалай сырласар екен деп, ынтығып, өліп барам... Гүлім!

Агафья Тихоновна. Балтазар Балтазарович ше?

Жевакин. Әнеки! Әнеки! (*Алақанын ұқалап қояды.*)

Кочкарев. Өй, құрып кетсін! Кімді айтып отыр десем. Ойбай-ау, оның өзі бір дүлей емес пе.

Жевакин. Бұнысы несі? Мынасына, тіпті, түсінсем бұйырмасын.

Агафья Тихоновна. Дегенмен, түріне қарағанда өзі аса бір игі адам сықылды.

Кочкарев. Маскүнем ол!

Жевакин. Оллаһи, түсінбеймін.

Агафья Тихоновна. Оның үстіне өзі маскүнем деймісіз?

Кочкарев. Шырағым-ау, барып тұрған сұмырайдың өзі ғой.

Жевакин (*дауыстап*). Жоқ, ғапу етіңіз, ол жағын сізге тіпті айт дегем жоқ. Пайдасы тиетін ана-мынаны айтып, мақтай салсаң — бір сәрі; ал енді, мынадай сөзіңізбен, бүйтіп, құлдығын болайын, менен басқаларды-ақ жарылғай бер.

Кочкарев (*сыртқа*). Мынаны қай жын қуып келе қойды екен? (*Агафья Тихоновнаға ақырын ғана.*) Қараңызшы, қараңызшы энеки: аяғын әрең басып тұр. Күнде жазу жазады деп ойлайсыз ғой өзін. Тұқымын тұздай құрытып, қуып шығыңызшы. (*Сыртқа.*) Бірақ Подколесині бар болғыр келер емес. Әй, сұм-ай! Са-зайыңды тарттырармын, бәлем. (*Кетеді.*)

Х КӨРІНІС

Агафья Тихоновна мен Жевакин.

Жевакин (*сыртқа*). Мақтаймын деп уәде беріп, янаттап кетті! Қызық адам екен! (*Естіртін.*) Ханым, сіз илана көрмеңіз...

Агафья Тихоновна. Ғапу етіңіз, өзім нау-қастаныңқырап... басым ауырып отыр еді. (*Кеткісі келеді.*)

Жевакин. Бәлки, сізге бір жерім, жақпай тұрған болар? (*Басын көрсетіп.*) Мына жерімдегі болымсыз жалтырға қарамай-ақ қойыңыз. Түк етпейді ол, безгектің салдары ғой; шашым қазір-ақ өсіп кетеді.

Агафья Тихоновна. Басыңызда жалтыр түгіл, одан өзгесі болса да бәрібір маған.

Жевакин. Ханым, менің... қара фрак кисем, ажарым аққұба тартып кетеді.

Агафья Тихоновна. Сүйгеніңізді істеніз. Хош болыңыз! (*Кетеді.*)

ХІ КӨРІНІС

Жевакин жалғыз, қыздың соңынан сөйлейді:

Ғапу етіңіз, ханым, бұныңыздың мәнісін айтыңызшы? Неліктен? Әлде менің бадырайып тұрған бір кем жерім бар ма?.. Кетіп қалды! Тамаша! Осындай оқығанаға, мінеки, он жеті дүркін душар болып отырмын, бәрі де осы сықылды: әуелде жап-жақсы боп келеді де, әңгіме дәл шешілер жеріне барғанда, айнып шыға береді. (*Үйішінде ойланып, арлы-берлі жүреді.*) Я. Бұны енді он жетінші қалыңдық деп қойыңыз! Дегенмен, өзіне не керек енді? Мысалы, өзіне соншалық

бір?.. Не себепті... (Ойланyp.) Түсінбеймін, тіпті түсінбеймін! Бір жерім кем боп тұрса, бір сәрі. (Үсті-басына қарап). Былай қарағанда олай деуге болмайтын сықылды. Құдайға шүкір, түрімнен түңіле қойған жоқ. Түсінбедім. Әлде үйге барып, сандығымды ақтарып көрсем бе екен? Сандығымда сөзіне бірде-бір қыз татымайтын бір өлең бар еді... Оллаһи, мыйыма кірсе бұйырмасын. Әуелде сәті түсейін-ақ деген сықылды еді... Сірә, табанды жалтыратуға тура келер деймін. Бұның өзі, шынында да, бір өкінерліктей іс болды. (Кетеді.)

XII КӨРІНІС

Подколесин мен Қочкарев кіріп келеді де, екеуі де арттарына қарайды.

Қочкарев. Өзі бізді байқаған жоқ! Көрдін бе, салындысы суға кетіп шыққанын?

Подколесин. Жаңағылар сықылды, бұны да қабыл алмай, қайтарды ма?

Қочкарев. Мүлдем.

Подколесин (тоқмейілісіп жымыңдап қойып). Дегенмен, қабыл алмағаны ұятырақ-ау өзі.

Қочкарев. Сөз бар ма!

Подколесин. Жұрттың бәрінен сені ғана артық көрем деп қыздың айта қоятынына әлі де сене алмай тұрмын.

Қочкарев. Артық көргенің не! Сен дегенде өзі тіпті есінен танады. Жақсы көргендіктен: бір есіміңнің өзін жүз құбылтып, құмарлықтан: тек әншейін күйіп-жанып отыр.

Подколесин (мыйығынан күліп қояды). Шынында, көңілі түссе, әйелдің аузынан не алуан сөз шықпайды дейсін. Қелбеттім, шыбыным, қараторым деген сөздер өмірі тіпті ойыңа келер ме...

Қочкарев. Тәйірі, сол да сөз боп па! Тек үйлендің бар ғой, алғашқы екі айдың ішінде не бір жылы сөздерді өз құлағыңмен естисін әлі. Бауырым, тіпті, балқып та кетесін.

Подколесин (мырс етіп). Қойшы?

Кочкарев. Оллаһи. Дегенмен, бері қара, іске дереу кірісейік енді. Өзіне сөз айтып, қазірден қалдырмай сырынды ақтар да, қолын сұра.

Подколесин. Қазірден қалдырмағаның қалай? Қой әрі?

Кочкарев. Оллаһи, қазірден қалдырмау керек... Міне, өзі де келді.

XIII КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Агафья Тихоновна.

Кочкарев. Ханым, мына бір пендеңізді алдыңызға әкеп тұрмын. Тәңірім, дос түгіл дұшпанның басына да бермесін, бұндай ғашық әлі күнге болып көрген емес...

Подколесин (оны қолтықтан түртіп қалып, ақырын ғана). Бауырым, тым асырыңқырап жібердінау деймін.

Кочкарев (оған). Оқасы жоқ, оқасы жоқ. (Қызға ақырын ғана.) Емін-еркін сөйлесіңіз, бұнын өзі бір асқан момын жігіт, шамаңыз келгенше наздана беріңіз. Сұмырайдың аузының суы құрығандай ғып, қасыңызды былай, қапысын тауып бір қағып немесе көзіңізді төңкере қойыңыз, болмаса, оңбағанның көзін қызықтырып, иығыңызды бір ыңғайы келгенде төсей қойыңыз! Әйтсе де, жеңсіз көйлегіңізді бекер кимеген екенсіз, я, дегенмен, осыныңыздың өзі де жақсы. (Есірттіп). Сөйтіп, екеуіңізді жарасқан жайда қалдыра тұрамын! Асханаларыңыз бен асүйлеріңізге басымды сұғып ғана шығам; жайғайтын шаруа бар еді, кешкі асты әзірлейтін официант та келіп қалуға тиіс; балки, шарапты да әкеп қойған болар... Көріскенше! (Подколесинге.) Қыймылда, Қыймылда! (Кетеді.)

XIV КӨРІНІС

Подколесин мен Агафья Тихоновна.

Агафья Тихоновна. Отыруыңызды өтінемін.

Екеуі де отырады, тым-тырыс.

Подколесин. Ханым, сіз, серуендегенді жақсы көремісіз?

Агафья Тихоновна. Қалай серуендегенді?

Подколесин. Жазды күні дачада кайыққа мініп серуендеген өте бір рақат нәрсе.

Агафья Тихоновна. Я, таныстарымызбен бірге кей-кейде серуенге шығып жүреміз.

Подколесин. Алдағы жаздың қандай болары белгісіз.

Агафья Тихоновна. Жақсы болса игі еді.

Екеуі де үндемейді.

Подколесин. Ханым, сіз көбінесе қандай гүлді жақсы көресіз?

Агафья Тихоновна. Иісі аңқып тұратын: калампырды жақсы көрем.

Подколесин. Гүл дегеніңіз әйелдерге жараса кетеді.

Агафья Тихоновна. Я, еріктірмейтін ермек ғой.

Тым-тырыс.

Агафья Тихоновна. Өткен жексембіде қай шіркеуге бардыңыз?

Подколесин. Вознесенск шіркеуіне бардым, одан бір апта бұрын Қазан шіркеуіне барған едім. Әйткенмен, ғибадат тұтуға шіркеудің бәрі бір ғой. Ана шіркеу тек көркемірек келеді.

Тым тырыс. Подколесин саусағымен столды тықылдатып қояды.

Подколесин. Таяуда екатерингоф серуені болады.

Агафья Тихоновна. Я, бір айдан кейін шығар деймін.

Подколесин. Тіпті бір айға да жете қоймас.

Агафья Тихоновна. Бәлки, қызық болып өтер.

Подколесин. Бүгін жұлдыздың сегізі. (Саусағымен санайды.) Тоғызы, оны, он бірі... жыйырма екі күннен кейін болады.

Агафья Тихоновна. Тез-ақ болып қалады екен-ау, ә!

Подколесин. Бүгінгі күнді тіпті санағам да жоқ.

Тым-тырыс.

Подколесин. Орыс халқы қандай батыл келеді десеңізші!

Агафья Тихоновна. Қалай?

Подколесин. Жұмысшыларды айтам. Тас төбеге шығып алыпты... Үйді жанап өтіп бара жатсам, бір сылақшы, ешнәрсені елең қылмай, үй сылап жатыр екен.

Агафья Тихоновна. Я, оны қай жерден көрдіңіз?

Подколесин. Дәл, әлгі, өзім күнде департаментке барып жүретін жол бойынан көрдім. Өйткені қызметке күнде таңертең барам ғой.

Тым-тырыс. Подколесин саусағымен тағы да ғықылдата бастайды, ақыр аяғы қалпағын алып, иіледі.

Агафья Тихоновна. Әлден-ақ кетейін дедіңіз бе?...

Подколесин. Я. Жалықтырған болсам, гапу ете көріңіз.

Агафья Тихоновна. О не дегеніңіз! Қайта, уақытты бүйтіп өткізгенім үшін сізге алғыс айтуым керек ғой.

Подколесин (*жымыйып*). Шынында, сізді жалықтырдым-ау деп тұрмын.

Агафья Тихоновна. Япырай, олаһи, жалыққам жоқ.

Подколесин. Егер жалыға қоймасаңыз, кешкісін, тағы да бірде келіп кетуге рұқсат етерсіз...

Агафья Тихоновна. Өте жақсы.

Екеуі де иіледі. Подколесин шығып кетеді.

XV КӨРІНІС

А г а ф ь я Т и х о н о в н а жалғыз.

Қандай маңғаз жігіт десеңізші! Сырына тек жаңа ғана қандым; кішіпейіл десең кішіпейіл, есті десең есті, шынында да, өзің қалай сүймессін. Я, мана досы дұрыс айтқан екен? Лебізін тағы да біраз тыңдай түсейінші деп осынша-ақ ынтығып едім, бәрекелді-ай, кідіріңкіремей, кетіп қалғаны-ай. Әңгімесі қандай қызық десеңізші! Ең әдемісі өзі бейкүна, тіпті ләм демейді скен. Бірер ауыз сөз айтқым кеп өзім де осынша оқталып-ақ едім, бірақ шынымды айтайын, қорғанып, жүрегім дүрсілдеп қоя берді... Қандай аяулы жігіт десеңізші! Апайыма барып айтып келейінші (*Кетеді*).

XVI КӨРІНІС

П о д к о л е с и н м е н К о ч к а р е в к і р е д і.

К о ч к а р е в. Үйге қайтқаның не? Сұмдық қой мынауың! Неменеге қайтпақсын?

П о д к о л е с и н. Ойбай-ау, бұнда енді отыратын не бар? Көңілдегі сөзімнің бәрін айттым ғой.

К о ч к а р е в. Ендеше, өзіне сырыңды ашқан екенсің ғой?

П о д к о л е с и н. Сірә, сол сыры бар болғырыңды әлі аша қойған жоқпын-ау деймін.

К о ч к а р е в. Бәрекелді! Ашпағаның қалай?

П о д к о л е с и н. Ойбай-ау, сен өзің қалай ғой деп ойлайсын, алдымен ана-мынаны айтпай жатып, тұпа-тура: «ханым, мен сізге үйленейінші!» деуге болама екен!

К о ч к а р е в. Ендеше, табандаған жарты сағат бойына нені мыжыдыңдар?

П о д к о л е с и н. Лйтылмаған әңгіме қалған жоқ. Оллаһи, өзім қатты разы болдым; уақытты аса бір рақаттана отырып өткіздім.

К о ч к а р е в. Ойбай-ау, бері қарап, ойлап көрсеңші өзің: осының бәрін қашан бітірмекпіз? Жарты сағаттан кейін шіркеуге, неке қыярга баруымыз керек ғой.

Подколесин. Қой әрі, қағып кеткен бе өзінді бірдеме? Некені бүгін қыйғаның не.

Кочкарев. Е, бүгін қыйса қайтеді екен?

Подколесин. Бүгін қыйғаны несі!

Кочкарев. Ойбай-ау, күйеулерді қуып шығысымен, үйлене қоям деп, уәде берген өзін едің ғой.

Подколесин. Айтқан сөзімнен қазір де айнып тұрғам жоқ. Бірақ қолма-қол үйлене қоюға болмайды ғой; тым болмаса бір ай мұрсат беру керек.

Кочкарев. Бір ай!

Подколесин. Я, әрине.

Кочкарев. Ойбай-ау, өзінді бірдеме қағып кеткеннен саумысын?

Подколесин. Бір айдан кемге болмайды,

Кочкарев. Дүлей-ау, кешкі асты официантқа тапсырып қойдым ғой! Қәне, бері қарашы, Иван Кузьмич, қасарыспай, қазір үйленші, жаным.

Подколесин. Бауырым-ау, айтып тұрғаның не өзіңнің? Қазір қайтіп үйлене қоям?

Кочкарев. Иван Кузьмич, құлдығың болайын. Өзің үшін көнбесең де, мен үшін көнші.

Подколесин. Жоқ, оллаһи, болмайды.

Кочкарев. Болады, жаным, бәрі де болады. Кәнеки, өркенің өссін, бұлданбашы, жаным!

Подколесин. Жоқ, оллаһи, болмайды. Ұят, катты ұят.

Кочкарев. Несі ұят? Оны кім айтты? Ойлап қарашы өзін. Ақылың бар адам едің ғой. Саған жағынуға, немесе бір экспедиторлығыңа бола айтып тұрғам жоқ, жай әншейін жақсы көргендіктен айтып тұрмын... Қой, жаным, тәуекелге бел байлап, есі дұрыс адамша, дүниеге бір көз жіберіп көр.

Подколесин. Егер енді қолымнан келгендей болса, мен...

Кочкарев. Иван Кузьмич! Айналайын, жаркыным, тілесен, тіпті алдында тіземді де бүгейін?

Подколесин. Қой, керегі не оның...

Кочкарев (*тізесін бүгін*). Мінеки, тіпті тіземді де бүктім! Көріп тұрсын ғой өзің, жалынамын. Жақсылығыңды өмір бойы ұмытпайын, сіреспеші, жаным!

Подколесин. Жоқ, болмайды, бауырым, олла-
һи, болмайды.

Кочкарев (*түрегеліп, шындап*). Доңыз!

Подколесин. Янаттасаң, янаттай бер.

Кочкарев. Әнгүдіксің! Сендей әнгүдік дүниеге
әлі жаралып көрген жоқ.

Подколесин. Янаттай бер, янаттай бер.

Кочкарев. Мен осы кім үшін әлек болып, арпа-
лысып жүр ғой деп тұрсын? Бәрі сенің қамың ғой, ақы-
мақ-ау. Маған келер-кетер не бар? Қазір кетемін; не
жұмысым бар менің?

Подколесин. Әлек бола көр деп жалынған
кім бар өзіне? Кетсең, кете бер.

Кочкарев. Ойбай, құрыйсың ғой, мен болмасам
колыңнан түк те келмейді. Үйленбесең өмір бойы өң-
киіп, ақымақ болып қалғаның ғой..

Подколесин. Онда сенің не жұмысың бар?

Кочкарев. Дүлей-ау, сенің қамың ғой жең
жүргенім.

Подколесин. Менің қамымды жемей-ақ ғой.

Кочкарев. Ендеше, жөнел аулақ!

Подколесин. Жөнелсем жөнелем.

Кочкарев. Барғаныңнан келме!

Подколесин. Барса несі бар, барамын.

Кочкарев. Бар, бар, қазір мойның үзілсін. Ша-
уып келе жатқан мас арбакештің біреуінің дертесі кө-
мекейіңе кіріп кетсін, әне, шын көңілімнен тілер тіле-
гім сол. Чиновник емес, ұлтарақсын! Антым осы, ат ке-
кілін кесістім, қайтып көзіме көрінуші болма!

Подколесин. Көрінбей-ақ қояйын. (*Шығып
кетеді.*)

Кочкарев. Ежелгі досың, періңе бар! (*Есікті
ашып, оның соңынан айғай салады.*) Ақымақ!

XVII КӨРІНІС

Кочкарев жалғыз, аласұрып, арлы-берлі жүреді.

Дүниеде, бұрынды-соңды, сірә, бұндай адам бола
қойды ма екен? Ақымақ! Шынында, өзім де жігіт-ак
екем. Кәне, төрелігін өздеріңіз-ақ айта қойыңызшы.

Дәндүріс, дүлей емей, кіммін? Өңешімді жыртып, өзеу-регенім не осынша? Кімім еді ол сонша бір? Жана-шыр-жақыным ба еді? Мен неменесі едім: нянькасы, жеңгесі, енесі әлде өкіл шешесі ме едім? Пері ұрып кеткірдің неменеге қамын жеп, жар құлағым жастыққа тимей жүр осы? — Неменеге әлек болып жүргенімді сайтан білген! Біреуден кейде осы бір жұмысты неменеге істеп жүрсін деп сұрап көрші өзің! Оңбаған неме! Қандай ғана сыйықсыз, сұмырай десеңші! Әттен, жарымес жануар-ай, қолыма түссең, танауыңнан, құлағыңнан, аузыңнан, тісіңнен түк қоймай, — тұлабойыңнан түп-түгел шертпек алар едім-ау, бәлем! (*Әуені шындап бірнеше шерттеді.*) Дым көрмегендей үйден шығып жүре бергені ғой діңкеңе тиетіні. Қаным тіпті, қанатына су жұқпайтын қаз сықылды, ештемені елен қылмағанына қайнайды! Үйіне барар да, жатып алып қорқорын тартар. Әй, сұм-ай десеңші! Небір сұмырайлар болушы еді, бірақ тап мынадай сұмырайды көрсем көзім шықсын; дүниеде бұдан асқан сұмырай бола қоймайды, оллаһи, болмайды. Қаракетсіз қаңғыған немені егескенде әдейі қайтарамын! Оңбағанды қоя бермей, алып келемін! (*Жүгіре жөнеледі.*)

XVIII КӨРІНІС

А г а ф ь я Т и х о н о в н а кіреді.

Шынында, жүрегім сонша бір лүпілдеп барады дерсін, тіпті, тілмен айтып жеткізу де қыйын. Қайда барып, қай жағыма бұрылсам да, Иван Кузьмич, тап осындай, көз алдымнан бір кетпейді. Тағдырдың құрығынан құтыла алмайсын деген дұп-дұрыс екен. Әлгіде ойламайыншы деп-ақ қолыма әрнәрсені алып — жіп төгіп, ридикуль де жамап көрдім, бірақ Иван Кузьмич, тап осындай, қолыма оралып бір қояр емес. (*Аз тынып.*) Сөйтіп енді өмірімнің өзгергелі отырғаны мынау! Жетектеп алады да жұрт шіркеуге апарады... содан соң еркектің жанына жападан-жалғыз тастайды да, жөндеріне кетеді — Уф! Тіпті, тұлабойым түршігіп бара жатыр. Қайран жастық күндерім, хош енді. (*Жылайды.*) Талай жылдар қайғысыз-қамсыз жүріп

ем... Сөйтіп жүріп, жүріп, аяқ астынан күйеуге шығуға тура келіп отырғаны мынау енді! Бір гана қайғы-қамырығының өзі қанша десеңізші: балалы-шағалы боласын, өңкей бір сотқар ұлдарды өкшелеп, қыздар да қаптайды екен; бойжетісімен өздерін күйеуге берері және бар. Жақсы адамға жолықса бір сәрі, егер бір маскүнем немесе карта десе үстіндегі барын сыпырып салатын біреу болса, сорың сонда қайнайды гой! (*Аздап тағы да өкси бастайды.*) Қыз болып қызықтай да алмадым, тым болмаса жыйырма жеті жасқа дейін үйде де отырмадым... (*Дауысын өзгертп.*) Иван Кузьмич осынша неге кешігіп, келмей жатыр екен, батырау?

ХІХ КӨРІНІС

Агафья Тихоновна мен Подколесин
(Кочкарев сахнаға оны екі қолымен итеріп енгізеді).

Подколесин (*тұттығып*). Ханым, сізге бір нәрсе айтайыншы деп келіп едім... Оның өзі сізге ерсілеу көрініп жүрмес пе екен, еңалдымен тек соны гана біліп алайыншы?

Агафья Тихоновна (*көзін төңкере қарап*). Не нәрсе еді?

Подколесин. Жоқ, ханым, алдын-ала айтып қойыңызшы: өзі сізге ерсілеу көрініп жүрмей ме?

Агафья Тихоновна (*бұрынғысынша*). Не нәрсе екенін білмей тұрмын.

Подколесин. Бірақ шынныңызды айтыңызшы: менің айтайын дегенім өзіңізге, сірә, ерсі көрінер ме еді?

Агафья Тихоновна. Рақым етіңіз, ерсілігі болушы ма еді — сіздің аузыңыздан шыққан сөздің бәрі де сүйкімді.

Подколесин. Дегенмен, бұл сөздің өзі өмір бойы естімеген сөзіңіз (*Агафья Тихоновна көзін бұрынғыдан да бетер төңкере түседі; осы кезде Кочкарев үйге ештеп гана кіреді де, Подколесиннің сыртын ала тұра қалады*). Бұның өзі мынадай еді... Дегенмен, өзін ең әдемісі кейін бір кезі келгенде айтармын.

Агафья Тихоновна. Оңмыз немене еді?
Подколесья. Оңым... Шығымды айтағын бұ-
ның өзін алдыңызға қазір жайып салғын дегеніммен,
бірақ ығый дұдамалдана берем.

Кочкарев (екі қолын қисырып, өзіне-өзі). Жә-
саған-ай, мынадай да адам болады екен! Мынасыз өзі
адам емес, қатынның қақыраған кебісі ғой, адам атын
ажуалаған, әруей ғой!

Агафья Тихоновна. Неге дұдамалданасыз?
Подколесья. Әйтеуір, дұдамалданам да тұ-
рам.

Кочкарев (естіртпін). Ой, сұмдық ай, сұмдық-ай!
Ханым-ау, көріп тұрсыз ғой: бұл сіздің қолыңызды сұ-
рап, сізсіз күн көріп, күрек аршый алмаймын дегелі
түр. Бақытты етуге бармысыз, тек соны ғана сұрайды.

Подколесья (шошып кете жаздап, оны түртпін
қалып, ақырын ғана). Әй, не деп тұрсың өзің!

Кочкарев. Кәнеки, қалай дейсіз, Ханым? Осы
бір пенденізді бақытты етуге тәуекел дей аласыз ба?

Агафья Тихоновна. Бақытты ету қолымнан
келеді деп ойлауға тіпті батылым да барар емес... Әйт-
се де, ықтыярмын.

Кочкарев. Бәрекелді, бәрекелді баяғыда-ақ
осылай деуіңіз керек еді. Қолдарыңызды әкеліңізші!

Подколесья. Қазір (Оның құлағына бірдеме
айтқысы келгендей болады, Кочкарев оған жұмыры-
ғын көрсетіп, қибағын түіе қояды; ол қолын береді.)

Кочкарев (екеуінің қолын табыстырып). Құ-
дай көсегелеріңді көгертсін. Қосақтарыңды құп көріп,
разылығымды білдірем. Неке деген бұл бір... Арба-
кешті жалдан ала салып, бетін ауған жаққа жөнep
бергенмен бірдей емес ғой, бұл міндеттің өзі өзалдына
біралуан нәрсе, бұл міндеттің өзі... Қазір тіпті мұршам
болмай тұр, қандай міндет екенін кейін айтармын өзі-
ңе. Кәне, Иван Кузьмич, қалыңдығыңның бетінен сүй-
ші. Сүйіңе болады енді. Сүйің керек енді. (Агафья
Тихоновна көзін төңкере қояды.) Түк етпейді, түк ет-
пейді, ханым; бұның өзі солай болады, сүйе қойсын!

Подколесья. Жоқ, ханым, ғапу етіңіз, ғапу
ете көріңіз. (Оның бетінен сүйіп, қолынан алады.) Қо-

лыңыз қандай әдемі еді! Ханым-ау, қолыңыз пеліктен мұнша әдемі болды екен?.. Гапу етіңіз, ханым, некеміз қазір осы арада қолма-қол қыйылсыншы.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. Қазіріңіз қалай? Бұнымыз асығыстау болып жүрер.

П о д к о л е с и н. Тіпті, тыңдағым да келмейді. Некеміз қазір осы арада қыйылмаса, дегбірімнен айрыламын.

К о ч к а р е в. Жаса! Жақсы болды гой! Жігіт-ақ! Шынымды айтайын, келешегіңнен көп жеміс күтетін едім! Ханым, сіз, енді, киіне қойыңыз: адалын айтсам, күймеге кісі жіберіп, қонақтарды мана шақыртып қойып едім. Жұрт шіркеуге тура тартып кетті. Менің білуімше, неке қыяр көйлегіңіз дайын еді гой.

А г а ф ь я Т и х о н о в н а. О, не дегеніңіз, кашаннан дайын. Қазір киіне қояйын.

XX КӨРІНІС

К о ч к а р е в п е н П о д к о л е с и н.

П о д к о л е с и н. Рахмет, бауырым! Істеген жақсылығыңа көзім жаңа жетті. Бұндай жақсылықты ішінен шыққан әкем де істей қоймас деймін. Жаның ашығандықтан әлек болғаныңа көзім жетіп отыр. Рахмет, бауырым, бұл жақсылығыңды өле-өлгенше ұмытпаймын. *(Елжіреп.)* Алдағы көктемде әкенің моласына барып қайтамын.

К о ч к а р е в. Оқасы жоқ, бауырым, өзім де қуанып тұрмын. Кәне, бері келші, бетіңнен сүйейін. *(Бір бетінен, содан соң екінші бетінен сүйеді.)* Кұдайым, аман-есен *(сүйседі)*, үріп ішіп, шайқап төгіп өмір сүруге жазсын; балалы-шағалы болындар...

П о д к о л е с и н. Рахмет, бауырым. Атап айтқанда өмірдің мән-жайына тек жаңа ғана түсініп тұрмын. Алдымнан бір шыт жаңа дүниенің есігі ашыла кетіп, соның бәрі де қозғалып, бәрі де өмір сүріп, сезінетіндігіне көзім жетіп отыр, әйтеуір, бәрі де бүйтіп балқып, бәрі де бүйтіп, не боп жатқанын, тіпті өзім де білмеймін. Бұрын мұның бірде-біріне зер салып, бірде-біріне

түсінбеп едім, яғни, кім көрінгенше күнелтіп, ойланбай, толғанбай, әншейін жайбарақат жүрген бір жан едім.

К о ч к а р е в. Бәрекелді, бәрекелді. Мен енді, столды жұрттың қалай жасағанын көріп келе қояйын, қазір келемін. (*Сыртқа.*) Дегенмен, жаман айтпай, жақсы жоқ, қалпағын бір жерге тыға тұрайыншы осының. (*Қалпақты ала кетеді.*)

XXI КӨРІНІС

П о д к о л е с и и жалғыз.

Шынында, күні бүгінге дейін мен өзім осы кім едім? Өмірдің мән-жайына түсініп пе екем? Түсінгем жоқ, түк түсінгем жоқ. Ал енді, бойдақ жүрген кездерім қандай еді? Қандай қадірім болып, не бітіріп едім? күнелттім, қызмет істедім, департаментке барып жүрдім, ас ішіп, аяқ босаттым, ұйқыдан бас көтермедім, — қысқасы дүниедегі барып тұрған кәдімгі бір пәңгінің өзі едім. Үйленбей жүрген жұрттың шетінен есуас екеніне көзім тек енді ғана жетіп отыр. Қыруар жұрттын, көрер көзге, адасып жүргені-ай десеңші. Алда-жалда бір елге патша бола қалдым бар ғой, қоластымда жалғыз бойдақ қоймай, жұрттың бәрі түп-түгел үйленсін деп әмір берер едім. Шынында, ойлап тұрсам: мінеки, әне-міне дегенше, әйелді боп шыға келгелі отырмын. Сөйтіп енді, тілмен айтып жеткізе алмайтын, тіпті айтуға лайықты сөз де табылмайтын, ертегідей бір, шірін-шарбат ләззәттің дәмін де татқалы тұрмын. (*Біраз ойланып қалып.*) Әйтсе де, бажайлап қабырғама кеңесе кетсем-ақ болды, тұлабойым түршігіп сала береді. Ары айт, бері айт, өмір бойы, мәңгібақый қол-аяғыңа күрмеу түсіп, қайтып енді тырп етіп аузыңды ашып, жазып ем, жаңылып ем деуге шамаң келмесе — шаруаңның біржола біткені ғой. Мінеки, мойын бұруға тіпті мұршам да қалған жоқ. Некем қыйылғалы тұр; тіпті, тайып кетуге де лаж жоқ, күйме де, күллі жұрт та сайланып сыртта тұр. Шынымен-ақ, тайып кетуге болмай ма екен? Әлбетте, болмайды: есік алды,

кез келген жерде сапырылысып жүрген жұрт, қайда барасын дейді ғой біреуі. Жоқ, болмайды. Бірақ мына бір терезе ашық тұр екен; осыдан қарғып кетсем қайтеді? Жоқ, болмайды: оным лайық емес, әрі өзі биік те көрінеді. *(Терезеге таяп келіп.)* Жоқ, онша биік емес екен: жалғыз ірге тасы ғана бар, оның өзі де апаласа... Жо-жоқ, қой әрі, еңаяғы басымда қалпағым да жоқ. Қалпақсыз қалай қарғымақпын? Лайық емес. Әйтсе де, шынымен-ақ, қалпақсыз қарғуға болмайма екен? Қарғып көрсем қайтеді, ә? Қарғып көрейін бе? *(Терезеге шығып: «Жасаған ием, жар бола көр» деп көшеге қарай қарғып кетеді; сахна сыртынан аһылап-уһілейді.)* Ойпырай! Биік екен! Эй, арбакеш!

Арбакеш дауысы. Арбамды апарайын ба?

Подколесиннің дауысы. Семенов көпірінің жанындағы Қанавкаға апар.

Арбакеш дауысы. Артық-кемі жоқ, он тыйын.

Подколесиннің дауысы. Әпкел! Жөнел!

Кетіп бара жатқан екі аяқты арбаның салдыры естіледі.

Агафья Тихоновна *(неке қыяр көйлегін киіп, көзін төңкере қарап, жүрексiне басқан күйi кiрiп келедi)*. Бұнымның қалай екенін білмеймін, тіпті! Тағы да ұялып, тұлабойым қалтырап барады. Япырай! Дәл осы бір кезде өзі сәл ғана бөлмеде болмай, бір жұмыспен тысқа шығып кетсе қандай жақсы болар еді! *(Жан-жағына жүрексiне қарайды.)* Қайда кетіп қалған өзі? Ешкім жоқ. Қайда кетті екен? *(Ауызүйдің есігін ашып, солай қарап сөйлейді.)* Фекла, Иван Кузьмич қайда кеткен?

Фекланың дауысы. Сонда еді ғой.

Агафья Тихоновна. Бұндағың кәне?

Фекла *(кіріп)*. Япырау, өзі осы үйде отыр еді ғой.

Агафья Тихоновна. Ойбой-ау, жоқ екенін көріп тұрған жоқпысын.

Фекла. Ендеше, бөлмеден де шыққан жоқ, мен өзім ауыз үйде отырдым.

Агафья Тихоновна. Ал енді, қайда кетті?

Фекла. Қайда кеткенін тіпті біле алмай тұрмын;

әлде жасырын сатымен тысқа шығып немесе Арина Пантелеймоновнаның бөлмесінде отырмаса?

Агафья Тихоновна. Апа-еке! Апа-еке!

XXII КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Арина Пантелеймоновна

Арина Пантелеймоновна (киініп-жасанған). О не?

Агафья Тихоновна. Иван Кузьмич сіздің үйде ме?

Арина Пантелеймоновна. Жоқ, ол осында болу керек, біздің үйге келген жоқ.

Фекла. Ендеше, ауыз үйге де келген жоқ. мен отырдым ғой.

Агафья Тихоновна. Ендеше, бұл үйде де жоқ екенін көздеріңіз көріп тұр ғой.

XXIII КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Кочкарев

Кочкарев: О не?

Агафья Тихоновна. Иван Кузьмич жоқ.

Кочкарев. Жоғы қалай? Кетіп қап па?

Агафья Тихоновна. Жоқ, тіпті кете де қоймаған.

Кочкарев. Ендеше, әрі жоқ боп, әрі кетпегені қалай?

Фекла. Қай жаққа балдай батып кеткеніне тіпті мыйым да жетпей тұр. Тырп етпей-ақ, ауыз үйде отырып едім.

Арина Пантелеймоновна. Жасырын сатымен де шығып кете қоятындай болған жоқ.

Кочкарев. Бұнысы қалай, батыр-ау? Бөлмеден шықпай, ғайып боп кетуі, тіпті, мүмкін емес ғой. Сірә, өзі осы жасырына қойған жоқ па екен? Иван Кузьмич! Қайдасын? Болды енді, қалжыңды қойып, шык бері! Осындай ойын болушы ма еді? Шіркеуге баратын

уақыт болғалы кашан! (*Шкафтың артын қарайды, көз қыйығын тіпті орындықтың астына да тастап қояды.*) Түсінбеймін! Жо-жок, ол тіпті кете қоятындай болған жок. Осында ол, қалпағы да ана бөлмеде тұр, мен оны әдейі сонда апарып қойғам.

Арина Пантелеймоновна. Әлде, қыздан сұрасақ кайтеді. Өзі күні бойы көшеде тұрып еді, бірдеме білмес пе екен... Дуняшка! Дуняшка!..

XXIV КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Дуняшка

Арина Пантелеймоновна. Иван Кузьмич қайда, көрген жокпысын?

Дуняшка. Ол кісі терезеден қарғып кеткен болатын.

Агафья Тихоновна колын сілкіп, баж ете түседі.

Үшеуі бірдей. Терезеден?

Дуняшка. Я, қарғып түсе салысымен бір арбакешті жалдап алды да, кетіп қалды.

Арина Пантелеймоновна. Шын айтып тұрмысың, өзің?

Кочкарев Өтірік онысы, мүмкін емес!

Дуняшка. Құдай біледі, қарғып кетті. Әлгі бақалшы, дүкеншені ұстайтын купец те көрді. Арбакешке он тыйынға келісті де, жүріп кетті.

Арина Пантелеймоновна. (*Кочкаревқа телмеңдей түсіп*). Бұларың қалай, шырағым-ау, әлде бізді тәлкек қылайын деп пе едіңдер. Жоқ әлде ажуалағыларың келіп пе еді? Маскаралағандай, біз бір сонша қолжаулық болып па едік? Алпыс жыл жер басып жүрсем де, мынадай сұмдықты, сірә, көрмеп едім. Түйсігің бар адам болсаң, түү бетіне, шырағым. Түйсігің бар адам болсаң бұл қылығыңнан кейін оңбағанның өзісін. Күллі жұрттың алдында қыз абройын төктіңдер! Әйел екеш, әйел басыммен мен де бүйтпес едім. Сөйте тұрып дворянинмін дейсіндер! Көрдік, дворяндықтарыңның күдіреті істеп жүрген ыландарын мен

жәдігөйліктеріне ғана жетеді екен! *(Қалыңдықты ертіп, зілденіп шығып кетеді. Кочкарев дал болып тұрып қалады).*

Ф е к л а. Немене? Мынау әлгі араға жүргіш жылпың жігітіміз болады! Жеңгесіз-ақ той жасай қояды өзі! Менің тапқан күйеулерім жұғымсыз, жұлма шапан, анау да мынау-ақ бола берсін, бірақ ішінде терезеден қарғып кететіндері жоқ, — ғапу ет, ондайы жоқ.

К о ч к а р е в. Бекер оның, олай емес, мен өзін казір барып, ертіп келемін! *(Шығып кетеді.)*

Ф е к л а. Ертіп келгіштің оңайын! Құда түсудің қалай екенін білмеуші ме едің? Алда-жалда есіктен шыға қашса бірсәрі, ал енді терезеден қарғыған күйеуге — тек құлдық ұрамын!

ДРАМАЛЫҚ ҮЗІНДІЛЕР
МЕН
ЖЕКЕ САХНАЛАР

(1832 жылдан 1837 жылға дейін)

ОЙЫНШЫЛАР

Ежелгі өткен күндер хикаясы

ҚАЛАЛЫҚ ТРАКТИРДІҢ БІР БӨЛМЕСІ

I КӨРІНІС

Трактир қызметшісі *А л е к с е й* мен өзінің меншікті қызметшісі *Г а в р ю ш к а н ы* ертіп *И х а р е в* кіреді.

А л е к с е й. Рахым етіңіз, рахым етіңіз! Жатар орын-жай дегеніңіз осы! Жайлы болғанда да, тіпті, тырс еткен тықыр естімейсіз.

И х а р е в. Тықыр болмағанмен, шапқыншы, атты әскерлерің шашетектен шығар?

А л е к с е й. Яғни, бүргені айтқыңыз келеді ғой? Алаң бола көрмеңіз. Алда-жалда бүрге немесе қанда-ла шаққандай болса, айып өзімізде: соған бола тұрмыз ғой.

И х а р е в (Гаврюшаға). Бар, күймедегі жүкті түсір. *(Гаврюшка кетеді Алексейге.)* Атың кім?

А л е к с е й. Алексей.

И х а р е в. Кәне, бері кара *(маңызданып)*, үйлерінде кімдер тұратынын айтшы?

А л е к с е й. Қазір көп адам тұрып жатыр; бос номер жоқтың қасы.

И х а р е в. Атап айтқанда кімдер?

А л е к с е й. Швохнев Петр Петрович, полковник Кругель, Степан Иванович Утешительный.

И х а р е в. Карта ойнай ма өздері?

А л е к с е й. Алты түннен бері бас көтермей ойнап жатыр.

И х а р е в. Екі сом! (Оның қолына салады.)
А л е к с е й (иіліп ізет тұтып). Мың мәртебе рахмет.

И х а р е в. Кейін тағы да беремін.

А л е к с е й. Мың мәртебе рахмет.

И х а р е в. Өзді-өзі ойнай ма?

А л е к с е й. Жоқ, осы жақында ғана поручик Артуновскийді жұрдай ғып, князь Шенькиннің отыз алты мың сомын ұтып алды.

И х а р е в. Мына қызыл қағазды да ал! Алда-жалда адал еңбек сіңірдің бар ғой, тағы да аласын. Шыныңды айтшы, картаны сен сатып алдың ба?

А л е к с е й. Жоқ, өздері бірге барып сатып алды

И х а р е в. Кімнен?

А л е к с е й. Осы араның бір Вахрамейкин деген купецінен.

И х а р е в. Өтірік оның, өтірік айтасын, жәдігөй

А л е к с е й... Оллаһи.

И х а р е в. Жақсы. Тағы да сөйлесіп көрерміз (Гаврюшка бір қобдый алып кіреді.) Мына араға қой Жүре беріндер енді, сақал алып, бет жууға су дайындап қойындар.

Қызметшілер шығып кетеді.

II КӨРІНІС

И х а р е в жалғыз, қат-қат картаға толып тұрған қобдыйдың аузын ашады.

Қандай әсем десеңші, ә? Әр дюжинасының өзі бір алтын. Қай-қайсысы болмасын оңай олжаға түскен жоқ. Айтуға ғана оңай ғой, антұрып кеткен шимайы көз алдымда күні бүгінге дейін бұлдырайды. Бірақ оның есесіне, бұл да капитал ғой. Бала-шағаға мұра ғып қалдырып кетуге жарап жатыр! Мынау ғой әлгі ғажайып қасиетті карта дегеніміз! Аделаида Ивановна деп ат қойылуының мәнісі де осынысы ғой. Жаным, сіңіліңше сен де бір шарапатыңды тигізіп, сексен мың сом ұтып әперші, деревняға барысымен өзіңе мәрмәрдан ескерткіш салдырайын. Москвада істетте-

мін. (Дабыр-дұбырды естіп, қобдыйдың аузын жалма-
жин жаба қояды.)

III КӨРІНІС

А л е к с е й мен Г а в р ю ш к а ағаш леген, колжуғыш және
беторамал әкеледі:

И х а р е в. Жаңағы мырзалар қайда? Үйлерінде ме?

А л е к с е й. Я, өздері қазір көпшілік залда отыр.

И х а р е в. Қандай адамдар екенін барып көріп ке-
лейінші. (Кетеді.)

IV КӨРІНІС

А л е к с е й мен Г а в р ю ш к а.

А л е к с е й. Қалай, алыстан келесіздер ме?

Г а в р ю ш к а. Рязаньнан келеміз.

А л е к с е й. Өздеріңіз, немене, сол губернянікімі-
сіздер?

Г а в р ю ш к а. Жоқ, өзіміз Смоленскінікіміз.

А л е к с е й. Е-е. Ата мекендеріңіз, сол Смоленск
губернясында екен ғой?

Г а в р ю ш к а. Жоқ, Смоленскіде емес. Смоленскі-
де бір жүз, Калужскіде сексен жаны бар.

А л е к с е й. Түсініп тұрмын, демек, екі губерняда
екен ғой.

Г а в р ю ш к а. Я, екі губерняда. Бір қорада бу-
фетчиқ Игнатий, бұрын әлгі мырзаның қасына еріп
жүретін Павлушка, жалшы Герасим, тағы да жалшы
Иван, ит бақғашы Иван, тағы да музыкант Иван, со-
дан соң әлгі асбапшы Григорий, асбапшы Семен, бақ-
шашы Варух, делбеші Дементийлер бар, көрдің бе қа-
лай екенін.

V КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғы л а р К р у г е л ь Ш в о х н е в (ептеп кіріп).

К р у г е л ь. Осы жерде өзі үстімізден түсіп қала
ма деп, корқып тұрмын.

Ш в о х н е в. Оқасы жоқ, Степан Иванович алдан-
дыра тұрады ғой. (Алексейге.) Бар, бауырым, сені

шақырып жатыр! *(Алексей шығып кетеді. Швохнев жалма-жан Гаврюшканың қасына келіп.)* Мырзаң қай жақтан келеді?

Г а в р ю ш к а. Қазір Рязаннан келе жатыр.

Ш в о х н е в. Помещик пе?

Г а в р ю ш к а. Помещик.

Ш в о х н е в. Карта ойнай ма?

Г а в р ю ш к а. Ойнайды.

Ш в о х н е в. Мә, мүсіндім. *(Оған қағаз береді.)* Бастан-аяқ баяндай бер?

Г а в р ю ш к а. Мырзаға айтып қоймайсыздар ма?

Е к е у і. Жо-жок, қорықпа!

Ш в о х н е в. Қалай, өзі қазір ұтып жүр ме? Ә?

Г а в р ю ш к а. Полковник Чеботарев дегенді білуші ме едіңіздер?

Ш в о х н е в. Жоқ. Я, оны неменеге сұрадың?

Г а в р ю ш к а. Осыдан үш апта бұрын біз оның сексен мың сом ақшасына коса варшава күймесін де, қобдыйын да, кілемін де, алты жүз сомдық тап-таза алтын эполетін де ұтып алған болатынбыз.

Ш в о х н е в. *(Кругельге мәнмен қарап қойып.)* А? Сексен мың! *(Кругель басын шайқайды.)* Бір сұмдығы бар ғой деп ойлаймысын? Онысын қазір білеміз. *(Гаврюшкаға.)* Бері қарашы, үйде жалғыз өзі отырған кездерде мырзаң не істейді?

Г а в р ю ш к а. Не істегені қалай? Не істейтіні белгілі ғой. Мырза болған соң әдеп сақтап, бос отырады.

Ш в о х н е в. Өтірік оның, дәуде болса, қолынан карта түспейтін шығар.

Г а в р ю ш к а. Онысын біле алмадым, мырзаның қасына ергеніме бас-аяғы екі-ақ аптадай болып еді. Бұрын қасына ылғый Павлушка еріп жүретін. Бізде де жалшы Герасим, тағы да жалшы Иван, ит бақташы Иван, музыкант Иван, делбеші Дементий дегендер бар, осы таяуда ғана деревнядан тағы біреуін алдырдық.

Ш в о х н е в *(Кругельге)*. Алаяқ ғой деп ойлаймысын?

К р у г е л ь. Әбден мүмкін.

Ш в о х н е в. Әйтсе де, сыр тартып көрерміз. Екеуі жүгіре жөнеледі.

VI КӨРІНІС

Г а в р ю ш к а жалғыз.

Мырзаларың жылпың! Дегенмен, берген қағазына рақмет. Матренаға тақья, ұрыншақтарға бір-бірден пряник болып қалды. Шіркін, осы жолаушы жүргенді жаным сүйеді! Қолына бірдеменің ылғый оралып-ақ тұрғаны: оны-мұны әкеле ғой деп, мырза бір жерге жұмсай қойса, бір сомнан құрып кетсе он тыйын қағып қаласын. Шіркін, осы мырзаларда да арман бар ма екен! Бетің ауған жаққа қарай тарта бер! Смоленскіден жалықсаң — Рязаньға бар, Рязаньға барғын келмесе, Қазанға, Қазанға барғың келмесе, тап Ярославтың өзіне дейін тарта бер. Тек осы Рязань мен Қазан қаласының қайсысы мәдениеттірек екенін әлі күнге дейін бір біле алмай-ақ қойдым. Қазанның мәдениеттірек болатын себебі, Қазанда...

VII КӨРІНІС

И х а р е в, Г а в р ю ш к а, кейіннен А л е к с е й.

И х а р е в. Байқаймын, өздерінде алабөтен айла жоқ сықылды. Әйткенмен... Әттең, тап-тақыр ғып ұтып алар ма едім өздерін! Жасаған-ай, көкейімді тесіп отырғаны-ай! Ойыма түсе кетсе, жүрегім, тіпті, лүпілдеп қоя береді. (*Сүрткі, сабын алып, айнаның алдына отырады да, қырына бастайды.*) Тіпті қолым дірілдеп, қырына алар емеспін.

А л е к с е й кіреді.

А л е к с е й. Ас ауыз тимес пе екенсіз?

И х а р е в. О не дегенің, о не дегенің. Төрт кісіге тағам әкел. Уылдырық, қызыл балық, төрт бөтелке шарап болсын. Содан соң мынаны қазір тамаққа тойғыз. (*Гаврюшканы көрсетеді.*)

А л е к с е й (*Гаврюшкаға.*) Асүйге жүре қойыңыз, сізге сонда жасап қойғам.

Г а в р ю ш к а шығып кетеді.

И х а р е в (*қырына отырып*). Бері қарашы! Саған өздері көп беріп пе еді?

А л е к с е й. Кім?

И х а р е в. Жалтармай-ақ айта бер!

А л е к с е й. Я, еңбегіме қарай берген еді.

И х а р е в. Ал енді, менің берерім елу емес, анау стол үстінде жатқан жүз сомдық қағазды көрдің бе? Ал соны, неменеге қорқып тұрсын? Тістемейді ол. Сенен тек адалдықтан басқа түк тілемеймін, білдің бе? Карталар, мейлі Вахрамейкиннің немесе басқа бір купецтің қолында бола берсін, оныңда жұмысым жоқ, ал енді, үстеуіне, мінеки, бір дюжина карта берем. (*Оған қатталған бір дюжина карта береді.*) Білдің бе?

А л е к с е й. Неге білмейін? Ол жағын, қам жемей, бізге тапсыра беріңіз.

И х а р е в. Тек әйтеуір, біреу-міреу түртікілеп, көріп қойып жүрмесін, карталарды дұрыстап тығып ал. (*Сүрткісі мен сабынын қойып, орамалмен бетін сүртеді. Алексей шығып кетеді.*) Тамаша, тіпті тамаша болар еді. Шынымды айтайын, өздерін сыпырып алғым кеп, тіпті, шыйыршық атып отырмын.

VIII КӨРІНІС

Ш в о х н е в, К р у г е л ь м е н С т е п а н И в а н о в и ч
У т е ш и т е л ь н ы й үшеуі ніліп сәлем беріп кіреді.

И х а р е в (*оларды иіліп қарсы алып*). Гапу өтінемін. Бөлмемде жайнаған жасау жоқ екенін өздеріңіз де көріп тұрсыздар: жиһаз дегенде төрт-ақ орындығым бар.

У т е ш и т е л ь н ы й. Үй несінің жылы шырайы дүниенің бар ұжмағынан да қымбат болады.

Ш в о х н е в. Кісінің күні үймен емес, аяулы адамдармен ғой.

У т е ш и т е л ь н ы й. Әлбетте дұрыс. Мен өзім қауымсыз жерде тұра алмас едім. (*Кругельге.*) Құрметтім, осы араға қалай кеп түскенім есінде ме әлі; жалғыз өзім. Таныстан түк жоқ. Үй қожасы кемпір. Баспалдақтың үстінде еден жуатын шүберек, оның қасында, сірә, аштан бұралған болу керек, бүктетіліп

бір ит жатыр екен... Қысқасы, ішім пысып жарылып кете жаздадым. Тағдыр айдап, аяқ астынан мынау келе қалып, бір себеппен шүйіркелесіп кеттік... Шіркін сондағы қуанғанымды қойсаңызшы! Тату-тәтті қауым жоқ жерде мен өзім бір сағат тұра алмаймын. Көнілдегі бар сырымды көрінгенге ақтарғым кеп тұрады.

Кругель. Бауырым, бұл сенің жақсылығын емес, жамандығың. Ақкөңіл бола беру адамға зыян нәрсе. Сірә, өзің талай-талай алданған да шығарсынау.

Утешительный. Я, алдандым, алдана да бермекпін. Сөйткенмен ақкөңіл болмай, ылажым жоқ.

Кругель. Шынымды айтайын, бұныңыз маған түсініксіздеу болып отыр; кім көрінгенге аңқылдай беру дегеніңіз. Достық болса, онда бірсәрі.

Утешительный. Әйтсе де, адам қауымдікі ғой.

Кругель. Қауымдікі болғанмен, бүтіндей емес.

Утешительный. Жоқ, бүтіндей!

Кругель. Жоқ, бүтіндей емес.

Утешительный. Жоқ бүтіндей.

Кругель. Жоқ, бүтіндей емес.

Утешительный. Жоқ, бүтіндей!

Швохнев (Утешительныйға). Таласпай-ақ қой, бауырым, дұрыс емес сенікі.

Утешительный (еліріп). Жоқ, дәлелдеп берем. Бұл міндет... Бұл, бұл, бұл... бұның өзі борыш болады! Бұл, бұл, бұл...

Швохнев. Бытқытты, бәлем! Елден шыққан елерменің өзі: айтқан сөзінің алғашқы екі ауызы болмаса, одан арғысына түк түсінбейсін.

Утешительный. Шыдай алмаймын, шыдай алмаймын. Міндет пен борыш жайы сөз бола қалды бар ғой, тіпті, кұтырып кетем. Дағдым бойынша алдын ала айтып қояйын: «Мырзалар, жаңағылар жайы сөз бола қалды бар ғой, ғапу етіңіздер, елігіп кетем, оллаһи, елігіп кетем», бейне бір арақ ішкендей күйгектеніп кетем.

Ихарев (өзіне-өзі). Қойсаңшы, достым! «Міндет» деген сөзге елігетін де, желігетін де адамдарды

білеміз ғой біз. Күйгелектенгенмен сірә дәл бұған бола күйгелектене қоймайтын боларсын. (*Естіртін.*) Мырзалар, қасиетті міндеттер жайы таласқа айналып жатқан кезде азын-аулақ көн қойып жіберсек болмай ма?

Олардың әңгімесінің үстінде столға ас әзірленіп қойылады.

Утешительный. Рақым етіңіз; ұланғазар-үлкен ойын болып кетпесе, қоймайтын несі бар?

Кругель. Бейкүна рахаттан өзім қашанда болса кашпайтын адаммын.

Ихарев. Карта, бәлки, осы трактирдің өзінен де табылып қалар?

Швохнев. О, тек әкел дей қойсаңыз болғаны.

Ихарев. Карта әкелші! (*Алексей қарта столының қасында күйбеңдеп жүреді.*) Сонымен бірге, мырзалар, отыруларыңызды сұраймын! (*Қолымен асты көрсетеді де, соның қасына таяп келіп.*) Балықтың өзі онша еместеу сықылды ғой деймін, оған қарағанда уылдырық әрі-сәрілеу екен.

Швохнев (*бір үзіп асап жатып*). Жок, балықта жаман емес.

Кругель (*сол сықылды*). Сыр да жақсы екен. Уылдырық та жаман емес.

Швохнев (*Кругельге*). Осыдан әлгі екі апта бұрын жеген тәтті сырымыз есінде ме?

Кругель. Жок, әлгі Петр Александрович Александровтың үйінен жеген сырды өмірі ұмытпаймын.

Утешительный. Құрметтім, сырды қай уақытта жесе, жеңсік болады ғой деп ойлайсың? Сырды тамақ үстіне тағы бір тамақты тықпалаңқырап алған кезде жеген жақсы болады — нағыз қасиетін сонда ғана білесін. Көңілшек кварталмистрге ұсап: «келіңіздер, мырзалар, әлі де орын бар» дейді ол.

Ихарев. Келіңіздер, мырзалар, карта дап-дайын тұр.

Утешительный (*карта столына таяп келіп*). Қайран, ескі көз көрген, мұнда екен ғой! Естіп тұрмысын, Швохнев, карта деймін, ә? Көрмегелі көп болып...

И х а р е в (*сыртқа*). Мүләйімсімей-ақ ғой!..
У т е ш и т е л ь н ы й. Көн қойып жібергіңіз келе
ме?

И х а р е в. Аз-аздап—рахым етіңіз бес жүз сом.—
Үлестірейін бе? (*Карта үлестіреді*).

Ойын басталады. Мынадай сөздер естіледі.

Ш в о х н е в. Төрттік, тұз, екеуі де он-оннан.
У т е ш и т е л ь н ы й. Бауырым, маған өз карта-
ды берші; ішінен өзіміздің губерня бастығы әйелі-
нің бақытына бір карта таңдап алайын.

К р у г е л ь. Тоғыздықты коса ала қойыңыз.

У т е ш и т е л ь н ы й. Швохнев, бор әперші. Қосып
жазайын да, алып тастайын.

Ш в о х н е в. Құрып кетсе де, үстемелеп қоям!

У т е ш и т е л ь н ы й. Пайда шерігіне тағы да бес
сом!

К р у г е л ь. Болды! Көруге рұксат етіңіз, жерде
тағы да екі үштік қалуға тиіс сықылды.

У т е ш и т е л ь н ы й (*орнынан ұшып тұрып өзіне
өзі*). Құрып кеткір, бұның бір пәлесі бар екен. Карта
бөтен, айдан-анық бөтен.

Ойын созыла береді.

И х а р е в (*Кругельге*). Ғапу етіңіз: екеуіңіз де
ойнайсыз ба?

К р у г е л ь. Екеуіміз де.

И х а р е в. Асырмайсыз ба?

К р у г е л ь. Жок.

И х а р е в (*Швохневке*). Сіз немене? Қоймайсыз
ба?

Ш в о х н е в. Бұл жолы тұра тұруға рұксат етіңіз
(*Орындықтан тұрып, жалма-жан Утешительныйдың
қасына келеді де, жылдам сөйлейді*). Құрып кетсін,
бауырым! Мың кұбылып, тіпті, колды-аяққа тұрар
емес. Елден шыққан алаяқтың өзі екен.

У т е ш и т е л ь н ы й. Бірақ енді, көзіміз қыйып,
сексен мынды қалай кұр жібереміз?

Ш в о х н е в. Әрине, колыңа түспейтін болған соң,
кұр жібермегенде қайтесін.

Утешительный. Ол жағын әлі көре жатармыз, бірақ әзірше өзімен сырласып алғанымыз жөн!

Швохнев. Қалай?

Утешительный. Бәрін де ашып айтуымыз керек!

Швохнев. Неғылмайсын деп?

Утешительный. Кейін айтам. Жүр.

Екеуі Ихаревтің қасына келеді де, екі нығынан қағып калады.

Утешительный. Босқа арамтер болмай-ақ қойсаңызшы.

Ихарев (*селк ете түсіп*). Қалайша?

Утешительный. Тәйірі, несіне мыжып жатамыз, өз кісілерің екенін білмей отырмысын?

Ихарев (*сыпайы*). Ғапу етіңіз, бұныңызға қалай түсінуге болар екен?

Утешительный. Босқа ауыз ауыртып, сыпайысып жататын түгі де жоқ? Өнеріңізді көріп, нансаңыз, қасиетіңізге көңіліміз әбден толып отыр. Сол себепті сізге, өз жолдастарымның атынан тату-тәтті ұдай болайық деп, ұсыныс етемін. Бойымыздағы біліміміз бен қаржымызды қоса қойсақ, жалғыз-жарым жүргеннен гөрі, олжаға белшемізден ана ғұрлым бата қыймылдаған болар едік.

Ихарев. Бұл сөзіңіздің төркініне қай тұрғыдан түсінуге болар екен?..

Утешительный. Мына тұрғыдан түсініңіз: біз өзіміз адалдықтың қаруын адалдықпен қайтаратын адамбыз. Осы арадан табжылмай тұрып шынымызды айтайық, біз сізді көлденең келген көк аттының бірі ғой деп, барыңызды сыпырып алуға сөз байласқан едік. Бірақ қазір, қыйлы-қыйлы құпия атаулымен таныс екеніңізге көзіміз жетіп отыр. Сөйтіп, біздің достық ниетімізді қабыл ала аласыз ба?

Ихарев. Бұндай құрақ ұшып, құшақ жайған ұсыныстан қашар жайым жоқ.

Утешительный. Ендеше, бірімізге біріміз қол берейік. (*Ихаревтің қолын бәрі кезекпе-кезек қысады*). Бүгіннен бастап мал-жананымыз ортада, кулық пен қылымсу құрысын! Танысып қоюға рұқсат етіңіз,

бұл өнердің түбін қай уақыттан бері қолға алып зерттей бастап едіңіз?

И х а р е в. Шынымды айтайын, бұл менің бала жасымнан талпынған талабым. Тіпті, сонау мектепте оқып жүрген кезімнің өзінде, профессорлардың лекциясын тыңдай отырып, қасымдағы жолдастарыма орындықтың астынан көн қоятын едім.

У т е ш и т е л ь н ы й. Бәсе, өзім де солай ғой деп ойлап едім. Жайнап тұрған жас күніңнен машықтанбай, бұндай өнерді үйрене қою қыйын нәрсе ғой. Швохнев, әлгі бір керемет бала есінде ме?

И х а р е в. Қай бала?

У т е ш и т е л ь н ы й. Кәне, айтып берші!

Ш в о х н е в. Бұл сықылды оқыйғаны өмірі ұмыта қоймаспын. Жездесі (*Утешительныйді көрсетіп*), Андрей Иванович Пяткин маған: «Швохнев, кереметтің көкесін көргің келе ме? Иван Михайлович Кубышевтың ұлы, он екі жасар қаршадай бала ойыншылардың, бірде-бірінің қолынан келмейтін өнермен айналысып жүр! Тетюшев уезіне бар да, соны көріп қайт!» деді. Тетюшев уезіне, шынымды айтайын, сол жерде-ақ тартып кеттім. Иван Михайлович Кубышевтің деревнясын сұрастыра отырып, тұпа-тура үйіне кеп түсе қалдым. Өзімнің кім екенімді білдіріп едім. Үйден егделеу тартқан бір кісі шыға келді. Жай-жапсарымды айтып: «Ғапу етіңіз, құдайтағала сізге бір ерекше жаралған бала сыйлапты деп естіп едім» дедім — «Я, шынымды айтайын», деді ол. (*Маған өзінің бұлданым, бұлтармағаны ұнап кетті.*) «Я, рас, өз баласын әкесінің мақтағаны ерсілеу болғанмен, бұның өзі шынында да бір керемет. Миша! Бері келіп, конаққа өнеріңді көрсетші!» деді. Баласы, тіпті, иығымнан да келмейтін, уылжыған сәбидің өзі екен, көзге түскендей, жанарында да жайнап тұрған ештеме жоқ. Содан картаны сапырып бір беріп еді — өзім тіпті, сасып қалдым. Суреттеуге, тіпті, тіл жетпейді.

И х а р е в. Қойшы, тіпті, титтей аңғартпай ма екен?

Ш в о х н е в. Титтей, титтей ізін! Көз жазбай-ақ карап отырдым.

И х а р е в. Бұл бір ғажап екен!

Утешительный. Керемет, керемет!

И х а р е в. Менің ойымша бұнымен бірге картаның сыртқы өрнегін құнттап зерттеумен қатар, өткір көзге негізделген білім керек.

Утешительный. Оныңыз қазір оп-оңай болып алды ғой. Қазір өрнек пен белгі қолданудан ада-күде шығып қалды; жұрт енді кілтін білсек деп жантала-сып жүр.

И х а р е в. Яғный, суреттің кілтін бе?

Утешительный. Я, картаның сыртындағы суреттің кілтін. Қай қалада екенін атап айтып жатпай-ақ қояйын, тек осыдан басқа қарекет істемейтін бір құрметті адам бар. Жыл сайын өзі Москвадан бірнеше жүз карта алып тұрады, атап айтқанда кімнен алатындығы да құпия. Өзінің бар міндеті тек әр картаның өрнегімен танысып, кілтін жіберіп отыру ғана. Көзіне қара, екіліктің суреті былай орналасқан! Ал енді, эне бір картаның суреті мынадай деген тәрізді! Осының өзіне ғана ол жылына бес мың сомды судыратып санап алып отырады.

И х а р е в. Дегенмен, бұның өзі бір маңызды нәрсе екен.

Утешительный. Бірақ солай болуы да керек. Саясат экономиясында айтылғандай, бұның өзі жұмыс бөлісу деген сөз ғой. Күймеші мен бір есеп. Бүкіл күймені оның жалғыз өзі жасамайды ғой. Ұстаға да, шеңбершіге де істетеді. Өйтпесе адамның өмірі жете ме...

И х а р е в. Ғапу етіңіз, бір сұрау берейін. Осы уақытқа дейін картаны жұртқа қалай таратып келдіңіздер? Өйткені, қызметшілерді ылғый сатып ала беруге болмайды ғой.

Утешительный. Құдай сақтасын! Оның үстіне бұның өзі қауыпті де нәрсе. Өйтемін деп, кейде өзінді өзін сатасын. Оның біз басқа бір амалын таптық. Бір орайда былай істедік. Жіберген агентіміз жәрмеңкеге келе қалып, купец едім деген желеумен қалалық трактирге түседі. Дүкен жалдап ала қоюға мұршасы болмағансып, сандық пен тендерін жатқан үйіне жыйнап қояды. Сөйтіп өзі трактирде бір аз тұрып, ішіп,

жеп, шығындалады да, мойнындағы борышын өтемес-тен бір күні зым-зыя жоқ боп кетеді. Қожайын үй ішін тінтеді. Тінтсе, бір тең жүгі қалған екен; шешіп көрсе ішінен жүз дюжина карта шығады. Әлбетте, карталарды ол сол арада сатып жібереді. Бағасын бірер сом арзандатқан екен, купецтер дүкендеріне қол-ма-қол талап ала қойыпты. Содан төрт күннің ішінде күллі қала ұтылып шыға келді.

И х а р е в. Айласын асырған-ақ екенсіздер.

Ш в о х н е в. Ал енді, әлгі, помещиктің үйіндегіні қайтесін?..

И х а р е в. Я, помещиктікінде не боп еді?

У т е ш и т е л ь н ы й. Ол жолғы істеген айламыз да жаман болып шыққан жоқ. Естіген, естімегеніңізді білмеймін, асқан дәулетті, Аркадий Андреевич Дергунов деген бір помещик бар. Өзі бір ойынды әдемі ойнайтын, сұғын қадаған суық қол дегеніңізге титтей ыңғай бермейтін, асқан адал адам: ине, сабақ жібіне дейін өзі қадағалап отырады, қолындағы адамдары да өнеге көрген, камергерлері, үйі бар — үйі бір тұрған сарай, деревнясы, бағы — бәрі де ағылшын үлгісімен салынған. Қысқасы, анық орыс мырзасының өзі. Үйінде қона жатқанымызға үш күн боп қалған еді. Іске қалай кірісудің бабын таба алмай-ақ қойдық. Содан, ақыр аяғы таптық-ау. Бір күні таңертең үш ат жеккен бір арба қораның қасынан дүрілдетіп өте шықты. Арбада отырған кілең жас жігіт. Бәрі де қыпқызыл мас, даурығып, дүниені бастарына көшіріп кетіп бара жатыр. Бұны көрген деревня адамдары, дағдысынша, тайлы-таяғы қалмастан далаға жүгіре шықпасы бар ма. Аңырып, ішек-сілелері қатып, мәз боп тұрғанда, арабадан бір нәрсенің түсіп қалғанын көздері шалып, жүгіріп келіп қараса — чемодан екен. «Тоқта!» деп қолдарын бұлғап, айғайлағанмен — тоқтау қайда! Ешқайсысы елең қылмай, құйғыта берді. Жол бойынан жосылып, тек тозаңдары ғана көрінеді. Чемоданның аузын ашып жіберіп қараса, ішінен: ішкіім, бірер көйлек-көншек, екі жүз сом ақша мен қырық дюжина карта шығады. Әлбетте енді, ақшадан безіп бірдеме көрініп кетіп пе, карталарды мырзаның үйіне әкеледі, содан келер күні кешкісін қожайыны

мен қонағы бар, түп-түгел қалталарын қағып қала берді, сөйтіп көн де біткен болатын.

И х а р е в. Айла-ақ екен. Бұндайға жұрт жәдігөй деген сықылды, қыйлы-қыйлы аттар таққанмен, бұның өзі ақылдың айласы әрі мәдениеттілік қой.

У т е ш и т е л ь н ы й. Ондайлар ойынның не екеніне түсінбейді. Ойында бет-жүзге қарау деген жоқ. Ойын ешнәрсені елемейді. Маған әкем ойнаса да бәрі-бір, ұтып алам. Ойнамасын! Ойын үстінде тереземіз тең.

И х а р е в. Әлбетте, олар ойыншының осы бір, аса қайырымды адам бола білетінін түсінбейді. Қытымырлау болғанмен, пақыр дегенде өзі жанындағы жалғыз тыйынын аямайтын бір адамды білемін мен. Сөйте тұрып өзі үш адам боп шеріктесе кетіп, жападан-жалғыз жүрген біреуді ұтып ала коюдан да кашпайтын. Дегенмен, мырзалар, әңгіме айналып шынтуайтқа келген соң, сіздерге бір қызықты көрсете отырайын: алыста тұрып қолындағы картаны табатын, кұранды немесе іріктелген карта дегенді білесіздер ме?

У т е ш и т е л ь н ы й. Білуші едім, бірақ, баска бір түрі шығар.

И х а р е в. Мақтанып-ақ айтайын, бұл бір табылмайтын ойын. Өзіне жарты жылдай еңбек сіңірдім. Соның артынан екі апта бойына күн көзіне қарай алмай, бетімнен басып қалдым. Дәрігер көзімнің қабынуынан қауіп қылып еді. (*Қобдыйдан суырып алды.*) Мінеки. Бірақ енді өзіне адам атын қойғанымға сөге көрмеңіздер.

У т е ш и т е л ь н ы й. Аты кім?

И х а р е в. Я, аты: Аделаида Ивановна.

У т е ш и т е л ь н ы й (*мырс беріп*). Естіп отырмысын, Швохнев, картаға Аделаида Ивановна деп ат қоюдың өзі бір шыт жаңа идея екен. Бұны, тіпті, асқан сәуегейлік деп ойлаймын.

Ш в о х н е в. Аделаида Ивановна дегеніңіз әсем скен! Өте тамаша...

У т е ш и т е л ь н ы й. Аделаида Ивановна. Неміс әйелі екен тіпті! Естіп отырмысын, Кругель, сенің әйелің.

К р у г е л ь. Е, менің қай жерім неміс? Затың не-

міс дегенің болмаса, атамның өзі де немісше дым білмейтін.

Утешительный (*картаны көріп жатып*). Өзі бір, нағыз қазына екен. Я, тіпті титтей белгі жоқ. Дегенмен, өзіңіз кез-келген картаны, шынымен-ақ қалаған жерден таба қоясыз ба?

Ихарев. Рақым етіңіз, мен өзіңізден бес қадам жерде тұрамын да, кез-келген картаны айтып беремін. Жаза бассам, бәсіне екі мың сом тігемін.

Утешительный. Ендеше, мынау қай карта?

Ихарев. Жетілік.

Утешительный. Дәл дегендей. Мынау ше?

Ихарев. Валет.

Утешительный. Япырай, ә, я. Ал, мынау ше?

Ихарев. Үштік.

Утешительный. Ғажап екен!

Кругель (*шығын қозғап*). Ғажап екен!

Швохнев. Ғажап екен!

Утешительный. Ғапу етіңіз, тағы да көрейін. (*Картаны көріп*). Ғажап нәрсе екен. Аделаида Ивановнаның есімімен атауға татырлықтай екен. Бірақ енді, есіңізге сала кетуге рұқсат етіңіз, бұның өзін іс жүзінде қолдана қою қыйын болады. Тек әншейін, төселмеген ойыншылармен кездескенде ғана демесеніз, өйткені, картаны өзіңіз ауыстыруға тиіссіз ғой.

Ихарев. Бұның өзі, нағыз тіс қақты болып, төселген ойыншыларыңның да делебесі қозып, ойынның қыза-қыза қызыл кеңірдекке әбден айналған кезінде ғана істеледі; қобырай бастаған адамға қулығынды өткізу оп-оңай. Жаксы ойыншылардың ойнай-ойнай келе жалығып кететінін өздеріңіз де білесіздер. Екі күн, екі түн ұдайы, ұйқы көрмей отырып ойнап көрсінші, жалығып шыға береді. Ойынның қызба табан кезінде мен өзім картаны оп-оңай ауыстыра берем. Әңгіме, қасындағы адам күйіп-пісіп отырған кезде сабыр тұта білуде екеніне наныңыздар. Ал енді жұрттың көңілін аударар қоядың мың амалы бар. Қасындағы кісінің біріне жабыса кетіп, өзіндікін дұрыс жазбапсын дей қойсаңыз болды. Жұрт оған қарай берген кезде, картаны ауыстыра қоясын.

Утешительный. Дегенмен, менің байқауым-

ша, өнеріңіздің үстіне салқын қанды-сабырлы қасиетіңіз де бар сықылды. Бұл бір маңызды нәрсе. Сізбен таныстығымыздың қадірі қазір бұрынғыдан да артып отыр. Сыпайысып жатпай-ақ, биәзілікті былай қойып, бір-бірімізді енді «сен» деп сөйлесе берейік.

И х а р е в. Баяғыда-ақ сөйтеу керек еді.

У т е ш и т е л ь н ы й. Жігіт, шампан шарабын әкелші! Бал жаласқан шеріктестіктің ескерткішіне!

И х а р е в. Әлбетте, ішіп алуға татыйтын нәрсе бұл.

Ш в о х н е в. Біздің бір ерлік қыймыл істеп жіберуге белсеніп отырғанымыз мынау, қару-жарағымыз да сай, қайратымыз да бар, тек кем боп тұрғаны...

И х а р е в. Әлбетте, атап айтқанда, шауып алатын қамал болмай тұр, осынысы шатақ.

У т е ш и т е л ь н ы й. Амал қанша? Жау жоқ әзір (*Швохневқа қадала қаран*). Не? Түріңе қарағанда жау бар дегелі отырған сықылдысын ғой өзің.

Ш в о х н е в. Бар, я... (*Тоқтап қалады*).

У т е ш и т е л ь н ы й. Кімді көздеп отырғаныңды білемін.

И х а р е в (*серпіліп*). Кімді? О кім?

У т е ш и т е л ь н ы й. Ә, қойшы осыны: бос сөйлеп отыр. Бері қараныз, осында бір, Михал Александрович Глов деген жолаушы помещик бар. Бірақ өзі тіпті карта ойнамайтын болған соң айтып-айтпай не керек? Торып та көрдік өзін... Сылап-сыйпап, ай бойы қасынан да қалмадым. Дос та, сыралғы адам да болып көріндім, бірақ түк шығара алмадым.

И х а р е в. Бірақ енді, бері қарашы, өйтіп-бүйтіп өзімен бір дидарласуға болмас па екен? Кім білсін, бәлкі...

У т е ш и т е л ь н ы й. Дегенмен, өзіңе алдын ала айтып қояйын, босқа арамтер боласын.

И х а р е в. Көрейік, тағы да байқап көрейік.

Ш в о х н е в. Сөйтсе де өзін ертіп келсеңші. Тұзаққа түсіре қоймағанмен, әншейін, әңгімелесіп отырармыз. Аужайын байқап көрмейтін несі бар?

У т е ш и т е л ь н ы й. Я, оның маған оп-оңай, ертіп келейін.

И х а р е в. Тілеуіңді берсін, қазір ертіп кел.
У т е ш и т е л ь н ы й. Рақым ет, рақым ет. (Ке-
теді).

ІХ КӨРІНІС

У т е ш и т е л ь н ы й д е н басқалары.

И х а р е в. Рас-ау, қайдан білесін? Қайсыбірде іс-тің өзі тіпті қолдан келмейтін сықылды болып та көріне береді ғой...

Ш в о х н е в. Менің де ойым осы. Айналдырып жүргеніміз құдай емес, адам ғой. Қанша айтқанмен, адамның аты адам. Бүгін болмағанмен, ертең болмағанмен, бүрсігүні болмағанмен, төртінші күні тырп еткізбей, иықтап отырып алсаң: «я» дейді. Кейбіреулер мығымсынып, құрдан-құр қойқаңдағанмен, ішіне үңіле кетсең әншейін, қуыс құрай болып шығады.

К р у г е л ь. Дегенмен, мынау ондай адам емес.

И х а р е в. Әттең, егер бар ғой!.. Қарекетті аңсап, қазір қандай құлшынып отырғаныма жұрт айтсам нанбас еді. Ақырғы ойнаған адамым, полковник Чеботаревтың сексен мыңын өткен айдың ішінде ұтқанымды біліп қойындар. Содан бері картаны ай бойы қолыма алсам бұйырмасын! Осы уақыттың ішіндегі құлазып, ішімнің пысқаны, сірә, қаперлеріңе кіріп те шықпас деймін. Ішім пысып, тіпті, жарылып кете жаздадым!

Ш в о х н е в. Жайыңызға түсінемін. Соғыс жоқта басына берекелі ой келмейтін полковник сықылды болып отырсыз ғой. Сүйіктім, бұл бір тағдырдың талассыз дамылы ғой. Бұны мен өз басымнан білемін, онымен ойнауға болмайды.

И х а р е в. Нансаң, қазір біреу кез келе кетіп, бес сом қойып жіберді бар ғой, отыра қалып, ойнай кетер едім.

Ш в о х н е в. Белгілі нәрсе ғой. Кейде нағыз жүйрік деген ойыншыңның өзі де өстіп сыпырылып шыға беретін. Жұмыссыз зарығып жүріп, сорлы мен содыр дейтіндердің біреуіне тап болатын да, таза-тақыр ұтылып шыға келетін!

И х а р е в. Бұл Гловыңның өзі бай ма?

К р у г е л ь. О! Акшалы. Мыңның айналасында шаруа жаны болу керек.

И х а р е в. Әттең, дүние, әлде өзін ішкізсем бе екен, шампан шарабын алдыра қойсам ба екен?

Ш в о х н е в. Аузына алмайды.

И х а р е в. Енді қайттім? Қалай жақындасам? Жо-жоқ, дегенмен, менің ойымша... ойын деген еліктіріп әкететін нәрсе ғой. Егер өзі ойыншылардың қасында отырды бар ғой, делебесі қозбай қоймас еді, бәлемнің.

Ш в о х н е в. Қазір көреміз. Кругель екеуіміз мына бір оқшаулау жерге отыра қалып, азын-аулақ ойын бастап жіберейік. Бірақ өзіне онша иіліп елтипат көрсете қоймау керек: шал дегенің сезікшіл келеді.

Карта алып оқшаулау барып отырысады.

X КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғ ы л а р, У т е ш и т е л ь н ы й мен егделеу жасқа келген М и х а л А л е к с а н д р о в и ч Г л о в.

У т е ш и т е л ь н ы й. Мінеки, Ихарев, алдына тартамын: Михал Александрович Глов!

И х а р е в. Шынымды айтайын, бұндай құрметті көптен бері көксеп жүр едім. Бір трактирде тұрып...

Г л о в. Сізбен танысқаным өзім де өте сүйсінемін. Бар өкінетінім, тек жол жүрер алдында ғана кездесіп қалдық...

И х а р е в (*оған орындық ұсынып*). Құлдық ұрып өтінем!.. Бұл қалаға келгеніңізге көп болып па еді?

У т е ш и т е л ь н ы й, Ш в о х н е в, К р у г е л ь д е р өзара сыбырласады.

Г л о в. Шырағым-ай, бұл қалаңның өзінен әбден мезі болдым ғой. Осы арадан тезірек кеткеніме қуанғанымнан қой айтар едім.

И х а р е в. Немене, бір шаруамен бөгеліп жүрмісіз?..

Г л о в. Шаруа ғой, шаруа. Шаруа дегеніңнің өзі шатақ болып тұр!

И х а р е в. Балки, дау-шар шығар?

Г л о в. Жок, құдайға шүкір, дау-шардан аманмын, бірақ сөйтседе ісім оңына келіңкіремей тұр. Он сегіз жасар бойжеткен қызымды ұзатпақшы едім. Әке жайын білуші ме едіңіз? Оны-мұны сатып алайын, ең әуелі мекенімді несиеге салайын деп келген едім. Шаруамды ендігі реттеп те қоятын едім, амалым не, несиеші кеңсе ақшамды күні бүгінге дейін созып, бермей отыр. Босқа карап жатырмын.

И х а р е в. Гапу етініз, мекеніңізді қанша сомаға бағалап салып едіңіз?

Г л о в. Екі жүз мыңға. Таяу күнде беріп қалуға тиіс еді, бірақ, созылып кетіп отыр. Жата-жата осы жерден өзім де әбден ығыр болдым! Үй іші, бар дүниемді кемді күнге тастап кетіп ем. Қызым болса, қалыңдық... түп-түгел тосып отыр. Сондықтан, бәрін де тастап, жүріп кетуге бел байлап тұрмын.

И х а р е в. Оныңыз қалай? Тіпті, ақшаға да қарамайсыз ба?

Г л о в. Шырағым-ау, қайт дейсін? Жайыма да бір көз жіберіп көрсеңізші. Әйелім мен бала-шағамды көрмегелі ай болып қалды ғой, өздерінен тіпті хат та алғам жоқ, не боп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Сөйтіп, енді бар шаруамды осында қалатын балама тапсырып отырмын. Әуре болып шаршадым әбден. *(Швохнев пен Кругельге бұрылып.)* Немене, мырзалар? Сіздерге бөгет болдым-ау деймін. Бірдеме істеп отыр ма едіңіздер?

К р у г е л ь. Жай әншейін. Еріккен соң, карта ойнап отыр едік.

Г л о в. Сіра, көн қойып ойнап отырсыздар-ау деймін.

Ш в о х н е в. Қайдағы көн! Уақыт өтсін деп, әншейін, болымсыз тыйын-тебен қойып отырмыз.

Г л о в. Шіркін, мырзалар, қартқа да бір құлақ қойып көрсеңіздерші. Бәріңіз де жап-жас жігітсіздер. Әрине, оның ермек еткеннен басқа өрескел түгі де жоқ, оның үстіне тыйын-тебендік ойыннан ойсырап ұтылып та қала қоймайсын, бәрі де солай ғой... дегенмен... Шіркін, мырзалар, картаны өзім де ойнаған адам болғандықтан өз тәжірибемнен білемін ғой. Дү-

нидегі нәрсенің бәрі болымсыздан басталатын да, титтей деген ойыныңның өзі бара-бара насырға шабатын-ды.

Ш в о х н е в (*Ихаревке*). Бәрекелді, шалың бөсейін деді. (*Гловқа*) көрдіңіз бе, әнеки. Түймедей нәрсені түйедей қыла қойдыңыз, егде тартқан кісінің бір міні осындай болады ылғый.

Г л о в. Бұныңызға жол болсын, сонша қартайып отырғам жоқ ғой әлі де. Өз тәжрибеме қарап айтамын.

Ш в о х н е в. Сіз туралы айтып отырғам жоқ. Бірақ бұның өзі жалпы айтқанда қарттардың басындағы бар нәрсе: мәселен, егер бір нәрседен өздерінің аузы күйсе, сол нәрседен өзгелердің де ауызы қате кетпей күйеді деп имандай ұиды. Егер өздері бір жолмен жүріп келе жатып, жалтыр мұзға жазатайым жалп ете түссе болды — бұл жолдың бойында бір мұз бар екен, ендігәрі онымен ешкім жүре көрмесін, жүрген адам сөзсіз жығылады деп, байбалам салып, басқа жұрттың әрі сақ, әрі табанының тайғанай қоймайтындығын елемей ережесін соға бастайды. Жоқ, бұл олардың мыйына кірмейді. Көшеде біреуді ит қапса, — қаппайтын ит болушы ма еді тәйірі, тірі жанның тырп етіп көшеге шықпауы керек тәрізді.

Г л о в. Солай ғой, шырағым. Бір жағынан ондай осалдығымыздың бар екені де рас. Бірақ оның есесіне жассыңдар ғой! Құйғытамын деп, бір жерде мойындарың астынан келеді ғой!

Ш в о х н е в. Бәсе, сол аянкес емес екендігіміз ғой айтып отырғанымның өзі де. Жастар жұлқынса, жанындағылардың іші күйеді, жасы ұлғайғанда тақуа бола қойса, қасындағылардың іші күйеді.

Г л о в. Қарттар жайында осындай көңіл қаларлық ойда ма едіңіз?

Ш в о х н е в. Е, жоқ, сондай көңіл қаларлық ой болушы ма еді? Бұным шындық, одан басқа түгі де жоқ.

И х а р е в. Ескерте кетуге рұқсат етіңіз. Сенің пікірің ерсілеу...

У т е ш и т е л ь н ы й. Қарта жайында мен өзім Михал Александровичтің ойын мақұл көрем. Қартаны

өзім де ойнадым, қатты ойнадым. Бірақ тағдырдан айналайын, ада-күде қойып кеттім, қойғанда небір ұтылып, немесе тағдырға көңілім суып қойғам жоқ. Наныңыз онда тұрған түк те жоқ: көңілдің көншуіне карағанда ұтылу дегенін онша бір қабырға қайыса қоятын нәрсе емес. Жұрт не десе, о десін, ойын үстінде сезінетін жалғыз толқынудың өзі ғана өмірімізді, сірә, қысқартып отыратын сықылды.

Г л о в. Құдай ақына, тап солай, шырағым! Тауып айттыңыз! Ғапу етіңіз, орынсыздау бір сұрау берейін, өзіңмен танысқаннан бері, тап осы күнге дейін...

У т е ш и т е л ь н ы й. Неңдей сұрау еді?

Г л о в. Қытыққа тигіштеу нәрсе болғанмен, танысып қоюға рұқсат етіңіз, жасыңыз нешеде?

У т е ш и т е л ь н ы й. Отыз тоғыздамын.

Г л о в. Бәрекелді! Отыз тоғыз деген жас па екен, тәйірі? Жап-жас жігітсіз ғой әлі! Егер біздің Россияда осы сықылды ақыл айта білетін адамдар бола түссе қайтер еді десеңізші? Жасаған-ай онда аумаған алтын ғасырдың өзі орнаған болар еді ғой. Сізбен танысқаным үшін, құдай біледі, тағдырға сонша бір разы болып тұрмын.

И х а р е в. Наныңыз, мен де сіздің айтқаныңызға қосылам. Қартаны мен өзім балалардың қолына да ұстатпас едім. Бірақ естыяр адамдардың ермек етіп, көңіл көтергенінің несі айып? Мәселен, би билеуден қол үзген қадірлі қарттардың.

Г л о в. Солай, бәрі де солай ғой; дегенмен, өмірімізде толып жатқан рақат, былайша айтқанда, толып жатқан қасиетті борыштардың бар екеніне ден қойыңызшы. Қайран мырзалар, қарттың да бір тілін алып көрсеңіздерші! Адамда үйішінің от басындағы өмірінен артық мақсат болмайды. Айналаңыздағы аялап тұрған осының бәрі бір толқыну емес пе, құдай ақына, толқыну ғой, бірақ сіздер анық шаттықтың дәмін әлі де тата қойған жоқсыздар. Нансаңыздар, мен өзім, құдай біледі, үйішімді көргенше асығып тұрмын! «Көкетайым, көкешім!» деп қызымның мойныма кеп асылатыны көз алдымнан бір кетпейді. Ұлым да гимназиядан келіпті... Көрмегелі алты ай болып кетіп еді... Тіпті, айтуға тілім де жетпейді, құдай ақына, со-

лай. Сөйтін енді, осыдан кейін картанын бетіне қарай алармысын.

И х а р е в. Дегенмен, әкелік сезімді әкеп картаға араластыратыныңыз қалай? Әкелік сезім бір сәрі де, карта да...

А л е к с е й (кіріп келіп, Гловқа). Кісіңіз келіп чемодандарыңызды сұрап тұр. Шығара берсін бе? Аттарыңыз әзір тұр.

Г л о в. Қазір барам! Ғапу етіңіздер, мырзалар, қазір барып келейін. (Кетеді).

ХІ КӨРІНІС

Швохнев, Ихарев, Кругель, Утешительный.

И х а р е в. Мынадан ешқандай үміт жоқ екен!

У т е ш и т е л ь н ы й. Әуелде-ақ айттым ғой. Адамды танымайтындығыңызға түсінбеймін тіпті. Кімнің картаға құлқы жоқ екенін бір көргеннен біле қоюға болады ғой.

И х а р е в. Дегенмен, ерік алдына қоймауымыз керек еді. Бірақ енді оған өзің несіне қошаметші бола қойдың?

У т е ш и т е л ь н ы й. Бауырым, өйтпей болмайды ғой. Бұндайлармен сөйтіп ептеп сөйлесу керек. Өйткені, ұтып алғалы отырғаныңды сезіп қояды.

И х а р е в. Бірақ енді оныңнан не шықты? (Бәрі бір қазір жүргелі отыр ғой.

У т е ш и т е л ь н ы й. Сабыр ет, әлі де күдерінді үзбе.

ХІІ КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғ ы л а р м е н Г л о в.

Г л о в. Мырзалар, тату-тәтті таныстығымыз үшін сіздерге мың мәртебе рахмет. Бар өкінетінім: жүрер алдында жүздесіп тұрмыз. Дегенмен, тәңірім бұйырса, бір жерден тағы да жолығып калармыз.

Ш в о х н е в. О, әлбетте. Даңғыраған қара жолдың

үстінде сенше соғылған жұрт соқтығыспай қоюшы ма еді? Тек тағдыр жазсын десеңізші.

Г л о в. Құдай ақына тап солай; дұп-дұрыс. Тағдыр жазса, күні ертең көрісеміз—дұп-дұрыс. Қош болыңыз-дар, мырзалар! Шын көңіліммен рахмет айтам! Ал енді, Степан Иванович, сізге сонша борыштармын. Шынында, сіз жалғызсырап, жабығып жүрген көңілімді бір көтеріп тастадыңыз.

У т е ш и т е л ь н ы й. Рақым етіңіз, оқасы жоқ. Қолымнан келгенімді аясам бұйырмасын.

Г л о в. Сондай мейрімді адам болсаңыз, тағы бір жақсылық істеңізші, соны өзіңізден тілесем қайтеді?

У т е ш и т е л ь н ы й. Қандай жақсылық? Айтыңыз! Не тілесеніз де орындауға әзірмін.

Г л о в. Қарт-әкені жұбатыңыз!

У т е ш и т е л ь н ы й. Қайтіп?

Г л о в. Сашамды осында тастап кетіп барам. Көңілшек, тамаша бір жігіт өзі. Дегенмен әлі де желкұйын ғой. Жыйырма екі деген жас па, тәйірі? Бала ғой... Оқуды бітіріп келіп еді, ендігі есі-дерті гусар болып жүр. Мен өзіне: «Асықпа, Саша, аялда, еңәуелі жан-жағыңа көз жіберіп ал! Гусарға барып неғыласын, кім біледі, жай қызметке де икемін бар шығар. Жарық дүниені өзің әлі жөндеп көре де қойған жоқсың, уақыт шіркін, қайда, қашар дейсін!..» дедім. Әлбетте, жас жігіттің жайы өздеріңізге мәлім. Гусарлардың оқалаған сәнді мундирі дегенде ішкен асын жерге қояды. Не айтасыз бұған? Қабілеттің ауған жағына ара түсуге болмайды ғой... Сөйтіп, сондай бір мархабат етіңіз, Степан Иванович шырағым! Өзі енді жалғыз қалып бара жатыр; ондай-мұндай уақтүйек шаруаларымды соған тапсырып отырмын. Жас болған соң жағаламайтын пәле бар ма: тек әйтеуір несиеші кеңседегілер өйтіп-бүйтіп алдап кете көрмесін... пәле-жала қайдан дейтін емес ғой... Сөйтіп, өзін осалдықтан қаға көріңіз. Сондай бір мархабат етіңіз шырағым! *(Оны екі қолынан алады).*

У т е ш и т е л ь н ы й. Рақым етіңіз, рақым етіңіз. Әкесінің баласынан аямаған жақсылығын мен де одан аямайын.

Г л о в. Әттең шырағым-ай! *(Құшақтасып, сүйісе-*

ді). Көңілшектігіңіз көрініп-ақ тұр, құдай біледі! Осының үшін құдай сыйласын! Қош, мырзалар, қонған жұрттарыңыздың құтты болуын шын көңілімнен тілеймін.

И х а р е в. Қош, жолыңыз болсын!

Ш в о х н е в. Үйішіңізбен есен-сау көрісіңіз!

Г л о в. Рахмет, мырзалар!

У т е ш и т е л ь н ы й. Сізді күймеңізге дейін ертіп барып, отырғызып жіберейін!

Г л о в. Әттең, шырағым-ай, бұндай мейрімді адам болармысын!

Екеуі шығып кетеді.

ХІІІ КӨРІНІС

Ш в о х н е в, К р у г е л ь, И х а р е в.

И х а р е в. Жөнелді қуың!

Ш в о х н е в. Я, біраз жем қылуға жарайтын еді.

И х а р е в. Шынымды айтайын, өзі: екі жүз мың деген жерде, тіпті, жүрегім жарылып кете жаздады.

К р у г е л ь. Ондай соманы ойлағанның өзі де тәтті ғой.

И х а р е в. Қайран, қыруар ақшаның көк тыйын пайда келтірмей ысырап болып жатқаны-ай десеңші. Оның екі жүз мыңынан не пайда, бәріде әншейін ондай-мұндай ескі-ұсқы шүберек сатып алуға жылап кетеді ғой.

Ш в о х н е в. Ылғый бір іске татымайтын, қоқсық.

И х а р е в. Қолдан-қолға ауыспай, қанша ақша дүниеде өстіп ысырап болып жатыр десеңші. Өлікке ұсап, несиеде талай өлі қаржы теңкііп жатыр ғой. Оллаһи, тіпті, ішім ашыйды. Опекун советінде жатқан ақшадай ақшам болды бар ғой, одан артықты сұрамас едім.

Ш в о х н е в. Мен соның жартысына-ақ разы болар едім.

К р у г е л ь. Мен ендеше ширегіне-ақ разы болар едім.

Швохнев. Қой, неміс, өтірік оның: көбірек дә-
метерсін.

Кругель. Шын айтамын...

XIV КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Утешительный, жүзі гүл-гүл жай-
нап, ентелей басып кіріп келеді.

Утешительный. Оқасы жоқ, оқасы жоқ, мыр-
залар! Құрғырдың кеткені жақсы болды! Баласы
осында қалды. Әкесі оған сенім қағаз несие кеңсесі-
нен ақша алуға бар правосын да беріп кетті, соның
бәріне көз қырын сала көр деп өзі маған тапсырып
та кетті. Баласы жігіт екен: гусар болам деп құлшы-
нып отыр әншейін. Майқан деген осы. Мен барып,
өзін осында ертіп келе қояйын! (*Жүгіріп шығып ке-
теді*).

XV КӨРІНІС

Швохнев, Кругель, Ихарев.

Ихарев. Па-шіркін, Утешительный!

Швохнев. Жасасын! Іс оңына айналайын деді!

Бәрі де қуанғаннан қолдарын уқалап қояды.

Ихарев. Жігіт-ақ екен Утешительныйың! Жаға-
лата келіп, әкесін неліктен қолпаштай қойғанына жа-
на түсіндім. Қандай ептілік десеңізші! Қандай қулық!

Швохнев. О, бұндайға оның дарыны бөлек!

Кругель. Қабілеті елде жоқ!

Ихарев. Шынымды айтайын, әкесі баламды
осында тастап кеткелі тұрмын деген жерде менің ба-
сыма да бір ой сап еткенмен, кірпік қаққандай болған
жоқ еді, ал ол қолма-қол... Қандай жырынды десе-
ңізші!

Швохнев. О, сен әлі онымен жөндеп таныса
қойған жоқсың.

XVI КӨРІНІС

Бұрынғылар, Утешительный мен Глов Александр Михалыч, жас жігіт.

Утешительный. Мырзалар! Алдарыңызға тартамын: Александр Михалыч Глов, аяулы жолдас, өзімдей жақсы көріңіздер.

Швохнев. Өте қуаныштымын... (Оның қолын қысады).

Ихарев. Сіздің таныс болғаныңыз бізге...

Кругель. Келе көріңіз, сіз дегенде құшағымыз жаюлы.

Глов. Мырзалар! Мен өзім...

Утешительный. Сыпайсымандар, сыпайысымандар. Теңдіктен артық түк те жоқ, мырзалар! Глов! көріп тұрсын ғой: бұл үйде отырған жігіттердің бәрі де өз жолдасың, ендеше биязілік біткен құрысын! Тұпа-тура «сен» ге түсейік.

Швохнев. Әлбетте, «сен» деп сөйлесейік!

Глов: «Сен» деп сөйлесейік. (Жағалай қол берді).

Утешительный. Солай, жасасын! Жігіт, шампан шарабын әкел! Мырзалар, бұл жігіттің бойында, тіпті, қазірдің өзінде гусарға лайық бір нәрсенің бар екенін байқап отырмысыздар? Жоқ, жамандамай-ақ қояйын, әкеңнің өзі бір барып тұрған жануар екен, — ғапу ет, «сен» деп сөйлесуге келісіп едік ғой, — осындай жігітті көзі қыйып, шимай-шатақ жұмысқа қалай тастап кетті десеңші! Қалай бауырым, қарындасының тойы таяуда бола ма?

Глов. Құрып кеткір, тойымен қоса құрысын! Соның қырсығынан әкемнің үш ай бойы өзімді деревняда жіпсіз байлағанына ішім ашығды.

Утешительный. Кәне, бері қарашы, қарындасың қалай, жақсы ма?

Глов. Жаман емес... Алда-жалда өзі қарындасым болмады бар ғой... кегімді алмай қоймас едім.

Утешительный. Жасасын, жасасын, гусар! Гусар екендігі жаңа көрінді! Жә енді, бері қарашы, егер сол қарындасыңды алып кашқым келсе, қол ұшын берер ме едің?

Г л о в. Неге бермейін? Берер едім.

У т е ш и т е л ь н ы й. Жасасын, гусар! Құрып кеткір, нағыз гусарынның өзі екен мынау. Жігіт, шампан шарабын әкел! Менің ен сүйетінім осы: осындай ақжарқын адамдарды жақсы көремін. Тоқташы, жаным, құшақтайыншы өзінді!

Ш в о х н е в. Келші, мен де құшақтайын. (Оны құшақтайды).

И х а р е в. Мейлі, мен де құшақтайын. (Құшақтайды).

К р у г е л ь. Олай болса, өзін мен де құшақтайын. (Құшақтайды).

Төбеге атқылап келе жатқан тығынды саусағымен басып, Алексей бір бөтелке әкеледі; бокалдарға құяды.

У т е ш и т е л ь н ы й. Мырзалар, болашақ гусар юнкерінің ден саулығы үшін! Қапысыз сайыпкер, қапысыз былықпай, қапысыз маскүнем болсын, қапысыз... қысқасы, өзінің тілеген тілегі болсын!

Б ә р і. Тілеген тілегі болсын! (Ішеді).

Г л о в. Гусар атаулының ден саулығы үшін! (Бокалын көтеріп).

Б ә р і. Гусар атаулының ден саулығы үшін! (Ішеді).

У т е ш и т е л ь н ы й. Мырзалар, бұның өзін гусарлардың бар әдет-ғұрпымен қазір таныстыруымыз керек. Көріп отырсыздар, арақты өзі әлден-ақ тәп-тәуір ішетін сықылды, бірақ онысын қойшы. Бұл енді нағыз кәнігі картежниктің өзі болу керек! Көн қойып ойнаймысын?

Г л о в. Ойнар едім, ойнағанда қандай, бірақ ақшам жоқ.

У т е ш и т е л ь н ы й. Сол да сөз бе екен; ақшам жоқ дейді! Тек отыра қаларлық бірдемен болса, одан әрі ақша табылады, қазір ұтып аласын.

Г л о в. Сорлағанда, сол, отыра қаларлық ештеме болмай тұр.

У т е ш и т е л ь н ы й. Саған біз қарызға да сенеміз. Қолыңда несиеші кеңседен ақша алуға деген сенім қағазың бар ғой. Аялдай тұрамыз, ақшанды ала салысымен әкеп төлейсін. Ал оған дейін бізге вексель

бере тұрарсын. Ойбай-ау, не деп отырмын осы? Сен бір ұтылып қала қоятындай-ақ соғып отырмын. Мыңдаған сомды судыратып қазір ұтып аласын.

Г л о в. Ұтылып қалсам қайтем?

У т е ш и т е л ь н ы й. Ұялсаңшы, бұл күйіңмен қайтіп гусар болмақсын? Әлбетте, екiнiң бiрi болатыны айдан анық: не ұтасын да, не ұтыласын. Әңгіме, яғни игіліктің ең үлкені сол тәуекелде болады. Бірақ кім көрінген тәуекелге бел байлай бермейді. Қыйқым бақай чиновниктің де ерленіп, қараудың да камалға кіретіні даусыз.

Г л о в (*қолын сілтеп*). Құрып кетсін, олай болса, ойнаймын! Әкемнің қабағына қарап отырам ба, тәйірі!

У т е ш и т е л ь н ы й. Жаса, юнкер! Жігіт, карта әкелші! (*Оның стаканына шарап құяды*). Ең әуелі не керек? Ең әуелі, ерлік соққы, қайрат керек. Ендеше, мырзалар, сендерге жыйырма бес мыңнан көн қойып жіберейін. (*Картаны оңды солды үлестіреді. Кәнеки, гусар... Швохнев, сен не қоясын? (үлестіреді)*). Картаның түсісі ғажап екен. Есептеп шығарар ма еді шіркінді! Валет күйіп кетті, тоғыздық әкетті. Анау не, сенің қолыңдағы немене? Төрттік те алып кетті! Па, шіркін, гусарың қандай десеңші? Ақшаны өзі айламен асыра қойып келе жатқанын сезіп отырмысын, Ихарев! Дегенмен тұз шыға қояр емес әлі. Швохнев, сен неге құйып қоймай отырсын оған? Әне, әне, әне кетті тұз! Әнеки, Кругель әкетті. Немістің жолы болмай қоюшыма еді! Төрттік әкетті, үштік әкетті. Жаса, жаса, гусар! Мына қара, Швохнев, гусарың әлден-ақ бес мыңдай ұтып алды.

Г л о в (*картаны бүктеп*). Құрып кетсін! Екі есеге қарсы екі есе ғып қоям! Әнеки, тоғыздық та үстел үстінде жатыр, ол да жүреді, үстеуіне бес жүз сом тағы да қоям!

У т е ш и т е л ь н ы й (*картаны үлестіре отырып*). Па, шіркін! Жігіт екен гусарың! Жетілік күй... Япырай, жоқ, плие, құрып кеткір, плие, тағы да плие болды! Бәлі, гусар ұтылып қалды. Амал қанша, бауырым? Құдайдың бір қосқаны болмаса, кім көрінгеннің әйелі Марья бола бермейді ғой. Кругель, болдың ғой

есептеп! Әкел, әлгі суырып алған картанды сал. Жаса, гусар ұтып кетті! Сендер өзін неге құттықтап қоймай отырсындар? (*Бәрі шарап ішіп, ыдыстарын соғыстырып, оны құттықтайды*). Қарғаның мәткесін жұрт опасыз келеді дегенмен, мен өзім олай дей алмаймын. Швохнев, сенің әлгі караторы ғашығыңа қарғаның мәткесі — деп ат қойғаның есіңде ме әлі. Сол сүйгенің қайда екен өзі қазір? Бәлки, берекесіз өмірге әбден беріліп кеткен шығар. Кругель! Күйіп кеттің! (*Ихаревке*) сен де күйдің. Швохнев, сен де күйдің, тусар да күйіп кетті.

Г л о в. Құрып кетсе де көнге түгел ұрамын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Жаса, гусар! Сайып келгенде гусардың әдеті осы енді! Жарқын сезімнің жалт етпей қоймайтынын сезіп отырмысын, Швохнев? Осы уақытқа дейін гусар болады-ау деп өзінен дәмеленіп келіп едік. Ал енді, қазір, гусардың тап өзі болды да қойды. Түріне қарашы өзінің, кәдімгі әлгі кім сықылды... Гусар күйіп кетті.

Г л о в. Түгел ұрамын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Па! Жаса, гусар! Елу мыңға түп-түгел басты! Маңғаздық дегенің осы ғой әлгі! Кәнеки, жігіт болсаң, осындай мінезді іздеп таба қойшы... Ерлік ғой бұл! Гусар күйіп кетті!

Г л о в. Түгел ұрамын, құрып кетсе де, түгел ұрамын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Па, шіркін гусар! Жүз мыңға ұрды! Қандай, ә? Көзді, көзді көрмеймісін? Көзінің жайнандауын қарашы, Швохнев? Барклай-де-Тольеге тартқан бірдеме бар сықылды. Батырлық дегенің осы! Бірақ әлі король жоқ. Швохнев, мә саған қыйықтың мәткесі. Мә, неміс, жетілікті ал да, асап қой. Ұтып барады, қояр емес тіпті! Ылғый кішілік карта екен! Сірә, картада король жоқ-ау деймін: оллаһи, ғажап тіпті. Е, міне, мінеки... Гусар күйіп кетті!

Г л о в (*еліріп*). Түгел ұрамын, құрып кетсе де түгел ұрамын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Жоқ, сабыр ет, бауырым! Сен өзің екі жүз мыңның басына су құйып та қойдың. Алдымен соныңнан құтыл, өйтпейінше жаңадан ойын

бастауға болмайды. Онша көпке саған сене алмаймыз.

Г л о в. Қайдағы ақша? Қазір түгім жоқ.

У т е ш и т е л ь н ы й. Бізге қолыңды қойып, вексель бер.

Г л о в. Рақым етіңіздер, мен дайын. (*Қалам алады.*)

У т е ш и т е л ь н ы й. Ақша алуға деген сенім қағазыңды да бер.

Г л о в. Мінеки, сенім қағазды да ала қойыңыздар.

У т е ш и т е л ь н ы й. Енді, мынағанда, мынағанда қол қойып жібер. (*Қол қоюға ұсынады.*)

Г л о в. Рақым етіңіз, мен істе дегеніңіздің бәріне дайынмын. Мінеки, қолымды да қойдым. Қәне, ойнайықшы!

У т е ш и т е л ь н ы й. Жоқ, сабыр ет, бауырым, әуелі, ақшанды көрсет!

Г л о в. Төлеймін ғой сіздерге. Алаң болманыздаршы.

У т е ш и т е л ь н ы й. Жоқ, бауырым, ақшанды стол үстіне әкеп қой!

Г л о в. Бұларың не?.. Нағыз оңбағандық ғой бұларың.

К р у г е л ь. Жоқ, бұл, оңбағандық болмайды.

И х а р е в. Жоқ, бұның мәнісі мүлде басқаша. Есек дәме болғалы отыр, бауырым.

Ш в о х н е в. Бүйтіп, бізді, өзің бәлки, ұтып алайын деп ойнағалы отырған шығарсын. Ақшасыз ойнаған адамның ұтамын деп ойнайтыны белгілі ғой.

Г л о в. Е, несі бар екен? Не керек өздеріңе енді? Қалаған өсімдеріңізді атаңыздар, бәріне де дайынмын. Тіпті екі есе ғып төлейін.

У т е ш и т е л ь н ы й. Бауырым-ау, сенің өсіміңнен бізге не пайда? Қарызға тек ақша берші өзің, қалаған өсіміңді төлейік.

Г л о в (*қынжылып және батылданып*). Сөйтіп енді, ақтық сөздеріңді айтыңдаршы: ойнағыларың келмей ме?

Ш в о х н е в. Әкел ақшанды, қазір ойнайық.

Г л о в (*қалтасынан тапаншасын суырып*). Ендеше, қош болыңдар, мырзалар. Бұл дүниеден мені енді

қайтып көрмейсіндер. (Тапаншасын алып, жүгіріп шығып кетеді.)

Утешительный (шошынып). Өй! Өй! Не болған өзіне? Жынданған екен! Осының өзі, шынымен, атылып қалып жүрер әлі, барайыншы артынан. (Жүгіріп шығып кетеді.)

XVII КӨРІНІС

Швохнев, Кругель, Ихарев.

Ихарев. Жаңағы сайтан өзін-өзі атын тастап, бір пәле болып жүрмесе игі еді.

Швохнев. Құрып кеткір, атылса атыла берсін-ау, тек өзі әйтеуір ақша қолымызға түскенше атылмаса екен. Осынысы шатақ!

Кругель. Бәрінен де қоркам. Өйтүі де кәдік...

XVIII КӨРІНІС

Бұрынгылар, Утешительный мен Глов.

Утешительный (Гловтың тапанша ұстаған қолынан алып). Бұның не, бұның не, бауырым-ау, жындымысын? Мына қараңдаршы, мырзалар, тапаншаны аузына жаңа ғана апарайын деп жатыр екен. Ә? Ұялсаңшы!

Бәрі (оған ентелей түсіп). Оның не? Оның не? Оның не, шырағым-ау?

Швохнев. Жоктан өзгеге атылғалы жүрген ақылыңа болайын.

Ихарев. Не ұтылып, немесе ұтылуға айналған адамның бәрі бүйтіп атылам дей берсе, тіпті бүкіл Россияда тірі жан қала ма. Ойлап қарашы өзін, өйтпейінше, қалай ұтып ала қоймақсын.

Утешительный. Айыпқа бұйырма, нағыз ақмақтың өзі екенсін. Басындағы бақытыңды көрмей отырсын. Ұтылып қалсаң да, ұтып отырғаныңды әлде сезбей тұрмысын?

Глов (қынжылып). Шынымен-ақ өздерің мені

ақымақ деп тұрмысындар? Екі жүз мың сом ұтқызған адам ұтқан болушы ма еді! Құрып кетсін!

Утешительный. Әй, ашық ауыз! Осыныңмен өзін полк ішінде қандай атакқа ие болатыныңды білемісін? Бері қарашы, берекесіз! Юнкерге тұяғың ілінбей жатып, екі жүз мың сомның басына сұ құя қойдың емеспе! Гусарлар өзінді алақандарына салып алып жүреді әлі.

Глов (*серпіліп*). Кім ғой деп отырсындар өздерің мені? Егескенде осының бәріне былш еткізіп түкіруге менің батылым бармайды ғой деп тұрмысындар? Құрып кетсін түге, жасасын гусарство!

Утешительный. Жаса! Гусарлар жасасын! Теремтете! Шампан шарабын әкел!

Бөтелкелер әкеледі.

Глов (*стакан алып*). Гусарлар жасасын!

Ихарев. Құрып кеткір, гусарлар жасасын!

Швохнев. Теремтете! Гусарлар жасасын!

Глов. Ендеше, бәріне де түкірдім!.. (*Стаканын столға қояды.*) Тек бір шатағы үйге қалай барарымды білмей отырмын? Әке, әке!.. (*Шашын жұлады.*)

Утешительный. Әкеңе несіне барасын? Барып керегі жоқ.

Глов (*көзі бақшыйып*). Қалайша?

Утешительный. Осы арадан полкке тура тартып кет! Біз өзіңе киім кешектік бірдеме берейік. Бауырым Швохнев, бұған қазір екі жүз сом тауып бергеніміз жөн, юнкер бір аз көңілін көтерсін! Байқағам, өзінің бір ғашығы бар сәкілді көрінген... Қараторы ма еді, ә?

Глов. Құрып кеткірдің үйіне киіп-жарып, кіріп барам.

Утешительный. Гусарың қандай, ә? Швохнев, жаныңда екі жүз сомың жоқ па?

Ихарев. Мен-ақ берейін, бойын жазып көңілін көтерсін!

Глов (*ассигнацияны алады да, басынан асыра бұлғап*). Шампан шарабын әкел!

Бәрі. Шампан шарабын әкел!

Бөтелкелер әкеледі.

Г л о в. Гусарлар жасасын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Жасасын... Басыма қандай ой келіп отырғанын білемісін, Швохнев? Полкымыз дағыдай ғып өзін бір тербетіп жіберейікші! Кел, кәнеки, ал өзін!

Бәрі де оған каумалап келіп, аяқ-қолынан алады да, белгілі әнді өзінің белгілі әуеніне сала тұрып тербетеді.

Сүйеміз біз сіздей жанды,
Болшы бастық бізге мәңгі!
Лекіткен жан лебізін,
Әкемізсін сен біздің!

Г л о в (рюмкасын көтеріп). Ура!
Бәрі. Ура!

Оны жерге қояды. Глов рюмкасын еденге періп кеп жібереді біреу етігінің өкшесіне, кейбіреу еденге ұрып, бәрі де өзді-өз рюмкаларын сындырады.

Г л о в. Тура қыздың үйіне барам!

У т е ш и т е л ь н ы й. Бізге ере баруға болмай ма, ә?

Г л о в. Жо, атамандар! Егер кімде-кім... кылышпен шауып тастаймын!

У т е ш и т е л ь н ы й. Па! Қандай сайыпкер десейші! Ә? Қызғаншақтығы мен о жарлығы сайтаннан аумады! Менің ойымша, мырзалар, бұл, тап соқтықпалы Бурцовтың өзі болып шығады-ау деймін. Ал кош, кош бол гусар, жолыңнан калдырмай-ақ қояйық!

Г л о в. Қош болыңдар.

Ш в о х н е в. Кейін кеп, әңгіменді бізге айтып кет.

Глов шығып кетеді.

ХІХ КӨРІНІС

Г л о в т а н басқалар.

У т е ш и т е л ь н ы й. Ақшаны қолымызға түсіргенше өзін әлпештей тұруымыз керек; одан әрі күл бояласа, бұл болсын.

Швохнев. Бір шатағы, несиеші кеңсе сол ақшаны әне-мінеге салып, созып кетеме деп қорқамын.

Утешительный. Я, сонысы жаман енді, сөйткенмен... оның да бір жеделдететін адамы табылатынын өздерің де білесіндер ғой. Қайткенмен, тәртіп сақтау үшін, анасының да, мынасының да алақанына бірдеме салуға тура келеді.

XX КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Утешительный.
(есіктен басып сұғады, үстіне өңі түскен фрак киген).

Замухрышкин. Айыпқа бұйырмаңыздар: Глов Александр Михалович осында емес пе екен?

Швохнев. Жоқ. Жаңа ғана шығып кетті. Сізге не керек еді?

Замухрышкин. Сол кісінің ақшасын беру жайында сөйлескелі келіп едім.

Утешительный. Өзіңіз кім боласыз?

Замухрышкин. Өзім несиеші кеңсенің чиновнигі едім.

Утешительный. Ендеше, рақым етуіңізді сұраймыз. Төрге шығыңыз! Бұл іске бәріміз де ынтығып отыр едік. Оның үстіне Александр Михаловичпен ойнап-күліп отырып жасаса қойған келісіміміз де бар еді. Сондықтан да, ішіңіз сезіп қойсын, мынау да, мынау да, мынау да (*жұртты жағалай саусағымен көрсетіп*) шын көңілден алғыс айтар еді. Әңгіме тек несиеші кеңседен ақшаны тезірек ала қоюда болып тұр.

Замухрышкин. Қайткенмен, екі аптасыз ала алмайсыз.

Утешительный. Жоқ, оныңыз тым ұзақ екен. Сіз өзіңіз біздің айтқалы отырған алғысымызды ұмытыпқырай бересіз-ау деймін...

Замухрышкин. Оның жөні басқа ғой. Оныңыздың бәрі де орынды. Оны ұмытуға бола ма? «Екі апта» деп отырғанмыздың мәнісі де сол ғой, әйтпесе, есігіміздің алдын бермей, үш ай бойы, тентіреп едіңіз. Ақша біздің қолымызға оншақты күнсіз түсе

қоймайды, бірақ қазір күллі несиеші кеңседе көк тыйын жоқ. Өткен аптада алған жүз елу мыңды түп-түгел үлестіріп жіберген болатынбыз, мекенін тіпті февраль айында салған помещиктің үшеуі ақша күтіп әлі жатыр.

Утешительный. Басқаларға сөйтесіздер ғой, ал енді бізге тамыр-таныстықпен бірдеме ғып... қысқасы сізбен таныс болуымыз керек... Сөз бе екен, тәйірі?.. Оның үстіне өзді-өзіміз екенбіз! Кәне, өзіңіздің атыңыз кім? Қалай? Фентефлей Перпентьич дейсіз бе?

Замухрышкин. Псой Стахич.

Утешительный. Е, бәрі бір ғой. Кәне, бері қараңызшы, Псой Стахич! Ежелгі дос адамдарша сөйлесейікші. Кәнеки, халіңіз қалай? Шаруаңыз қалай, қызметіңіз не боп жатыр?

Замухрышкин. Қызметтің несін сұрайсыз? Істеп жатырмыз ғой, әйтеуір.

Утешительный. Жә енді, қызмет жөнінен, әлгі бір, сезіп отырмысыз, әралуан табысты... көп аласыз ба, әншейін?

Замухрышкин. Әрине, өзіңіз-ақ ойлап қарасанызшы, алмай күн көре аламыз ба?

Утешительный. Кәне, шыныңызды айтыңызшы, несиеші кеңседегілерің қалай, шетінен паракорма ылғый?

Замухрышкин. Е, қойыңызшы! Тәлкек қылайын дедіңіз ғой! Әттең, мырзалар-ай!.. Пара алатындарды жазушы мырзалар да жазғырып жүр емес пе; ал енді абайлап қарасаң, параны бізден жоғарғылар да алады екен. Қолқайыр дейсіздер ме, әлде немене дейтіндеріңізді бір құдайдың өзі білсін, әйтеуір, өзіне бір аяулы ат тауып қойыпсыздар ғой, мырзалар. Ал енді шынтуайттап келсең ол да сол баяғы параның өзі, басқа шанаға кеп отыра қойғаны болмаса, сол баяғы бір Савканың өзі боп шығады.

Швохнев. Байқаймын, Псой Стахич шамданайын деді, — намысқа тиіп кетсең, көрген күнің осы енді.

Замухрышкин. Намыстың нәзік нәрсе екенің өздеріңіз де білесіздер ғой. Бірақ бұл арада шамданатын түкте жоқ. Мен өзім дәурені өтіп кеткен адаммын, шырағым.

У т е ш и т е л ь н ы й. Жә, болды, болды, шүйіркелесіп сөйлесейікші, Псой Стахич! Кәнеки, халіңіз қалай? Кеңселеріңізде не боп жатыр? Күй-қоңыңыз қалай? Қалай күнелтіп жатырсыз? Бала-шаға, әйеліңіз бар ма?

З а м у х р ы ш к и н. Құдайға шүкір. Тәңірім құр тастаған жоқ. Екі ұлым уездік училищеде оқыйды. Енді екеуі жасырақ. Біреуі әзірше көйлекшең асыр салып, енді біреуі еңбектеп жүр.

У т е ш и т е л ь н ы й. Ал енді қолымен былай, *(Қолымен ақша алған болып көрсетеді.)* бүйте біле ме?

З а м у х р ы ш к и н. Оллаһи, мырза, өзіңіз бір қызық адам екенсіз! Жанағыны тағы да қозғадыңыз ғой!

У т е ш и т е л ь н ы й. Оқасы жоқ, оқасы жоқ, Псой Стахич! Әншейін, әзілім ғой. Апырау, оның несі сөкет? Өзді-өзіміз ғой! Ей, Псой Стахичке бір бокал шампан шарабын әкел! Бол! Біз енді тамыр-таныс адамдардай болуға тиіспіз ғой. Біз де әлі қонаққа барып қаламыз.

З а м у х р ы ш к и н *(бокалды алып жатып)*. Рақым етулеріңізді сұраймыз, мырзалар! Шынымды айтайын, менің үйімнен ішкен шайды, губернатордың үйінен де ішпейсіздер.

У т е ш и т е л ь н ы й. Сыйға тартқан шай шығар, купецтен алып па едіңіз?

З а м у х р ы ш к и н. Купецтен, әдейі Қяхтадан алдырған.

У т е ш и т е л ь н ы й. Оныңыз қалай, Псой Стахич-ау? Купецтермен істес емес едіңіздер ғой.

З а м у х р ы ш к и н *(бокалды ішіп, қолымен тізесін таянып)*. Оның өзі былай болып еді: бұл арада купец көбінесе өзінің әнгүдіктігінен жем болып қалды. Бәлки, білетін де шығарсыз, Фракасов деген бір помещик несиеге мекенін салады, сөйтіп, оны-мұны шаруасын түп-түгел тындырады да, келесі күні ақша алмақ болады. Өзінің бір купецпен шеріктесіп, завод салмақ ойы бар екен. Әрине, ақшасын заводка немесе әлде неменеге жұмсасын, және кіммен шеріктесе,

онымен шеріктессін, онысынын бізге не керегі бар. Ол жағында жұмысымыз жоқ ғой. Сөйтіп, сол купец өзінің әнгүдіктігінен, жаңағы помещикпен шерік едім, сағат сайын өзінен ақша тосып отырмын деп, қаладағы әркімдерге айтып қояды. Ести салысымен біз оған: жаңа ғана екі мың сом ақша келіп түсті, ақшаны қазір бергелі жатыр, келмесең құр қаласын деп, бір кісіні жібере қойдық. Котел, ыдыс-аяқ дегендеріңізді біреу фабрикасына баяғыда-ақ түсіріп қойып, задаткасына ғана қарап жатыр екен. Балтаның басын қамшымен ұрып сындыра алмайтынын көрген купец екі мың сомды оған төлей салды да, біздің қолымызға үш қадақ шайдан ұстата қойды. Жұрт пара дегенмен, орынды. ғой: әнгүдіктенбей, аузына ие болса, оны біреу қысаппа?

У т е ш и т е л ь н ы й. Тәңір тілеуіңізді берсін, Псой Стахич, жаңағы істің жайына келейішкі. Біз өзіңізге берейік, ал өзіңіз бастықтарыңызбен жең ұшынан жалғаса жатарсыз. Тек құдай үшін, Псой Стахич! Тезірек бола көрсінші, ә?

З а м у х р ы ш к и н. Аянбайық. *(Орнынан тұра беріп.)* Бірақ, шынын айтайын: сіздің ойыңыздағыдай, қолма-қол бола қоймайды. Несиеші кеңседе құдай ақына көк тыйын жоқ. Бірақ, аянбайық.

У т е ш и т е л ь н ы й. Ал, ол жерден өзіңізді кім деп іздейміз?

З а м у х р ы ш к и н. Псой Стахич Замухрышкин деп сұрасаңыздар болды. Қош болындар, мырзалар. *(Есікке қарай беталады.)*

Ш в о х н е в. Псой Стахич! А, Псой Стахич! *(Артына қарайды).* Аяна көрмеңіз!

У т е ш и т е л ь н ы й. Псой Стахич, Псой Стахич, болысып жіберіңіз!

З а м у х р ы ш к и н *(шыға беріп).* Айттым ғой. Аянбайын.

У т е ш и т е л ь н ы й. Құрып кеткір, бұнысы тым ұзақ екен. *(Өзін-өзі қолымен маңдайға ұрады.)* Жок, жүгірейін, жүгірейін соңынан, бәлки, бір ретін табармын, аямайын ақшаны. Құрып кеткірге өз қалтамнан-ақ үш мың сом бере тұрайын. *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

XXI КӨРІНІС

Швохнев, Кругель, Ихарев.

Ихарев. Әрине, ұзатпай ала қойғанымыз-ақ тәуір болар еді.

Швохнев. Ділгір болып отырғанымыз-ай десенші! Қандай мұқтаж болып отырмыз!

Кругель. Әттең, өзін әлгі өйтіп-бүйтіп көндіре қойса игі еді.

Ихарев. Е, қойшы, шаруаларың сонша бір...

XXII КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Утешительный.

Утешительный (*қынжыла кіріп*). Құрып кеткірдің төрт күннен беріге тіпті қолынан келер емес. Оллаһи, жарылып өліп кеткім кеп тұр.

Ихарев. Сонша неменеге асықтың? Төрт күн госпайтын не боп қалып еді?

Швохнев. Бауырым, әңгіме бізге деген бұнын бір үлкен мәнінде болып отыр ғой.

Утешительный. Тосқаның не! Нижнийде бізді бір адамдардың күн сайын күтіп отырғанын білемісін өзің. Оны өзіңе әлі айтқамыз жоқ ғой, осыдан төрт күн бұрын, қайтсең өйт, қолдарыңа түскен ақшамен әйтеуір, тезірек жете көріңдер деген хабар алған болатынбыз. Бір купец алты жүз мыңға темір-терсек әкелген екен. Сейсембі күні сол қол соғысып ақшасын санап алғалы отырған көрінеді, оның үстіне кеше жарты миллион сомға зығыр алып тағы да біреу келіпті.

Ихарев. Е, келсе қайтейін?

Утешительный. Қайткенің не, ойбай-ау? Қарттары үйінде қалып, балаларын жіберіп отыр ғой.

Ихарев. Е, балалары сөзге келмей ойнай кетеді ғой деп пе едің?

Утешительный. Ойпырмау, өзің қытай мемлекетінде отырмын ғой деп ойлаймысын? Купец балаларының сырын білмеуші ме ең? Купец баласына қандай тәлім береді ғой деп едің? Не бір жола дүлей

ғып қоя береді де, немесе, купецті қойып, дворяндарға лайық өнегеге үйретеді олар. Әлбетте енді, ол содан кейін шытырайып офицерлермен қолтықтасып алады да, сайранды салады кеп. Бауырым, бұл бір, ауымызға өздігінен кеп түсіп кеткелі тұрған жұрт қой. Өздері ылғый аусар келеді, сол аусарлығының арқасында өзімізден алдап алып жүрген бір сомның есесін артынан мың-мыңдап қайтаратынын да білмейді. Қызымды генералға ғана беріп, ұлыма чин әперсем-ау деп купецтің зар илегені біздің ырысымыз емес пе.

И х а р е в. Анық шын ба екен өзі?

У т е ш и т е л ь н ы й. Шынық не айтып отырған! Бейкүна хабар бермейді ғой. Бәрі де өз қолымызда тұр. Қазір әрбір минутымыз қымбат.

И х а р е в. Әттең, шіркін! Ендеше неменеге қарап отырмыз! Мырзалар, тізе қосып қыймылдайық деген уәдеміз естеріңізде ғой!

У т е ш и т е л ь н ы й. Я, өйткеніміз өзімізге пайда. Бері қарашы, менің басыма мынадай бір ой келіп тұр. Сенің әзір асыға қоятын түгің де жоқ. Жанында сексен мың сом ақшаң бар. Сол ақшанды сен бізге бере тұр да, сен біздегі Гловтың векселін алып қал. Екі есе ғып, жүз елу мың сомды қайтсең аласын, бізге тіпті тағы да аздап қарыз бере тұр, қазіргі ақшаға деген қажетімізді ашып жіберсең, әрбір тыйыныңа артынан алтын төлер едік.

И х а р е в. Рақым етіңіз, неге бермейін; жолдастық қарызын дәлелдеу үшін... *(Қобдыйына келеді де бір буда ассигнацияны суырып алады)*. Мінекейіңіз сексен мың!

У т е ш и т е л ь н ы й. Мә, вексельді сен ал! Мен Гловқа барып келе қояйын; өзін осында ертіп келіп, бәрін де жөн-жөнімен жайғастырайық. Кругель, ақшаны менің бөлмеме апара қойшы, мінеки, қобдыйымның кілті. *(Кругель шығып кетеді.)* Әттең шіркін, шаруаны, кешке қарай жүріп кеткендей ғып, жайғастыра қойсақ-ау. *(Шығып кетеді.)*

И х а р е в. Әлбетте, әлбетте. Бұл арада, аялдайтын тіпті түк те жоқ.

Ш в о х н е в. Сен өзің де шырмалып шыға алмай

қалып жүрме. Ақшаны ала салысымен бізге жет. Екі жүз мыңмен не істеуге болатынын білемісін өзін? Тіпті жәрменкені де қопаруға болады... Әттеген-ай, Кругельге бір ділгір шаруаны айтайыншы деп отырып, ұмытып кеткен екем ғой. Тұра тұр, қазір қайтып келемін. *(Асығып шығып кетеді.)*

XXIII КӨРІНІС

И х а р е в жалғыз.

Жағдайдың кұбыла қойғанын көрдің бе! А? Ертенгісін жаныңда жүрген сексен мың түс ауа екі жүз мың болып шыға келіп отыр. А? Бұның өзі кейбіреулердің өмір бойғы қызметі, еңбегі, өмір бойы сарылып, мұқтаждық көріп жанын жалдап отырып табатын ақшасы ғой. Мінеки, енді бірнеше сағат, бірнеше минуттың ішінде ғана байып шыға келіп отырмын! Екі жүз мың дегенің ойыншық боп па! Екі жүз мыңды бүгінде қайдан ала қоясын? Қай мекен, қай фабрика екі жүз мың бере қояды? Әттең шіркін, деревнядан жылжымай, жылына үш мың сом табысты жыйнап алып, староста мен мужиктарды айналдырып ғана жатқаным жақсы-ақ болар еді-ау деп ойлаймын. Ал енді, білім, сонша бір түкке тұрмайтын нәрсе ме екен? Деревнядан бойыңа дарыған надандықты кейін пышақпен де сылып тастай алмайсың ғой. Күнің сонда немен кешер еді? Староста мен мужиктың жанындағы қысыр кеңеспен кешпек ғой... Мен өзім оқымысты адамдармен сөйлесуге құмармын! Енді камсыз болдым. Бұдан былай қолым бос. Білімге байытатын нәрселерді айналдыруыма болады. Петербургқа барғым келсе, Петербургқа да барам. Театрды, ақша сарайын көремін, патша сарайының жанымен жүріп, ағылшын жағалауын бойлап, Летный бакты аралаймын. Москваға барып, Ярдан ас ішемін Киімді астана үлгісімен киіп, жұрт санатына қосылып, білімділердің борышын өтеймін. Жә, енді, осының бәрі ненін арқасы? Не нәрсеге борыштар болып отырмын? Атап айтқанда, жәдігөйлікке борыштар екем. Ол да бекер, тіпті жәдігөйлік те емес. Жалғыз минуттың ішінде

жәдігөй боп шыға келуге де болады, бірақ мынауымыз енді тәжірибе, зерттеу ғой. Мейлі, тіпті, жәдігөйлік-ақ дей қояйық. Өйткенмен оның өзі де зәру нәрсе ғой: онсыз қолыңнан не келе қояды? Ол да өзінше бір амал. Мысалы, осының бәріне ақылым жетіп, айла біткенді білмесем, алдап кететіндері айдан анық еді. Жанағылардың осы жақында ғана алдап кеткілері келген жоқ па еді, бірақ жөпшенді кісі емес екенімді сезген соң өздері кеп жалынды ғой. Жоқ, ақыл дегеніңіз ұлы нәрсе. Дүниеде айла керек. Өмірге мен өзім өзгеше тұрғыдан қараймын. Есуасша өмір сүру мақсат емес, нағыз мақсат пен нысана — өзің тұзаққа түсіп қалмай, жұртты жағалай алдап, айламен, өнермен өмір сүре білуде болады.

XXIV КӨРІНІС

И х а р е в пен Г л о в (асығып-үсігіп кіріп келіп).

Г л о в. Әлгілер қайда? Жаңа ғана бөлмелерінде болып ем, жан жоқ екен.

И х а р е в. Жаңа ғана осында еді. Бірер минутқа ғана шығып кетті.

Г л о в. Қойшы, шығып кетті деймісін? Ақшанды да алып кетті ме?

И х а р е в. Я, біз берекелесіп болып, енді саған ғана қарап отырмыз.

XXV КӨРІНІС

Б ұ р ы н ғы л а р м е н А л е к с е й.

А л е к с е й (Г л о в қ а б ұ р ы л ы п). Мырзаларды сұрадыңыз ғой деймін?

Г л о в. Я.

А л е к с е й. Олар жүріп кеткен.

Г л о в. Жүріп кеткені қалай?

А л е к с е й. Я солай. Арбалары мен аттары жарты сағаттан бері дап-дайын тұрған болатын.

Г л о в (қ о л ы н с і л к і п). Ендеше, екеумізді де отырғызып кеткен екен!

И х а р е в. О қай сандырағың! Түкке түсінсем бұйырмасын. Утешительный қазір осында қайтып келуге тиіс. Бар қарызыңды өзің енді маған төлейтініңді білемісін. Олар аударған болатын.

Г л о в. Қайдағы қарыз! Ала қоярсын қарызыңды! Аузыңды аңқайтып, ақымақ қып алдап кеткенін сезбей тұрмысын өзің?

И х а р е в. Не деп көкіп тұрсын-ей? Сірә өзің мағықтан әлі айыға қоймағансын-ау деймін.

Г л о в. Ендеше, екеуміз де айыға алмай тұр екенбіз. Ояншы өзің! Мені Глов қой деп тұрмысын? Сен өзің қандай қытай императоры болсаң, мен де сондай Гловпын.

И х а р е в (*безектеп*). Қойсаңшы, шырағым, о қай сандырағың? Әкең де... әрі...

Г л о в. Шалды айтамысын? Айта берсең, ол менің тіпті әкем емес, сондай куда, тәйірі, бала болушы ма еді! Екіншіден, оның өзі тіпті Глов емес, Крыницын, және Михал Александрович те емес, Иван Климыч, жаңағылардың серігі.

И х а р е в. Бері қара! Шыныңды айт, ойын емес бұл!

Г л о в. Ойының не! Араласып жүріп, өзім де алданып қалып тұрмын. Еңбегіме үш мың сом береміз деген еді.

И х а р е в (*оған таяй түсіп, ежірейіп*). Қой, ойнама деймін! Сонша бір ақымақ ғой деп тұрмысын өзің мені... Сенім қағаз да, бұйрық та... Сол кеңседен Псой Стахич Замухрышкин деген бір чиновник те тап жаңа ғана келіп кетті. Олардың артынан қолмақол қуғыншы жібере алмайды ғой деп тұрмысын?

Г л о в. Ең әуелі, оның өзі кеңседен келген чиновник емес, солармен шеріктесіп жүрген, қызмет бабынан босанған штабс-капитан, Замухрышкин де емес, Мурзафейкин, тіпті, Псой Стахич те емес, Флор Семенович деген.

И х а р е в (*даурығып*). Япырау, кімсін өзің? Айтшы өзің, сайтанбысын, кімсін?

Г л о в. Кім ғой деп ең? Адал ниетті-ақ адам едім, амалсыздан жәдігөй болып жүрмін. Үстімдегі көйлегіме дейін қоймай, жұрт жұрдай ғып ұтып алды. Ама-

лым қанша, аштан өлейін бе? Сені алдап, аранға жығысамын деп, үш мыңға келіскенім рас. Көлгірсімей көзіңе турасын айтып тұрғанымды көрдің ғой.

И х а р е в (*аласұрып, оны жағадан ала түседі*). Жәдігөй!..

А л е к с е й (*сыртқа*). Шаруаның өзі шатакка айналды-ау деймін. Кетейін бұл арадан! (*Шығып кетеді.*)

И х а р е в (*Гловты сүйреп*). Жүр! Жүр!

Г л о в. Қайда, қайда?

И х а р е в. Қайда? (*Түнеріп.*) Қайда? Әділ биге! Әділ биге!

Г л о в. Шырағым, титтей қақың жоқ.

И х а р е в. Не дейсін! Қақың жоқ деймісін? Жәдігөйлікпен тал түсте біреудің басын айналдырып, ақшасын ұрлап, алмақ па едің! Қақың жоқ деймісін? Алаяқтық айланды асырмақ екенсін ғой! Қақым жоқ екен ғой? Қақымның жоқ екенін Нерчинскінің абақтысына барған соң айтарсын, бәлем! Тұра тұр, бәлем, жәдігөйлерің түп-түгел қолға түседі әлі! Адалдықпен иланып қалған аңқау жұртты алдаудың сазайын тартасындар әлі. Заң! Заң! Заңға апарамын! (*Оны сүйрелейді.*)

Г л о в. Егер сол заңның айтқанынан аттап баспасаң, оған баруыңа да болар еді. Бірақ ойлашы өзің: мені алдап, ұтып ала қоймақшы болып, соларға қосылғаның кәне. Қарта да сенің қолыңнан шыққан карта болатын. Жоқ, бауырым! Қыңк етуге, тіпті, титтей қақың жоқ!

И х а р е в (*қынжылып өз маңдайын өзі қойғылап*). Құрып кеткір, шынында да солай екен-ау!.. (*Еңсесі түсіп, орындыққа құлайды. Сол арада Глов жүгіріп шығып кетеді.*) Бірақ енді, батшағар, қандай арамзалық десеңші!

Г л о в (*есіктен сығалап*). Сабыр ет! Қабырған қайыса қойғандай қайғы жоқ! Аделаида Ивановнаның қолында ғой! (*Көзден ғайып болады.*)

И х а р е в (*зығыры қайнап*). Құрып кетсін Аделаида Ивановнасы! (*Аделаида Ивановнаны жұлып алып, есікке лақтырады. Мәткілер мен екілік еденге қарай ұшады.*) Адамды ажуалап, маскара қылғанда осын-

дай да жәдігөйлер бола береді екен ғой. Бірақ осының бәрін қапысыз қалай құра қойғанына, тіпті, ақылмнан адаса жаздап тұрмын! Қандай айла десенші! Эке де, бала да, чиновник Замухрышкин де оп-орынды! Ымы-жымы да білінбейді! Тіпті қыңқ етуге де әддім жоқ! (*Орындықтан ұшып тұрып, аласұрып бөлмеде арлы-берлі жүреді.*) Құлық қып көрші енді, көне! Ақылдың айласын қолдана қойшы! Амал іздеп, арпалысшы ал!.. Құрып кеткір, тіпті, игі талап, еңбекке де татымайды екен. Өзінді екі бүктеп жұтып қоятын бір жәдігөй аяқ астынан шыға келеді. Қыруар жыл бейнеттеніп қалаған қоранды бір сіліккенде-ақ қопаратын жәдігөй! (*Қынжылып қолын сілкіп.*) Құрып кетсін! Сондай бір алдамшы жер екен! Бақыт дегенің тек, көне картамен тыйын-тебенге ғана бостон ойнағаннан басқа түк бітірмейтін, санасыз, ойсыз. Мыйғұла ақымақтарға ғана оралғыш нәрсе екен!

ІСКЕР ЖІГІТтің ТАҢЕРТЕңІ

I

Кабинет; ішінде кітабы бар бірнеше шкаф, стол үстінде шашылып жатқан қағаз. Іскер жігіт, Иван Петрович, үстіне халат киіп, керіліп-созылып кіреді де, қоңырау соғады. Алдыңғы үйден: «Қазір» деген дауыс естіледі. Иван Петрович қоңырауды екінші рет сокканда «қазір» деген дауыс тағы да естіледі. Иван Петрович тақаты таусылып, қоңырауды үшінші рет соғады, қызметші кіреді.

Иван Петрович. Саңыраумысын өзің?
Малай. Жо-жок.

Иван Петрович. Ендеше, қоңырауды үш ұрғанша неге келе қоймадың?

Малай. Қайтейін: жұмысты тастай алмадым, етік тазалап едім.

Иван Петрович. Ал, Иван не бітірді?

Малай. Иван үй сыпырып еді, үй сыпырып болған соң атқораға кеткен.

Иван Петрович. Қанденді әкелші. (Малай қанденді әкеледі.) Зюзикжан! Зюзикжан! А, Зюзикжан! Келе ғой қағаз байлап берейін. (Құйрығына қағаз байлайды.)

Жүгіре басып баска бір малай кіреді.

Александр Иванович!

Иван Петрович. Келсін. (Қанденді тастай салады да, заң жыйнағын алып, ақтара бастайды.)

Иван Петрович пен Александр Иванович, олда іскер жігіт.

Александр Иванович. Қайырлы таң, Иван Петрович!

Иван Петрович. Сау-сәлематпысыз, Александр Иванович?

Александр Иванович. Көп рахмет. Бөгет бола қойған жоқ па екем?

Иван Петрович. О, ол не дегеніңіз! Бос отыратын уақытым жоқ ғой менің. Я, қалай, үйге қай сағатта бардыңыз?

Александр Иванович. Сағат алтыға кеткен екен. Офицерскаядан бұрыла салысымен, будкашыдан келіп: «Інішек, қай сағат екенін құлағың шала қойған жоқ па?» деп едім. «Сағат алтыны соғып кеткелі қашан» деді ол. Сағат алтыға кеткенін сол арада біле қойдым.

Иван Петрович. Япырай, ә, мен де дәл сол шамада келген екем. Жә, енді, вистец¹ қалай екен, хе, хе хе?

Александр Иванович. Хе, хе, хе! Я, шынмды айтайын, өзі, тіпті, түсіме де кіріп шықты.

Иван Петрович. Хе, хе, хе, хе! Бұның корольді тастап отырған мәнісі қалай деп ойлаймын, өйткені қолымдағы шытырдың мәткесі ғой, ал Лұльян Федосеевичте жүре қоятын карта жоқ екенін әлдеқашан ішім сезіп отырған.

Александр Иванович. Бәрінен сегізінші ойын ұзаққа созылып кетті.

Иван Петрович. Я. (Аз тоқтап.) Көзір таста деп Лұкьян Федосеевичке көзімді қысып қоям, — бірақ тастар емес. Көзір тастай қойса-ақ — қолымда отырған қарғаның валеті қағып түсетін еді.

Александр Иванович. Ғапу етіңіз, Иван Петрович, валетіңіз ала алмайтын еді.

Иван Петрович. Алатын еді.

¹ Вистец — карта ойынының бір түрі.

Александр Иванович. Ала алмайтын себебі, ойлаған картаңыз қолыңызға келмейтін еді.

Иван Петрович. Е, Лукьян Федосеевичтің қолындағы қарғаның жетілігін қайтесіз? Ұмытып қалдыңыз ба оны?

Александр Иванович. Оның қолында қарға бар ма еді? Есімде жоқ, тіпті.

Иван Петрович. Әрине, қолында екі қарға отырған: мәткеге тастаған төрттік пен жетілігі бар болатын.

Александр Иванович. Жо-жок, ғапу етіңіз, Иван Петрович, оның қолында бір қарғадан артық қарға болуы мүмкін емес.

Иван Петрович. Әй, жаратқан, Александр Иванович-ай, кімге айтып отырсыз өзіңіз бұны! Екі қарға деймін! Төрттік пен жетілік тап қазіргідей ойымда отыр.

Александр Иванович. Төрттіктің болғаны рас; бірақ жетілік бола қойған жоқ. Болса, көзір салатын еді ғой; өзіңіз-ақ айтыңызшы, көзір салатын еді ғой.

Иван Петрович. Құдай біледі деймін, Александр Иванович, құдай біледі!

Александр Иванович. Жок, Иван Петрович. Олай болуы тіпті мүмкін емес.

Иван Петрович. Ойпырау, ғапу етіңізші, Александр Иванович! Ең әдемісі: ертең Лукьян Федосеевичтің өзіне-ақ барайық. Бола ма?

Александр Иванович. Жаксы.

Иван Петрович. Қолында жетілік қарғанын болған-болмағанын өзінен-ақ сұрайық.

Александр Иванович. Рақым етіңіз, мен қашпаймын. Әйткенмен, былай карағанда, Лукьян Федосеевичтің бүйтіп нашар ойнайтыны өрескелдеу нәрсе екен. Ақылсыз адам деуге болмайды ғой. Айлакер-ақ адам, оның үстіне өзі ілтипатқа да...

Иван Петрович. Оның үстіне: үлкен мағлұматы да бар адам ғой! Сыр ғып айтсақ, ондай адамдар біздің Руссияда кемде-кем-ақ шығар. Ұлы мәртебелі тақсырдың өзінің үйінде болдыңыз ба?

Александр Иванович. Болдым. Жаңа ғана

содан шықтым. Таңертен күннің өзі суытыңқырап кетті ғой. Бұғыдан ішік кимей жүрмейтінім, өзіңізге де аян болар деп ойлаймын. Сол себепті ішік киіп шығып ем. Салып ұрып ұлы мәртебелі таксырдың үйіне келсем — өзі әлі ұйқтап жатыр екен. Дегенмен, дидарластым әйтеуір. Сол арада анау-мынау әңгіме боп қалды.

Иван Петрович. Мен туралы ешқандай сөз бола қойған жоқ па?

Александр Иванович. О, не дегеніңіз, сіз туралы да сөз болды. Әңгіменің өзі әуелі аса бір қызық боп шықты.

Иван Петрович (*сергіп сала беріп*). Не, не болды?

Александр Иванович. Ғапу етіңіз, ғапу етіңіз, рет-ретімен айтайын. Бұның өзі бір аузынның суы құрайтын нәрсе енді. Көптен бері көрінбей кеткенің қалай деп ұлы мәртебелі таксыр өзімнен сөз арасында сұрап та қойды. Сөйтіп отырып кеше кешкі сауықта кімдердің болғанын білгісі келді. «Ұлы мәртебелі таксыр, сауықта Павел Григорьевич Боршов, Илья Владимирович Бубуницын болды» деп едім. Сөйлеген сайын ұлы мәртебелі таксыр ылғый «ГМ!» деп қойып отырды. Содан соң: өзіңіздің ұлы мәртебеңізге таныс тағы да біреу болып еді...» дедім мен.

Иван Петрович. Оныңыз кім?

Александр Иванович. Ғапу етіңіз! Осы сөзіме ұлы мәртебелі таксыр не деді ғой деп ойлайсыз?

Иван Петрович. Біле алмадым.

Александр Иванович. Сонда ол: «О кім болды екен?» дегенде, мен тұрып: «Иван Петрович Барсуков» деп едім. Ұлы мәртебелі таксыр: «ГМ! Чиновник екен ғой, оның үстіне өзі...» деді. (*Жоғары қарап.*) Үйіңіздің төбесінің өрнегінде мін жоқ екен: ақысын өзіңіз төледіңіз бе, әлде үй иесі төледі ме?

Иван Петрович. Жоқ, бұл қазнаның пәтері ғой.

Александр Иванович. Тым, тым тамаша: себетше, лира, айнала кепкен нан, қыйық пен кернейі бар екен! Өте, өте нұсқалы екен!

Иван Петрович (*дегбірсізденіп*). Сөйтіп, ұлы мәртебелі таксыр не айтты дейсіз?

Александр Иванович. Я, ұмытып та қап-пын. Не деп еді әлі?

Иван Петрович. Ұлы мәртебелі таксыр: «гм!» деп айтты дедіңіз; «чиновник екен ғой...»

Александр Иванович. Я, я, «чиновник екен қой», я, «және... өзі менің қоластымда істеуші еді» деді. Одан әрі әңгіменің аяғы қожырап, оны-мұны жайы сөз болып кетті.

Иван Петрович. Мен жайында одан өзге ештеме дей қойған жоқ па?

Александр Иванович. Жоқ.

Иван Петрович (*өзіне өзі*). Әлі де ауыз толықырамай жатыр. Жасаған-ай! «Сол Барсуковтың сондай да сондай, тағы да басқа еңбектерін еске ала келіп, ұсынамын...» деп айта салса қайтетін еді десеңші

III

Бұрынғылар мен Шрейдер (есіктен карайды).

Иван Петрович. Кіріңіз, кіріңіз оқасы жоқ. келіңіз: бұныңыз немене, баяндама ма?

Шрейдер. Қол қоюға. Палатаға жіберілетін қатнас қағаз бен меңгерушіге жазылған мәлімдеме еді.

Иван Петрович (*оқыйды*). «...Меңгеруші мырзаға...» Мынауыңыз не? Қағаздың шетіндегі ашық жер тегіс емес ғой. Бұныңыз қалай? Өзіңізді қамап қоюға болатынын білесіз бе... (*Оған шұқшыя кеп қарайды.*)

Шрейдер. Бұл жайында Иван Ивановичке айтып көріп едім, ол: министр ондай уақ-түйекке қарамайды, деді.

Иван Петрович. Уақ-түйек! Иван Ивановичтің онысы жақсы екен. Мен өзім де министр ондайды елең қыла қоймайды деп ойлаймын. Бірақ аяқ астынан ойына түсе кетсе қайттің!

Шрейдер. Көшіре салуға да болады; тек кешігіңкіреп қалғалы тұр. Әйткенмен, өзіңіз министр ондайды елен қыла қоймайды десеңіз...

Иван Петрович. Солай ғой! Оның бәрі де рас. Айтқаныңызға түп-түгел қосыламын: бұндай болымсыз нәрсені ол ойына да алмайды. Әйткенмен, қытықтан-сыйтық туып: «Ашық жері көп пе екен, көрейінші кәне» дей қалса қайтпін?

Шрейдер. Олай болса, қазір көшіре қояйын.

Иван Петрович. Олай болса деп отырғаным сол ғой. Сізбен университетте өнеге алған адам болғандығыңыздан ғана сөйлесіп, сырласып отырмын. Басқа біреу болса, сөзімді қор қылмас едім.

• Шрейдер. Бұйткен себебім, министр мырза...

Иван Петрович. Ғапу етіңіз! Оныңыз дұп-дұрыс: мен сізбен титтей таласпаймын. Солай, министр ондайды өмірі елемейді, тіпті оны ескермейді де. Бірақ енді, ойда жоқта... Сонда қайтпін?

Шрейдер. Көшіре қояйын. *(Шығып кетеді.)*

IV

Иван Петрович *(екі иығын қысып қойып, Александр Ивановичке бұрылады)*. Әлі де балалығы қалмаған! Университетті жаңа ғана бітірген, жап-жаксы-ақ жігіт өзі, бірақ мына арада *(маңдайын көрсетіп)* дым жоқ. Құрметті Александр Иванович-ау, осының бәрін жөнге келтіру үшін сіңірген еңбегімді өзіңіз көз алдыңызға елестете де алмас едіңіз; осы қызмет орнын қандай күйде қабылдап алғанымды әттең, өзіңіз көрген жоқсыз ғой! Мына қараңызшы бірде-бір кеңсе қызметкері әріпті жөндеп жаза білмейді екен ғой. Қарап тұрсаң: қайсыбіреуі «к» әрпін жаңа жолға әкеп жазады; енді біреуі алғашқы жолға: «си» деп жазса, «ятельство» дегенді екінші жолға апарып қояды екен. Қысқасы: бір сұмдық еді! Нағыз сергелденнің өзі енді! Ал, қазіргі қағазды көрсеңіз: әп-әдемі! Жап-жаксы! Жаның сүйсініп, рухың көтеріледі. Ал енді тәртіп-ше? Бәрі де тап-тұйнақтай!

Александр Иванович. Бұл шеніңізді табан ет, маңдай теріңізбен таптыңыз деуге болады.

Иван Петрович *(күрсініп)*. Әлбетте, табан ет, маңдай теріммен таптым. Сондай мінезді адам болсам, амалыңыз бар ма. Егер жағына білгенде, қа-

зір кім болмайтын едім? Омырауым орденға сыймас еді. Бірақ амалым кәне? Қолымнан келмейді! Тыным көрмей тиіп-қашып, оспакпен орап айтып көрсем де, тұпа-тура, өзіме деп бадырайтып бірдеме сұрауға келгенде... жоқ, ол менің қолым емес! Жұрт ылғый ығытын тауып жүреді... Бірақ өзімнің мінезім сондай: қорлықтың қандайына көнсем де, оңбағандыққа аяғымды өмірі аттап баспаймын! *(Күрсініп қойып.)* Ендігі есі-дертім мойыныма әттең бірер орден таксам деймін. Такқанда оған бір аузымның суы құрып қызыққаннан емес, тек әншейін ел бастықтарының өзіме деген ілтипатын көрсе екен деймін. Мархабатты Александр Иванович, бір реті келген жерде бүйтіп: Барсуковтың кеңсесіндегідей тәртіпті ілуде-шалу болмаса, ешжерден кездестірген жоқсыз немесе сол сықылды бірдемелерді, ұлы мәртебелі тақсырдың құлағына ептеп сала қойсаңызшы.

Александр Иванович. Реті келгендей болса аянбайын...

Ү

Бұрынғылар мен Катерина Александровна,
Иван Петровичтің әйелі.

Катерина Александровна *(Александр Ивановичті көріп)*. А! Александр Иванович! Жасаған-ай, көрмегелі қанша уақыт болды десеңізші! Ұмыттыңыз ғой мені! Наталья Фоминишна қалай?

Александр Иванович. Құдайға шүкір, дегенмен, сырқаттаныңқырағанына бір аптадай боп кетті.

Катерина Александровна. Э!

Александр Иванович. Қабырғасының астынан бір шаншу кадалып, қысылыңқыраған еді. Дәрігер ішін тазарттырып, қазтабан мен мүсәтірден сыбақ тартсын дегенді айтты.

Катерина Александровна. Омеопатикалық дәрі-дәрмекпен емдеп көрулеріңіз ғой.

Иван Петрович. Ғылымның қолынан келмейтіні жоқ екенін ойлап көрсең, шынында, тіпті таң қа-

ласын. Катерина Александровна, сен әлі меопатияны айтып отырсын ғой. Мен осы таяуда ғана бір ойында болдым. Сонда не көрді ғой деп ойлайсыздар? Үш жастан аса қоймаған бір қаршадай ғана бала, бойын, енді қандай десем екен, дәл мынадай ғана (*қолымен көрсетеді*): шіркіннің жіп-жіңішке жіп үстінде билегенін көрсеңіздер! Шынымды айтайын, шошығаннан тіпті, жаным шығып кете жаздады.

Александр Иванович. Мелас әнді өте тамаша салады.

Иван Петрович (*маңызданып*). Мелас? О, не дегеніңіз! Құбылтып жібереді!

Александр Иванович. Өте тамаша.

Иван Петрович. Мынаны қалай лып еткізіп ала қоятынын байқадыңыз ба өзіңіз? (*Қолын көз алдына жүгіртеді.*)

Александр Иванович. Әлбетте, оны өзі таңқалғандай тамаша алады. Дегенмен, сағат екі болып қалған екен.

Иван Петрович. Қайда барасыз, Александр Иванович-ау?

Александр Иванович. Қайтатын уақыт болды! Түске дейін әлі де үш жерге соға кетуім керек еді.

Иван Петрович. Ендеше, хош болыңыз! Енді қашан көрісер екенбіз? Ойбай-ау, ертең әлгі Льюян Федосеевичтің үйінен жолықпақ болғанымызды ұмытып кеткен екем ғой.

Александр Иванович. Әлбетте. (*Иіледі.*)

Катерина Александровна. Хош болыңыз, Александр Иванович!

Александр Иванович (*малайлар үйінде ішігін киіп жатып*). Осындай адамдарды жаным жек көреді. Тек семіргеннен басқаны білмейді, сөйте тұрып, сондай да сондай едім, әне бір жұмыстың басын қайырып, мына бір жұмысты жөндеп едім деп ауыздарымен орақ орады. Көрдің бе, көңілінің қайда екенін! Орден керек болып тұр! Алады оны жәдігөй! Алады! Бұндайлар өмірі құр қалмайды. Ал өзім ше? Қызметті бұдан бес жыл бұрын істесем де, әлі күнге ұсынылып көргем жоқ. Қандай ұсқынсыз десенші! Тек ән-

шейін бастықтардың ілтіпатын көрсетуге ғана болмаса, алғым да кепі тұрған жоқ деп көлгірсиді келіп. Оныменде қоймай мақтап жіберші деп жалынуын көрдің бе! Жалынатын кісінді тапқан екенсің, шырағым! Терең ғып орды өзіне қаза қояйын, орденды алып көрші, бәлем, ала алмайсың! (Өз сөзін құптап жұмырығымен алақанын бірнеше рет қойғылап, шығып кетеді.)

Д А У - Ш А Р

I

Кабинет. Сенаттың обер-секретары Пролетов, тыным көрмей кекіріп, креслода жалғыз отыр.

Бұнысы несі? Кекірігім азып қалыпты! Кешегі түскі ішкен тамағым кеңірдегімде әлі тұр; осы бір саңырау құлағы мен ботвиньясы¹ бар болғырды... Жейсін, жейсін келіп, нені жемейтіңді, тіпті, бір құдайдың өзі білсін! *(Кекіреді.)* Әнеки *(Кекіреді)* әне! *(Кәкіреді)* Тағы да! *(Кекіреді)*. Кәне, тағы да бір! *(Кекіреді.)* Құрып кеткір, бір кекірткенде төрт кекіртті! «Северия Пчеланы» оқып көрейінші, не бар екен? Осы бір «Северная Пчела» дегенің де өзімді ығыр ғып бітті әбден: үйінде отырып алған қатын сықылды қыздай аумаған. *(Оқыйды да баж ете түседі.)* Крахмановка награда! А? Крахманов Петрушкаға! Осындай ғана бала еді *(Қолымен көрсетеді)*, кадет етіп корпусқа өзім орналастырып едім-ау, ә? *(Оқый береді де, көзі бақишып, баж ете түседі.)* Мынасы не? Мынасы не? Бурдюковпей рас? Я, сол, Павел Петрович Бурдюков, жоғарылатылған! А? Қандай, ә? Парақор, екі дүркін сотталған, әкесі — ұры, қазнаны талаған, барып тұрған қараниет адам, — қандай, ә? Күллі зыялы қауым болып өзін дұп-дұрыс адамға санап отыр-ау, ә! Оңбаған! «Бухтеловтің ісі дұрыс шешілмепті, сенат түсінбеген

¹ Ботвинья — балық пен жемістен жасалатын суық тағам.

екен» дейді—а? Нағыз оңбағанның өзі, сыбағама тиген жыйырма мыңды іші сезіп, соны мен неғып ала қоймадым деп отыр ғой! Пішен үстінде жатып алып: өзім де жемеймін, өзгеге де жегізбеймін дейтін ит сықылды. Білемін сені, менен басқалардың-ақ басын қатырып, соларға-ақ аузыңмен орақ ора бер. Сен жайында ептеп-септеп естігем. Оллаһи, газеттің бетіне қарағанына өкінесін, оқысаң — ылғый бір саруайым, оңбағандықтан өзге түк те жоқ. Ей, Андрей!

II

Малай (*кіріп*). Не дейсіз?

Пролетов. Әкет ана газетті. Неге, неменеге әкелдің оны? Ақымақ мұндар! (*Андрей газетті алып шығып кетеді.*) Бурдюков қандай, а? Мәймөңкелесіп жатпай-ақ, бәлемнің өзін Камчаткаға апарып тыға салар едім. Шынымды айтайын, айызым қана отырып, өзіне тіпті тап осы жерде істер едім, бірақ амал қанша, әлі күнге кезім бір келмей-ақ қойды. Қайт дейсін? Құдай мысты күртқан соң. Аузыңнан сүйкей отыртар едім, бәлем. Аузының өзі қандай десеңші! Аумаған жаялық сықылды оңбағанның ауызы.

Малай. Бурдюков келіп тұр.

Пролетов. Не?

Малай. Бурдюков келіп тұр.

Пролетов. Не деп көкіп тұрсын өзің!

Малай. Дәл дегендей.

Пролетов. Өтірік айтасын, ақымақ! Бурдюков, маған келе ме? Павел Петрович Бурдюков!

Малай. Жоқ, Павел Петрович емес, басқа біреу.

Пролетов. Басқа біреуің кім?

Малай. Өзіңіз көре қойыңыз: осында тұр.

Пролетов. Келсін.

III

Пролетов пен Христофор Петрович
Бурдюков.

Бурдюков. Мазанызды алғанымға ғапу өтінемін. Жағдай мен шаруа билеп, қаладан шығып едім. Арашашы болып, қолдай көрер деп келдім.

Пролетов (*сыртқа*). Шынында да бөтея екен, дегенмен, бір ұқсастығы да бар сықылды. (*Естіртін.*) Не бұйырасыз? Қайтсем пайдам тиер екен сізге?

Бурдюков (*цығын құныстырып*). Әңгіме дауда болып тұр!

Пролетов. Дау? Кіммен?

Бурдюков. Бірге туған ініммен.

Пролетов. Ғапу етіңіз. Еналдымен фамилияңызды біліп қояйын, шаруаңызды артынан айта жатарсыз. Төрлетіңіз.

Бурдюков. Фамилиям: Бурдюков, Петров ұлы Христофор болам, бірге туған інім Павел Петров Бурдюковта дауым болып тұр.

Пролетов. Қойыңызшы!! Не? Жок!

Бурдюков. Сонша бажырая қарағаныңыз қалай? Әлде мені сонау Тамбовтын почтаның арбасына мінгесіп, босқа шапқылап жүр ғой деп тұрмысыз?

Пролетов. Бұл сықылды игілі ісіңізді құдай қолдасын! Ғапу етіңіз, танысып қояйық. Бұдан асқан ақылды іс өмірі, сірә, ойыңызға келер ме. Мархабатпен әділдік жоқ дей қойшы, кәнеки, ал мынаны қайте-сін? Екі туып, бір қалған інісінің өзі аямай отыр ғой! Ініце — сот болады! Келіңізші өзіңіз, құшақтайын.

Бурдюков. Рақым етіңіз! Бұндай ниетіңізге бола сізді өзім құшақтайын. (*Құшақтасады.*) Шынымды айтайын, ұсқыныңызды алғаш көрген жерде берекелі адам болар-ау деген ой, тіпті басыма келмеген еді.

Пролетов. Мәс-саған! Оныыз қалай?

Бурдюков. Имандай шыным. Ғапу етіңіз: ананыз марқұм өзіңізді әлгі көтеріп жүрген кезінде, ондай-мұндайдан сірә, шошына қойған жоқ па еді?

Пролетов. Не деп көкіп тұр-ей, мынау?

Бурдюков. Жок, көңілге ауыр ала көрмеңіз, өзіңізге айтайын, ондай-ондай оқыйғалар бола береді. Біздің әлгі заседателіміздің бетінің төменгі жағы түп-түгел қойдан аумайды, былайша айтқанда, құдды бір ойып алған сықылды, қойдың жағындай, түк қаптап кеткен. Соның бәрі бір болымсыз нәрседен ғана белең алыпты: шешесі марқұм босанайын деп жатса, терезенің түбіне, жын қуғандай, бір қой келе қалып, маңырап қоя беріпті ғой.

Пролетов. Заседатель мен қойыңыздың мазасын алмай-ақ қояйық. Япырай, бұндай қуанармын ба?

Бурдюков. Сіздей қамқоршыға қарқ ете қалған, шіркін, менің қуанышымды айтсаңызшы! Жүзіңізге қарасам-ақ болды, көзіме ылғый жылушырайсыз да тұрасыз: карабинер полкымызда құдды өзіңізден аумаған бір поручик болған еді! Батшағар, барып тұрған ішкіштің өзі еді бір, яғни, сізге айтайын, бет-аузының додадодасы шықпай сау жүретін күні болмайтын.

Пролетов (сыртқа). Уезден келген мына аюын тіліне ие болу дегенді тіпті білмейді екен. Ішіндегі ірік-шірігінің бәрі—тілінің ұшында тұр. (Естіртіп) Уактым аздау еді, тілеуіңізді берсін, іске кірісейік.

Бурдюков. Гапу етіңіз, отырып айта алмаушы едім. Бұл бір жазықсыз жайт! Устюг уезіндегі Евдокия Малофеевна Жеребцова деген помещицаны білетін бе едіңіз? Білмеймісіз? Жақсы. Оның өзі әлгі пері ұрған ініміз бен екеуімізге ата жағынан жеңге болып келетін. Өзінің жақын мирасқоры дегендегі бары: ініміз бен екеуіміз едік — көріп отырмысыз: әңгіменің қайда апарып соққанын! Оның үстіне әлгі генерал Повалищевке тиген қарындасымыз да бар; бірақ ол жайында бір ауыз сөз жоқ, тиісті еншісін өзі онсыз да алып қойған болатын. Гапу етіңіз: мінеки сол жәдігөй, інім, — бұндайға келгенде оның өзі сайтанға да аға болуға жарайды, сөйтіп, жеңгейге жағалап келеді де: «Женеше, құдайға шүкір, жетпіс жыл асарыңызды-асап, жасарыңызды жасалыңыз: бүйтіп қартайған шағыңызда енді шаруаға қарай алармысыз, одан да өзім асырап-сақтайын» дейді. Көрдіңіз бе! Есіңізде болсын, есіңізде болсын! Сөйтіп жеңгейдің қолына көшіп келеді де, аумаған акы несінше, билеп-төстеп, өмір сүреді. Естіп отырмысыз?

Пролетов. Естіп отырмын.

Бурдюков. Бәсе-бәсе! Я. Бәлки, соның өзі бірдеме жұтқыза қойды ма қайтті, неден болғанын бір құдайдың өзі білсін, әйтеуір жеңгей мендей береді. Оның өзін де маған біреулер арқылы ғана сездірді. Есіңізде болсын! Келіп едім: әлгі пері ұрған, яғни інім, көзіне жас алып албардан алдымнан жүгіре шықты да, егіліп, еңіреп тұрып: «Ағатайым-ау, екеуіміз енді мәңгі

сорлы болдық: қамқоршымыз... — «Немене, жан тәсілім берді ме?» — «Жоқ, өлім аузында жатыр». Кіріп келсем, айтқандай-ақ жеңгей екпетінен түсіп жатыр екен, тек кірпігі ғана қыймылдайды. Енді қайтерсін? Жылармысын? Жылағанмен пайда жоқ. Пайда жоқ емес пе?

Пролетов. Пайда жоқ.

Бурдюков. Енді қайтерсін? Амал жоқ! Құдайдың күдіреті солай болса керек! Қасына келіп: «Ал, жеңеше, бәріміз де өлмелі пендеміз, өміріміздің билігі бүгін болмағанмен, күні ертең бір тәңірінің күдіретінде ғой: олай болса, алдын-ала оны-мұны өсиетіңізді айтып қойғаныңыз жөн емес пе?» деп едім. Жеңгейім қайтті десеңізші? Қарасам, тілі күрмеліп қалған екен, бар болғаны: «э... э... э...» дей берді. Ал енді оның бас жағында тұрған жаңағы жәдігөй, інім: «Жеңгейдің онысы, өсиетімді әлдеқашан айтып қойғамын» дегені, деді. Естіп отырмысыз, естіп отырмысыз!

Пролетов. Онысы қалай; олай деп жеңгейіңіз айта қойған жоқ ғой?

Бурдюков. Сайтанын айтсын ба! Бар болғаны: «э... э... э...» дей берді. «Жеңеше, айтыңызшы, оныңыз қандай өсиет еді?» деп мен де тақымдап қоймадым. Жеңгейім сонда қайтті десеңізші? Баяғысынша күр: «э, э, э» дей берді. Ал енді жаңағы оңбаған тағы тұрып: «жеңешем бұл жайындағы бұйрықтарымның бәрі өлер алдында айтқан өсиетімде деп жатыр» деді. Естіп отырмысыз, естіп отырмысыз? Амалым қанша? Ләм дей алмадым.

Пролетов. Дегенмен, ғапу етіңізші: өтірігін сол жерде неге бетіне баса қоймадыңыз?

Бурдюков. Қайтейін? (*Қолын сермен.*) Осының бәрін айтқаны анық деп ант-су ішті ғой. Былайша енді... иланып қалдым.

Пролетов. Өлер алдында айтқан өсиетін ашып көрдіңіздер ме?

Бурдюков. Аштық.

Пролетов. Не деген екен?

Бурдюков. Былай депті. Жаңағының бәрі христиан парызы бойынша көңілдегідей жөнелтіліп болғаннан кейін, мен отырып өліктің өсиетін оқыйтын уа-

қыт жетті білем деп едім. Інімнің сөйлеуге тіпті шамасы келер емес; қайғырып, қамыққаннан аһ ұрады әншейін! «Өзіңіз алып оқый беріңіз» деді. Куә болып жыйналып, оқыдық. Өсиет қалай жазылыпты деп ойлайсыз? Былай жазылған екен: «Жиенім, Павел Петров ұлы Бурдюковқа» — естіп қойыңыз! — «Балалық қамқорлығының қақысы мен өле-өлгенше қасымда болғандығы үшін» — есіңізде болсын! Есіңізде болсын! — «Устюг уезіндегі атамнан қалған, ахалал мекенімді...» — әнеки! Әнеки! көрдің бе қалай қыялай тартқанын! — «бес жүз жан, жеріммен және басқа мүлкімді қалдырамын». А? Естіп отырмысыз? «Жиен қызым, Бурдюковтан туған Мария Петровна қызы Павалищеваға өзіне тиісті, жүз жаны бар деревнямды қалдырамын. Жиенім» — Әнеки! Есіңізде болсын! Нағыз жым-жылас, жұлмалай құрттың өзі осы арадан шығады енді! — «Хрисанфий Петров ұлы Бурдюковқа» — естіп қойыңыз, естіп қойыңыз! — «Ескерткіш етіп...» — па, шіркін-ай десеңші! — «Үш тоқыма белдемшем мен қамбадағы күллі ескі-ұсқымды, атап айтқанда: екі құс төсек, кәрлен ыдыс-аяқ, ақжайма, тақыяларымды қалдырамын», тағы да нендей қоқсық екенін сайтан білген бе! А? Осыны қалай көресіз? Өзіңіз айтыңызшы: оның тоқыма белдемшесі неме керек?

Пролетов. Япырай, жәдігөй-ай десеңші! Ғапу етіңіз!

Бурдюков. Жәдігөйлік дегеніңізге сөз жоқ қосыламын; бірақ өзіңіз айтыңызшы: тоқыма белдемшесі неме керек? Оны қайтпекпін? Басыма кимекпін бе!

Пролетов. Сонымен бірге куәлар да қол қойып па екен?

Бурдюков. Сөз бар ма, өңкей бір оңбағанды жыйнап алыпты.

Пролетов. Қолды марқұмның өзі қойып па екен?

Бурдюков. Ойбай-ау, әңгіме сол, қолын қойғандығында болып отыр ғой, бірақ қалай қойғанын сайтан біле ме!

Пролетов. Қалай қойыпты?

Бурдюков. Былай: марқұмның есімі Евдо-

кия болатын, ал енді өзінің шимай-шатпағына тіпті адам түсініп болар емес.

Пролетов. Онысы қалай?

Бурдюков. Қалай екенін сайтан білген бе: Евдокия деп жазудың орнына: «обмокни»¹ деп жазыпты.

Пролетов. Е, қойыңызшы!

Бурдюков. О, айтып отырмын ғой, оның қолынан келмейтін қулық жоқ. «Жиенім Хрисанфий Петровка үш тоқыма белдемше!» депті.

Пролетов (*сыртқа*). Әйткенмен, Павел Петрович Бурдюковның жігіт-ақ екен, қулығын бүйтіп өткізе қояды ғой деп тіпті ойламаған едім!

Бурдюков (*қолын сермен*). «Обмокни!» Онысы несі? «Обмокни» деген ат болмайды ғой тіпті?

Пролетов. Енді қалай істемекшісіз?

Бурдюков. Қойылған қол жалған болғандықтан, өсиеттің көзін жоғалту жайында әлдеқашан арыз бергем. Өтірік айтпай-ақ қойсын: марқұмның аты «Обмокни» емес, Евдокия болатын.

Пролетов. Дұп-дұрыс! Ғапу етіңіз, осының бәрін енді мен қолға алайын. Қазір бір таныс секретарыма қағаз жазып берейін, әйткенмен өсиетіңіздің көшірмесін маған жеткізе қоярсыз.

Бурдюков. Үлкен қарыздармын сізге! (*Баскимін алады.*) Қай есіктен шықсам екен — анадан ба әлде мынадан ба?

Пролетов. Мына есіктен шығыңыз.

Бурдюков. Бәсе-бәсе. Оны өзімнің бір ділгір шаруам болғандықтан сұрап едім. Қош болыңыз, құрметтім. Атыңыз кім еді? Ылғый ұмыта берем!

Пролетов. Александр Иванович.

Бурдюков. Александр Иванович! Александр Иванович Прольдюковский деген біреу бар еді, сіз оны білмеймісіз?

Пролетов. Жоқ.

Бурдюков. Оның өзі менің деревнямнан бес-ак шақырым жерде тұрады. Қош болыңыз!

Пролетов. Қош болыңыз, құрметтім, қош болыңыз!

¹ Обмокни — суға малшын.

Пролетов, кейіннен қызметшісі.

Ойда жоқ қазына дегенің осы енді! Олжа дегенің осы! Құдайым айдап әкеп бере салды әншейін. Айтуға ауызым бармағанмен, әйелім алғаш ұл тапқандай немесе чиновник біткеннің төрт көзі түгел отырғанда министр кеп бетімнен сүйгендей, сонша бір айтса наңғысыз рақатқа батып, жаным жай тауып тұр. Құдай біледі! Сонша бір елтітіп тұрған бірдеме! Ей, Андрей! Секретарыма бар да өзін осында шақырып келші. Білдің бе? Тұра тұр: арағыңа ақша берейін, сілейе сілтеп ал, — бүгінгі күннің құрметіне рұқсат етемін; ал, мынау балаңа пряник болсын. Аса бір ділгір шаруа бар деп, секретарьға қазір айт. Ақыр аяғы түсті ғой қолға, бәлем! Біздің көшеде де той болады енді! Токтай тұр, бәлем, кернейлетіп бір көрейін, қалай билегеніңе қарайық та тұрайық. Оркестрдің басын, алда-жалда сенат музыканттарынан құрастырып ала қойсам, бәлем, безек қағып билегенде, өмір бойы есіңнен қалмастай боласын әлі.

МАЛАЙЛАР БӨЛМЕСІ

1

Театр ауызүй көрінісін байкатады. Оң жақтағы есік баспалдақ сол жақтағысы — залға апарады. Сыртқы шымылдықтағы бүйректеу барып, кабинетке кіреді. Есік-есікке дейін қабырға бойына ұзын скамейка қойылған. Петр, Иван Григорий үшеуі бастарын бір-бірінің иықтарына сүйеп скамейка үстінде ұйықтап отыр. Баспалдаққа апаратын есік қатты қағылған қоңырау даусы естіледі. Малайлар оянады.

Григорий. Бар, есік аш! Біреу қоңырау қақты тұр!

Петр. Өзің неғып отырсын? Табаның қолдан қалып па еді? Орныңнан тұра алмай отырмысын?

Иван (қолын сілкіп). Мен-ақ барып, ашайын десе! (Есікті ашып, баж ете түседі.) Андрюша ғой!

Басында картуз, үстінде шинель, қолында түйіншегі бар бөтен қызметші кіреді.

Григорий. Е, Москва күзғынымысын! Қай жерден таң қаңғып жүрсін?

Бөтен қызметші. Ә, чухонның жапалаң. Менше жүгірсең көрер едім, бәлем. Мынаны (түйіншегін көтеріп) Петербург жақтағы гүлші әйелге апарып деп жіберген еді. Арбакешке жыйырма бес тыйын берді ғой деймісін, тәйірі. Сіздің мырзаға да бара деген еді. Немене, ұйқтап жатыр ма өзі?

Григорий. Кім? Аю ма? Жоқ, үңгірінен әлі өңір қойған жоқ.

Петр. Бәйбішелерінің сендерге шұлық жаматады дегені рас па?

Бәрі күледі.

Григорий. Бауырым, енді жамаушы-ақ бола ғой. Біз өзінді солай деп атап жүретін болайық.

Бөтен малай. Өтірік оның, өмірі шұлық жамап көрген пенде емеспін.

Петр. Белгілі ғой жайларың: түске дейін ас пісірген қызметші адамдарың түстен кейін делбеші немесе малай болып, әйтпесе тіпті шәркей де тігіп кетеді.

Бөтен малай. Е, қайтуші еді, қолдан келген өнердің зыяны болушы ма еді. Қарадан-қарап отыруға болмайды ғой. Әрине, малай бола жүріп, бір жағынан әйел киімін де тігетінім рас. Бәйбішенің де, бәйбішеден өзгенің де киімін тігіп, тыйып-тебен табамын. Ал енді өстіп қарадан қарап отырып, өздерің не табасындар.

Григорий. Жоқ, бауырым, жақсы мырза малайына жұмыс істетпес болар, оған деген шебер бар ғой. Әлгі граф Булкиннің, бауырым, бір ғана қызметшісінің өзі отыз адам, оның үйінде, бауырым: «ей, Петрушка, әне бір жерге барып келе қойшы» дей алмайсын. «Атаманыз, онда менің жұмысым жоқ, Иванға айта қойыңыз» дейді ол. Көрдің бе қалай екенін. Мырзаша тұрам деген мырза осылай болады. Жарылған жаңғақтай ғана күймесіне аттарының күйрығына арқан байлап жегіп, әруейінің Москвадан келіп отырған сыйқы анау ғой.

Бәрі күледі.

Бөтен малай. Әй, күлкіші, күлкіші! Жаныңда жалғыз тыйының болмаған соң, ұзақты күнге жамбастап жатқаныңнан не пайда.

Григорий. Тыйының маған не керек? Мырзаны қайтемін? Жұмыс істейін, істемейін, жалақымды бәрібір береді екен. Қартайғанда енді акша жыйнап қайтем? Қызметшісінің істеген жұмысына ақы төлемеген мырза, мырза ма, тәйірі.

Бөтен малай. Немене? Жігіттердің бал жасамақ ойы бар дей ме, қалай?

Петр. Я. Сен өзің боламысын?

Бөтенмалай. Бал болып не жарыта қояр дей-
сін! Бал деген, әншейін, атағы ғана ғой.

Григорий. Жок, бауырым, бал болғанда да, бал-
дың көкесі болады. Жұрт бір-бір сомнан, кейбіреу
одан да көптен беріп жатыр. Князь асбапшысы бес
сом берді, асты да өзі әзірлемекші болды. Қонақасыға
жалғыз жаңғақ қана емес, жарты пұт конфет сатып
алып қойдық, мороженыйы тағы бар...

Мырзаның кабинетінен қоңырау даусы сызылып естіледі.

Бөтенмалай. Бар! Мырзаң қоңырау қағып
жатыр.

Григорий. Тұра тұрсын. Шырақ та жағады.

Музыкаға саудаласып көріп едік, жуан дауыс бол-
мағандықтан, келісе алмадық, әйтпесе, ендігі...

Қоңырау даусы кабинеттен бұрынғыдан қаттырақ шығады.

Бөтенмалай. Бар, бар! Қоңырау соғып жатыр.

Григорий. Тұра тұрсын. Кәне, өзің қанша бе-
ресін?

Бөтенмалай. Бал болып не жарыта қояр дей-
сін тәйірі, бәрі де әншейін бос әуре ғой.

Григорий. Кәнеки, жамаушы, шеш қабыңның
аузын! Көрдің бе ананы, Петрушка, ұмтыл өзіне, ка-
рашы өзін...

Саусағымен оны түрткілейді; сол кезде кабинеттің есігі ашы-
лып, шапаншаң мырза қолын созып, Григорийдің құлағынан
ала түседі.

Жұрттың бәрі орындарынан ұшып түрегеледі.

II

Мырза. Бұларың не, берекесіз кулар-ау? Бакан-
дай үш адам отырып, тым құрыса біреуің тұрсандар
болмай ма? Қаға-қаға, қоңыраудың, тіпті, қайысын
үзіп ала жаздадым ғой.

Григорий. Мырза, түк ести алмадық.

Мырза. Өтірік айтасын!

Григорий. Құдай біледі! Неге өтірік айтайын? Мына Петрушка да отырды. Мырза, өзі бір түкке тұрмайтын қоңырау: дауысын өмірі естімейсін. Слесарьді шақырту керек.

Мырза. Ендеше, слесарьді шақыра қойындар.

Григорий. Дворецкийге айтып едім. Бірақ амал не? Айтсаң, өзінді янаттап тастайды.

Мырза (*бөтен малайды көріп*). Мынау қай жігіт?

Григорий. Бұл жігітті Анна Петровна жіберген екен, сізге бір шаруамен келіпті.

Мырза. Я, сөйле, бауырым?

Бөтен малай. Бәйбіше сізге бас иіп, бүгін барып қайтам деп, айт деп бұйырып еді.

Мырза. Неге келетінін білмеймісін?

Бөтен малай. Біле алмадым. Тек өзі маған: «Бас иіп, Федор Федоровичке айт, барып қайтам» деген еді.

Мырза. Қашан, қай сағатта келеді?

Бөтен малай. Онысын біле алмадым. Тек әйтеуір, Федор Федоровичке мәлім ет, өзім барып қайтам деп айтты дерсін деген еді...

Мырза. Жаксы. Петрушка, киімімді әкеле қойшы: қорадан шығып кетейін. Ал енді тірі жанды қабылдай көрмендер! Келген жұрттың бәріне мені үйде жоқ деп қойындар, білдің бе! (*Кетеді; оған ілесе Петрушка шығады.*)

III

Бөтен малай (*Григорийге*). Сазайларыңды берді ме, бәлем.

Григорий (*қолын сілтеп*). А! Берекесіз бір жұмыс қой! Қалай ғылсаң да — жақпайсын.

Баспалдаққа апаратын есіктен қоңырау даусы естіледі.

Григорий. Тағы да бір сайтан келіп қалды. (*Иванға.*) Бар, аш, неғып аңырып отырсын.

Иван есік ашады, ішік киген бір мырза кіреді:

IV

І ш і к т і м ы р з а. Федор Федорович үйде ме?

Г р и г о р и й. Жо-жок, үйде жок.

М ы р з а. Бәрекелді-ай. Қайда кеткенін білмеймі-
сін?

Г р и г о р и й. Белгісіз. Департаментке кеткен болу керек. Сіз туралы қалай дейін?

М ы р з а. Невелешагин келіп кетті. Үйден жолыға алмағанына қатты өкінді де. Білдің бе? Ұмытпаймы-
сын? Невелешагин.

Г р и г о р и й, Лентягин.

М ы р з а *(анықтаңқырап)*. Невелешагин.

Г р и г о р и й. Өзіңіз немістен саумысыз?

М ы р з а. Қайдағы неміс! Анық орыспын: Невеле-
шагин.

Г р и г о р и й. Ұғып қой, Иван, ұмытпа: Ердаша
гин!

Мырза кетеді.

V

Б ө т е н м а л а й. Қош, бауырларым, мен де ке
тейін.

Г р и г о р и й. Я, неғылдың — балга келетін бол-
дың ба?

Б ө т е н м а л а й. Ол жағын кейін ойланып көрер-
мін. Қош бол, Иван!

И в а н. Қош бол! *(Есік ашуға кетеді.)*

VI

Қ ы з м е т ш і қ ы з малайлар бөлмесінен жүгіріп өтеді.

Г р и г о р и й. Қайда! Қайда! Бір қарап кетші!
(Қыздың көйлегінің етегінен ала түседі.)

Қ ы з. Болмайды, болмайды, Григорий Павлович!
Ұстамаңызшы, уақытым жок. *(Жұлқынып шығады да,
баспалдаққа апаратын есікке жүгіріп кіріп кетеді.)*

Г р и г о р и й *(оның ізіне қарап)*. Байпандауын-ай
өзінің! *(Күледі.)* Хе, хе, хе!

И в а н (күледі). Хи, хи, хи!

Мырза кіреді. Григорий мен Иванның түрі кенет тұнжырап, салмақты бола қалады. Григорий қадақта тұрған ішікті алып, мырзаның нығына жабады. Мырза шығып кетеді.

Григорий (саусағымен мұрнын шұқып, бөлменің орта шенінде тұрып). Қолым жаңа босап қалды ғой. Мырзаның кеткені мұндай жақсы болар ма, жоқ, әлгі месқарын-дворецкий сайтан қазір келеді әлі.

Сахна сыртынан дворецкийдің айғайы естіледі:

Құдайдың шын азабы ғой бұл бір: үйде жүрген он адамның ең болмаса біреуі бірдемені жыйнай салса-шы.

Григорий. Әнеки, месқарын әлден-ақ аттан сала бастады.

VII

Месқарын дворецкий (екі қолын қатты сермен кіріп келеді). Құдайдан қорықпасандар да, арларыңнан ұялсандар неғылады. Кілемнің әлі бірдебіреуі ілінген жоқ ғой. Григорий Павлович, сіз өзіңіз өзгеге үлгі көрсетудің орнына, таңның атысы мен күннің батысына дейін ұйқыдан бір бас көтермейсіз, құдай біледі, ұйқыдан тіпті көзіңіз күп болып ісіп кетіп-гі! Бұл қылығыңмен, Григорий Павлович, өзіңіз нағыз оңбаған болып алдыңыз ғой!

Григорий. Е, қайтейін? Ұйқы көрмейтін сонша мен бір адам емес ғой деймісін?

Дворецкий. Ойбай-ау, оныға ләм деп отырған кім бар? Ұйқтамайтын несі бар? Бірақ енді ұзақты күнге ұйқыдан бас көтермеуге болмайды ғой. Ал енді, Петр Иванович, өзіңнің, міне, көзің де отыр! Сыртынан жамандамай-ақ қояйын, нағыз шошқасын. Мұршаң келмей жүрген не бар осы? Бар істейтінің екі, үш шырақты сүрте кою ғана ғой. Бұнда неғып отырсын енді. (Петр жайлап басып кете береді.) Ал енді, Ванька, сені тұпа-тура көк желкеден отырту керек екен.

Григорий (шыға беріп). Эттең, шіркін, тұрмысым! Тұрмысым менің құрысын!

Дворецкий (жалғыз қалып). Тәртіп дегеніміз кімде-кімнің болмасын өз борышын білуде ғой. Қызметшінің аты қызметші де, дворянның аты дворянин, архиерейдің аты архиерей. Өйтпейтін болса, әркім-ақ басынып... тіпті мен өзім де: «жок, дворецкий емеспін, губернатормын, болмаса жаяу әскерлердің бір дөкеймін» деп тап осы арада айтар едім. Оныма кім көрінген: «жок, өтірік оның, генерал емессін, дворецкийсін» дер еді ғой — ал ендеше! «Сенің міндетің үйге қарап, қызметшілердің тәртібін бақылау болады!» — Ал ендеше! «Боң, жур, коман ву франседе сенің жұмысың болмасын, тәртіп сақтап, бұйрық бере біл» — ал ендеше!

VIII

Басқа бір үйдің қызметші қызы, А н н у ш к а кіреді.

Дворецкий. А! Анна Гавриловна! Өзімше құрмет тұтып, сізді көргеніме қатты қуанамын.

А н н у ш к а. Алаң болмай-ақ қойыңыз, Лаврентий Павлович! Мырзаларыңыздың күймесін жолдан көріп, үйде жоқ екенін білген соң бірер минутқа әдейі келіп едім.

Дворецкий. Өте жақсы болған екен, келгеніңізге әйеліміз бен екеуіміз де қатты қуанамыз. Торлетіңіз, отырыңыз.

А н н у ш к а (отырып). Таяуда болады деген бал жайында ештеме естіп білдіңіз бе?

Дворецкий. Білгенде қандай. Оның өзі, мөлшері, көзіңіз де көрер әлі, бірлесу деген болады. Бір адам, тағы біреу, мөлшермен айтқанда, үшінші біреу. Әрине, бұның өзінен, дегенмен, үлкен сома құралады. Мен өзім әйеліммен бірігіп бес сом бердім. Әлбетте енді, бал, немесе кәдімгі айтып жүргеніміздей, сауық кеші ғой. Әрине, мөлшермен айтқанда, қонақасы салқындау соқпақ. Жастар үшін би, сол сықылды тағы да басқа қызықтар болады.

А н н у ш к а. Сөзсіз барам, сөзсіз барам. Менің келген шаруам, Агафья Ивановна екеуіңіз бірге барасыздар ма, тек соны білейінші деп едім.

Дворецкий. Агафья Ивановна сізді ылғый аузынан тастамай отырады.

Аннушка. Тек әншейін қауымның аужайынан қорқа берем.

Дворецкий. Атамаңыз, Анна Гавриловна, қауымымыз тамаша қауым болады. Тап басып айта қоймағанмен, граф Толстогубтің камердинері, князь Брюховецкийдің буфетчигі мен делбешілері, тағы да бір княгиняның қызметші қызы келеді деп есіттім...: өз ойымша кейбір чиновниктер де келіп калады-ау деймін.

Аннушка. Бір ғана ұнатпай отырған жерім, делбешілер келеді екен. Өздерінен ылғый жапырақ темекі мен арақ иісі аңқып тұрады, оның үстіне өздері бір ылғый оқымаған, надан келеді.

Дворецкий. Гапу етіңіз, Анна Гавриловна, делбешілердің арасында да айырма бар ғой. Оның өзі, әрине, делбешілер көбінесе ылғый аттардың жанынан шықпай, құлағыңызға алтын сырға, кей-кейде қыйын да тазалайтындықтан солай болуы да кәдік; әрине, байырғы адам бірер стакан арақты да сілтей салады ғой, немесе, денелей жоқшылықтың салдарынан көбінесе байырғы жұрттың тартатын жөндеубай темекісін де тарта салады; я, содан соң әлбетте, өзінен, әрине, кей-кейде, мөлшермен айтқанда, көңнің немесе арақ иісі де аңқып жүреді, әрине енді, бәрі де солай ғой; я, дегенмен, өзіңіз-ақ айта қойыңызшы, Анна Гавриловна, делбеші болғанымен, мөлшермен айтқанда, өзінің дағдысы бойынша, делбешіліктен гөрі көбінесе атшы болып жүрген делбешілер де бар ғой. Олардың міндеті, немесе былайша айтқанда, бастықтығы сұлы босатып тұру немесе форейтор¹ мен делбешінің істеген айыбын бетіне басу болып саналады.

Аннушка. Қандай майын тамызып сөйлейсіз, Лаврентий Павлович! Лебізіңізге ылғый ұйып қалам.

Дворецкий (*мыйығынан күліп*). Оқасы жоқ, ханым. Оның өзі, мөлшермен айтқанда, әрине, сөз, яғ-

¹ Форейтор — күймеге көсем жегілетін аттың алдыңғысына мінетін адам.

ни сөзуарлық деген кез келген адамның қолынан келе де бермейді. Әлбетте, кейде былай да болады... кәдімгі кекештердің сөзі сықылды... Я, немесе сол сықылды тағы да басқа оқыйғалар, дегенмен, адамына да байланысты... Сөйтіп, менің бөлмеме кіре кетпес пе екенсіз?

Аннушка, оның соңынан Лаврентий жүре береді.

ҮЗІНДІ

МАРЬЯ АЛЕКСАНДРОВНАНЫҢ ҮГІНІҢ БІР БӨЛМЕСІ.

I

Егде тартқан әйел, М а р ь я А л е к с а н д р о в н а мен оның ұлы, М и х а и л А н д р е е в и ч

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Бері қарашы, Миша, сенімен көптен бері сөйлесем деп жүр едім: сенің қызмет орныңды ауыстыруың керек.

М и ш а. Қаласаңыз, тіпті ертең ауыстырайын.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Сен әскери қызметте істеуге тиіссін.

М и ш а (көзі бақшыйып). Әскери қызметте?

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Я.

М и ш а. Е, қойыңызшы апатай? Әскери қызметте деймісіз?

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Е, сонша неменеге таңырқай қалдың?

М и ш а. Ойбай-ау, өзіңіз әлде білмейтін бе едіңіз: жұмысты онда юнкерден бастауға тура келеді ғой?

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Я, сөйтесін, бір жыл юнкер болып істегеннен кейін, офицер боласын, ол жағын өзім білемін.

М и ш а. Әскерге менің қай жерімді лайық көріп отырсыз осы? Тіпті дене бітімім де үйлеспейді. Рақым етіңіз, апатай, бұл сөзіңізге оллаһи, қайран қалғандықтан, тіпті өзім, өзім, өзім не дерімді де білмей

отырмын: өзім болсам, құдайға шүкір, топ-толық адаммын, сөйткен бойыма құйрығын кутыйтып, юнкердің мундирін киіп алсам, — тіпті ел бетіне қараудан қалам ғой.

Марья Александровна. Мейлі. Офицер болып, ұзын етекті мундир киген соң, денеңнің толықтығы біржола білінбей кетеді әлі, сөйтіп түк білінбейтін болады. Сонымен бірге толықтығың да жақсы қолмақол жоғарылатыласың: өйткені, ондай семіз прапорщиктің полктарында жүргені өздеріне ұят қой.

Миша. Дегенмен, апатай-ау, коллеж ассессоры болуыма бірер жыл, небәрі бір-ақ жыл қалды ғой. Титулярный советник чинінде жүргеніме екі жыл толып отыр.

Марья Александровна. Қой, кой әрі! Осы бір «титулярный» деген сөзің құлағыма тіпті түрпідей тиеді; басыма келген ойларды бір құдайымның өзі білсін. Мен өзім баламның гвардияда қызмет істегеніне күштармын. Жай қызметте жүрген кісіге қазір тіпті қарағым да келмейді.

Миша. Бірақ өзіңіз ойлап көріңізші, апатай, өзіме де, сырт тұлғама да анықтап бір көз жіберіп көріңізші: тіпті, мектепте оқып жүрген күнімнің өзінде балалар аламан дейтін еді. Қанша айтқанмен, әскери қызметке ат құлағында ойнайтын, саңқылдаған дауысы бар, батыр тұлғалы мықынды адам керек ғой.

Марья Александровна. Жетесін, бәріне де жетесін. Сенің сөзсіз қызмет істегенің керек болып отыр маған; бұның бір өте маңызды себебі бар.

Миша. Оныңыз қандай себеп еді?

Марья Александровна. Сондай бір маңызды себеп еді.

Миша. Сөйтсе де, нендей себеп еді?

Марья Александровна. Мынадай себеп еді... тіпті, сенің ой тоқтатып ұғынар, ұғынбасыңды да білмей отырмын. Алдыңғы күні әлгі, ақымақ Губомазова Рогожинскийлердің үйінде отырып, қасақана маған құлақ қағыс қылып былай деді ғой. Екі әйелден кейін отырғам, алдымдағы Софи Вотрушкова мен княгиня Александрина болатын, ал княгиня Александринаның қасында мен отырған едім. Дәті барып, сол оңбаған

не айтты ғой деп ойлайсың?.. Оллаһи, орнымнан атып тұрғым-ақ келіп еді, егер княгиня Александрина болмағанда, неғыларымды тіпті өзім де білмеймін. «Придворный балға жай қызметте жүрген адамдарды енгізбейтін болғанына өзім қатты қуанамын. Бұлардың бәрін де» жұрт «*mauvais genre*¹», әйтеуір бір жаман пейілді адамдар көреді. Алексисімнің сол бір сұмпайы фракты кимегеніне қуанамын» дейді. Осының бәрін өзі сонша бір қылымсың отырып, сонша бір зілмен сөйледі дерсін... оллаһи бар ғой... өзіне тіпті... не істерімді білмедім. Ұлы бір дүлейдің өзі аяғын алшандай басқаннан өзгені білмейді. Сондай бір сұм, жексұрын әйел!

Миша. Бар себебің осы ма, апатай-ау?

Марья Александровна. Я, егескенде, менің де балам гвардияда қызмет істеп, придворный бал атаулының бәріне барса екен деймін.

Миша. Апатай-ау, сол әйелдің ақымақтығына ғана бола...

Марья Александровна. Жоқ, байлауым сол. Іші күйсе, тұз жаласын, шыжылаң қақсын, бәлем.

Миша. Әйткенмен...

Марья Александровна. О! Мен оған көрсетемін әлі! Қалай арбаса, олай арбасын, аянарым жоқ, менің балам да гвардияда қызмет істейді. Осының қырсығынан құр қалса да істейді. Кез келген сұмырайды көз алдымда күмпітіп, онсыз да тапқыйып тұрған танауын көкиттіре алмаймын! Жоқ, оның бола қоймайды! Қолыңнан келген қырсығыңды аяма, Наталья Андреевна!

Миша. Бүйтіп қыйын ғыла алмайсыз ғой оған?

Марья Александровна. О! Өйткізіп қоя алмаймын!

Миша. Апатай, тілегіңіз осы болса, әскери қызметке ауыса-ақ қояйын; тек әйтеуір, мундир киген сыйқымды көргенде оллаһи, өзім де күлемін әлі.

Марья Александровна. Қанша айтқанмен әлгі фраксымақтан анағұрлым сыпайырақ ғой. Енді бір ойым: сені үйлендірсем деп отырмын.

¹ «Пиғылсыз» адамдар.

Миша. Бір-ақ күнде әрі қызметімді ауыстырып, әрі үйлендіре қоймақпысыз?

Марья Александровна. Е, қайтуші еді? Сонша бір әрі қызмет орнын ауыстырып, әрі үйлене қоюға болмай ма екен?

Миша. Ойпырау, үйлене қояйын деген ойым жоқ ғой әлі. Әлі үйленгім келмейді.

Марья Александровна. Кім екенін білсен, үйленесін. Бұл үйленгенің қызметіңе де, үй ішіңе де ырыс болады. Қысқасы, сені княжна Шлепохвостоваға үйлендіргім келіп отыр.

Миша. Ойбай, апатай-ау, оның өзі бір барып тұрған есалаң ғой.

Марья Александровна. Барып тұрған түгі де жоқ, өзгелер қандай болса, ол да сондай. Тек әншейін ессіздеу демесең тамаша қыз; кей-кейде жаңылып, жөн-жосықсыз сөйлей салатыны бар, бірақ оны жаңғалақтығынан істейді, әйтпесе өсек-аянмен өліп бара жатса ісі жоқ, әрі өмірі арамдық дегенінді білмейтін қыз.

Миша. Ойбай-ау, өсек-аян оның несін алған! Естігенде төбе шашың тік тұрғандай ғып, екі ауыз сөздің басын әрең құрайды. Апатай, өзіңіз білесіз ғой, үйлену деген нәрсенің жаныңа, көңілге жағуы керек...

Марья Александровна. Солай, бәсе! Өсітеріңді өзім де сезген едім, бері кара, бетіңмен кеткенінді қой. Ол саған жараспайды, оны өзіңе талай айтқам. Өзгелерге жарасса да, саған тіпті жараспайды.

Миша. Япырай, апатай-ай, қай жерде, қашан тіліңізді алмап едім? Жасым отызға келсе де, балаша елпілдеп, айтқаныңыздан шығып көрген пенде емеспін. Басымды кессе бармаймын деген жерлерге жіберіп жүрдіңіз — қыйналып тұрсам да, қыңқ етпестен барып та жүрдім. Біреудің алдында кішірей десеніз — жаныма жақпағанмен, кішірейіп те жүрдім. Балдарда биле десеніз — жұрттың өзіме, сыйқыма күлгеніне қарамастан, билеп те жүрдім. Сайып келгенде енді қызмет орнын ауыстыр деп отырсыз — оғанда құба-құп, отызға келгенде енді юнкер болайын деп отырмын; көңіліңізді табам деп, отызға келгенде қайтадан бала болғалы тұрмын, сонда да мені бетіңмен кеттің деп

күн құрғатпай көзге шұқығаныңызды бір қоймайсыз. Бетіңмен кеттің демейтін бір минутыңыз жоқ. Бері қараңызшы, апатай, бұныңыз ауыр тиеді, оллаһи, ауыр тиеді. Сізді шын көңіліммен жақсы көріп, адал ниетіммен айтқаныңыздан шықпауға татыймын мен өзім...

Марья Александровна. Тілеуінді берсін, оны айта көрме! Сенің бетіңмен кеткендігіңді мен білмейді ғой деп жүрмісін, тіпті кімнің желіктіріп жүргенін де білемін: бәрін бүлдіріп жүрген әлгі бір сұм Собачкин.

Миша. Жоқ, апатай, Собачкиннің сөзіне мені құлақ қояды дегеніңіз бекер. Собачкиннің барып тұрған сұмырай, картежник екені рас. Бірақ бұл арада қылдай қыянаты жоқ. Оның айтқанына мен өмірі титтей ермеймін.

Марья Александровна. Жасаған-ай, қандай сұмпайы адам десеңші өзі! Өзін көрген жерде шошып кетіп едім. Жөн-жосық, жақсылық дегенді білмейтін — қандай жексұрын адам десеңші! Мен туралы нендей өсек-аяң таратқанын әттең өзің білмедің ғой!.. Ел бетіне қарағысыз болып үш ай бойы үйден шыға алмай қойдым: өзімді үйде май шамның тұқылын жағады екен; үйге төсеген кілемдерін апта бойына сүртпейді екен; арбакештің камытына арқаннан әбзел тағып серуенге шыққан екен... деген өсек-аянды естіп, үш ай бойы ел бетіне қарап, ешқайда шыға алмай қойдым. Екі бетім дуылдап, аптадан астам ауырып қалдым; осының бәріне қайтып шыдағанымды өзім де білмеймін. Тек әйтеуір тағдырға табан тірегендігім ғана бойыма қайрат берді.

Миша. Сондай адамға мені енді билете қояды ғой деп отырмысыз? Ерік бере қояды ғой деймісіз?

Марья Александровна. Мен оған көзіме көрінбе дегем, сен енді қыңқ етпей ғана княжняға бүгін барып сөз сала қойсаң, айыбынды сонда жуып-шайасын.

Миша. Бірақ, апатай, оныңыз қолымнан келмесе қайтем?

Марья Александровна. Келмегені қалай, онысы несі?

Миша (сыртқа). Өлер жерің осы енді! (Естіртін). Алдағы өмірімнің бақытты болуына себебі тигелі тұрған тым құрыса осы бір нәрсе туралы өз ойымды білдіруге мүрсат етіңіз. Сіз әлі менен сұрай қойған жоқсыз... алда-жалда басқа бір сүйген адамым болса, онда қайтесіз?

Марья Александровна. Шынында мынауың бір жаңалық екен. Оныңды әлі ести қойған жоқ едім. Я, оның кім?

Миша. Япырай, апатай-ай, ондай қыз, оллаһи, өмірі әлі жаралып көрген емес; жаны да, ажары да періге лайық бір адам.

Марья Александровна. Кімнің қызы өзі, әкесі кім?

Миша. Әкесі — Александр Александрович Одосимов.

Марья Александровна. Одосимов? Естімеген фамилиям! Одосимовынды біле алмадым... немене өзі, дәулетті адам ба?

Миша. Некен-саяқ кездесетін, гажап адам.

Марья Александровна. Дәулеті де бар ма?

Миша. Қалай десем екен? Оны өзіңіздің көргеніңіз жөн. Ондай аяулы адам бұл дүниеден табылмайды.

Марья Александровна. Қалай, кім екен өзі, шені мен мүкаммәлі қандай екен?

Миша. Апатай, сөзіңіздің төркініне түсініп отырма. Бұл жайында өз ойымды ашып айтуға мүрсат етіңіз. Қайтсең, өйт, дәулетті қалыңдық іздемейтін күйеу бүгінде күллі Россияда жоқ. Қалыңдықтың жа сауымен көрінген қоңын жыйғысы келеді. Бұның өзі кей-кейде орынды-ақ бола қойсын делік: қызметтен немесе басқа бірдемеден қырсық шалып, болмаса, бәлки артықша адалдығынан тауып жүрген пақыр адамның жайына мен өзім түсінем, қысқасы, оның, қалайда дәулетті қалыңдық іздеуге қақы бар екендігін, оған қызын беріп, қажетін ашпаған ата-ананың теріс екендігін де білемін. Бірақ өзіңіз ойлап көріңізші, дәулетті адамның дәулетті қалыңдық іздегені дұрыс па, — дүниенің онда не болғаны? Бұл енді тұлабойын онсыз да дуылдап тұрып, бәлки, біреуге лыпа болған-

дай шинельді ішіктің сыртынан қабаттап кигенмен бір есеп ғой. Жок, апатай, ол дұрыс емес. Әкесі дүние-мүлкін қызының тәрбиесіне сарп етіпті.

Марья Александровна. Болды, болды! Одан арғысын тыңдауға шамам жоқ. Бәрін де, бәрін де білемін: бәлки, жезөкшелікті кәсіп қып, жабдықтау жұмысында жүрген бір чиновниктің нәпсі құмар қызына ғашық болған шығарсын.

Миша. Апатай...

Марья Александровна. Әкесі бір маскүнем, шешесі асбапшы, ағайыны көше бақлаушысы немесе ішкілік жағында қызмет істеп жүрген біреулер шығар... сөйтіп енді, жолына шыбын жанымды құрбан қылған баламнан осындай сұмдықты естіп, соның бәріне шыдауға тиіс болған екем! Жок, бұндай қорлықтан тірі қалмаймын!

Миша. Дегенмен, апатай, ғапу етіңізші...

Марья Александровна. Жасаған-ай, ендігі жастың пиғылы қандай болып кеткен десенші! Жок, бұдан тірі қалмаймын, оллаһи тірі қалмаймын... япырай! Бұнысы несі? Басым айналып кетті ғой! (*Баж ете түсіп.*) Ойпырай, бүйірім шаншып кетті ғой!.. Машка, Машка, шыны әкеле гөр!.. Кешке дейін жетер, жетпесімді білмеймін. Тас бауыр бала!

Миша (*ұмтылып*). Қоя-қой, апатай! Өзіңізге өзіңіз ғой істеп отырған...

Марья Александровна. Осының бәрін істеп жүрген әлгі бір сұм Собачкин. Ондай ыланды жұрттың әлі күнге нағып құртпай жүргенін білмеймін.

Малай (*есік алдынан*). Собачкин келіп тұр.

Марья Александровна. Не дейсін! Собачкин? Кіргізбе, кіргізбе, қарасы өшсін!

II

Бұрынғылармен Собачкин

Собачкин. Марья Александровна! Көптен бері келе алмағанымға кеңшілік етіп, кешіре көріңіз. Құдай ақына, қолым тимеді! Жұмыс басты болып жүргеніме нанбайсыз да; өкпелейтініңізді өзімде біліп ем, олла-

ни, біліп ем... (*Мишаны көріп.*) Саумысын, бауырым! Халің қалай?

Марья Александровна (*сыртқа*). Айтуға тіпті сөз таба алмай отырмын! Қандай десенші? Онысымен де қоймай, көптен бері келе алмадым деп, кешірім сұрауын көрдің бе?

Собачкин. Ажарыңызға карағанда сонша бір жайнап, жасанғырап отырғаныңызға қатты қуанып қалдым. Бауырыңыз қалай, сау-сәлемет пе? Шынында, өзіне сіздің үйден жолығармын деп ойлап едім.

Марья Александровна. Жолыққыңыз келсе, маған келмей, өз үйіне баруыңыз ғой.

Собачкин (*мырс етіп*). Сізге бір аса қызық әзіл айтайыншы деп келіп едім.

Марья Александровна. Әзілге құмар адам емеспін.

Собачкин. Наталья Андреевна Губомазова туралы еді.

Марья Александровна. Қойыңызшы, Губомазова туралы деймісіз! (*Ынтықтығын жасырғансып.*) Сірә, өзі, таяуда болған оқыйғадан сау ма?

Собачкин. Таяуда ғана.

Марья Александровна. Не боп еді?

Собачкин. Қызметші қыздарын оның өзі сабайтынын білесіз бе?

Марья Александровна. Жок! Е, қойыңызшы? Ойпырай, маскара-ай! Сөйте ме екен?

Собачкин. Оллаһи! Ғапу етіңіз, айтып берейін. Күндердің күні, әйтеуір, жазықты болып қалған бір қызға жоныңды тосып төсекке барып жата ғой дейді де, өзі, сірә, көк шыбық әкелуге кеткен бе қалай, ол жағы жадымда жоқ, әйтеуір, келесі бөлмеге шығып кетеді. Сол арада бір жұмысы боп қалып жаңағы қыз үйден шыға қойған екен, оның орнына Наталья Андреевнаның өз күйеуі кеп жата кетеді де, қор ете түседі. Сөйткенше болмай, көк шыбығын алып, сайланып Наталья Андреевна келеді де, бір қызға күйеуінің аяғынан ұстатып қойып, басына ақжайма жауып, сабап салады.

Марья Александровна (*қолын сілкіп*). Ой, тоба-ай, сондай да сұмдық болады екен! Япырай, осы

уақытқа дейін бұны неғып ести қоймадым? Сізге айттайын, ондай сұмдықтың оның қолынан келетінін қашаннан ішім сезіп жүретін еді.

Собачкин. Әлбетте. Бұнысын бүкіл қауымға жайдым. «Өнегелі әйел, үйінен аттап шықпай, балаларына тәрбие берумен отырады, оларға ағылшынша өзі үйретеді!» деседі жұрт. Қайдағы тәрбие! Күйеуін мысықша илектеп, күнде сабайды!.. Қап, сіздің үйде отыра түсуге уақты құрғырдың болмай тұрғаны-ай (Иіліп тәжім етеді.)

Марья Александровна. Қайда барасыз, Андрей Кондратьевич-ау? Осынша уақыттан бері есігімді ашпай қойып, ұят емеспе оныңыз... Үйішінің адамындай, сізге әбден үйреніп кетіппін: отырыңыз! Сізбен сөйлесейінші деп жүрген оны-мұны шаруам да бар еді. Бері қарашы, Миша, менің бөлмеде бір күймеші күтіп отыр еді; тілеуінді берсін, сонымен сөйлесе қойшы. Сұрашы өзінен, жаңа айдың басына дейін күймемді жаңғыртып жасап бере алар ма екен. Түсі Губомазованың күймесі сықылды, ашық әлемішті көгілдір болсын.

Мишашығып кетеді.

Марья Александровна. Сізбен оңаша отырып сөйлесейінші деп, баламды әдейі жібердім. Сіз әлгі Александр Александрович Одосимов деген кісіні білетін боларсыз?

Собачкин. Одосимов?.. Одосимов... Одосимов.. Бір жерде бір Одосимов дегеннің барын білуші едім; айткенмен, сұрастырып керейін.

Марья Александровна. Тілеуіңізді берсін.

Собачкин. Е, е, жаңа есіме түсті ғой, стол басыма екен, әлде бөлім бастығы ма екен, әйтеуір бір Одосимов деген бар болатын... анық бар.

Марья Александровна. Мына қараңызшы, кісінің күлкісі келетін бір оқыйға болып отыр... Сіздің істеген жақсылығыңызды жалғанда ұмытпас едім.

Собачкин. Айта қойыңыз. Сіз дегенде неге болса да дайын екенімді өзіңіз де білесіз ғой.

Марья Александровна. Әңгіме мынадай: балам ғашық болып, ғашық та емес-ау, ойына әншейін

бір әумесерлік келіпті... Жас жігіт кой... Қысқасы, өзі жаңағы Одосимов дегеннің қызын айтып сандырақтап жүр.

С о б а ч к и н. Сандырақтап жүр? Әйтсе де, ол туралы, өзі маған ләм деген жоқ еді. Дегенмен, сіз айтқан соң, әрине, сандырақтағаны рас болғаны ғой.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Андрей Кондратьевич, сіздің бір үлкен көмегіңізге інкар болып отырмын: әйелдердің жанына сіздің жаға кететін адам екеніңізді білемін ғой.

С о б а ч к и н. Хе, хе, хе! Неліктен олай ғой деп ойлайсыз? Шынында да, мына қараңызшы өзіңіз: наурыз күні алты купец қызы... бәлки, мені өйтіп-бүйтіп айналдырып, немесе басқа бір көңілі болған шығар деп ойлап та қалып жүрерсіз... Оллаһи тіпті, қарасам бұйырмасын! Ең әдемісі өзін білесіз әлгі, Ермолай шығар деймін... Ой, жасаған-ау, кәдімгі әлгі Кирочнаяға жап-жақын Литейнаяда тұратын Ермолай-ше?

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Ол жақтағы еш кімді білмеймін.

С о б а ч к и н. Ой, тоба-ай, Ермолай Иванович болу керек өзі, фамилиясы, оллаһи, жадымда жоқ. Әйелі әлгі осыдан бес жыл бұрын өсек-аяңға ілігіп еді ғой. Аты Сильфида Петровна еді ғой, сіз өзін білуіңіз керек.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Атамаңыз; Ермолай Ивановичыңызды да, Сильфида Петровнаңызды да білмеймін.

С о б а ч к и н. Ой, тоба-ай! Өзі әлі Куропаткиннің қасасында ғана тұрып еді ғой.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Тіпті, Куропаткиннің де білмеймін.

С о б а ч к и н. Есіңізге түседі әлі. Екі жүз мыңға жуық жасауы бар, асқан дәулетті қыз еді ғой, оның үстіне өзі несие билетін неке қыярдың алдында ғана қолына ұстап отырған болатын.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Я, қайттіңіз? Үйленген жоқпысыз?

С о б а ч к и н. Үйленгем жоқ. Әкесі үш күндей жік жаппар болып жалынды; қызы да содан құса болып, қазір монастырьде отыр.

Марья Александровна. Неге үйленбедіңіз?

Собачкин. Ығыты келмеді әйтеуір, әкесі болса купец, қайын-жұртым ылғый бір ығай мен сығай ғой деп ойлаған едім, сенсеңіз, артынан, тіпті, өзім де өкіндім. Құрып кеткір, осы бір зыялы қауымның қалай құрылғанына тіпті, таңым бар: сай дүние, сән-салтанат дейді де отырады. Қазірдің өзінде қанша жұртты аздырып-тоздырып жіберді десеңізші!

Марья Александровна. Тәйірі, қауымға несіне қарайсыз? (*Сыртқа.*) Әне қарашы! Қауызын жаңа ғана жарып шыққан қоңыздың бәрі енді аристократпын деп кеудесін қаға түрегеледі. Титулярный болған сыйқына қарамай, сөйлеп отырған сөзін көрдің бе!

Собачкин. Болмайды, Марья Александровна, оллаһи, болмайды. Түсініп отырсыз ғой... «Кімге үйленгенін сайтан білсін...» дейді ғой жұрт. Әйтсе де өзім осындай ылаңға ылғый ұрынып жүретін адаммын. Кей-кейде, тіпті, титтей жазығым болса бұйырмасын... бірақ енді, амалыңыз кәне? (*Ақырын сөйлейді.*) Мына әлгі Неваны ашқаннан бері суға кеткен әйелдің екеу-үшеуін жұрт ылғый тауып алып жүр ғой, — бір пәлеге ұрынармын деп тек әйтеуір аузымды ашпаймын... Я, жақсы көреді; бірақ неменеме қызығатындарын да білмеймін, көркім де онша оңып тұрған жоқ сықылды...

Марья Александровна. Жақсы екеніңізді білмей отырғандай, қылымсымай-ақ қойсаңызшы.

Собачкин (*мыйығынан күліп*). Мына қараңызшы, баяғы тіпті бала күнімде бар ғой, бірде-бір әйел саусағымен негімнен қағып қойып: «кішкентай жәдігөйдін жақсысын-ай өзінің» демей жанымнан өтпейтін еді.

Марья Александровна (*сыртқа*). Япырай! Ажары айна-қатесіз қанденнен аумай отырып, жақсымын деп дардыйуын көрдің бе өзінің. (*Естіртін.*) Жә, енді, бері қараңызшы, Андрей Кондратьевич, бұл сіздің көркіңіздің қолынан келетін нәрсе. Балам өлердей ғашық болып, қызды сонша бір пак, игі адамға балап жүр. Бір жөнін тауып, сол қыздың өзін, өз күйінде көрсетпей, өйтіп-бүйтіп, атына аздап кір келтіре қою

ға болмас па екен? Егер енді сізге көңілі ауып, сізге ғашық бола қоймаса...

С о б а ч к и н. Марья Александровна-ау, ғашық болады! Сөз жоқ, болады! Ғашық болмаса, тіпті, басымды тігейін. Марья Александровна-ау, менің көрген құқайым жалғыз осы ғана деймісіз... Тіпті осы таяуда ғана...

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Ғашық болсын болмасын, тек әйтеуір, сізбен көңілдес екендігі, қайткен күнде, қала ішіне жайылсын... сөйтіп, бұл сыбыс баламның құлағына да тиетін болсын.

С о б а ч к и н. Баламның құлағына деймісіз?

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Я, баламның құлағына тиетін болсын.

С о б а ч к и н. Я.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. «Я» дегеніңіз қайын.

С о б а ч к и н. Оқасы жоқ. «Я» деп әншейін айта салғаным ғой.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. Әлде бұған қыйналып отырсыз ба?

С о б а ч к и н. Атай көрмеңіз, оқасы жоқ. Бірақ осы бір ғашық дегендердің басында... қандай ғана ұшқалақ, балалық мінездер болатынына тіпті өзіңіз де иланбайсыз: біресе тапанша дей ме біресе... тағы да не пәле дейтіндерін бір құдайдың өзі білсін. Әрине, мен одан жалтарайын деп отырғам жоқ... бірақ инабатты қауым арасында ыңғайсыздау екенін өзіңіз де білесіз.

М а р ь я А л е к с а н д р о в н а. О! Ол жағына алаң болмай-ақ қойыңыз. Сеніңіз маған, ондай іске оның аяғын бастырмаймын.

С о б а ч к и н. Дегенмен, әншейін айта салғаным ғой. Марья Александровна-ау, сіз үшін жанымды қыю керек болған жерде бар ғой, қуана-қуана, оллаһи, қуана отырып... Сізді сонша жақсы көретіндігімді айтуға тіпті өзім де ұялам, сіздің оны әлденеге жорытышыңызды бір құдайдың өзі білсін, бірақ оным тек шын көңілімнен көрсеткен құрметім ғана. Япырай, ойыма түсе кеткені бұндай жақсы болар ма! Марья Александровна, маған кемді күнге бір екі мыңдай қарыз бере тұрыңыз. Батшағар, бұл не деген ұмытшак

тық десенізіші! Киініп жатып, кітапшамды ұмытып кетпейінші деп әдейі стол үстіне көз алдыма-ақ қойып едім. Амал қанша: бәр-бәрін алып, темекі сауытқа дейін, тіпті бір орамалды да артық ала тұрып, кітапшамды стол үстіне ұмытып кетіппін.

Марья Александровна (*сыртқа*). Қайтсем екен? Берсең — қайтып бермейді, бермесең — бірдемені бытқытып қалаға жая қойса, ел бетіне қарағысыз да боласын. Кітапшамды ұмытып кетіп едім деуін қарашы! Кітапшамның бар екенін білемін, бірақ қурап тұрған құр өзі ғана ғой. Әйткенмен, амал жоқ, бермей болмайды. (*Естіртіп.*) Рақым етіңіз, Андрей Кондратьевич; тек осы жерде аялдай тұрыңыз, қазір әкелем.

Собачкин. Өте жақсы, осы арада отыра тұрайын.

Марья Александровна (*шыға беріп, сыртқа*). Ақшасың аяғын басқысы келмейді, оңбаған.

Собачкин (*жалғыз*). Я, бұл екі мың енді қажетімді әбден ашатын болды. Қарыздарымды қайтармаймын: етікші де, тігінші де тұра тұрсын, Анна Ивановна да аялдай тұрсын; әрине айғай-аттанын салатыны белгілі ғой, бірақ амал қанша? Ақшаны кез келген нәрсеге шаша беруге болмайды ғой, оған махаббатым да жетіп жатыр, ал енді өзінің көйлегім жоқ деп жүргені бекер, көйлегі бар. Енді былай істеймін: таяуда серуен болайын деп тұр; күймем жаңа болғанмен, жұрттың бәрі көрген, бәрі біледі, әлгі Иохим дегеннің соңғы үлгімен жасалған, жан көрмеген бір күймесі бар десіп жүр жұрт. Егер мына екі мыңды күймемнің үстіне қосып кеп жіберсем сол күймені айырбастап ала қояр едім. Шіркін, жұрттың көзі сонда қандай қызығар еді десенші! Ондай күйменің тіпті, күллі серуенде, көп дегенде бір екеуі-ақ болуы мүмкін. Сөйтіп жұрт аузында жыр болам. Бірақ сонымен бірге Марья Александровнаның тапсырған шаруасын да ойластырып көрген жөн. Өзін ғашықтық хаттан бастағаным орынды болады-ау деп ойлаймын. Сол қыздың атынан хат жазып, көзінше байқамай түсіріп алған, немесе бөлмесінде отырып стол үстіне ұмытып кеткен кісі бола қоюым керек. Әрине, бұның өзі ша-

таққа айналып кетуі де кәдік. Я, дегенмен, қайте қоюшы еді? Қыйын қылғанда қойғылар келіп. Әрине, қойғылағаны жанға батқанмен, бірақ енді сонша бір сорлап калатындай бола қоймас... Тіпті зытып кетуіме де болады ғой, шатақ шыға калса, Марья Александровнаның жататын үйіне зып беріп тұпа-тура төсегінің астына еніп кетсем, жігіт болса сол жерден суырып ала қойсын, бәлем! Бірақ енді, ең әуелі, хатты қалай деп жазсам екен? Осы бір жазу дегенінді жегідей жек көремін, тіпті, бауыздап жіберсең де қолым бармайды. Неге екенін бір құдайымның өзі білсін, сөзге келгенде судырап-ақ тұрғаныммен, қолыма қалам алдым болды жағымнан біреу періп кеп жібергендей боламын; қысылып, қымсынып, қолым тіпті жүрмей қояды. Әлде бүйтсем бе екен? Жанымда қыздардың өзіме осы таяуда ғана жазған біраз хаты бар еді; әлде соның тәуір деген біреуін таңдап алып, фамилиясын тырнап тастап, оның орнына атын өзгертіп жаза қойсам ба екен. Е, оның несі сөкет? Бәсе! Қалтамды карап көрейінші, керегімнің өзі, бәлки, сәті түсіп осы арада ақ табылып қалар. *(Қалтасынан бір буда хатты суырып алады.)* Шіркін-ай, мысалы, мына біреуі болса игі еді. *(Оқыйды.)* «Құдайға мың мәртебе шүкір, саусаламатпын бірақ қайғыдан қажып барамын. Жаным сізді Иван Данилович театрдан көрген екен, тым болмаса жылы сөзіңізбен көңілімді көтеріп кетсеңіз қайтетін еді». Құрып кетсін! Дұрыс жазылмаған сықылды өзі. Жоқ, бұнымен алдай алмаймын. *(Оқый береді.)* «Жаным саған бір баулық ызып қойдым» Шіркіннің іші-бауырының елжіреуін қарашы! Мал жағын мадақтайтындығы басымырақ екен, Шатобрианның иісі аңқып тұр. Бәлки, мына бір хаттан бірдеме шықпаса екен? *(Басқа бір хатты ашады да, оқымақшы болып көзін сығырайтады.)* «Сүй-ік-ті дос!» Жоқ, дегенмен, бұл, сүйікті дос емес; сөйтсе де не деу керек? «Сүйкімді, қымбатты ма?» Жоқ, қымбатты да емес, жо-жок. *(Оқыйды.)* «О, о, оң... баған». Хм! *(Ернін жымырады.)* «Пак жүрегімнің зұлым арбаушысы, өзіңді жақсы көргендігімнен жазып, бақалшы дүкеншіден қарызға әперген ақшаны егер бермедің бар ғой, жексұрын неме *(соңғы сөзді зығырдаңы қайнай*

жаздап оқыйды)... Полицияға сүйреп апарамын». Не деп отыр, құрып кеткір! Не деп отырғанын, тіпті, сайтан білсін. Бұл хатта түк те жоқ екен. Айтпайтын жайт жоқ әрине, бірақ енді айтқанда да адамның арына тие қоймайтын сөздермен жұқалап ғана айтқан жөн ғой. Жо, жок, бұл хаттың бәрі де көңілдегідей емес сықылды... түкке тұрса бұйырмасын. Жұрт айтқандай жалыны, жалыны көрініп тұратын бір мықтырағын қарау керек. Кәнеки, мына біреуін, мына біреуін оқып көрейінші. *(Оқыйды.)* «Жанымның мейрімсіз азапшысы!» Дегенмен, мынауыңның өзі тәуірлеу екен. «Көңілімнің дегеніне көніп тебіренші бір!» Тамаша екен! Оллаһи, тамаша екен! Өнеге көрген деген осы ғой! Аяқ алысы ә дегеннен-ақ көрініп тұр. Е, бәсе өстіп жазу керек ғой! Қытығыңа тигенмен, арың аман. Оған енді осы хатты сұғып көрейін. Арғы жағын оқып жататын түгі де жоқ; тек енді, сезбестей ғып атын қалай тырнап тастарымды ғана білмей отырмын. *(Қойған қолына қарайды.)* Э, э! Өзінің тіпті аты жазылмағаны бұндай жақсы болар ма! Тамаша болды! Жаңағының атын жаза қояйын. Істің өз-өзінен ыңғайы келе кеткенін қарашы! Түрде тұрған түк те жоқ деп жүр ғой жұрт: сүйкімді болмасаң кім сүйеді, сүймесе кім хат жазады, жанымда жазған хат болмаса, бұл істі қалай қолға аларымды білмес те едім ғой. *(Айнаның алдына келіп.)* Бүгін аздап жабырқаңқырап тұрғаным болмаса, кей-кейде өңім тіпті келбетті-ақ өзі... Әттен, осы бір сойдыйған тісім болмаса, Багратионнан, тіпті, айнымас та едім. Осы бір бакенбарда дегенді жіберудің өзін бір білмей-ақ қойдым: жұрт айтқандай, шұғамен көмкергендей ғып, дөңгелентіп әкеп қоя қойған жөн бе екен, әлде жылан жалағандай, жылмайтып алдырып тастап, еріннің астынан бірдемені ербите қойған жөн бе екен, а?

ЖАҢА КОМЕДИЯ ҚОЙЫЛҒАННАН KEЙІН ТЕАТРДА БОЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ИКІРІ

Театр албарлары. Бір жақтан ложалар мен галлерейларға апаратын басқыштар көрінеді, ортада кресло мен амфитеатрға кірегі есік, екінші жақта шығатын есік. Сатыр-сұтыр соғылған қол дүбірі талып естіліп тұр.

Пьесаның авторы¹ (*шыға беріп*).

Ауыр жүкті арқамнан алып тастағандай болып тұрмын! Қошеметші айғай мен қол дүбірі дегенің осы енді! Күллі театр болып дүрлігіп жатыр... Даңк дегенің осы енді! Жасаған-ай, бұдан жеті-сегіз жылдар шамасы бұрын өсіткенде, жүрегім қандай атша тулап, ой дүнием қандай құйқылжыйтын еді десенші! Бірақ оған көп уақыт өтіп кетті ғой. Ол кезде өрендей, албырт ойлы, жас едім. Қуанышы мен мақтанышының дәмін ерте таттырмаған қаракет те бір ғанибет десенші! Қазір... Дегенмен, ұлғайған жастың саналы салқыны кімге де болса ой салмай қоймайды ғой. Қошеметші қол дүбірінің мардымды мәні жоқтығына, оның кім көрінгеннің алдынан ала жүгірілгелі тұрған тарту екендігіне түбінде барып түйсінесін: адамның бар жан-сарайы мен жүрек сырын алақанында ойнатқан актерге де, аяғының ұшымен өрнек сала білген бишіге де, сыйқыршыға да — бәріне де қол шатырлап қоя

¹ Пьеса авторының идеалды адам екендігі өз-өзінен түсінікті. Оның бейнесінде қоғам ішіндегі комиктің, әралуан сословие мен қызмет бабындағы алаңдардың істеп жүрген қыянатын ажуа етуді мақсат тұтқан комиктің жай-күйі суреттелген.

береді! Бас ойланып, жүрек сезінсін, жан түкпірі күй шертіп, аяқ ойнасын, немесе стаканды қол шырайналдырсын — бәрі де бір шатырлаған сарынға бөленеді. Жоқ, менің қазіргі есі-дертім: ложаларға, галлерейя, кресло, реактарға оқыс орналаса кетіп, жер-жердің бәріне басымды сұғып, жұрттың пікірі мен алған әсерлерін білгіштер мен журналистердің талқысына түсіп сөз бола қоймай, жайнап тұрған шыт жана кезінде, әркім өз төресінің ықпалында отырған кезде естісем деймін. Менің көкейімді тесетін нәрсе осы: өйткені мен комикпін. Қалған шығармалар мен басқа саланың бәрі аттөбеліндей азғана адамдардың ғана сынына түседі, көптің сынына түсетін жалғыз комик ғана; оған кез келген көруші мін тағуға қакылы, кез келген адам төреші де бола кетеді. О, кемшілігім мен кенде жатқан жерімді кез кезген кісі көрсетсе деп қандай шөлдеп отырмын десеңізші! Мейлі өзіме тіпті күле-ақ қойсын, мейлі тіпті айтқан кісінің аузына дұспандық сөз салып, әділдік етпей, наразы болып, жек көріп — тілегені болсын, бірақ тек әйтеуір осы бір пікірлер айтылса екен. Ауыздан себепсіз сөздің шығуы да, әрі кез келген жерден шындықтың бір ұшқыны жылт етпей қоюы да мүмкін емес. Өзгенің кісі күлерлік мінін көрсетуге бел байлаған адам өзінің де осал әрі кісі күлерлік мінін ақылмен толғап қабыл ала білу керек. Көрейін, жұрт әбден тарап болғанша осында албарда тұра тұрайын. Жаңа пиеса жайында пікір болмауы тіпті мүмкін емес. Алғаш алған әсерінің ықпалындағы адам әрі сергек, әрі ойын ортаға салғанша асығып тағат таппаушы еді ғой. (*Шеттеу шығады.*)

Тәуір киінген бірнеше адам көрінеді; біреуі біреуіне бұрылып былай дейді:

Ең әдемісі қазір шығып кетейік. Болымсыз бір водевиль қойылады екен.

Екеуі шығып кетеді.

Топ-толық келген, екі *сomme il faut*¹ баспалдақтан түсіп бара жатады.

¹ Салуатты адам (көңілдегідей кісі).

Бірінші сомте іл faut. Күйемді полиция алысқа қуып тастамаса игі еді. Жаңағы жап-жас актрисаның аты кім, сен білмеймісін?

Екінші сомте іл faut. Жоқ, бірақ өзі тым әдемі екен.

Бірінші сомте іл faut. Я, әдемі екен дегенмен әлі де тола қоймаған сықылды. Я, алдына тартамын: жаңа да ашылған ресторан: кеше өзінен жаңа шыққан жасыл бұршақ жеген едік (*саусағының ұшын сүйеді*). Әдемі екен! (*Екеуі шығып кетеді.*)

Жүгіре басқан бір офицерді екінші біреуін жеңінен тартып тоқтатады.

Бірінші офицер. Әй, көрейікші!

Екінші офицер. Жоқ, бауырым, калаш берсең де водевильге қызықпаймын. Актер орнына малай ойнап, әйелдері — кілең бір сұмпайы келетін, ондай ауыз жарымайтын пиесаларыңды білеміз біз.

Шығып кетеді.

Кербездеу киінген, зыялы қауым жігіті (*баспалдақтан түсе беріп*). Жәдігөй тігінші шалбарымды тіпті тылтыйтып жіберіпті, орнығып отыра алмай әбден берекем кетті. Бәлемді осынысына бола әуре қылып, қарызын екі жыл бойы бермей, сүйрете-йін деп тұрмын. (*Кетеді.*)

Толықтау келген тағы да бір зыялы қауым жігіті (*қасындағы біреуге сусылдай сөйлейді*). Нан деймін маған, ол сенімен өмірі, өмірі ойнамайды. Жолына жүз елу сомнан кем қойып ойнамайды ол. Оны мен бес саусағымдай білемін, өйткені онымен әйелімнің бауыры, Пафнутьев күнде ойнап жүр

Пиесаның авторы (*өзіне-өзі*). Комедия жайында бір адам әлі аузын ашсашы!

Орта жастардағы чиновник (*қолдарын тарбыйтып шығып келе жатып*). Мұның өзі немене екенін сайтан білген! Сондай бір... сондай бір... түкке тұрса бұйырмасын. (*Кетеді.*)

Әдебиет жағына бойкүйездеу мырза (*қасындағы біреуге*). Әйткенмен, осының өзі, аудармадан сау емес-ау деймін?

Басқа біреу. Шырағым-ау, осындай аударма болушы ма еді! Оқыйғасы Россияда болған, мінез-күлік әрі тіпті шені де өзіміздікі ғой.

Әдебиет жағына бойкүйездеу мырза Сөйтседе, осының өзіне онша ұқсай қоймағанмен, француз тілінде де бірдеменің бары есімде еді.

Екеуі шығып кетеді.

Екі көрушінің біреуі (олар да шығып бара жатқандар). Қазір ештемені әлі біле алмайсын Сабыр ет, журналдар не дер екен, содан соң білесін.

Екі бекеша (біріне бірі). Я, сіз қалай дейсіз? Комедия жайында сіздің пікіріңізді білгім келіп еді.

Екінші бекеша (ауызы сүйреңдеп). Я, әрине, әлгі не жоқ деуге болмайды... өз тұрғысынша... Бірақ енді, әрине, тағы да болмасын деп кім қарсы шыға қояр дейсіз, әрі... былайша айтқанда, қайдағы... сөйтсе де... (Ернін мақұлдай жымырып қойып.) Я, я.

Екеуі де кетеді.

Автор (өзіне-өзі). Жоқ, бұлар әлі жарытып ештеме дей қойған жоқ. Дегенмен, пікір болуға тиіс: алдыңғы жақта әне біреулер қолдарын күлшына сермеп бара жатыр екен.

Екі офицер.

Бірінші. Өмірі өстіп күлген емес едім.

Екінші. Меніңше: тамаша комедия екен.

Бірінші. Жоқ, журналдар не дер екен, көреміз әлі; сын талқысына салған жөн... Қарашы, қарашы! (Оны қолтыққа түртеді.)

Екінші. Не?

Бірінші (баспалдақпен түсіп келе жатқан екеудің біреуін саусағымен мезгей). Әдебиетші!

Екінші (асығып). Қайсысы?

Бірінші. Мынасы! Чш! Тыңдайық, не дер екен

Екінші. Қасындағысы кім өзінің?

Бірінші. Біле алмадым; белгісіз біреу.

Екі офицер қағылып, оларға орын береді.

Белгісіз біреу. Мен өзім әдебиеттік қасиет тұрғысынан сын таға алмаймын; дегенмен, меніңше өткір шыққан жерлері бар сықылды. Өткір, өткір екен.

Әдебиетші. Япырау, қай жерін өткір дейсіз? Осындай зұлым жұртты көрсетер ме, осындай пиғыл бола ма? Нағыз дөрекі әзілдің өзі бұл; тіпті ұят та.

Білгісіз біреу. Бірақ оныңыз өз алдына. Айттым ғой: әдебиеттік қасиет тұрғысынан мен өзім сын-таға алмаймын; жалғыз-ақ аңғарғаным, пиеса қызық екен, жаным жай тауып қалды.

Әдебиетші. Қызық дейтін тіпті түгі де жоқ, япырау, қай жері қызық, қай жеріне жаныңыз жай тауып тұр? Оқыйғасы адам айтса нанғысыз. Бәрі де мағнадан мақрұм; түйін де, оқыйға да, тіпті ешқандай ой да жоқ.

Белгісіз біреу. Оныңыз жөн, оныңызға қарсы ләм деп тұрғам жоқ. Әдеби қасиет тұрғысынан солай екені рас, әдебиеттік тұрғыдан қарағанда қызық түгіде жоқ; бірақ енді, мына тұрғыдан, былайша айтқанда, мына жағынан өзінде бірдеме бар сықылды...

Әдебиетші. Япырау, не бар? Рақым етіңіз, тіпті одан да мақұрым! Сондай тіл болушы ма еді? Жоғарғы қауым арасында кім солай сөйлеседі? Өзіңіз-ақ айта қойыңызшы, сіз бен біз солай сөйлесеміз бе осы?

Белгісіз біреу. Оныңыз-рас; дәл дегендей тауып айттыңыз. Атап айтқанда, тілі жақсы емес екен деп, өзім де солай ойлаған едім. Оныңыз рас—ойнайтын адамның бәрі өзінің жарымаған жаратылысын жасыра алмай тұрған сықылды.

Әдебиетші. Сөйте тұрып өзіңіз мақтайсыз келіп!

Белгісіз біреу. Мақтаған кім? Мақтап тұрғам жоқ мен. Пиесаның құнсыз екендігіне өзімнің де көзім жаңа жетіп тұр. Бірақ енді онысын қолма-қол біле қоюға болмайды ғой; әдебиеттік тұрғыдан мен өзім сын таға алмаймын.

Екеуі шығып кетеді.

Тағы да бір әдебиетші (қасындағыларға қолын сермей сөйлеп, кіріп келіп). Иланыңыз маған,

білемін мен мұны: жексұрын пиеса бұл! Пасық пиеса! Шындыққа сай бірде-бір адам жоқ, карикатура ылғый! Ондай нәрсе өмірде жоқ: иланыңыз маған, жоқ, ол жағы маған бесенеден белгілі: мен өзім де әдебиетшімін. Сергектік, сезгіштік бар десіп жүр жұрт... оның бәрі де бекер, осының бәрін істеп жүрген достары, достары мақтап, достары алып-қашып жүрген! Өзін тіпті Фонвизинмен тай-таластырғылары да келеді деп естідім, ал енді пиесасын тіпті комедия деуге де ауызын бармайды. Дарақы әзіл, дарақы әзіл, құр әншейін шықпай қалған дарақы әзілдің өзі. Онымен Коцебұдың ең жаман, құнсыз деген комедиясымағының өзін салыстырғанда Пулков тауының қасындағы Монблан сықылды. Осыған олардың бәрінің көзін жеткізем, екі жерде екі дегендей, есеп жолымен жеткізем. Әншейін асыра мақтап, дардыйтып жіберген достары мен жарандары ғой, бәлки өзі енді Шекспирге де әпіл-тәпіл жетіп қалдым деп те ойлайтын шығар. Бізді достарымыз ғой өстіп ылғый асыра мақтап жіберетін. Мысалы, мына Пушкинді алыңыз. Оның қазір күллі Россияның аузынан түспей жүрген себебі не? Достары шу көтеріп еді, соңынан оларға еріп күллі Россия болып шулап берді. *(Тыңдаушыларын ертіп, шығып кетеді.)*

Екі офицер ілгері жылжып, солардың орнына отырады.

Б і р і н ш і. Осы дұрыс, осынысы әбден дұрыс: дарақы әзіл бұл; дос-жарандары дардыйтып жүрген, дарақы әзіл деп баяғыда-ақ айтқам өзім. Шынымды айтайын, көріп отырып тіпті көп жеріне көңілім қалды.

Е к і н ш і. Ойбай-ау, өмірі бір бүйтіп күлген жоқпын деп, өзің едің ғой айтқан?

Б і р і н ш і. Ол да өз алдына бір әңгіме. Түсінбейсін, сенің өзіңе бажайлап баяндап беру керек екен. Осы пиесада не бар, кәне? Біріншіден, ешқандай түйін жоқ, оқыйғадан да жұрдай, ешқандай түйсік те жоқ, бәрі бір адам нанбайтын нәрсе, оның үстіне ылғый бір карикатура тұрған.

Кейіндеу отырған өзгө екі офицер.

Біреуі (қасындағысына). Мына сөйлеп отырған кім? Сірә, өзі сіздің жігіт-ау деймін?

Қасындағысы сөйлеген офицердің бетіне қырындай карап, қолын сілкеді.

Бірінші. Немене, ақымақ па?

Екінші біреуі. Жоқ, олай деуге келіңкіремейді... Есі бар, бірақ журнал шыға салысымен, ал енді кітапша кешігіп шықпай қалғандықтан — басында да дәнеме болмай отыр. Бірақ, өйткенмен, жүрейік

Кетеді.

Искусствора құмар екі жігіт.

Бірінші. Мен өзім, жеркеніш, жексұрын, пиғылы жаман тағы да сондай сөздерге қымс етті болды тұра жүгіретін адамдарға оллаһи қосылмаймын. Бұндай сөздер, денелей әлгі, ақ үй туралы әңгіме құрып, ауыз үйге әрең кіре алатын, өз пиғылы аса бір дұдамал адамдардың аузынан шығатындығына жұрттың көзі әлдеқашан жеткен. Бірақ олар туралы айтып отырмам жоқ. Шынында да пиесаның түйіннен жұрдай екендігін айтып отырмын.

Екінші. Әлбетте, түйінді жұрттың кәдімгі әлгі алып жүрген мағнасында, яғнай, махаббат тартысы мағнасында алатын болсақ, онда шынында да жоқ. Бірақ енді әлі күнге баяғы бір түйін дегенге арқа сүйей беруді қоятын мезгіл жеткен де сықылды. Төңірекке бажайлап бір көз жіберіп көрейікші. Дүние өзгергелі қашан. Пайдалы орын қағып алуға, көзге түсіп, қайтқан күнде қасындағысын қарабет қылып, елеспескермей, күлкі еткені үшін біреуден кек алуға жанталасу дегеніңіз бүгінде драманың берік түйіні болып отыр. Бүгінде махаббаттан гөрі шеннің, ақша капиталының, пайда көздеп, үйлену дегеніңіздің құны анағұрлым артып кеткен жоқ па?

Бірінші. Оныңыздың бәрі де жақсы; бірақ сөйткенмен осы жағынан да мен пиесада түйін таба алмай отырмын.

Екінші. Пиесада түйін бар немесе жоқ деп мен

енді тақетті айта қоймаймын. Жалғыз ғана айтарым, жалпы алғанда жұрт көп арасындағы түйіннен безіп, жеке адамның басындағы түйінді ғана іздеп жүр. Үйлендірмей пиесаның көнілі көншімейтін осы бір сыпыра ғашыққа аңқау жұрттың пейілі әбден ауып алған. Әрине, бұл түйін, бір-ақ түйін болғанда қандай түйін? — Орамалдың шетіндегі түйіннен аумайтын түйін. Жоқ, комедия өздігінен, өзінің бар шарқымен тоқыла келіп, үйдей бір, үлкен түйінге айналуы керек. Түйін жалғыз-жарым адам емес, жалпы адамды баурына алып, қатысып жүргендердің ұлылы-кішілі армандарына түрткі салуға тиіс. Пиесадағы адамдардың бәрі герой, пьесаның ағыны мен ағысы бүкіл машинаның астан-кестенін шығарады, сондықтан да бірде-бір доңғалақ тотқа шалдығып, тоқтап қалмауға тиіс.

Б і р і н ш і. Бірақ бәрі бірдей герой бола бермейді ғой; біреуі немесе екеуінің өзгелерді басқарғаны жөн емес пе?

Е к і н ш і. Басымырақ келеді демесеңіз, басқарады дей көрмеңіз. Машинаның да кейбір доңғалақтары көрер көзге айырықша түсіп, әрі қатты айналады; оларды тек бастылары ғана деп атаған жөн, бірақ пиесаны идея мен ой билейді. Пиесада онсыз тұтастық жоқ. Үрейдің өзі, безек қағып күту, алыста келе жатқан заңның айбары... Осының бәрі де түйін бола алады.

Б і р і н ш і. Бірақ мұныңыздың өзі комедияға әлденендей аса бір жалпылама мән беру деген сөз боп шығады ғой.

Е к і н ш і. Ойбай-ау, оның түпкілікті, нағыз мәнінің өзі осы емес пе? Комедия әуелден-ақ әлеуметтік, халықтың жасаған шығармасы болған. Өзгені қойып оның атасының өзі Аристофан да солай көрсеткен болатын. Келе-келе комедия дарашылдық түйіннің тар үңгіріне тап болып, сол баяғы бір түйіннен жазбай, ғашықтық жолға түсті. Солай бола тұрса да, ең жақсы деген комиктердің өзінде де бұндай түйін қандай дәрменсіз десеңізші! Өздерінің ойыншық махаббатымен осы бір театр ғашықтары қандай татымсыз келеді десеңізші!

Ү ш і н ш і (*таяп келіп, оны иыққа қағып қойып*).

Оның дұрыс емес: комедиядан өзге сезім қандай орын алса, махаббат та сондай орын алады.

Екінші. Мен де орын ала алмайды деп тұрғам жоқ. Бірақ махаббат, және басқа парасатты сезімдердің бәрі де тек шарықтап өріс алған кезде ғана қатты әсер ете алады. Ондай сезімдерді қолға алған адам өзге дүниенің бәрін құрбан етуге тиіс. Сонда комедияның сыйпатын беріп тұрған нәрселердің бәрі де әлсіреп, қоғамдық комедияның мәні сөзсіз жоққа шығады.

Үшінші. Ендеше, комедияның тақырыбы сөзсіз зұлымдық ғана болғаны ма? Өйткен күнде комедия төменгі сала болып шығады ғой.

Екінші. Сөздің байыбына бармай, сыртына қарайтындарға бұның солай екені солай. Бірақ сол мақсатқа қызмет ету жақсылық пен жаманшылықтың қолынан келмеуші ме еді? Сол бір парасатты ойды көрсетуге комедия мен трагедияның шамасы жетпеуші ме еді? Адал адам образы қараниет, оңбаған адамның жан-сарайының титтей санылауына дейін қоймай суреттемей ме? Зұлымдықтың осы бір етек алуының бәрі—заң мен әділдіктен қол үзу, заңның, борыш пен әділдіктің нені талап ететінін айдан анық сездірмей ме? Дарынды дәрігер бір аурудың өзін ыстық, суық сумен бірдей емдеп жаза береді. Егер игілікке қызмет ету жолында үлкен ойға билететін болса, таланттың қолында жақсылыққа жетуге қару болмайтын нәрсе жоқ.

Төртінші (*таяп келіп*). Жақсылыққа неменс жеткізеді дейсіз? Не жайында әңгімелесіп тұрсыздар?

Бірінші. Таласымыз комедиядан туып тұр. Жалпылай айтқанмен, жаңа комедия жайында әлі аузына ашқан бірде-біріміз жоқ. Сіз не дейсіз?

Төртінші. Ендеше, менің айтарым: таланты, өмірді зерттегендігі, өмірден алған нақты, күлкілі көп жерлері бар деймін; бірақ жалпы алғанда әйтеуір иесаның жетпей жатқан бір жері бар сықылды. Не бір түйін, немесе бір түйіннің шешілгенін көре алмайсың. Бір ғажабы, біздің комиктер өкіметке соқпай өмірі өте алмайды. Өкіметсіз бірде-бір комедиямыздың түйіні шешіліп көрген емес.

Үшінші. Оныңыз рас. Әйтседе, бір жағынан, бұл өте орынды да нәрсе. Біздің бәріміз де сол өкіметтің қоластына қарап, бәріміз де соған қызмет істеп жүрміз, аз болсын, көп болсын, бәріміздің де тілегіміз сол өкіметпен бір. Ендеше бұны жазушыларымыздың өз шығармаларында көрсеткені орынды нәрсе.

Төртінші. Солай. Мейлі, тіпті бұл байланыс паш бола берсін. Бірақ бір күлетін нәрсе пиесаның өкіметсіз аяқтамауы болып отыр. Оның өзі, ертедегі трагедияларда еріксіз кездесетін жазмыштай, сөзсіз кез бола кетеді.

Екінші. Көрдіңіз бе, әнеки: ендеше, бұл біздің комиктеріміздің бір еркіне көнбей жүрген нәрсе. Ендеше, бұл біздің комедиямызға әлденендей бір ерекше сыйпат беретін нәрсе. Біздің көкірегімізден орын тепкен өкіметке деген әлденендей бір құпия сенім бар. Қайтушы еді? Бұның сөкет түгі де жоқ: құдайым беріп, өкімет жер-жерден ылғый өзінің жер бетінде алдын ала болжаудың өкілі болуға тиісті екендігін естіп, қылмысты қылт еткізбейтін жазмышқа ден қойған баяғының адамдарындай, өзіміз оған ден қоятын болайық дей көр.

Бесінші. Сәлем бердік, мырзалар! Мен өзім тек «өкімет» деген сөзді ғана естіп қалдым. Комедия айғай-шу мен пікір тұғызып жатыр...

Екінші. Ең әдемісі сол айғай-шу мен пікірлер жайында осы арада, театр алдында тұрып сөйлескенше, менін үйіме барып сөйлесейікші.

Кетеді.

Күрметті әрі жақсы киінген бірнеше кісі іркес-тіркес келеді

№ 1. Солай, солай, байқаймын: кейбір жерлерімізде үлкен сорақының бар екені, әрі болып жататыны да рас екен; бірақ енді осыны қандай мақсатқа бола, не үшін көрсетіп отыр? — Осынысы жұмбақ. Бұндай ойынның не керегі бар? Осыдан қандай пайда бар? Осыны шешіп беріңіздерші маған! Пәлендей деген жерде бір жәдігөйлердің бар екенін білудің маған қанша қажеті бар? Мен өзім тіпті... Мен өзім осындай

ойындарды қоюдың не қажеті бар екенін түсінбей тұрмын. (Кетеді.)

№ 2. Жок, бұл, кемшілікті тәлкек ету емес; бұл Россияны қорлаған сұмпайы сықақ—мінеки осы бұл. Бұл — өкіметтің өзін жамап атты етіп көрсету деген сөз, өйткені әралуан сословиялардың арасында бола-ғын азғын чиновниктер мен қыянаттарды көрсету деген сөз, өкіметтің өзін көрсету деген сөз. Бұндай ойындарға тіпті жол беруге болмайды. (Кетеді.)

Үлкен чиннің адамдары, А. м ы р з а мен Б. м ы р з а кіреді

А. м ы р з а. Мен бұл жайында айтып тұрғам жок; қайта, қыянатты біз көрсетуіміз керек; өз қылмысымызды өзіміз көруге тиіспіз; қатты дауырығып жүрген отаншылдардың көбінің пікіріне мен өзім де титтей қосылмаймын; бірақ маған тек осындағы қайғының өзі қалыңырақ сықылды болып тұр...

Б. м ы р з а. Менің есі-дертім, жаңа жанымда креслода отырған, бір аса жұпыны киімді жігіттің ескерткенін сіз естісеңіз деп едім... Бәрекелді, міне, өзі де кеп қалды!

А. м ы р з а. Кім?

Б. м ы р з а. Жаңағы аса жұпыны киінген жігіттің өзі. (Оған бұрылып). Бас жағы өзіме сонша бір қызық көрінген жаңағы әңгіменің аяғын сіз екеуміз бігірмей тастадық.

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Шынымды айтайын, оның өзін аяқтауға қатты қуаныштымын. Осы жаңа ғана мен: бұның бәрі дұрыс емес, бұл өкіметті, өзіміздің әдет-ғұрпымызды сықақ еткендік, бұндай ойынды өмірі қойдырмау керек деген пікірлерді естіп шықтым. Осы жағдай бүкіл пиесаға ой жүгіртіп, еске түсіруіме мұрындық болды, сөйтіп, шынымды айтайын, пиесаның сыр-сыйпаты өзіме қазір тіпті бұрынғыдан да ұлғайғандай болып көрініп тұр. Менің байқауымша, пиесада екіжүзділік, жаманшылық пен жауыздықты жасырып тұрған желеу перде, ізгі ниетті адамның атын жамылған жәдігөй бәрінен де басымырақ, әрі тереңірек күлкі болған. Шынымды айтайын, жәдігөйдің аузында жүрген жақсы ниетті сөздің қан-

дай күлкілі екендігін, және олардың киіп жүрген пердесі, креслодан райекке дейін отырған дүйім жұрттың ішек-сілесін қалай қатырғандығын көрген жерде қуанып кеттім. Соған қарамай, сахнаға бұны қойдырмау керек дейтіндер де шығып отыр! Дегенмен мен жаңа, өз байқауымша, аса бір салуатты адамның: «Ішімізде мынадай қыянаттардың болатындығын көрген жерде халық не айтар екен?» деген бір құлаққағысын есіттім.

А. м ы р з а. Шынымды айтайын, сіз ғапу ете көріңіз, дегенмен, осының бәрін көре отырып халқымыз не айтар екен деген сұрау өз басыма да келген еді.

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Халық не айтар екен деймісіз? (*Қағылып жол береді, қасынан шекпен киген екі адам өтеді.*)

К ө к ш е к п е н (*сұрысына*). Сарбаздарың, әрине, жырынды-ақ болған екен, бірақ бастарына патшаның қаһары кеп төнген мезетте бәрі де шөлмектей болып кетті!

Екеуі шығып кетеді.

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. «Сарбаздарың, әрине, жырынды-ақ болған екен, бірақ бастарына патшаның қаһары кеп төнген мезетте бәрі де шөлмектей болып кетті!» дейді. Адамның табиғи сезімі мен сезінуінің қате кетпейтіндігін көріп тұрмысыз? Егер кітаптардан үзіп-жұлып жыйнаған қыйсындар мен ойларға шелденбей, соның бәрін адамның өз бойынан ала білсе, жай көздің өзі қандай жаза баспайды десеңізші! Жә енді, осындай ойынды көргеннен кейін халықтың өкіметке деген сенімінің арта түсетіндігі айдан анық емес пе? Я, оған осындай ойын керек. Өкіметті өкіметтің азғын орындаушыларынан ажыратсын өзі. Қыянаттың өкіметтен емес, өкімет талабын ұғынбай, өкіметке жауап беруден жалтарып жүргендерден шығатындығын өз көзімен көрсін ол. Өкіметтің ізгі екенін, оның мызғымайтын көзі жұрттың бәрінің үстінен бірдей қарап отыратындығын, заңға, арға, адам баласының қасиетті борышына опасыздық жасап жүргендерді онын ерте ме, кеш пе, аңдып отырып әйтеуір

бір алып ұратындығын, оның алдында қараниеттілердің қаны қашатындығын көруі керек; наныңыз, қыс-пақ пен қыянатты көре қалған күнде де осындай ойынан кейін ол мызғымайтын, жоғарғы заңға деген берік сеніммен көңілі жұбанып үйіне қайтады. «Әде-рінің бастықтары туралы халыққа теріс пікір туады» деген тағы да бір құлаққағыс та менің қытығыма тиіп тұр. Яғни, олар өз бастықтарын халық тұңғыш рет осы театрда көреді деп ойлайды; яғни үйінде отырғанда әлдеқандай бір жәдігөй староста шеңгелге салып сығып жібергенде көрмей, тек театрға келген кезде ғана көретін сықылды. Шынында, олар халқымызды барып тұрған ақымаққа санайды, ақмақ болғанда да, ет салған сомса мен ботқа салған сомсаны бірінен бірін айыра алмайтын ақымақ деп есептейді. Жоқ, енді байқауымша, адал адамның тіпті сахнаға шықпағаны жақсы болған. Пенде деген өзімшіл өркөкірек ғой: қыруар осал қылықтары мен қатар бір ғана тәуір мінезін көрсете қойсаң болғаны, театрдан дардыйып шыға береді. Жоқ, көзге шұқығанда да қазір отандас болудан бездіріп, осындайдың болатындығын ойлағанда жерге кіргендей етіп, сыныра бір шіріген жұмыртқа мен кемшіліктің көрсетілгені жақсы болған.

А. м ы р з а. Бірақ енді, айнақатесіз осындай адамдардың арамызда болуы мүмкін бе?

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Ғапу етіңіз. Оныңызға мен былай деймін: осындай сұрауларды естіген кезде неліктен екенін білмеймін, жаным ылғый жабығып кетеді. Сізбен ашып сөйлесуіме болады; өйткені түріңізден өзімді сыр бүкпеуге бейімдейтін әлденендей бір сыйпатты көріп тұрмын. Адам ең әуелі «осындай адамдардың болуы мүмкін бе?» деп сұрақ қояды. Бірақ: «Осындай осалдықтан өз басымның сау болуы мүмкін бе?» деп сұраған пендені естігеніңіз бар ма? Ешқашан, ешқашан! Я былай енді,—мен сізбен жанымды жайып тастап сөйлесемін. Мен өзім жүрегі мейрімді, көкірегі махаббатқа толы адаммын, бірақ жұртпен бірге өмір сүре жүріп, ылажсыздан ұрынып қала беретін не бір осал пиғылдарға бармау үшін өзіме қанша қажыр, қанша тебіренудің керек болғанын әттең өзіңіз білген жоқсыз! Тап осы табанда, осы

дан он минут бұрын жұрт күлген, жұртпен бірге өзім күлген пиғылдардан бойым құлан таза деп қазір мен айта аламын.

А. м ы р з а (біраз үндемей қалып). Шынымды айтайын, сіздің сөздеріңіз адамды ойландыратын сөз екен. Сөйтіп, европалық өнегеміз өзімізді қалай өркөкірек етіп, жалпы айтқанда өзімізді өзімізге көрсетпей, қалай көлегейлеп жібергендігін, сыртқы сыйпаты өзіміз сықылды сылана қоймағандарға бәлденіп қалай менсінбей қарайтындығымызды, қай-қайыссымыз болмайық өзімізді өзіміз әулие тұтып, жаманшылық жайында жанымыздағы жай біреуге ылғый жаба сөйлейтіндігімізді еске түсіріп, көз алдыма елестеткен кездерде—шынымды айтайын, жаным амалсыздан жабығып кетеді... Бірақ менің әдептен аттағанымға айыпқа бұйырмаңыз, әйткенмен, оған өзіңіз кінәлісіз; ғапу етіңіз танысып қояйық: аты-жөніңіз кім?

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Мен өзім, артық, кемі жоқ, сол пиесада суреттелген адамдардың лауызымында қызмет істеп жүрген чиновниктердің бірі болам. Тұрған қаламнан келгеніме үш-ақ күн болды.

Б. м ы р з а. Мен олай деп ойлай қойған жоқ едім. Ал енді осыны көргеннен кейін сондай адамдармен бірге өмір сүріп, қызмет істеу өзіңізге қорлық болмай ма?

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Қорлық? Ендеше оныңызға мен былай деймін: шынымды айтайын, өзім зығырдаңы көп қайнаған адаммын. Қаламыздағы чиновниктің бәрі бірдей етегіне намаз оқып жүрген сопы емес; әлденендей бір игілі іс істеу үшін қылыштың қылпылдаған жүзінен өтуге тура кеп тұрады ылғый. Талай рет қызметті де тастамақ болдым; бірақ енді, дәл мына ойынды көргеннен кейін көңілім сергіп, сонымен бірге өзімнің жолымды қуа берсем деген бір жаңа жігер пайда болып тұр. Ішімізде жүрген жауыздықтың жасырынып немесе желеу жамылып аман қала алмайтындығына, игі жақсылардың алдында оның қарабет болғандығына, өзіміздің ұлттық мақтанышымыздың атағына жараса қоймағанмен, қыянатшыл қылығымызды жаза баспай көре қоятын қаламның бар-

лығына, және бұны тиісті жұрттың көзіне көрсетуге жол беретін игі өкіметіміздің бар екеніне көңілім көншіп, осының өзі ғана жемісті қызметімді істей беруге жігер беріп отыр.

А. м ы р з а. Өзіңізге бір ұсыныс жасауға ұрқсат етіңізші. Мен өзім мемлекеттік едәуір үлкен лауазымға ие болып жүрген адаммын. Өзіме нағыз ізгі ниетті, адал көмекшілер керек еді. Мен сізге, емін-еркін көсіліп, тамаша табысқа ие болып, көзге түсе алатын орын ұсынамын.

А с а ж ұ п ы н ы к и і н г е н ж і г і т. Бұндай ұсынысыңызға бола сізге шын жүрек, шын көңілімнен алғыс айтуға рұқсат етіңіз, сонымен бірге оныңыздан безінуге және рұқсат ете көріңіз. Өз орныма керек адам екенімді қазір біле тұрып, сол орынды тастап кеткенім өзіме дұрыс болар ма еді? Өзім кетісімен жұртты қыспаққа ала кететін бір батырдың орныма кеп отыра қалмайтындығына көзім жетпей тұрып, оны қайтып тастай қоймақпын? Бұл ұсынысты егер тарту ретінде жасап тұрған болсаңыз, онда өзіңізге мынаны айтуға рұқсат етіңіз: пиесаның авторына жұртпен бірдей мен де қол соқтым, бірақ оның өзін шақырғам жоқ. Неғылған тарту оған? Пиеса ұнайды екен — мақтай бер соның өзін, ал енді автор—автор тек өзінің борышын ғана орындап отыр. Шынында, біздің бір жаман әдетіміз, әлденендей ересен ерлік қыймыл былай тұрсын, тіпті, өмір сүріп, қызмет істеп жүріп ешкімге залалы тие қоймаған кейбіреулердің өзін-өзі қандай игі жақсыға балайтынын бір құдайымның өзі білсін, елеп-ескеріп, тарту бермей қойса, шынымен-ақ шамданатын болып алды. «Рақым етіңіз, өмір бойы адал жүріп келем, осалдыққа да жуый қойған жерім жоқ, — осы маған не шен, не орден бермейтін себебі, қалай?» дейді. Жоқ, менімше, біреудің жебеуінсіз жақсы бола алмаған кісінің жақсылығына мен өзім сене қоймаймын; оның ондай болымсыз жақсылығы соқыр тыйынға тұрса бұйырмасын.

А. м ы р з а. Әйткенмен, таныс болудан қаша қоймассыз. Қылқылдап қоймағанымға айыпқа бұйырманыз; көзіңіз көріп тұр, өзіңізді анық сыйлағандықтан сөйтіп тұрмын. Маған адресіңізді беріңіз.

Аса жұпаны киінген жігіт. Мінекейіңіз адресім; бірақ оны өзіңізге пайдаландыра қояды ғой деп ойыңызға ала көрмеңіз, ертең тап таң елеңде үйіңізге өзім барам. Ғапу етіңіз, мен өзім зыялы үлкен қауым ортасында тәлім алған адам емеспін, әрі сөзге де олақпын... Бірақ мемлекеттік адамнан мынадай ұлы мархабатты елтипат, ізгілікке талпыну дегенді көрудің өзі... а, құдай, патшаның төңірегі осындай адамдарға тола көрсін! (*Жалма-жан шығып кетеді.*)

А. м ы р з а (*қолындағы картішкеңі аударып*). Мына тұрған картішкеге, мына тұрған белгісіз фамилияға карап, жаным бір жасап қалған сықылды. Жаңағы бір жабықтырған қайғы өз-өзінен сейіліп жүре берді. Жасаған ием жар болсын саған, сырын білмей жүрген Россиямыз! Сенің, ел есінде жоқ, шалғайдағы бір түкпірінде жасырынып жатқан осындай асылың бар екен, оның өзі, бәлки, жалғыз-жарым емес те шығар. Оларың алтын кеннің ұшқынына ұсап, тұрпайы, тұнжыраған граниттеріңнің арасында шашырап жатыр. Осы көріністе көңілің көншітін үлкен бір сезім бар, сол бір чиновникпен жолыққаннан кейін, комедияны көргенде оның көңілі қандай жарқыраса, менінде көңілім сондай жарқырап кетті. Қош болыңыздар! Осы бір жолыққандарыңызға бола сіздерге мың мәртебе рахмет. (*Кетеді.*)

В. м ы р з а (*Б. мырзаның қасына келіп*). Жаңағы сіздің қасыңызда болған кім? Сірә, өзі министр болу керек, а?

П. м ы р з а (*екінші жақтан келе қалып*). Ойпырау, інішек-ау, бұның өзі не болды, шынында, бұның өзі қалай енді?

Б. м ы р з а. Не?

П. м ы р з а. Ойпырмау, осыны да көрсетуге бола ма екен?

Б. м ы р з а. Е, көрсетпейтін несі бар?

П. м ы р з а. Ойпырау, ойлап көрші өзің шынында, қалай енді бұл? Осалдыктан бір сау жері жоқ; жә, енді, көрген жұрт осыдан қандай өнеге алады?

Б. м ы р з а. Бәрекелді, осалдықты жұрт мақтаушы ма еді, тәйірі? Оның өзін жұрт масқараласын деп әдейі көрсетіп отыр емес пе.

П. м ы р з а. Дегенмен, бауырым, қанша айтқанмен: сый деген... осының қырсығынан чиновник пен лауазым сыйдан айрылайын деп отыр ғой.

Б. м ы р з а. Чиновниктер де, лауазымдар да сыйдан айрылмайды, сыйдан міндетін дұрыс орындамай жүргендер ғана айрылады.

В. м ы р з а. Дегенмен, есіңізге сала кетуге рұқса: етіңіз: бұның бәрі де біреуге ауыр, біреуге жеңіл дегендей, қалайда әйтеуір көпке тиіп жатқан қорлау сөз болып отыр.

П. м ы р з а. Әлбетте. Тап осыны оған өзім де айтайын деп тұр едім. Әлбетте, бұл бәрімізге тиетін қорлау. Мәселен, енді, титулярный советниктің біреуін әкеп көрсете қояр, содан кейін... Э... толық статский советникті де көрсетіп қалуы кәдік ғой.

Б. м ы р з а. Е, көрсетсе, қайтуші еді? Адамның арына ғана тимеу керек; ал енді егер мен өзім біреуді ойымнан алып, оған өз арамызда бола беретін онымұны осалдықты тағып, оның үстіне өзіне ойыма келген шеннің біреуін, тілесен тіпті, толық статский советниктің шенін беріп, бұл толық статский советниктің өзі көңілдегідей кісі емес десем: онда не пәле тұр? Толық статский советниктердің арасынан да қулар шықпайды ғой деп тұрмысын?

П. м ы р з а. Е, бауырым, бөсіңкіреп кеттің. Толық статский советник қу болушы ма еді, тәйірі? Алдажалда титулярный... десең бір сәрі... Жоқ, сен бөсіңкіреп кеттің.

В. м ы р з а. Жамандықты көрсеткенше, еліктеуге тұратын, жақсылықты неге көрсетпейміз осы?

Б. м ы р з а. Неге? «Неге?» дегенің қызық сұрау екен. Сондай «неге» нің өзін үйіп-төгіп қоюға болар еді. Берекесіз өмірден баласын бездірмек болған бір әке, ақыл айтып, сөзін шығын қылмай, оны лазаретке¹ ертіп келген екен, сол жерде берекесіз өмірдің жан түршігерлік күллі қорқынышты зардабы баланың көз алдына келіпті. Ал енді ол неге осылай істеді?

В. м ы р з а. Бірақ, ғапу етіңіз, есіңізге салайын

¹ Л а з а р е т — емхана.

бұның өзі, дегенмен жарияламай, жауып қоятын, өзіміздің әлеуметтік жара ғой.

П. м ы р з а. Оныңыз рас. Мұныңызға мен әбден қосыламын. Біз өзіміздің жамандық жағымызды жария қылмай, жауып қоюға тиіспіз.

Б. м ы р з а. Осы сөзді егер сіз айтпай, басқа біреу айтқан болса, мен оны отанға жаны ашығандықтан емес, жауыздықпен айтып тұр дер едім. Өзіңіз айтқандай, осы бір әлеуметтік жараны, сіздің ойыңызша бетін бүркеп, тек көзге түспестей ғып ғана сыртынан сылап емдей қойса болғаны, ал іштен дерт қалай жайласа, олай жайласын — онда жұмысыңыз жоқ екен. Дерт кейіннен ешбір ем қонбастай болып қалай асқынса да, қалай жарылса да жұмысыңыз жоқ екен. Онысында ісіңіз жоқ. Шын көңілімізбен тәубеге келіп, өз күнәмізді өзіміз христианша мойындап оның өзін көз алдымызға өршітіп көрсетпейінше, сол күнәнің төбесіне шарықтап шыға алмайтынымызды, жанымыздың өмірдегі жексұрындықтан асқақтап әріге кете алмайтындығын сіздің түсінгіңіз келмейді. Сіздің осыны түсінгіңіз келмей тұр! Өмірде қайтып жаным тебіренбесін деген адам, мейлі құлағы тас-керең болып, өмір бойы бір сілкінбей, қалғый берсін, мейлі жан түкпірі күніренбей, көңілі мәңгі меңіреу тартсын! Жоқ... ғапу етіңіз! Ондай сөздерді айтқан кісінің аузына адамзатқа деген қасиетті, пак махаббат емес, тоңмойын өзімшілдік сөз салып тұр. (*Кетеді.*)

П. м ы р з а (*сәл үнмедей қалып*). Неге үндемей тұрсың? Қандай? Бөсті-ау, ә?

В. м ы р з а (*үндемейді*).

П. м ы р з а (*сөзін созып*). Мейлі, ойына келгенін айта берсін, бірақ енді бұл, дегенмен, былайша айтқанда, өз жарамыз ғой.

В. м ы р з а (*сыртқа*). Бәрекелді, мына бір жара деген сөз бұның аузына жақсы түскен екен! Көлденен келген көк аттының бәріне айтып қоймайды енді бұл!

П. м ы р з а. Бәлки, өйтіп, аузыма келгенді мен де айта алармын, бірақ одан не пайда?.. Е, міне, князь N келіп қалды. Бері қара, князь, кетпе!

К н я з ь N. Я. немене?

П. м ы р з а. Кәне, кеңесейік, тоқтай қалшы! Я, немене, пиеса қалай екен?

К н я з ь Н. Я, күлкілі екен.

П. м ы р з а. Дегенмен, бірақ өзің айтшы: осыны қоюға бола ма? Не деген сұмдық бұл?..

К н я з ь Н. Қоймайтын несі бар?

П. м ы р з а. Кәне, ойлап көрші өзің, кәнеки, қалай дейсін осыны: ойда жоқта сахнаға бір жәдігөй шыға келеді екен — демек осының бәрі өз жарамыз ғой.

К н я з ь Н. Қандай жара?

П. м ы р з а. Я, бұл өз жарамыз, былайша айтқанда, өзіміздің әлеумет жарасы.

К н я з ь Н (қынжылып). Сол жараны сен-ақ ала ғой! Менікі болмай, сенікі-ақ бола қойсын! Онынды маған неменеге тықпалап тұрсын? Үйге қайтатын уақытым болды. (Кетеді.)

П. м ы р з а (сөзін созып). Содан соң өзі осында тағы да не деп көкіп кетті? Толық статский советниктің де қу болуы мүмкін дейді. Титулярный болса онда бір сәрі, оған енді сыйып жатыр...

В. м ы р з а. Дегенмен, жүрейік енді, болдың ғой сөйлесіп; толық статский советник екенінді өткен-кеткен жұрттың бәрі де білді-ау деймін. (Сыртқа.) Көрінген нәрсені даттауға шебер жандар бар. Өз ойыңды өңін айналдыра қойғанда, сонша бір сорақы ғып жібереді дерсін, тіпті өзіңнен-өзің ұяласын. Ел көзінен елеусіз қалғандай бірер ерсі сөз аузыннан шыға қойса, атамаңыз, бұрынғысынан да сорақы ғып жұртқа жайып жіберетін дос-жарандар табыла кетеді. Батпаққа әкеп былш еткізгенде, шынында тіпті зығырдан ын қайнайды. (Кетеді.)

Әскери адам мен статский бірге шығады.

С т а т с к и й. Әскери мырзалар-ау, сіздер де осындай екенсіздер ғой! «Осыны сахнада көрсету керек» дейсіз; статский советниктің біреуіне мәре-сәре боп күлуге өзіңіз құлшынып келесіз; ал енді, әскери адамдарға тиісіп көрші, бар болғаны тек пәлендей деген полкта бір офицерлер бар екен, өздерінің тіпті осал жақтарын қозғамай-ақ, жай әншейін: теріс пиғылды.

өнегесіздеу бір офицерлер бар екен деші — осының өзіне ғана шағым алып, шауып отырып мемлекеттік советке барар едіңдер, бәлем.

Әскери адам. Япырау, бері қараңызшы, сіз өзіңіз мені осы кім ғой деп келесіз? Әрине, ішімізде ондай Дон-Кихоттардың бар екені де рас; бірақ сол сықылды, өз атағына кір келтірген нәрсенің көп алдында ажуа болғанына әрдайым айызы канатын нағыз есті қыруар адамдардың да бар екеніне наныңыз. Ал енді, осының не өкпесі бар? Беріңдер, бере беріңдер өзін бізге! Күн құрғатпай көре беруге жалықпаймыз біз.

Статский (сыртқа). Адам өстіп: «бере бер, бере бер!» деп ылғый айғайлай береді, ал бере қойсаң — тағы шамданады.

Екеуі де кетеді.

Екі бекеша.

Бірінші бекеша. Мәселен, француздардікі де осы сықылды; бірақ олардікі өте бір әдемі келеді. Әлгі, кешегі водевильдегі есінде ме: шешініп, төсегіне жатты да, стол үстіндегі дәлеңкені жұлып алып, керуеттің астына қоя салды. Әрине, оның өзі әдепсіздеу болғанмен, бірақ әп-әдемі. Бәрін де көруіңе болады, көңілің қалмайды... Менің әйелім мен бала-шағам театрға күн құрғатпай барады. Ал енді мына пиесада, шынында, немене өзі бұл? — Ауызүйімнің есігінен аттатпайтын әлденендей бір оңбаған, мұжық етікшен шалжыйып отыра кетіп, есінеп немесе тісің шұқыйды екен, шынында немене өзі бұл? Не деген сұмдық?

Екінші бекеша. Француздардікі бір сәрі ғой. Онда Societe mon cher! Бізде оның болуы мүмкін емес, өйткені, жазушыларымыздың өзі білімге кенде ғой. Көпшілігі семинарияда оқыған. Өздері шарапка да бейім, нәпсі құмар да келеді. Менің малайыма да қонаққа бір жазушы келіп-кетіп жүретін: жақсы қауым жайындағы ұғым онда қайдан бола қойсын?

Екеуі де кетеді.

¹ Қауым, шырағым.

Зыялы қауым әйелі (біреуі фрак, біреуі мундир киген екі еркекті ертіп келе жатады). Осындай жұрт, осындай да адамдар бола ма екен! Ең болмаса біреуі ішінді жылытсашы... Жә енді жазушыларымыздың осы француздарша, мәселен, Дюм тағы басқаларша жазбайтыны несі? Мен жақсылықтың өнегесін тілеп тұрғам жоқ, жолдан тайып, күйеуінің көзіне шөп салып, айталық, ардан аттап, нағыз осал деген ғашықтыққа бойұрған әйелді көрсетіңіздерші; көрсеткенде бірақ көңілім елжіреп, өзін тіпті жақсы көретін болайын. Ал енді, мынадағы адамдардың бәрі бір бірінен өткен сорақы ғой.

Мундир киген еркек. Я, сілікпе, сілікпе екен

Зыялы қауым әйелі. Айтыңызшы: біздің Россияда дүниенің бәрі әлі осындай сілікпе болатыны неліктен?

Фрак киген еркек. Неліктен сілікпе болатынын кейін айтарсын, жаным: бізді күйемізге шақырып жатыр.

Кетеді.

Үш еркек бірге шығады.

Бірінші. Күлмейтін несі бар? күлуге болады бірақ күлкі боп отырған не нәрсе — қыянат пен осалдық емес пе? Сондай ажуа бола ма!

Екінші. Ендеше неменеге күлмекпіз? Әлде адамның адамгершілігі мен жақсылыққа күлмекпіз бе?

Бірінші. Жоқ; ол тіпті комедияның қолы емес, шырағым. Қанша айтқанмен ол өкіметке тиетін нәрсе Жазатын өзге нәрсесі жоқ ғой деп тұрмысын?

Екінші. Өзге қандай нәрселерің бар?

Бірінші. Ойбай-ау, зыялы қауым арасында болатын күлкілі оқыйғалар аз ғой деп тұрмысын өзің? Мәселен, айталық, Аптекара аралына серуенге аттанып шыққан бетімде делбеші ойда жоқта Выборгқа немесе Смольный монастырына апарды делік. Дүниеде әр алуан күлкілі оқыйғалар аз емес ғой?

Екінші. Яғни сіз комедияның шын мәнін жоймақ екенсіз ғой. Бірақ міндетті заң шығарып қайтеміз? Сіздің қалағаныңыздай комедияның қыруары бар

Жә енді, жаңағы ойналған комедиядай комедиянын екеуі, үшеуі болса қайтеді? Егер жаныңызға өзіңіз айтқан комедиялар жағатын болса, тек театрға бара көріңіз: сіз онда орындықтың астына біреу тығыла қойып, біреу оны сыйрағынан суырып алатын пиесаны күн сайын көресіз.

Үшінші. Жок, бері қараңыз: бұл ол емес. Әрнәрсенің бір шегі бар. Былайша айтқанда, қалайда қасиет тұтып күлуге болмайтын да нәрселер бар ғой.

Екінші (өзіне-өзі, ызалы күлкімен). Дүниеде ылғый осылай болады: жаныңның ең аяулы қасиетіне балаған анық ізгілікке күлсең, арашашы болар жан шықпайды; ал енді осалдыққа, оңбағандыққа, зұлымдыққа күліп көрші—«бұл қасиетті нәрсеге күліп тұр!» деп жұрттың бәрі айғай-аттан салады.

Бірінші. Көрдіңізбе, әнеки, байқаймын, көзіңіз жаңа жетті: ләм дей алған жоқсыз. Наныңыз, ден қоймай болмайды: бұл шындық. Мен өзім әділ адаммын, сондықтан да өзге бір пиғылмен айтып тұрғам жоқ... бірақ, бұл тіпті автордың да шаруасы емес, комедияның да тақырыбы емес. (Кетеді.)

Екінші (өзіне-өзі). Шынымды айтайын, мен алтын берсе автор болғым келмес еді. Жұртқа жағып көрші! Зыялы қауым арасындағы түкке тұрмайтын бір оқыйғаны жазсаң, жұрттың бәрі: «Мынаның жазғаны бекер, адамгершілік, терең мақсат жоқ» деп шу ете түсер еді; ал енді, адамгершілік шын мағнасы бар бір тақырыпты жазсаң — «Оның шаруасы емес, аузына келгенді шата бер!» дейді. (Кетеді.)

Үлкен зыялы қауымның келіншегі күйеуін қасына ертіп келеді

Күйеуі. Күйеміз қашықта болмау керек, қазір жүріп кетеміз.

Нмырза (әйелдің қасына келіп). Япырай, ә! Орыс пиесасын көруге келген екенсіз ғой!

Келіншек. Оның қандай ерсілігі бар? Мені әлде отаншыл емес ғой деп пе едіңіз?

Нмырза. Ендеше, сіз өзіңіздің отаншылдық сезіміңіздің айызын онша қандыра қойған жоқ екенсіз. Сірә, өзіңіз пиесаны сөккен боларсыз?

Келіншек. Атай көрмеңіз. Мен өзім көп жерін дұрыс деймін: шын көңілімнен күлдім.

Нмырза. Неменеге күлдіңіз? Әлде орыстікі дегеннің бәріне күлуге құмар болғандықтан күлген шығарсыз?

Келіншек. Жай әншейін, күлкілі болғандықтан күлдім. Күлгенім, өзі тіпті қандай көйлекке бөленгенмен, үйездік қалада тап осы төңірегімізде тұрса да, дәл содан аумаған оңбағандық немесе осалдықтың бет пердесі ашылған болып шығар еді.

Нмырза. Маған жаңа бір аса ақылды әйел: мен де күлдім, бірақ сонымен бірге пиеса мұңайтып кетті деген еді.

Келіншек. Сіздің ақылды әйеліңіздің не сезінгенін менің білгім кеп тұрған жоқ; бірақ өзім онша күйгелек адам емеспін, іштей күлкілі нәрсеге өзім ұдайы күле беруге құмармын. Ішімізде мұрны кыйсық кісіге мәре-сәре боп күлсе де, жаны қыңыр адамға күлуге дәті бармайтын адамдардың да бар екенін білемін.

Алыстан қасына күйеуін ерткен тағы да бір келіншек көрінеді.

Нмырза. Мінеки, сіздің дос әйеліңіз келе жатыр. Комедия жайында осы кісінің пікірін білгім келіп еді. *(Әйелдер біріне бірі қол беріседі.)*

Бірінші әйел. Сенің күлгенінді мен алыстан көріп отырдым.

Екінші әйел. Ойбай-ау, күлмеген жан бар ма? Бәріміз де күлдік ғой.

Нмырза. Бірақ өзіңіз ешқандай мұңая қойған жоқсыз ба?

Екінші әйел. Шынымды айтайын, мұңайғаным рас. Осының бәрінің дұп-дұрыс екенін де білемін; мен өзім де осы сықылды талай нәрселерді көріп едім, бірақ солай бола тұрса да, қатты қапа болдым.

Нмырза. Ендеше, комедияны ұнатпаған екенсіз ғой?

Екінші әйел. Япырау, өзіңіз бері қараңызшы, олай деп тұрған кім бар? Мен сізге, тіпті, шын көңілімнен елден ерекше күлдім дедім ғой; мен тіпті өзімді жұрт есуасқа да жорыды-ау деп ойлаймын... Бірақ мені мұңайтқан бір жері, тіпті бірде-бір жақсы адамға

көңілім дауалай қойған жоқ. Сол бір әсірелеу, жаманшылықтың көптігі...

Н. м ы р з а. Айтыңыз, айтыңыз!

Е к і н ш і ә й е л. Бері қараңыздаршы, авторғам құрыса бірер адал адам көрсет деп ақыл айтыңыздаршы. Жұрт одан осыны өтінеді, шынында осы дұрыс болады деңіздерші өзіне.

Б і р і н ш і ә й е л д і ң е р і. Тек осылай дей көрмеңіздерші. Әйелдерге мейлі тіпті әдепсіз сөзбен айтса да, әр сөз сайын ізгілікті аузынан тастамайтын сері керек.

Е к і н ш і ә й е л. Атай көрмеңіз. Сіз біздің сырымызды білмейді екенсіз! Мінеки, осыны өздеріңіз тілейсіздер! Тек ізгілік жайындағы пікір мен сөзді ғана жақсы көретін сіз өздеріңізсіздер. Жаңа біреулеріңіздің айтқан сөзін есіттім бір жуан бұның бәрі жала, бұндай жаманшылық пен оңбағандық бізде ешқашан болмақ емес деп дауырыққанда жұрттың бәрін өзі аузына қаратты-ау деп ойлаймын. Жә енді соны айтқан кім? Айтқан, жанын, арын жалдауға дап-дайын бір нағыз осал, оңбаған адам. Тек өзінің атын ғана атағым келмей тұр.

Н м ы р з а. Япырай, айтыңызшы, о кім?

Е к і н ш і ә й е л. Оны біліп қайтесіз? Оның үстіне өзі жалғыз да емес; маңайымыздағы жұрттың: «Бұл, Россияға, өкіметке жасалған жексұрын ажуа! Бұған жол беріп қоюға бола ма? Бұған халық не айтады!» деген айғай-шуынан тіпті құлағым сарсыды. Ал енді олар неліктен шулады ғой дейсіз? Шынында осыны ойланып, толғанғандықтан шулады ғой деймісіз? — Ғапу етініз. Шулаған себептері, олар сол пиесадан бәлки өздерінің бойындағы бар бір сыйпаттарды көздері көрген соң оған тыйым салдырайық деп, елді дүрліктіру үшін шулады. Міне, сіздердің театрдан тыс, нағыз серілеріңіз осындай болады!

Б і р і н ш і ә й е л д і ң е р і. О! Сіз ептеп кектене-йін дедіңіз білем?

Е к і н ш і ә й е л. Кектенем, әлбетте кектенем. Я, мен кекшілмін, өте кекшілмін. Алуан түрлі перде киіп жүрген жауыздықты көзің көре тұрып, кекшіл болмауға әддің жоқ.

Бірінші әйелдің ері. Я, сіздерге қазір бір сері шыға келіп, тұңғыықтан қарғып түсіп, мойнын үзіп алғаны керек ғой...

Екінші әйел. Гапу етіңіз.

Бірінші әйелдің ері. Әлбетте: әйелге не керек ғой дейсіз? — Оған өмірде сөзсіз оқыйға болғаны керек.

Екінші әйел. Жо, жо, жоқ! Жоқ деп екі жүз рет айтуға бармын! Бұл, сіздердің бізге ылғый жаба беретін ежелгі, пасық ойларыңыз. Еркекке қарағанда әйелдің көңілі анағұрлым мейрімді келеді. Сіздердің істейтін жауыздық, оңбағандықтарыңызды әйел істемейді, оның қолынан келмейді. Сіздердің екіжүзділік істеген жерлеріңізде әйел екіжүзділік істей алмайды, сіздер немқұрайды қарай салатын зұлымдыққа ол немқұрайды қарай алмайды. Біреудің жанына жағады немесе жақпайды деп жан-жағына жалтақтамай осының бәрін айтып салуға оның ізгі ниеттілігі жетіп жатыр, — өйткені мұны айту керек. Сіздер қалай жасырып, қандай ат қойсаңыздар да жауыздықтың аты жауыздық. Бұл жауыздық, жауыздық, жауыздық!

Бірінші әйелдің ері. Байқаймын, сіз бір-жола ашуланайын дедіңіз.

Екінші әйел. Өйткені, мен шыншыл адаммын, сондықтанда біреу өтірік айтса, қаным қайнап кетеді.

Бірінші әйелдің ері. Жә, ашуланбай-ақ қойыңызшы, қолыңызды әкеліңізші! Мен жай ойнап айтып едім.

Екінші әйел. Мінекейіңіз қолым, мен ашуланбаймын (*М мырзаға бұрылып.*) Бері қараңызшы, комедияда бір ізгі ниет, адал адам көрсет деп, авторға ақыл айтыңызшы.

М мырза. Ойбай-ау, өйтіп қалай айтам? Ал, адал адамды ол көрсете-ақ қойсын делік, бірақ сол адал адам театр серісіне ұсап кетсе қайтесін?

Екінші әйел. Жоқ, егер ол тебірене, терең толғанатын болса, геройы онда театр серісі болып шықпайды.

Н м ы р з а. Бірақ енді, менің ойымша оны істей қою оңайға соқпайды-ау деймін.

Е к і н ш і э й е л. Ендеше, авторыңызда тұпа-тура тебіренген, терең жан сезім жоқ деңіз.

Н м ы р з а. О неліктен?

Е к і н ш і э й е л. Солай енді, өмір бойы күлкімен күні кешкен кісінде үлкен сезім бола қоймайды: жалғыз ғана нәзік жүректің сезінетін нәрсесі оған таныс емес.

Н м ы р з а. Бәрекелді! Ендеше, сізше автор ізгі ниетті адам болмауға тиіс екен ғой?

Е к і н ш і э й е л. Көрдіңіз бе әнеки, сөздің бетін басқа жаққа бұра қойдыңыз. Комиктің бойында ізгі ниеттілік, ар туралы шын мағнасында берік ұғым болмасын деп мен ләм демеймін. Мен оны жаны егіліп, шын көңілімен ешнәрсені жақсы көре алмаған болар еді деп тұрмын...

Е к і н ш і э й е л д і ң е р і. Дегенмен, осыны сен қалайша тап басып айта аласын?

Е к і н ш і э й е л. Айта алам, өйткені білемін. Күлетін немесе мысқылшыл жұрттың бәрі де мен-меншіл, бәрі де өзімшіл адамдар болған, әрине, ізгі ниетті өзімшіл болғанмен, бәрібір өзімшіл болған.

Н м ы р з а. Ендеше, сіз адамның бір ғана ұлы сезімі бейнеленген шығармалар саласын қатты дәріптейді екенсіз!

Е к і н ш і э й е л. О, әрине! Мен сол шығармалардың өзін әрдайым артық санаймын, сонымен бірге шынымды айтайын, өзім ондай авторға шын көңіліммен көбірек ден қоямын.

Б і р і н ш і э й е л д і ң е р і (*Н мырзаға бұрылып*). Баяғы бір сөз екенін шынымен-ақ сезбей тұрмысын өзің? Бұл, әйел талғауы. Тек трагедия деген атына ғана бола бұлар нағыз онбаған деген трагедияның өзін ең жақсы комедиядан артық көреді...

Е к і н ш і э й е л. Қойыңызшы мен тағы да кектенем. (*Н мырзаға бұрылып*.) Қәне, айта қойыңызшы, мен дұрысын айтып тұрғам жоқ па: комиктің сөзсіз салқын қанды болуы керек ғой?

Б і р і н ш і э й е л д і ң е р і. Немесе қызу қанды

болуы керек, өйткені мінездің күйгелектігінен де ажуа мен мыскыл туып кетеді.

Екінші әйел. Мейлі, немесе күйгелек-ақ бола қойсын. Бірақ бұл не деген сөз?—Бұл, бұндай шығармаларға қайткен күнде де себепші болған нәрсе күйгелектік, көңіл суу, наразылық деген сөз, оның өзі бәлки барлық жағынан дұрыс та болуы мүмкін. Бірақ бұның адамзатқа деген ұлы махаббатпен туғандығын көрсете қоятын ештеме жоқ... қысқасы, махаббатпен Рас емес пе?

Нмырза. Оныңыз рас.

Екінші әйел. Ал, айта қойыңызшы: комедияның авторы осы портретке ұсамай ма?

Нмырза. Қалай десем екен сізге? Жан-сарайы жайында пікір айтарлықтай мен оның өзімен онша таныс емес едім. Бірақ, сырттан естіген сырларының бәрін еске ала келгенде, өзі шынында да өзімшіл, немесе өте бір күйгелек адам болу керек.

Екінші әйел. Көрдіңіз бе, әнеки, осыны мен айдан анық білген едім.

Бірінші әйел. Неліктен екенін білмеймін, бірақ өзі өзімшіл бола көрмесе екен деп едім.

Бірінші әйелдің ері. Әне, біздің малай келе жатыр, күйіміз дайын болған екен. Хош болыңыздар. *(Екінші әйелдің қолын қысып.)* Сіз біздің үйге барасыз ғой, солай емес пе? Біздің үйден шай ішеміз ғой?

Бірінші әйел *(кетіп бара жатып)*. Келе көріңіз!

Екінші әйел. Әлбетте.

Екінші әйелдің ері. Сірә, біздің күйіме де дайын болды-ау деймін. *(Олардың соңынан кетеді.)*

Ойын көрген екі адам шығады.

Бірінші. Маған мынаны түсіндіріп беріңізші: әрбір оқыйғаны, адам мен адам мінездерін жеке-жеке талдай келгенде соның бәрінің де дұрыс, сергек, өмірден алынған екендігі, бірақ сонымен бірге театрдан шыға бере: өмірде шынымен-ақ осындай адамдар бола ма деп еріксіз сұрау қоятындай, әлденендей бір

ұланғазар-үлкен, әсіреқызыл, карикатура болып көрінетіні неліктен? Ал енді сонымен бірге өздері жауыз да емес ғой.

Екінші. Атамаңыз, олар ешқандай жауыз емес. Баяғы әлгі мақалда айтылғандай, олардың: «Жай әншейін жәдігөйлігі болмаса, жандарында жамандық жоқ».

Бірінші. Содан соң тағы да бір нәрсе: осы бір ұланғазар-үлкен өрбу, осы бір үйіліп-төгілудің өзі — комедияның кемшілігі емес пе екен. Айта қойыңызшы өзіңіз, жарым-жартысы демеген күннің өзінде, тым құрыса біраз дені дұрыс адамы жоқ, ылғый ғана осы сынды адамдардан құралған қауым қайда бар? Егер комедия біздің әлеумет өмірінің картинасы мен айнасы болса, онда ол оны барлық шындығымен суреттеуге тиіс ғой.

Екінші. Біріншіден, менің ойымша, бұл комедия тіпті картинада емес, тек кітаптың бет ашарына берілетін сурет сықылды. Өзіңіз көріп отырсыз — сахнада, оқыйғаның өрістеген жері де ойдан алынған. Әйтпесе автор бадырайып көзге көрініп тұрған кемшіліктер мен жаңа заманға жат, ескіліктің сарқыншақ ұғымын жіберіп, өзінің сыр-сыйпаты мен қатысатын адамдардың қоныс тепкен орнына қарағанда олардың бойына қонбайтын оғаш сөздерді қайсыбіреулердің аузына тіпті салмас та еді. Тек алғашқы күйгелектік ғана, астарында керек десе адамның көлеңкесі де жоқ, азды-көпті барлық жұрттың басында болатын нәрсені адамға балатып алдырып отыр. Бұл бір жұрттың жыйылған жері: бір ғана идсяны көркейтіп, көрген жұртты қыруар жаманшылықтан айқын-ашып азарда-безер жирендіру үшін, шындықтан шығушылық, жолдан таюшылық, қыянат біткен осы араға жан-жақтан, Россияның түкпір-түкпірінен ағылып келген. Суреттеліп отырған адамдардың бірде-бірі өзінің адамдық образынан айрыла қоймаған: қайда қарасаң да адамды көресің, сондықтан да қатты әсер аласың. Сондықтан да жаның терең тебірене түседі. Көрген адам күле отырып, сол бір күліп отырған нәрсесінің жанында жап-жақын тұрғандығын әрі сол пәленің өз

көңіліне кіріп кетпеу үшін қас қалдай қарғуында тұрулы керек екендігі сезгендей болып еріксіз сырт береді. Менің ойымша, сол бір адамдардан көрген жұрттың көңілін суытқаны деп әлдеде түскен автордың: «Мұның адамдары мен герождары зәлітте тартымсыз» деген әхпені есіту бәрінен де тәзімсіз шықты. Ал егер комедияға жұрттың аузының суы құрытқандай ғып, ең болмағанда бір ғана адам есігілі бар ғой, онда жұрттың бәрі бірдей сол адам жағына шығар еді де, өздерін қазір шашытып отырған нәрселердің бәрін ұмытып кеткен болар еді. Бұл образдар ойынның аяғында, балла, тірі жағдай көз алдырында тынымсыз көлбеңдей қоймағандар болар еді; көрген адам көңілі мұнайып: «Шынымен-ақ осындай адамдардың болғаны ма?» демес еді.

Бірінші. Я. Бірақ бұны жұрт, дегенмен, бірден түсіне қоймайды ғой.

Екінші. Өте орынды нәрсе. Ішкі мағнаға адам ылғый артынан барып түсінеді. Мағназын бөлегіп, бөлшектенген образдары айқын, сергек болған сайын ол образдарға жұрттың көңілі көбірек ауады. Тек соларды бір жерге топтағанда ғана барып шығармазын қортындысы мен мағнасы туады. Бірақ ондай әріптерді танып, талдап, қолма-қол оқып қою — көрінгеннің қолынан келе бермейді ғой; ал оған дейін әріптерге ғана көп уақыт көз жүгірте береді. Өзіңіз де көрерсіз, алдым ала осыны айтып қояйын еналдымен Россияның уездік қалашықтары шамданып, бұның өзі бізге айтылып отырған ойдан шыққан оңбаған, сұмпайы. Кекті мысқыл деп бетбақтырмайтын болады әлі.

Кетеді.

Бір чиновник. Бұл бір ойдан шығарған оңбаған, сұмпайы нәрсе екен, бұл, мысқыл, пасквиль екен!

Басқа бір чиновник. Демек, енді ештеме қалмаған екен. Занның да, қызметтің де керегі жоқ. Үстімдегі мына, вицмундирді сыпырып тастау керек екен, бұл енді шүберек болды.

Екі жас жігіт жүгіріп келеді.

Біреуі. Жұрттың бәрі шамданды. Пікірден құлағым сонша бір сарсыды дерсін, тіпті пиеса жайында кімнің не ойлап тұрғанын бетіне бір қарап біле қояр едім.

Екінші. Ендеше, мына біреу не ойлап тұр?

Бірінші. Әне бір, шинелінің жеңін сұғынып жатқан ба?

Екінші. Я.

Бірінші. Оның ойлап тұрғаны: «Осы комедия үшін өзінді Нерчинскийге айдаса, бәлем!..» деп тұр. Дегенмен, сірә жоғарыда отырған жұрт болу керек, қозғалып барады; водовиль бітті-ау деймін. Қазір разночинцилар қаптайды енді. Кетейік.

Екеуі де кетеді.

Дабыр ұлғаяды; баспалдақ атаулыда жүгірген адам. Шекпен, шолак тон, әйел такыясы, купецтердің неміс үлгісімен тігілген, ұзын етекте шапандары, үшкіл қалпақ пен үкілер, фриз матасынан тігілген, әскери өңі түскен, сусар ұстаған сәндісі бар, алуан түрлі шинельдер делендейді. Шинелінің жеңін сұғынып жатқан мырзаны кара нөпір қағып кетеді; мырза ығысып, шинелін окшау жерде кие береді. Топырлаған жұрт ішінен әртүрлі, әралуан мырзалар мен чиновниктер көрінеді. Оқалы киім киген малайлар, ханымдарға жол ашады. «Ойпырай, жан-жақтан жаналқымға алды-ау!» деген бір катын дауысы естіледі.

Елпілдеген елгезек жас чиновник (*шинелін киіп жатқан мырзаның қасына жүгіріп жетіп келіп*). Таксыр, рұқсат етіңіз, мен кигізіп жіберейін!

Шинельді мырза. А, саумысын! Осында ма едің? Көруге келген екенсін ғой?

Жас чиновник. Я, таксыр, қызықты ғып көрсеткен екен.

Шинельді мырза. Бекер! Қызық түгі де жоқ!

Жас чиновник. Таксыр, оныңыз рас: тіпті түгі де жоқ екен.

Шинельді мырза. Мұндай нәрсе үшін мактауды былай қойып, сабап салу керек.

Жас чиновник. Оныңыз рас, таксыр.

Шинельді мырза. Театрға жастарды жіберіп жатқандары мынау. Өнегеге қарқ ете қалар? Мінеки, өзін де енді, кеңсеге келіп, тұпа-тура кеңірдектен ала түсетін боларсын әлі?

Ж а с ч и н о в н и к. О, не дегеніңіз, тақсыр-ау!.. Гапу етіңіз, жолыңызды ашып берейін! (*Жұртты олай, былай қағып.*) Эй, жол беріңдер, генерал келе жатыр! (*Кербез киінген екі жігітке аса бір ізетпен келіп.*) Мырзалар, мархабат істеп, генералға жол бере көріңдер!

Жаксы киінгендер қағылып, жол беріп:

Б і р і н ш і. Қандай генерал екенін сен білмеймісің? Сірә, белгілі біреу болу керек?

Е к і н ш і. Білмеймін, өмірі көрген емеспін.

С ө з у а р ч и н о в н и к (*сырт жақтан іліп ала қойып*). Тәйірі, орын бойынша төртінші класқа ие боп жүрген жай әншейін статский советник ғой. Қандай ырыс десеңші? Он бес жылдың ішінде Владимир, Анна, Станислав ордендерін тақты, жылына үш мың сом жалақы, тамағына екі мың, оның үстіне кеңестен де, комиссиядан да, департаменттен де ақша алып тұрады.

Ж а қ с ы к и і н г е н м ы р з а л а р (*біреуіне біреуі*). Кетейік! (*Кетеді.*)

С ө з у а р ч и н о в н и к. Сірә, бұла өскен жігіттер болу керек. Бәлки, шетел коллегиясында қызмет істейтін де болар. Мен өзім комедияны жаратпаймын; жаныма көбінесе трагедия жағады. (*Кетеді.*)

Д ү р м е к і ш і н е н б і р д а у ы с. Халықтың қаптауын-ай, батшағар!

О ф и ц е р (*қолтықтап алған әйелмен жүріп келе жатып*). Эй, сапсыйған сакалдар, осынша қысқандарың не? Әйел келе жатқанын көрмей тұрмысың?

К у п е ц (*қолтықтап алған әйелімен*). Шырағым, өзімізде де әйел бар.

Д ү р м е к і ш і н е н б і р д а у ы с. Әне, бұрылып кетті өзі, көрдің бе, көрдің бе? Жана да ғана есуастайын дегені болмаса, осыдан үш жыл бұрын...

Ә р а л у а н д а у ы с т а р. Ойбай-ау, одан отыз тыйын қайырып алдым деймін.—Онбаған, жаман пиеса екен! — Қызық пиеса екен! — Сен өзің неменеге өнмендей бересін?

Д ү р м е к т і н б і р ш е т і н е н ш ы қ қ а н д а

уыс. Бұның бәрі де бекер! Осындай оқыйға қай жерде бола қоюшы еді, тәйірі? Бұндай оқыйға бір болса тек Чукот аралында ғана болуға тиіс.

Дүрмектің екінші шетінен шыққанда уыс. Біздің қалада тап осыдан айнымайтын бір оқыйға болған еді. Соны автор өзі барып көрмегенмен, бәлки, біреуден естіді-ау деп күдіктене берем.

Купецтің дауысы. Мұнын өзін, көріп отырсыз, мұның өзі, бұл, арада былайша айтқанда, адамгершілік жағынан басымдау келіп отыр. Әрине, былайша айтқанда әртүрлі нәрсенің болатыны да рас. Бірақ сонда да өзіңіз ойлап көріңізші адал адамның өзі де реті келгенде... Ал енді адамгершілік жағына келетін болсақ, бұның өзі дворяндарда да болады.

Көтермешіл мырзаның дауысы. Жазушының өзі бір алаяқ, пері болу керек: бәріне қанып, бәрін біліп қойыпты!

Ашушаң болғанмен сірә бір тәжрибелі чиновниктің дауысы. Не білуші еді ол тәйірі?—Сайтанын да білмейді. Айтқанының бәрі өтірік. Осы жазып отырғанының бәрі шылғый өтірік. Егер тіпті ала қойған күннің өзінде де параны жұрт өйтіп алмайды ғой...

Дүрмек ішінен басқа бір чиновник дауысы. «Күлкілі екен, күлкілі екен!» деп қоймайтыныңыз не сіздің! Неліктен күлкілі екенін білесіз бе өзіңіз? Өйткені бұның бәрі де бар адамдар ғой. Өйткені ол өзінің әжелері мен жеңгелерін жазып отыр. Оның күлкілілігі міне осында жатыр.

Белгісіз дауыс. Тоқта, орамалымды ұрлап кетті!

Екі офицер бірін бірі танып, дүрмек арасынан тіл қатысады.

Бірінші Мишель, солай барамысын?

Екінші. Солай барам.

Бірінші. Ендеше, мен де солай барам.

Сыртқы сыйпаты нән чиновник. Бәлемнің бәріне тыйым салар едім. Ештеме басып шығармау керек. Ғылымды керегіңе жарат, оқы, бірақ өзің жазушы болма. Жазылған кітап жетіп жатыр, ендігісінің керегі жоқ.

Халық ішінен бір дауыс. Оңбаған болған соң, амал қанша, оңбаған болғаның. Оңбаған болмасаң, жұрт өзіңе күлмес еді ғой.

Толықша келген, мүсінді мырза (*мүсінсіз, аласа бойлы біреуге лепіре сөйлейді*). Адамгершілік, адамгершілік жапа шегіп отыр, ең қыйыны осы!

Аласа бойлы, мүсінсіз болғанмен, шайпау тілді мырза. Бірақ енді адамгершілік дегеніміз ауыспалы нәрсе ғой.

Толықша келген, мүсінді мырза: «Ауыспалы» деген сөзбен не айтайын деп едіңіз?

Мүсінсіз болғанмен, шайпау тілді мырза. Айтайын дегенім, адамгершілікті әркім өз бойына өлшеп жүр. Біреу көшеде өзіне қалпақ алғанды адамгершілік десе; енді біреу өзінің істеген ұрлығын елемегенді адамгершілік деп; ал үшінші біреу көңілдес әйеліне көрсетілген қызметті адамгершілік деп жүр. Біздің ағайындардың өзінің қоластындағы адамдарына қалай дейтіні белгілі емес пе? — Бәлсініп тұрып: «Мархабатты тақсыр, құдайға, отанға қарап өз борышыңызды аянбай орындай көріңіз» дейді, ал енді не нәрсеге қарап орындайтыныңды сенің өз ішің біле берсін. Дегенмен, мұның өзі тек шалғайда жатқан жерлерде болмаса, астаналарда жоқ нәрсе, рас емес пе? Бұл арада біреу үш жылда екі үй тұрғызатын болса, ол неліктен ғой дейсіз? Бәрі де адалдықтың арқасы ғой, солай емес пе?

Толықша келген, мүсінді мырза (*сыртқа*). Сайтан сықылды сыйықсыз болғанмен, тілі жыланның тіліндей.

Мүсінсіз болғанмен, шайпау тілді мырза (*өзі өмірі танымайтын бір адамды шынтаққа қағып қойып, мүсінді мырзаны мезген, оған былай дейді*). Бір көшенің өзінде төрт үйі бар; бәрі де қазқатар өсіп, алты-ақ жылдың ішінде бой түзеп шықты! Адалдық дегеніңіз қараңғы халыққа қандай әсер етеді десеңізші, а?

Бейтаныс (*жалма-жан жөнеле беріп*). Ғапу етіңіз, мен ести алмай қалдым.

Мүсінсіз болғанмен, шайпау тілді мырза (*бейтаныс көршісін шынтаққа қағып қойып*).

Құлақтың мүкісінің өзі бүгінде қалада қалай етек алып кеткен десенші, а? Ылғалды, ылайсан ауа райының зардабы ғой бұл.

Бейтаныс көрші. Я, осы бір тұмау да бар. Балаларым түп-түгел ауырып түрегелді.

Мүсінсіз болғанмен, шайпау тілді мырза. Я, тұмау да, мүкістік те бар; тамақтың безі де шошыйды. *(Дүрмек арасына кіріп кетеді.)*

Бір топ адам окшаулау сөйлесіп тұрады.

Бірінші. Осындай оқыйға автордың өз басынан кешіпті десіп жүр жұрт: борыштанып қалып өзі бір қалада абақтыда отырып шығыпты.

Топтың бір шетінде тұрған мырза *(сөзді іліп ала қойып)*. Жок, абақтыда емес, мұнарада болыпты. Мұны қасынан өткендер көріпті. Бұл бір ғажайып деседі жұрт. Көз алдарыңызға елестетіңіздерші: жайнаған алқап, жан-жағы тау, биік мұнараның басына шығып алған ақын сол жерден өлең оқып отырады. Осы арадан жазушының бір ерекше сыйпаты көрінетіні рас емес пе?

Дұрыс пиғылды мырза. Автор ақылды адам болу керек.

Теріс пиғылды мырза. Титтей де ақылы жоқ. Білемін мен, қызмет істеген болатын, арыз жаза алмайсын деп өзін қызметтен қайқайтып қуып шыға жаздаған-ды.

Шылғый өтірікші. Әжет, әжет жігіт! Өзіне көпке дейін қызмет бермей қойған еді, қайтті ғой деп ойлайсыздар? Тұпа-тура министрге хат жазды. Шіркін, қандай майын тамызып жазды десеңізші! — Квинтильянша жазды. «Мархабатты таксыр!» деп тек басының өзін қалай бастады десеңізші! Содан соң жорта берді, жорта берді, жорта берді... Сөйтіп, сегіз бетті толтырып төкті де салды. Оқып шыға салысымен министр: «Бәрекелді, рақмет, рақмет! Байқаймын, жауың көп екен. Бөлім, бастығы бола ғой!» деді. Сөйтіп, көшірмешіден бөлім бастығына бір-ақ секірген болатын.

Ақкөңіл мырза *(басқа бір салқын қанды кісіге бұрылып)*. Құрып кеткір, тіпті кімге сенерінді де

білмейсін! Абақтыда да отырған, мұнараға да шыққан. Қайқайтып қызметтен де қуып жіберген, орын да берген!

Салқын қанды мырза. Е, оның бәрі әншейін соға салған сөз ғой.

Ақкөңіл мырза. Соға салғаны қалай?

Салқын қанды мырза. Солай. Ойбай-ау, ауыздарынан қандай сөздің шығарын екі минут бұрын олардың өздері де білмейді ғой. Олардың тілдері өзінің иесіне де сездірместен ойда жоқта бір жаңалықты соға салады, ал иесі оған, тамаққа кенірдегінен келіп кенелгендей, шат-шадыман болады да, үйіне қайтады. Бірақ келер күні не пәлені ойлап шығарғанын өзі де ұмытып кетеді. Сөйтіп, жаңағыны өзіне басқа біреуден естіген сықылды болып көрінеді де, қалада қарайған халық қоймай дабыра қылады барып.

Ақкөңіл мырза. Әйткенмен, өтірік айтып отырғанын өзі де сезбеу дегеніңіз ұят нәрсе екен.

Салқын қанды мырза. Бірақ сезікшілдері де бар. Өтірік айтып отырғанын сезетіндері де бар. дегенмен егістің әрі қара бидаймен, сөздің әрі өтірікпен кіреді дегендей, өздері оны әңгімеге бір зәру нәрсе көреді.

Ортазыялы қауым әйелі. Әйткенмен, осы автордың өзі қандай қатты мысқылшыл адам десеңізші! Шынымды айтайын, басымды кессе көзіне көрінбес едім: өйтіп-бүйтіп ойда жоқта бір күлкілі мінімді сезіп қояды ғой деп қорқам.

Салмағы бар мырза. Бұл жігіттің қандай адам екенін мен өзім біле алмадым. Бұл, бұл, бұл... Бұл адам ешнәрсені қасиет тұтпайды екен; бүгін пәлендей бір советникті даттаса, күні ертең құдайды да жоқ дейді әлі. Өйткені, екеуінің арасы небәрі бір-ақ адым ғана ғой.

Екінші мырза. Ажуашылын! Ойбай-ау, күлкімен ойнауға болмайды ғой. Оның өзі сый атаулыдан бетті сыйпау деген сөз ғой — осы ғой оның мәнісі. Осыдан кейін көрінген мені көшеде ұстап алсында. сабап салып: «Сендерді жұрт ажуалап жатыр; сенін үстіндегі де сондай шен, ендеше, мә, сыбағаң!» дейді

ғой. Оның мәнісі міне осынысында болып отыр ғой.

Үшінші мырза. Ол-олма! Бұның өзі бір маңызды нәрсе! «Ойыншық, түкке тұрмайтын, театр ойыны» десіп жүр жұрт. Жоқ, бұл жай ойыншық емес; бұған қатты көңіл бөлу керек. Осындай нәрселерге бола жұртты Сибирьге айдап жүр. Егер өкімет билігі қолымда болды бар ғой, авторды тырп еткізбес едім. Құдайдың жарық дүниесін көрместей ғып, бәлемді көрге тығып жіберер едім.

Қандай пиғылдары бар екенін бір құдайдың өзі білсін, әйтеуір сырт сыйпаттары сып-сыпайы, әп-әдемі киінген бір топ адам көрінеді.

Бірінші. Жұрт шығып саябырлағанша ең әдемісі осы арада тұра тұрайық. Бұлары несі шынында! Елден ерек бірдеме бола қалғандай қол соғып, шу көтереді келіп! Ойыншық әлдеқандай бір түкке тұрмайтын театр пиесасына бола осынша дүрбелең тудырып, дабырлап, авторды шақырғандай — сонша не боп қалды осы!

Екінші. Дегенмен, пиеса көңілді көтеріп, сергітіп тастады.

Бірінші. Я, көңілді кәдімгі түкке тұрмайтын нәрселердей ғана көтереді екен. Бірақ енді осыған бола сонша дабырлап, пікір таластыратын не бар? Әлдеқандай бір маңызды нәрсе жайында әңгіме болып отырғандай, жұрт жағалай сөз таластырып, сонша бір қол соғады келіп... Мұнысы несі өзі! Егер бір әнші немесе биші әйел бола қойса — құба-құп: онда өнерге, ептілікке, жылпындыққа, табиғи талантқа таңқалар едің. Ал енді, мынау не? «Әдебиетші! Әдебиетші! Жазушы!» деп даурығады келіп. Сонша бір жазушы деген немене екен? Кей-кейде бірер өткір сөздің аузына түсіп, өмірден бірдемелерді көшіріп жаза қойғанында не тұр оның... Осы да еңбек болып па екен? Сонша бір не тұр екен осында? Мұның бәрі де құр әншейін әзіл әңгіме ғой — одан басқа түк те жоқ.

Екінші. Я, әрине, жөндеубай ғана нәрсе екен.

Бірінші. Өзіңіз ойлап қаранызшы: мысалы, биші болса — оныкі, қанша айтқанмен өнер ғой, оның істегені қолыңнан келмейді. Мысалы, кәнеки, өзім би-

леп көрейінші: оллаһи, тіпті аяғымды да қозғай алмаймын. Ал, кәне антрашаны билей ғой деші — басымды кессе билей алмаймын. Ал енді оқымай-ақ жаза беруге болады ғой. Мен өзім автордың кім екенін білмеймін, бірақ жұрт өзін дүниеден титтей түйсігі жоқ, барып тұрған надан деседі: сірә өзін бір жерден қуып шыққан болу керек.

Екінші. Ойбай, сығыр-ау, ол не біле қоюшы еді? Әдебиетшінің кім екенін өзіңіз де білесіз ғой: пәңгі болады! Бұл бір жарық дүниеге жария болған нәрсе ғой, қолынан түк келсе бұйырмасын. Өздерін пайдаланып көріп еді, бірақ түк шықпаған соң қойды ғой. Кәне, өзіңіз-ақ ойлап қаранызшы, кәне, өздерінің жазып жүргені немене ғой дейсіз? — Ылғый бір түкке тұрмайтын, уақ-түйек әңгіме ғана! Жазғым келсе оны қазір отыра қалып мен де жазамын, сіз де жазасыз, өзі де жазады, өзгелер де жазады.

Екінші. Я, әрине, жазбайтын оның несі бар. Басында тек болымсыз ғана ақылың бола қойсын де, жазуға әбден болады.

Бірінші. Ойбай-ау, тіпті ақылдың да керегі жоқ. Ақылдың оған не керегі бар? Өйткені бұның бәрі де ылғый уақ-түйек әңгіме ғой. Алда-жалда, айталық, өзің әлі түбіне жетіп, түсіне қоймаған әлденендей бір оқымысты ғылым, әлдеқандай бір нәрсе болса бірсәрі, ал енді мынаны не ғой деп тұрсыз? Ойбай-ау, мұны тіпті көрінген мұжық біледі ғой. Мұны көшеден күн сайын көресің. Терезенің алдына барып отыра қал да, көзіңе көрінген нәрсенің бәрін жаза бер — бар болғаны осы мінеки!

Үшінші. Оныңыз рас. Ойлап тұрсаң, шынында, жұрт уақытын қандай берекесіз нәрсеге ысырап етіп жүр десеніңші!

Бірінші. Әлбетте, уақытты ысырап етуден басқа түк те жоқ. Түкке тұрмайтын, уақ-түйек әңгіме әншейін! Әттең өздерінің қолына қалам мен сыя ұстатпай қойса қандай жақсы болар еді. Дегенмен, жұрт шығып келе жатыр екен, жүрейік! Дабыра ғып, даурығып, дардыйтады келіп! Бірақ онысы бейкүна, бекершілік ғой! Уақ-түйек әңгіме! Түкке татымайды! Уақ-түйек әңгіме!

Кетеді. Дүрмек сиреп, бірен-саран қалып қойғандар жүгіреді.

Ақкөңіл мырза. Шынында, тым болмаса, бірер адал адам көрсетсе қайтер еді десеңізші! Ылғый бір жүрген жәдігөй.

Жұрт ішінен біреу. Естіп тұрмысын, мені: түйістен тоса тұр! Барып, қолғабымды алып келе қояйын.

Мырзалардың біреуі (сағатына қарап). Дегенмен, сағат бір болып қалған екен. Өмірі бүйтіп театрдан жай шығып көрген жан емес едім. (Кетеді.)

Қалып қойған чиновник. Уақтым босқа ысырап болды! Жоқ, қайтып театрдың қарасын көрсем неғыл дейсін! (Кетеді. Албарлар бос қалады.)

Пиесаның авторы (шыға беріп). Көңілге алғанымнан көбірек естідім. Қандай ала-құла пікір десеңізші! Қоғамы бір тұтасып, біте қайнасып, күллі жұрттың ойын бір үлгі, бір ғана өлшеуішке сыйғызғандай, ежелгі-ескіліктің бір қауызына бөлене қоймаған, адам табылған жерден пікір дайын болып, өз пікірін әркім өзі жасай алатын ұлт арасында туған комик те бір ғанибет екен. Айтылған пікір қандай ала-құла әрі болаттай жарқын орыс ақылы жер-жерден қандай жалт ете түсті десеңізші! Жаңағы бір мемлекет қайраткерінің ізгі ниетті ойынан да, жаңағы бір шалғай түкпірде көрінгенге көз түрткі болып жүрген чиновниктің асқан ерлігінен де, мейрімді әйел жанының нәзік сыйпатынан да, сыншылардың әсем сезімінен де, халықтың қате баспайтын қарапайым түйсігінен де жалт ете түсіп отыр! Тіпті осы бір кіна қойып, кір тағудың өзінде комикке керек қанша қыруар нәрсе бар десеңізші! Қандай сергек сабақ! Я, көңілім бір көншіп қалды. Бірақ енді жанымның осы жабыға беретіні қалай? Бір ғажабы: әттең, пиесамдағы адал адамды ешкім аңғара қойған жоқ. Я, пиесаның басынан аяғына дейін, әрекет еткен ізгі ниетті бір адал адам болған еді. Бұл ізгі ниетті, адал адам — күлкі еді. Оның ізгі ниетті болу себебі, зыялы қауым арасынан өзіне жабылатын жаман атаққа карамай қайрат қылуға бел байлап еді ол. Оның ізгі ниетті болу себебі, өзі комикті тоңмойын өзімшіл деген жәбірлі жал-


ған атаққа қалдырып, оның жанында нәзік сезінудің бар екеніне жұртты тіпті дұдамалдандырып тастағанына карамастан, білекті сыбанып қайрат қылып отыр. Сол күлкіге ешбір жан арашашы бола қойған жоқ. Мен өзім комик едім, соған адал қызмет атқарып едім, сондықтан да оған арашашы болуым керек. Жоқ, бұл күлкі жұрттың ойлаған аясынан асып терең жатқан күлкі еді. Бұл, өткінші күйгелек, күйіп-піскен самарқау көңіл күйінен туған күлкі емес; сол сықылды мейрамдарда көңіл көтеріп, жұртқа ермек бола қоятын жеңіл-желпі күлкі де емес; — бірақ бұл, адамның жарқын сарайынан жарып шапшып шыққан күлкі еді, — оның шапшып шығатын себебі, түбінде өзінің өткір қуаты болмаса, өмірдің уақ-түйек, мағнасыздығы адамды осынша шошыта қоймайтын, ел көзінен елеусіз қала беретін заттарды айқындап, ашып көрсететін мәңгі сарқылмас бұлағы бар еді. Жанынан күнде жай-барақат қана өтіп жүрген жексұрындық пен мардымсыздық оның көз алдында тіпті карикатуралық күйге түсіп, жантүршігерліктей боп осынша өрши қоймаған болар еді, сөйтіп ол бұдан да сорақы адамдардың бар екенін іші сезе тұрып: «өмірде шынымен-ақ осындай адамдардың болғаны ма?» деп үрейі ұшып, баж ете түспес те еді. Жоқ, күлкіге күйінесін деп жүргендердің сөзі бекер. Адам жарқын күлкіге емес, жабығатын нәрсеге ғана күйінеді. Жаланап күйінде жайып тастап көрсетсе жұрт қыруар нәрсеге күйінген болар еді; бірақ, күлкімен жайнаған нәрсе жаныңды жай таптырады. Сөйтіп, зұлым адамнан кек алмақ болған кісінің өзі де оның ажуа болған сілімтік жан сезімін көре отырып, онымен тіпті татуласып та кетеді. Күлкі шабуылдап қарсы шыққан адамдарының шымбайына батпайды, сахнада көрсеткен жәдігөйге елдің алдымен жәдігөй ғана күледі деп жүргендердің сөзі де бекер, өйткені, кейінгі жәдігөй күлгенмен, замандас жәдігөйдің күлуге шарасы жоқ! Жұрт көңілінде образ қалғандығына, бірер зұлымдыққа қолы бара қойса, сол образ өзіне мәңгі жаман атақ болып жабылатынын оның іші баяғыда сезген, бірақ ажуадан дүниеде еш нәрседен қорықпаймын деп жүргендер де қорқады. Жоқ, жайдары, жарқын күлкімен тек асқан жайдары

жан ғана күле алады. Бірақ бұндай күлкінің жойқын қуатын зыялы қауымның құлағы шалмай: «күлкілі нәрсе, сілімтік келеді» дейді, тек бар дауыспен, батыл айтылған нәрсеге ғана жақсы атақ тағады. Бірақ, құдай сақтасын! Дүниеде тіпті титтей жақсы нәрсе бар демейтін қанша адам күнде кешіп жатыр десеңізші! Шабыттан туған нәрсенің бәрін де олар түкке тұрмайтын, әзіл әңгіме көреді; Шекспирдің шығармаларын да олар әзіл әңгіме көреді; қасиетті жан сезімі де оларға әзіл әңгіме көрінеді. Жоқ, бұны маған айттырып отырған жазушының жапа шеккен уақ-түйекшіл өзімшілдігі емес, өзімнің дүмбілез, нашар шығармамның қазір әзіл әңгіме деген атқа шалдығып отырғандығынан да айтып отырғам жоқ, — жоқ, мен өз кемшілігімді көріп, өзіме кіна қоюға тұратындығына көзім жетіп отыр; бірақ нағыз жақсы шығармаларға түкке тұрмайды. Әзіл әңгіме деген жаман атақ жабылып, әлемнің күллі жарық жұлдыздары сыпыра бір түкке тұрмайтын нәрселер мен әзіл әңгімелердің жасаушысы деп танылып отырған кезде менің жаным жайбаракат шыдап отыра алмақ емес! Өмірдің осы бір қайнаған ортасынан меніреу тартқан көңіл күйінің ызғарымен әрі жүрегінің құлазыған құнарсыздығымен құбыжық көрінетін сансыз санасыз, самарқау жұртты көрген кезде сай-сүйегім сырқырап кетті; қалетсіз катты сүйетін көңілді аспан әлемінің көз жасы еткен нәрсеге солардың сүлесоқ жүздерінде ең болмаса елестің бір-белгісі де елп етпей, баяғы бір «әзіл әңгімелер!» деген сөзді айтқанда тілдері күрмелмеген кезде сай-сүйегім сырқырады. Әзіл әңгімелер!.. Әнеки замандар ағып, қала мен халықтар көшіп жер бетінен ғайып болып, бар дүние түтінге ұсап ұшып кете барды, бірақ әзіл әңгімелер әлі күнге дейін тіршілік етіп, ауыздан түспей келе жатыр, данышпан патшалар, ойлы әкімдер, тамаша қарт пен ізгі жолға талпынған жас өрен оған ұйып құлақ қойып келеді. Әзіл әңгімелер!.. Әне театрдың балкондары мен жақтаулары күңіреніп: бір сезім, бір сәт, бір адамға айналып, бір туған бауырдай, бір ғана жан сезіммен күллі жұрт бас қосып, бес жүз жыл бұрын дүниеден сапар шеккен біреуге ду соғылған қол дүбірімен алғыс гимні дүрілдеп жатқаны анау.

Осыны оның қабірде қаусап қалған сүйегі ести алар ма екен? Өмірдің қалың қайғысын шеккен жаны жанғырыға қояр ма екен? Әзіл әңгімелер!.. Әнеки, осы бір дүрліккен қара нөпір қалың топты қақ жарып, қайғы мен өмірдің ауыр азабынан қажып, өзін өзі өлтіруге тайсалмай тап бермек боп жетіп келіп еді — екі көзінен егілген жас моншақтап қоя беріп, өмірмен татуласып-табысын шыға жөнелді де, тек өмір сүріп, осындай әзіл әңгімелерден қайтадан егіліп-еңіреу үшін қайғы мен қасірет бере көр деп аспанға тағы да жалбарынды ол. Әзіл әңгімелер!.. Бірақ мұндай әзіл әңгімелер болмаса әлем қалғып-шұлғып, өмір түкке тұрмай, көңілді мүк басып, көгеріп кетер еді. Әзіл әңгімелер!.. Уа, осындай әзіл әңгімелерді шын көңлімен ұйып тыңдаған ұрпағымыздың аттары мәңгі қасиетке бөлене берсін: күнілгері болжаудың керемет жүзігі соларды шығарған адамдардың басынан шыр айналып шықпаған болатын. Тіпті пәле мен қуғын-сүргін кезінде де мемлекеттердің бар игі жақсылары ең алдымен соларға сая болған-ды: тәж киген патша қол жетпейтін асқар тағында отырып патшаның қалқанымен соларды нұрландырған-ды.

Қасқара тарт сапарға! Көңілімізді сөгіс қобалжыта алмақ емес, бірақ оған тіпті адамзатқа деген ең жақсы сезім мен қасиетті махаббаттан жұрдайсын деген күнде де қамықпай, көрсеткен міндерін ізгі ниетпен қабыл алмақ! Дүние бір иірім: пікірлер мен дақпырттар соның ішінде шыр айналып жүзіп жүр; бірақ уақыт бәрін де жаныштайды: жалғандары қабықша ұшып кетіп, салмақты дәндей нағыз шындық ғана қалады. Түкке тұрмайды деп танылған нәрсенің кейіннен қатал мағнамен қайтадан қаруланып келуі мүмкін. Бізғарлы күлкі түбінен мәңгі жойқын махаббаттың жалынды ұшқыны жалт етуі де ықтимал. Кім біледі, пәлеге душар болған өркөкірек әрі әлді деген адам мардымсыз әрі жасық көрініп, ал қырсыққа жолыққан әлсіз деген адам алыптай өршелене түсетін заңдарға сүйене келіп, кейіннен күллі әлем таныйтын да болар, — сол заңдарға сүйене келгенде кімде-кім шын көңілімен жиі-жиі егіле еңіресе, дүниеде сол өзгелерден көбірек күлетін де сықылды!..

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



І. „РЕВИЗОР“ КОМЕДИЯСЫНА ҚОСЫМША

І

«Ревизор» тұңғыш рет қойылысымен автордың бір әдебиетшіге жазған хатынан үзінді

...Ревизор қойылды — сөйтіп көңілім сонша бір алабұртып, сонша бір құлазып қалды... Ойын қойыла қойған күнде осының боларын өзім де күтіп, өзім де алдын ала сезген едім, бірақ сонымен бірге жаным жабығып, әрі өзімді ауыр бір өкінішті ой басып отыр. Өз шығармам өзіме әрі жабайы, әрі жат, әрі жек көрінді. Бас роль шықпай қалды; өзім де солай ойлаған едім. Хлестаковтың кім екенін Дюр титтей түсінсе бұйырмасын. Хлестаков Альнаскарров сықылды бірдемеге, өзімізге Париж театрларынан ербеңдеуге бола келген қыруар водевиль шалдуарларына ұсап шықты. Оның өзі, екі ғасыр бойына бірыңғай ғана костюм киіп көзге түсіп келген сұрықсыз, кәдімгі бір жай әншейін өтірікшінің өзі болды да қойды. Хлестаковтың кім екендігі рольдің өзінен шынымен-ақ көрінбей ме осы? Әлде өзімді күнілгері көзсіз мақтаныш билеп кетіп, актердің ойына тіпті бір көлеңке, тіпті бір титтей мезгеу тастарлықтай, осы мінездің өзін игере алмадым ба екен? Бірақ ол өзіме айқын сықылды еді. Хлестаков мүлде өтірік айтайын демейді: өтірікті қарекет еткен адам емес; өтірік айтқанын ол өзі де ұмытып, айтқан сөзіне тіпті өзі де сеніп қала береді. Жолы болып, жұртты өзінің аузына қаратқа-

нын көріп, ол шабыттанып, шалқып кетеді — тек сондықтан да байсалмен, сүлесоктау ғана, шын көңілімен шешіле сөйлейді, сөйтіп өтірік айта отырып, сол өтірік үстінде өзінің сырын ашып алады. Жалпы айтқанда біздің актерлер өтірік айта білмейді. Олар өтірік айтуды жай әншейін мылжың деп ойлайды. Өтірік айту дегеніміз, тек шындықты ғана айтып отырғандай, шындыққа сонша бір жанастырып, сонша бір орынды, сонша бір аңқау болып сөйлеу деген сөз, міне өтіріктің күллі күлкілі жері осында болады. Осы рольді егер нағыз дарынсыз актерлердің біреуіне тапсырып, оған Хлестаков тек жылпың, нағыз жақсы, ақылды, тіпті мейрімді де адам, тек осылай ғып көрсете қойсаң болғаны дегенде, Хлестаков анағұрлым ұтымды шыққан болар еді деп ойлаймын. Хлестаков өтірікті немқұрайды немесе бір театрдағыша салтанатпен айтпайды; өткірікті ол шын көңілімен айтады; осы алған ләззат оның көзінен көрініп тұрады. Жалпы алғанда бұл оның өмірдегі бір ең жақсы, ақындық минуты — оны тіпті шабыттың бір түрі деуге де келеді. Тым болмаса осының титтей жұқанасы көрінсеші! Сорлы Хлестаковқа, сол сықылды тіпті ешқандай мінез, яғни кейіп, яғни сыртқы сыйпат, яғни тұлға да тимепті. Әрине, жағасы қырқылған, көне вицмундирлі қарг чиновниктерді ажуа ете қою әлдеқайда оңай; бірақ оның кәдімгі зыялы қауым тобынан бұра тартып шықпайтын едәуір сыпайы мінездерін шап беріп ұстап ала қою — мықты шебердің ғана қолынан келеді. Хлестаковтың еш жері көзге ерсен бадырайып көрінбеуі керек. Ол өзі, сірә, өзге жастардан ешбір ерекшелігі жоқ жастар тобына қосылады. Өзі кейде тіпті әдепті боп көрініп, кейде тіпті салмақпен де сөйлейді, тек қайратжігер немесе мінез керек болған кездерде ғана оңбаған, мардымсыз ұсқыны там-тұмдап көрініп қалып отырады. Әлдеқандай бір дуанбасылардың ролінің сыйпаты анағұрлым тұрақты әрі айқын жатыр. Оны өзінің бір қалыптан аумайтын, меншікті, қайырымсыз сыртқы көрінісі бесенеден белгілі етіп, өзімен бірге мінезін де айқындап отырады. Хлестаковтың ролінің сыйпаттары өте тұрақсыз, өте нәзік әрі ұғына қоюға қыйын. Егер талдап тексеретін болсақ, шынында Хлес-

таков кім? Жас жігіт, чиновник, жұрт айтқандай, берекесіз адам, бірақ зыялы қауым берекесіз демейтін, жұртта болатын қыруар сыйпатты бойына жыйнап алған адам. Сонымен бірге жақсы қасиеттен де құралақан емес, сол бір жұрттың бойындағы сыйпаттарды көрсете қойса, жазушы обал істеген болар еді, демек, өйткен күнде ол сол сыйпаттарды көптің көзінше күлкі еткен болар еді. Ең әдемісі мейлі сол рольден әркім өзінің бірер бөлшегін көріп, сонымен бірге маңайымдағы жұрт атымды ағап, саусағымен өзімді көрсетіп қояды-ау деп қорғанып, қорықпай төңірегіне көз жүгіртетін болсын. Қысқасы, бұл кейіпкер, орыс мінездерінде бытырап жүрген көптеген сыйпаттардың типі болу керек, бірақ өмірде өте жиі кездесе беретіні сықылды осы арада ойламаған жерден бәрі бір кейіпкердің бойына тоғысу керек. Бірнеше минутқа болмаса да, бірер минутқа әркім-ақ Хлестаков болып немесе болғалы жүр, бірақ, әлбетте, тек осыны өзі мойындағысы келмейді; осы фактіге ол тіпті күлуге де құмар, бірақ күлгенде, әрине, өз тоны емес, өзгенің тонын жамылып күлсем дейді. Кейде гвардиялық жылпың офицер де Хлестаков болып шыға келеді, кейде мемлекет қайраткері де Хлестаков бола қалады, кейде біздің ағайынымыз, күнәкар әдебиетші де қолма-қол Хлестаков бола кетеді. Қысқасы, өмірде бір рет ғана болса да оның күйіне түспейтін пенде жоқ, — әңгіме бейне бір оның өзі еместей, бұлт етіп шыға келуінде болып отыр.

Сөйтіп, менің Хлестаковымның бойынан шынымен-ақ осының жұқанасы да көрінбегені ме? Шынымен-ақ оның көріксіз адам болып шығып, ал енді өзім көңілімнің бір астамшылық сәтте отырған кезінде алуан түрлі талантының күллі қыйлы-қыйлы жақтарын оқыс көрсете қоюға мүмкіндік беретін қыруар жан сезімін бір адамның бойына әкеп тоғыстырғаным үшін өрелі таланты бар актер бір кезде өзіме алғыс айтатын болар деп ойлап қалдым ба екен. Сөйткен Хлестаковтың енді татымсыз, бала болып шығып отырғаны мынау! Бұл ауыр, әрі ащы өкінішті-ақ.

Пиеса ойнала бастағаннан-ақ мен өзім театрда көңілсіз отырдым. Жұрт қалай қуанып, қалай қабылдар

екен деп қам жегем жоқ. Театрда болған күллі төрешілердің тек біреуінен ғана сескеніп отырдым, — ол төреші өзім едім. Өзге дүниені ұмытып, өз пиесама өзім ішімнен әрі өкпелеп әрі наразы болдым. Бірақ жалпы алғанда жыйналған жұрт разы болды. Жұрттың тең жартысы пиесаны тіпті жақсы қабыл алды; екінші жартысы оны, дағды бойынша, дегенмен, искусствоға қатысы жоқ себептермен сөкті де. Қалай сөккенін өзіңізбен алғаш кездескен күні сөйлесерміз; мұның өзінде сабақ алатын жайлар көп әрі күлетін жайлар да аз емес. Тіпті там-тұмдап жазып алғандарым да бар; бірақ оны қоя тұрайын.

Жалпы алғанда жұрт пен «Ревизор»ды дуанбасы әбден табыстырған сықылды. Оған өзімнің әуелден-ақ көзім жеткен болатын, демек Сосницкийдің бойындағы таланттай талантқа бұл рольден түсініксіз түкте жоқ еді. Мен өзім оның қазірдің өзінде-ақ жұрттың немқұрайды пікіріне ілініп әрі күнделікті ойналып жүрген водевильдермен тағы да сондай көңіл ашар пиесаларда қол соғумен сонша бір құрмет көріп жүрген көптеген актерлермен қаз-қатар қойыла бастаған таланттың шарқына жеткізе көрсетуге мүмкіндік бергеніме қуанамын, қолғабысына да сенген болатынмын, өйткені сөздеріме актердің үлкен ілтипат көрсетіп, қызыққанын байқаған едім. Оның есесіне екі досымыз, Бобчинский мен Добчинский күткенімізге қарай нашар болып шықты. Бұларды нашар болады-ау деп өзім де ойлағанмен, осы бір екі кішкентай чиновникті жасай отырып, олардың бейнесінде Щепкин мен Рязанцовты көз алдыма елестеткен едім, бірақ солай бола тұрса да екеуінің сыртқы тұлғасы мен өздерінің қазіргі иемденіп жүрген жағдайы екеуін өйтіп-бүйтіп алып шыға алатын шығар, әрі соншалық карикатура қыла қоймас деп ойлаған едім. Қайта керісінше болып шықты: атап айтқанда карикатура болып шықты. Ойын басталар алдынан екеуін киімшең көрген жерде санымды бір-ақ соқтым. Шын мағнасында аса бір биязы, топ-толық, шаштарын сәнмен тарап тастаған осы екі жігіт әлденендей бір ұнаспайтын, ұйпа-тұйпа, шашын шалқасынан қайыра тараған, кір-кір, біп-биік ақ парик киіп, алқам-салқам жасанды жаға салып шыға келді; ал

енді сахнада сонша бір қылымсып бұрандады дерсін, тіпті шыдап отыруға болмады. Жалпы алғанда пиесаның киім жағы денелей өте нашар, әрі карикатура болып шықты. Киімшен бірер репетиция жасалса екен деп сұраған уақтымда осыны өзім алдын ала сезгендей болып едім; бірақ маған: мұның тіпті түкке керемі жоқ, дағыда болып көрмеген нәрсе әрі актерлер өз ісін біледі дегенді айтысты. Сөзіме онша мән бере қоймағандықтарын байқаған соң, өздерін қайтып мазалағам жоқ. Тағы да қайталап айтам: қамығып, қайғырып барам! Осы қайғының неліктен меңдеп бара жатқанын өзім де біле алмадым.

Ойын үстінде төртінші актының бас шені көңілсіздеу екенін аңғардым; сол орайға дейін бір қалыппен келе жатқан пиесаның ағымы осы арада үзіліп немесе сылбырсыған сықылды болды. Шынымды айтайын, бір көпті көрген, тәжрибелі актер Хлестаковтың елден алдымен қарызға ақша сұрауы лайық емес, одан да чиновниктердің өздері оған ұсынғаны жөн деп, пиесаны тіпті оқыған кезімнің өзінде ескерткен еді. Дұрыс жақтары бар, орынды айтылған осы бір ескертуді қадірлей отырып, әйтсе де өзім, Хлестаков, Хлестаков бола отырып бұрын сұрамайтын себебін біле алмап едім. Бірақ ескерту болып қойды; «ендеше, бұл сахнаны нашар орындаған екем», дедім өзіме-өзім; төртінші актының көңілсіз әрі әлденендей бір қажығандық белгісі бар екенін дәл дегендей, енді ойын үстінде айқын аңғардым. Үйге қайтып келе салысымен жөндеуге отырдым. Қазір, бұрынғыдан аздап күшейіңкіреп, ең болмағанда, орынды әрі шындыққа сай болып шыққан сықылды. Бірақ бұл үзінді пиесаға енгізе қойылсын деп ізденуге бойымда қайрат қалған жоқ. Қажып біттім; осыған бола жалынып, жалбарынып, жағалай қыдырудың керек екендігі есіме түскен кездерде, бір құдайға тапсырдым да қойдым,— ең әдемісі «Ревизор» дың екінші басылуында немесе оны қайтадан өңдеген кезде болсын.

Соңғы сахна жайында тағы бір сөз. Оның өзі мүлде шыққан жоқ. Перде әлденендей бір дұдамал сәтте жабылғандай болады да, пиеса да аяқталмаған сықылды болып қала береді. Бірақ кіна менде емес.

Жұрт менің тілімді алған жоқ. Соңғы сахнаның жайдан-жай мылқау картина екендігін, осының бәрі бір ғана меңіреу топты көрсетуге тиіс екендігін, осы арада драма бітіп, оның орнын мылқау бет құбылысы басатынын, перденің екі-үш минуттай жабылмай тұрып алатындығын, осының бәрі де жанды картина деп атап жүрген нәрсенің талабына сай жағдайларда жасалуға тиіс екендігін ұғынбайынша соңғы сахна табысқа ие бола алмайды деп мен өзім қазірде де айтам. Бірақ маған бұл актерлерді матап тастайды, топты балетмейстерге жүктеу керек, мұның өзі тіпті актерлерге мін де болады, тағы тағылар, тағы тағылар, тағы тағылар дегенді айтысты. Мен өзім актерлердің бет құбылысынан ауызбен айтқан сөзден де гөрі оғаш одан басқа да талай тағы тағыларды көрдім. Осы тағы тағыларға қарамастан мен өзім, өз айтқанымда тұрып: «жоқ, бұл түк те матамайды, бұл мін де болмайды» деп жүз қайтара айтам. Егер тіпті әрбір кейіпкердің анық жағдайын топшылай алатындай болса, бұл топты мейлі балетмейстер-ақ толғап, құра берсін. Дарияға тосқауыл бола алмайтын гранит тастай, көрсетілген меже талантқа да тосқауыл бола алмақ емес; қайта, оның қойнына құлай бере ол толқынын жүйткіте жөнелтеді. Сөйтіп, өзіне берілген бейнеде топшылай білген актер бәрін де көрсетіп бере алады. Оның бетіне бұл арада ешкім құрсау салып қойған жоқ, тек бір ғана топ орналасқан; оның бетінің алуан сезімді көрсетуге әлі емін-еркін келеді. Сөйтіп, осы бір мылқаулықта оған алуандықтың түбі жоқ. Мінездерінің әрі істеген күнәларының орасандығына қарай, өздерінің бойын билеген қорқыныш пен үрейдің бір-біріне ұсамайтындығы сықылды, қатысып жүрген адамдардың қай-қайсысының болмасын секем алуы да бір-біріне ұсамайды. Дуанбасы өз бетінше қайран қалып, оның әйелі мен қызы өз беттерінше таң-тамаша болады. Сол біртүрлі, игілік орындарының камқоры, почтмейстер, тағы тағылар біртүрлі секем алады. Бобчинский мен Добчинский осы арада да беттері бүлк етпестен әрі еріндеріндегі мылқау сұрақпен бір-біріне қарап, біртүрлі абыржыған күйде қалады. Тек қонақтар ғана бір қалыпты состыйып қалуы мүмкін, бірақ

бұл, сүрткіні бір тартқанда бір реңмен түсе кететін, картинаның шалғай тұсы сықылды. Қысқасы, бет құбылысымен әркім өз ролін жалғастыра береді, сөйтіп, меніңше, балетмейстерге мойын ұсынғанына қарамастан, әрдайым аяулы актер болып қалуы мүмкін. Бірақ бұдан әрі айтысып-тартысып, ізденерліктей бойымда қайрат қалған жоқ. Әбден тыйықтап біттім. Ант етемін, қасіретімді сезіп, құлақ қоятын пенде жоқ. Бәрінде бір құдайға тапсырдым; пиесама көңілім қалды. Қазір қайда қашқымның келетінін бір құдайымның өзі білсін, тек алдымда тұрған саяхат, кеме, теңіз тағы басқа, алыстағы көк аспан ғана көңлімді сергітуге тиіс. Осыларды қандай аңсап отырғанымды бір құдайдың өзі білсін. Құдай үшін тезірек келе көріңіз. Сізбен қоштаспай, жол жүрмек емеспін. Көріксіз, көңілсіз хаттың қолынан келіп жеткізе алмайтын көп жайларды сізге әлі де айта түсуім керек болып отыр...

1836 ж. 25 май.

С-Петербург.

II

«РЕВИЗОР»ДЫ КӨҢІЛДЕГІДЕЙ ОЙНАҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕРГЕ ЕСКЕРТУ

I

ГОГОЛЬДІҢ ТҮЗЕТИП КӨШІРІП
ЖАЗҒАН АЛҒАШҚЫ БЕТТЕРІ

Бәрінен бұрын карикатураға түсіп кетуден бой сақтау керек. Тіпті соңғы рольдердің өзінде де ешқандай әсірелеу немесе көп сөзділік болмау тиіс. Қайта актер сыпайы, қарапайым, және ойнап жүрген адамының шын қалпынан мейірбандылау болуға ерекше тырысу керек. Актер неғұрлым жұртты күлдірейінші, күлкілі боп көрінейінші деп аз ойласа, солғұрлым өзінің алған ролінің күлкілі жақтары көбірек көрінбек. Күлкілі жайлар комедияда суреттелген адамдардың өз жұмысын қандай пайымдылықпен істеп жүргендігінен келіп көрінеді. Соның бәрі де өмірінің ең бір маңызды мақсатындай, өз жұмысымен шұқшыя шұғылданып, тіпті оны жаны қалмай істеп жүреді. Олардың ойлап жүр-

ген қамының түкке тұрмайтындығын жұрт сырттан көреді. Бірақ олар мүлде қалжыңдап жүрген жоқ, сөйтіп өзімізге сырттан біреу күлер-ау деп тіпті ойларына да алмайды. Пайымды актер өз үлесіне тиген кейіпкердің ұсақ қылықтарын, уақ-түйек сырт ерекшеліктерін ұғынудан бұрын, рольдің жалпы адамзаттық қасиеттерін түсіне білуге тиіс... сол рольге нендей міндеттің жүктелгендігін, басына бекіген ойының арқауы болып отырған өмірін сарп етіп жүрген ең елеулі әрі ерекше деген қайғы-қамырығын аударып қарап көруі керек. Суреттелген кейіпкердің осы бір ең елеулі қайғы-қамырығын ұғынғаннан кейін, өзінің алған кейіпкерінің ойы мен талабы пиеса ойналған кезде басынан ұдайы кетпей, көкейіне қонып қалғандай ғып, актер оны көңіліне тоқып ала білуге тиіс. Дербес сахналар мен уақ-түйек жайында оның онша көп қам жемеуі керек. Актер тек өз геройының басына бекіген ойын егер жалғыз минутқа көңілінен шығармайтын болса, олар өздігінен-ақ ретке келіп, сәтті болып шыға береді. Тіпті рольді тұп-тұтас жасай қоймағанмен, бірақ жүріс-тұрыс пен қыймылды мазақ қып, шап беріп ұстай ала қоятын актер де сонша бір сәтті пайдалана беретін осы бір дербестік пен әралуан уақ-түйек меншікті нәрселердің бәрі де, — сурет сызылып, дұрыс жасалып болған кезде жағылатын бояулар ғана сықылды. Бұлар — рольдің денесі мен киімі, бірақ оның жаны емес. Сөйтіп, ең алдымен рольдің киімін қойып, осы бір жанына жармасу керек.

Ең елеулі рольдердің біреуі дуанбасы. Бұл, өзі бәрінен де қолына түсіп кеткен нәрсені құр жібермеудің қамын жейтін адам. Осы қамның қырсығынан өмірге байыппен көз жіберіп немесе өзіне бағдарлай қарауға қолы тимейді. Сол бір қамның қырсығынан ол өзі де сезбей қысымшыл, әрі қайырымсыз-қатал болып алады, өйткені өзінде жұртты қыспаққа ала қояйын деген зұлым ниет жоқ; тек әншейін көзіне көрінгенді жыйнап ала берейін деген ниет қана бар. Тек әншейін осыным біреуге ауыр тиіп, осыдан біреудің белі сырқырайды-ау дегенді ол ұмытып кеткен. Өзін орға жықпақ болған купецтер алдамшы ұсыныс жасаған кезде оларға оның рақымы түсіп кетеді, өйткені

оны өмірдің осы бір алдамшы рахаты арбап алып, өзгенің халі мен қасіретіне құлақ қоятын сезімін жібімейтін етіп, тұрпайыландырып жіберген. Құналы екендігін оның өзі де сезеді; шіркеуге де барып жүреді; өзі тіпті дінге де берікпін деп ойлайды. Кейіннен, тіпті тәубеге келсем бе деген де ниеті бар. Бірақ қолына ілігіп кеткен нәрсеге көзқызарлығы орасан, әрі өмірдің рахаты қатты еліктіріп тұрады, сөйтіп көзіне көрінген нәрсенің бәрін ала берсем-ау деген арман тіпті дағдыға айналып алады.

Бұл өзі — жауыз болмағанымен, бірақ шындық жайындағы ұғымы бұзылып, тіпті әлдеқашаннан өзі де сезбей, тұлабойы өтірікке толып кеткен орыс адамы. Сондықтан да өзі лепіре сөйлейді, байсалды да болады, тіпті маңызданып, кейбір сөздерді шабытпен де сөйлеп жібереді. Оның өзі бәлки тіпті маңайындағы жұрттың түп-түгел адал ниетті бола қалғанын көрген жерде, адалдық — талап... екенін адамдардың біреуі де болар.

II

ҚОЛЖАЗБАНЫҢ ТҮЗЕТІЛМЕГЕН ТОЛЫҚ ТЕКСТІ

Бәрінен бұрын карикатураға түсіп кетуден сақтану керек. Карикатуралы ештеме болмауға тиіс. Ойын неғұрлым қарапайым ойналса, сол... Актер неғұрлым жұртты күлдірейінші, күлкілі боп көрінейінші деп аз ойласа, кейіпкер солғұрлым күлкілі болып шықпак. Адамдардың барлығының өз жұмысымен шұғылданған пайымдылығына қарай, істеледі... Әрбір адамның қылықтары мен уақ-түйек сырт ерекшеліктерін ұғудан бұрын, актер рольдің жалпы адамзаттық қасиеттерін түсіне білуге тиіс. (Еңалдымен адам мінезін) сол адамға нендей міндет жүктеліп, оның нендей міндетпен жасалғандығын, әрбір адамның өз (өмірін) сарп етіп жүрген қайғы-қамырығының төркіні қайда екендігін, оның талабы мен ойы түп-түгел ылғый қалай қарай талпынатынын аударара қарап алуға тиіс. Суреттелген адамның осы бір ең елеулі қайғы-қамырығын ұғып алғаннан кейін, актер өзі сол қайғы-қамырықты көңіліне тоқып, соларды ойын үстінде ылғый басынан

шықпастай етіп, барлық ой мен талапты көкейіне қондырып алу керек; дербес сахналар жайында оның тіпті ойына да алмағаны жөн. Егер оның өзі тек суреттелген адамның шұғылданып жүрген ісімен пайымды әрі жанын сала шұғылданатын болса, олардың бәрі өздігінен кеп тамаша түйіспек.

Ең елеулі рольдердің бірі, бәрінен де қолына түсіп кеткен нәрсені құр жібермеудің қамын жеп жүрген адам, дуанбасы. Осы қамның қырсығынан өмірге байыппен көз жіберіп немесе өзіне бағдарлай қарауға қолы тимейді. Сол бір қамның қырсығынан, бәлкі, қалай қысымшыл болып алғанын өзі де сезбеген болу керек, өйткені өзінде жұртты қыспаққа ала қояйын деген зұлым ниет жоқ. Тек әншейін көрінгенді жыйнап ала берейін деген ниет қана бар. Осыдан жанындағы біреудің белі сырқырайды-ау дегенді ол ұмытып кеткен. Дегенмен өзі күналі екендігін оқтын-оқтын сезіп, құдайға құлшылық етеді, шіркеуге барып, тіпті дінге де берікпін, тіпті бір уақыттарда тәубеге де келермін деп те ойлап қояды. Бірақ қолына ілігіп кеткен нәрсеге көзқызарлығы орасай, әрі кәнігі болған дағдысы да орасан. Қашан келіп, қашан қоятындығы, қай жағынан жақындасуға ығыты келетіндігі белгісіз ревизор жайында тараған лақап оны қатты қайран қалдырады, ол-олма, ревизордың — жасырын ревизор екендігі одан да бетер қайран етеді. Ол өзі пиесаның басынан аяғына дейін өмірінің басқа күндерінде басынан кешкен жағдайлардан да гөрі алабұртып жүреді. Аса бір күйгелек болып алады. Үрейден үміт пен қуанышқа ауысқандықтан көз қарасы бір сыпыра алаурап, алдауға түскіші болып қалады, сөйтіп әншейінде тұзаққа оңайлықпен түспейтін оны... алдап кету мүмкін болып шығады. Ревизордың өз алақанында екенін көре қойысымен қорқу былай қалып, тіпті онымен жек-жат та бола кетеді, сол күннен бастап өзінің өмірі думан-тойдың, ішімдіктің ортасында асыр салып, айналасындағы жұртқа қызмет үлестірем, станциялардан ат сұрап, дуанбасы үйінің алдында жұртты сарылтам, сөйтіп маңызданып, дәрдыятын болам деген бір ғана ойдың өзінен-ақ лепіре қуанып сала береді. Сондықтанда нағыз ревизордың

келгендігі жайындағы хабар оған өзгеден де бетер жайдай соққы болып тиіп, жағдайы анық қаралы күйге түседі.

Сот пара жағынан онша күнәкар адам емес. Өзінің тіпті өтірік іс істей қоюға да құмарлығы жоқ, бірақ ит жүгіртіп, аң аулауға аса бір әуес адам... Амал қанша! Әркімнің бір әуес көрген нәрсесі бола береді ғой... Осының әлегінен, өзі де байқамай, әралуан қыруар өтірік іс істеп қояды. Өзі өз басымен, өз ақылымен болады және жалғыз-ақ осы жолда ғана көзге көрініп қалуға үлкен мүмкіншілік болғандықтан әрі құдайсыз да адам. Оған әрбір оқыйға, тіпті басқа жұрттың үрейленген нәрселерінің өзі де тауып алған олжадай болады, өйткені ол өзінің жорамалы мен ой-пікіріне нәр береді, осыған ол өз еңбегіне көңілі толған артисше разы болады. Осы өз-өзінен рахаттану актердің өңінен көрінуге тиіс. Сөйлей отырып өзі қасындағы кісіге сөзім қандай әсер етті екен деп ылғый көз қыйығын тастап қояды. Ол сөз іздейді.

Земляника алпамсадай болғанмен, айлакер жәдігөй адам. Денесінің күншектей жуандығына қарамастан, сөзінде, қылығында қыруар ептілік, жағымпаздығы және бар. Жең алған балықтың аты не деп Хлестаков сұраған кезде оның дәл құлағының түбінде тұрып «Лабардан-с» деп айтып қалу үшін жыйырма екі жастағы сәнқой жігітше елп етіп жетіп келе қояды. Ол, өз басын сауғалау үшін өзгелерді орға жығудан басқа амал таппайтын адамдар қатарына қосылды, сондықтанда ол... тамыр-таныстықты да, достықты да елемей, тек өз басын аман алып шығу үшін: алуан түрлі арам ой мен өсек-аяң айтуға асығып тұрады. Икемсіздігі мен алпамсадайлығына қарамастан әрдайым жылпың. Ал енді осыдан бір карикатура жасай қояын деп көңілге алмаған күннің өзінде де алпамсадай адамның көрушілердің көзіне айырықша күлкілі болып көрінетін сәттердегі күллі оқыйғаларды пайымды актер мүлт жібермек емес.

Мектептердің бақылаушысы — неге екені белгісіз тыным таптырмай тексеріп, берген сөгістен тек үрейі ұшып қалған адам ғана; сондықтанда өзі келген кісі-

нің бәрінен өлердей қорқып, неге күналі екенін өзі де білмесе де, ревизор туралы дақпырт естісе-ақ болды, жапырақша қалтырап қоя береді. Бұны ойнаған актер тек ұдайы бір үрейді көрсете беруі керек.

Почтмейстер — өмірге, өзі хаттардан ашып оқып жүрген бір, уақытты өткізуге бола тоғысқан қызық оқыйғалардың торабы ретінде қарайды. Бұл адам ә дегеннен-ақ оп-оңай... Актерге, шама келгенше ақкөңіл бола білуден басқа ештеме істеудің керегі жоқ.

Бірақ қаланың екі мылжыңы Бобчинский мен Добчинский ерекше жақсы ойнағанды талап етеді. Екеуін актер өте жақсы анықтап алуға тиіс. Бұл екеуінің өмірі қалада қарайған халық қоймай, сәлем беріп, хабар-ошар білісумен өткен адамдар. Екеуінің бар... Әңгіме айтуға құмарлықтары басқа қаракеттерінің бәрін жұтып қойған. Сөйтіп осы бір құмарлық екеуінің жетекші құмарлығы мен өмірдегі талпынған талабы болып алған. Ақыр аяғы, әлде не жайында әңгіме айтуға өзіне өйтіп-бүйтіп ерік тиген кездегі алған рахаттары көрінетін болуға тиіс. Екеуі тек біреу сөзімді бөліп, бөгет бола көрмесін деп қорыққандықтан ғана асығып-аптығып, әбігер болады. Әңгімеге арқау болғандай нәрсе табуға әуес. Осының салдарынан Бобчинский тіпті аздап тұттығып та қала береді. Екеуі де аласа бойлы, мыртық, біріне бірі орасан ұқсас, қарындары бұлтыйған ғана адамдар. Екеуі де дөңгелек жүзді, таза киініп, шаштарын жылмайта тарап тастаған. Добчинскийдің төбесінде тіпті кішкентай ғана қаскасы да бар: Бобчинский сықылды бойдақ емес, үйлі-баранды екені көрініп тұрады. Бірақ соның бәріне карамастан Бобчинский өзінің артық сергектігі себепті одан басымырақ түсіп, тіпті оны ақылмен біраз билеп те әкетеді. Егер актер осы рольді орындағысы келіп тек елден ерек сөзуарлықпен ауырдым деп көз алдына елестеткендей болса, уақ-түйек көріністердің бәрін былай жыйнап қоюға тиіс. Қысқасы, бұл екеуі өз бастарының керегі үшін емес, өзгелердің керегі үшін тағдырдың әкеп тастаған адамдары.

Басқа адамдардың бәрі де: купецтер, қонақтар, полицейскийлер мен әралуан арыз иесілер, күндегі көз

Предупреждение

друзьям нашим которые пожелают увидеть
как складывается Ревизор

Большее всего надобно опасаться чтобы не
впасть в карикатуру. Ничего не должно быть
привешенного или тривиального даже в комедии
полюди. Напротив нужно особенно стараться
быть искренней, проще и как от белгородской
или как в самом деле есть то лицо которое
представляется. Тем меньше будет думать
чужие о том чтобы сказать и быть simili-
челью даже тогда когда ^{обнаружить} ~~выявить~~ спрятанное
взятой или роли. Скрытое обнаружит само
сабою и именно в той сурьезности от какою
жестко ^{своим делом} ~~идею~~ и в лице ~~высказывая~~ в комедии.
~~Потому что в самом деле все они знают что~~
потому что сущность даже жарко своим делом
как же в самом деле задано своей жизни труду
только со стороны видна пустяки и забота но
мы сами они ~~не~~ ^{не} и шутки ~~забывают~~ и ~~ничего~~
не думают ^{о том} что над ними кто нибудь смея
напротив каждый и в нем внутреннее движение.
Умному Умный актер придет и не светит
маленькие приемы и малые свои особенности
внешний ^{в театральном} ~~в театральном~~ ^{лицо} ~~лицо~~ должен отпер
твое по пате общественные выражения своих
ролей. Должен разсмотреть заглавье призвана

«Ревизорды» көңілдегідей ойнағысы келетіндерге ескерту.
Н. В. Гогольдің автографы.

алдымыздан өтіп жатқан адамдар ғана, сондықтан да оларға әрбір сословие адамының сөзі мен әрекет айласындағы ерекшелігін байқай білетін әркімнің-ақ оп-оңай түсіне қоюына болады. Басқа рольдерден басымырақ тұрғанына қарамастан, қызметші жайында да осыны айтуға болады. Төмендеу қарап жүріп, мырзаның шимай-шатпақшы әрі татымсыз екендігін іші сезіп, оған сөкет сөздер айтатын, мырзаға арнап өз-өзіне уағыздай беруді жақсы көріп, үндемей жүріп жәдігөй болатын, дегенмен, оп-оңай олжа түсетін жерлерде орайын тауып пайдалана қоятын, егде тартқан орыс қызметшісі, — жұрттың бәріне аян. Сондықтанда бұл роль әрдайым жақсы ойналып келді. Ревизордың келгендігі осы адамдардың қай-қайсысына болмасын қандай әсер ете алатындығын әркімнің-ақ біркелкі сезінулеріне болады.

Жұрттың бәрінің ойында тек ревизордың отырғанын ғана ұмытпау керек. Бәрінің есі-дерті ревизор. Қатысатын адамдардың бәрінің де үміті мен үрейі ревизордың төңірегінде үйіріледі. Біреулер оңбаған дуанбасылар мен әралуан паракорлардан құтылатын болдық деп дәмеленеді. Біреулер қауымның жоғары дәрежелі чиновниктері мен алдыңғы қатарлы адамдарының үрейі ұшқанын көріп, зәресі зәннемге кетеді. Дүниенің бар ісіне мұрнын шұқып тұрып, жайбарақат ғана қарайтындар құпыя бір қорқынышпен, осынша дүрбелең салған адамды ақыр аяғы көретін болдық ендеше өзі, сөзсіз елден ерекше, әрі нән адам болу керек деп әуестенеді.

Бәрінен де үрейі ұшқан қала халқының ревизорға балап қабылдаған адамының ролі қыйынырақ. Хлестаков өз-өзінен татымсыз адам. Тіпті даңғой дегендердің өзі де оны даңғой дейді. Біреудің ілтипатын өзіне аудара қоярлық істі ол өмірі істей алмаған болар еді. Бірақ дүйім елдің дүрліккен үрей қваты одан комикалық тамаша кейіпкер жасап берді. Жұрттың көзін көлегейлей қойған үрей оған комикалық рольге жол беріп отыр. Осы уақытқа дейін, қайда жүрсе, тіпті Нева проспектісімен көкірегін көтеріп өткен кездерде де көрінгенге көз түртті болып келген ол емін-еркіндікті сезіп, күтпеген жерден ойда жоқта кө-

сіліп сала береді. Оның бойындағының бәрі ойда жоқ оқыйға мен күтпеген іс. Тіпті өзіне осынша ілтипат пен құрметтің иеліктен көрсетіліп отырғанын ол көпке дейін түсіне алмай да жүреді. Жұрт өзінің тілін алып, қас-қабағына қарап, көңілге алғанының бәрін орындап, аузынан шыққан сөзінің бәрін ұйып тындағанын көріп тек бойы балқып, рахатқа батады. Сөзінің қайда апарып соқтырарын білмей, әуелде өзі әңгіменің қызығына түсіп те кетеді. Әңгіменің тақырыбын өзіне сыр тартайын деп келгендер береді. Олардың өздері онын аузына сөз салып, әңгіме құрады. Ол тек ешнәрсеге бөгет болмаған жердің бәрінде де құйқылжый беруге болатындығын сезеді. Ол өзі әдебиетте де мырзамын, балдарда да сорлының бірі емеспін, өзім де бал жасаймын, ақыр аяғы тіпті мемлекет адамымын деп те сезеді. Өзіне деген... ол ешнәрседен ат-тонын ала қашпайды. Әралуан лабардан мен шараптан араластыра тартқан тағам тілін безеп, шешен ғып жібереді. Аузынан шыққан сөзге барған сайын бүкіл жан сезімімен бойұрады. сондықтанда көптеген жайларды лепіре отырып әңгіме етеді. Ешқандай алдайын деген ниеті болмай отырып, өтірік айтып салғанын өзі де ұмытып қала береді. Өзіне осының бәрін анық істегендей болып көрінеді. Сондықтанда мемлекет адамымын деп өзі туралы баяндайтын сахна чиновниктердің үрейін сонша бір қатты алып отыр. Әсіресе әлгі Петербургтағылардың бірін қоймай түп-түгел жер-жебіріне жете сөктім деген кезінде оның жүзі ызғарланып әрі мың құбылып сала беретіні де осыдан. Талай сөгістің тақсыретін тартып, өз басынан кешіргендіктен, жер-жебірге жетудің қалай екенін көре отырып, мұны ол сөйлеген сөзінде майын тамызып безеп беруі керек; әңгіме үстінде болғанмен, өзгелердің сазайын өзі де тарттырған кезінде ол рахатқа батып өте бір балқып кетеді. Сөзбен өзі одан да әрегірек барып қалуы да мүмкін еді, бірақ әрі қарай тілі күрмеліп қала береді, сол себепті чиновниктер әрі құрметтеп, әрі қорқа жүріп, оны сайлап қойған қоналқы жайға амалсыз апарып салады. Ұйқыдан ояна кетіп ол баяғы сол бір Хлестаков болып шыға келеді. Өзі тіпті жұртты не деп қорқытқанын да ұмытып қалады. Басы баяғысын-

ша ойдан жұрдай қылықтарының бәрінде де есуастық болады. Қызына да, қыздың шешесіне де тіпті бір сәттің өзінде-ақ ғашық болып шыға келеді... Ақша сұрайды, өйткені оның өзі аузынан өз-өзінен шығып кеткендіктен әрі алғашқы сұраған адамы құрақ ұшып алдынан ала жүгіргендіктен сұрайды. Өзін жұрттын жоғарырақ біреуге балап жүргенін ол тек актынын аяқ шенінде ғана барып сезеді. Мұндай өтіріктің өрісі ұзаққа бармайды деп Осип бір аз ақыл айтпағанда ол сол жайбарақат жатқан бойында пәлеге ұрынып, қорадан масқара болып қуылып шығатын еді. Қысқасы, бұның өзі, бір құдайымның өзі білсін, үш ат жеккен күймемен беталдына құйғытқан адам кейпіндегі алдау-арбау сықылды, жалған адам. Бірақ солай бола тұрса да, бұл роль барынша, ең тәуір деген актерге берілгені жөн, өйткені бұл бәрінен де қыйынырақ роль. Осы бір даңғой адам мен жұғымсыз мінез, тіпті жұғымсыз емес жұрттың да басында болатын қыруар қасиетті бойына жыйнаған. Азды-көпті дегендей жұрттың бәрінде бірдей бола беретін, елден ерекше Хлестаковтың бойынан табылған әсіресе осы бір құйқылжуға құмарлық дегенді актер есінен екі елі шығармау керек, — бұның өзі балалық құмарлық, бірақ бұл талай ақылды әрі қарт деген адамдардың басында да бола береді, сондықтан әлденендей іс үстінде оны басынан кешпегендер некен-саяқ-ақ болар. Қысқасы, бұл рольді орындау үшін актерде, адамның әлденендей бірыңғай ғана, тұрақты мінездері емес, алуан түрлі мінез-құлқын көрсете алатын жан-жақты талант болу керек. Оның өзі аса бір епті зыялы қауым адамы бола білуге тиіс, өйтпеген күнде адамды дүниенің төбесіне шығарып арлы-берлі жүйткітіп жүрген, елден ерекше Хлестаковқа батпандап тиген, сол бір даңғой зыялы қауым тұрлаусыздығын әрі аңқау, әрі ақкөңіл бола отырып көрсете қою қолынан келмес еді.

Әсіресе «Ревизордың» соңғы сахнасы өте жақсы ойналуға тиіс. Бұнда қалжың былай қалып, қыруар адамның хал-жағдайы қаралы күйге түседі. Бәрінен де дуанбасының жағдайы таңқаларлық. Қалай деген күнде де, бірақ көрер көзге тіпті көркі де, тұлғасы да жоқ, сіренкенің шиінен аумайтын (Хлестаковтың тал-

дырмаш, басқалардың бәрі алпамсадай екені жұртқа мәлім), даңғой әрі жұғымсыз бір баладан сонша қатты алданып қалу дегеніңіз ойыншық емес. Ақылды адамдарды, тіпті асқан айлакер деген жәдігөйлердің өзін де жерге отырғызып кетіп жүрген адамның осынша қатты алданып қалғаны қандай десеңізші! Ақыр аяғында нағыз ревизордың келгендігі жайындағы хабар оған төбесінен жай түскенмен бірдей болады. Ол мелшиіп тұрып қалады. Жайылған қолы мен шалқалай қайрылған басы қыймылсыз қалады, сөйтіп, төңірегіндегі қатысып жүрген күллі топ бір сәтте әралуан жайда мелшиіп тұрып қалған топ құрайды.

Күллі сахна — мылқау картина, сондықтанда ол жанды картиналар іспеттес болып жасалуға тиіс. Әрбір адамға, өзінің мінезіне, қорқыныш дәрежесі мен нағыз ревизор келіп қалды деген сөзден елеңдеуіне қарай дене келбеті белгіленіп берілу керек. Бұл дене келбеттері біріне бірі ешбір ұсамай, әралуан, әрқыйлы болуға тиіс; сондықтанда әркім өз дене келбетін ұмытпайтындай әрі қатерлі хабар құлағына тиіп, қайран қалған кезде сол келбетіне кенет келе қоятындай болуы керек. Алғашқыда мұның өзі амалсыздан істеліп әрі ілездікке де бейім болып шығады; бірақ кейіннен, бірнеше репетициядан соң, әрбір актер өз жағдайына тереңдеп түсіне келе, жаңағы дене келбеті көңіліне тоқылып, орынды, өзіне меншікті болып кетеді. Ілездіктен туған икемсіздік пен иіле қоймаушылық жоғалады да, мылқау картина өз-өзінен шыға келгендей боп көрінетін болады.

Дененің тұрған күйінің өзгеруіне әлденендей бір аяқ астынан кезіккен нәрсеге әйелдің ақырын ғана аһ деген дыбысы мезгеу бола алады. Біреулер, мылқау картинаға берілген жаңағы күйіне қатерлі хабар әкелген жаршы көрінісімен аз-аздап түсіп, өз күйіне келе бастайды: бұлар — аз таңырқаған адамдар, ал енді кейбіреулер аяқ астынан — бұлар қатты қайран қалғандар. Бірінші актер өзінің дене келбетін сәл уақытқа қоя тұрып, картинаның орынды болып шығуы үшін, нені әлсіретіп, нені күшейтіп, нені жұмсартудың керек екендігін аңғару үшін сырт көруші адам ретінде жаңағы картинаға бірнеше рет қарап көрсе, жаман болмас еді.

Картина мынадай боп орнауға тиіс:

Мүлде меңіреу тартып мелшиген дуанбасы ортада тұрып қалады. Оның оң жағын ала, бетіне үрейлене қарап әйелі мен қызы орналасқан. Олардың сыртында, сұрау белгісіне ұқсап, залдағы жұртқа қарап почтмейстер тұр. Оның сыртында өңі судан суырып алғандай боп-боз болған Лука Лукич. Дуанбасының сол жағын ала, қолын бірдемеге қарып алған кісіше саусағын аузына таман апара түсіп, қасын керіп Земляника тұр. Оның сыртында, жерге жүрелеп отыра кетіп: «Мәс-саған безгелдек...» дегендей болып ернін жымырып сот орналасқан. Олардың сырт жағын ала Добчинский мен Бобчинский көздері бақшыйып, ауыздары аңқайып, біріне бірі қарап қалған. Қонақтар екі жаққа қақ жарыла бөлініп, бір жағы дуанбасының бетіне қарауға ынтығып, тұтас еңсеріле ылықсый түседі. Бұл мылқау сахна перде әбден жабылғанға дейін бір минуттай сол қалпында тұра береді. Топтың ептілікпен әрі емін-еркін тоғысуы үшін, ең әдемісі топты құрып, сурет жасай білетін художникке тапсырған дұрыс...

Егер актерлердің әрқайсысы бүкіл пьеса ойынының бойында өз рольдерінің күллі жағдайына тым болмаса біраз түсінген болса, онда олар бұл мылқау сахнаның өзінде де сондай-ақ өз ойындарын бұрынғыданда шарықтата түсіп, рольдерінің жағдайларын өткір етіп көрсете алады. Егер өздері ойынды салқын, салақ ойнаса, сондай-ақ мұнда да салқын, салақ болып қала береді, тек ондағы айырма бұл мылқау сахнада олардың шебер еместігі көзге бұрынғыдан да бетер бадырайып көрінетін болады.

III

ПЬЕСАНЫҢ АҒЫМЫН БӘСЕНДЕТКЕНДІКТЕН БІРІНШІ
БАСЫЛУЫНАН ДА АЛЫНЫП ТАСТАЛҒАН ЕКІ КӨРІНІС

1. III ПЕРДЕ 3 КӨРІНІС

Анна Андреевна мен Мария Антоновна.

Мария Антоновна. Бірақ, апатай, өзіңізге бәрінен де көзіңіздің неліктен тәуір көрінетінін мен өзім біле алмай отырмын...

А н н а А н д р е е в н а. Бекер көрініп отыр саған. Ханым, сен лағып сөйлеп отырсын. Өзім көрмеген, сондай бір кербез, күллі көйлек-көншегін Москвадан алдыратын, полковник әйел әлгі қолымызда тұрған кезде, — кейде: «Рахым етіңізші, Анна Андреевна, осы бір сырды ашып беріңізші, көзіңіз осы неліктен сөйлеп тұрады...» дейтін еді дамыл таппай, кейде жұрттың бәрі бір кісідей: «Анна Андреевна, сіздің лебіңізден дүниені түп-түгел ұмыту үшін, жаныңызда жалғыз минут отырудың өзі ғана жетіп жатыр» дейтін еді. Жә енді, сол кезде осында еру боп жүрген штаб-ротмистр Старокопытов ше? Ол өзі, ондау ісімен еру боп па еді, немене, есімде жоқ? Сымбатты еді! Қызыл шырайлы келген, жайнаң жүз, қандай екенін тіпті өзім де білмеймін, ал енді көйлегінің жағасы дегенің сондай бір бәтес еді, ондай бәтесті купецтеріміз өзімізге әлі күнге әкеп көрген емес. Сол маған сан рет: «Анна Андреевна, мұндай көздерді көрмек түгіл, кітаптан да оқымағандығыма ант етемін; сізге қараған кезде не боп кететінімді тіпті өзім де білмеймін...» дейтін еді. Ол кезде үстімде, айналасына жалпақтығы еліден аспайтын, жіп-жіңішке әдіп басып, жүзім жапырағы мен масақ кестеленген шілтер желбірім бар болатын — өзі бір, әншейін, көздің жауын алып тұратын еді! Кейде былай дейтін еді: «Анна Андреевна, сізге қараған мезетте сонша бір балқып кеткендіктен, тіпті жүрегім», тағы да былай дейтін... Оның өзіме не дегенін қазір тіпті есіме түсіре алар емеспін. Қайда! Осыдан кейін өзі сондай бір шатақ шығарып: ақай жоқ, ноқай жоқ. атылмақшы да болды, бірақ әйтеуір тапаншасы бір жерде жоғалып қалған екен, ал енді тапаншасы табыла қойғанда бұл дүниеде әлдеқашан жоқ болатын еді.

М а р и я А н т о н о в н а. Білмеймін, апатай, — дегенмен, маған көзіңізден гөрі неқ тұсыңыз әлдеқайда сымбатты сықылды болып көрінеді.

А н н а А н д р е е в н а. Атама, атама. Олай деуге тіпті келмейді. Бекер деген соң бекер!

М а р и я А н т о н о в н а. Жоқ, рас, апатай; өзіңіз өстіп, сөйлеп немесе қырыңыздан отырған кезде, ерніңіз ылғый...

Анна Андреевна. Тілеуінді берсін, жоқты сөйлемеші! Оллаһи, сондай бір беймаза! Тайталаса кетпейтін жері жоқ... Жасаған-ай, сактай көр! Қарашы, шешесінің әдемі көзіне іші күйіп күндеп отырғанын. — Осы бір талас, бос әуремен отырып, сенімен ұзақ-сонар әңгімеге түсіп кеттім өзім. Өстіп отырғанда оның келіп қалмасына кім кепіл, сөйтіп мына киімімізбен үстімізден кеп түссе, қай бетіңді айтасын. (*Жалмажан кетеді; оның соңынан Мария Антоновна*).

2. IV ПЕРДЕ 6 КӨРІНІС

Хлестаков пен эксельбантты екатеринин мундирін киген
Растаковский.

Растаковский. Өзімді сізге таныстырып қояйын — осы қаланың тұрғыны, помещик, отставкадағы секунд-майор Растаковский болам.

Хлестаков. Ә, отыруыңызды сұраймын; қатты қуаныштымын. Сіздің бастығыңызбен жақсы таныс едім.

Растаковский (*отырып*). Ә, сіз Задунайскийді біледі екенсіз ғой?

Хлестаков. Қай Задунайскийді?

Растаковский. Граф Руднцов-Задунайскийді, Петр Александровичті. Ойбай-ау, ол менің бұрынғы бастығым ғой.

Хлестаков. Я... қызмет істегеніңізге көп болып па еді?..

Растаковский. 773 жылы, қамау кезінде Силистрия түбінде болғам. Ұрыс қатты қызу болған еді. Түріктер, тап осы алдымыздағы столдай жерде ғана тұрды. Мен онда сержант едім, ал полкымыздың секунд-майоры Гвоздев Петр Васильевичті білмейтін бе едіңіз?

Хлестаков. Гвоздев? Ол қайссы?

Растаковский. Петр Васильевич. Өзі кейіннен марқұм императрицаның жоғары әмірі бойынша драгундарға ауыстырылған болатын.

Хлестаков. Жоқ, біле алмадым.

Р а с т а к о в с к и й. Өзім де сіз біле қоймас деп ойлаған едім, өйткені оның өлгеніне отыз жылдан асып кетті. Осы арада жап-жақын, қаладан жыйырма шақырым жерде ғана, Иван Васильевич Рогаткаға күйеуге шыққан немере қызы бар.

Х л е с т а к о в. Рогаткаға? Қарай көріңіз! Оллаһи, мұны тіпті ойыма алмаған едім.

Р а с т а к о в с к и й. Я, Рогатка, Иван Васильевич. Сөйтіп, түріктер, тап осы столдай, қарсы алдымызда тұрды. Қыс пен қар, лайсан дегеніңіз, тап әлгі француздар Москваға таяп келген жылғыдай еді. Полкымызда бір Фиктель-Кнабе дейтін неміс секундмайор да бар болатын. Өзінің аты Сихфрид Иванович еді, бірақ ол кездегі генерал-аншеф Потемкин атыңды өзгерт деп әмір берді: «Сен» деді, «Сихфрид емес-сін, Супсын,— ендеше, Суп Иванович бола ғой!». Содан бастап өзі Суп Иванович боп атанды да кетті. Сөйтіп осы Суп Иванович пен жаңағы өзім айтқан, секундмайор Гвоздев екеуі ат жем әкелуге сапар шекті. Оларға еріп квартирмистр екеуіміз бірге бармақшы болдық, егер білгендей болсаңыз, Трепакин Автоном Павлович деген кісі еді: оның да өлгеніне сірә жыйырма бес жыл болып қалды-ау деймін.

Х л е с т а к о в. Трепакин? Жоқ біле алмадым. Ал енді өзім сізден мынаны сұрайын деп едім...

Р а с т а к о в с к и й (тыңдамай). Қолаң шашты келген, келбетті жігіт еді, алтын эксельбанты бар болатын. Польскийді құйқылжытып билейтін-ді. Кейде қолымен бір соғатын да, полковниктің өзінің қасындағы қызды да қағып әкететін, сөйтіп қыздар тек... хе-хе-хе... Ол кезде шатыр тігіп жатқан болатынбыз; сөйгіп, өзінің шатырына сығалай қойсаң... хе-хе-хе... сонда отырғанын көресін, сөйтіп, танертең деншигі драгунше, үшкіл қалпақ кигізіп, шығарып жіберетін... хе-хе-хе... белдігі де ілулі тұратын, хе-хе-хе...

Х л е с т а к о в. Я, бұл менің бір өте пайдалы қызмет орнында істеп жүрген, таныс чиновнигімнің басынан кешкен оқыйғаға ұқсас екен. Шапанын жамылып, қорқорын тартып отырса, ойламаған жерден менің бір кавалергард полкының гвардееці досым келе қалыпты

да, былай депті... (Үндемей қалып, сол екі арада Растаковскийдің көзіне қадала қарайды.) Бері қараңызшы, дегенмен сіз маған қарызға біраз ақша беретұра алмас па екенсіз? Жолда шығындалып қалып едім.

Растаковский. Я, ақшаны сұраған қайсысы: чиновник гвардеецтен немесе гвардеец чиновниктен сұрап отыр ма?

Хлестаков. Жоқ, мұны сізден мен сұрап отырмын. Көрдіңіз бе, кейін өйтіп-бүйтіп ұмытып кетермін деп, қазір сұрап отырмын.

Растаковский. Ақша сіздің өзіңізге керек екен ғой? Сұмдық-ай десеңші! Ендеше мен, әзіл үстінде гвардеец сұрап отырған шығар деп ойлап қалып едім. Кей-кейде сөз арасында осындайдың бола беретіні-ай десеңші! Сізге ақша керек екен ғой? Ал енді өзім, шынымды айтайын, үлкен бір өтінішпен сіздің мазаңызды алғалы келіп едім.

Хлестаков. Не, не жайында?

Растаковский. Қосымша пенсия алуға тиіс едім, сөйтіп, сол жақтағы сенаторлардың немесе басқа біреулердің құлағына сала салсаңыз деп сұрағалы келіп едім.

Хлестаков. Рахым етіңіз, рахым етіңіз.

Растаковский. Өзім де арыз берген едім, бірақ тек тиісті жеріне жетпеді-ау деймін.

Хлестаков. Қалай, арызды бергеніңізге көп болып па еді?

Растаковский. Я, егер дұрысын айтсам, онша көп те бола қойған жоқ,— 1801 жылы берген едім; бірақ міне сол отыз жылдан бері ешқандай бұрыштама келмей отыр. Мен оны сол кезде Петербургқа бара жатқан Сосулькин Иван Петровичтен беріп жіберген едім; бірақ өзі онша сенімді адам емес болатын. Арызды тиісті жеріне апарып бермеуі де кәдік. Жауабын күтуге енді, шынында, көп те қала қойған жоқ: отыз жыл өтті, ендеше, ұзамай шешіліп қалуы да тиіс.

Хлестаков. Я, әлбетте, онда ұзамай шешіледі екен; дегенмен, мен де өз тарапымнан... жақсы, жақсы.

IV

«РЕВИЗОР»ДЫҢ БАСПАСЫНА АВТОРДЫҢ ӨЗІ
ЕНГІЗБЕГЕН КӨРІНІС

1835

IV ПЕРДЕ, 8 КӨРІНІС.

Хлестаков пен Гибнер.

Гибнер Ich habe die Ehre mich zu rekommandieren: Doctor der Arnen — Anstalten, Hiebner¹.

Хлестаков. Отыруыңызды сұраймын...

Гибнер. Es freuet mich sehr die Ehre zu haben, einen so würbigen Mann zu sehen, den die hohe Obrigkeit bevollmächtigt hat...²

Хлестаков. Жоқ, мен өзім немісше... Оданда орысша сөйлесейік. Айтыңызшы, тілеуіңізді берсін: жалпы алғанда чиновниктерге қазір жақсы жалақы тағайындалып отыр ғой. Қалай, ақшаға өзіңіз бай қойған жоқсыз ба?

Гибнер. Ақша?... Я, қандай ақша?..

Хлестаков. Я. Егер ақшаға байыған болсаңыз, қарыз сұрайын деп едім... қарызға... яғни, мұның мәнісі мынадай: қазір сіз маған giebt³ ал мен кейін қайтарып беремін.

Гибнер. Ақша... ақшам жоқ... (*Әмиянін алады да, сілкеді.*) Sehen sie⁴ жоқ... бір-ақ сигар... басқа жоқ...

Хлестаков. Ендеше амал жоқ! Жоққа сот та жоқ деген.

Гибнер (әмиянін тығып, содан соң тағы да қалтасына қол салады). Wollen sie eine Cigarre rauchen⁵ (Алады да, сигар ұсынады).

Хлестаков. Әбден жақсы, gut! Әкеліңіз, giebt (*Алады да, тартады*). Жақсы сигар екен. Өзі, сірә,

¹ Өзімізді алдыңызға тартамын: игілік орындарының дәрігері Гибнер болам:

² Өкіметтің жіберген өкілі, сонша бір ардақты адамды көріп тұрғанымға қуаныштымын.

³ Беріңіз.

⁴ Көрдіңіз бе.

⁵ Сигар тартпас па екенсіз?

Петербургтан шыққан ғой деймін? (*Түтін шығарады.*)

Гибнер. Жоқ... Рига... дан...

Хлестаков. Ригадан? Я, өзім де солай ғой деп ойлап едім.

Гибнер (*орындықтан тұра беріп, ізет етіп*). Ich darf Sie nicht mehr beunruhigen und Ihnen die there Zeit rauben, die Sie den Staatsgeschäten wibmen¹.

Хлестаков. Хош болыңыз. Танысқаным қуанам.

IX КӨРІНІС

Хлестаков (*жалғыз*). Сигар тартқан да жақсы. Осындағы чиновниктің көбі-ай десеңші! Қала қапысыз-ақ қоныстандырылған екен...

V

«РЕВИЗОР» ДІҢ ТҮГІНІ

Қатысатын адамдар

Бірінші комик актер — Миханло Семенович Щепкин.

Эп-адемі актриса.

Баска бір актер.

Федор Федорыч, театрға әуес адам.

Петр Петрович, үлкен зыялы қауым адамы.

Семен Семеныч бұл да шама-шарқынша кіші-гірім зыялы қауым адамы емес.

Николай Николаич, әдебиетші адам.

Актерлер мен актрисалар.

Бірінші комик актер (*сахнаға шыға келіп*). Сыпайысыйтын енді түгі де жоқ. Бұл жолы анық жақсы ойнадым деп айта алам, жұрт та тегіннен-тегін қол соға қойған жоқ. Егер осыны өзің сезініп, егер өзіңнен өзің ұялмасаң, онда шаруаны көңілдегідей істеп шықтың деген сөз.

Актерлер мен актрисалар дүрмегі шығады.

¹ Бұдан әрі мазанызды алып, мемлекеттік міндеттерге арналған қымбатты уақытыңызды бөлуге дәтім бармай тұр.

Басқа бір актер (*қолына венोक алып*). Михайло Семенович, бұл сізге венोक әкеле жатқан жұрт емес, бізбіз. Жұрт веногін ұдайы жете танып үлестіре бермейді; одан шағын ғана қызметке де венок тиіп қала береді; бірақ алда-жалда өз ағайыны — кей-кейде әрі күншіл, әрі әділдіктен тайып кеткіш келетін өз жолдастары бас қосып, сол өз ағайыны—жолдастары бір ауыздан үкім шығарып кімде-кімге венок тапсыратын болса, ондай адам венокке анық татыйтын адам деген сөз.

Бірінші комик актер (*венокті қабылдап*). Жолдастар, бұл венокті бағалай білем.

Басқа бір актер. Жоқ, қолыңызға ұстамаңыз; басыңызға киіңіз!

Барлық актерлер мен актрисалар. Венокті басыңызға киіңіз!

Әп-әдемі актриса (*ілгері аттап, әмірлі ыраймен*). Михаил Семеныч, венокті басыңызға киіңіз!

Бірінші комик актер. Жоқ, жолдастар, венокті сіздерден алуын алсам да, бірақ басыма кие алмаймын. Өзінің жанына жаға білген кім көрінгенге сыйға тартатын, дағдыдағы құрмет белгісі ретінде, венокті жұрттан қабылдау — бір сәрі; ондай венокті басқа кимеу жұрттың ілтипатын елемегендік болар еді. Бірақ өзіңмен терезесі тең жолдастардың арасында тұрып венок кию, мырзалар, ол үшін өзінде орасан өркөкірек сенім болу керек.

Бәрі. Венокті басыңызға киіңіз!

Әп-әдемі актриса. Михаил Семеныч, венокті басыңызға киіңіз!

Басқа бір актер. Бұл біздің шаруамыз; төреші сіз емес, бізбіз. Ең алдымен киіп алыңыз, содан соң неге кигізгенімізді өзіңізге айтып берейік. Міне осылай! Енді тындай беріңіз! Венок берген себебіміз, сіз міне жыйырма жылдан аса арамызда жүрсіз, әрі сізге бірде-біреуіміздің ешқашан көңіліміз қалып көрген емес; венок берген себебіміз, сіз өз жұмысыңызды біздің бәрімізден де ынталы істеп, бір ғана сол үлгіңізбен өз жолымызда қажымауға жігер бердіңіз, онсыз біздің күшіміздің жетер-жетпесі екі-талай іс еді. Өз өнегесімен жолдас демеуші болмаса, басқа қандай

күш демеуші бола алады? Сізге венок әкелген себебіміз, сіз жалғыз өз басыңызды ғана ойлап, тек өз ролімді ғана жақсы ойнасам екен деп қам жеген жоқсыз, сіз әркім өз ролін ақсатпаса екен дедіңіз, ешкімге ақыл айтудан ат-тоныңызды ала қашқан жоқсыз, елдің бәрін елеп-ескеріп отырдыңыз. Ең ақыры, венок әкелген себебіміз, сіз искусство ісін соншалық сүйетін едіңіз, өйтіп оны біздің бірде-біріміз ешқашан сүйіп көрмеген едік.— Сөйтіп, осыларыңыз үшін сізге қазір бір ауыздан венок әкеп тұрмыз.

Бірінші комик актер (*қобалжып*). Жоқ, жолдастар, олай бола қойған жоқ, солай бола қойсын дегім де келмей тұр.

Федор Федорыч, Семен Семеныч Петр Петрович пен Николай Николаич кіреді:

Федор Федорыч (*бірінші актерді құшақтамақ боп ұмтылып*). Михайло Семеныч өзімді-өзім ұмытып, сіздің ойыныңыз туралы тіпті не дерімді білмей тұрмын; сіз әлі күнге өмірі бүйтіп ойнамаған едіңіз.

Петр Петрович. Менің сөзімді қолпаштағандық дей көрмеңіз, Михайло Семеныч, бірақ мен көрмедім деп шынымды айтуға тиіспін, — мақтанбай-ақ айтайын, Европаның барлық бірінші клас театрларында болып, тамаша актерлердің талайын көріп едім, бірақ дәл осындай ойынды кездестіре қойғам жоқ, менің сөзімді қолпаштағандық дей көрмеңіз.

Семен Семеныч. Михайло Семеныч!.. (*Сөзбен айтып жеткізе алмай, қол қыймылымен бейнелейді*) Сіз тіпті Асмодейдің өзісіз!

Николай Николаич. Өз ролін осынша шарықтатып, төрт аяғынан осынша тең бастырып, осынша саналы, әрі бәрін оймен толғап орындау — жоқ, бұның шоқтығы күнделікті ойындардан асыңқырап жатыр. Бұл екінші шығарма. творчество!

Федор Федорыч. Искусство веногі — одан басқа түкте емес! Искусствоның терең мағнасына түптеп келгенде осы арада ғана түсінесін. Мысалы, жаңағы өзіңіз ойнаған кейіпкердің көз тартарлық қай жері бар еді? Жәдігөйлердің біреуінің бейнесіне түсіп көрушінің көңілін қалай көншіте алу керек еді? Бірақ сіз көншітіп

кеттіңіз. Мен өзім жылап жібердім; дегенмен кейіпкердің жағдайына жаным ашығандықтан жылағам жоқ, — рақаттанғандықтан жыладым. Жаным жарқырап, жай тауып қалды. Жарқырап, жай тапқан себебі, сіз жәдігөй жанының күллі ерекшелігін жайып салып, оның кім екенін айқын көрсеттіңіз.

Петр Петрович. Гапу етіңіздер, дегенмен, пиесаның жасау жабдығын мастерскойдың сыбағасына қалдыра тұрып, шынында мұндай жабдықты өзім бұрын көрмеген едім, — бірақ мақтанбай-ақ айтайын, ең тәуір деген театрларда болып көрдім, — сөйтіп өзім енді, автордың кімге борыштар екенін біле алмай тұрмын: сіздерге ме, мырзалар, әлде театрымыздың бастығына ма, — бәлки екеуіне бірдей борыштар болуы да мүмкін; дегенмен мұндай жабдық қандай пиесаны болса да алып шығып алады. (*Менің сөзімді қолпаштағандық дей көрмеңіздер, мырзалар!*) — дегенмен, осының бәрін былай қоя тұрып, маған, пиесаның өзі жайында осыдан он жыл бұрын оның алғаш қойылған кезінде көрсеткен ескертуімді айта кетуге рұқсат етіңіздер, мен: «Ревизор»дың тіпті қазіргі беріліп отырған түрінің өзінен де, осы пиеса қоғамға қажет болады-ау дерліктей қоғам үшін ешқандай маңызды пайдасын көре алмай тұрмын.

Семен Семеныч. Мен тіпті зыян деп ойлаймын. Бұл пиесада өзімізді өзімізге қорлап көрсетіп отыр; мен өзім мұны жазған адамның отанға деген сүйіспеншілігін көре алмадым. Оның үстіне, қандай сыйламау, қандай көңілге қарамау десенізші... Күллі жұртқа: «Неменеге күлесіндер?» Өздеріне өздерін күлесіндер!» деп қалай аузы барып айтқанына өзім тіпті түсінбеймін.

Федор Федорыч. Бірақ, достым, Семен Семеныч-ау, ұмытып кетіпсін ғой: оны айтып отырған автор емес, оны айтып отырған дуанбасы ғой; оны жұртқа күлкі болғандықтан, әлбетте, іші күйіп, қамығып, қаһарға мінген жәдігөй айтып отыр ғой.

Петр Петрович. Гапу етіңіз Петр Федорыч, гапу етіңіз, дегенмен, ескерте кетейін, осы сөздер, шынында да ғажайып әсер етті, сөйтіп, театрда отыр-

ған жұрттың қай-қайсысы болмасын, осы бір «өздерің өздерің күлесіндер!» деген сөздерді автор жалғыз маған ғана арнап айтты-ау дегенге сықылды. Бұлай дейтінім... мырзалар, менің сөзімді сіздер авторға деген әлденендей бір дүрдараздық немесе жансақ ұғымға жорып жүрмеңіздер, немесе... қысқасы, өзіне қояр титтей өкпем жоқ, түсініп тұрмысыздар; бірақ сіздерге өз басымның сезінуін айтпақпын: маған, тап осы қазіргідегідей, қарсы алдымда біреу тұра қалып, күллі мініміздің бәріне күлген сықылды болып көрінді; құлығымызға, әдет-ғұрпымызға, тәртібімізге күліп, сөйтіп соның бәріне өзімізді де күлдіре отырып, көзімізге: «өздерің өздерің күлесіндер!» дейді.

Б і р і н ш і а к т е р. Осы арада бір ауыз сөз айтуға маған рұқсат етіңіздер. Бұның өзі өз-өзінен туып отыр. Жеке өз басына арналған сөзін актер дағдыда көрушілер жаққа қарап сөйлейді. Дуанбасы есінен танып, әрі сандырақтап тұрғанмен, бірақ жұрттың бәрін алдап, сол кезде почтавоймен қай өлкеде ызғытып бара жатқанын бір құдайдың өзі білген. Хлестаковқа өзінің кісі күлерлік қаһарымен оятқан мысқылды ол аңғармай қоя алған жоқ.— Атап айтқанда сіздің айтқаныңыздай мағна беру автордың ойында болған емес; сізге былай деп тұрған себебім, мен өзім пиесаның біраз сырын білуші едім. Бірақ өз тарапымнан маған бір сұрау беруге рұқсат етіңіз: ал егер жазушының жұрт алдында өзін өзі күлкі етейін деген мақсаты болса, онда қайтесіз?

С е м е н С е м е й н ы ч. Әзіліңізге мың мәртебе рахмет! Өзгені былай қойғанда, мен өзім «Ревизор»да көрсетілген адамдармен ешқандай жақыншылығым жоқ деп білемін. Гапу етіңіз! Күллі жұрт сықылды, мен де кемшіліктен тап-тазамын деп мақтана алмаймын, бірақ әйткенмен оларға ұсамаймын. Бұның өзі тым әсіреқызылдау соғып жатыр! Эпиграфына: «Бетің қыйсық болса, айнаға өкпелеме» деп жазыпты. Петр Петрович, сізден сұрайыншы: шынымен-ақ осы менің бетім қыйсық па? Федор Федорыч, сенен сұрайыншы: шынымен-ақ осы менің бетім қыйсық па? Николай Николаич, сенен сұрайыншы осы менің бетім қыйсық па? *(Басқа жұрттың бәріне бұрылып.)* Мырзалар, мен

сіздердің бәріңізден сұраймын, айтыңыздаршы, кәнеки: шынымен-ақ осы менің бетім қыйсық па?

Ф е д о р Ф е д о р ы ч. Бірақ, достым, Семен Семеныч, тағы да бір таңғаларлық сұрау беріп тұрсын. Өйткені, күнәкар біздің бәріміз сықылды сен де сымбатты кісі емессін ғой. Сенің бетіннің тұпадан-тура титтей міні жоқ деп айтуға тіпті болмайды. Қалай қарасаң да сәл қыйтарлау болып шығады: ал енді, қыйтар болған соң, оның қыйсық болғаны.

П е т р П е т р о в и ч. Мырзалар, сіздер мүлде басқа мәселеге түсіп кеттіңіздер. Мұның өзі әрбір адамның ар-ұятына жүктелетін нәрсе, кімнің беті қыйсық, кімнің беті түзу деп талқылап жатуға біздің тіпті күлкіміз де келеді. Бірақ ең басты мәселе мынада болып отыр, жаңағыға қайта айналып соғуыма рұқсат етіңіздер: комедиядан мен өзім онша үлкен өнегелі ой көре алмадым, мақсат көрмедім, шығарманың өзінен гым болмаса осы да көрінбей отыр.

Н и к о л а й Н и к о л а и ч. Ойбай-ау, өзіңізге енді қандай мақсат керек, Петр Петрович-ау! Искусство өз мақсатын өзінің бойына сыйғызады. Искусство дегеніміз — әсемдік пен игілікке талпыну деген сөз. Бұл искусствоның міндетті заңы; онсыз искусство — искусство емес. Сондықтанда ол ешбір жағдайда адамгершіліктен аттап шығуға мүмкін емес. Мейлі мақтап, мейлі жамандасын, адам бойындағы күллі жақсы қасиеттің сымбатын көрсетіп немесе адам бойындағы бар жаман қылықтың ұсқынсыздығына күлсін, бәрібір ол сөзсіз игілікке талпынды. Егер адамның бойындағы бар қоқысын жайып тастасақ, жайғанда да, көрген жұрт қатты жеркенгендей ғып жайсақ, сұрайыншы: осының өзі күллі жақсы нәрсеге шынымен-ақ мақтаныш емес пе? Сұрайыншы: осының өзі жақсылыққа мақтаныш емес пе?

П е т р П е т р о в и ч. Дау жоқ, Николай Николаич; бірақ рұқсат етіңіз, дегенмен, сізге...

Н и к о л а й Н и к о л а и ч (тыңдамай). Бізге жаманшылықты жаманшылық қып көрсеткен жаман емес, өйткені оның барлық жағынан жаманшылық екенін көресін; бірақ егер оны бізге зұлым немесе зұлым емес екендігін айыра алмастай ғып көрсететін болса,

мінеки сол жаман; зұлымдықты көрген жұрттың көзін тартарлықтай ғып жасау жаман; қай жағына шығарыңды білместей ғып, оны жақсылықпен араластырып жіберген жаман; өзімізге жақсылықты көрсеткенде, сол жақсылықтан жақсылықты көре алмастай ғып көрсеткен де жаман.

Б і р і н ш і к о м и к а к т е р. Ант етемін, нағыз ақихат, Николай Николаич! Сіз менің әрқашан көзім жетіп жүрген ойымды айттыңыз, бірақ мен тек бүйтіп саралап айта алмап едім. Жақсылықтан жақсылықты көре алмау жаман. Бұл күнә, өзіміз жұрттың көңілін жұбатуға тиіс болып жүрген сәнді драмалардың бәрінде де бар. Көрген жұрт театрдан шыққанда, өзінің не көргенін: алдында зұлым немесе ізгі адамның болғанын айыра алмайды... Жақсылыққа оны жетелемейді, жаманшылықтан қакпайды, сөйтіп, ол өмірінің бір керегіне жарарлықтай, көргенінен өзіне ешбір өнеге ала алмай, тіпті өзінің жүріп келе жатқан жолынан да көз жазып, қайда, неге бара жатқанын сұрамастан кез келген адамға ілесе кетуге дайындалып, түс көріп тұрғандай болып қалады.

Ф е д о р Ф е д о р ы ч. Мынаны да қосып қойыңыз, Михайло Семеныч, егер шын жанымен артист, болса, осындай рольді орындау актерге қандай ауыр азап десеңізші.

Б і р і н ш і а к т е р. Олай дей көрмеңізші: сөзіңіз жүрегімді тілкемдеп кетті ғой. Кей-кейде сарыуайымға салынатындығымызға өзіңіз тіпті түсінбеп те едіңіз. Сол бір рольді үйренесін, үйренгесін келіп, бірақ оған қандай сыйпат беруді өзің де білмейсін. Кей-кейде өзінді-өзің ұмытып, кейіпкердің ішіне кіріп, шабытқа мініп, жұртты дүрліктіресін. бірақ кейіннен оны не нәрсемен дүрліктіргенің есіңе түсе кеткен кезде — өзіңе өзің жексұрын болып көрінесін: жердің жарығы болса кіріп кеткің келіп, соғылған қолдан, бейне бір өз ұятыңнан қысылғандай екі бетің дуылдап қоя береді. Сөйтіп қылмысты көрген жұрт татуласып-табысып кеткендей етіп көрсету керек пе, әлде ізгіліктің ерлік қыймылын көрген жұрт онымен достасуға құлшына құмартпастай етіп көрсетпеу керек пе, осы екеуінің қайсысы жаман екенін бір шеше алмай-ақ қой-

дым. Менімше екеуі де — қоңқыс, екеуі де искусство емес. Жақсылықтан жақсылықты көре алмау жаман деп Николай Николаич терең айтты.

Б а с қ а б і р а к т е р. Әбден дұрыс, әбден дұрыс: жақсылықтан жақсылықты көре алмау жаман.

П е т р П е т р о в и ч. Бұған қарсы айтар титтей дауым жоқ. Николай Николаич терең айтты; Михайло Семеныч одан әрі өрістетіп әкетті. Бірақ мұның бәрі де менің берген сұрауымның жауабы емес. Жаңағы өзіңіз айтқан, яғни, жақсы нәрсе, жақсы адам түгіл, зұлым адамды да еліктірерліктей болып нағыз керемет күшпен көрсетіліп, зұлымдық, көрген адам жасалған кейіпкермен татуласып-табысам деп емексуі былай тұрсын, қайта оны өзінен тезірек серпіп тастауды көксегерліктей етіп бейнелену керек дегеніңіз осының бәрі де, Николай Николаич, әрбір шығарманың міндеті жарқын болуға тиіс. Бұл тіпті мақсат та емес. Осының бәрінің үстіне әрбір шығарманың өзіндік, жеке даралық белгілері болу керек, Николай Николаич, әйтпесе оның түп нұсқалығы жоғалады. Николай Николаич, түсінемісіз өзіңіз осыны? Сондықтан да, басқалар беріп жүрген үлкен мәнді мен өзім «Ревизор»-дан көре алмадым. Пәлендей бір шығарманың не үшін жазылғандығы, атап айтқанда нендей мақсат қуып, нені көздейтіндігі, нендей жаңалықты дәлелдегісі келетіндігі ап-айқын көрініп тұруға тиіс. Осылай, Николай Николаич, ал сіздің искусство жайында жағалатып жалпы айтқаныңыз жөн емес.

Н и к о л а й Н и к о л а и ч. Петр Петрович-ау, сіздің нені көздейтіндігіңіздің мәнісі қалай... мұның өзі... мұның өзі көрініп...

П е т р П е т р о в и ч. Николай Николаич, осының өзі көрінбей тұр. Шығарманың өз өзегінен сайдақтала шыққан, ешқандай ерекше мақсатты мен өзім комедиядан көре алмай отырмын; немесе, автор бәлкі, әлденендей бір астарлы оймен оны бүркеп қойған болар. Қалай десеңіз, олай деңіз, Николай Николаевич, мұндай жағдайда бұл, искусство алдында істеген қылмыс болып табылады. Осы комедияның өзін саралап талдап көрейікші: «Ревизор» тіпті көрген жұрттың көңілін сергіткендей әсер етпейді ғой; қайта оның керісінше

біреулердің босқа күйініп, кейбіреулердің ыза болып, жалпы алғанда әркімнің әлденендей бір қасіретті сезім алып қайтқанын, менімше, өзіңіз де білесіз. Ептілікпен табыла қойған көріністерден туған рақат атаулыға, талай кейіпкердің тіпті күлкілі сыйпаттарына, кейбір адам мінездерінің тіпті шеберлікпен өңделгеніне қарамастан, қорыта келгенде ойыңа сондай бірдеме қалады... тіпті сізге түсіндіре де алмай отырмын, — ғаламат-тұнжыраған бірдеме, өзіміздің берекесіздігімізден туған әлденендей бір үрей қалады. Айнақатесіз жендеттей болып, жандармның есік алдына осы бір жетіп келуінің өзі, бәр-бәрін жойып, жермен жексен етіп, түп-тұғайынымен құртуға тиіс болған нағыз ревизордың келгендігі жайында оның жар салған сөзінен жұрттың осы бір меңіреу тартып, мелшиіп қалуының өзі, — осының бәрі де қатты үрей! Өеіңізге имандай шынымды айтайын, *a la lettre*¹ бірде-бір трагедия өзімді осынша қайғы, осынша қасірет, осынша күйректік сезімге сала қойған жоқ еді, сондықтан да комедиясының соңғы сахнасымен осындай әсер етейінші деген әлденендей бір алабөтен ой автордың басында болмады ма екен деп өзім тіпті сезіктенуге де дайынмын. Бұның өзі өз-өзінен туып отыр деу мүмкін емес.

Б і р і н ш і к о м и к а к т е р. Бәрекелді, осы сұрау мінеки, жаңа ғана ойыңызға түсті. Сахналарда «Ревизор» он жылдан бері ойналып жүр. Біреу аз, біреу көп дегендей, жұрттың бәрі оның тигізген қасіретті әсеріне шабуыл жасағанмен, автор өз комедиясын бейне бір не болса о болсын деп, оның нені көздейтіндігін әрі одан не шығатындығын білмей жазуға тиіс болғандай, ондай қасіретті әсер тигізудің не керегі бар еді деп бірде-біреу сұрау беріп көрген емес еді. Жұрттан аямай жүрген ақылдарыңыздың оған тым болмаса жалғыз тамшысын ғана беріңіздерші. Шынында тіпті есуас деген адамның өзінде де әр қылықтың бір себебі болады ғой.

Жұрттың бәрі оған таңырқай қарайды.

¹ Шынында.

Петр Петрович. Михайло Семеныч, түсіндіріңізші: мынауыңыз көмескілеу болып тұр.

Семен Семеныч. Бұның өзі жұмбақ сықылды бірдеме екен.

Бірінші комик актер. Япырмау, «Ревизор»-дың соңы жоқ екенін өздеріңіз әлде байқаған жоқпысыздар?

Николай Николаич. Соңы жоғы қалай?

Семен Семеныч. Тағы да қандай соң керек? Бес перде екен; алты перделі комедия болмайды ғой, — үстеуіне әлде жаңа бір жанжал берілмесе?

Петр Петрович. Дегенмен, ескерте кетуге рұқсат етіңізші, Михайло Семеныч, соңы жоқ пиеса болушы ма еді? Өзіңізден сұрап тұрмын. Осы да шынымен-ақ искусствоның заңында бар ма екен? Николай Николаич! Бұның өзі, менімше, жұрттың алдына қақпағы жабық қобдйды әкеп қойып, ішінде не нәрсе бар деп сұрағанмен бірдей ғой деймін?

Бірінші комик актер. Ал егер алдыңызға қойғанда оны өзіңіз еңбек қып ашып алсын деп қойса қайтесіз?

Петр Петрович. Олай болған күнде, ең болмаса, солай деп айту керек; немесе кілтті қолға бере қойған жөн.

Бірінші комик актер. Ал егер кілттің өзі тап сол қобдйдың қасында жатса қайтесіз?

Николай Николаич. Жұмбақтай бермей қойыңызшы! Сіз өзіңіз бірдеме біледі екенсіз. Шынында, сол кілтті автор сізге берген болу керек, бірақ сіз оны сақтап, жасырып жүрсіз.

Федор Федорыч. Айтыңызшы, Михайло Семеныч; шынында осы арада нендей бұқпантай сырдың барын білуге мен өзім қатты ынтығып тұрмын! Пиеса-дан өзім ондай ештемені көре алмап ем.

Семен Семеныч. Осы бір жұмбақ қобдйыңызды ашқызыңызшы бізге Неліктен алдымызға әкелініп, алдымызға қойылып, өзімізден жасырылып неліктен аузы жабылып қойылғаны белгісіз боп тұрған сонша бір нендей ғажайып қобдй екен өзі?

Бірінші комик актер. Ал алда-жалда өзі, бәрекелді-ай, өзім ашпадым-ау деп өздеріңізді таңыр-

қатқандай ғып ашыла кетсе қайтесіздер? Егер қобдыйдың ішінде, кейбіреулерге пайдаланудан шығып қалған тыйындай көрініп, ал енді кейбіреулерге өмірі құны өлмейтін нұрлы он сомдықтай көрінетін нәрсе жатса, оның бет бедерінің өшпейтіні қалай?

Н и к о л а й Н и к о л а и ч. Болдыңыз ғой жұмбағыңызды айтып! Кілтті беріңіз бізге, одан басқа түкте жоқ!

С е м е н С е м е н ы ч. Кілт, Михайло Семеныч!

Ф е д о р Ф е д о р ы ч. Кілт!

П е т р П е т р о в и ч. Кілт!

Күллі актерлер мен актрисалар. Михайло Семенович, кілт!

Б і р і н ш і к о м и к а к т е р. Кілт? Сол кілттің өзін ала қоярма екенсіздер, мырзалар? Бәлки, өзін қобдыймен қоса лақтырып жіберіп жүрерсіздер?

Н и к о л а й Н и к о л а и ч. Кілт! Одан өзге ештемені тыңдағымыз келмейді. Кілт!

Б ә р і. Кілт!

Б і р і н ш і к о м и к а к т е р. Кілтті сіздерге берейін. Комик актерден, мұндай сөзді естуге құлақтарыңыз, бәлки, үйренбеген де болар, бірақ амал қанша? Бүгін менің жүрегім отша лапылдап, көңілім көтеріліп кетті, сөйтіп, қалай қабылдасаңыздар олай қабылданыңдар, көңілдегі бар сырымды ақтарып салуға әзір болып тұрмын. Жоқ, мырзалар, автор маған кілтін бере қойған жоқ-ты, бірақ бұрын түсінбей келген нәрсең көкейіңе қона кететін көңілдің сондай бір кезі болады. Таптым мен сол кілтті, жүрегім де тап соның өзі деп тұр; алдымнан қобдый ашыла кетті, автор да одан басқа ойдың болуы мүмкін емес деп жанымда безектеп тұр.

Пиесада суреттелген сол бір қалаға қадала бір қарап көріңіздерші! Ондай қаланың бүкіл Россияда жоқ екеніне күллі жұрт бір кісідей қосылады: чиновник атаулы түп-түгел осындай сұмпайы болатын жерді құлағымыз естіген емес; тым болмаса екеу-үшеуі адал болушы еді, ал енді мұнда бірде-бір адал адам жоқ. Қысқасы, мұндай қала жоқ. Солай емес пе? Ал егер осының өзі өзіміздің көңіліміздің қаласы болып, оның өзі әрқайсымыздың ішімізде отырса қайтесіз? Жоқ,

өзімізге зыялы қауым адамының көзімен қарамайық, — өйткені бізге төрелік айтатын зыялы қауым адамы емес, — өзімізге, алдында ең игі дегендеріміздің өзі, осыны ұмыта көрмеңіздер, ұялғаннан қара жерге қарайтын, жұрттың бәрін әлі беттестіруге шақыратын кісінің көзімен тым болмаса біраз қарайықшы, сол кезде: «Шынымен-ақ осы менің бетім қыйсық па?» деп қайссымыздың батылымыз барып айта алғанымызды көре қояйық. Сонда ол жаңағы пиесада көрген чиновник атаулының қыңырлығынан қорықпағандай, өз басының қыңырлығынан да қорықпайтын болсын! Жоқ, Петр Петрович, жоқ, Семен Семеныч, «бұл баяғы бір ескі әңгімелер», немесе «мұны өзіміз де білеміз!» дей көрмеңіздер. Ақыр аяғы маған да бір сөз беріңіздерші. Соншалық мен бір тек әзілге ғана бола өмір сүріп жүр ме екем? Өзімізге өмір бойы есінде сақта деп берілген нәрсе, ескі болуға тиіс емес: оның өзін бізге кім айтса да, жаңа ғана естіп отырған, жаналық ретінде қабылдауымыз керек, — бұл арада оны айтқан адамның бет ажарына қарайтын түгі де жоқ. Жоқ, Семен Семеныч, біздің сымбатымыз жайында сөз болуға тиіс емес, өзіміздің комедияға балап егіміз үйреніп кеткен өміріміз, шынында, жаңағы біз ойнап шыққан комедия аяқтамаған трагедиядай трагедиямен аяқтап жүрмеу жағы сөз болуға тиіс. Қалай десен олай де, бірақ өзімізді көр аузында күтіп отырған ревизор бір қаһар. Ол ревизорды білмеймін ғой деп тұрмысыз? Несіне монтанысыйсыз? Бұл ревизор, өзімізді өзімізге анықтап оқыстан әрі бір-ақ қарататын біздің оянған ар-ұятымыз. Бұл ревизордың алдында ешнәрсе бұғып қала алмақ емес, өйткені ол күдіреттің әмірімен жіберіліп отыр, сөйтіп ол жайында, жалғыз адым кейін шегінуге лаж болмай қалған кезде барып паш болмақ. Төбе шашың тік тұрғандай капелімде қарсы алдынан, өз сарайыңнан бір ғаламат ашыла кетеді. Өзіміздің бойымыздағы қылықтың бәріне тергеуді өміріміздің аяғында емес, басында жүргізгеніміз жөн ғой — өзімізді өзіміз дардыйтып, босқа даурыққанша, нысабымыз, оңбаған чиновниктерше өз көңіліміздің меншікті қазнасын ұрлап бассыздық істеп, кез келген қаланың қайсысынан болмасын әлдеқайда сорақы өз көңіліміздің

қаласына қазір барғанымыз артық қой! Өмірдің бас кезінде, Хлестаков сықылды, жалған ревизор емес, нағыз ревизордың өзін алып, сол ревизормен қол ұстаса отырып, бойымыздағы қылықтың бәрін қағыстырып қарап шығуымыз керек! Хлестаков — шимай-шатпакшы, Хлестаков — зыялы қауым ар-ұяты, тұрлаусыз, сатылғыш, алдамшы ар-ұят; Хлестаковты өзіміздің, өз көңілімізді мекендеген өз нысабымыз сатып алып отыр. Хлестаковпен қол ұстаса жүріп, өзіміздің көңіл қаламыздан дәнеме көре алмайсын. Онымен сөйлесе кеткенде кез келген чиновниктің бұлт беріп, үстіне су жұқтырмай шыға келгенін қаранызшы, — әншейін бір әулие болды да шықты. Жәдігөй-чиновниктің қай-қайсысынан болмасын біздің нысабымыз жырындырақ емес қой деймісіз? Тек нысабымыз ғана емес, тіпті нағыз түкке тұрмайтын, әлденендей бір оңбаған әдетіміздің өзі одан жырындылау келеді. Алдында жылпыңдықпен сондай бір бұлт беріп, үстіне су жұқтырмай кеткен кезде, тіпті өзін бір жақсылыққа да балап қалып, онымен де қоймай: бауырыңның алдында дарадыйып: «Қарашы, менің қалам қандай гажайып десеңші, іші қандай тап-тұйнақтай, таза десеңші!» дейсін. Екі жүзділер — біздің нысабымыз, екі жүзділер деп отырған себебім, олардың өзімен істес болып көрген едім. Жоқ, тұрлаусыз зыялы қауым ар-ұятымен ештемені аңғара алмайсын: чиновниктерді отырғызып кеткен Хлестаковтай оның өзін олар алдаса, оларды ол да алдайды, содан соң басқан ізін білдірместен, өзі де көзден ғайып боп кетеді. Ақыры генералдыққа да аяқты салып, астананың бетжүздігі атанып айналасындағы жұртқа қызмет те бермекші боп жар сала бастап, артынан, нағыз ревизормен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бір желөкпе жеңіл баладан алданып, ақмақ болғанын капелімде аңғарған әңгүдік дуанбасы сықылды болып қала бересін. Жоқ, Петр Петрович, жоқ, Семен Семеныч, жоқ, мырзалар, мұндай пікірде жүрген бәріңіз де, өздеріңіздің зыялы қауым ар-ұяттарыңыздан арылыңыздар. Өзімізге Хлестаковпен емес, нағыз ревизордың өзімен көз жіберейік! Өз мемлекетінің жайын ойлаған мейрімді патшадай, жайын ойлауға көңіл қаламыздың әбден татыйтын-

дығына ант етемін. Оның паракорларды өз жерінен әділетті қатал қуғынға салғанындай, біз де өз паракорларымызды көңілімізден қуып шығайық! Оларды қуып шығарлық қару бар, қамшы бар. Күлкімен қуу керек, ізгі ниетті отандастарым! Өзіміздің оңбаған нысабымыз сонша бір қатты қорқатын күлкімен қуу керек! Адамның анық сымбатына кір келтіретін нәрсенің бәрін ажуалауға бола жаралған күлкімен қуу керек. Күлкіге өзінің нағыз мәнін қайта әперейік! Жақсы мен жаманды айырмай, күлкіні көрінген нәрсеге ысырап етіп желөкпе зыялы қауым дарақылығына айналдырып жібергендерден оны тартып алайық! Өзгелердің бойындағы оңбаған қылыққа қандай күлсек, өз бойымыздан табылған, меншікті оңбаған қылығымызға да кең-пейілдікпен тап сондай күлетін болайық! Жалғыз осы комедияны ғана емес, осал мен сілімтікті ажуалаған жазушылардың қай-қайсысының болмасын қаламынан шыққан нәрселердің бәрін де, ат қойып өзімізге арнап жазғандай, тұпа-тура өз басымызға алайық. Көңілімді егер тек Хлестаковпен емес, сатылмайтын, нағыз ревизордың өзімен бірге жүріп аралайтын болсақ, бәрін де тауып аласын. Қаһарға мінген дуанбасының біреуі, немесе, дұрысырақ айтқанда, перінің өзі, соның ауызымен: «Неменеге күлесіндер? Өздеріңе өздерің күлесіндер!» дейтін болса, оған да жігеріміз құм болмақ емес. Қаская тұрып оған: «я. өзімізге өзіміз күлеміз, өйткені өзіміздің ізгі ниетті орыс нәсілін көріп отырмыз, өйткені басқадан басымырақ бол деген құдіреттің әмірін естіп отырмыз!» дейміз. Отандастар! Сіздердің тамырларыңыздағыдай менің тамырымда да орыс қаны жүгіреді. Қараңыздаршы: жылап та жібердім! Кешегі өздеріңізді күлдіріп келген комик актер, енді жылап тұрмын. Сіздердің әрқайсысыңыздың жолыңыздай, менің де жолымның адал екендігін, сіздер сықылды менің де өз жеріме қызмет еткендігімді, даңғой жұрттың көңілін көтеруге бола жаралған әлдеқандай бір даңғой әзілқой емес, ұлы құдірет мемлекетінің адал чиновнигі екендігімді, сөйтіп өздеріңізді күлдіргендігімді, — күлдіргенде де, зыялы қауым ішінде біреуді біреу іліп-шалған, думанды күнің қаракетсіз даңғойлығынан туған күлкі

емес, адам баласына деген сүйіспеншіліктен туған күлкімен күлдіргендігімді сездіріңіздерші өзіме. Жер бетіндегілердің бәрі кімге қызмет етсе, орыс жеріндегі уақтан ұлыға дейінгі бар нәрсенің бәрі соған қызмет етуге талпынып, сонау биікке (жоғары қарап), мәңгі әсемдікке шарқұрады!

VI

«РЕВИЗОР ТҮЙІНІНІҢ ШЕШІЛУІНЕ» КОСЫМША

Семен Семенч. Оныңыз не, Михаил Михайлыч, нені айтып тұрсыз, қандай көңілді қала ол?

Михал Михалыч. Өзіме солай сықылды болып көрініп кетті. Мұның өзі өзімнің көңіл қалам сықылды болып, соңғы сахна, аяқ астынан ар-ұятын өзіңе анықтап көз жіберттіріп өз сыйқыңнан өзін шошыйтын, өмірдің соңғы сахнасы тәрізді болып көрініп кетті. Келіп қалғандығы жайындағы хабар комедияның соңында соншалық үрей тудырған осы бір нағыз-ревизор, өзімізді көр аузынан қарсы алғалы отырған, өзіміздің нағыз ар-ұятымыз сықылды болып көрініп кетті. Осы бір тұрлаусыз Хлестаков, жәдігөйдің өзі, немесе өзін қалай атасаңыз, олай атаңыз, үрейленгендігімізді пайдалана қойып, аяқ астынан шын қауызға бөленіп, чиновниктерге бұлданған Хлестаков сықылды, өзін біздің нысабымызға саттырып алғызып жүрген, содан соң сол Хлестаков сықылды ұшты-күйді жок боп кететін, өзіміздің зыялы қауымның тұрлаусыз жалған ар-ұяты тәрізді болып көрініп кетті. Көрген жұрттың көңілін дүрліктіріп әрі сонша бір наразы ғып кеткен пиесаның осы бір қуанышсыз-қайғылы соңы, өзіміздің комедияға ептеп санап етіміз үйреніп келе жатқан өміріміз де бәлки сол сықылды қайғылы-қаралы болып бітер дегенді көз алдыма елестеткендей болып көрініп кетті. Бүкіл комедия өзінің қорыған қорығымен маған, өзімізді сол бір соңынан қарсы алғалы отырған ревизорды шу дегенде-ақ ертіп алып, сонымен бірге, өз мемлекетін тексерген әділ патша сықылды, көңілімізге көз жіберіп, сатылғыш чиновниктерге қарсы қаһар тігіп, қаруланған патша сықылды, ны-

сабымызға қарсы қаруланудың қажеттігі жайында айтқан сықылды болып көрінді; өйткені, мемлекет қазнасы мен дәулетін талап жүрген чиновниктер сықылды, олар да біздің көңіл қазынамызды ұрлап жүр, — нағыз ревизордың көзімен көз жіберу керек: өйткені біздің нысабымыз екі жүзді келеді және нысап ғана емес, тіпті бір көзге ілінбейтін оңбаған әдетіміздің өзі-ақ, Хлестаковтың көзінше бұлтара алмаған жылпың-чиновниктер сықылды, өзімізді сонша бір амалын тауып айналдырып ала қойып, көрер көзге үстіне су жұқпай шыға келеді дерсін, тіпті өзін жақсылыққа да балап, дуанбасы сықылды жер соғып қалам-ау деген ой басына да келмей, өзіннің көңіл қалаңның берекесін тіпті дарбыйып та кетесін. Өзіме осылай көрініп кетті.

Петр Петрович. Михал Михалч! Сіздің бұл айтқандарыңыздың бәрі де орынды; бірақ осының қай жерінен ұқсастық таба қойдыңыз? Хлестаковтың тұрлаусыз зыялы қауым ар-ұяты мен немесе нағыз ревизордың нағыз ар-ұятпен қандай ұқсастығы бар? Николай Николаич, шыныңызды айтыңызшы: осыдан бір ұқсастық табамызсыз?

Николай Николаич. Шынымды айтайын, ешқандай ұқсастық таппадым.

Семен Семеныч. Мен де; көзімді қалай ашып қарасам да, ештеме көре алмадым.

Федор Федорыч. Михал Михалч, сізге нағыз шынымды айтайын; ниетінің жақсы әрі көркем шығармаға тақырып болуға жарап қалуына қарамас-тан: бірақ өзім осыны автор көңілге алмады-ау деп ойлаймын.

Николай Николаич *(шындап)*. Бекер! Бұл оның тіпті қаперінде де болған жоқ!

Михал Михалч. Ойбай-ау, автор оны көңілге алды деп сіздерге қашан айттым? Мен сіздерге «Автор маған кілтін берген жоқ, мен өз кілтімді ұсынып отырмын» деп алдын ала айттым ғой. Алда-жалда осы ойды автор көңілге тіпті алған күннің өзінде, егер осыны ашып айтқан болса, онда бұндай жағдайда да ол дұрыс істемеген болар еді. Комедия онда аллегорияға ауытқып, өзінен әлденендей бір көріксіз, мінез-

құлықты үйрететін уағыздау ғана шыққан болар еді. Жоқ, оның міндеті берекесіздіктен туған үрейді қыялдағы қала емес, жер бетіндегі қалада суреттеп бере салу болды, — оның өзін жұрт тез көре қойып әрі жол беруге болғандай, картинаға қажет көлеңке сықылды, ізгілік ішінде де зәру бола беретін зұлымдықтардың біріне баламау үшін, жеріміздегі жаман деген нәрсе-нің бәрін бір жерге үйіп, жыйнай қою еді. Оның міндеті осы кара-шогырды, онымен сайысқа түсудің керек екендігін жұрт сезінгендей ғып, көрген жұрттың тұлабойы түршігіп, берекесіздіктен туған үрей өзінің арғы-бергісінен өткендей ғып өршіте суреттеу болды. Ол осыны істеуге тиіс еді. Ал енді, одан мінез-құлық өнегесін жасау біздің өз еншіміз. Құдайға шүкір, өзіміз де бала емеспіз. Өз басым қандай өнеге алам деп толғай келгенде, сіздерге осы айтып отырған ойға кеп тірелдім.

Петр Петрович. Михал Михалч! Комедия көпке арнап жазылады. Одан, әлдеқандай жұрттан бөлек, бір алуан жаралған адам ғана алғандай шымшытырық емес, көпке ұғымды, ең жақын деген өнегені қарайған халықтың бәрі алуға тиіс. Сұрайыншы: осы мінез-құлық өнегесін тірі пенде жасамай, тек сіздің ғана жасағаныңыз қалай?

Николай Николаич (жалмажан) Әлбетте! Нағыз сұраудың өзі осы! Ең алдымен осыны шешіп беріңізші: бүкіл жұрт былай қалып, осыны сіздің жалғыз өзіңіз жасағаныңыз қалай?

Семен Семеныч. Я. Михал Михалыч, осыны жалғыз өзіңіз жасағаныңыз қалай? Неліктен жалғыз өзіңіз жасадыңыз?

Михал Михалч. Біріншіден, бұл өнегені менің жалғыз өзім жасағанымды қайдан білдіңіздер? Екіншіден, оны шым-шытырық дейтіндеріңіздің себебі не? Мен өзім керісінше, адамға дүниенің бәрінен өз көңілі жақын деп ойлаймын. Ол кезде мен өзім өз көңілімді көздеп, өз басым туралы ойлағандықтан, осындай мінез-құлық өнегесін жасап отырмын. Егер өзгелер де алдымен өз басын көздеп, көңілге алған болса, бәлкі, сол менің жасаған өнегемді олар да жасауға ықтимал еді. — Бірақ, гүлге жабысқан бал-арадай, жазушының

шығармасын кез келгеніміз осыдан бір өз керегімізді ала қояйықшы деп оқыймыз ба? Жоқ, өнегені біз өзіміз үшін емес, өзгелер үшін іздейміз. Біз өзімізді өзіміз ұмытып, өзгелердің мінез-құлқын кастерлеп, бүкіл қоғамға қол ұшын беріп, пана болуға бармыз. Өйткені біз өзімізден гөрі өзгеге күлгенді жақсы көреміз; өз бойымыздағы міннен гөрі, өзгенің бойындағы мінді көруге құмармыз. Қалай десеніз олай деңіз, бірақ былай қараңызшы өзіңіз, театрға үш мың кісі келді ғой; күлуге бола келгенін соның бәрі де біліп, әрі сол үш мыңның қай-қайсысы болмасын өзіне емес, өзгеге күлетініне имандай ұйып келді. Өзінің күліп отырған кісісіне ұсата қоярлық титтей ғана құлағы қылтылдақ болды, ол жатып кеп тулап: «шынымен-ақ осы менің бетім қыйсық па екен?» деп тұлан-тұтуы айдан анық.

Семен Семенч. Михал Михалч, мен ол мағнада айтып отырғам жоқ.

Михал Михалч. *(Оның сөзін бөліп)* Рұқсат етіңізші, Семен Семенч. Сіз өзіңіз бір ізгі ниетті, көңілі нағыз орыс, ақыр аяғы өмірге тіпті христианша қарайды деген адам бола тұрып, өз ойыңызға қайшы келетін сөздерді айтатыныңыз қалай осы? Ең әуелі, комедияның, жалпы алғанда сатираның тақырыбы адамның жақсы қасиеті емес, жексұрын қылықтары болатынын, сол жексұрындықты ол жексұрын ғып көрсеткен сайын, көрушілердің көңілін сескендіре түсіп әрі зығырдаңын қайнатып, өз мәнін орындай түсетінін сіз өзіңіз осы қалай ұмыта бересіз. Осыны өзіңіз әрдайым ұмытып, сатираға трагедияға лайық тақырыптарды таңғыңыз келе беретіні қалай? Сол сықылды жазушының шығармасына христиан көзімен қарамайтын себебіңіз не? Жоқ, өнеге алғысы келген адам, алады; көңіліне көз жіберген адам бәр-бәрінен өзінің керегін алады: оның өзі осы бір нақты қаланың өзінен өзінің көңіл қаласын көреді; оның өзі екі жүзділікке қарсы қатты қаруланудың да керек екенін көреді. Жоқ, сатираның мазасын алмай-ақ қойыңыз, ол өз жұмысын атқарып жүр. Қай жерде болмасын, мінді аямау керек. Бірақ алда-жалда христиан жолын ұстағыңыз келетін болса, комедияның күллі қоғамға деген қарым-қаты-

сын байкаудан бұрын, әрбір комедияны өз бойыңызға өлшеп, сол бір сатираның бетін өз көңіліңізге бұрыңыз. Егер христианша әрекет еткім келетін болса, мінді мінеген шығарма атаулы, бейне бір өзіме арнап жазылғандай, оның бетін өз басыма бұруым керек. Өзгенің бойынан байқаған осалдықтың, өзге көлемде, өзге түрге түсіп, Хлестаковша әп-әдемі тәп-тәуір бір өзге бешпет киініп, үлде мен бұлдеге оранып алып, өз бойымыздан да табыла кететінін өзіңіз де білесіз. Өз көңілімізге егер өзімізді көр аузынан қарсы алғалы отырған ревизормен бірге үңілетін болсақ, нені таппаймыз десеңізші! Осыны өзіміз біле тұрып, білгіміз келмейді! Нысабымыз көңілімізді өртеп әкетіп бара жатыр, күн сайын әңгіме қылсақ та, бірақ қуып шыққымыз келер емес. Соларды қуып шығуға берілген қамшы да қолымызда отыр.

Семен Семенч. Қайдағы қамшы? Қандай қамшы ол?

Михал Михалч. Ал, күлкі қамшы емес пе екен? Немесе, өзінен ешнәрсеге көнбейді деген нағыз оңбағанның өзі қорыққан кезде, күлкі бізге текке берілді ғой деп пе едіңіз? Одан тіпті ештемеден қорықпаймын дегендер де қорқады! Олай болса ол игі іске бола берілген нәрсе. Айта қойыңызшы: күлкі бізге неге бола беріліп еді, босқа ыржақтауға бола беріліп пе екен? Егер ол бізге, адамның ең жақсы сымбатына кір келгіретін нәрселердің бәрін мінеуге бола берілген болса, онда біз еңалдымен өзіміздің меншікті көңіл дүниеміздің сымбатын кірлеп жүрген нәрселерді неге мінемейміз? Оның бетін өзіміздің жан-сарайымызға бұрып, онымен өзіміздің меншікті парақорларымызды мемлекетімізден қуып шықпайтын себебіміз не? Өзіңе өзің күлесің деген бір ғана оспақтың өзі сізді қаһарға мінгізе қоятыны қалай? Қалай десеңіз солай деңіз, бірақ кезкелген нысабымыз, кезкелген сілімтік әдетіміз қалай деген күнде де әліне қарай ізгі роль ойнап сыртынан қарағанда әп-әдемі боп көрінгісі кеп тұрады, сөйтіп сол қауызды бүркене келіп көңілімізге кіреді, өйткені біздің ізгі жаратылысымыз оны ар-ұяттан айрылған жап-жалаңаш күйінде маңына жуытпақ емес. Бірақ, илана көріңіз, оның өзін өз көзіңше күлкі етіп,

ешнәрсені аямай, өзін екі бетің дуылдағанда кірерге тесік таппастай боп мінеген кезде, — нысап дегеніңіз көңілімізде қонақтап қалуға бет-жүзі шыдамай, қарасын көрсетпестен ғайып болмақшы.

Семен Семенч. Шынымды айтайын, сіздің сөздеріңіз мені ойландырып кетті. Осы күлкінің бетін адам өзіне, өзінің меншікті басына бұруға болады деп ойлаймысыз?

Петр Петрович. Мен өзім оны тек өз басының мініне жеркене қарай алатын әрі адамның артықша жаралған аяулы қасиетін сезе білген адамның ғана қолынан келеді деп ойлаймын.

Михал Михалч. Оның үстіне мен оның тек жаны орыс болса, қолынан әбден келеді деп ойлаймын. Қай-қайсымыз болсақ та күлетіндігімізге қол қойыңыз; әлдеқандай бір аяусыз кекесінді мысқыл сыйпаты тіпті қарапайым халқымыздың арасында да етек алып кеткен. Сол сықылды бойымызда өзімізбен ат кекілін кесісіп, тіпті өзімізді өзіміз аямайтын ерлігіміз де бар. Ендеше, күлкінің бетін өзінің заңды жолымен бұратын мүмкіндік тек бізде ғана бар. Сөзімді жоққа шығарып, жалған айтып тұрсын деп дәлелдеп, осы пікірімді кұртып, кұлатыңызшы кәнеки, сөйтіп сонымен бірге сол бір пікірдің тақсыретін тартып, сол бір пікірмен өмір сүріп келе жатқан бейшара әзілқой, өзімді де кұлатыңызшы кәнеки. Семен Семенч, сіздің қаныңыз сықылды, менің де қаным орыс қаны емес пе еді? Ең жақсы деген сәттеріңізде сіздердің сезінетін нәрселеріңізді әлде мен сезіне алмай ма екем? Әлде мен сіздердің алдарыңызда қазір сол бір ең жақсы деген сәтімді бастан кешіріп тұрған жоқ па екем? Менің қызметім енді аяқтап отыр; 20 жыл еңбек сіңірген театрдан кетіп барам. Сіздер маған венюкті өздеріңіз кигізіп, көңілімді өздеріңіз қобалжыттыңыздар. Осы айтып тұрған сөздерімді өздеріңіз еріксіз айтқыздыңыздар. Қараңыздаршы: жылап та жібердім. Кешегі өздеріңізді күлдіріп келген комик актер — бүгінде жылап тұрмын. Сіздердің әрқайсысыңыздың жолыңыз сықылды, менің де жолымның адал екендігін; сол сықылды менің де өз жеріме қызмет еткендігімді, даң-

Ғой әзілқой болмай, ұлы құдірет мемлекетінің адал чиновнигі болып, өздеріңізді біреуді біреу іліп-шала-тын бос күлкі емес, адам баласына деген сүйіспеншіліктен туған күлкімен күлдіргендігімді сездіріңіздерші. Николай Николаич! Федор Федорч! Семен Семенч және еңбек уақытын, өнегелі әңгіме уақтың ортаға салысқан, өздерінен көп нәрсе үйреніп, өздерімен қазір қош айтысқалы отырған жолдастар! Достар! Жұрт менің талантымды жақсы көрсе, сіздер менің өз басымды жақсы көрген едіңіздер. Сол бір күлкіні мен кеткеннен кейін тартып алыңыздар, тартып ала көріңіздер,— жаман мен жақсыны айырмай, оны көрінген нәрсеге бейпіл күлкіге айналдырып жібергендерден тартып ала көріңіздер! Осы сөзіме илана көріңіздер... Бұл күлкінің өзі бір мейрімді, адал күлкі. Оның өзі өзгеге емес, өзімізге күле білуге бола берілген күлкі. Өз мініне күлуге кімде-кімнің дәті бармаса, мейлі өмір бойы езу тартпай өтсін!.. Өйтпеген күнде күлкі жалаға айналып, қылмыс істегендей, ол сол күлкі үшін жауап береді!..

II. ТҮЗЕТІЛМЕГЕН ЖОБАСЫ

Альфред

I ПЕРДЕ

Жағалауда х а л ы к қаптап тұрады.

Жұрт ішінен біреу. Ойбай-ай, осынша қысармысын! Тым болмаса тәубеге келтірсеңші!

Жұрт ішінен екінші біреу. Ойпырай, құдай үшін қағылындаршы!

Үшінші дауыс. Ойпырай, кимелеуін қарашы! Не керек өзіңе? Теңіз бен судан басқа түк те жоқ ғой. Немене, өмірі көрмеп пе едің? Ай-шай жоқ корольді әншейін көре қоям ғой деп тұрмысын?

Туркил. Король келсе, құдай беріп, бәлки, енді жақсы заман орнап қалар, датчан-итті қуып шыға қоймас па екен десеңші.

— Бауырым, сен қай жақтансын?

Туркил. Гертинг графствосынанмын. Томс Туркил. Сеорл.

— Біле алмадым.

Туркил. Колдингамнан қашып келдім.

— Білемін. Әлгі монахиньдарды өртейтін жер ғой. Япырай, неткен сұмдық десеңші! Ондай күпірлік айсаңы кергілеген жәуіттерде де болған жоқ еді.

Топ ішінен бір әйел. Я ол жерде не болып еді?

— Мынадай оқыйға болған. Жеңеше-ау, беті титтей жылтыраған әйелдің бірде-біреуін құр жібермей-

тін датчан деген жұртты ертіп, Ингвардың келіп қалғанын естіген кезде монахиньдар... әйел шаруасы ғой... түсініп тұрмысыз... Сол монахиньдардың үлкені — әулие десе, нағыз әулиенің өзі ғой! Монахинь атаулыны азғырады да, елдің алдымен өз бетін өзі тілгілейді. Я, сөйтіп өзін өзі әбден адам көргісіз етеді. Содан беті тәуір әйелдің жоқ екенін жаңағы аюандар көреді де, жаны ашымай, монахинь атаулыны отқа өртеп жібереді.

Дауыс. Жасаған-ай!

Топішінен бір дауыс. Әттең, англосаксылар...

Басқа бір дауыс. Антұрып кеткен, мықты халық өзі.

— Әрине, дыю ғой.

— Немене, графстволарыңның халі қалай?

— Графствомыздың халі қалай деймісіз? Ғибадат намазын естімегеніме екі ай боп кетті.

— Қалай?

— Шіркеу атаулы қаңырап бос қалған. Епископты қолыңа шырақ алып іздесең таппайсын.

— Көресіні датчандардан да көргенмен өз адамдарымыздан одан да сорақыны көріп жүрміз. Жерді көбірек алу үшін, көрінген тан¹ датчандармен ауыз жаласады. Егер сеорлдің біреуі антұрып кеткен жат жерлік ит өкіметтен безбек болып, алым-салықты жатқа төлегенше, жақынға төлейінші деп, танды сая тұтса, — оданда сорақы болып шығады: тіпті бретонның өзі көрмеген құлдықтан да бетер ғып қанайды.

— Енді ептеп-септеп есімізді жыйнайтын болдық. Жұрттың айтуынша, короліміз бұрын болып көрмеген, шежіреде жыр болған Давид сықылды король болатын көрінеді.

— Өзінің осында жүрмей, теңіздің арғы жағында жүрген себебі қалай?

Басқа біреу. Теңіздің арғы жағында қай жерде?

— Рим қаласында.

— Онда өзі не бітіріп жүр екен?

— Мәдениетті қала болғандықтан сонда оқыпты,

¹ Тан — әйгілі дворян.

сөйтіп, өзі дүниедегі бар өнердің бәрін үйреніпті десе-ді жұрт.

Б а с қ а б і р д а у ы с. Қай қала дейсін?

— Рим.

Б а с қ а б і р д а у ы с. Біле алмадым.

— Римді білмеймісін? Ендеше, ақылыңа болайын!

Б а с қ а б і р е у. Римі қайсысы? Әлгі, нағыз әулие тұратын қала ма?

— Я, әрине. Бибатима пірім! Шіркін-ай, сол Римді көретін күн болса десеңші! Өзі күллі Англиядан да үлкен әрі үйлері тап-таза алтыннан салынған деседі жұрт.

Б а с қ а б і р д а у ы с. Мен өзім Римнен гөрі, папаны көруге құмармын. Өзің-ақ ойлай қойшы: дүниеде пападан үлкен ешкім жоқ ғой,— епископың да, короліңнің өзі де пападан төмен. Әрине, болғанда да, қандай күнадан болсын, арылтып ала қоятын әулиенің, өзі.

— Естіп тұрмысын, папаны біреу көрдім деп тұр.

Ж ұ р т т ы ң д а у ы с ы (*екінші шетте*). Папаны көріп пе едің сен?

Б р и ф р и к (*топ ішінен*). Көрдім.

— Оны қайдан көрдің?

Б р и ф р и к. Нақ Римнің өзінен.

Д а у ы с т а р Қалай көрдің? Не деді өзі? Қандай екен?

Жұрт солай қарай лықсыды.

Д а у ы с т а р. Ойпырай, қоя беріңдерші! Ал, немене-неге кимелеп келесіңдер? Есуастық әңгімесін естімеп пе едіңдер?

Б р и ф р и к. Мен өзін қалай көргенімді бажайлап баяндап берейін. Женген Маркинда дүние салғанда, өзіме *hudes* жартысындай ғана жер қалдырған еді. Сонда өзіме өзім тұрып: «Квикельмнің баласы, Брифрик, қарумен аброй алғалы тұрғанда, жерді өңдеп қайтесін?» дедім. Өзіме осылай дедім де, кемеге мініп, француз короліне тартып кеттім. Француз королі шайқасып қалған күнде өзін қорғау үшін, немесе бір жакқа сапар шеккен кезде қасына ертіп шығып, көрген жұрттың көзін қызықтыру үшін нағыз әлуетті деген адамдардан нөкер жыйнап жатыр екен. Сұран-

ған соң мені де қабыл алды. Тамаша жұрт екен! Кеудеге киетін сауыттары біздікінен жүз есе жақсы. Тек ылғый темір болмағанмен, торлары біздікіндей, кей жерлерінің шығыры жез болса, кей жерінің шығыры күміс болады екен. Жұрттың бәрі семсер салады, садақ жоқ, тек найза ғана бар. Балталарының ауырлығы жарты пұттан да артық келеді екен! О, одан да ауырырақ келеді! Ал енді темірі сондай бір өткір дерсін, оның қасында тіпті қарт Вульфингтің айбалтасының темірі, түкке тұрса бұйырмасын!

В у л ь ф и н г (топ ішінен). Жөпіңді біл!

Б р и ф р и к. Сөйтіп, папаға сәлем бермекші болып, француз королімен бірге Римге аттанып кеттік. Айтуға тіл жетпейтін сондай бір қала екен. Үйлері мен тәңірінің шіркеулері шатырлары найзадай, үп-үшкір болып салынатын біздікіндей емес, шіркеу тартқан садақ сықылды, доп-домалақ келіп, тіпті мүйісі де болмайды екен. Ал енді мұнардан аяқ алып жүргісіз, сонша бір өрнек пен алтын мол болады екен, сондай бір тамаша енді!.. — Тіпті қарауға көзіміз ұялып кетті. Я енді папа жайынан айтайын. Бір күні кешкісін жолдасым Арнаулы деген неміс келе қалды. Өзі бір аяулы жауынгер болатын! Соғыста алған өзінің қыруар жүзігі мен алтын крестері бар-ды, әрі өзі гитарды да құйқылжытып тартатын жігіт еді... «Папаны көргің келе ме?» деді.—«Көргім келеді»,—Ендеше есінде болсын, ертең таңертеңнен келемін. Папаның өзі намаз оқыйды». Арнульге еріп кеттім. Көшеде жүрген халық — Жасаған-ай!—Осы арада тұрған жұрттан да көп екен. Римляндар мен рим әйелдері сонша бір жасанып киініп алған дерсін!.. — Тіпті қарағанда көзіміз ұялып кетті. Екеуміз кимелей жүріп, бір оңтайлы жерге барып тұрдық, бірақ соның өзінде де бойым сәл аласалау болды-ақ, жұрттан асып ештемені көре алмайтын едім. Елдің алдымен алтын оқалы бешпег киіп, қолдарына шырақ алып, оншақты жастағы балалар шыға келді, олардың шыға келуі-ақ мұң екен — көзіміз тіпті ұялып кетті. Шіркін жолды, жолды айтсаңшы! Жолға қызыл шұға төсеп тастаған екен. Қызыл болғанда кәдімгі қан қызылдың өзі... Оллаһи, өмірі көзім көрмеген, сондай бір қызыл шұға. Егер сол шұ-

ғадан өзіме шапан тігіп берді бар ғой, бәр-бәріңіздің көзіңізше айтайын, өздеріңіз білетін әлгі, асыл тас тізіп, алтынмен оқалап тастаған жаңа дулығам былай тұрсын, егер оған жирен Кенфус торы атқа айырбастайтын ертоқымды қосып, оның үстіне карт Вульфингтің айбалтасы мен қолғабын, оның үстне тіпті тағы да бір ат үстеу берсе де, оллаһи, ол шапанға көп болмас еді! Өрт сықылды, қып-қызыл екен!..

Жұрт ішінен бір дауыс. Құрып кеткір не деп тұр! Сен өзің папаны айт, шапаныңды біз қайтеді ғой деп тұрсын!

Вульфинг (*жұрт ішінен*). Мақтаншақ! Бөсуін қарашы!

Брифрик. Қазір. Сөйтіп, жаңағы балаларға ілесе әлгі біреулер келді... кім еді әлгі? Өздері, бір жағынан, епископтарға беріп жатыр, тек епископ емес, бірақ өзіміздің тап немесе ұзын шапан киген барондарға ұсайды... Аттары есімде жоқ, сірә, шіңкілдеген ат сықылды еді. Сол бір тап немесе әлгі епископ атаулының шығуы-ақ мұң екен — көзімізді тіпті ұялтып жіберді. Ал енді папаның өзі көрінген кезде бар ғой, сондай бір шұғыла жарқ етті дерсін — тіпті көзіміз ұялып кетті. Епископтардың үстіндегі киімінің бәрі кілең күміс, ал папаның киімі алтын екен. Епископтардың жүрген жері күміс еден де, папаның жүрген жері алтын болады екен. Епископтардың тұрған жері, күміс еден де, ал папаның тұрған жері алтын болады екен...

Жұрт ішінен бір дауыс. Бровинг! Кеме келе жатыр! Оллаһи, кеме!

Жұрт тұра ұмтылады, Брифрик еңалда, жағада үйме-жүйме болып қысылысады.

Жұрт ішінен дауыстар. Ойпырай, құдай ақына, тоқтай тұршы! — Басып кеттіңдер ғой! — Ойпырай, тым болмаса кейін ығысуға мұрша беріндерші!

Әйел дауысы. Ай, ай! Маймақ аю! Қолымды сындырып кетті! Өй, қоя берші! Айсаға табынып, тәубе қылғандарың қоя беріндерші!

Брифрик (*артына бұрылып*). Неменеге иығыма

шығып келесін? Әлде мені ерттеп мінетін ат ғой деп тұрмысын? Король қайда әлгі? Кемесі қайда? Қапырығын-ай десеңші!

Жұрт ішінен бір дауыс. Ойбай-ау, ешқандай кеме жоқ!

— Король келе жатыр деген кім әлі?

— Кім болушы еді? Өзің болатынсың!

— Тіпті қаперіме алсам бұйырмасын.

— Ендеше король деген кім?

— Король келе жатыр деген Джон Шпинг болатын.

— Әй, Шпинг, король келе жатыр деп сен осы қалай айттың?

Шпинг. Инабатты қалайық, құдай ақына, аумаған кеме сықылды болып көрінді.

— Егер өзіңнің жүзгің кеп жүрмесе, ендігәрі аузыңды ашушы болма, ақымақ.

Кемпір (алға ұмтылып). Топырласатын нәрсені тапқан екен түгел! Қайда барады десеңші? Жан жоқ ғой тіпті.

Брифрик. Ал, Кудредпісін! Қайдан жүрсін, достым?

Кудред. Үйден.

Брифрик. Корольді көргелі келген екенсін ғой?

Кудред. Көргеннен де гөрі үлкенірек шаруам бар.

Брифрик. Я, немене?

Кудред. Тура корольдің өзіне шағым бергелі келдім.

Брифрик. Кімнің үстінен?

Кудред. Корольдік тан Этельбальдтың үстінен.

Брифрик. Інішек, қалжыңдап тұрған жоқпысың өзің?

Кудред. Жоқ, қалжыңы жоқ.

Жұрт ішінен дауыстар. Көрдің бе, Этельбальдтың үстінен шағым бергішілін!— Ақылдан алжасқан екен өзі!— Ойбай-ау, корольдіктегі ең мықтының өзі ғой ол!— Оның әскері мен дәулеті корольден де көп ғой.

Эгберт. Этельбальдтың үстінен шағым бермек болған қайсысың, әкпел бері қолыңды. Мейлі сен жай

сеорл¹ болып, өзім тан бола-ақ қояйын, бірақ қолыңды қысамын, өйткені ақкөңіл әрі англосакс екенсін. Мен саған қол ұшын беремін.

Б р и ф р и к. Неге бола шағым бермексін?

К у д р е д. Неге бола? Этельбальд корольдік тандардың ең үлкені болғанмен, бірақ оңбаған, жәдігөй адам. Весекске датчандар басып кіріп, талай бастаған кезде сая тұтып сол доңызға барған болатынмын. Өзі болса бай әрі қыруар жері бар, мені жылата қоймас деп ойлаған едім. Керек бола қалса, өз атым, өз қаруыммен әскеріңе келіп қосыламын деп өзіне уәде бердім. Сөйткен, жәдігөй, датчандардың кетуі-ақ мұн екен, мені өзінің бір жола құлы ғып ала қойыпты. Оның мекеніне көпір салып, ең жақсы деген екі атыммен тал тасыйтын қай сорым осы менің? Сөйтіп, шаруам болып Гексгам графствосына кетіп ем, ата-анамнан қалған, екі гидестен² аса жерімді сыпырып алыпты да, біреуге жалға беріпті, оның орнына маған моланың ар жағынан жыйырма қадам құмайт жер беріп. —«Сенің жерің осы» дейді. Ойбай, алжыған жәдігөй-ау, шынымен-ақ сенің құлың болғаным ба? Мен ерікті едім ғой. Мен сеорлмін. Егер зауқым шапса, тағы да екі hides жер сатып алып, шіркеу мен үй салып, өзімде тан бола алам ғой. Англосакстардың заңы бойынша ерікті адамды ешкім де езіп, жылата алмақ емес. Жоқ әлде бір қылмыс істеп пе едім?

Б р и ф р и к. Өзің немене, ширгемоттеріңе шағым беріп пе едің?

К у д р е д. Бәрі де оңбаған! Соның сөзін сөйлеп отыр.

Б р и ф р и к. Я, әйтсе де, қалай деп шешті енді?

К у д р е д. Егер оқый алсаң, мә қағазы.

Б р и ф р и к. Қой әрі! Э, соттарың өстіп жазушы ма еді? Қалайық, жазылған қағаздың сыйқына қарандар! Біздің күллі ширствода, тіпті күллі Рессексте бірде-бір шир, бірде-бір алдерман жазу жаза алмайды. Қандай сауатсыз жазылғанын көрдіндер ме. Осынын

¹ Сеорл — (анг) ұсақ жер шаруашылығындағы адам.

² Гидес — Жер мөлшері мағнасында.

Бір жерінде А В С болуға тиіс... Білемін, мені бір поп оқытайың деген болатын.

Туркил (*Вульфингке*). Мен өзім, хаттан артық ғылым жоқ ғой деп ойлаймын.

Брифрик (*Киссаға бұрылып*). Ұлы мәртебелі тан, оқып жіберші. Сен, сірә, білерсін?

Кисса. Аулақ жүр! Мен саған поп емеспін.

Гунтинг. Әкпел, мен оқып берейін.

Туркил. Мұның кім?

Вульфинг. Біле алмадым.

Дауыс. Бұл, әлгі, мектепте мұғалім болған жігіт. Датчандар қазір мектепті бүлдіріп кетті.

Гунтинг (*оқыйды*). «Белгілі болсын: Schirgemoth Агельмостанда, Герефорт графствосында, Этельредтің билік жүргізген дәуірінде...»

— Ә, марқұм корольдің тұсында болған екен ғой! Қаһарман король еді, өмір бойы осы оңбаған датчандармен алысып өткен болатын.

Гунтинг (*оқый береді*). «...Дунстан епископ, Кеолрик алдерман, оның баласы — Варвик, және Пентвиннің баласы — Эсквин, және қылай Туркил болып, король комиссарлары ретінде мәжіліс құрған кезде...»

Вульфинг. Естимісін Туркил? Бұ сен бе?

Туркил. Соншалық мен қылай ма екем?

Гунтинг (*оқый береді*). «...Брининг шериф, Ательвард де, фром, Леофин де форм қара, Годриг де Шток және Герефорт графствосының барлық таны катысып отырғанда, Эгвинов баласы Кудред — асыл текті граф Этельбальдта талабым бар еді-мыс деп, асыл текті граф әрі корольдік танға қарсы, сотқа шағым түсірді...»

Жұрт ішінде айғай мен аласпыраң басталады:

— Қоя бер, қоя берші! — Қайда қағыл дейсін енді! Ойпырай, ойпырай, жарылып кеткелі тұрмын! Жан-жағымнан қысып барады!

Ұзынтұра (*қолын жоғары бұлғандатып*). Осы катындардың кимелегені несі, әттең...

Брифрик. Жұрттың кимелегені несі? (*Ілгері ұмтылады.*)

— Жындаған әншейін, ешкім де жоқ. Кеме көрінді деп, бір ақмақ тағы да соқты.

К у д р е д (*айғай салады*). Қағазымды, қағазымды, қағазымды бер! Әй қорқақ-ай, жыртып тастады...

К и с с а. Король келе жатыр деген кім осы?

Д а у ы с т а р. Мен айтқам жоқ.— Мен де айтқам жоқ.— Дәуде болса, тағы да Шпинг болу керек.

Ш п и н г. Жоқ, ұлы мәртебелі тан, аузымды ашсам бұйырмасын.

Б р и ф р и к. Оллаһи. әңгүдік жұрт екен! Жә енді тіпті шынымен король болғанда қайтуші еді.

В у л ь ф и н г. Е, өзің елдің алдымен шықтың ғой.

Б р и ф р и к. Е, қайтуші еді! Көремін әншейін.

Ж ұ р т і ш і н е н б і р е у. Тандар атқа мініп, әне кетті. Сірә, корольдің алдынан шықса керек.

С е р і (*ат үстінен*). Жол, жол беріндер! Қалайық, былай кетіндер!

Э г б е р т. Кімге жол береміз?

С е р і (*ат үстінен*). Былай кет деймін мен саған! Асыл текті корольдік тан Этельбальдқа жол беріндер.

Э г б е р т. Мына шапалақты оған ала бар. (*Оны ұрады да, қаша жөнеледі.*)

С е р і (*айғай салып*). Қарғыс атқан ұзын қол сайтан, көрісерміз әлі бәлем!

В у л ь ф и н г. Граф Эдвиг әне кетті. Көрдің бе?

Т у р к и л. Көрдім. Қару-жарағы тамаша екен.

В у л ь ф и н г. Әнеки Этельбальд. Қарашы өзін орман ішінде тұрғандай, серілер қаумалап, қасына қандай сап тізіле қалған десеңші. Шіркін-ай, өздері қандай әсем киінген десеңші! Кирастары мен қалқандары қандай! Оллаһи, бар ғой егер тілесе, датчандарды баудай түсірер еді.

Т у р к и л. Тілемейтін себебі қалай?

В у л ь ф и н г. Солай. Жаумен өздері ауыз жаласып жүр.

Т у р к и л. Бәсе, әнеки!

В у л ь ф и н г. Баудай түсірмейтін себебі қалай? Егер саксон атаулыны тұяғынан тік көтерсе, біздің әскер бес есе басым келіп жатыр ғой, ал англолардың бір ғана атты әскерінің өзі Лондоннан Иоркке дейінгі

жол бойын кернейді екен! Ал енді датчандардың басын жыйнасаң үш мыңға да толмайды.

Туркил. Э, сүйікті достым! Атың кім еді өзіңнің? Бүльфинг деймісін?

Вульфинг. Вульфинг.

Туркил. Ендеше дос болып қояйын, Вульфинг.

Вульфинг. Мінеки қолым.

Туркил. Олай дей көрме, сүйікті Вульфинг. Оларды дыю жебеп, өзімізге әлгі шіркеуде священник оқып беретін, адамды азғыратын сайтан қолдап жүр. Олар бауырым, теңізді де тылсымдап тастайды. Бұрқанып жатқан жерінен қапелімде балаша уана қалады, ал енді тілейді екен—қасқырша ұлып қоя береді. Біздің атты әскер өздерін әлдеқашан жеңіп алатын еді...

Вульфинг. Жұрт тағы да тықсырайын деді. Танның өздері де бас киімдерін бұлғап жатыр. Көрейік, дәуде болса, король келе жатқан болу керек.

Жұрт ішінен бір дауыс. Кеме екені, кеме екен!

Туркил. Тағы да қысып кетті!

Дауыстар. Үш желкенді кеме екен.— Неге төбелесесің?— Кимелеме ілгері!

— Палубада жұрттың, шыбынша құжынап тұрғанын көрдің бе.

— Король неге көрінбейді?

— Оны қайтып көре қояйын деп едің? Жұрт ығы-жығы.

— Күн көзінде бірдеме жарқ ете түсті әнеки!

— Кеме жылдам жүріп келе жатыр. Теңіздің аржағында жасалғандығы көрініп-ақ тұр. Терезелерінің жалтылдауын қарашы. Бізде мұндай кеме жоқ.

— Бұл жалтылдаған тан болу керек.

— Жоқ, әне біреу ересен жалтылдап тұр. Қарашы— қандай дулыға, қандай сәнді киім десеңші!

Вульфинг. Мұның бәрі оны ертіп келуге Римге елшілікпен бірге кеткен тандар.

Туркил. Король қайда? Король тәж кию керек ғой.

Вульфинг. Бірақ әлі тәж кие қойған жоқ ол.

Туркил. Э, әнеки қалпағын алды... Тандар қол бұлғап жатыр... Король жасасын!..

Б ү к і л ж а р а л а у (айғай салады). Король жасасын! Сәлемат па, король!..

— Әнеки тағы да қол бұлғады... Сәлемат па король!..

Х а л ы қ. Сәлемат па, Король

С а л т а т т ы (ат үстінен). Халайық, қаз жарылып жол беріндер! (Айбалтасын сілтейді. Халық кейін шегініп, қыспақта қалғандар айғай салады).

Т у р к и л. Мынаның осынша бақырғаны несі? Кім өзі?

С а л т а т т ы. Кенульфтің таны, Эгальдовтың баласы. Медлисекстің таны, тамаша жауынгер.

Жағалауға кеме жақын келеді. Топырлаған жұрттың аржағынан тек бастар ғана кылтыяды.

А л ь ф р е д (кемеден түсіп). Сәлематсындар ма менің мейрімді пенделерім.

Х а л ы қ. Сәлемат па король! Жаса!

К о р о л ь мен нөкері атқа мініп, жұртқа қарай көтеріледі.

Х а л ы қ. Жаса! Король жасасын!

А л ь ф р е д. Рақмет, рақмет сіздерге, менің мейрімді пенделерім. Сіздерді және әкемнің жері Англосаксияны көргеніме өзім де қатты қуаныштымын.

Э г б е р т. Естіп тұрмысың? Англосаксияны дейді! Мерси мен Эст-Ангелдан әлдеқашан айырылғанымызды, өзі, сірә, естімеген болу керек.

Король жүріп кетеді. Оған ілесе ұрандап, таңдар мен халық қозғалады.

Т у р к и л. Король жігіт екен — көрнекті, денелі, жұрттың бәрінен артық жатыр. Аумаған сұңқарша қандай саңқылдап сөйледі десеңші. Өзінің кеудеге киген сауыты сенің өміріңнен артық тұрады-ау деп ойлаймын. Жүр, көрейік.

В у л ь ф и н г. Тоқта! Несіне барамыз? Бері қара, олар бізге жеткізбейді, атпен жортқан бойы Иоркке барып түседі.

Т у р к и л. Лондонға неге бармайды?

В у л ь ф и н г. Өйткені, Лондонды еналдымен көңілдегідей дайындап алмақ, король содан кейін барады.

Э г б е р т (қайта оралып). Жок, менің шетке шық-
қым келмейді. Мен де сондай тан болатынмын. Менін
де 16 тан ситкундіммен қызметшім болған. Рас, соғыс-
та қыруар шығын шектім. Қазір оным қолымда жок.
Бірақ мен жерімізді қорғадым. Этельбальд итті ауыз-
ға алмаған күннің өзінде, оның аузынан емшек табы
кетпеген баласы, жирен сақал Киль, граф Эдвиг, Ке-
нульфтердің корольдің қасынан елдің алдымен еріп
жүруге қақылы болатыны қалай? Менің тағы да екі
танның соңынан еріп жүретін себсіміз не? Жәдігөй
Кильді ат үстінен найзамен шаншып-ақ тастағым ке-
ліп еді, бірақ тек корольдің көзінше өйткім келмеді.

К и с с а. Құрып кетсін оның! Мен өзім, өзгені ко-
йып, корольдің келгеніне, қуанып тұрмын. Датчандар
теңіздің аржағында тұр, Эст-Англияны, Мерсимен Нор-
тумберландты қайтадан тартып аламыз: ел күйзелген-
мен, егін мен малға жайлы жақсы жерлер бар.

Э г б е р т. Король жаныма жағып кетті — мейрімді
жігіт екен! Өзіне барып, саксондардың ежелгі дәстүрі
бойынша қол берейін деп тұрмын. «Король, мінеки
қолым! Керек бола қалған күні, астында жақсы аты,
асынған қаруымен 14 салтатты адам алып, өзіммен он
бес болып алдыға келемін. Ал енді сенерліктей адам
ба дерсін? Тұлабойымдағы толып жатқан тыртықты
көрдің бе өзін» деймін. Жүр, Кисса, өзінің денсаулы-
ғы үшін ішіп жіберейік. Әй, Кудред! Сені Этельбальд
жылатты ма? Ертең Лондонға келіп, Сомерсетск граф-
ствосының таны, тан Эгбертті сұрағайсын. Мені біледі
жұрт.

К у д р е д. Король енді тандарды аздап жусатар
деп ойлаймын.

В у л ь ф и н г. Ойбай-ау, корольдің қолында не
тұр? «Мен саған әмір етемін, пәлендей жеріңді бере
ғой» деп король танға айта алмайды ғой. Витенаге-
мот не дер екен?

К у д р е д. Сонда да, шынында, берекесіздік азая-
ды ғой. Аузынан шыққан сөздің бәрі жақсы лепес бо-
лады. Ең жоқ дегенде, жол бойымен қорғанбай жүре
беретін боласын. Немен күн көріп жатырсын, Вуль-
финг?

В у л ь ф и н г. Таннан алған бір hudes жерім бар.

Кудред. Астықтай төлеймісін?

Вульфинг. Жоқ, әлі күнге қолымды жерге былғаған адам емеспін.

Кудред. Кімсін өзің?

Вульфинг. Бақташымын. Өзімнің алпыс қойым мен отыз сыйырымды Гельгудскідегі орылып алған егін орнына апарып жайып жүрмін. Егер, жолаушым, зауқың шапса, үйіме жүріп, демінді ал. Күллі Рессекстен таппайтын сыр мен сүтті тататын боласын. Ал енді ертең таңелеңнен екеуіміз Лондонға тартып, король мейрамын барып көреміз. Қарашы, жұрт тағы да неменеге анталай қалды? Қаһарман жігіттер-ау, неменеге топырлай қалдыңдар?

Жұрт ішінен бір дауыс. Кеме тағы да бір кеме келеді!

Кудред. Шынында да кеме екен! Бұл немене? Сірә бұл да корольдің нөкерлері болу керек?

Туркил. Көрдің бе, өзі ондай емес! Діңгегі мен желкендері де тіпті олай жасалмаған. Тоқтай тұр, таяп барып көрейік—кісілері де олай киіне қоймаған сықылды.

Топ ішінен біреу (*қолын сілкіп*). Саксондар! Қашайық, қашайық!..

Кудред. Не боп қалды?

Топ ішінен бір әйел. Теңіз король келе жатыр!

Кудред. Жоқ, қой әрі!

Туркил. Христианин болмай кетейін, өтірігі жоқ! Дат кемесі екенін әлде көрмей тұрмысындар.

Дауыстар. Ай, халайық, анық датчандар екен! — Қозғалма деп әнеки, қол бұлғап жатыр. — Оның бола қояр ма екен!— Қашайық, достар!

Жұрттың бәрі тырым-тырағай болып қаша жөнеледі. Жағадан кеме көрінеді. Руальд діңгекте салбырап тұрады.

Губбоның дауысы. Арқанды асыра лақтыр.

Руальд (*жоғарыдан*). Ескекші, төменірек ес: анау тұста қайраң бар.

Арқанды аузына тістеп алып, Норманд жүзіп келе жатады

Руальд. Төменірек ес. Әлі де төменірек ес. Ә, ант атқан жұрт! Тырым-тырағай болды түге! Тура тарт енді. Норманд, қармақпен іліп ала ғой!.. Тоқта!

Губбо (кемеден түсе беріп). Англияға келіп жеттік деген осы енді. Үлкен қайықты жағаға апарыңдар. (Жұрт қайықты шығарады.)

Губбо. Қалай дейсіндер, қаһармандарым, Ингвардың келуін күтеміз бе, әлде қазір тиіп жіберіп, дауыл алдындағы кешкі шұғыладай, киімімізді саксондардың қып-қызыл қанына бояймыз ба?

Жауынгерлер. Найзамыз сақадай сайланып тұр.

Руальд. Губбо королім, еңалдымен шолғыншы жіберіп, жау жасағының санын біліп алғанымыз жөн болмас па екен?

Губбо. Осыны айтып тұрған сенбісің, Руальд? Сені, сірә, теңіз тербете қоймаған екен. Осы сөзіңе бола өзінді теңізге атып жіберуге әбден жарап жатыр. «Сан жайында сөз қылған адам қаһарман болушы ма еді?» дейтін еді, 33 шайқаста жеңіп шыққан әкем Лодброд.

Руальд. Лодбродтың баласы, Губбо! Қорқақтықты сен менің бетіме басып отырсын. Ағайынды Гримуальд екеуіміз нөкерлеріңіздің көзінше қай жерде қарабет болып көріп едік. Әлде от басы, ошағымның қасында отырып, бойымды жылтып немесе шатыр астында шалқамнан түсіп жатқан кезім болып па еді? Киімімнің әлде үстімде кеппей, кеменің діңгегінде кепкен күні болып па еді?

Губбо. Кешір, Руальд. Бауырың Гримуальд аяулы жауынгер еді. Екеуіміз ержүрек жолдас, досымыздан айрылып қалдық. Ұлы Оден! Қандай қырғын, қыямет дауыл болды десеңші! Ұйтқыған жел көз байланғанда киімімізді дал-дұл ғып, теңіздің шапшыған шашыранды сілемейі отша өртенген жүзімізді осып осып кеткен еді. Өз семсерім, өз найзаммен ант етемін, өмірдің ондай еншісі үшін ешнәрсемді аямас едім: кісі қызығарлық-ақ енші еді! Қазір Гримуальд ержүрек жауынгерлермен бірге той тойлап жүр. Оденнің өзі оған шарадай бассүйекке шарапты құйып бере отырып «Гримуальд, сен өзің соңғы шайқаста неше же-

ріңнен жараландың?» деп сұрады. «17 және 4 жерімнен» деп жауап береді оған Гримуальд. «Әлуетті жауынгер! Гримуальд жүні көкісше жылтылдап, алдында жүрген анау мәңгі еліктерді бердім саған. Соларды алыстан дарыйтын найзанмен жаралап, көңіліңді көтер, ержүрек батырым. Бері кара, Стемид, қазір бола қоймағанмен, бірақ саксондардың тозақ басқан сүйектерінің басында той қылып, альбион еменін өртеген кезімізде, сен бізге Гримуальдтың ерлігі туралы ән салып бер. Қандай ән екенін білемісің? Көкірегіндегі бар жігерін желпініп: ерлік, нағыз шат-шадыман сезім билеп, қолымыз семсердің сабына шап бергендей ән болсын... Бірақ, жолдастар, сіздерге енді не істейтіндігімді айтуға тиіспін. Англия дегеніңіз: малға, егістікке бай, тамаша жер. Өзіміздің отандастарымыз әлдеқашан қоныстанып алған Нортумберландия мен Мерсидің тұрғын халқы кедей келеді, бірақ бұл ара шүйгін, бәрінен де алтынға лықылдаған, шіркеулері бай. Кісі басына бір-бірден алтын шынжыр тиеді. Англосаксондардың семсері тамаша болады. Оны өздері алыстан алдырады. Бұл арадан қалаған семсер, қалаған найзамыз бен қару-жарағымызды таңдап алуымызға болады. Сонымен бірге енді, жолдастар, мағанда, өздеріңе де дүниенің бәрінен басымырақ ұнайтын бір нәрсені айтқым кеп тұр: англосаксон қыздары жас, еліктің қаны тамған, өзіміздің скандинов қарындай ақша бет келеді. Бірақ, тұра тұрыңыздар, жолдастар! Англияның қолына семсер мен найза алып, атқа мініп шығатын әскеріне сан жетпейді. Бірақ Оден олардың бірде-біреуін Валгалға енгізбек емес, өйткені олар жексұрын христиандар. Бүгін отандастарымыздың да өзімізбен қол ұстасатындығы естеріңізде болсын, тек бір шетінен тиіп беруіміз-ақ мұң, екінші шеттен оларда кеп тискелі тұр... Бұл жердің қандай тамаша, қандай жылы екенін көріп тұрмысыздар. Біздің Скандинавияда бұлай емес: бұл арада екі-ақ ай ғана қыс болады.

Р у а л ь д. Мен өзім Англияның ең жақсы деген мекенін тартып алам. Той істеген кезімде тоқсан англосаксон құлы шарап тасып, қызмет қылатын болады әлі.

— Қалай, конунг Губбо, дүниеде бұдан да жылы жер бар деген рас па?

Г у б б о. Бар.

— Немене, тіпті қыс болмай ма?

Г у б б о. Жоқ, тіпті қыс болмайтын жер жоқ. Қыс болады. Дегенмен, байқап көру керек екен. Элгад, екеуміз кейін әрмен қарай сапар шегеміз. Ұзақ уақыт бір жерде тұра беруге адам жалығады. Мұхиттың аржағындағы ел де бізді айтқан жырымен еске алатын болсын. Ертоқымыммен ант етемін, ол жақтан алтындатқан кемеге мініп келеміз әлі. Үстіме өрттей қызыл шапан жамылып, басыма асыл тас тізген дулыға киемін. Етегі, кешкі жарық жұлдыздай жалтылдап тұрады оның. Сөйтіп, дүниедегі ең әдемі деген патша қызына келемінде: «Сәулетті патша қызы, мен өзім король едім, сенің көкшіл көздеріңе ғашықтықтан от болып өртеніп келіп тұрмын. Қолымнан жүздеген, мындаған батыр жойқыраған еді, сөйтіп, король Губбо, сол бір қолымен, қарт әкеннің жасаған жасау-жабдығы мен өзінді қоса алып кетуге келіп тұр» деймін.

Ж а у ы н г ө р л е р. Король Губбо жасасын!

Г у б б о. Сендер де бірге жасаңдар, жолдастар! Жүрейік енді. Авлук пен Ролло екеуің қайықтарды бағып, осында қалыңдар. Біз — ешкімге есе бермей... бойымызда тұрғанда, семсерімізді канға суарамыз.

А л ь ф р е д (*королевство тандары мен графтарының ортасында*). Ізгі ниетті тандар, сіздердің құрмет тұтып құттықтағандарыңызға мың мәртебе, мың мәртебе рақмет. Англосаксон ұлты жапа шегіп отырған гағылық пен надандықты тырағайлатып түріп шығуда сіздер өз тараптарыңыздан көмек көрсетеді деп сенемін.

Г р а ф Э д в и г. Әрқашанда дайынмын. Қару-жарағымен 50 салтатты адамды кез келген сәтте патшамыздың талап етуіне болады.

Г р а ф Э т е л ь б а л ь д. Өз қолыммен өзімнің 80 Вассалымның қолы сендік, патшам.

С и ф р е д. Патшаның заңды талабының бәрін де

орындауға дайынмын. 20 атты және 140 жаяу әскер атқыш берем.

К л е о б а л ь д. Елім жылқыға кедей болғанмен, жаяу әскерді керегінше жыйнай алам...

А л ь ф р е д. Жаңылып тұрсыздар, достарым. Мен сіздерден, әрине, қашан да болса алуға қақым бар. Бұндай көмек сұрап тұрғам жоқ. Бірақ мен Англия құралақан отырған ізгі ізімді көңілге алып едім. Мен сіздерден мінез-құлықтағы, бойларына, қарт қабықша, жабысып қалған тұрпайылықты түріп шығуда англо-саксондарды үйрету ісіне жәрдем сұрап тұрмын.

Тандар үндемейді. Бұл сөздің мәнісі қалай деп, кейбіреулері колдарын жаяды.

Э д в и г. Патша, сен, англдар мен саксалар тұрпайы деп қалай айтасың? Англияны жеңіп алған солар еді ғой!

А л ь ф р е д. Бұған қарсы айтар енді титтей дауым қалған жоқ. Тәрізі, мынаның соғыстан басқа ойы жоқ екен. Эдвиг, сен өзің балаңды көрдің бе?

Э д в и г. Көрдім, патшам.

А л ь ф р е д. Я, қалай таптың өзін?

Э д в и г. Жігітің жақсы болғанмен, сыйқыршылыққа құмартып кеткен екен, әрі өзі найзаны да ұстай білмейді.

А л ь ф р е д. Жоқ, Эдвиг, ондай бала бергені үшін тәңірге тәубе қылуға тиіспін. Бүгін өзінің қасында бол да, ертең маған жібер. Ол екеуіміз Римде тұрған кезімізде дос болып тату-тәтті жүріп едік. Англияны көрмегеніме көп боп кетті. Өткен күндерім, түсімдегідей, еміс-еміс ғана есімде қапты. Бұндағы Рим ескерткіштерінің жұрнағы әлі де аман болуға тиіс еді. Лондоннан император Константиннің салдырған дуалы мен римляндардың Йорктің қасынан салған моншалары бар ма әлі?

Э д в и г. Патшам, сенің қандай римляндарды айтып тұрғаныңды біле алмадым.

А л ь ф р е д. Римляндар — Англияны жеңіп әрі бриттерді өзінің қаласына қаратып алған халық.

Э д в и г. Бриттердің болғаны рас, бірақ, патшам, ешқандай римляндар болып көрген емес.

А л ь ф р е д. Сен білмейсін, өйткені оқыған жоқсың. Римляндар ұлы халық болған. Олар Британьмен бірге бүкіл дүние жүзін жеңіп алған болатын.

Э д в и г. Мейлің, король римляндар римде тұрады. Жоқ, король, оны саған өтірік айтқан. Дүние жүзінде теңдесі жоқ қаһарман халықты саксолардың қалай жеңгені есінде қалған қарттарымыз бар. Олар да тек бриттер ғана болған деседі.

А л ь ф р е д. Болды, оны ұзақ-сонар сөз қылатын түгі де жоқ. Тандарымыз тамаша-ақ екен! Сүйіктілерім, ағайым Этельред өлгеннен бері өзімнің жоқ кезімде болған оқыйға атаулы мен мемлекеттің қазіргі хал-жағдайы туралы менің есеп алғым келіп тұр. Менің жанымның тыныштығы жайында қам жемей-ақ қойыңыздар. Тыныға жатармын. Этельбальд, сен өзін мемлекет ағасы әрі Витенагемотте бірінші кеңесші болғандықтан, осының бәрін маған бажайлап баяндап берші.

Э т е л ь б а л ь д. Бәрі де жақсы, патшам. Көресіні тек датчандардан ғана көріп отырмыз: Дегенмен, Иорктен Лондонға дейінгі жол түзетіліп әрі әрдайым табанына тас төселіп келді. Аюанханаң қаз-қалпында тұр. Әкеңнен қалған және ағаң марқұм Этельред жыйнаған корольдік сауыт, қалқан атаулысын сау-сәлемет сақтап отырмын.

— Алжыған аю, өтірік айтып тұр! Найзаның тәуірін өзі қымқырған болатын.

А л ь ф р е д. Этельбальд, сен, менің шаруашылығым жайында айтып тұрсын. Оның бос сөз. Мен сенен, мемлекет қалай, қандай күйде деп сұрап тұрмын.

Г р а ф Э д в и г. Мемлекет мүшкіл халде отыр. Серорлдар мен бретон құлдары түк төлемейтін болған, жерімізді датчандар қатты күйзелтті. Серіні қаруландыра қоятын хал жоқ. Жылқы дегеніңіз тулақ болды.

А л ь ф р е д. Датчандарға Мерси мен Эст-Англияны қалай беріп қоя бердіңдер?

— Амал қанша, король-ау? Марқұм король, өз ағаң, ерлікпен-ақ шайқасқан еді, бірақ басым күш басып кетті ғой... Өздері дыюмен астасып, теңіздің ғаламет алыптарымен ауыз жаласып алған.

А л ь ф р е д. Ағайым Этельред, қаһарман саксонша,

ерлікпен шайқасқанда, біраз кізе сендерден, зассалдардың көнбетендігі себепші болып кетті.

С и ф р е д. Егер Эст-Англияда немесе Мерседе өз жерім болса, онда мен оны өз қолыммен, өзімнің зассалдарымның қолымен қорғаған болар едім, бірақ менің өз жерім бар ғой.

А л ь ф р е д. Япырау, сол өз жерлеріңіз өзін қорғай алдыңдар ма осы? Біз келген бүкіл жол бойында егістіктің қанырап бос қалып, екі шіркеудің құлап жатқаны қалай? Қапысыз қаруланған христиандар, аттөбеліндей азғантай ғана датчанның қолығына кеніп қалай шыдап отырсындар?

— О, жасай гэр, король! — Король деп осыны айт! — Тау бүркітінше, қыядан болжайды!

С и ф р е д. Өз басымның ардан аттаған жерім жоқ әрқашанда болса дайынмын, егер граф Мадльсекс өзіммен түс шайысып қалмағанда, мен датчандарды аттатпайтын да едім, әрі Вессекс пен оның жерін қорғап та қалатын едім.

А л ь ф р е д. Айттым ғой, осы бір уақ-түбек жанжалдарының қырсығынан айыпты болып отырған өздерін. Сіздердің осы бір Феодалдық әдет-ғұрыптарыңыз маған қатты ұнамайды. Не пәле екенін бір күдайдың өзі білсін! Көрінген өз бетінше билеп-төстеп жүр. Жоғарыда отырғанға бағынбай, өзара араз болысады. Меилекетте, аумаған Рим империясындағыдай болу керек: патша өзінің қалауы бойынша жұртқа әмірін жүргізіп отыруға тиіс.

О д о н (екі көзін төңкеріп). Гм! Мұныца мен өзім онша түсіне қоймадым. Көрінген англосакс таны, ерікті әрі азат адам — корольдің меншікті жерін ала қоймайды ғой...

А л ь ф р е д. Осы арадан бірде-бір епископ көре алмай тұрғаным қалай? Алдымнан бар болғаны бір алжыған жалғыз шал ғана шықты.

— Вессекс епископы датчандармен соғысқан кезде қаза тауып, Кенттен келген Адельстан қайтыс болғанды.

А л ь ф р е д. Сөйгіп енді, орнына адам сайлай қою ешкімнің ойына келмегені ме!

А р в а л ь д. Жоқ, король, ол жөнінен бізге қояр

өкпе жоқ. Тан атаулы болып әдейі бас қоссақ та, сайлай қояр ешкім шықпады: қасиетті хатты оқый алатын адам таба алмадық.

Альфред. Англияда хат таныйтын бірде-бір священниктің шынымен-ақ болмағаны ма? Тіпті священник Эгельвальдтың өзі коллегия¹ ұйымдастырғаны кәне.

— Коллегия құрығалы қашан.

Альфред. Қайда құрыды?

— Датчандар өртеп жіберген болатын.

Альфред. Тағы да датчандар! Осы бір датчан дегеніңнің өзі қандай қамшы еді сонша? Әлде Англияны кілең қорқақ жайлап, немесе шында да датчандар... Мына жігіт кім? Неменеге келдің?

Хабаршы. Король!

Альфред. Не?

Хабаршы. Датчандар басып кіріп, Лондонды талап жағыр.

Король (аң-таң болып). Кімді айтсаң, сол келеді деген! Кәнеки, тан мен граф мырзалар! Қару-жарақ жайында қазір ақылдасуымызға тура келіп тұр. Амал жоқ, басқаның бәрін де былай қоя тұру керек.

— Мен дайын.

— Барлық Вассал түп-түгел қасымда тұр, патшам.

— Өз әскерім үнемі жанымда.

Этельвальд. Патшам, сіз үшін барымды әкеп беруге әзірмін.

Арвальд. Жасағымды жалғыз сәтте жабдықтай қоям. (Кетеді).

Альфред. Я, дәуірім дәуірлеп басталайын деді! Ізгі ниетті тандар, датчандарға сынық сүйем жер бермейміз деп, бәрін де ант ішіндер.

Тандар. Айса мен Мария қыздың атын атап ант етеміз!

Альфред. Жүріндер, жедел атқа мінейік! Бірақ еңалдымен әскерлеріңізді көргім келіп тұр. Кәнеки, король, көрсетші бір көңілдегі жігеріңді. Құлпыртам деп аңсаған алқабын осы енді. Алдында тұрған қыруар жұмыс бар. Жоба дегенің бір жойқын: күллі мем-

¹ Коллегия — кейбір оқу орындарының аты.

лекеті әліппеден де құралақан қалып, ғылым мен білім қаперінде де жоқ жерге сол екеуінің шырағын жағу керек... Қасқырша қарайтын, осы бір мазасыз мемлекет шонжарларының бетімен кеткен берекесіздігін ауыздықтап әрі заңға көндіру де керек, оның үстіне жағадан алып тұрған жау мынау... Қуат бере гөр, құдайым!.. (Кетеді).

Цеолин. Король маған қандай ұнап кетті десе-ңізші!

Эдрик. Сен оны әлі жақсы біле қойған жоқсың, Цеолин. Құдай ол.

Эдвиг. Қалай, Ке до вал ла, адамдарың түп-түгел қаруланып болды ма?

Ке до вал ла. Түп-түгел.

Эдвиг. Король қалай екен? Жігіт-ау деймін?

Ке до вал ла. Я, қаһарман болу керек. Я былай сықылды...

Эдвиг. Не?

Ке до вал ла. Ақылды сықылды.

II ПЕРДЕ

Альфред, граф Этельбальд, граф Эдвиг, Цеолин, Ке до вал ла бір топ жауынгермен бірге сахнаға шығады.

Альфред. Біз жеңілеміз дегенге сенер-сенбесімді білмей тұрмын. Артық-кемі жоқ, аттөбеліндей, азғантай ғана бір топ баскесер екен, топқа төтеп бере алмағандай, он бес мың салтатты, саксон ұлтының бар бетжүздігі мен 90 мың жаяу әскерге не көрініпті! Сол ұлттың тірегі, ізгі ниетті тандар, осыған не айтасыздар?

Граф Эдвиг. Король, бізді жайымызға жіберші. Өз мекенімнің күллі қызметшісін жыйнап алайында, вассалдарымды өзім қуып шығайын. Мейлі көрінгені осыны істесін.

Альфред. Граф, сен өзің ағарған шашына қарамай, осындай ақыл айтасын. Жоқ, ізгі ниетті тандар, ендігі істің бәріде өзімізге, өз жігерімізге ғана қарап тұр. Шегінсек — бардан айрылып, дандайсыған жауды дарбыйтып жібергеніміз. Олардың жеңілмейтіндігіне сенім тудыратын етіп жібергеніміз. Олардың

жеңілмейтіндігіне сенім тудыратындығымызға ант етемін, сонда оларға қарсы кім тұрмақ? Жайқаста олардың қандай құйынша ұшатынын өздеріңіз көрдіңіздер. Бір адым кейін шегінсең-ақ,— Голиафша, олардың о жарлығы өршиін деп тұр. Сарондар, бір ғана амал бар! Ойланып жататын мұнда түк те жоқ. Жеңіліп қалған хабарымызды ұлтымыз естімей тұрғанда, осы шегінген күшімізді шабуылға шығаруымыз керек.

К е д о в а л л а. Король, қаһармандығымыздың кінә қоярлықтай емес екенін өз көзіңмен көрдің. Мен өзім өмірімді ешбір ойыма алып көрген адам емеспін. Бірақ, әулие анамның атымен ант етемін, оларды пері жебеп жүр! Жаудан жеңілмейтін осы бір Губбо дегеннің қасында оның қарауытқан бейнесінің қалай құлдырап ұшқанын мен өз көзіммен көрдім. Вассалдарымның тұңғыш рет зәресі зәннемге кетіп, бұрнағы жылы епископ үшкіріп берген сауыттарым тұңғыш рет тесілді.

А л ь ф р е д. Ке довалланың бойынша қандай қара надандық еседі десеңізші! Сенің илана қоймайтындығыңды білемін мен, өйткені сенің көңілің ескінің көлеңкесінде жүр. Бірақ тандар, христиан дінін жаңада ғана тұтып, одан әлі ештеме ұға қоймағандарыңыз қандай айқын көрініп тұр десеңізші! Жын-шайтаннан түршігіп отырған түрлеріңіз мынау! Жын-шайтанның шынымен-ақ тәңіріге қарсы тұра алғаны ма? Шынымен-ақ дүниеде христиан құдайынан үлкен нәрсе бар ма еді? Сол бір теңіз адамдарының өткір найза алып, өкіре-бақыра, сапымызға өңмендей келіп төнгенін өз көздеріңізбен көрдіңіздер. Неліктен осылай істеді ғой деп ойлайсыздар? Неге десеңіз, олар, христиан құдайының қасында тозаң мен әруейдей боп жүрген, өздерінің Оденінің пұт құдайын тыным таппастан шақырған еді. Сөйте тұрып, күдерлеріңді үзесіңдер! Сондай христиан болушы ма еді! Жебеушілерің Айса мен пак қыз...

Т а н д а р. Кеттік, король датчандарға екі адым жер бермейміз!

Х а л ы қ п е н с а л т а т т ы л а р д ы ң б і р б ө л е г і. Король датчандар...

А л ь ф р е д. Тоқта!

Салтатты. Қуып келе жатыр!

Альфред. Таң атаулы орындарыңнан тырп етпендер! Датчандар алыста ма?

Салтатты. Өкшелеп келеді...

Альфред. Әулие Марияның аты үшін! Кельдан жақпар тасынша, бой бермеңдер.

Сахнаға датчан нөкерлері жүгіріп шыға келеді. Саксондар оларды найзамен қарсы алады. Найзаласу басталады

Губбо. Оденнің ұландары! Англосакстерді аяққа баспай, тойымыз торқа болмақ емес.

Альфред. Англосакстер! Айса мен Марияның жебен жүргені естеріңнен шыға көрмесін.

Губбо. Ринальд, Ринальд! Семсеріңнің серпіні сылбыр. Жау сауытынан найза жарытып ұшқын ұшырмай жүр.

Ринальд. Жок, король Губбо, сарқыраған жау қанынан көзің бұлдырайын деген екен.

Альфред. Христиандар, беркініңдер! Жедеушіміз қылаң атты әулие Георгий!

Губбо. Оден! Қолым қанға боялғанмен, қасымда Ингвар жоқ. Ринальд, Ринальд! Дулығаңның ұшып, кеткені қалай? Көкірегің дір еткеннен сау ма?

Ринальд. Әлі де шыдап береді, Губбо королім! Мә саған, ит... Той шарабына бас сүйектерді апару Оден ұландарының қолынан келеді!

Альфред. Мария үшін, Айса үшін, англосакстер!

Губбо. Таңдайым кеуіп, тілім күрмеліп бара жатыр, бірақ Ингварым желдей есіп жетіп келіп, қол ұшын берер емес!

Ринальд (*құлап бара жатып*). Оден! Валгаладан орын сайлай бер маған!

— Мәс-саған, датчан ит! (*Оның басына найза сұғады*).

Альфред. Англосакстер! Жеңіс біздікі!

Губбо. Қолымда семсер жалаңдап тұрғанда, тыныштық жоқ саған, Альфред.

Альфред. Сап, сап, датчандар! Қаруыңды тастап, беріл, Губбо.

Г у б б о. Атама! Оденнің ұлдары біреудің құлы болуға өмірі бас иіп көрді ғой деп пе едің?

А л ь ф р е д. Губбо, мен сенің бостандығыңа ділгір емеспін, оны алайын деп тұрғам жоқ. Екі ауыз сөзге кел.

Г у б б о қолма-қол тоқтай қалады. Екі жағы да найзаларын төмен түсіреді.

А л ь ф р е д. Егер, қазір бөгелместен теңіздің арғы жағына асып Англия жағалауына енді қайтып аяғымды баспаймын деп, өз дініңнің ғұрпы бойынша ант беретін болсаң, мен сенімен бітімге келісіп, қалған жолдастарыңа рахымшылық етуге бармын. Қару-жарақтарың түп-түгел өздеріңде қалады. Бойларыңдағы нәрсенің бәріне жаң тимейді.

Г у б б о. Король Альфред, мен көндім.

А л ь ф р е д. Сөйтіп, қаһарманым, атыңды бер.

Г у б б о. Өз басым және өзімнің бар қаһарман нөкерім болып, сенің қоластыңа қараған жерге ешқашанда тимейміз деп Оденімнің атымен, ертоқыммен, серіммен ант етемін, егер осы антымды орындамасам, сауытымыздың жезіндей боп сарғаяйық! Өз найзамыз өзімізге кеп қадалсын!

А л ь ф р е д. Антты бәрің де естіндер ме? Губбо, сен енді еріктісін. Жүре бер! Қайықтарың жағада күтіп тұр.

Г у б б о. Жүріңдер, жолдастар. Біріміздің бетімізге біріміз қарауға біз ұялмаймыз. Біз ерлікпен шайқастық. Бүгін болмаса — ертең, мұнда болмаса — басқа бір жерде алтын әлемішті жау кемелерін қайықтарымыз апатқа ұшыратады әлі...

УКРАИН ТАРИХЫНАН АЛЫНҒАН ДРАМАНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

БҰЛ ДРАМАНЫ ҚАЛАЙ ЖАСАУ КЕРЕК

Оны жарық айлы түннің күміс шұғыласы мен оңтүстіктің хош иісті лебіне бөлеп тастау керек.

Оған шаңқыя себелеген күн нұрының жалтылдаған тасқынын төгіп жіберу керек, сөйтіп оның тұлабойы көз ұялтқан өткір сәулеге толып, толықсып тұратын болады!

Оны өткен күннің оқыйғаларымен, аршындай басып, алыстап кеткен, тұлабойы ескілікке толы дәуірлер сапынан шақырып алған нәрселермен нұрландырып, дүрілдеткен думан, козак мінездері мен еркіндіктің барлық молшылығымен құрсаулап тастау керек.

Жалынды құмарлықтың сөз тасқынына да, қайрат пен бостандықтың батыл, саңқылдаған қысқа сөзділігіне де, күдері кек пен екі иінінен дем алған екпінмен де, тұрпайы, қатал жақсылыққа да, темірдей иілмейтін осалдыққа да, құлақ естіп көрмеген, күдері әрі адам баласының басында болмайтын мархабатты жанкештілікке де бөлеп тастау керек.

Ожар заманның бейқамдығына да бөлеу керек.

Салыстыра отырып, астармен жауап береді: «Пышақ жасауға тәңірі өзіне ақыл берген адамның қолынан өгіздің өкіре құлап, өлетіні рас; бірақ өгізді шошқа өлтіріпті деген оқыйға әлі күнге бола қойған жоқ».

Балықты сатып, қыстық қор сақтау жөнінде, атап айтқанда пәлендей уақытқа деп бұйрық береді, өйткені ол кез жігіттердің арақ ішетін кезі. Тұз сатып алу жөнінде, бақша, астық, жөнінде, оқ-дәрі, мылтық солдаттарға деген шешпен жайында.— «Соғыс күтіп отырудың сірә керегі жоқ-ау деймін, өйткені бүлік шығаруға мұжық пен козак епті келеді ғой, ант атқандар бүлік шығармай тіпті шыдап отыра алмайды; сондықтан да оның қолы қышып жүр; жатып ішіп-жейді де, шарап дүкендері мен көшені шарлап сауық салады».

Пәлендей монастырдың монахтарына кесте басып тіккен беторамал сатып алдыру керек.

СЕРІЛЕРДІКІ

Жекпе-жекке шықпай, төбелеспен сазайын береді; қызметшілерінен шама келгенше көбірек қол жыйнап алып, далаға шығады да, жауларына тиеді.

МҰЖЫҚТАР

Мұжықтардың әңгімесі. «Дүниенің бәрі көтеріліп, қымбаттап кетті. Оллаһи, тап осы саусағымдай ғана жерде — 20 ширек астық 8 балапан, Духов күні мен Пасхаға — екі қаз, шошқа басына 10 торайдан, балдан, онымен де қоймай үш жыл өткен сайын үшінші өгізінді беріп отыру керек».

Запорожьеліктердің қоймасы мен қазнасы туралы әңгімелеседі. «Бұл жерде көрінгенге көз түртті болып жүргенше, Запорожьеге кетемін»

Демьян ботқа пісіргіш болып, Самко алып-сатарға айналады.

Жас дворянның басына осы ойдың қалай түскен

жолын табу керек. Азғырып ала кою, анық козак айласы. Лукаш, менің қолымда тұрған түк те жоқ, полковниктерді көндіру керек дейді. Жұрт олардың үйін қамап алып, мәжбүр етеді... Қандай жолмен екенін де айту керек...

Осы іске атсалысып, бізге бастық болындар деп, елеуреген жұрт екі полковниктің үйін төңіректеп, алаңда топырлап тұрып алады. Полковник албарға шығып, бұдан түк шықпайды деп, ақылын айтып азғырады.

Үйге кіріп, қашындар деп ақыл айтып, кеңес берді. «Әйел мен катын атаулы қашып, бассауғаландар! Ләхтер өкшелеп, талап, өртеп келе жатыр». Осындай күйде көреді. Нәрсе-қарасын буып-түйіп жүрген кемпір кыруар жыл саялап, табалдырығынан ешқайда аттап шықпаған бұрынғы баспанасымен қоштасып зар еңірейді.

Маужырап, масайрап тұрған ғажайып түн. Сүйемісін сен мені? Жылдарға да, жәбір-жапаға да жасый қоймаған сүйіктіңе баяғыңша карап, тіл қатып, көзіне шұғыланды шашып аузы мен маңдайынан сүйемісін? Әлі де сол баяғыңша күлемісін, ай сәулесі? О тәңірім, тәңірім, тәңірім! Осындай дыбыстар, өзегінде өстіп қалт-құлт етіп, қалтыраушы ма еді? Оллаһи, осы бір дыбыстарыңды құлағым естіген болатын, оны мен терезе алдында: көйлегімнің жағасын жайып тастап, көкірегім мен мойнымды түнгі самал желге тосып, жападан-жалғыз тұрған кезімде естіген болатынмын. Қандай күдіретті, қандай ғажап, қандай бойыңды сергітіп, буыныңды құртып, кош исті лебімен жаныңа ләззәт құйып тұратын ұжмақ десеңізші түнгі самал. Салкын самалымен желпіген жел мені әлсін-әлі ай-

¹ Кейініректе «Шинель»дің қолжазбасының ішінен шыққан қарыядашпен жазылған жобз.

малап, әлсін-әлі жүгіре жөнеліп, аймалаймын деп әлсін-әлі тағы да қайтып келген кездерде, қабағы салыңқы тартқан қарабарқын-орман алыстан күдірейе қарап, төбесінде салтанатты ауа самаладай болып тұрған еді. Сөйтіп тұрғанда бұл бұл... О әлем, дүние қандай жарқылдап, жайнап кетті десеңші! Ойпырай, күркіреуін-ай күннің... Айды, айды қара... Беріңдер қайтарып беріңдер өзіме, қайтарып беріңдер, жастық шағымды, жастық қуатымды баяғы жайнап тұрған өзімді. О, дүниеде өткен нәрсе екі айналып келмейді екен ғой.

Арнау сөзін айтып болып, ұзақ уақыт айғайлайды. Шешесі шығады. «Қызым сенің басың ауырған екен» тағы тағылар.

«Жоқ, басым емес. Тұлабойым, қол, аяғым көкірегім, жаным, жүрегім сырқырап, сыздап бара жатыр. От болып, өртеніп барам. Шешем, шешетайым, апашым, су берші. Жанымды шарпыған жалынды сөндіргендей су бере көрші. О, қарғыс атқан мыстаным, қарғыс атқан тегінді, жаңағы дабыстағанның бәрі де қарғысқа жолыққандар. Шешем, шешетайым, осындай сорлы ғып дүниеге мені неге әкеліп едің? Сірә, шіркеуге бармаған болуың керек; құдайға, сірә, құлшылық етпеген болуың керек, сірә таза суға шомылмай, айдаһар жорғалаған, арам уға жуынған болуың керек».

«Ішім толған құса, жер де, аспан да, айналамдағы дүниенің бәрі де жат маған».

Дүниеден біржола торығу. Бірақ сонымен бірге баяғы бақыт пен байлық көз алдына елестейді... Жастық шақпен, жастықтағы қуанышпен, бәр-бәрімен егіле отырып қоштасу әрі тағдырға табжылмастан мойын ұсыну. Серт беру, сөйтіп құлшылық қып, құдай бейнесіне тізе бүккен кездер де: «егіліп ылғый еңірей берем, сөйтіп сорлы жүрегімді ешбір, ешқашан сергіт-

пеймін, ешнәрсеңі есіме түсіріп, өзін сеп еткізбеймін
де.

Сөйткенше болмай кезеттең Осы арада, қорлық
көріп жүріп, күндесімен кездесу, сол-ақ енен, бағының
бәрі де өртше лақтылап қайтадан әршін шыға келеді.
Кінә тасқыны мен күншілі қуағын. Артынан ақылға
келіп, берген серті есіме түсіп, аяғына жағылады да,
кешірім сұрайды.

Е С К Р Е П Т У Л Е Р

ГОГОЛЬ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Театрға Гогольдің жас шағынан-ақ ынтасы ауа бастайды. Бұл ішкарлықтың ерте оянуына ол бір жағынан, («вертапа» деп аталатын) Украин халық театрымен таныстығына қарыздар болса, екінші жағынан украин халық рухында жазылған комедиялардың авторы, театрға қатты құмар, әкесі Василий Афанасьевичтің тигізген әсеріне борыштар еді. Әкесі Гоголь өзі жазған комедияларын Кибенцада, Трошинскийдің үй сахнасына өзі қойып, бас рольдерін өзі орындаған. Осы спектакльдердің баланың есінде із қалдырғаны даусыз. 1829 жылы Гоголь Петербургке келісімен ұзамай шешесіне (ол кезде қайтыс болған) әкесінің комедияларын жібер деп сұрайды. «Мұндағы жұрттың малоросс өнері дегенде ауыздарының суы құрылды, — деп жазады ол 1829 ж. 30 апрельде, — соның біреуін осындағы театрға қоюға болмас па екен, байқап көрейін деп едім». Әкесінің комедияларын өзі «Сорочин жәрмеңкесіне» эпиграф ретінде пайдаланады.

Оқып жүрген жылдарының өзінде-ақ Гогольдің сахнаға деген зейін-зердесі бой көрсете бастайды. Нежин лицейінде қойылатын спектакльдерде комикалық рольдерді ойдағыдай орындап жүреді. Кейіннен өз шығармаларын тамаша оқытты болып алады.

Гогольдің театрға деген құмарлығына дәнекер болған нәрсе, судыраған ауызша сөзді өзінің барлық шындық белгілерімен шектен асқан шеберлікпен бере білгендігі еді. Гоголь геройларының сөздері өзінің әлеуметтік, айқын мінез-құлық сыйпатымен айрықша көзге түседі, оның дауыс ырғағы, ымба, бет құбылысы жағынан көңіл үйретін көркемдігі сонша, тіпті оған ескертуде қажет емес. Драмалық осы бір белгі «Диканькаға жақын хутордағы кештер» деп бастап, Гогольдің повестері мен әңгімелерінен ап-айқын айқарылып тұрады. Оқығаны денәлей диалогпен өрістете отырып, Гоголь өз повестері мен әңгімелерін сахна өміріне бейімдеп құрған. Сондай драмалық сыйпатпен «Сорочин жәрмеңкесі», «Май түні», «Рождество карсаңындағы түндер» айрықша көзге түседі (Римский-Корсаков пен Чайковскийдің опералық либреттосына оларды өзгерте қоюдың оңайлығы осы-

дан). «Кештердің» сахна өміріне бейім екенін П. А. Плетнев атап көрсеткен болатын. Ол, Гогольдің толғанып жүрген, драмалық искусство саласындағы алғашқы тәжірибесі, «3-ші дәрежелі Владимир» комедиясына байланысты Жуковскийге 1832 ж. декабрь айында: «Гогольдің ойында бір комедия жүр. Быйылғы қыста, жазар, жазбасын біле алмадым; бірақ өзім бұл салада оның шарқына жеткендігінен дәмеленем. Ертегілерінің драмалық жерлеріне өзім кашанда қайран қалатын едім» деп жазады.

Театр мен драмаға Гоголь әлеуметтік жоғары мән берген, сонымен бірге сахнадан тысқары пьеса болады деп санамаған. «Драма тек сахнада ғана өмір сүреді, — деп жазады ол М. П. Погодинге 1833 ж: 20 февральда, — онсыз ол, жансыз денедей». Театрдың маңызы жайындағы жоғары ұғым көйінен «Театрдағы пікірдегі автордың қортынды арнау сөзінде айтылған (1842):» әзіл әңгімелер!.. Әне театрдың балкондары мен жақтаулары күңіреніп: бір сезім, бір сәт, бір адамға айналып, бір туған бауырдай, бір ғана жан сезіммен күллі жұрт бас қосып бес жүз жыл бұрын дүниеден сапар шеккен кісіге ду соғылған қол дүбірімен алғыс гимні дүрілдеп жатқаны анау.

Театрдың үгіт-насихат құралы ретіндегі осы бір біріктіргіш қуатын Гоголь «Достармен жазысқан хаттардың таңдамалы жерлерінде» атап көрсеткен. Театр жайындағы мақаласында ол: «Егер театрға бес, алты мың адамнан құралған қалың нөпір сыйысып, жекелөп алып қарағанда бірі мен бірінің титтей ұқсастығы жоқ, сол бір қалың нөпірдің аяқ астынан бір кісідей тербірене қоя беріп, бір ғана көз жаспен екіреп, бір кісідей күллісі бірдей күліп қоя беретінін еске алатын болсақ, онда ол ешқандай ойыншық та, тіпті түкке тұрғысыз нәрсе де емес. Оның өзі дүниеге қыруар жақсы сөз айтуға болатын мінбе бір» деп жазады. Бір тамашасы, театрды «мінбеге» балаушылық көзқарасты бұрын Белинский: адам мұнда «бір сезімге беріліп», бүкіл көруші залмен араласып кетеді деп таныған. «Бұл арада сіз өз өміріңізбен өмір сүрмейсіз, — деп жазады ол «Әдеби ойларында» (1834); — ...өз рақатыңызға қуанбайсыз, өз қауып-кәтеріңізден тітіренбейсіз; бұл арада сіздің салқын «мен»іңіз махаббаттың жалынды эфирінде ғайып боп кетеді... Бірақ осы театрдың адамның көңілін билеп әкететін барлық сәулетін, барлық ғажайып қуатын жаза қою сірә мүмкін бе?..»

Театр туралы ұғымы неғұрлым ұлғайған сайын, солғұрлым Гоголь, француздардан ауысып-күйіскен, түкке тұрғысыз водовильдер мен даңғаза мелодрамаларға лықылдаған, өз заманындағы орыс сахнасын қатты сынады. Лударма мен еліктеліш пьесалардың өктемдігіне қатты қарсы болып, орыс өмір шындығын көрсетіп, орыстың төл драматургиясын жасауға шақырады: «өзіміздің өміріміз қайда осы? — дейді ол репертуардың шетелденуіне байланысты. Қазіргі замандағы барлық нысап, барлық сөкет қылықтарымызбен қайда жүрміз осы?» («Петербург қолжазбалары, 1836 ж.) Зар күйіндегі замандас мазмұн, орыс өмірінің шындық картиналары — мінски, театрдан Гогольдің тілегені осы еді. Бұл жөнде ол, «Әдеби ойларында»: «О, егер өзіміздің халықтық, орыс театрымыз болса, қандай жақсы болар еді десе-

нізші!.. Шынында да, сахнадан өзінің қайрымдылық, каталдық, жаксылық, әрі күлкілі жақтарымен бүкіл Русьті көзің көріп, қыялдың күдіретімен көрден тұрғызып алған айбынды батырларының лебізін естіп, күдіретті өмірі тамырының қалай лыпылдағанын көрсе десеңші..» деген Белинскиймен пікірлесіп жатады.

Драматургиялық қызметін ә деп бастағаннан-ақ Гоголь жеке, дербес адамдардың арасындағы қарым-қатнас емес, әлеуметтік қарым-қатнасқа негізделген, әлеуметтік комедия жасауға талпынады. Әлеуметтік бағытты ол орыс комедиясының ұлттық бір ерекше сыйпаты деп есептейді. «Мұндай көрініске, — деп жазады ол «Достармен жазысқан хаттардың таңдамалы жерлеріндегі» орыс поэзиясы туралы мақаласында, — өз білуімше, ешбір халықтың комедиясы ие бола қойған жоқ сықылды». «Ақихат-әлеуметтік» Тоғышарлары мен Грибоедовтің «Ақылдың азабына,» сілтейді. «Біздің комиктеріміз, — дейді ол сол мақаласында, алдында өткен Фонфизин мен Грибоедовты еске алып, — меншікті себеп емес, әлеуметтік себеппен ілгері аттап, жалғыз-жарым адамға ғана қарсы шықпай, күллі қыруар қыянатқа, күллі әлеуметтің даңғыл жолдан жалт беруіне қарсы шықты» «Театрдағы пікірдегі ол «Ревизор» мен байланысты, әлеуметтік комедияның құрылу жүйесін «искусствоға екінші құмардың» сөзімен былай деп сыйпаттап береді: «Комедия өздігінен, өзінің бар шарқымен тоқыла келіп, үйдей бір, үлкен түйінге айналуы керек. Түйін жалғыз-жарым адам емес, жалпы адамды баурына алып, қатысып жүргендердің ұлылы-кішілі армандарына түрткі салуға тиіс: Писадағы жұрттың бәрі герой; пьесаның ағыны мен ағысы бүкіл машинаны астан-кестен қылады». Осы негізге сүйене отырып, «екінші құмар» «орамалдың шетіндегі түйінге» теңеген дәстүрлі махаббат түйінін жоққа шығарады. «Екінші құмардың» сөзі бойынша комедияның «тұпа-тура, нағыз мәні» әлеуметтік тақырып болып табылады. Әуелде-ақ. Аристофанның қолындағы кезінің өзінде, комедия «әлеуметтік, халықтық шығарма» болған, дейді «екінші құмар», тек келе-келе ғана ол дарашылдық түйінінің тар үңгіріне тап болып, сол баяғы бір түйіннен жазбай, ғашықтық жолға түсті». Комедияға алғашқы мәнін қайтарып әперіп, оны қайтадан «әлеуметтік, халықтық шығарма» ету — Гогольдің әуел бастан алдына қойып, тайсалмай талпынған мақсаты еді.

Гогольдің 1832 жылдың аяғында немесе 1833 жылдың басында қолға алған «3-ші дәрежелі Владимир» комедиясы, осы бағыттағы алғашқы адымы болды. Комедия өте кең көлемде ойланылған. Гоголь мұнда жоғарғы төрешіл қоғам мен зыялы қауымды қамтымақ болған; тартыс талай бағытпен өріс алып, бариндардан малайға дейін, қыруар адамды баурына тартады. Чиновниктердің ұсақ атакқұмарлық соқтығысы, пайдакүнемдік, зыялы қауымның даңғойлығы, құлдық ұрып жарамсақсу, сөйтіп, тұтасынан алғанда әлеумет шоқтығының дарақылығы мен даңғойлығы—түптеп келгенде өткір сатиралы сыйпаты бар, комедияның мазмұны осыдан құралуға тиіс еді. Комедияның оқыйғасы атакқұмарлықпен 3-ші дәрежелі Владимир орденін алсам деп

аласуру және соның әлегінен ақылдан адасу — «Жындының қолжазбасына да» аз-аздан әсер еткен. Гогольдің жазба дәптерлерінің бірінде комедияның жобасы былай деп белгіленген: «Жаңа жетейін деп, жаңа ғана шап бергелі-ақ калып еді, аяқ астынан ақылдан алжасты да, арман еткен заты алысқа ұзап кете барды». Бұл жоба кейіннен бұға пісіп, енді болдым-толдым деп тұрған дуанбасының аяқ астынан апатқа ұшырап, «генерал болам» деген бар арманы сабынның көбігіндей сап болатын, «Ревизорда» қолданылды. Гогольдің 3-ші дәрежелі Владимир» комедиясы екінші актіге кеп тоқтайды. «Оның комедиясы басынан шықпай қойды, — деп жазады Плетнев Жуковскийге (1833 ж. 11 Мартта). — Комедиясында ол шамадан тыс көп нәрсені қамтымақшы болды». Бірақ Гогольдің өз пиесасын жазбай тастауына себепкер болған тағы да бір жай бар-ды. Ол жай сахнаға оны қойғызбасын өзі алдын-ала сезген цензура бөгеті болатын. Өзінің комедиясы жайында ол 1833 ж. 20 февральда М. П. Погдинге былай деп жазады: «Таяу күннің ішінде оқый-гасы да құрала бастайын деген еді: «3-ші дәрежелі Владимир» деп атын да қалың ақ дәптерге жазып қойып едім, сонша ыза, күлкі, тұзы бар!.. Бірақ цензураның (театрлық: — А. С.) Өмірі жібермейтін қайсы бір жерлерге қаламынның тиетіндігін сезіп, аяқ астынан қоя қойдым. Жә енді, пиеса ойналмайтын болған соң одан не пайда?.. Енді жерде тіпті көше қарауылшысының өзінің де көңілі қалмайтын жазығы жоқ жай ғана бір оқыйға ойлап тапқаннан басқа шарам қалған жоқ. Бірақ шындық пен ыза болмай, комедия болушы ма еді?» Цензура тарапынан болатын осы кедергіні Пушкин де тұспалдап, князь В. Ф. Одоевскийге хат жазып (1833 ж. 30 октябрь) Комедиясы қалай кедергісі бар шығар?» деп, Гоголь комедиясының жайын сұрастырады. Жазылып бітпей қалған комедияның алғашқы екі актысының кейбір сахналарын Гоголь кейіннен (1842 ж.) драмалық үзінділерінде пайдаланады («Іскер жігіттің таңертеңі», «Дау-шар», «Малайлар бөлмесі», «Үзінді»).

Нағыз әлеуметтік комедия максаттарын «шындықпен», «ызамен» іс жүзіне асырған нәрсе, 1836 ж. сахнада қойылып әрі сонымен бірге жеке кітап боп басылып шыққан «Ревизор» еді. «Ревизорға» Гогольдің өзі де өз творчествосындағы жаңа кезек есебінде қараған. «Ревизорға дейінгі шығармаларындағы комизмді ол мағнасыз, әрі ұшқалақ деп санайды. Өзінің айтуы бойынша, оның күлкісі тек «Ревизорда» ғана келелі бағытқа түскен. Бұл өзгерісті ол Гогольдің өз айтуынша, «іске байыппен қарауға» мәжбүр еткен. Пушкиннің тигізген әсеріне танады. (Гогольдің айтуы бойынша, оған «Ревизордың» тақырыбын берген Пушкин екен). Гоголь мұнда «Миргород» пен «Арабесоктегі» тұрмыстық аясы тар шап-шағын ғана шөңбермен күрсауланған сатираға қорыған, жалпы мемлекеттік сатираға көшеді, «Ревизордың» осы қорыған мағнасы Гоголь «Автор тәубесінде» атап көрсетеді (1847). «Егер күлетін болсаң, — деп жазады ол — күллі жұртқа күлкі болғандай нәрсеге, мықтап күлу керек. «Ревизорда» күллі нәрсеге бір-ақ күлу үшін мен сол кезде Россиядағы өзім білетін күллі жаманшылықты, адамнан әділдікті

талап ететін жерлермен жағдайларда істеліп жатқан күллі қыянатты үйіп төгіп бір жерге әкеп жыйнауға бел байладым. Бірақ мұның қатты әсер еткені жұртқа мәлім»: «Ревизорда» шындықтан шықпай отырып, жеке мәселені жалпы мәселеге айналдыруда Гогольдің таңғажайып шеберлігі байқалды. Оның көз алдына елестеткен картинасын қорытудың жеріне жету мәнісі, ол күллі болған оқыйғаның түп тамырын жала-наштап жайын тастап, қатысып жүрген адамдардың қылығы атаулыны тудырып отырған жалпы себептердің бетін ашып берген. Дуанбасы сықылды, тіскақты болған қызметкердің «Сүнгіні, шүберекті» маңызды адамға балап қалуының себебі нелік-ген? Мұндай түсінбеушілік тек чингө көзсіз күлдық ұра беретін және «бастық» деген сөзден ешкімнің басына ешқандай күдік келмейтін жерде ғана болуы мүмкін. Гогольдің қаламынан шыққан, бір қарағанда түкке тұрмайтын, жалған ревизор жайындағы анекдот, патшалы Россияның бүкіл әкімшілік-төрешіл машинасына, біреулердің шексіз зорлық-зомбылық істеуіне, енді біреулердің мүлде правосыздығына негізделген бүкіл самодержавиялық тәртіпке қарсы жазылған айыптау актыға айналып отыр. «Ревизор» тіпті пара жайында жазылған комедия емес. Пара мұнда, жалпы картинадағы бір бөлшек, жалпы тәртіптің сансыз зардабының бірі ғана. Атап айтқанда Гоголь, комедиясында жалпы тәртіпті суреттеп отыр. Герцен айтқандай, «Ревизор» сықылды, «XVII ғасырдағы Котошиннің әшкерелеуіне теңбе-тең түсетін, сол замандағы Россияның жантүршігерлік гәубесі» еді.

Әлеуметтік мағынамен қатар, сол сықылды батыл істелген бір жаңадылдық—реалистік толғаулардан туған, махаббат түйінінен бастарту болды. Ол жайында Гоголь «искусствоға құмар екінші жігіттің» сөзімен: «Пайдалы орын қағып алуға, көзге түсіп, қайткен күнде қасындағысын қарабет қылып, елесп-ескермей, күлкі еткені үшін бірсүден кек алуға жанталасу дегеніңіз бүгінде драманың берік түйіні болып отыр. Бүгінде махаббаттан гөрі чиннің, ақша капиталының пайда көздеп үйлену дегеніңіздің құны анағұрлым артып кеткен жоқ па?» дейді. Атап айтқанда, байырғы ұғым бойынша, осы бір «тартыстың» жоқтығы «Ревизор» алғаш қойылған күні жұртты қатты таңқалдырады. П. В. Анненковтің сөзіне қарағанда: Театр сайын көздері көріп, кәнігі болған нәрселерін көре алмай көңілдері суыған» жұрттың көбі ойналып жатқан Фарс¹ болу керек деген жорамалға келеді. «Дегенмен, осы фарстың өзінде, — дейді Анненков, — сонша бір өмір қуатына бөленген сыйпаттар мен құбылыстар да бар еді, демек, әсіресе жұрттың көбінің ойына орнап қалған, жалпы комедия жайындағы ұғымға қатты қайшы келе қоймайтын тұстардан бір-екі дүркін жұрттың ду күлген дауысы естілді». Сонымен бірге Анненков спектакльде «шын мағынасында таңдаулы адамдардың» болғандығын атап көрсетеді. Осымен байланысты, «білгіштердің» біреуі, О. И. Сенковскийдің (барон Брам-

1 Фарс — жеңіл пьеса.

беустің) «Библиотека для чтениянің» бетінде Гогольге берген бір кеңесі қызық: «Күшті түйін» жасау үшін Сенковский комедияға «тағы да бір әйел кейіпкер» өнгізуді ұсынады: «дуанбасы қызының танысы болсын, болмасын, Хлестаковтың әйтеуір бір уездік бикештің соңына түсіп, пиесаны басынан аяғына дейін қызықты етіп күйқылжытып жібергендей, сол бикештің көңілін елжіретуіне болатын еді, тағы-тағылар. Драматоргтердің онсыз аяғын бұра баса алмайтын, «махаббат тартысына» байланысты, «Театрдағы пікірдегі» «искусствоға екінші құмар жігіттің» сөздері осыған жауап болды.

Гоголь комедиясы айғай-шу мен пікірлер туғызды. Жұрттың көбі «Ревизорға» тек көңілашар фарс деп ғана күлді. Күлгендердің ішінде, сонымен бірге, «Ревизордың» ойынын көрген жерде, Герценнің айтуы бойынша «күлкіден ішек-сілесі катқан», І Николай да болған. «О, мысқыл, касиетті мысқыл, келші бері, алдыца табынайын!» — дейді Герцен осыған байланысты. Дегенмен, жұрттың бәрі бірдей Николай сықылды анқау емес еді. Керітартпашылар комедияның акихат әшкерелеуші мағнасын сезіп, қатты күйінді. «Комедия көптеген либералдардың мәлімдемесі бойынша, — деп жазады князь П. А. Вяземский, — мысалы, Бомарштың «Севиль шаштаразышысы» сықылды бірдеме боп танылды», — комедия деген атпен әлеуметке тастаған, әлденендей бір саяси брендсугель сықылды болып танылды. Жасырына келгенмен, мұның өзі қысымшылық көрсетіп отырған өкіметке қарсы жасалған батыл шабуыл екен деп, кейбіреулер оны қуана қарсы алды. Олардың пікірі бойынша, Гоголь шайкастың шендескен жеріне уездік қаланы таңдап алып, одан да жоғары сілтейді... Осы тұрғыдан карағанда, кейбіреулер комедияға өкіметке жасалған қастандық деп қарады: өзінен біресе қорқып, біресе қобалжый отырып, не сор, немесе бақыт айналдырған комикті қауыпты бүлікшіл деп таныды». Авантюрист әрі картежник «Ақылдың азабында» Грибоедов ажуа қылған граф Ф. И. Толстой-американ, С. А. Аксаковтың айтуы бойынша, Гогольді «Россияның дұшпаны» деп атаған, сонымен бірге өзін «бұғау салып Сибирьге айдаған жөн» деген «Ревизор» қойылғаннан кейін ұзамай белгілі керітартпашы Ф. Ф. Вигель М. Н. Загоскинге былай деп жазады: «Автор әлденендей бір Россияны, ол Россиядан әлденендей бір қаланы ойлап тауып алып, нағыз Россияның бетінен ілуде-шалу кездесетін жексұрындықтың бәрін соған үйіп-төге салыпты... Мен автор мырзаны білемін: бұл ар-ұяты жоқ, жаңа сұрқыя Россия». Сатылғыш Ф. В. Булгарин «Ревизорға» арналып, «Северная пчелада» басылған екі фельетонында бірдей «Россияға жала жапты» деп Гогольге жұрт көзінше айып тағады.

Өзіне қарсы қардай жауған әдеби және саяси айыптаулардан Гогольдің тұлабойы тітірейді. Сөйтіп ол, комедияның акихат мақсаты мен жалпы айтқанда әдебиетті орыс әлеуметі әлі жете түсіне қоймаған екен деген қортындыға келеді. «Жазушының бізде әлі де болса қандай бейшара жағдайда жүргенін көрген кезде жаның жабылады, — деп жазады ол М. П. Погодинге 1836 ж. 15 майда, — Жұрттың бәрі соған қарсы, оны

қолдайтын бір теңбе-тең жақ жоқ. «Жері өртегіш өзі! Бүлікшіл өзі!» Осыны айтып отырған кім? Мұны мәселені шын мағнасында түсінуге азды-көпті ақылы болуға тиісті, өздерін білімдіге санайтын, мемлекет адамдары, еңбегі сіңген, тәжірибелі адамдар айтып отыр. Сол жайында ол 1836 жылы 29 апрельде Щепкинге де жазады: «Жұрттың бәрі маған қарсы болып жүр. Қызмет істейтін адамдар жайында батылы барып осыны айтқан маған қасиетті түк те жоқ деп, егде тартқан, қадірман чиновниктер байбалам салады; полицейлер де маған қарсы; купецтер де маған қарсы; әдебиетшілер де маған қарсы».

Керітартпашылар тарапынан қуғынға ұшыраған Гогольдің Россияны уақытша тастап кеткені жұртқа мәлім. Ол театрды қайта құру, оны ақиқат мақсатына қайта қайыру жайындағы ойлаған ойын былай қояды, «Бір әдебиетшіге жазған хатында» айтқандай, комедиясына өзінің «көңілі қалады». Актерлердің бірсыпырасы «Ревизорды» кәдімгі бір карапайым фарс деп ойлағандықтан, оның Петербургте, Александр театрындағы қойылуына көңілі толмағандығын айтпағанда да, ол 1836 жылғы жазылған күйінде пиесаның өзінің де кемшіліктері бар екенін сезеді».

Театрда болған күллі төрешілердің тек біреуінен ғана сескеніп отырдым, — дейді ол «бір әдебиетшіге жазған хатында, — ол төреші өзім едім. Өзге дүниені ұмытып өз пиесама өзім ішімнен әрі өкпелеп, әрі наразы болдым. Бірақ жалпы алғанда жыйналған жұрт ыразы болды. Кейіннен, 1841 ж. (1842 ж: бастыру үшін» іске асырылған түзету жоспары, шамасы, сонда тұрған болу керек. 1842 ж. баспа редакциясында пиесаның сатиралық мазмұнын жұқалау былай тұрсын, қайта Гоголь оны күшейте түседі. Атап айтқанда мұнда комедияның көң көлемде, қорыған әшкерелеу мағнасы толығынан ашылады. Соңғы сахнаның әсері едәуір күшейтіледі, сонымен бірге, дуалбасының гүпа-тура жұрт отырған залға қарап: «Неменеге күлесіңдер? Өздеріңе өздерің күлесіңдер!» дейтін әйгілі сөзі тек осында пайда болады. Осы сөздерден автордың өзінің әшкерелегіш, ызалы даусы естілген еді. «Ревизор» ойынында «Күлкіден ішек-сілесі қатқан» I Николай бұл сөздерді өзіме арнап айтылған екен деп қалуы да кәдік еді. Сонымен бірге комедия тілінің әсемдік жағы қайтадан жөнделеді: диалог ырғақты ағын алып, ықшамдалып, айқындала түседі. Көркемдік жағынан «тазалау» пиеса идеясын барынша ашып-айқындап, сонымен бірге оның таза комикалық әсерін арттыра түсуге себепкер болады. Күлкім «Ревизордағыдай» «мұндай қуатпен әлі күнге көріне қойған жоқ еді» деп, Гогольдің өзі де тегіннен-тегін айтпаған.

«Ревизорды» жазғаннан кейін Гоголь драматургиядан көпке дейін қол үзіп кетіп, оған тек 1840 жылдың шамасында ғана қайтып оралды. Дегенмен, ол енді өз пиесаларына, еңалдымен баспаға арналған шығармалар есебінде қарайды. 1836 ж. өзінде-ақ ол «3-ші дәрежелі Владимирдің» бас жағын «Іскер жігіттің таңертеңі» деген атпен жеке сценаға айналдырып жібереді, онысы Пушкин «Современнигінде» басылады. Гогольдің алғашқы шығармалар жыйнағына дайындаған бір топ пиесасы:

«Үйлену», «Ойыншылар», «Дау-шар», «Малайлар бөлмесі», «Үзінді» және «Театрдағы пікір» 1841—1842 жылдарға жатады. Бірақ мұның бәрі де «Ревизорға» дейін, бұрын басталып немесе ойланылып қойылған нәрселерді—қайтадан өзгерту, немесе жазылған нәрселерді аяқтау ісі ғана өді.

Өзінің кейінірек жазған пиесаларында Гоголь сахналық өткір жағдайларға зер салып жатпайды. Егер «Ревизорда» «тартыс» пен «мінездердің» ара салмағы сақталған болса, «мұнда «тартыстан» «мінездер» басым жатады. Бұл жағдай әсіресе «Үйленуден» байқалады. Комедия, мінез-құлық картиналарын кеңейтетін әрі адам мінездерін толық суреттеу мақсатын көздейтін бірнеше эпизодтардан құралған. Мұнда, пиесаның ағымын «бәсеңдеткендіктен», Әбден өңделіп біткен екі сценаны «Ревизордан» алып тастауға Гогольді мәжбүр еткен ойлар жайында қалады (Соңынан сөз алдына жеке басылған, үшінші пердедегі Анна Андреевна мен Мария Антоновнаның және төртінші пердедегі Хлестаков пен Растаковскийдің сахналары). Мұндай «бәсеңдеулер» «Үйленудің» әдет-ғұрыпты жазу мақсатына әбден сәйкес келетін еді. Сондықтан да, мысалы, пиесаның құрылыс жағын еске ала отырып, алғашқыда алынып тасталған, күйөулер арасында Сицилия жайында болған әңгімені, комедияның әдет-ғұрыпты жазу принципі әбден айқын шешілгеннен кейін, 1842 ж. соңғы редакцияда оны бұрынғы қалпына қайтадан келтіруге еркін мүмкіндік болады. «Ревизордағы» сықылды, «Үйленуде» де Гоголь жаңашыл боп көрінді. Комедияның эпизодтарға құрылуын нағыз кемшілікке санап оның замандастары қайран қалады. Гогольдің досы, әйгілі актер Н. И. Сосницкий мұныңыз «комедия болмай жатыр», өйткені «ешқандай оқыйға жоқ» деген. «Үйленудің» 1843 ж. сахнаға қойылуына байланысты дұспан әрі ақтан қараны айыра алмайтын сын да осылай деп атады. Замандастарының айтуы бойынша, пиесаның соңында неке қыйылмаған соң, жұрттың көбі оны бітпеген пиеца деп есептеген.

«Үйлену» Гогольдің драмалық жүйедегі дамуда жаңа қадамы болды. Бұл пиеца, Островскийдің реалистік драматургиясына жол ашып берген пиеца еді. Оқыйғаның баяу ғана дамуы, әдет-ғұрыптың толық картиналары, негізгі мазмұнмен сараң байланысқан эпизодтар, — осының бәрі әдет-ғұрыпты жазу және сатиралық мақсаттарымен сыйпатталатын Островский пиесаларының желісін дайындап берді. «Үйленуде» Гоголь сол сықылды купецтер өмірінің төл сыйпаттарын суреттеуде де Островскийге үлгі болды. Арина Пантелеймоновнаның әңгімесінде атүсті суреттелген Агафья Тихоновнаның әкесі Островский жазған делкұлылардың алғашқы үлгісі еді; Гоголь Фекласы Островскийдің жазатын жеңгелерін алдын ала болжап қойған; дворянинен шыққан күйсуді арман өткен купец қызы, Островскийдің «Түбі бірге түтпейді» деген комедиясындағы Липочканың алғашқы очеркі. Кейіннен Чернышевский айтқандай, купец әдет-ғұрпы тұрғысынан караганда, Островский «Гогольдің көрсетіп кеткен жайларына өте мардымсыз ғана косты». Сөйтіп, «Үйлену»

Островский комедиясының түрі мен мазмұнын күнілгері белгілеп береді.

Өзінің ең тамаша деген шығармалары «Өлі жандарда» және «Шинельде» Гоголь басшылыққа алған әрі натуральдық мектептің негізіне айналған көркемдік жүйе «Үйленуден» көрінген еді. Сәті түспеген неке жайындағы анекдот Гогольдің мінез-құлық «очеркіне» құрал болып табылды. «Үйленуде» суреттелген типтердің өрсі кең, қорыған маңызы бар. Подколесин, өзінің ұялшақтығы, үйленуден қорқатындығымен өзін еске түсіретін, «Диканькаға жақын хутордағы кештердегі» Шпонька типінің одан да әрі дамыған түрі; Шпонька мен калыңдық екеуінің арасындағы әңгіме Подколесиннің Агафья Тихоновнамен екеуінің арасындағы әңгіменің эскизі. Сонымен бірге Подколесин «Өлі жандардағы» Тентетниковпен бірдей, Обломовтың және барлық «артық адамдар» галлереясының үлгісі болды. Цензор Никитенко (шынында Гогольге іштартып жүретін адам болған) цензор комитетіне жасаған баяндамасында «Үйленуді» ешқандай «теріс ниеті», «Петербургтің төменгі дәрежелі чиновниктері мен тоғышарларының әдет-ғұрпынан алынған мінез-құлық очеркі сықылды бірдеме» деп сыйпаттаған. Әйтседе, былай қарағанда мазмұны зиянсыз боп көріне тұрғанмен, комедияның терең жатқан сатиралық мағнасы бар еді. Әдет-ғұрыптың уақ-түйек саласына түсе отыра Гоголь осы әдет-ғұрыпты басқарып жүрген жалпы себептердің бетін ашып берді. Чин, атак, дәулет адамның жалғыз ғана өлшеуіші болған, ақкөңіл-қараниет тоғышарлардың бүкіл қауымын суреттейді ол; уақ-түйек, мағнасыз, мардымсыз мүдделердің шегінен асып шығарлықтай түгі де жоқ, әрі адам өз қылығын оймен дұрыс толғай алмайтын, ақылдан жұрдай қауымды суреттейді ол. Бұл қауымның адамдарына адамның табиғи сезімінің жат көрінетіндігі сонша, тіпті оның жылт еткен сәулесінің өзінен олар жүріп келе жатқан жолынан жалт береді, мұны біз жалынша жайнап шыға келіп, жалт етіп сөніп қалған, өзінің жана махаббат сезімін жеткізіп айта алмаған Подколесиннің дәрменсіз толғағынан көреміз. «Үйлену» бүкіл самодержавиялық-крепостной құрылысын, атап айтқанда, оның Гогольге дейін жаңа ғана қозғалған, әлеуметтік-саяси жағынан әшкерелеуші пьеса болды. Атап айтқанда, керітартпашылар айналасының қытығына тиген нәрсе міне оның осы сатиралық тереңдігі еді.

Егер «Үйлену» өзінің көлемі жағынан Гогольдің көзіне комедия боп көрінген болса, ал енді бір актылы пьесаларын, оның ішінде жеткілікті түрде, кеңінен алынған тартысы бар, «Ойыншыларын да» ол «драмалық үзінділер мен жеке сценалар» қатарына қосқан. «Ойыншыларды» комедия деп атаған Щепкинге 1842 жылы ноябрьде жазған хатында ол, бұл комедия емес, «әншейін комикалық сцена ғана» деп атап көрсетті. «Ойыншылардың» ерекшелігі, сонымен бірге, әйел рольдерінің мүлде жоқтығы мен шөшілетін жерге келгенше тартыстың көзге түспей қала беретіндігінде еді. Адамның есі-дерті бұл арада карта тартысында емес. Ихаревті алдау мақсатымен карта ойышының алаяғы болып қулығын өткізіп жүрген рольдердің мінезінде болады.

Осы комедияға катысып жүргендердің кейбіреуі комедияда пердесіз өз кейпінде әрекет етпейді, оқушылар мен көрушілерге сол белгісіз күйінде қала береді (қарт Глов, чиновник Замухрышкин). Алаяқтардың арамзалығы «Ойыншыларда» тек типке айналған кейіпкерлерді жасаудың сылтауы ғана, солардың ішінен чиновник Замухрышкин «Түбі бірге түтпейтіндігі» Респозиционныйден бастап, «Қасқырлар мен койлардағы» Чугуновпен аяқтап, Островскийдің жасаған чиновниктер типіне сөзсіз әсер етті. Мұнда да Гоголь Островскийге жол салып берді.

«3-ші дәрежелі Владимирдің» үзінділерінен қайта өзгертілген төрт сцена («Іскер жігіттің таңертеңі», «Дау-шар», «Малайлар бөлмесі», «Үзінді») аяқталмай қалған комедия тақырыбын құрауға тиіс болған төрешіл және зыялы қауым өмірі түкпірлерін суреттейді. «Іскер жігіттің таңертеңі» мен «Дау-шар» сауықсайраншыл, мансапқор, пайдакүнем, бакталастарын көре алмайтын жоғарғы төрешіл ортаны түйрейтін улы сатира болып есептеледі. «Малайлар бөлмесінде» суреттелген малайлар қауымы сол «барин» қауымының салдары; мұнда да төменгілердің жоғарғыларға бағынатын сатысы, — чинге құлдық ұру, тақаппарлық, мардымсыз атаққұмарлық бар: алдағы болатын малайлар балына, естуім бойынша «граф Толстогубтың камердинері де» келеді екен деп, маңыздана отырып хабарлайды дворецкий үй қызметшісі Аннушка делбешілерді «сондай бір надан» келеді деп, олардың қауымына баруды өзіне ар көреді. Бұл жарынан карағанда үй қызметшісі Аннушка «Үзіндідегі» «жай қызметкерлерге» жүрегі айнымай карай алмайтын және баласының әскери қызметте істеп, «барлық придвор балдарға қатысып тұруын тілейтін барыня Марья Александровнаның бір жаңқасы болып есептеледі.

«Театрдағы пікірдің» тақырыбы, комедия жайындағы жалпы теориялық мәселе мен күлкінің маңызы туралы болып табылады. Теориялық мәселені сахна өміріне лайықтаған осы бір дағдыда жок форма Гогольдің қолымен, аралуан әлеумет бұқарасын қамтыған, бүкіл бір ерекше кейіпкерлер галереясын бойына сыйғызған кең көлемді әдет-ғұрып картинасына айналып отыр. Мысалы, екі офицер, екі «әдебиетші», екі «бекеша», купец әйелімен, бастық-генерал жанындағы құрша жорғалаған «жап-жас чиновнигімен» және басқалар тап сондай. Қызықты әңгімелі эпизодтарға құрылған тақырыптың бірте-бірте дамуы пьесаға драмалық қыймыл беріп отырады. Гоголь мұнда таза әдебиеттік мәселемен бірге, өзінің «Ревизорда» қойған, саяси мәселесін де қозғап өтеді. Сөйтіп, бұл арада ол өзінің 1842 жылы басылған шығармаларының пьеса томының бет ашарына берілген, «Ревизордың» қортылған тақырыбына қайтып оралады. Сөйтіп, томның соңына басылған «Театрдағы пікір», оның идеялық қортындысы болып есептеледі.

Гоголь комедиялары дүние жүзілік драма тарихынан маңызды әрі құрметті орын алады. Олар, орыстың алдыңғы қатарлы әлеуметтік ой-санасы мен орыстың реалистік театрының дамуында аса зор маңызы болған ересен, ерекше құбылыс еді.

Идеалын өзі көз алдына елестеткен сол бір жоғары сатыдағы қоғамдық комедияны Гоголь іс жүзінде өз заманындағы барлық әлеуметтік саяси шындыққа қарсы қаһарлы, қатал қаруға айналдырды. «Ревизорды» Белинский Гогольдің «Россияның ойсанасына күдіретті жәрдемі тиген, айнаға қарағандай, өз-өзіне көз жіберуге мүмкіндік берген» «таңғажайып көркем» әрі «терең мағналы — ақиқатшыл» шығармалар қатарына қосты. Ол «Ревизорды» «Өлі жандармен» бір сатыға қояды; екеуінен де ол «батыл» айтылған «ащы шындықты» көреді. Әлеуметтік мазмұны Гоголь театрына кең көлемде демократиялық сыйпат берді. Герценнің берген бағасы бойынша, «Ревизор» жұртшылықтың тек әлденендей бір бөлегі үшін ғана жазылған комедия болып қоймай, бүкіл халықтың, «жұрттың бәріне бірдей» комедия болды.

Комедияның шегінен шықпақ боп Гоголь талай рет талпынған. Оның тарихи драма саласынан бастап, бітпей қалған «Альфред» (1835) мен украин тарихынан алынған драма жобалары орасан үлгілі (1839—1840). Екеуінің алдына да әлеуметтік-саяси мақсат қойылған. Король Альфредті Гоголь халық ағартушысы әрі феодалдық қанаушылыққа қарсы күресте оның көсемі етіп көрсетпекші болған. Украин драмасында поляк помещиктерінің қаталдығына қарсы украин крестьяндарының көтерілісі суреттеледі. Сакталып қалған жобаларға қарағанда, Гоголь мұнда крепостнойлық қарым-қатнастың, крестьяндардың мұң-мұқтажының, ауыр барщиналар мен алым-салықтар картиналарын айқын ашып беруді көздеген.

Гогольдің драмалық шығармалары, оның 1842 жылы шыққан шығармаларында ең соңғы төртінші томға жыйнақталған болатын. Олардың тәртібін Прокоповичке Гастейнадан 29 августе (10 сентябрь) және Римнен 10 (22) октябрьде жазған хаттарында Гогольдің өзі көрсеткен. Мұнда біз Гогольдің өзі белгілеген тәртібін сақтадық.

РЕВИЗОР

Гоголь шығармаларының Н. С. Тихонравовтың редакциясымен шыққан оныншы басылуы бойынша басылып отыр.

Комедияның жазылған мезгілі төмендегі мәліметтермен анықталады. 1835 жылдың күзінде, «Үйленуді» жазып бітіргеннен кейін (алғашқы редакциясын) Гоголь Пушкиннен жаңа комедия жазу үшін оқыйға бер деп сұрайды. «Рақымшылық етіп, — деп жазады ол 1835 ж. 7 октябрьде, — мейлі күлкілі болсын, болмасын, әйтеуір таза орыс анекдотынан бір оқыйға тауып бере көріңіз. Комедия жазсам деп қазір қолым қалтырап жүр» «Авторлық тәубеде» «Ревизор»дың оқыйғасын Пушкин беріп еді деген Гоголь мезгеуін осы хат жанамалай растап отыр. 1835 ж. 6 декабрьде жазған хатында Гоголь М. П. Погодинге комедияны «бұрнағы күні», яғни 4 декабрьде жазып болдым деп хабарлайды. «Комедия жасасын! — деп жазады ол. —

Ақыр аяғы біреуін театрға беруге бел байладым, осы жайындағы тиісті адамдарға мәлімдеу өтінішімді қоса Москваға өзіне жіберу үшін бір данасын көшіруге әмір беремін. Загоскинге (Загоскин ол кезде Москва театрының директоры болған. — А. С.) бұл жайында мен өзіне хат жазамын және бәр-бәрі жайында сіздің көмегіңізді кыйылып сұрайды деп айт, ал енді сүйіктім Щепкинге, бір комедияның ішінде өзі ойнайтын ол роль бәр, қалағанын алсын де; тіпті бәрін де бір-ақ ойнауына болады. Өзінің артистер пайдасына қойылатын спектакліне ештеме дайындай алмағанымға катты өкінемін. Осы бір кездері әбігер болғаным әлей, жаңағы пьесаны бұрнағы күні әрең жазып бітірдім» («Ревизор», — А. С.). Сөйтіп, октябрьде бастаған комедияны екі айға жеткізбей, 1836 ж. 4 декабрьде жазып бітіреді. Дегенмен, Гогольдің хаттарына қарағанда, сахнаға қою кезеңдері мен баспаға дайындау кездерінде пьеса одан былайда түзетіліп отырған.

«Ревизор» 1836 ж. 19 апрель күні Петербургте Александр театрында, содан кейін 1836 ж. 25 майда Москвада Малый театрында қойылады. Дуанбасын Петербургте — И. И. Сосницкий, Москвада — М. С. Щепкин ойнайды. Сол 1836 ж. көктемінде «Ревизор» жеке кітап болып шығады (бұл басылуының тексті театрдағы текстімен дәл келеді дерліктей). 1841 ж. комедия үшін ара өзгерістермен екінші рет басылып шығады. Сөйтіп тек 1842 ж. ғана Гоголь шығармаларының ішінде (төртінші том) «Ревизор біржола біткен күйінде шығады. Осы соңғы редакциясында текст едәуір жөнделеді. (Хлостаковтың өтірігіне шабытты әсірелеу сыйпат беріліп, соңғы сахна қайта өңделіп, дуанбасының жұртқа «Неменеге күлесіңдер...» дегені сықылды тағы басқа сөздер енгізіледі). Комедияның асқақтаған қоғамдық жалынды рухы тек сонда ғана жарк ете түседі. Гоголь шығармаларының барлық басылуында шыққан соңғы редакцияның тексті дегенмен, сахнаға тек 1870 жылы ғана кіреді.

«Ревизордың» Петербургте сахнаға алғашқы қойылуына Гоголь катты қапа болады. Ол актерлерге де, бірсыпыра кемшіліктерін көріп, пьесасына да көңілі қалады. Пушкиннің айтқан ақылына қарамастан ол, пьесаны актерлерге оқып беру үшін Москваға баруға көнбей қояды. «Пьесамды не ғылсандар, о ғылындар, — деп жазады ол Щепкинге 1834 ж. 29 апрельде, — бірақ мен енді ол туралы әуре бола алмаймын, Әлекке салған әуресі сықылды, оның өзі до әбден ығыр ғып бітті».

«Ревизорға» керітартпа сын катты айыптар тақты. Әсіресе Булгариннің «Северная пчелаға» (1836 ж. № 97, 30 апрельде; № 98. 1 майда) басылған екі мақаласы жауыздық ниетімен ерекше көзге түсті. Екеуінің де көздеген мақсаты, «Ревизордағы» айтылған жайлардың бәрін де «ақылға сыймайтын» әрі «іске аспайтын» қыялға негізделгендігін, «әкімшілік қыянат» комедияның тіпті тақырыбы емес, Гогольдің суреттеп отырған қаласы «орыс қаласы емес, малоросстардың немесе белорустардың қаласы болу керек» деп дәлелдеу еді. «Россияға бүйтіп жала жабудың керегі жоқ еді», — деп зымындықпен қорытып

қояды. Булгарин өзінің көрсеткіш толғауын Булгаринге «Библиотека для чтения» (1836 ж, май) О. И. Сенковский қосылды. Ол да Гоголь қаласы орыс қаласы емес дегенді айтты: сыншының пікірі бойынша, бұл қала «Россияның басқа бір жағынан гөрі, Малороссия мен Белоруссияда болуға ықтымал» еді: Булгариннің айтқанын айтып, ол да комедияны «әкімшілік қыянатқа» құруға болмайды деп, сонымен бірге Гоголь пьесасы жабылған жала дегенді де оспактап қойды. «Әкімшілік қыянат шалғай жатқан әрі жұрт аз баратын жерлерде, — деп жазды Сенковский, — дүние жүзінің бәрінде бола береді, сондықтан анекдотты біздің жерімізге әкеліп, оны сыпыра өз халқымыздың адамдарымен қамалап қойып, барлық қыянатты жалғыз Россияға ғана таңуға ешқандай жеткілікті себеп жоқ». Гогольді қорғап, Пушкин «Современник» князь П. А. Вяземский мақала бастырды; (1836 ж. № 2). Дегенмен, ол Гоголь комедиясының наразылық сын мағынасы жоқ деп оны «таза искусство» тұрғысынан қорғады. Оның пікірінше бүкіл комедияның түйіні күлкімен шешілетін сықылды болды. «Ревизорға» толық талдауды 1840 жылы, Грибоедовтің «Ақылдың азабына» арналған мақаласында Белинский жасады. Аз уақытқа «шындықпен бітісу» кезеңінде жазылған бұл мақала «Ревизордың» әшкерелеуші мазмұнын толық ашып бере алмайды. Белинский көбінесе комедияның көркемдік жағына ғана тоқталады. Дегенмен, ол оның шындыққа адал екендігін атап өтіп, шебер талдай отырып, ондағы суреттелген кейіпкер мінездері мен қылықтарының әкімшілік-тұрмыс жағдайларына тәуелді екендігін көрсетеді. Осымен ол оқушыны «Ревизордың» терең мағыналы әлеуметтік маңызын ұғынуға жетелейді. «Өмірде бахытты болу керек, — деп ол дуанбасының «қарапайым пәлсапасы» қағыйдаға айналдырады, — ол үшін ақша мен чин керек, ал енді ол екеуін қолға түсіру үшін пара алып, қазнаны ұрлап, өкіметтің аксүйектің, байлықтың алдында байпандап, бас иіп, пақырлар алдында бұлданып, айуандық тұрпайылық көрсету керек... Бұл мақсатқа жету жолындағы құралының құдай алдында күнә екенін біледі ол; бірақ ол мұны жүрегімен емес, басымен, жалпы біледі, сөйтіп ол өзін күллі дөрөкі жұрттың қарапайым ережесімен: «Жұрттың алды да, арты да мен емеспін, бәрі де осылай істеп жүр» деп басын сауғалайды. Сөйтіп, «бәрі де осылай істеп жүр» деген осы бір ғажайып сөздердің күдіретті күйініне құлақ аса қояр «Сквозники-Дмухановскилер емес... Біздің дуанбасы жаратылысында жарып шыққан өжет емес, сондықтанда «бәрі де осылай істеп жүр» деген сөз оның өңбекке еті үйренген ар-ұятын жұбатудың айқын дәлелі болып отыр». Сөйтіп, Гоголь геройларының кейіптілігін, олардың әлеуметтік жағдайлармен, өмір сүрген ортамен, күллі самодержавиялық-төрешіл құрылыспен байланысты екендігін Белинский елдің алдымен атап көрсетті. Осындай кейіптілігінің арқасында Хлестаковтің, Держиморданың, Бобчинский, Добчинскийдің және басқалардың аттары жалпы атакқа айналып кетті. Оларды тап жауларымен айтыста В. И. Ленин мен И. В. Сталин пайдаланған.

ҮЙЛЕНУ

Басқа нұсқауларға сәйкес түзетіліп Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапханада сақталған таза қолжазбасы бойынша басылып отыр.

«Үйлену»дің аяқталмаған алғашқы жобасы 1833 жылға жатады. Оқыйға мұнда деревняда, помещиктер арасында болған: Писаның оқыйға желісі «Рождество карсаңындағы түн» дегі Салоханың басындағы халді біраз еске түсіреді: қалыңдық келген күйеудің бірде-біреуінен айрылғысы келмегенмен, шамасы, бәрінен де айрылып қалатын сықылды. Комедия «Күйеулер» делініп аталған екен; ол кезде мұнда Подколесин мен Кочкарев әлі бола қоймаған. 1835 жылдың көктемінде комедияның алғашқы толық редакциясын аяқтап, Подколесин мен Кочкарев сонда кездеседі. Осы күйінде комедияны Гоголь 1835 жылы 4 майда Москвада М. П. Погодиннің үйінде оқыйды. Сол жерде оған «Үйлену» деген жаңа ат қойылады. 1835 жылдың күзінде Гоголь театрға беру үшін комедияның текстін дайындайды, бірақ, 1835 жылдың октябрь — декабрь айларында «Ревизор» мен шұғылданады да, ол ойын кейінге іркеді. 1835 жылдың 6 декабрінде «Ревизор»ды аяқтағаны жайлы Погдинге хабарлай отырып, ол «Үйлену» туралы: «Москвада сіздің үйде отырып оқыған комедиямды театрға бергім келмейді» деп жазады. Дегенмен, 1836 жылдың көктемінде артист пайдасына қоюға уәде алып қойған Щепкин сұрап болмаған соң, Гоголь оны тағы да жөндейді. Содан кейін «Үйлену» 1841 жылға дейін жата береді, тек сол жылы ғана Гоголь 1842 жылы өз шығармаларын бастыру үшін оны ада-күде жөндеп шығады. Кейбір қосымшалар мен түзетулерді ол комедия басылып жатқан кезде енгізеді.

«Үйлену» ең алғаш рет Гогольдің шығармалар жыйнағында 1842 жылы басылып шығады (төртінші том). Комедия 1842 жылы 9 декабрьде Петербургте (Сосницкийдің артист пайдасына) және 1943 жылы 5 февральда Москвада (Щепкиннің артист пайдасына) қойылады. Петербургте, актерлер нашар ойнағандықтан, пьеса ешқандай табысқа ие бола алмайды. «Жаңа ғана театрдан келіп отырмын, — деп жазады Белинский 1842 жылы 9 декабрьде В. П. Боткинге, спектакльден қайтып келө салысымен. — «Үйлену» құлады да шу болды. Жексұрын боп, оңбай ойналды. Сосницкий (ол Кочкаревті ойнаған) рольді тіпті білмейді екен. Сосницкая өте тамаша ойнады (қалыңдық) және Мартынов та (Подколесин) өте-мөте жаман болған жоқ; қалғанының бәрі де тым жексұрын ойнады. Гогольдің жаулары енді тойлайтын болды» 1843 жылы Белинский «Отечественные записки» журналына арнаулы мақала бастырып, актерлерге нұсқау ретінде комедиядағы күллі кейіпкерге мінездеме береді. Сонымен бірге ол Сосницкийге насихат айтып, Кочкаревтің роліне толық тоқтайды. Егер «Кочкаревтің ролін орындайтын актер, — деп жазады ол, Сосницкийді түспалдап. — Подколесиннің үйленейін деген ниетін естіген кезде, ойында

бір максаты бар адамша, бетін мәнмен тыржыйтатын болса, онда оның бүкіл рольді шүү дегеннен бүлдіргені». Басты рольдерді орындаушылар Щепкин (Подколесин) мен Живокин (Кочкарев) нашар бола тұрса да, Москвада «Үйлену» әлдеқайда жақсы ойналады. Подколесиннің ролін Щепкин шығара алмайды. С. Т. Аксаковтың сөзі бойынша, сахнада қалыңдықтың қасында тұрғандағы оның қорғаншақтығы «дуанбасын» еске түсіріп, Подколесиннің соңғы арнау сөзіндегі көңіл күйінің оқыс өзгерісі өте-мөте нашар көрсетілген, «Үйленем-ау деп, шаттықтан тайқып шығуы, — деп жазады Аксаков, — күдіктене қалуы және содан соң сөздің өзі тіпті, сірә, қуанышты бейнелеп тұрған кездегі қатты үрейленуі — осының бәрі мүлде жоғалды да, театр тәсілімен дөрекі болып көрсетілді». «Үйлену»дің сахнада сәтсіздікке ұшырауына пиесаның әдетте жоқ формасы себеп болады. Сырт тартыстың жоқтығы, оқыйғаның баяу өрістеуі, ендіме эпизодтар, купец тұрмысына тән материал тағы-тағылар.

«Үйлену»ді, пиесаның «кұлауына» байланысты қуанышы қойнына сыймаған керітартпа сын дұспандық пікірлермен қарсы алады. «Не түйін, не түйіннің шешілуі, не мінез, не өткірлік; немесе тіпті көңіл көтерерлік түгі де жоқ — осындай комедия болама екен» — деп жазады «Северная пчеланың» рецензенті (1842 ж. № 279, 12 декабрь). «Бұның өзі, француздар айтқандай, суырмалы ящик сықылды сахналар». «Бұл сахналардың өзі түйін мен түйіннің толық шешілуінсіз қалай болса солай қалай салынған екен, комедия деуге келмейді, — деп жазады «Репертуар мен «Пантсон» журналы (1842 ж. XXIV). — Оның үстіне комедияға шындыққа жанасымдылық керек, бірақ «Үйлену» де екеуінің бірі де жоқ», «Үйлену»ге шабуыл жасай отырып, Гогольге дұспан сын оның сол кезде жаңада ғана басылып шыққан «Өлі жандарын» да сонша бір айқын көзге түскен, творчествосындағы сатиралық және реалистік жалпы бағытты көңілге алған еді. Гоголь комедиясының жоғары көркемдігі мен қоғамдық бағалылығын баспа бетінде түсіндіріп берген тек жалғыз Белинский ғана.

ОЙЫНШЫЛАР

Басқа нұсқауларға сәйкес түзетіліп, Киевтегі УССР Ғылым Академиясының кітапханасында сақталған таза қолжазбасы бойынша басылып отыр.

«Ойыншылар» комедиясы ең алғаш «Николай Гоголь Шығармаларының» жыйнағында, 1842 ж. төртінші томда, «Драмалық үзінділер мен жеке сахналар» бөлімінде басылған. Бүкіл бөлімнің жазылған мерзімін Гогольдің өзі 1832—1837 жылдар арасындағы кезеңмен белгілеген. «Ойыншылар»дың біржола жөнделген кезі 1842 жылға жатады, бірақ пиеса одан сөзсіз ерте жазыла бастаған. Оның өзін Прокоповичке жібере отырып, 1842 ж. 29 августа Гоголь Германиядан: «Бүгінгі жіберіп

отырған «Ойыншылар» пьесасын әрең жыйнап алдым. Түзетілмеген беттердің жазылғанына көп уақыт өтіп әрі өзінің адам танымастай болып жазылғаны сонша, тіпті танып алу үшін өзім қатты әуре болдым» деп жазады. «Ойыншылар» дың еналғашқы осы колжазбасын Н. С. Тихонравов Гоголь өмірінің 1836 ж. дейін Петербургте тұрған кезеңіне жатқызады.

Өз шығармаларында Гоголь карта ойыны тақырыбына талай рет соғып өтеді. Карта ойыны «Ревизор»дағы Хлестаков пен «Іскер жігіттің таң ертеңі»ндегі екі чиновниктің мінездемесіне енеді. Құранды карта туралы «Өлі жандар» да айтылған Ихарев сықылды Ноздрев та «ондаған дюжина картадан, сенімді достай, сенуге болатын, біреу болса да бірегей, бір топ картаның басын құрап алам» деп әлек болады. (X тарау). «Ойыншылар»ды келесі спектакльге дейін ірке тұр деген Гогольдің кеңесіне қарамастан, «Ойыншылар» 1843 ж. 5 февральда Москвада, Щепкиннің артист пайдасына ойналған «Үйлену» мен бірге бір кеште қойылады, Щепкин Утешительный болып ойнаған; Замухрышкиннің ролін Прав Садовский орындайды. Басты рольдерді: Мартынов (Ихарев), Сосницкий (Утешительный) және (П. А. Каратыгин) орындаған. Сахналық тексті цензура қатты бұзады; «гусарлар» мен «гусарство» жайындағы сөздер түп-түгел жайылып, Замухрышкиннің «параны бізден жоғарғылар да алады» деген тағы да басқа сөздер алынып тасталады.

Петербургте «Ойыншылар»ды жұрт салқын қарсы алады. Белинский оны Александринск театрының тұрақты көрушілерінің мәдениетсіздігінен болды деп түсіндіреді, «Бұл шығармада, — деп жазады Белинский, — өзінің төрең ақиқат, творчестволық пікірі, адам мінездерін көркемділік жағынан өңдеуі тұтасынан алғанда ұстамдылығы мен толықтығы бойынша Александринск театры көруші жұртшылығының басым бөлегі үшін ошқандай мән мен мағна болуға тиіс емес».

Гогольдің 1841—1842 ж. ж. жазу дәптерінен біз карта ойыны терминдерінің тізімін көреміз, оны, сірә өзі осы «Ойыншылар» үшін әзірлеген болу керек.

ІСКЕР ЖІГІТТІҢ ТАҢЕРТЕҢІ

Гогольдің 1842 ж. шығармалар жыйнағы бойынша басылып отыр.

Бұл сахна 1836 ж. Пушкин «Современнигінде» (I т.) басылған және көп уақыт өткеннен кейін Гогольдің 1842 ж. шығармалар жыйнағында (төртінші том), «Драмалық үзінділер мен жеке сахналар» бөлімінде қайтадан басылады. Бұл, аяқталмаған «3-ші дәрежелі Владимир» комедиясынан алынып өңделген алғашқы сахна еді. Мазмұнына қарағанда сірә бұл бірінші актіге жататын сықылды. Мұндағы суреттеліп отырған «іскер жігіт» Иван Петрович Барсуков, алғашқы жоба бойынша 3 дәрежелі Владимир орденін арман етіп, ақылынан адаса жаздауға тиіс

болған сол комедияның геройы. Бұл сахна Пушкин ортасында 1835 ж. күзінен-ақ белгілі болған. 1835 ж. октябрьде Михайловскіден Плетневке жазған хатында Пушкин одан үзінді келтіреді; «Лангера сол сықылды бір мағнасыз виньетка¹ салдырта қойшы (альманахтың шығуы жайында сөз болып отыр.—А. С.). Тек Алекс. ИВ. үйіндегідей гүлдері, лиралары, тостаған, шыр-мауықтары бола көрсін Гоголь комедиясының соңғы текстінде «Иван Петрович» — А. С.» Пушкинге (1836 ж. март айында) жазған хатында. Гоголь өз сахнасын «Чиновниктің таңертеңі» деп атаған. Бұл атты, бәлкі, цензура өзгерткен болу керек.

ДАУ-ШАР

Басқа нұсқаларға сәйкес түзетіліп, Гогольдің 1842 ж. шығармалар жыйнағы бойынша басылып отыр.

Бұл сахна «3-ші дәрежелі Владимир»дің бірінші актысы сахналарының біреуінің өңделген түрі. Гоголь оны 1840 ж. март айында Москвада Аксаковтардың үйінде оқыған. Бұл сахна еңалғаш Гогольдің 1842 жылғы шығармаларында басылады. сахна герой Пролетов, «Іскер жігіттің таңертеңін» дегі Иван Петрович Барсуков мұнда Павел Петрович болып өзгертілген. «Дау-шар» — Гогольдің тірі кезінде театрда (Петербургте, 1844 ж. 27 сентябрьде, Щепкиннің артист пайдасы үшін берілген гастролінде) қойылған сахналарының ең тұңғышы Щепкин — Бурдюков, Мартынов — Пролетов болып ойнаған.

МАЛАЙЛАР БӨЛМЕСІ

Басқа нұсқаларға сәйкес түзетіліп, Гогольдің 1842 ж. шығармалар жыйнағы бойынша басылып отыр.

«3-ші дәрежелі Владимир» комедиясынан бұл сахнаға тек дворецкий мен Аннушка скеуінің сөзі ғана енген; қалған жері көйінірек, 1839 жылдың аяғы немесе 1840 жылдың басында жазылған. Оқыйға комедияның бас кейіпкері, Иван Петрович Барсуковтың малайлар бөлмесінде болады. (Мұнда ол Федор Федорович болып аталған). Сахна тұңғыш рет 1842 ж. шығармаларында басылған.

ҮЗІНДІ

Гогольдің 1842 ж. Шығармаларына сәйкес түзетіліп, Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапханада сақталған таза қолжазбасы бойынша басылып отыр.

¹ В и н ь е т к а — кітаптың басы мен аяғындағы шағын сурет.

Бұл сахна «3-ші дәрежелі Владимир» сахналары бірінің қайта өңделген түрі болып есептеледі. Өңдеу жұмысы, басқа сахналардан кейіндеу, 1840 жылы басталып, 1842 жылы аяқталған «Үзінді» тұңғыш рет Гогольдің 1842 ж. шығармаларында басылған. Алғашқыда сахна «Зыялы қауым өмірінен алынған сахналар» деп аталады; бұл атты Гоголь Прокоповичтің кеңесі бойынша өзгертіп жібереді. «Үзінді» дегі Марья Александровна (қолжазбада — Марья Петровна) «Іскер жігіттің таңертеңінде» суреттелген, бітпей қалған комедияның геройы, Иван Петрович Барсуковтың қарындасы.

Жана комедия қойылғаннан

кейін театрда болған

жұрттың пікірі

Киевтегі УССР Ғылым Академиясының кітапханасында сақталған таза қолжазба бойынша басылып отыр.

Тұңғыш рет Гогольдің 1842 ж. шығармалар жыйнағының төртінші томы соңына басылған. Алғашқы жобалар «Ревизор» бірінші рет қойылғанда алған әсермен, 1836 ж. апрель — май айларында жасалады. Гоголь бұл пиесаны біржола жөндей отырып, тек «Ревизор» дың түсінігі болып қана көрінбесін деген оймен, оған принципті, жалпы мағна беруге тырысады. Ол өзінің Прокоповичке 1842 ж. 15 июльде Германиядан жіберген хатында, пиесасы туралы, «Оның өзін бір аз идеалды етіп, яғни, қоғамдық қыянаттарды қырына алған пиесалардың бәріне бірдей қолданарлықтай етіп жасау керек, сондықтанда мен сенен мұны «Ревизор»ға байланысты жазылған екен деп, оспақтап, ойламауыңды сұраймын» деп жазады. «Барлық басқа пиесалардан да гөрі мен «театрдағы пікірге» көп әуре болдым, — деп жазады ол басқа бір хатында (1842 ж. 29 августа) — Бірақ бұл «(шығармалар) жыйнағының» қортынды мақаласы болып отыр, сондықтанда орасан маңызы бар әрі ұқыптап өңдеуді талап етті». «Әдебиетші» мен «тағы да бір әдебиетші» нің сөздерінде «Северная пчела» дағы Булгарин мен «Библиотека для чтения» дағы Сенковский екеуінің пікірі сықак етіледі. «Искусствоға құмар екінші жігіттің» сөзімен, комедияға «махаббат тартысы» енгізілсін деп ұсыныс жасаған Сенковскийге жауап берілген. Оқыйғаның болған жері — Петербургтегі Александринск театрының албарлары.

Август Коцебу (1761 — 1819) — неміс драматургі орыс тіліне аударылып, XIX ғасырдың алғашқы ширегінде сахналарда қойылып келген, әдепсіз сентиментальдық пиесалардың авторы:

КОСЫМШАЛАР

«Ревизор»ға қосымшалар

«Ревизор» тұңғыш рет қойылысымен автордың бір әдебиетшіге ұзамай жазған хатынан үзінді. Гоголь шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. (Мемлекеттік Әдебиет Баспасы, 1937 ж. IV т.) Еңалғаш 1841 ж. «Ревизор»дың екінші басылуында алғы сөз ретінде басылған. 1841 ж. 5 мартта С. Т. Аксаковке жазған хатында Гоголь бұл мақала 1836 ж. 25 майда Пушкинге жазған хатым еді, бірақ жіберілмей калған еді деп хабарлайды. Пушкинге Гоголь «Ревизор» жайында шынында да хат жазам деп бастауы мүмкін; дегенмен, түзетілмеген қолжазбаларға карағанда «хаттан үзінді» нің 1840—1841 жылдары жазылғанын көреміз.

Ревизорды көңілдегідей ойнағысы келгендерге ескерту. Гоголь шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. Мемлекеттік Әдебиет Баспасы, 1937 ж. IV т. Еңалғаш 1886 ж. «Ревизор»дың сахналық текстімен бірге Н. С. Тихонравов басып шығарған. Н. С. Тихонравовтың ұсынысы бойынша 1842 ж. жазылған.

Пьесаның ағымын бәсеңдеткендіктен, бірінші басылуынан алынып тасталған екі перде Гогольдің Н. С. Тихонравовтың редакциясымен шыққан шығармалары бойынша басылып отыр. 1889 ж. III т. Бірінші перде (Анна Андреевна мен Мария Антоновна) еңалғаш 1841 ж. «Ревизордың екінші басылуына қосымша болып басылған; екіншісі (Хлестаков пен Растаковский) — «Москвитянин» де басылады, 1841 ж. III т.

«Ревизор»дың баспа түріне автордың өзі енгізбей тастаған перде. Гоголь шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. Мемлекеттік Әдебиет Баспасы, 1837 ж. IV т. Еңалғаш Библиографические записки» де басылған 1859 ж. № 7. 1835 жылы «Ревизор»дың алғашқы редакциясынан алынып тасталған.

«Ревизордың түйінінің шешілуі». Гогольдің Н. С. Тихонравовтың редакциясымен шыққан шығармалары бойынша басылып отыр, 1889 ж. II т. пьеса 1846 ж. Гогольдің мистикалық дертке түсіп жүрген кезеңінде, «Достармен жазысқан хаттардың таңдамалы жерлерін» дайындау жұмысымен қатар жазылған. Гоголь оны жаңадан жарыққа шыққалы жатқан «Ревизор» мен бірге басылсын деп, шетелден Плетневке жібереді. Сонымен қатар оны өзінің артист пайдасына деген спектакльде қоярсын деп Москвадағы Щепкинге де жолдайды. Дегенмен, Гогольдің «Ревизордың түйінінің шешілуіне» қарсы достарының көрсеткен қатты наразылығы (Аксаковтардың, Шевыряевтің тағы басқаларының) оны бастырудан және сахнада қойғызудан тартынуға мәжбүр етеді. Щепкин 1847 жылы май айында Гогольге: «Сыркаттан сауыға салысымен, сіздің «Ревизор» ыңыздың соңын оқый отырып, өзіме-өзім өзімнің жете көре алмай-

тып көз карасыма қатты қапа болдым, өйткені «Ревизор»дың геройларын күні бүгінге дейін тірі адамға балап зерттеп келген едім... Солардың өзін сол күйінде-ақ қолымда қалдырыңызшы... Бұл, чиновник емес, өзіміздің нысабымыз еді деп маған ешқандай құлақ қағыс ете көрмеңіз... Сіз бүкіл дүниеден бірнеше адамды бір жерге, бір топқа тоғыстырған едіңіз: сол адамдармен мен он жыл бойы бір туысып, біте қайнасқандай боп кетіп едім, сөйтіп жүргенде сіз оларды менен тартып алмақ боласыз. Жоқ, оларды сізге мен бере алмаймын! Көзімнің тірісінде бермеймін... Көзім тайған соң мейлі тіпті ешкімге айналдырып жіберіңіз, бірақ оған дейін мен сізге Держиморданы бере алмаймын, өйткені ол да маған қымбат». «Ревизордың түйінінің шешілуі» алғаш рет 1856 ж. Гогольдің қайтыс болуына байланысты шығармалар жыйнағында басылған.

«Ревизордың түйінінің шешілуіне» толықтама, Гогольдің Н. С. Тихонравов пен В. И. Шенроктың редакциясымен шыққан шығармаларының X басылуында жарияланған. VI т. 1896 ж. «Ревизордың түйінінің шешілуіне» достар қарсылығына байланысты, 1847 ж. жазылған.

II. Түзетілмеген қолжазба жобалары

Альфред

Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапханада сақталған, түзетілмеген қолжазба бойынша басылып отыр.

Алғаш рет 1856 ж. «Гогольдің өмірі жайында жазылғандарда» П. А. Кулиш жариялаған.

Украин тарихынан алынған драманың

жобалары

- Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапханада сақталған, түзетілмеген қолжазба бойынша басылып отыр.

Жобалар 1839 жылға жатады. Гоголь өзінің драмасы 1839 жылға жатады. Гоголь өзінің драмасы туралы 1839 жылы 10 августте Вена қаласынан С. П. Шевыревке «Бастаған еңбегім жылжыр емес: бірақ өзі тамаша нәрсе болу керек деп ойлаймын! Әлде драма жасау үшін, жан-жақтан өзіне кадала қараған жұрттың жүзі мен көз ұшында, о бір күндері қайрат еткенімдей, театрды еске ала отырып жұмыс істегенім жөн бе екен?» деп жазады. Погдинге (1839 ж. 15 августте): «Малоросс өндері қолымда отыр. Шама-шарқымша ескі заманның лөбіне бір қанайыншы деп, тынбай жыйнап талпынып-ақ жатырмын. Осы жайында он күннен кейін (1839 ж. 25 августте) Шевыревке де: «Көз алдымнан казак замандары ақындық саппен жар-

қырай көшіп өтіп жатыр, егер осыдан ештеме шығара алмасам онда үлкен ақымақ болғаным. Оларды желпіген қолымдағы сол бір малоросс әндер өз-өзінен көңілімде самаладай боп сайрап қоя берді ме екен, тек әйтеуір бүгінде некен-саяқ кезігетін қыруар нәрсені жаным сезінеді» деп хабарлайды. Дегенмен, драма жазылмай қалады: қалған қолжазба жобаларын П. А. Кулиш (1861 ж. январьда) алғаш рет «Основа» журналына бастырған.

Ал. Слонимский,

М А З М У Н Ы

✓ Ревизор. Аударған Мұқтар Әуезов	5
✓ Үйлену. Аударған Фатих Дінісламов	97

ДРАМАЛЫҚ ҮЗІНДІЛЕР МЕН ЖЕКЕ САХНАЛАР

Ойыншылар. Аударған Фатих Дінісламов	165
Іскер жігіттің таңертеңі. Аударған Фатих Дінісламов	209
Дау-шар. Аударған Фатих Дінісламов	218
Малайлар бөлмесі. Аударған Фатих Дінісламов	226
Үзінді. Аударған Фатих Дінісламов	235
Жана комедия қойылғаннан кейін театрда болған жұрттың пікірі. Аударған Фатих Дінісламов	250

ҚОСЫМШАЛАР

«Ревизорға» қосымша. Аударған Фатих Дінісламов	293
Түзетілмеген жобасы.	
Альфред. Аударған Фатих Дінісламов	336
Украин тарихынан алынған драманың жобалары. Аударған Фатих Дінісламов	360
Ескертулер. Аударған Фатих Дінісламов	365

Н. В. ГОГОЛЬ

ДРАМАТИЧЕСКИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1953

Редактор А. Колбаев

Оформление художника К. Ходжикова


Барельеф художника Н. Ходжикова

Техредактор С. Ицанов

Корректор С. Алипкалиева

Сдано в набор 26/IV-53 г. Подписано к печати 24/IX-53 г. Изд. № 103
УГОВКХС. Формат 11 × 108 = 6.213 бум. л.—20.39 п. л. (Уч.-изд. 20,08 ± 10
вклейки). Тираж 20000. Цена 8 руб. 50 коп.

г. Алма-Ата, Гостипография № 1 Главлитиздата Министерства культуры
КазССР. Зак. № 50.



300-00



